

Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций

Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 3 апреля 2013 года № 115. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 10 апреля 2013 года № 8424.

См. начало V1300008424

Приложение 219
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года №115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 219 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Обучение грамоте" для неслышащих обучающихся 0 - 1 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы естімейтін білім алушылардың есту топтарына, жас ерекшеліктеріне қарай танымдық және жеке қалдық есту мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін естімейтін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік тәсілдерін қолдануға, оқу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы жеке мүмкіндіктерін дамытуға, әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін қажетті біліктерді меңгеруге бағыттайды.

4. Естімейтін білім алушыларды оқытудағы әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағыттары болып табылады.

5. Коммуникативтік тәсілдер естімейтін білім алушыларға білім берудің негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесін арттыру үшін қолданылады.

6. Заманауи талабына сай естімейтін білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Арнайы білім беру саласында әлеуметтік және коммуникативтік дағдылар әр білім алушының жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, өз бетінше шешім қабылдауына ықпал етеді. Естімейтін білім алушының белсенді танымдық және есту қабілеттерін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен бірлесе іс-әрекет жасауымен іске асырылады.

7. Оқу процесін ұйымдастыруда диалогтік және рефлексивті технологияларды және инновациялық тәсілдерді қолдану – естімейтін білім алушылардың шығармашылықпен, өз бетінше жұмыс жасау іс-әрекетін арттырады.

8. "Сауат ашу" пәнінің оқу бағдарламасы оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан естімейтін білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

9. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде естімейтін білім алушылардың коммуникациялық тәсілдерді меңгеру арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты дағдыларын қалыптастырады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының дағдылары мен оқыту жүйесі, күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

11. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидасын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйелі түрде нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталған. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

1) естімейтін білім алушының ойлау, сөйлеу, есту қабілетін дамыту, коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен, жұппен және жеке жұмыс істей алу, жұмыстарын жүргізу, алған білімін өмірде қолдану (өмірге бейімдей алу) дағдыларын дамытуға негіз болады.

12. Естімейтін білім алушылар алған білімі мен тәжірибесін шығармашылық тұрғыда қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады.

13. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік, дағдыларын кез келген оқу процесінде өмірге бейімделу даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізу жолында қажырлылықты дамытуға бағытталған.

14. Естімейтін білім алушылардың сөйлеу тілі мен есту қабілетін дамытуымен қатар, "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "үлкенге құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "өмір бойы білім алу" сияқты жеке қасиеттердің дамуы білім берудің басты құндылықтарын дағдыландырудың негізі болып табылады.

2-тарау. "Сауат ашу" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

15. "Сауат ашу" - арнайы мектептегі жалпы білімнің негізін құрайтын маңызды пәндердің бірі. Пәнді оқу барысында оқу мен жазуға қатысты жұмыс түрлерін кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

16. "Сауат ашу" пәні – "Қазақ тілі", "Тіл дамыту" пәндерінің құрамдас бөлігі, естімейтін білім алушылардың сөйлеу тілін қалыптастыру туралы білім жүйесіне дайындық болып табылады. "Сауат ашу" пәнінің маңыздылығы – естімейтін білім алушыларды оқу әрекетіне бейімдеу, тұрақты зейінін, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіру, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету және қалдық есту қабілетін дамытуды жүзеге асыруында. Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым түрлерін дамыту арқылы басқа пәндерді меңгертуге негіз болуында.

17. "Сауат ашу" пәні білім алушылардың:

1) қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясы туралы бастапқы білім негіздерін игеруіне;

2) оқу мен жазуға деген қызығушылығының оянуына;

3) айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыруға;

4) сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгеруі;

5) сөзден дыбыстарды қадағалап дұрыс айтуды үйренуі;

6) буындап оқу арқылы, сөзді тұтастай оқуға дағдылануы;

7) дыбыстарды әріптермен дұрыс таңбалауға, жазуға, сөз ішіндегі олардың байланысу тәсілдерін сақтап, сөздерді тұтас жазуға үйренуі;

8) жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс жасауға дағдылануына, өз ұлтының, Қазақстанда тұрып жатқан басқа да халықтардың мәдениетіне ізгілік және құрмет сезімінің қалыптасуына негіз қалаушы пән болып табылады.

9) Сауат ашу кезеңі қазақ тілі және тіл дамыту, ана тілі туралы білім жүйесіне кіріспе болып табылады. Берілген бағдарлама бойынша естімейтін білім алушылардың дайындық сыныбында тілге оқыту үш бөлімнен тұрады: дактильді сөйлеуге үйрету, ауызекі сөйлеу тілін дамыту және сауат ашу.

18. "Сауат ашу" пәнінің мақсаты – айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы естімейтін білім алушы сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау. Сонымен қатар, естімейтін білім алушыларға тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгерте

отырып, грамматикалық құрылымымен таныстыру, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, диалогті сөйлеудің алғы шарттарын қалыптастыру.

19. Алға қойылған осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі көзделеді:

1) қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

2) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

3) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

4) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;

5) кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеу;

6) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктерін дамыту;

7) сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениетін сақтауға дағдыландыру;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) ана тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалог барысында басқа адамның сөзін ести және тыңдай білуін, диалогке/сұхбатқа қатысуға дайын болуын), қалыптастыру;

11) диалогтік сөйлеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру;

12) дактиль әліпбиін қолдану арқылы ауызша сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру

;

13) оқу жазу дағдыларын қалыптастыру;

14) дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту.

20. "Сауат ашу" пәнінде оқу және жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста қатар жүреді:

1) оқу дағдысы жақсы қалыптасқан естімейтін білім алушының сауатты жазу дағдысы да соған сай қалыптасады;

2) "Сауат ашу" пәні арқылы білім алушылар қазақ тілі және туған халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиеленеді.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

21. Арнайы білім беру мекемелері (естімейтін білім алушыларға арналған) "білім алушыларды әлеуметтік оңалту" ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады.

22. Естімейтін білім алушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

1) зерттеушілік тәсілдер (білім алушылар "не білемін? нені білгім келеді? нені білдім?" тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

2) әрекеттік тәсілдер (білім алушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);

3) дамыта оқыту (білім алушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

4) саралай оқыту (білім алушыларды деңгейіне, мүмкіндігіне қарай оқыту, қалыптастырушы баға арқылы қолдау);

5) естімейтін білім алушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (білім алушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді).

23. "Сауат ашу" пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

1) стратегиялар: өзін-өзі басқарушылық, эксперименттік, сыни, коммуникативтік;

2) технологиялар: шағын топтағы жұмыс (командада), рөлдік және іскерлік ойындар;

3) әдістер: жеке оқыту, проблемалық оқыту.

24. "Сауат ашу" пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – әлеуметтік ортада тіл табысу қабілеті дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және белсенді тілдік орта құрылып, қажетті коммуникативтік дағдылар дамытылады. Мұндай орта естімейтін білім алушылардың сыныптастарымен, мұғалімдерімен және көпшілікпен қарым-қатынасында қазақ тілін сауатты пайдалануына, ауызекі, жазбаша формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік туғызады.

25. "Сауат ашу" пәнінде тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1) дыбыстық-буындық талдау жасау;

2) артикуляциялық жаттығулар;

3) қысқаша мәтінді есту арқылы тыңдап, мазмұнын түсіну, сұрақтарға жауап беру арқылы мәтінді мазмұндау;

4) есту арқылы берілген мәтін мазмұнының желісін суреттер арқылы беру;

5) есту арқылы мәтіннің белгілі бір үзіндісін айтып беру;

6) берілген сұрақтар арқылы өздеріне таныс және қызықты тақырыптар бойынша әңгімелесу;

7) мәтіннің кейбір оқиғаларын ым-ишарамен көрсету;

8) жұпта ым-ишара, қимыл-әрекетті пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, "Бағытталған оқу" және "Бағытталған жазу");

9) таныс ертегі, қысқа әңгімені мазмұндау, төрт жолды өлеңдерді жатқа айту;

10) сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, өтініш жасау, таныс және таныс емес адамдармен, жақындары және достарымен, құрдастары және ересектермен, жасы кішілермен қарым-қатынас жасауға байланысты рөлдік ойындар;

11) берілген тақырып (сол сабақта өтілген әңгіме, ертегі немесе мысал) бойынша диалог (қуыршақтардың көмегімен) құрастыру.

26. "Сауат ашу" пәнінде оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) графикалық сызба арқылы "оқу";
- 2) кеспе әріптерден буын, сөз құрап оқу;
- 3) мәтіннен қажетті сөйлемді немесе сөзді тауып оқу;
- 4) "көзбен оқы" ойыны арқылы оқу;
- 5) мәтіннен көркем, бейнелі сөздерді тауып оқу;
- 6) сөздік жұмысы (сөздің мағынасын түсіну);
- 7) мәнерлеп оқу;
- 8) рөлге бөліп оқу;
- 9) оқылған әңгіменің, ертегінің картасын жасау.

27. "Сауат ашу" пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) сурет және белгілер арқылы беру;
- 2) сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсырмалар орындау;
- 3) мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
- 4) сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
- 5) шағын хат жазу;
- 6) есте сақтау арқылы жазу;
- 7) байқағаны, сүйікті істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдер, шағын мәтін құрастырып жазу;
- 8) сурет бойынша жазу;
- 9) өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

28. "Сауат ашу" пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

29. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

30. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

31. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

32. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, білім алушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

5-тарау. "Сауат ашу" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

33. "Сауат ашу" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 9 сағат, оқу жылында – 297 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 10 сағат, оқу жылында – 330 сағат.

34. Бастауыш білім беру деңгейінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін бастауыш сынып кабинеті санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықталады.

35. Жиһаздар сыныпта түрлі формадағы (жеке, жұптық, топтық) жұмыстар (ойын, белсенді әдістер) ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жеңіл және жылжымалы болады. Соған қоса, кітап сөрелеріне, білім алушылардың көрме жұмыстарына арналған стенділерге және көрнекі құралдарға арнайы орындар ескеріледі.

36. "Сауат ашу" пәнінің мазмұны:

1) "Сауат ашу" пәні – лексикалық тақырыптар негізінде естімейтін білім алушыларды оқу мен жазуға үйрете отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған пән;

2) "Сауат ашу" пәнінің мазмұны коммуникативті сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған;

3) "Сауат ашу" пәні үш кезеңнен тұрады: әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең. Сауат ашудың әліппе кезеңі 1-тоқсанда басталып, 3-тоқсанда аяқталады. Мұғалім сағат санын үш кезең бойынша сыныптағы білім алушылардың оқу мақсаттарын меңгеруіне, әр кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруына орай еркін жоспарлай алады.

37. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

2) қалдық есту қабілетін есту, естіп-көру арқылы дамыту;

3) дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру;

4) сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

5) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу);

6) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту;

- 7) ауызша тілін дамыту;
- 8) дактиль әліпбиімен таныстыру.

38. Әліппе кезеңінің міндеттері:

- 1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;
- 2) қалдық есту қабілетін есту, естіп-көру арқылы дамыту;
- 3) дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;
- 4) әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;
- 5) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін есту, естіп-көру арқылы кеңейту;
- 6) біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;
 - 7) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;
- 8) ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру.

39. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

- 1) мәтіндерді дұрыс, ырғақты оқуға дағдыландыру, "іштей оқу", түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 2) тыңдау-түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;
- 3) байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- 4) дактилеманы пайдаланып оқу;
- 5) каллиграфия нормаларын сақтап және сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру.

40. Тыңдалым және айтылым (есту қабілеті мен дыбыстардың айтылуын дамыту):

- 1) мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігенінің мәнісін түсінуі, сұраққа дұрыс және нақты жауап беруі, сөз мағынасын түсінуі, сөзді жұмсалу орнына және мағынасына қарай қолдана білуі, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алуы;
- 2) коммуникативтік мақсаттарға сай (топта сөйлесу, сұхбатқа қатысу, рөлдік ойындар) сөйлеу мәдениетін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорды кеңейту;
- 3) сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрастыру. Сюжетті сурет бойынша әңгімелесу; қысқаша тақпақтар жаттау;
- 4) өлеңдер жаттау, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау. Қысқа өлеңдер айту арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту;
- 5) сөздің дыбыстық құрылымын қарастыру;
- 6) дауысты дыбыстар, олардың жуан, жіңішке болып бөлінуі;
- 7) дауыссыз дыбыстар, олардың қатаң, ұяң, үнді болып жіктелуі;
- 8) буын – ең кіші айтылым бірлігі ретінде;

9) тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлесуде қолдануы;

10) мұғалімнің ауызша сұрақтарына жауап беру;

11) сөздердің буындарға бөлінуі. Дауысты дыбыстардың буын құраушылық рөлі. Сөздің мағынасы. Сөйлем құрау. Сөйлемдерден қысқаша мәтіндер құрастыру. Мәтінді тыңдау барысында түсіну.

41. Оқылым (оқу дағдыларын дамыту мен әлипбидің әріптерімен таныстыру):

1) дыбыс пен әріпті ажырата тани білуі; әріп – дыбыстың таңбасы ретінде. Жазылған сөздің әріптік құрылымын тану;

2) есту және естіп-көру арқылы сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау;

3) дыбыстық талдау жасау. Дыбыстарды есту, естіп-көру арқылы ажырата білу;

4) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

5) сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнісін түсіну;

6) есту және естіп-көру арқылы сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау;

7) дыбыстық талдау жасау. Дыбыстарды есту арқылы ажырата білу;

8) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

9) сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнісін түсіну. Дауыстап оқу. Сөйлеудің интонациялық ұйымдасуына бақылау жасау (аяғындағы интонация, леппен айту, сұраулы интонация);

10) жылдың соңында таныс емес мәтінді оқу техникасының нормасы: минутына 15-20 сөз бен тыныс белгілері; шылау, екі әріпті сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады;

11) қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның ішінде айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б, к – қ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Білім алушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру;

12) мәтін туралы жалпы түсінік. Өз бетімен оқу барысында мәтінді түсінуі. Тұтас сөздер арқылы оқуға өту, іштей оқу;

13) қойылған сұрақтарға дұрыс жауап құрастыра білу; мәтіндерді интонациясын дұрыс қойып оқу (хабарлы, сұраулы, лепті) теріп оқу, рөлге бөліп оқу, оқылғанға баға беру. Оқу тапсырмаларын орындауға керекті ақпаратты іздеу (мұғалімнің жетекшілігімен).

42. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру):

1) әріп элементтерін, бас әріптер мен кіші әріптерді, сөйлемдердің буындарын графикалық нормаларды сақтай отырып, бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу. Айтылуы мен жазылуында алшақтық жоқ сөздерден, пунктуациялық ережелерді ескере отырып, диктант жазу сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын анықтау. Сөйлемдегі сөздер санын анықтау. Сөйлемнің бас әріптен басталып

жазылатыны, сөйлемнің соңында нүкте қойылатыны. Сөйлем, шағын мәтіндерді (3-4 сөйлем) дұрыс құрастырып жазу. Сөйлем құрамындағы сөздердің бөлек жазылатыны. ұғымдарды ажырату: зат және сөз заттың атауы ретінде. Қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың сөз аталымдары. Сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын, түсін, дәмін, көлемін, санын, іс-қимылын) беретінін ұғындыру, оларды орынды қолдануға үйрету. Бір затты, көп затты білдіретін сөздерді есту, есте сақтау арқылы сөздерді (2-4 сөз), жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) есту арқылы жазу. Жазғанын үлгіге қарап тексеру; каллиграфиялық дұрыс жазу;

2) жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау). Кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік). Сурет салу, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу. Дыбыс. Әріп. Бас әріп және кіші әріп. Дыбыс түрлері: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Буын. Дыбыстардан буын құрау. Буындардан сөз құрау. Сөзді буынға бөлу. Дыбыстық-буындық талдау. Сөз және сөйлем. Сөздің мағынасы (сөздік жұмысы). Сөздерден сөйлем құрау. Сөйлемдерден шағын әңгіме (мәтін) құрау. Сөйлемнің тыныс белгілері (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі).

43. Дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдану:

1) бас әріппен жазылатын сөздерді (адамдардың есімдерін, жер-су аттарын, үй жануарларына берілген атауларды) есту, естіп-көру арқылы анықтау, дұрыс жазу;

2) заттардың атаулары мен олардың санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді анықтау;

3) көптік жалғауды меңгеру және дұрыс қолдану;

4) жіктеу есімдіктерін ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

5) тәуелдік жалғауларын ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

6) іс-қимылды білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) дұрыс қолдану;

7) сөйлемнің тыныс белгілерін (нүкте, үтір, сұрақ белгісі және леп белгісі) дұрыс қойып жазу;

8) мұғалім көмегімен сөздерді тасымалдау.

44. Әр бөлім өз кезегінде әрі қарай бөлімшелерге бөлінген. Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімшелерде оқу мақсаттары белгіленген, олар білім немесе түсінік, дағды немесе білік бойынша күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Әрбір кіші бөлімшенің ішінде мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың еңбегін бағалауға оқытудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары бірізділікпен орналастырылған:

1-кесте

0-1-сынып		
№	Бөлімдер	Бөлімшелер

1	Тыңдалым және айтылым	1.1 Естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну
		1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау
		1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту
		1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау
		1.5 Естіп, естіп-көру арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
2	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану
		2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну
		2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу
		2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату
		2.5 Естіп, естіп-көру арқылы мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну
		2.6 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу
3	Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау
		3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау
		3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау

45. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 0.1.2.1. кодында "0" - сыныбы, "1.2" - бөлімшесі, "1" - оқыту мақсатының реттік саны.

46. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) тыңдалым және айтылым:

2-кесте

Оқыту мақсаттары		
Бөлімшелер	Дайындық сынып	1-сынып
1.1 Естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну

	0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру	1.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 Кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін заттық суреттерді топтарға бөлу	1.1.2.1 жекеше және көпше түрде берілген зат есімдерді сурет бойынша "Кім? Не?" сұрақтарын қойып, топтарға бөлу
	0.1.2.2 Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағынасын түсініп іс-жүзінде меңгеру.	1.1.2.2 көпше және жекеше түрдегі сөздердің мағынасын іс-жүзінде меңгеру
1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	0.1.3.1 берілген сурет бойынша сөйлем құрап айту	1.1.3.1 берілген дыбыстар мен әріптерден өзбетінше таңдап алып сөз құрастыра білу
	0.1.3.2 заттарды, топтарға бөліп айта білу	1.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу
	0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін сөздерді пайдаланып айта білу	1.1.3.3 заттардың түсін, көлемін, белгілейтін сөздерді пайдалана білу
	0.1.3.4 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауапа айта алмасуы	1.1.3.4 сұраулы сөйлемдерді диалог кезінде қолдану
	0.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу	1.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу
1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 Заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау	1.1.4.1 іс-әрекет бағытын білдіретін сөздерді; жоғары-төмен, үстінде, астында, жанында, ішінде түсініп, тапсырманы орындау
		1.1.4.2 заттардың іс -әрекетін білдіретін тапсырмаларды түсініп орындау
1.5 Естіп, естіп-көру арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау	1.1.5.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, дыбыстар-ды) ажырату және дұрыс дыбыстау

2) ОҚЫЛЫМ:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	Дайындық сынып	1-сынып
2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу	1.2.1.1 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
	0.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, түсініп оқу) қолдану	1.2.1.2 3-6 жолды қысқа өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету
	0.2.1.3 2-4 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру	1.2.1.3 5-6 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру
		1.2.2.1 сюжетті суреттер бойынша 4-5 сөйлемнен тұратын жәй

2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну	сөйлем және жайылма сөйлем құрастыру
2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.3.1 суреттерге қарап, қысқа сұрақтарға жауап беру	1.2.3.1 сурет бойынша сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
	0.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу	1.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу
2.4 Дыбыс пен әріпті дактилемамен тану және ажырату	0.2.4.1 әріпті тану, оны дыбыспен сәйкестендіру	1.2.4.1 сөздердегі дыбыс санын анықтау
	0.2.4.2 сөздердегі дыбыстар мен әріптерді талдау	1.2.4.2 дыбыстардың сәйкестілік реттерін анықтау
	0.2.4.3 дактильді әліпбиді танып, дыбыспен сәйкестендіріп ажырата білу	1.2.4.3 дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп, ажыратып дұрыс оқу
	0.2.4.4 дактилемамен сөздерді оқи білу	1.2.4.4 дактилемамен берілген таныс сөздер мен сөйлемдерді түсініп оқи білу
	0.2.4.5 дактилемамен сөз, құрап, айта білу	1.2.4.5 дактилемамен сөйлем құрап айта білу
	0.2.4.6 берілген такырыптар бойынша құрастырылған сөздерді, дактилемамен айта білу	1.2.4.6 берілген такырыптар бойынша құрастырылған сөздерді, дактилемамен айта білу
	0.2.4.7 берілген суреттердің көмегімен сөздерді дактилемамен оқи білу	
2.5 Естіп, естіп-көру арқылы мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	0.2.5.1 сөйлемдердегі сөздердің мағынасын түсініп ажырату	1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
2.6 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.6.1 берілген сюжеті суреттерге сұрақтар қоя білу	1.2.6.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)

3) жазылым:

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	Дайындық сынып	1-сынып
	0.3.1.1 қалам мен қарындашты дұрыс ұстауды үйрету	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру
	0.3.1.2 жол және торкөз дәптерге қарындашпен сопақ, дөңгелек заттардың (алма, алмұрт, шие, шар) суреттерін салу	1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды бояу
	0.3.1.3 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты заттарды (

3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	үй, шырша, үстел, орындық, шкаф) суретін салу	1.3.1.3 сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу
	0.3.1.4 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты, сопақша түрде заттардың (кесе, машина, кружка) суретін салу	1.3.1.4 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
	0.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер , белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер жазу	1.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер , белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу
	0.3.1.6 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу	
3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.2.1 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді есту, естіп-көру арқылы ажырату	1.3.2.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша есту, естіп-көру арқылы жазу
	0.3.2.2 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, үй жануарларына берілген атауларды) есту, естіп-көру арқылы анықтау	1.3.2.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді есту, естіп-көру арқылы ажырату
	0.3.2.3 дауыс ырғағын, екпінін дұрыс сақтап айтуға үйрету	1.3.2.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) есту, естіп-көру арқылы анықтау
3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою	1.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою

47. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 0-сынып:

5-кесте

	Ортақ тақырып	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан				
			1.1 Естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну 0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыр

Әліппеге дейінгі кезең	1 Өзім туралы	Тыңдалым және айтылым	1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін заттық суреттерді топтарға есту, естіп-көру арқылы бөлу 0.1.2.2 кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағынасын есту, естіп-көру арқылы түсініп іс-жүзінде менгеру
	2 Менің мектебім	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу 0.2.1.2 оқуды түрлерін (буындап оқу, түсініп оқу) есту, естіп-көру арқылы қолдану
			2.4 Дыбыс пен әріпті дактилеманы тану және ажырату	0.2.4.3 дактильді әліпбиді танып, дыбыспен сәйкестендіріп ажырата білу 0.2.4.4 дактилемамен сөздерді оқи білу
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.1 қалам мен қарындашты дұрыс ұстауды үйрету 0.3.1.2 жол және торкөз дәптерге қарындашпен сопақ, дөңгелек заттардың (алма, алмұрт, шие, шар) суреттерін салу
			1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	0.1.3.1 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап алмасуын қабылдап диалогқа кіру
		Тыңдалым және айтылым	1.5 Естіп, естіп-көру арқылы сөздерді, дыбыстарды	0.1.5.1 сөздің буынан тұратынын түсіну және сөздегі

Өліппе кезеңі	3 Менің отбасым және достарым 4 Бізді қоршаған әлем	Оқылым	орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	буын санын анықтау
			2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.3 2-4 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру
			2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді есту, естіп-көру арқылы тауып орнына қойып оқу
		2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату	0.2.4.1 әріпті есту, естіп-көру арқылы тану, оны дыбыспен сәйкестендіру	
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.3 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты заттарды (үй, шырша, үстел, орындық, шкаф) суретін салу
2-тоқсан				
			1.1 Естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну
				0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
				0.1.2.1 кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап

Тыңдалым және айтылым	1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	беретін заттық суреттерді топтарға бөлу
		0.1.2.2 кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағынасын есту, түсініп іс-жүзінде менгеру
	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	0.1.3.1 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап алмасуын қабылдап диалогқа кіру
		0.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу
		0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін сөздерді пайдаланып айта білу
		0.1.3.4 естіп-көру арқылы мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап айта алмасуы
	1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау
	1.5 Естіп, естіп-көру арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу
		0.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, түсініп оқу) есту, естіп-көру арқылы қолдану

Әліппе кезеңі	5 Саяхат 6 Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Оқылым	2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын есту, естіп-көру арқылы түсіну
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.3.1 суреттерге қарап, қысқа сурақтарға есту, естіп-көру арқылы жауап беру
		2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату		0.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді есту, естіп-көру арқылы тауып орнына қойып оқу
			0.2.4.1 әріпті тану, оны дыбыспен сәйкестендіру	
				0.2.4.2 сөздердегі дыбыстар мен әріптерді есту, естіп-көру арқылы талдау
				0.2.4.6 берілген тақырыптар бойынша құрастырылған сөздерді, дактилемамен айта білу
			3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.1 қалам мен қарындашты дұрыс ұстауды үйрету
				0.3.1.2 жол және торкөз дәптерге қарындашпен сопақ, дөңгелек заттардың (алма, алмұрт, шие, шар) суреттерін салу
				0.3.1.4 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты, сопақша түрде заттардың (кесе, машина, кружка) суретін салу
				0.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті
		Жазылым		

				сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін колдана отырып, жай сөйлемдер жазу
			3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.2.2 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау
				0.3.2.3 дауыс ырғағын, екпінін дұрыс сақтап айтуға үйрету
			3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
3-тоқсан				
			1.1 Естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну
				0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
			1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін заттық суреттерді топтарға бөлу
				0.1.2.2 Кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағына-сын түсініп іс-жүзінде менгеру
				0.1.3.1 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап алмасуын қабылдап диалогқа кіру
		Тыңдалым және айтылым		0.1.3.2 заттарды салыстыра білу,

			1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	<p>топтарға бөліп айта білу</p> <p>0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін сөздерді пайдаланып айта білу</p> <p>0.1.3.4 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауапайта алмасуы</p> <p>0.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу</p>
			1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау
			1.5 Естіп, естіп-көру арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
		Оқылым	2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.3.1 суреттерге қарап, қысқа сурақтарға жауап беру
			2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату	0.2.4.1 әріпті тану, есту, естіп-көру арқылы оны дыбыспен сәйкестендіру
				0.2.4.2 сөздердегі дыбыстар мен әріптерді талдау
				0.2.4.7 берілген суреттердің көмегімен сөздерді дактилемамен оқи білу
			2.5 Естіп, естіп-көру арқылы мәтіндегі	0.2.5.1 сөйлемдердің көп

			сөздердің мағынасын түсіну	мағыналы сөздердің мағына-ларын ажырату
			2.6 Мәтін бойынша сұрақ қою білу және жауап беру білу	0.2.6.1 берілген суреттерге сұрақтар қою білу
	Жазылым		3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер жазу
0.3.1.6 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу				
3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау			0.3.2.1 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді есту, естіп-көру арқылы ажырату	
			0.3.2.2 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, үй жануарларына берілген атауларды) есту, естіп-көру арқылы анықтау	
			0.3.2.3 дауыс ырғағын, екпінін дұрыс сақтап айтуға үйрету	
3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою			
4-тоқсан				
				0.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу
				0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін

Өліппеден кейінгі кезең	7 Тағам және сусын 8 Дені саудың – жаны сау!	Тыңдалым және айтылым	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	сөздерді пайдаланып білу 0.1.3.4 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауапайта алмасуы 0.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу	
			1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау	
			1.5 Естіп, естіп-көру арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау	
			Оқылым	2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну
				2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.3 дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп ,ажыратып дұрыс оқу
		2.5 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну		0.2.5.1 сөйлемдердің көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату	
		2.6 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу		0.2.6.1 берілген сюжетті суреттерге сұрақтар қоя білу	
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық , графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.6 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу	
			3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.2.1 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға	

болмайтын сөздерді ажырату

2) 1-сынып:

6-кесте

	Ортақ тақырып	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан				
Өліппеге дейінгі кезең		Тыңдалым және айтылым	1.1 Естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну 1.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
			1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 жеке және көпше түрде берілген зат есімдерді сурет бойынша "Кім? Не?" сұрақтарын қойып, топтарға бөлу
		Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
			2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату	1.2.4.4 дактилемамен берілген таныс сөздер мен сөйлемдерді түсініп оқи білу
Өліппе кезеңі	1 Өзім туралы Менің мектебім	Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру 1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды бояу
			1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	1.1.3.4 сұраулы сөйлемдерді диалог кезінде қолдану
		1.5 Сөздерді, дыбыстарды	1.1.5.1 сөздегі дыбыс түрлерін есту, естіп-көру	

		Тыңдалым және айтылым	орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	арқылы (дауысты, дауыссыз дыбыстарды) ажырату және дұрыс дыбыстау
		Оқылым	2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну	1.2.2.1 сюжетті суреттер бойынша 4-5 сөйлемнен тұратын жәй сөйлем және жайылма сөйлемдерді құрастыру
	2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу		1.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу	
	2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату		1.2.4.1 сөздердегі дыбыс санын анықтау 1.2.4.5 дактилемамен сөйлем құрап айта білу	
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру
	1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды бояу			
	1.3.1.3 сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу			
2-тоқсан				
			1.1 Естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 есту, естіп-көріп тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну 1.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
				1.1.2.1 жекеше және көпше түрде

Тыңдалым және
айтылым

<p>1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау</p>	<p>берілген зат есімдерді сурет бойынша "Кім? Не?" сұрақтарын қойып, топтарға бөлу</p> <p>1.1.2.2 көпше және жекеше түрдегі сөздердің мағынасын іс-жүзінде меңгеру</p>
<p>1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту</p>	<p>1.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу</p> <p>1.1.3.3 заттардың түсін, көлемін, белгілейтін сөздерді пайдалана білу</p> <p>1.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу</p>
<p>1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау</p>	<p>1.1.4.1 іс-әрекет бағытын білдіретін сөздерді; жоғары-төмен, үстінде, астында, жанында, ішінде түсініп, тапсырманы орындау</p> <p>1.1.4.2 заттардың іс-әрекетін білдіретін тапсырмаларды түсініп орындау</p>
<p>1.5 Естіп, естіп-көру арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту</p>	<p>1.1.5.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, дыбыстарды) ажырату және дұрыс дыбыстау</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану</p>	<p>1.2.1.1 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) есту, естіп-көру арқылы қолдану</p>
	<p>1.2.2.1 сюжетті суреттер бойынша 4-5 сөйлемнен тұратын жәй сөйлем</p>

Әліппе кезеңі	4 Бізді қоршаған әлем	Оқылым	2.2 Естіп, естіп-көру арқылы сөздердің мағынасын түсіну	және жайылма сөйлемдерді құрастыру	
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.3.1 сурет бойынша сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)	
				1.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді есту, естіп-көру арқылы тауып орнына қойып оқу	
			2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату	1.2.4.2 дыбыстардың сәйкестілік реттерін есту, естіп-көру арқылы анықтау	
			Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру
					1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды бояу
	1.3.1.3 сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу				
	1.3.1.4 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу				
			1.3.2.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді есту, естіп-көру арқылы ажырату		

			3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.2.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) есту, естіп-көру арқылы анықтау
			3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
3-тоқсан				
		Тыңдалым және айтылым	1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	1.1.2.2 көпше және жекеше түрдегі сөздердің мағынасын іс-жүзінде меңгеру
			1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	1.1.3.1 берілген дыбыстар мен әріптерден өзбетінше таңдап алып сөз құрауды үйрену
				1.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу
				1.1.3.3 заттардың түсін, көлемін, белгілейтін сөздерді пайдалана білу
				1.1.3.4 сұраулы сөйлемдерді диалог кезінде қолдану
		1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	1.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу	
			1.1.4.1 іс-әрекет бағытын білдіретін сөздерді; жөғары-төмен, үстінде, астында, жанында, ішінде түсініп, тапсырманы орындау	
				1.1.4.2 заттардың іс-әрекетін білдіретін

Әліппе кезеңі	5 Саяхат 6 Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Оқылым		тапсырмаларды түсініп орындау
			2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.2 3-6 жолды қысқа өлеңдерді жатқа есту, естіп-көру арқылы айта білуге үйрету
				1.2.1.3 5-6 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қою білу және жауап беру білу	1.2.3.1 сурет бойынша сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
				1.2.4.2 дыбыстардың сәйкестілік реттерін есту, естіп-көру арқылы анықтау
			2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату	1.2.4.3 дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп, ажыратып дұрыс оқу
				1.2.4.5 дактилемамен сөйлем құрап айта білу
			2.5 Естіп, естіп-көру арқылы мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
			2.6 Мәтін бойынша сұрақ қою және жауап беру	1.2.6.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
				1.3.1.4 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын

			3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу 1.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер мәтін құрастыру және жазу
		Жазылым	3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.2.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша есту, естіп-көру арқылы жазу 1.3.2.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) есту, естіп-көру арқылы анықтау
			3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
4-тоқсан				
			1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	1.1.3.1 берілген дыбыстар мен әріптерден өзбетінше таңдап алып сөз құрауды үйрену
			1.4 Естіп, естіп-көру арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	1.1.3.4 сұраулы сөйлемдерді диалог кезінде есту арқылы қолдану 1.1.4.2 заттардың іс-әрекетін білдіретін тапсырмаларды түсініп орындау
				1.2.1.2 3-6 жолды қысқа өлеңдерді

Өліппеден кейінгі кезең	7 Тағам және сусын 8 Дені саудың – жаны сау!	Тыңдалым және айтылым Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	жатқаайта білуге үйрету 1.2.1.3 5-6 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру	
			2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату	1.2.4.3 дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп, ажыратып дұрыс оқу	
				1.2.4.6 берілген тақырыптар бойынша құрастырылған сөздерді, дактилемамен айта білу	
			2.5 Естіп, естіп-көру арқылы мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен карама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату	
			2.6 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.6.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)	
		Жазылым		3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу
				3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.2.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша жазу
					1.3.2.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау,

Сноска. Приказ дополнен Приложением 220 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Обучение грамоте" для неслышащих обучающихся 0 - 1 классов уровня начального образования (с русским языком обучения) по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Учебная программа разработана в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.

23. "Заттық-тәжірибелік оқыту" пәні білім алушылардың заттық-тәжірибелік іс-әрекеті үрдісінде сөйлеу тілін дамыту мен қалыптастыруға, сонымен қатар

шығармашылық-технологиялық білімін, шығармашылық іс-әрекеттік елестету мен бақылау қабілетін, кеңістіктік және көру елесі қабілетін қамтамасыз ететін, әртүрлі шығармашылық әрекет барысында, көркем-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Түрлі материалдармен жұмыс істеу естімейтін білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, фантазиясы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

24. "Заттық-тәжірибелік оқыту" оқу бағдарламасының мақсаты-естімейтін білім алушылардың сөйлеу қабілетін қарым-қатынас принципін іске асыру арқылы олардың ауызша, жазбаша және монологтік тілін дамыту. Сонымен қатар, жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік - образдық ойлауын, көркем-технологиялық білімнің негізін қалыптастыру.

25. "Заттық-тәжірибелік оқыту" пәнінің міндеттері:

- 1) естімейтін білім алушылардың өмірлік түсініктерін қалыптастыру;
- 2) заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы естімейтін білім алушылардың дактильді, ауызша, жазбаша, сөйлеу монологтік тілін қалыптастыру;
- 3) әртүрлі кіріктіру іс-әрекеттері арқылы, пәндік білімдерді, дағдыларды және қабілеттерді дамыту;
- 4) естімейтін білім алушылардың сөйлеу белсенділігін дамытатын әдіс-тәсілдерді қолданып, ұжымдық, топтық және жеке жұмыстардың түрлерін сабақта кеңінен пайдалану;
- 5) ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет пен өнер шығармаларымен таныстыру арқылы құндылық бағыттарын қалыптастыру;
- 6) білім алушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сыни ойлауын дамытуға, терминдер мен түсініктерді меңгеріп өнердің түрлері мен жанрлары туралы білімді қолдану;
- 7) бақылау, жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;
- 8) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын меңгеру;
- 9) өзін-өзі бағалауды жоғарлату және жағымды көзқарасты қалыптастыру;
- 10) коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, сонымен қатар, көркем еңбектің рөлін түсіну;
- 11) өз жұмысын жасау үшін, әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

12) ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.

26. Оқыту процесінде білім алушылар:

1) ұлттық және әлемдік мәдениет шығармаларын, олар арқылы берілген идеялар мен құндылықтарды зерделейді және талдайды;

2) шығармашылық жұмысты жасау үшін материалдар мен құралдарды өз бетімен және сенімді қолданады, материал қасиеті мен жұмыс нәтижесінің ерекшелігі арасындағы байланысты түсіндіреді;

3) ауызша сөйлеу тілін қолдану арқылы өз идеясын түсіндіреді және тұжырымдайды, сонымен қатар, бұйымды жақсарту үшін конструктивті шешім қабылдауды ұсынады;

4) жазық және көлемді шығармашылық жұмыстарды жасау үшін, әртүрлі іс-әрекет түрлерінен жинақтаған білімі мен дағдысын қолданады;

5) әртүрлі ресурстарды пайдаланып, оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны (бұдан әрі – АКТ) қолдана отырып, танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерге байланысты шешімдерді өздігінен қабылдау;

6) қажетті құралдар және материалдарды айқындап және тауып, өзінің әрекетін ұйымдастырады;

7) өзінің және өзгелердің жұмыс нәтижелерін салыстырады және бағалайды;

8) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолданудағы техникалық қауіпсіздік ережесін сақтаудың маңыздылығын түсінеді және сезінеді.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

27. Білім беру ұйымдары білім алушылардың қалай "білім алуды үйрену" керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, зерделі, дамыған шығармашыл тұлға болу қағидасын ұстанады.

28. Құндылыққа бағдарланған тәсіл:

1) оқу іс-әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыру, оның нәтижелерін алу мен пайдалану белгілі бір құндылықтар тұрғысынан іске асырылады;

2) құндылыққа бағдарлану - бұл белгілі құндылықтарды өзінің белсенділігіне алатын) сондай-ақ, өзінің жеке әлеуметтік мағыналы құндылығы ретінде сезіну және қабылдау қабілеті. Құндылықтың мағынасы белгілі қошаған ортада нәтижелі қызмет атқару үшін норманы қалыптастыру ортасында дағдысы, өмір салты және мінез-құлықтың қалпы айқындалады;

3) орта білім берудегі құндылықтардың идеялық негізі – "Мәңгілік ел" ұлттық идея құндылықтары болып табылады. Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық

патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрметтеу, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу болып айқындалған.

29. Іс-әрекеттік тәсіл:

1) білім алушылар білімді дайын күйінде емес, белсенді танымдық әрекеттің процесінде өздері меңгеру арқылы алады. Бұл оның ізденуін, интерпретациялауын, сараптауын, әртүрлі ақпарат көздерін жинақтауын және бағалауын, графикалық деректер, оқыту ресурстарын жобалайды;

2) ұлттық дәстүрлерді, туған өлкенің тарихы мен табиғаты, қоршаған әлемнің түсінігін, білім алушылардың заманауи материалдарын, техникаларын және технологиялары негізіндегі әртүрлі көркемдік түсініктерін шығармашылық жұмыстардың өзара әрекетінде білім берудің кіріктіру тәсілін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, білім алушылар өзінің оқу іс-ірекетінің мазмұнын мен пішінін, оның нормалық жүйесін түсінеді, қабылдайды және сезінеді, жетілдіруіне белсене қатынасып, оның нәтижелі білімді, икемділігі мен дағдысының кеңінен қалыптасуына ықпал етеді.

30. Тұлғаға бағдарланған тәсіл:

1) тұлғаға-бағдарланған тәсілдің мақсаты- оқу процесінің дараландырылуы, үйлесімді қалыптасқан және жан-жақты дамыған білім алушының тұлғасы болып табылады. Оқу процесінде, жекелеген ерекшелігінің даму әлеуеті мүмкіндігінде оның шығармашылық қабілеті ашылады.

31. Деңгейлеп оқыту тәсілі:

1) білім алушылардың ерекшеліктерінің негізінде оқу топтарына әртүрлі мүмкіндіктер туғызатын мамандандырылған оқу процесі болып табылады. Деңгейлеп оқыту тәсілі арнайы дайындалған құралдардың көмегімен және деңгейлеп оқыту белсенділігінің әртүрлі топтағы білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдісі кіреді;

2) деңгейлеп оқыту жұмысын ұйымдастырудың шарты күрделілік жағынан, танымдық қызығушылығы жағынан, оқытушының тарапынан көмек көрсету жағынан айырмашылығы бар деңгейлік тапсырмаларды қолдану болып табылады.

32. Білім алуудағы коммуникативті тәсіл- екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы сөйлесім әрекетінде, қабілеті және дағдысы процесіндегі ақпаратты хабарлау және білімдерімен алмасуы. Басқа қатысушылармен сұхбаттасу қарым-қатынасы процесінде тіл арқылы ойларымен және идеяларымен алмасу жолында сұхбаттасуды жүргізу қабілеті болып есептеледі. Білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау және өз бетімен жұмыс істеу мақсатында оқу барысында алдын ала таңдалып алынған байланыс құралдарын пайдалану. Жеке және топтық жұмыс барысындағы оқу процесінде коммуникативтік тәсілге қатысты сұхбаттасу дағдысын қалыптастыратын, өзінің және өзгелердің шығармашылық жұмыстарына сараптау және бағалау жұмыстарын жүргізетін тапсырмалар енгізіледі.

33. Көркемдік-технологиялық тәсіл:

1) білім алушылардың, білім алушылар тобының оқу-танымдық іс-әрекеті құралдармен материалдардың қасиеттері, композициялық заңдылықтары, тұстану негіздері, құрастыру және модельдеу, көркем еңбек нысандарын дайындаудың технологиялық реттілігі туралы білімдерін шығармашылық өнімге айналдыру үшін бастапқы материалдарды қайта өңдеп қолдануға бағытталған;

2) үйлесімді әдістермен және кезеңдік әрекеттерде, нақты тәсілдермен безендіріліп айқындалған шешімдері және нәтижелері жалпы мақсатпен сипатталады.

34. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

1) АКТ-ны қолдану құзыреттілігі білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынаста технологияларды сенімді және шығармашыл түрде қолдана білуін қамтамасыз етеді;

2) білім алушылар ақпаратты табу, құру және онымен жұмыс істеу, мәліметтерімен, ой түйіндерімен бөлісе және алмаса отырып, құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалану, өз жұмысын жүзеге асыру арқылы білім беру бағдарламаларының барлық пәндері бойынша өздерінің АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады;

3) "Заттық-тәжірибелік оқыту" пәні бойынша оқу бағдарламасында:

көркем жұмыстарын жасауда компьютерлік-сандық технологияларды қолдану; интернеттен және дерекқордан ақпараттар іздеу (сандық және интернеттен алынған дәйектерді маңызына қарай табу, таңдау, өңдеу);

белгілі мақсаттар және нақты аудитория үшін түрлі дереккөздерінен алынған материалдар кіретін слайд презентацияларын жасау дағдыларын дамыту;

басқа білім алушылармен шығармашылық жұмыс жасау үшін ақпарат алмасу, хабарлама жіберу, ынтымақтастық құру;

белсенді оқытуға техникалық қолдау жасау үшін интерактивті тақтаны пайдалану.

35. Берілген тәсілдерді жүзеге асыру:

1) олардың әрі қарай дамуы мақсаты үшін әр білім алушының ойын құрметтеу және осыған дейінгі алған білімі мен түсінігінің маңыздылығын мойындау;

2) мұқият таңдалған тапсырмалар мен іс-әрекет түрлерінің көмегімен білім алушылардың уәждік және дамыта оқытылуы;

3) білім алушыларға түсінікті мысалдардың негізінде стратегиялық мәселелердің шешімдерін моделдеу;

4) білім алушылардың жеке, топтық және ұжымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

5) "оқыту үшін бағалау" арқылы білім алушылардың білім алуына қолдау көрсету;

6) шығармашылық орта құру мақсатында әртүрлі тәсілдермен оқытуды дифференциациялау;

7) пәнаралық байланыстарды дамыту және қолдау;

8) білім алушылардың зерттеушілік әрекеттеріне негізделген белсенді білім алуын мадақтау;

9) шығармашылық іс-әрекеті процесіне белсенді қатысу: оқу іс-әрекеті процесіндегі шығармашылық жұмыстарын бағалау және талдау, құру, бақылау зерттеу, жүргізу;

10) білім алушылардың бойындағы сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі бағалау және бір-бірін бағалау қабілетін дамыту;

11) білім алушылардың шығармашылық әрекеттерін одан әрі ынталандыру үшін идеялары мен жұмыстарына презентация жасау (ұсыну) арқылы іске асырылады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

36. "Заттық-тәжірибелік оқыту" пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

37. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

38. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

39. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

40. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, білім алушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

5-тарау. "Заттық-тәжірибелік оқыту" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

41. "Заттық-тәжірибелік оқыту" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат;

2) 1-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат;

3) 2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

4) 3-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

5) 4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат.

42. Әртүрлі жұмыстарды орындау барысында еңбек гигиенасы ережелері мен қауіпсіздік техникасы сақталады.

43. Әр сыныпқа берілген материал шамамен алынған. Бағдарлама мазмұнын сабақта қолданған кезде, әр білім алушының жеке және ерекше оқу мүмкіндіктері ескеріледі. Мұғалім әр білім алушының ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін ескере отырып, бағдарламаның материалын күрделендіріп, немесе керісінше, жеңілдетіп алып, оқыту мерзімін, сыныптан сыныпқа ауыстыруына болады.

44. Оқу пәнінің мазмұны:

1) бұл пән оқытылуы нәтижелі болу үшін сабақ кестесіне екі сағат қатарынан (жұпталған түрде) қойылады;

2) естімейтін білім алушылардың тілдік сөздігі арнайы естімейтін білім алушылар мектебінің оқу пәндерінде қалыптастырылған сөздіктен алнады. Бірінші күннен бастап, заттық-тәжірибелік оқыту сабағында пәнаралық байланыс принципі кеңінен қолданылады. Сөздер белсенді түрде білім алушылардың сөздігіне сабақта, сабақтан тыс уақытта енгізіле бастайды. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту сабағында есту арқылы дағдыландырылған сөздік білім алушыларға естіп-көру және есту арқылы толық оқыту кезеңінде қабылдауға ұсынылады;

3) заттық-тәжірибелік оқыту сабағында басқа пәндерде де стационарлы дыбыскүшейткіш аппараты кеңінен қолданылады:

1-бөлім "Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту " сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, дамытуға, сөздікті кеңейтуге, сөздік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айтуға, өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу қарым-қатынасын дамыту (жағдайға байланысты, жағдайдан тыс кезінде қарым-қатынасты) дамытуға бағытталған;

2-бөлім "Шығармашылық идеяларын дамыту" - қазақ халқының, басқа халықтардың дәстүрі мен мәдениетін меңгеріп, қоршаған ортада әртүрлі материалдарға зерттеу жасау процесінде, зерттеу дағдыларын және шығармашылық елестету қабілеттерін дамытуға бағытталған;

3-бөлім "Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау" - әртүрлі жұмыс техникаларын меңгеріп және өзінің іс-әрекетін жоспарлап, әртүрлі материалдармен жүргізіп, қоршаған ортаның бейнелеу дағдыларының тәжірибелерін дамытуға бағытталған;

4-бөлім "Презентация, талдау және бағалау" - коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған, соның аясында өзінің және басқалардың жұмысын бағалайды, презентациялайды және түсіндіреді.

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту 1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлеу құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу қарым-қатынасын дамыту (жағдайға байланысты, жағдайдан тыс уақытта)
		2.1 Қоршаған ортаны танып, түсіну, өмірлік түсініктерді толықтырут

2	Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну
		2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту
		2.4 Жоспарлау
		3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу
3	Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы
		3.3 Дайындау технологиялары
		3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау
		4.1 Презентация
4	Презентация, талдау және бағалау	4.2 Жұмыс жасаудың анализі
		4.3 Шығармашылық жұмысты талдау

45. Бағдарламада оқу мақсаттарын тиімді қолдану және мониторинг жасау үшін кодтық белгілеу енгізілді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлімді, үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқу мақсаттарының реттік санын білдіреді. Мысалы, код белгісіндегі 1.2.1.1: "1" сынып, "2" бөлім, "1" бөлімше, "1" оқу мақсатының реттік саны.

46. Барлық оқу мақсаттары нақты контекстке қатысты байланбай, әртүрлі тақырып аясында іске асырылады.

47. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1) оқыту мақсатының мазмұны пәннің мінездемелік білімін білуі және білімі ғана емес, сонымен қатар,оны нақты тәжірибеде қолдану, АКТ-ны пайдалану, пәнаралық және сабақаралық байланысты іске асырады, коммуникативті дағдыларды және сөйлеу белсенділіктерінің түрлерін дамытуды қарастырады;

2) "Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту":

2-кесте

Бөлімшелер	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	0.1.1.1 Сөздік қорын толықтыру, мұғалімнің берген тапсырмаларын ауызшадақтиль түрде және жазбаша түрде орындау	1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу	2.1.1.1 толықтырылған сөздікті ауызша сөйлеу тілінде қолдану. Ауызша және жазбаша түрде сұраныс құрастырып, жасаған жұмысқа есеп	3.1.1.1 сөздік қорын толықтыру, жасалған жұмысқа ауызша және жазбаша түрде толық есеп беру. Мұғалімнің ж ә н е сыныптастарының берген тапсырмалары мен нұсқаларын	4.1.1.1 мұғалімнің және сыныптастарының ауызша және жазбаша түрде берген жай және күрделі нұсқаларын түсініп, орындау . Орындаған жұмысты кезеңмен сипаттап, ұжымға тілек

			беру, әрі қарай сөздікті толықтыру	ауызша және жазбаша түрде орындау	білдіріп немесе тапсырма бере алу
1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлеу құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу қарым-қатынасын дамыту (жағдайға байланысты, жағдайдан тыс уақытта)	0.1.2.1 жасаған жұмысқа есеп беру. Жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рды сұрай алу	1.1.2.1 өтініш. тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу	2.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу. Тізбелі жоспар қолданып, жазбаша және ауызша түрде есеп бере алу, жай диалогтарға қатысу	3.1.2.1 өтініш,тілек білдіру, ұжымдық, жұптық, топтық диалогтарға қатысу. Толық сөйлемдерді қолданып, есеп бере алу, жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасында бар сөздігін қолдана алу	4.1.2.1 ұжыммен бірлесп жасаған жұмыс бойынша айта алу, өзінің жеке жұмысы бойынша айба алу. Ұжымның жасаған жұмысын бағалай алу. Өтініш. тілектерін білдіре алу, жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасында бар сөздігін қолдана алу

3) "Шығармашылық идеяларын дамыту":

3-кесте

Бөлімшелер	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
2.1 Қоршаған ортаны танып, түсіну, өмірлік түсініктерді толықтыру	0.2.1.1 қоршаған орта туралы түсінік беру, таныс бейнелер мен пішіндерді білу (түс, фактура, пішін)	1.2.1.1 қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелер мен пішіндерді білу (түс, фактура, пішін)	2.2.1.1 мұғалімнің көмегімен, үлгі бойынша қоршаған ортаның кейбір құбылыстары мен ерекшеліктерін таныс бейнелер мен пішіндерді зерттеу барысында сипаттау	3.2.1.1 берілген тілдік үлгілерге сүйеніп, қоршаған ортаның ерекшеліктерін таныс бейнелер мен пішіндерді зерттеу барысында олардың ұқсастығы мен айырмашылығы н сипаттау	4.2.1.1 мұғалімнің көмегімен қоршаған ортаның күрделі бейнелері мен пішіндерінің ұқсастығы мен айырмашылығы н түсініп, сипаттау (түс, фактура, пішін)
2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну	0.2.2.1 ұлттық мәдениетінің элементтерімен танысу	1.2.2.1 ұлттық және әлем мәдениетінің әртүрлі өнер туындыларымен танысу	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер қолданып, ұлттық және әлем мәдениетінің	3.2.2.1 мұғалімнің көмегімен, үлгілерді қолданып, ұлттық және әлем мәдениет туындыларының ерекшеліктерін анықтау	4.2.2.1 ұлттық және әлем мәдениетінің әртүрлі өнер туындыларын, қолөнерін, дизайнді меңгеру барысында ерекшеліктерін анықтау және

			эртүрлі өнер туындыларын сипаттау		сөздік үлгілерді қолданып, түсіндіру
2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	0.2.3.1 қарапайым түрде өз сезімін, эмоциясын білдіре алу	1.2.3.1 ең қарапайым түрде өз сезімін білдіру: "әдемі", "әдемі емес", "ұнайды", "ұнамайды"	2.2.3.1 нақты материалдар мен түрлі-түсті гаммаларды таңдауда, өз сеземдерін білдіруде шығармашылық деңгейді таныту	3.2.3.1 шығармашылық көрініс пен идеяларды дамыту. Жұмысқа байланысты өз таңдауы бойынша ой-пікірін айта білу	4.2.3.1 өз идеяларын шығармашылық пен ұсынуға көмек көрсету, өз ой-сезімін әртүрлі әдіспен білдіре алу
			2.2.3.2 шығармашылық идеяны дамыту үшін ақпаратты жинақтау	3.2.3.2 шығармашылық идеяны дамыту үшін әртүрлі мәліметтерден ақпаратты жинақтау	4.2.3.2 шығармашылық идеяны дамыту үшін әртүрлі мәліметтерден жинақталған ақпаратты іріктей алу (компьютерлік ақпаратты қосқанда)
2.4 Жоспарлау		1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым жұмыс жоспарын қолдана алу	2.2.4.1 өз сөздік қорын қолданып, ұсынылған жоспар бойынша жұмыс істей алу	3.2.4.1 мұғалімнің көмегімен, білім алушылар алған білімі мен дағдыларын пайдаланып, өз жұмысын жоспарлай алу.	4.2.4.1 сабақта алған білімі мен дағдыларын пайдаланып, жұмысты жоспар бойынша орындай алу

4) "Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау"

4-кесте

Бөлімшелер	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу	0.3.1.1 шығармашылықты танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның кейбір визуалды элементтерін қолдану	1.3.1.1 қарапайым әдістерді пайдаланып, шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның белгілі бір визуалды элементтерін қолдану	2.3.1.1 әртүрлі әдістерді пайдаланып, шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның белгілі бір визуалды элементтерін қолдану	3.3.1.1 шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның әртүрлі визуалды элементтерін қолдану	4.3.1.1 шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның әртүрлі визуалды элементтері мен комбинацияларын қолдану

<p>3 . 2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы</p>	<p>0.3.2.1 қарапайым техникалық әдістерін пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р м е н материалдарды қолдану</p>	<p>1.3.2.1 қарапайым әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р м е н материалдарды қолдану</p>	<p>2.3.2.1 эртүрлі әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р м е н материалдарды қолданып, бақылау (эксперименттік) жұмыстарды өткізе алу</p>	<p>3.3.2.1 күрделі әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р м е н материалдарды қолданып, бақылау (эксперименттік) жұмыстарды өткізе алу</p>	<p>4.3.2.1 өте күрделі әдістер мен техниканы пайдаланып өз бетімен тандап алынған табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р м е н материалдарды қолданып, бақылау (эксперименттік) жұмыстарды өткізе алу</p>
					<p>4.3.2.2 жұмыс істеу үшін ұқсас (альтернативті) материалдар мен өзгеше әдістерді ұсыну</p>
<p>3.3 Дайындау технологиялары</p>	<p>0.3.3.1 шаблон, трафареттерді бастырып, қию. Сурет салып, жапсыру, пішінін келтіріп, илеу, материал м е н компоненттерді қарапайым тәсілдермен жинау</p>	<p>1.3.3.1 трафареттерді бастырып, белгілеу, қию. пішінін келтіріп, материал мен компоненттерін қарапайым тәсілдермен жинап, қосу</p>	<p>2.3.3.1 өлшеп, белгілеп қию, пішінін келтіріп, материал мен компоненттерін әр түрлі тәсілдермен жинап, қосу</p>	<p>3.3.3.1 өлшеп, белгілеп қию, пішінін келтіріп, үлгіге ұқсас етіп, материал мен компоненттерін әр түрлі тәсілдермен жинап, біріктіріп қосу</p>	<p>4.3.3.1 ыңғайлы әдіспен өлшеп, белгілеп қию. Пішінін келтіріп, белгілі бір тізбелікті материал мен компоненттерін нақты етіп жинап, біріктіріп қосу</p>
	<p>0.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдарды) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау</p>	<p>1.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдар, мозаика) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау</p>	<p>2.3.3.2 белгілі бір тәсілдер мен материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдар, мозаика) қолданып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау</p>	<p>3.3.3.2 әр түрлі тәсілдер м е н материалдарды (ермексаз, табиғи материалдар, конструктор, қағаз, картон) қолданып, көлемді пішіндерді жасау</p>	<p>4.3.3.2 әр түрлі тәсілдер м е н материалдарды (ермексаз, табиғи материалдар, конструктор, түрлі-түсті қағаз , картон) араластыра қолданып, көлемді пішіндерді жасау</p>

		1.3.3.3 қарапайым тәсілдерді қолданып, шығармашылық жұмысты аяқтау	2.3.3.3 қарапайым тәсілдерді қолданып, шығармашылық жұмыстың сырт бейнесін әсемдеп, аяқтау	3.3.3.3 бейнелеу мәнерлігі бар тәсілдерді қолданып, шығармашылық жұмысты аяқтау	4.3.3.3 бейнелеу мәнерлігі бар тәсілдерді (компьютерлік техникасын қоса) қолданып, шығармашылық жұмысты аяқтау
		1.3.3.4 шығармашылық жұмысты жасауда қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану	2.3.3.4 шығармашылық жұмысты жасауда қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану	3.3.3.4 шығармашылық жұмысты жасауда қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану	4.3.3.4 шығармашылық жұмысты жасауда өз бетімен әдіс-тәсілдерді таңдап алу
					4.3.3.5 шығармашылық жұмысты жасауда қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану
3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	0.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материалмен құрал-жабдықтарды пайдалану	1.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материалмен құрал-жабдықтарды пайдалану	2.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материалмен құрал-жабдықтарды пайдалану	3.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материалмен құрал-жабдықтарды пайдалану	4.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материалмен құрал-жабдықтарды пайдалану

5) "Презентация, талдау және бағалау"

5-кесте

Бөлімшелер	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
4.1 Презентация	0.4.1.1 өз жұмысын қарапайым тәсілмен. жай сөз тіркестерін ("Бұл менің суретім") пайдаланып, таныстыру	1.4.1.1 өз жұмысын (эскиз, бұйым) қарапайым тәсілмен таныстыру	2.4.1.1 өз жұмысын (эскиз, бұйымды) таныстырып, істелген жұмысына есеппен баға беру ("Жұмыс әдемі шықты!")	3.4.1.1 өз жұмысын (эскиз, бұйымды) арнайы терминологияны пайдаланып, таныстыру. Жұмыстың жасалу үрдісі мен тізбелі жоспарын айтып, түсіндіру.	4.4.1.1 өз жұмысын (эскиз, бұйымды) арнайы терминологияны пайдаланып, таныстыру. Мұғалімнің көмегімен жұмыстың негізгі ойы мен жасалу үрдісін айтып, түсіндіру
		1.4.2.1	2.4.2.1	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен

4.2 Жұмыс жасаудың анализі		мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы мен жұмысты жасауда пайдалынған материалдар туралы айту	мұғалімнің көмегімен тақырып пен жұмысты жасауда пайдалынған материалдар туралы айту	негізгі тәсілдердің бейнелі мәнерлігін анықтап, жұмысты жасауда пайдалынған материалдар туралы айту	жұмысты жасауда қолданылған тәсілдердің бейнелі мәнерлігін салыстырып, жасалу техникасы туралы айту
4.3 Шығармашылық жұмысты талдау	0.4.3.1 ауызша - дактильді түрде жасалған жұмысқа есеп беру	1.4.3.1 ауызша және жазбаша ұсыныстар бойынша жасалған жұмысқа есеп беру	2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен шығармашылық жұмысты талдау	3.4.3.1 мұғалімнің көмегімен ұжыммен жасалған шығармашылық жұмысты жақсартатын идеяларды ұсыну және түсіндіру	4.4.3.1 шығармашылық жұмысты бағалап, оны жақсарту үшін ұсыныстар енгізе алу

48. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) дайындық сынып:

6-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
	1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	0.1.1.1 сөздік қорын толықтыру, мұғалімнің берген тапсырмаларын ауызша-дактиль түрде және жазбаша түрде орындау
		1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасын дамыту)	0.1.2.1 жасаған жұмысқа есеп беру. Жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықты рды сұрай алу

Өзім туралы Менің мектебім	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.1 Қоршаған ортаны танып, түсіну, өмірлік түсініктерді толықтыру	0.2.1.1 қоршаған орта туралы түсінік беру, таныс бейнелер мен пішіндерді білу (түс, фактура, пішін)
		2 . 3 Шығармашылық идеяларын дамыту	0 . 2 . 3 . 1 қарапайым түрде өз сезімін, эмоциясын білдіре алу
	3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу	0 . 3 . 1 . 1 шығармашылдықты танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның кейбір визуалды элементтерін қолдану
		3 . 2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы	0 . 3 . 2 . 1 қарапайым техникалық әдістерін пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р м е н материалдарды қолдану
		3.3 Дайындау технологиялары	0.3.3.1 шаблон, трафареттерді бастырып, қию, сурет салу, жапсыру, пішінін келтіріп, илеу, материал м е н компоненттерді қарапайым тәсілдермен жинау
2-тоқсан			
		1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап,	0.1.1.1 сөздік қорын толықтыру, мұғалімнің берген тапсырмаларын ауызша-дактиль

Менің отбасым және достарым	1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	түсініп, қайталап айту	түрде және жазбаша түрде орындау
		1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту	0.1.2.1 жасаған жұмысқа есеп беру. Жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рды сұрай алу
	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну	0.2.2.1 ұлттық мәдениетінің элементтерімен танысу
		2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	0.2.3.1 карапайым түрде өз сезімін, эмоциясын білдіре алу
	3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу	0.3.1.1 шығармашылықты танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның кейбір визуалды элементтерін қолдану
			0.3.2.1 карапайым техникалық әдістерін пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р мен материалдарды қолдану
		3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы	0.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи

		3.3 Дайындау технологиялары	материалдарды) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау
		3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	0.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдықта рды пайдалану
Бізді қоршаған әлем	4 Презентация, талдау және бағалау	4.1 Презентация	0.4.1.1 өз жұмысын қарапайым тәсілмен. жай сөз тіркестерін ("Бұл менің суретім") пайдаланып, таныстыру
		4.3 Шығармашылық жұмысты талдау	0.4.3.1 ауызша-дактиль ді түрде жасалған жұмысқа есеп беру

3-тоқсан

	1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	0.1.1.1 сөздік қорын толықтыру, мұғалімнің берген тапсырмаларын ауызша-дактиль түрде және жазбаша түрде орындау
		1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасын дамыту)	0.1.2.1 жасаған жұмысқа есеп беру. Жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рды сұрай алу
	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	0.2.3.1 қарапайым түрде өз сезімін, эмоциясын білдіре алу

Саяхат
Салт-дәстүр
және ауыз
әдебиеті

3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы	0.3.2.1 қарапайым техникалық әдістерін пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р м е н материалдарды қолдану
	3.3 Дайындау технологиялары	0.3.3.2. белгілі б і р материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдарды) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау
	3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	0.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал м е н құрал-жабдықта рды пайдалану
1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап , түсініп, қайталап айту	0.1.1.1 сөздік қ о р ы н толықтыру, мұғалімнің берген тапсырмаларын ауызша-дактиль түрде және жазбаша түрде орындау
	1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасын дамыту)	0.1.2.1 жасаған жұмысқа есеп беру. Жұмысқа қажетті заттар м е н құрал-жабдықта рды сұрай алу
2 Шығармашылық идеяларын дамыту	2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	0.2.3.1 қарапайым түрде өз сезімін, эмоциясын білдіре алу

3 Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.3 Дайындау технологиялары	0.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдарды) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау
	3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	0.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдыктарды пайдалану
	4 Презентация, талдау және бағалау	4.1 Презентация

4-тоқсан

1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	0.1.1.1 сөздік қорын толықтыру, мұғалімнің берген тапсырмаларын ауызша-дактиль түрде және жазбаша түрде орындау
	1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасын дамыту)	0.1.2.1 жасаған жұмысқа есеп беру. Жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдыктарды сұрай алу

Тағам және сусын
Дені саудың – жаны сау

2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2 . 3 Шығармашылық идеяларын дамыту	0.2.3.1 қарапайым түрде өз сезімін, эмоциясын білдіре алу
3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу	0.3.1.1 шығармашылықты танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның кейбір визуалды элементтерін қолдану
	3.3 Дайындау технологиялары	0.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдарды) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау
	3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	0.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдықтарды пайдалану
4 Презентация, талдау және бағалау	4 . 3 Шығармашылық жұмысты талдау	0.4.3.1 ауызша-дактильді түрде жасалған жұмысқа есеп беру
	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	0.1.1.1 сөздік қорын толықтыру, мұғалімнің берген тапсырмаларын ауызша-дактиль түрде және жазбаша түрде орындау
	1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас	

1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	сөйлеу құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасын дамыту)	0.1.2.1 жасаған жұмысқа есеп беру. Жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықтарды сұрай алу
2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну	0.2.2.1 ұлттық мәдениетінің элементтерімен танысу
3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.3 Дайындау технологиялары	0.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдарды) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау
	3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	0.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдықтарды пайдалану
4 Презентация, талдау және бағалау	4.1 Презентация	0.4.1.1 өз жұмысын қарапайым тәсілмен жай сөз тіркестерін (" Бұл менің суретім") пайдаланып, таныстыру
	4.3 Шығармашылық жұмысты талдау	0.4.3.1 ауызша-дактильді түрде жасалған жұмысқа есеп беру

2) 1-сынып:

7-кесте

--	--	--	--

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өзім туралы	1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу
		1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде)сөйлеу қарым-қатынасын дамыту	1.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу
	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.1 Қоршаған ортаны танып, түсіну, өмірлік түсініктерді толықтыру	1.2.1.1 қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелермен пішіндерді білу (түс, фактура, пішін)
		2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	1.2.3.1 ең карапайым түрде өз сезімін білдіру: "әдемі", "әдемі емес", "ұнайды", "ұнамайды"
		3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы	1.3.2.1 карапайым әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта

	<p>3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау</p>	<p>р мен материалдарды қолдану</p> <p>1.3.1.1 қарапайым әдістерді пайдаланып, шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның белгілі бір визуалды элементтерін қолдану</p>
	<p>4. Презентация, талдау және бағалау</p>	<p>4.2 Жұмыс жасаудың анализі</p> <p>1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы мен жұмысты жасауда пайдалынған материалдар туралы айту</p>
	<p>Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту</p>	<p>1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту</p> <p>1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу</p> <p>1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту</p> <p>1.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу</p>

Менің мектебім

2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.1 Қоршаған ортаны танып, түсіну, өмірлік түсініктерді толықтыру	1.2.1.1 қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелер мен пішіндерді білу (түс, фактура, пішін)
3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу	1.3.1.1 қарапайым әдістерді пайдаланып, шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның белгілі бір визуалды элементтерін қолдану
	3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы	1.3.2.1 қарапайым әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықтар мен материалдарды қолдану
	3.3 Дайындау технологиялары	1.3.3.1 трафареттерді бастырып, белгілеу, қию. пішінін келтіріп, материал мен компоненттерін қарапайым тәсілдермен жинап, қосу
4. Презентация, талдау және бағалау	4.2 Жұмыс жасаудың анализі	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы мен жұмысты жасауда пайдалынған материалдар туралы айту
		1.4.3.1 ауызша және жазбаша

		4 . 3 Шығармашылық жұмысты талдау	ұсыныстар бойынша жасалған жұмысқа есеп беру
2-тоқсан			
Менің отбасым және достарым	1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу
		1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту	1.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу
	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну	1.2.2.1 ұлттық және әлем мәдениетінің әртүрлі өнер туындыларымен танысу
		2 . 3 Шығармашылық идеяларын дамыту	1.2.3.1 ең қарапайым түрде өз сезімін білдіру: "әдемі", "әдемі емес", " ұнайды", " ұнамайды"
			1.3.1.1 қарапайым әдістерді пайдаланып, шығармашылық идеяларды

	<p>3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау</p>	<p>3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу</p>	<p>танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның белгілі бір визуалды элементтерін қолдану</p>
	<p>1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту</p>	<p>3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы</p>	<p>1.3.2.1 қарапайым әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта р мен материалдарды қолдану</p>
		<p>3.3 Дайындау технологиялары</p>	<p>1.3.3.4 шығармашылық жұмысты жасауда қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану</p>
		<p>1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту</p>	<p>1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу</p>
		<p>1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту</p>	<p>1.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу</p>

Бізді қоршаған әлем

3.Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау

2.1 Қоршаған ортаны танып, түсіну, өмірлік түсініктерді толықтыру	1.2.1.1 қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелер мен пішіндерді білу (түс, фактура, пішін)
3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу	1.3.1.1 қарапайым әдістерді пайдаланып, шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның белгілі бір визуалды элементтерін қолдану
3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы	1.3.2.1 қарапайым әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықтар мен материалдарды қолдану
3.3 Дайындау технологиялары	1.3.3.1 трафареттерді бастырып, белгілеу, қию. пішінін келтіріп, материал мен компоненттерін қарапайым тәсілдермен жинап, қосу
3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	1.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдықтарды пайдалану
	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы мен жұмысты

	4. Презентация, талдау және бағалау	4.2 Жұмыс жасаудың анализі	жасауда пайдалынған материалдар туралы айту
		4.3 Шығармашылық жұмысты талдау	1.4.3.1 ауызша және жазбаша ұсыныстар бойынша жасалған жұмысқа есеп беру

3-тоқсан

	1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу
		1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту	1.1.2.1 өтініш. тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу
	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	1.2.3.1 ең карапайым түрде өз сезімін білдіру: "әдемі", "әдемі емес", "ұнайды", "ұнамайды"
		3.2 Шығармашылық жұмыстың материалы мен жасау техникасы	1.3.2.1 карапайым әдістер мен техниканы пайдаланып, табиғи, бейнелеу және жасанды құрал-жабдықта

Саяхат
Салт-дәстүр
және ауыз
әдебиеті

		р мен материалдарды қолдану
3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.3 Дайындау технологиялары	1.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз, түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдар, мозаика) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау
4. Презентация, талдау және бағалау	4.2 Жұмыс жасаудың анализі	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы мен жұмысты жасауда пайдалынған материалдар туралы айту
1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу
	1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту	1.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу

	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну	1.2.2.1 ұлттық және әлем мәдениетінің әртүрлі өнер туындыларымен танысу
	3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.3 Дайындау технологиялары	1.3.3.1 трафареттерді бастырып, белгілеу, қию. пішінін келтіріп, материал мен компоненттерін қарапайым тәсілдермен жинап, қосу 1.3.3.4 шығармашылық жұмысты жасауда қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану
		3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	1.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдықты пайдалану
	4 Презентация, талдау және бағалау	4.1. Презентация	1.4.1.1 өз жұмысын (эскиз, бұйым) қарапайым тәсілмен таныстыру
		4.3 Шығармашылық жұмысты талдау	1.4.3.1 ауызша және жазбаша ұсыныстар бойынша жасалған жұмысқа есеп беру
4-тоқсан			
		1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап,	1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің

<p>1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту</p>	<p>түсініп, қайталап айту</p>	<p>көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу</p>
<p>2. Шығармашылық идеяларын дамыту</p>	<p>1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту</p> <p>2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту</p>	<p>1.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу</p> <p>1.2.3.1 ең қарапайым түрде өз сезімін білдіру: "әдемі", "әдемі емес", "ұнайды", "ұнамайды"</p>
<p>3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау</p>	<p>3.1 Қоршаған ортаны бейнелеу</p> <p>3.3 Дайындау технологиялары</p>	<p>1.3.1.1 қарапайым әдістерді пайдаланып, шығармашылық идеяларды танытып, көрсету үшін, қоршаған ортаның белгілі бір визуалды элементтерін қолдану</p> <p>1.3.3.1 трафареттерді бастырып, белгілеу, қию. пішінін келтіріп, материал мен компоненттерін қарапайым тәсілдермен жинап, қосу</p> <p>1.3.3.3 қарапайым тәсілдерді қолданып,</p>

Тағам және сусын
Дені саудың – жаны сау

		шығармашылық жұмысты аяқтау
	3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	1.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдықта рды пайдалану
4 Презентация, талдау және бағалау	4 . 3 Шығармашылық жұмысты талдау	1.4.3.1 ауызша және жазбаша ұсыныстар бойынша жасалған жұмысқа есеп беру
1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	1.1.1.1 мұғалімнің берген нұсқаларын ауызша және жазбаша түрде орындау. Мұғалімнің көмегімен ауызша және жазбаша түрде сұраныс жасай алу
	1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде сөйлеу қарым-қатынасын дамыту)	1.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу , мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдерді құрастыру, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу
2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну	1.2.2.1 ұлттық және әлем мәдениетінің әртүрлі өнер туындыларымен танысу
		1.3.3.2 белгілі бір материалдарды (ермексаз,

3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.3 Дайындау технологиялары	түрлі-түсті қағазды, табиғи материалдар, мозаика) пайдаланып, көлемді және көлемді емес қарапайым пішіндерді жасау
	3.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	1.3.4.1 техника қауіпсіздігін сақтап, материал мен құрал-жабдыктарды пайдалану
4 Презентация, талдау және бағалау	4.1 Презентация	1.4.1.1 өз жұмысын (эскиз, бұйым) қарапайым тәсілмен таныстыру
	4.2 Жұмыс жасаудың анализі	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы мен жұмысты жасауда пайдалынған материалдар туралы айту
	4.3 Шығармашылық жұмысты талдау	1.4.3.1 ауызша және жазбаша ұсыныстар бойынша жасалған жұмысқа есеп беру

3) 2-сынып:

8-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
		1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік	2.1.1.1 толықтырылған сөздікті ауызша сөйлеу тілінде қолдану. Ауызша және жазбаша түрде

Өзім туралы

1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	сұраныс құрастырып, жасаған жұмысқа есеп беру, әрі қарай сөздікті толықтыру
	1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту	2.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдыктарға сұраныс жаза алу. Тізбелі жоспар қолданып, жазбаша және ауызша түрде есеп бере алу, жай диалогтарға қатысу
2. Шығармашылық идеяларын дамыту	2.1 Қоршаған ортаны танып, түсіну, өмірлік түсініктерді толықтыру	2.2.1.1 мұғалімнің көмегімен, үлгі бойынша қоршаған ортаның кейбір құбылыстары мен ерекшеліктерін таныс бейнелер мен пішіндерді зерттеу барысында сипаттау
	2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2.3.1 нақты материалдар мен түрлі-түсті гаммаларды таңдауда, өз сеземдерін білдіруде шығармашылық деңгейді таныту
		2.2.3.2 шығармашылық идеяны дамыту үшін ақпаратты жинақтау
		2.2.4.1 өз сөздік қорын қолданып, ұсынылған

		2.4 Жоспарлау	жоспар бойынша жұмыс істей алу
	3. Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	3.3 Дайындау технологиялары	2.3.3.1 өлшеп, белгілеп қию, пішінін келтіріп, материал мен компоненттерін әр түрлі тәсілдермен жинап, қосу
	4. Презентация, талдау және бағалау	4.3 Шығармашылық жұмысты талдау	2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен шығармашылық жұмысты талдау
	1. Заттық-тәжірибелік іс-әрекет арқылы сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту	1.1 Сөйлеу тілін қалыптастырып, дамыту. Тілдік үлгілерді қабылдап, түсініп, қайталап айту	2.1.1.1 толықтырылған сөздікті ауызша сөйлеу тілінде қолдану. Ауызша және жазбаша түрде сұраныс құрастырып, жасаған жұмысқа есеп беру, әрі қарай сөздікті толықтыру
		1.2 Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша ұқсас сөйлем құрастыру. Өз бетімен сөйлеу тілін дамыту, (жағдайға байланысты немесе жағдайдан тыс кезде) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту	2.1.2.1 өтініш, тілек білдіре алу, жұмысқа қажетті заттар мен құрал-жабдықта рға сұраныс жаза алу. Тізбелі жоспар қолданып, жазбаша және ауызша түрде есеп бере алу, жай диалогтарға қатысу
		2.1 Қоршаған ортаны танып,	2.2.1.1 мұғалімнің көмегімен, үлгі бойынша қоршаған ортаның кейбір құбылыстары

Менің отбасым және достарым	2. Шығармашылық идеяларын дамыту	түсіну, өмірлік түсініктерді толықтыру	мен ерекшеліктерін таныс бейнелермен пішіндерді зерттеу барысында сипаттау
		2.2 Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер қолданып, ұлттық және әлем мәдениетінің әртүрлі өнер туындыларын сипаттау
		2.3 Шығармашылық идеяларын дамыту	2.2.3.1 нақты материалдар мен түрлі-түсті гаммаларды таңдауда, өз сеземдерін білдіруде шығармашылық деңгейді таныту
2.10 Дом. Квартира. Адрес	4.2.10.1 уметь рассказать о своём доме, своей квартире, называть свой адрес, применяя жестовый словарь по теме
2.11 Время. Календарь	4.2.11.1 знать и применять жесты, передающие временное значение (есть, было, будет, завтра, в прошлом году)
2.12 Природа. Времена года	4.2.12.1 устанавливать причинно-следственные связи в природе с применением в своей речи нового жестового словаря
2.13 Растения	4.2.13.1 вести диалог по содержанию просмотренного видеоролика
2.14 В мире животных	4.2.14.1 вести диалог по содержанию переведенного текста
2.15 Государство. Страна	4.2.15.1 выполнять тренировочные упражнения с помощью методических пособий 4.2.15.2 работать в парах для взаимных сообщений на тему "Где я побывал", "Где хочу побывать"
2.16 Город. Село	4.2.16.1 завершать высказывания по частично описанной жестами ситуации
2.17 Посуда	4.2.17.1 работать в парах по составлению текстов и их переводу
2.18 Блюда. Напитки	4.2.18.1 знать жестовый словарь через показ учителя и воспроизведение
2.19 Продукты питания	4.2.19.1 прямой и обратный перевод готовых и самостоятельно составленных текстов 4.2.19.2 участие в сюжетно-ролевой игре "Супермаркет"
2.20 Одежда, обувь, головные уборы	4.2.20.1 вести спонтанное жестовое общение в рамках темы 4.2.20.2 участвовать в сюжетно-ролевой игре "Ателье"

2.21 Работа, профессии	4.2.21.1 знать жестовый словарь по теме через показ учителя и воспроизведение 4.2.21.2 участвовать в деловой игре "Разрешите представиться"
2.22 Спорт и отдых	4.2.22.1 знать жестовый словарь по теме через показ учителя и воспроизведение 4.2.22.2 уметь правильно организовывать свободное время
2.23 Человек и здоровье	4.2.23.1 задавать вопросы по содержанию просмотренного видеосюжета 4.2.23.2 выполнять правила сохранения и укрепления здоровья

68. Долгосрочный план:

1) 4 класс:

таблица 4

Сквозная тема	Подразделы	Цели обучения Обучающиеся будут:
1 четверть		
1. Моя Родина - Казахстан	1.1 Изучение структуры жестов	4.1.1.1 знать структуру жеста и применять новые жесты
	1.2 Техника показа и перевода жестов	4.1.2.1 владеть техникой показа и перевода жестов
	1.3 Жесты одноручные и двуручные	4.1.3.1 дифференцировать жесты одноручные и двуручные
	1.4 Жесты, обозначающие числа	4.1.4.1 знать и передавать жесты, обозначающие числа
	1.5 Передача значений вопросов	4.1.5.1 передавать значения вопросов
	1.6 Передача значений предлогов (предлоги места, направления, времени)	4.1.6.1 передавать значения предлогов (предлоги места, направления, времени)
	2.1 Приветствие. Знакомство	4.2.1.1 использовать речевой этикет в разных ситуациях общения
	2.3 Учебные принадлежности. Школьная форма	4.2.3.1 высказываться калькирующей жестовой речью на заданную тему
2 четверть		
2. Человеческие ценности	2.2 Школа	4.2.2.1 общаться жестами в рамках темы
	2.3 Учебные принадлежности. Школьная форма	4.2.3.1 высказываться калькирующей жестовой речью на заданную тему
	2.5 Общение	4.2.5.1 осуществлять диалоги разного типа на жестовом языке: диалог-запрос информации, ответ-реакция, диалог-расспрос, диалог-обмен мнениями,

		диалог-побуждение к действию в рамках пройденных тем
	2.7 Эмоции и чувства	4.2.7.1 понимать и воспроизводить эмоциональные проявления (страх, гнев, радость, обида, любовь, сомнение, удивление, интерес) 4.2.7.2 стремиться к позитивным изменениям личности
3. Культурное наследие	2.4 Моя семья. Родственники	4.2.4.1 кратко высказываться на жестовом языке о себе, своей семье, родственниках 4.2.4.2 участвовать в сюжетно-ролевой игре "Семейный праздник", применяя жестовый словарь в рамках разговорно-обиходной речи
	2.6 Гостеприимство	4.2.6.1 участвовать в смоделированной ситуации по теме 4.2.6.2 вести диалог, используя жестовый словарь по теме
	2.10 Дом. Квартира. Адрес	4.2.10.1 уметь рассказать о своем доме, своей квартире, называть свой адрес, применяя жестовый словарь по теме
3 четверть		
4. Мир профессий	2.9 Город. Транспорт	4.2.9.1 участвовать в моделированной ситуации 4.2.9.2 формулировать вопросы к иллюстрациям/тексту с помощью учителя 4.2.9.3 отвечать на вопросы по содержанию прочитанного с использованием калькирующей жестовой речи
	2.11 Время. Календарь	4.2.11.1 знать и применять жесты, передающие временное значение (есть, было, будет, завтра, в прошлом году)
	2.12 Природа. Времена года	4.2.12.1 устанавливать причинно-следственные связи в природе с применением в своей речи нового жестового словаря
	2.13 Растения	4.2.13.1 вести диалог по содержанию просмотренного видеofilmа
	2.14 В мире животных	4.2.14.1 вести диалог по содержанию переведенного текста

	2.20 Одежда, обувь, головные уборы	4.2.20.2 участвовать в сюжетно-ролевой игре "Ателье"
	2.21 Работа, профессии	4.2.21.1 знать новый словарь по теме через показ учителя и воспроизведение 4.2.21.2 участвовать в деловой игре "Разрешите представиться"
5. Природные явления	2.15 Государство. Страна	4.2.15.1 выполнять тренировочные упражнения с помощью методических пособий 4.2.15.2 работать в парах для взаимных сообщений на тему "Где я побывал", "Где хочу побывать"
	2.16 Город. Село	4.2.16.1 завершать высказывания по частично описанной жестами ситуации
6. Охрана окружающей среды	2.8 Национальные игры	4.2.8.1 знать жестовый словарь по теме через показ учителя и воспроизведение 4.2.8.2 использовать жестовое сопровождение в играх
4 четверть		
7. Путешествие в космос	2.17 Посуда	4.2.17.1 работать в парах по составлению текстов и их переводу
	2.18 Блюда. Напитки	4.2.18.1 знать жестовый словарь через показ учителя и воспроизведение
	2.19 Продукты питания	4.2.19.1 прямой и обратный перевод готовых и самостоятельно составленных текстов 4.2.19.2 участие в сюжетно-ролевой игре "Супермаркет"
8. Путешествие в будущее	2.22 Спорт и отдых	4.2.22.1 знать жестовый словарь по теме через показ учителя и воспроизведение 4.2.22.2 уметь правильно организовывать свободное время
	2.23 Человек и здоровье	4.2.23.1 задавать вопросы по содержанию просмотренного видеосюжета 4.2.23.2 выполнять правила сохранения и укрепления здоровья

Приложение 239
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 239 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Обучение грамоте" для слабослышащих, позднооглохших обучающихся 0-1 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы нашар еститін білім алушылардың есту дәрежесіне, жас ерекшеліктеріне қарай танымдық және жеке қалдық есту мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін нашар еститін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік тәсілдерін қолдануға, оқу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы жеке мүмкіндіктерін дамытуға, әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін қажетті біліктерді меңгеруге бағыттайды.

4. Нашар еститін білім алушыларды оқытудағы әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағыттары болып табылады.

5. Коммуникативтік тәсілдер нашар еститін білім алушыларға білім берудің негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесін арттыру үшін қолданылды.

6. Заманауи талабына сай нашар еститін білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Арнайы білім беру саласында әлеуметтік және коммуникативтік дағдылар әр білім алушының жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, өз бетінше шешім қабылдауына ықпал етеді. Нашар еститін білім алушының белсенді танымдық және есту қабілеттерін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен бірлесе іс-әрекет жасауымен іске асырылады.

7. Оқу процесін ұйымдастыруда диалогтік және рефлексивті технологияларды және инновациялық тәсілдерді қолдану – нашар еститін білім алушылардың шығармашылықпен, өз бетінше жұмыс жасау іс-әрекетін арттырады.

8. "Сауат ашу" пәнінің оқу бағдарламасы оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан нашар еститін білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

9. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үрдісінде нашар еститін білім алушылардың коммуникациялық тәсілдерді меңгеру арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты дағдыларын қалыптастырады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының дағдылары мен оқыту жүйесі, күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

11. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидасын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйелі түрде нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталған. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

1) нашар еститін білім алушының ойлау, сөйлеу, есту қабілетін дамыту, коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен, жұппен және жеке жұмыс істей алу, жұмыстарын жүргізу, алған білімін өмірде қолдану (өмірге бейімдей алу) дағдыларын дамытуға негіз болады.

12. Нашар еститін білім алушылар алған білімі мен тәжірибесін шығармашылық тұрғыда қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады.

13. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік, дағдыларын кез келген оқу процесінде өмірге бейімделу даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізу жолында қажырлылықты дамытуға бағытталған.

14. Нашар еститін білім алушылардың сөйлеу тілі мен есту қабілетін дамытумен қатар, "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "үлкенге құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "өмір бойы білім алу" сияқты жеке қасиеттердің дамуы білім берудің басты құндылықтарын дағдыландырудың негізі болып табылады.

2-тарау. "Сауат ашу" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

15. "Сауат ашу" - арнайы мектептегі жалпы білімнің негізін құрайтын маңызды пәндердің бірі. Пәнді оқу барысында оқу мен жазуға қатысты жұмыс түрлерін кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

16. "Сауат ашу" пәні – "Қазақ тілі", "Тіл дамыту" пәндерінің құрамдас бөлігі, нашар еститін білім алушылардың сөйлеу тілін қалыптастыру туралы білім жүйесіне дайындық болып табылады. "Сауат ашу" пәнінің маңыздылығы – нашар еститін білім алушыларды оқу әрекетіне бейімдеу, тұрақты зейінін, логикалық ойлауы мен білім

алуға деген қызығушылығын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіру, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету және қалдық есту қабілетін дамытуды жүзеге асыруында. Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым түрлерін дамыту арқылы басқа пәндерді меңгертуге негіз болуында.

17. "Сауат ашу" пәні білім алушылардың:

1) қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясы туралы бастапқы білім негіздерін игеруіне;

2) оқу мен жазуға деген қызығушылығының оянуына;

3) айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыруға;

4) сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгеруін;

5) сөзден дыбыстарды қадағалап дұрыс айтуды үйренуі;

6) буындап оқу арқылы, сөзді тұтастай оқуға дағдылануы;

7) дыбыстарды әріптермен дұрыс таңбалауға, жазуға, сөз ішіндегі олардың байланысу тәсілдерін сақтап, сөздерді тұтас жазуға үйрену;

8) жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс жасауға дағдылануына, өз ұлтының, Қазақстанда тұрып жатқан басқа да халықтардың мәдениетіне ізгілік және құрмет сезімінің қалыптасуына негіз қалаушы пән болып табылады.

18. "Сауат ашу" пәнінің мақсаты – айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы нашар еститін білім алушы сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

19. Алға қойылған осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі көзделеді:

1) қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

2) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

3) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

4) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;

5) кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеу;

6) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктерін дамыту;

7) сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениетін сақтауға дағдыландыру;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) ана тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалог барысында басқа адамның сөзін ести және тыңдай білуін, диалогке/сұхбатқа қатысуға дайын болуын), қалыптастыру.

20. "Сауат ашу" пәнінде оқу және жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста қатар жүреді:

1) оқу дағдысы жақсы қалыптасқан білім алушының сауатты жазу дағдысы да соған сай қалыптасады;

2) "Сауат ашу" пәні арқылы білім алушылар қазақ тілі және туған халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиеленеді.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

21. Арнайы білім беру мекемелері (нашар еститін білім алушыларға арналған мектептері) "білім алушыларды әлеуметтік оңалту" ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады.

22. Нашар еститін білім алушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

1) зерттеушілік тәсілдер (білім алушылар "не білемін? нені білгім келеді? нені білдім?" тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

2) әрекеттік тәсілдер (білім алушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);

3) дамыта оқыту (білім алушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

4) саралай оқыту (білім алушыларды деңгейіне, есту қабілеті дәрежесінің мүмкіндіктеріне қарай оқыту, қалыптастырушы баға арқылы қолдау);

5) білім алушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (білім алушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді).

23. "Сауат ашу" пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

1) стратегиялар: өзін-өзі басқарушылық, эксперименттік, сыни, коммуникативтік;

2) технологиялар: шағын топтағы жұмыс (командада), рөлдік және іскерлік ойындар оқыту;

3) әдістер: жеке оқыту, проблемалық оқыту.

24. Басты назар білімді қолдану біліктілігіне аударылады. Білім алушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен жетістіктер критерийлері алдын ала белгіленеді.

25. Нашар еститін білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. "Сауат ашу" пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – әлеуметтік ортада тіл табысу қабілеті дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және белсенді тілдік орта құрып, қажетті коммуникативтік дағдыларды дамытады.

Мұндай орта нашар еститін білім алушылардың сыныптастарымен, мұғалімдерімен және көпшілікпен қарым-қатынасында қазақ тілін сауатты пайдалануына, ауызекі, жазбаша формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік туғызады.

26. "Сауат ашу" пәнінде тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) дыбыстық-буындық талдау жасау;
- 2) артикуляциялық жаттығулар;
- 3) қысқаша мәтінді есту арқылы тыңдап, мазмұнын түсіну, сұрақтарға жауап беру арқылы мәтінді мазмұндау;
- 4) есту арқылы берілген мәтін мазмұнының желісін суреттер арқылы беру;
- 5) есту арқылы мәтіннің белгілі бір үзіндісін айтып беру;
- 6) берілген сұрақтар арқылы өздеріне таныс және қызықты тақырыптар бойынша әңгімелесу;
- 7) мәтіннің кейбір оқиғаларын ым-ишарамен көрсету;
- 8) жұпта ым-ишара, қимыл-әрекетті пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу;
- 9) таныс ертегі, қысқа әңгімені мазмұндау, төрт жолды өлеңдерді жатқа айту;
- 10) сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, өтініш жасау, таныс және таныс емес адамдармен, жақындары және достарымен, құрдастары және ересектермен, кіші білім алушылармен қарым-қатынас жасауға байланысты рөлдік ойындар;
- 11) берілген тақырып (сол сабақта өтілген әңгіме, ертегі немесе мысал) бойынша диалог (қуыршақтардың көмегімен) құрастыру.

27. "Сауат ашу" пәнінде оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) графикалық сызба арқылы "оқу";
- 2) кеспе әріптерден буын, сөз құрап оқу;
- 3) мәтіннен қажетті сөйлемді немесе сөзді тауып оқу;
- 4) "көзбен оқы" ойыны арқылы оқу;
- 5) мәтіннен көркем, бейнелі сөздерді тауып оқу;
- 6) сөздік жұмысы (сөздің мағынасын түсіну);
- 7) мәнерлеп оқу;
- 8) рөлге бөліп оқу.

28. "Сауат ашу" пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) сурет және белгілер арқылы беру;
- 2) сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсырмалар орындау;
- 3) мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
- 4) сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
- 5) шағын хат жазу;

- 6) есте сақтау арқылы жазу;
- 7) байқағаны, сүйікті істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдер, шағын мәтін құрастырып жазу;
- 8) сурет бойынша жазу;
- 9) өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

29. "Сауат ашу" пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

30. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

31. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

32. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесі кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

33. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, білім алушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

5-тарау. "Сауат ашу" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

34. "Сауат ашу" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 9 сағат, оқу жылында – 297 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 10 сағат, оқу жылында – 340 сағат.

35. "Сауат ашу" пәнін оқыту үшін кабинетте мынадай құрал-жабдықтар қарастырылады:

- 1) стационарлық дыбыс күшейткіш аппарат;
- 2) жеке дыбыс күшейткіш аппарат;
- 3) интерактивті тақта/ проектор, экран;
- 4) шағын маркерлік тақта;
- 5) білім алушылардың жұмыстарын сақтауға және демонстрациялауға арналған шкафтар;
- 6) түрлі-түсті қағаздар, ватмандар; А-3, А-4, А-5 қағаздары;
- 7) бормен жазуға арналған тақта;
- 8) фломастерлер, маркерлер, түрлі-түсті қарындаштар;
- 9) дидактикалық және үлестірмелі материалдар;
- 10) көрнекі құралдар (пән бойынша кестелер, "Дұрыс отыр", "Қаламды дұрыс ұста" кестесі, "Әліпби" кестесі, магниттік баспа және жазба әріптер кассасы);

11) рөлдік ойындарға арналған қуыршақтар, саусақ қуыршақтары.

36. Бастауыш білім беру деңгейінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін бастауыш сынып кабинеті санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықталады.

37. Жиһаздар сыныпта түрлі формадағы (жеке, жұптық, топтық) жұмыстар (ойын және басқа да белсенді әдістер) ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жеңіл және жылжымалы болады. Соған қоса, кітап сөрелеріне, білім алушылардың көрме жұмыстарына арналған стенділерге және көрнекі құралдарға арнайы орындар ескеріледі.

38. "Сауат ашу" пәнінің мазмұны:

1) "Сауат ашу" пәні – лексикалық тақырыптар негізінде нашар еститін білім алушыларды оқу мен жазуға үйрете отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған пән;

2) "Сауат ашу" пәнінің мазмұны коммуникативті сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған;

3) "Сауат ашу" пәні үш кезеңнен тұрады: әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең. Сауат ашудың әліппе кезеңі 1-тоқсанда басталып, 3-тоқсанда аяқталады. Мұғалім сағат санын үш кезең бойынша сыныптағы білім алушылардың оқу мақсаттарын меңгеруіне, әр кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруына орай еркін жоспарлай алады.

39. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

2) қалдық есту қабілетін дамыту;

3) дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру;

4) сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

5) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу);

6) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту;

7) ауызша тілін дамыту.

40. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;

2) қалдық есту қабілетін дамыту;

3) дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;

4) әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;

5) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту;

6) біртіндеп сөзді бір тыныста бөлмей, тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;

7) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;

8) ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру.

41. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) мәтіндерді дұрыс, ырғақты оқуға дағдыландыру, "іштей оқу", түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

2) тыңдау-түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

3) байланыстырып сөйлеуін дамыту;

4) каллиграфия нормаларын сақтай және сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру.

42. Тыңдалым және айтылым (есту қабілеті мен дыбыстардың айтылуын дамыту):

1) мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігенінің мәнісін түсінуі, сұраққа дұрыс және нақты жауап беруі, сөз мағынасын түсінуі, сөзді жұмсалу орнына және мағынасына қарай қолдана білуі, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алуы;

2) коммуникативтік мақсаттарға сай (топта сөйлесу, сұхбатқа қатысу, рөлдік ойындар) сөйлеу мәдениетін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорды кеңейту;

3) сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрастыру. Сюжетті сурет бойынша әңгімелесу; қысқаша тақпақтар жаттау;

4) өлеңдер жаттау, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау;

5) қысқа өлеңдер айту арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту;

6) сөздің дыбыстық құрылымын қарастыру;

7) дауысты дыбыстар, олардың жуан, жіңішке болып бөлінуі;

8) дауыссыз дыбыстар, олардың қатаң, ұяң, үнді болып жіктелуі;

9) буын – ең кіші айтылым бірлігі ретінде;

10) тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлесуде қолдануы;

11) мұғалімнің ауызша сұрақтарына жауап беру;

12) сөздердің буындарға бөлінуі. Дауысты дыбыстардың буын құраушылық рөлі. Сөздің мағынасы. Сөйлем құрау. Сөйлемдерден қысқаша мәтіндер құрастыру. Мәтінді тыңдау барысында түсіну.

43. Оқылым (оқу дағдыларын дамыту мен әліпбидің әріптерімен таныстыру):

1) дыбыс пен әріпті ажырата тани білуі; әріп – дыбыстың таңбасы ретінде. Жазылған сөздің әріптік құрылымын тану;

2) есту арқылы сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау. Дыбыстық талдау жасау. Дыбыстарды есту арқылы ажырата білу;

3) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

4) сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнісін түсіну. Дауыстап оқу. Сөйлеудің интонациялық ұйымдасуына бақылау жасау (аяғындағы интонация, леппен айту, сұраулы интонация);

5) сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнісін түсіну;

6) жылдың соңында таныс емес мәтінді оқу техникасының нормасы: минутына 15-20 сөз бен тыныс белгілері; шылау, екі әріпті сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады;

7) қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның ішінде айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б, к – қ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Білім алушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру;

8) мәтін туралы жалпы түсінік. Өз бетімен оқу барысында мәтінді түсінуі. Тұтас сөздер арқылы оқуға өту, іштей оқу;

9) оқылғанның мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; қойылған сұрақтарға дұрыс жауап құрастыра білу; мәтіндерді интонациясын дұрыс қойып оқу (хабарлы, сұраулы, лепті) теріп оқу, рөлге бөліп оқу, оқылғанға баға беру. Оқу тапсырмаларын орындауға керекті ақпаратты іздеу (мұғалімнің жетекшілігімен).

44. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру):

1) әріп элементтерін, бас әріптер мен кіші әріптерді, сөйлемдердің буындарын графикалық нормаларды сақтай отырып, бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу. Айтылуы мен жазылуында алшақтық жоқ сөздерден, пунктуациялық ережелерді ескере отырып, сөздік диктант жазу, сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын анықтау. Сөйлемдегі сөздер санын анықтау. Сөйлемнің бас әріптен басталып жазылатыны, сөйлемнің соңында нүкте қойылатыны. Сөйлем, шағын мәтіндерді (2-3 сөйлем) дұрыс құрастырып жазу. Сөйлем құрамындағы сөздердің бөлек жазылатыны. ұғымдарды ажырату: зат және сөз заттың атауы ретінде. Қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың сөз аталымдары. Сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын, түсін, дәмін, көлемін, санын, іс-қимылын) беретінін ұғындыру, оларды орынды қолдануға үйрету. Бір затты, көп затты білдіретін сөздер есту, есте сақтау арқылы сөздерді (2-4 сөз), жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) есту арқылы жазу. Жазғанын үлгіге қарап тексеру; каллиграфиялық дұрыс жазу;

2) жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау). Кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік). Сурет салу, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу. Дыбыс. Әріп. Бас әріп және кіші әріп. Дыбыс түрлері: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Буын. Дыбыстардан буын құрау. Буындардан сөз құрау. Сөзді буынға бөлу. Дыбыстық-буындық талдау. Сөз және сөйлем. Сөздің

мағынасы (сөздік жұмысы). Сөздерден сөйлем құрау. Сөйлемдерден шағын әңгіме (мәтін) құрау. Сөйлемнің тыныс белгілері (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі).

45. Дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдану:

1) бас әріппен жазылатын сөздерді (адамдардың есімдерін, жер-су аттарын, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау, дұрыс жазу;

2) заттардың атаулары мен олардың санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді анықтау;

3) көптік жалғауды меңгеру және дұрыс қолдану;

4) жіктеу есімдіктерін ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

5) тәуелдік жалғауларын ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

6) іс-қимылды білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) дұрыс қолдану;

7) сөйлемнің тыныс белгілерін (нүкте, үтір, сұрақ белгісі және леп белгісі) дұрыс қойып жазу;

8) мұғалім көмегімен сөздерді тасымалдау.

46. Әр бөлім өз кезегінде әрі қарай бөлімшелерге бөлінген. Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімшелерде оқу мақсаттары белгіленген, олар білім немесе түсінік, дағды немесе білік бойынша күтілетін нәтижелер түрінде берілген . Әрбір кіші бөлімшенің ішінде мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың еңбегін бағалауға оқытудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары бірізділікпен орналастырылған.

47. Сөйлеу әрекеттерінің дағдылары:

1-кесте

0-1-сынып		
№	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Дағдылар
1	Тыңдалым және айтылым	1.1 Есту арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну
		1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау
		1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту
		1.4 Есту арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау
		1.5 Есту арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
2	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану
		2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну
		2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу
		2.4 Дыбыс пен әріпті, дактилеманы тану және ажырату

		2.5 Есту арқылы мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну
		2.6 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу
3	Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау
		3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау
		3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау

48. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 0.1.2.1. кодында "0" - сыныбы, "1.2" - бөлімшесі, "1" - оқыту мақсатының реттік саны.

49. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) тыңдалым және айтылым:

2-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	0- сынып	1-сынып
	Білім алушылар:	
1.1 Есту арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну
	0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру	1.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 Кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін заттық суреттерді топтарға бөлу	1.1.2.1 жекеше және көпше түрде берілген зат есімдерді сурет бойынша "Кім? Не?" сұрақтарын қойып, топтарға бөлу
	0.1.2.2 Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағынасын түсініп іс-жүзінде меңгеру	1.1.2.2 көпше және жекеше түрдегі сөздердің мағынасын іс-жүзінде меңгеру
1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	0.1.3.1 берілген сурет бойынша сөйлем құрап айту	1.1.3.1 берілген дыбыстар мен әріптерден өзбетінше таңдап алып сөз құрастыра білу
	0.1.3.2 заттарды, топтарға бөліп айта білу	1.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу
	0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін сөздерді пайдаланып айта білу	1.1.3.3 заттардың түсін, көлемін, белгілейтін сөздерді пайдалана білу
	0.1.3.4 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауапа айта алмасуы	1.1.3.4 сұраулы сөйлемдерді диалог кезінде қолдану

	0.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу	1.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу
1.4 Есту арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 Заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау	1.1.4.1 іс-әрекет бағытын білдіретін сөздерді; жоғары-төмен, үстінде, астында, жанында, ішінде түсініп, тапсырманы орындау 1.1.4.2 заттардың іс -әрекетін білдіретін тапсырмаларды түсініп орындау
1.5 Есту арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау	1.1.5.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, дыбыстар-ды) ажырату және дұрыс дыбыстау

2) ОҚЫЛЫМ:

3-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	0- сынып	1-сынып
	Білім алушылар:	
2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу	1.2.1.1 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
	0.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, түсініп оқу) қолдану	1.2.1.2 3-6 жолды қысқа өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету
	0.2.1.3 2-4 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру	1.2.1.3 5-6 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру
2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну	1.2.2.1 сюжетті суреттер бойынша 4-5 сөйлемнен тұратын жай сөйлем және жайылма сөйлем құрастыру
2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.3.1 суреттерге қарап, қысқа сұрақтарға жауап беру	1.2.3.1 сурет бойынша сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
	0.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу	1.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу
2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.1 әріпті тану, оны дыбыспен сәйкестендіру	1.2.4.1 сөздердегі дыбыс санын анықтау
	0.2.4.2 сөздердегі дыбыстар мен әріптерді талдау	1.2.4.2 дыбыстардың сәйкестілік реттерін анықтау
	0.2.4.3 дактильді әліпбиді танып, дыбыспен сәйкестендіріп ажырата білу	1.2.4.3 дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп, ажыратып дұрыс оқу
	0.2.4.4 дактилемамен сөздерді оқи білу	1.2.4.4 дактилемамен берілген таныс сөздер мен сөйлемдерді түсініп оқи білу
	0.2.4.5 дактилемамен сөз, құрап, айта білу	1.2.4.5 дактилемамен сөйлем құрап айта білу

	0.2.4.6 берілген тақырыптар бойынша құрастырылған сөздерді, дактилемамен айта білу	1.2.4.6 берілген тақырыптар бойынша құрастырылған сөздерді, дактилемамен айта білу
	0.2.4.7 берілген суреттердің көмегімен сөздерді дактилемамен оқи білу	
2.5 Есту арқылы мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	0.2.5.1 сөйлемдердегі сөздердің мағынасын түсініп ажырату	1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
2.6 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.6.1 берілген сюжеті суреттерге сұрақтар қоя білу	1.2.6.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)

3) жазылым:

4-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	0- сынып	1-сынып
	Білім алушылар:	
3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.1 қалам мен қарындашты дұрыс ұстауды үйрету	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру
	0.3.1.2 жол және торкөз дәптерге қарындашпен сопақ, дөңгелек заттардың (алма, алмұрт, шие, шар) суреттерін салу	1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды бояу
	0.3.1.3 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты заттарды (үй, шырша, үстел, орындық, шкаф) суретін салу;	1.3.1.3 сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу
	0.3.1.4 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты, сопақша түрде заттардың (кесе, машина, кружка) суретін салу.	1.3.1.4 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
	0.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер жазу	1.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу
	0.3.1.6 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талап-тарға сай жазу	

3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.2.1 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату	1.3.2.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша жазу
	0.3.2.2 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау	1.3.2.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
	0.3.2.3 дауыс ырғағын, екпінін дұрыс сақтап айтуға үйрету	1.3.2.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау
3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою	1.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою

50. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 0- сынып:

5-кесте

	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан				
		Тыңдалым және айтылым	1.1 Есту арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну 0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
			1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 Кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін заттық суреттерді топтарға бөлу 0.1.2.2 Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағынасын түсініп іс-жүзінде менгеру

Әліппеге дейінгі кезең	1. Өзім туралы	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану 2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу 0.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, түсініп оқу) қолдану 0.2.4.3 дактильді әліпбиді танып, дыбыспен сәйкестендіріп ажырата білу 0.2.4.4 дактилемамен сөздерді оқи білу
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.1 қалам мен қарындашты дұрыс ұстауды үйрету 0.3.1.2 жол және торкөз дәптерге қарындашпен сопақ, дөңгелек заттардың (алма, алмұрт, шие, шар) суреттерін салу
Әліппе кезеңі	2. Менің мектебім	Тыңдалым және айтылым	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту 1.5 Есту арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.3.1 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап алмасуын қабылдап диалогқа кіру 0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
		Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану 2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну 2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.1.3 2-4 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру 0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну 0.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу 0.2.4.1 әріпті тану, оны дыбыспен сәйкестендіру

		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.5 дактилемамен сөз, құрап, айта білу
	Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.3 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты заттарды (үй, шырша, үстел, орындық, шкаф) суретін салу
			0.3.1.4 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты, сопақша түрде заттардың (кесе, машина, кружка) суретін салу
2-тоқсан			
		1.1 Есту арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну
			0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
		1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 Кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін заттық суреттерді топтарға бөлу
			0.1.2.2 Кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағына-сын түсініп іс-жүзінде менгеру
			0.1.3.1 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап алмасуын қабылдап диалогқа кіру
			0.1.3.2 заттарды салыстыра білу,

Әліппе кезеңі	3 Менің отбасым және достарым 4 Бізді қоршаған әлем	Оқылым	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	топтарға бөліп айта білу
				0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін сөздерді пайдаланып айта білу
				0.1.3.4 естіп-көру арқылы мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап айта алмасуы
			1.4 Есту арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау
			1.5 Есту арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
			2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу
				0.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, түсініп оқу) қолдану
				0.2.1.3 2-4 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру
			2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.3.1 суреттерге қарап, қысқа сурақтарға жауап беру
0.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу				
	0.2.4.1 әріпті тану, оны дыбыспен сәйкестендіру			

		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.2 сөздердегі дыбыстар мен әріптерді талдау	0.2.4.6 берілген тақырыптар бойынша құрастырылған сөздерді, дактилемамен айта білу
		3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.1 қалам мен қарындашты дұрыс ұстауды үйрету 0.3.1.2 жол және торкөз дәптерге қарындашпен сопақ, дөңгелек заттардың (алма, алмұрт, шие, шар) суреттерін салу 0.3.1.3 сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу 0.3.1.4 қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты, сопақша түрде заттардың (кесе, машина, кружка) суретін салу, аяғына дейін сызу 0.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін колдана отырып, жай сөйлемдер жазу	
		3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.2.2 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары берілген атауларды) анықтау 0.3.2.3 дауыс ырғағын, екпінін дұрыс сақтап айтуға үйрету	
		3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем	

		Жазылым		соңына тиісті тыныс белгілерін қою
3-тоқсан				
			1.1 Есту арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	<p>0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну</p> <p>0.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру</p>
			1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	<p>0.1.2.1 кім? Не? Не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін заттық суреттерді топтарға бөлу</p> <p>0.1.2.2 Кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін топтарға берілген заттардың, мағына-сын түсініп іс-жүзінде менгеру</p>
				0.1.3.1 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап алмасуын қабылдап диалогқа кіру

5 Саяхат	Тыңдалым және айтылым		1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	0.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу 0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін сөздерді пайдаланып айта білу 0.1.3.4 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауапайта алмасуы 0.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу
			1.4 Есту арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау
		Оқылым	1.5 Есту арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
			2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.3.1 суреттерге қарап, қысқа сурақтарға жауап беру
			2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.1 әріпті тану, оны дыбыспен сәйкестендіру 0.2.4.2 сөздердегі дыбыстар мен әріптерді талдау 0.2.4.7 берілген суреттердің көмегімен сөздерді дактилемамен оқи білу
				0.2.5.1 сөйлемдердің көп

			2.5 Есту арқылы мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	мағыналы сөздердің мағына-ларын ажырату
			2.6 Мәтін бойынша сұрақ қою білу және жауап беру білу	0.2.6.1 берілген суреттерге сұрақтар қою білу
	6 Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.5 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер жазу
				0.3.1.6 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
			3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.2.1 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
				0.3.2.2 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары берілген атауларды) анықтау
				0.3.2.3 дауыс ырғағын, екпінін дұрыс сақтап айтуға үйрету
		3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою	
4-тоқсан				
				0.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу
				0.1.3.3 заттардың түсін, белгілейтін сөздерді пайдаланып білу

Әліппеден кейінгі кезең	7 Тағам және сусын 8 Дені саудың – жаны сау	Тыңдалым және айтылым	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	0.1.3.4 мұғалім және білім алушы арасындағы сұрақ жауап айта алмасуы
				0.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу
			1.4 Есту арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	0.1.4.1 заттың түр-түсін, көлемін, белгісін білдіретін сөздерді түсініп, тапсырманы орындау
			1.5 есту арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.5.1 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
		Оқылым	2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын түсіну
			2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.3 дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп ,ажыратып дұрыс оқу
			2.5 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	0.2.5.1 сөйлемдердің көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
			2.6 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.6.1 берілген сюжетті суреттерге сұрақтар қоя білу
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық , графикалық нормаларды сақтау	0.3.1.6 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
			3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.2.1 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату

2) 1-сынып:

6-кесте

	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан				
Әліппеге дейінгі кезең	1 Өзім туралы	Тыңдалым және айтылым	1.1 Есту арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну 1.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
			1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 жекеше және көпше түрде берілген зат есімдерді сурет бойынша "Кім? Не?" сұрақтарын қойып, топтарға бөлу
		Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
			2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.4.4 дактилемамен берілген таныс сөздер мен сөйлемдерді түсініп оқи білу
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру
				1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды бояу
		Тыңдалым және айтылым	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	1.1.3.4 сұраулы сөйлемдерді диалог кезінде қолдану
			1.5 Сөздерді, дыбыстарды	1.1.5.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, дыбыстарды)

Әліппе кезеңі	Менің мектебім	Оқылым	орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	ажырату және дұрыс дыбыстау
			2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну	1.2.2.1 сюжетті суреттер бойынша 4-5 сөйлемнен тұратын жәй сөйлем және жайылма сөйлем құрастыру
			2.3 Суреттер бойынша сұрақ қою білу және жауап беру білу	1.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу
			2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.4.1 сөздердегі дыбыс санын аңықтау 1.2.4.5 дактилемамен сөйлем құрап айта білу
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру
				1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғас-тыру, өрнектер салу, оларды бояу
				1.3.1.3 сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу
2-тоқсан				
			1.1 Есту арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 есту, естіп-көріп тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну
				1.1.1.2 кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру
				1.1.2.1 жекеше және көпше түрде берілген зат есімдерді сурет бойынша "Кім? Не?"

Тыңдалым және айтылым	1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	" сұрақтарын қойып , топтарға бөлу 1.1.2.2 көпше және жекеше түрдегі сөздердің мағынасын іс-жүзінде меңгеру	
	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	1.1.3.2 заттарды салыстыра білу, топтарға бөліп айта білу	
		1.1.3.3 заттардың түсін, көлемін, белгілейтін сөздерді пайдалана білу	
		1.1.3.5 заттың көпше және жекеше түрде айтылуын білу	
	1.4 Есту арқылы тақырыптар бойынша тапсырманы орындау	1.1.4.1 іс-әрекет бағытын білдіретін сөздерді; жөғары-төмен, үстінде, астында, жанында, ішінде түсініп, тапсырманы орындау	
		1.1.4.2 заттардың іс-әрекетін білдіретін тапсырмаларды түсініп орындау	
	1.5 Есту арқылы сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.5.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, дыбыстарды) ажырату және дұрыс дыбыстау	
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) есту, естіп-көру арқылы қолдану	
		2.2 Есту арқылы сөздердің мағынасын түсіну	1.2.2.1 Сюжетті суреттер бойынша 4-5 сөйлемнен тұратын жәй сөйлем және жайылма сөйлем құрастыру

Әліппе кезеңі	3 Менің отбасым және достарым	Оқылым	2.3 Суреттер бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.3.1 сурет бойынша сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
	4 Бізді қоршаған әлем			1.2.3.2 заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу
			2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.4.1 сөздердегі дыбыс санын анықтау
				1.2.4.2 дыбыстардың сәйкестілік реттерін анықтау
				1.2.4.4 дактилемамен берілген таныс сөздер мен сөйлемдерді түсініп оқи білу
				1.2.4.5 дактилемамен сөйлем құрап айта білу
		Жазылым	3.1 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.1.1 көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру
				1.3.1.2 контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды бояу
				1.3.1.3 сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу
				1.3.1.4 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу

			3.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.2.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
				1.3.2.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау
			3.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.3.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
3-тоқсан				
		Тыңдалым және айтылым	1.2 Суреттер бойынша негізгі ойын анықтау	1.1.2.2 көпше және жекеше түрдегі сөздердің мағынасын іс-жүзінде меңгеру
			1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту	1.1.3.1 берілген дыбыстар мен әріптерден өзбетінше таңдап алып сөз құрауды үйрену
14) ауызша мәнерлеп сөйлеу құралдарын пайдалана отырып, сөзді толығымен дауыстап саналы, дұрыс жатық оқуға;

15) оқудың әр түрлі түрлерін (таныстырылымдық, зерделеулік, іріктелген, зерттеулік) қолдана отырып, оқудың рөлін түсінуге;

16) түрлі мәтіндердің мазмұны мен ерекшелігін саналы қабылдау және бағалай білу білігін қалыптастыруға, оны талдауға, кейіпкерлер әрекетін адамгершілік тұрғысынан негіздеп, бағалауға қатысуға;

17) ауызша және іштен оқу техникасын, түсіндірудің қарапайым тәсілдерін меңгеру және көркем, ғылыми-көпшілік және оқу мәтіндерін қарапайым әдебиеттік түсініктерді қолдана отырып талдау және түрлендіруге;

18) ауызша және жазбаша сөзді меңгеруде көмекші ретінде сөздің ауызша дактильді түрін қолдануға мүмкіндік береді.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

16. Орта білім беру құндылықтары "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясына: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; құрмет; серіктестік; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім беруге негізделген.

17. Нашар еститін білім алушыларды оқыту келесі дидактикалық принциптерге негізделген:

1) білім берудің тұлғаға бағытталған тұжырымдамасына көшуді қамтамасыз ететін білім берудің ізгілендіру принципі;

2) білім берудің нашар еститін білім алушылардың деңгейіне және даму ерекшеліктеріне бейімделушілік принципі, оған сәйкес мектептер түрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.; естуінде бұзылысы бар, оның ішінде психикалық дамуында бөгелісі бар, көруінде бұзылысы бар әр түрлі санаттағы балаларға арналған түрлі құралдар мен әдістерді қолданады;

3) оқытудың саралау және дараландыру принципі нашар еститін білім алушыларға ата-аналарымен бірге өздеріне біршама тиімді жолды таңдауға мүмкіндік береді;

4) оқытудың көрнекілік және сөздік құрал принципі нашар еститіндерді оқытудың алғашқы кезеңі үшін заңды болып табылатын сезімдік бейнелерді жаңа түсініктерді, қорытындыларды, оқу-тәрбие процесіндегі ережелерді қалыптастырудың негізі ретінде жинақтау, жүйелеу және жалпылау мақсатында бақылауды ұйымдастыруға бағытталған;

5) ана тілін меңгерумен бірге ғылым негіздерін меңгеру принципі нашар еститін білім алушылардың тұлғалық даму барысы оларға белгіленген білім беру көлемін меңгеруі тілдік даму деңгейімен анықталады, ақпаратты сөздік рәсімде қабылдау мүмкіндігі, оны сәйкесінше пайдалану өз кезегінде сөздік-логикалық ойлаудың қалыптасу деңгейіне байланысты шартталған;

6) есту қабілетін дамытуды қарқындату принципі ауызша сөздің айтылуын дамытумен бірге нашар еститін білім алушылардың сұхбаттасының өзіне айтылған сөзін жеткілікті деңгейде еркін түсіну қабілеті мен айналасындағыларға түсінікті, анық айтуынан тұрады;

7) тілдік қарым-қатынасты белсендендіру принципі білім алушылардың ортақ қызметтерін ұйымдастыруда психолого-педагогикалық тәсілдерді іске асыру қажеттілігімен шартталған және ауызша сөз негізінде қарым-қатынас қажеттілігін қажет ететін жағдайларды үлгілеуді талап етеді. Нашар еститін білім алушыларда қарым-қатынастың түрлі тәсілдерін қалыптастыру үшін арнайы оқыту барлық оқу-тәрбиелік жұмыста әлеуметтік жағдай түрлері ескеріле отырып іске асады;

8) әрекеттік тәсіл принципі нашар еститін білім алушылардағы әрекет білім, білік, дағды қалыптастыратын процес ретінде және нашар еститін білім алушылар тұлғасын қалыптастыруда түзетушілік-дамытушылықты қамтамасыз етуге бағыттылық ретінде қарастырылатын заманауи оқыту жүйесінің негізгі бағыттылығын көрсетеді.

18. Оқыту орыс тілінде емес сыныптарда "Орыс тілі" пәні бойынша сабақтағы арнайы міндет – тілді зерделеу емес, ең алдымен сөзді тәжірибеде меңгерумен шешіледі, ол нашар еститін білім алушылардың тілді меңгерудегі өзіндік жағдайымен түсіндіріледі.

Бұл нашар еститіндерді тілдік дамыту (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық материалдарды арнайы саралау, оны топтастыру, орналастыру, жеке бөліктермен байланысы) бойынша барлық жұмыстың ерекше мазмұнымен шартталған.

19. Нашар еститін білім алушылар екінші тіл орыс тілін зерделей отырып, есту қызметі бұзылысы кезінде ана тілді мақсатты меңгеру тәжірибесін меңгереді. Осы дағдылар жаңа орыс тілін зерделеуге ауысады.

20. Нашар еститін білім алушылар орыс тілін, оның жүйесін сөйлеуде тілдік материалды қолдану процесінде, әр түрлі қарым-қатынаста (күнделікті сөйлесуде және сипаттап айтатын сөзде, оқуда, сабақта өз бетімен хат жазу, сыныптан тыс уақыттағы қарым-қатынас, ғылымды меңгеруге байланысты сөздерді қолдану, еңбек іс-әрекетінде, ойында) меңгереді.

21. Нашар еститін білім алушыларды екінші тілге оқыту есту бұзылысы кезінде ана тілді оқыту және естуі сақталған кезде орыс тілін оқыту үшін қолданылатын тәсілдер мен әдістерді жинақтау негізінде құрылады.

22. Оқыту орыс тілді емес мектептерде нашар еститін білім алушылардың орыс тілін меңгеру процесін құруға қойылатын талаптар:

1) естуінде бұзылысы болған жағдайда көру арқылы қабылдаудың ерекше рөлін ескере отырып, көрнекілікті кеңінен қолдану;

2) тілді меңгерудің маңызды құралы ретінде орыс сөздерінің жазбаша түрін пайдалану;

3) лексико-грамматикалық жұмыстағы бастысы сөздің лексикалық және грамматикалық маңызын бір мезгілде меңгеруде орыстілдік сөздік үлгіге сүйену;

4) лексико-грамматикалық жұмыстарды жүргізу ауызша орыс тілді сөздердің айтылуы және қабылдауы бойынша жұмыс жасаумен өзара байланысты;

5) орыстілді сөздерді айту және көру-есту арқылы қабылдау түрінде репродуктивті және рецептивті меңгеруді қамтамасыз ететін айтылуға ерекше көңіл бөлінеді.

23. Екінші орыс тілін оқыту мазмұнын анықтайтын негізгі жағдайлар: оқу уақытының шынайы көлемі, тілді зерделеу қарқыны, нашар еститін білім алушыларға қолжетімділігі, сонымен қатар, алынған тілдік білімді болашақта оларға қолайлы салаларда қолдануын анықтайтын мәліметтер болып табылады.

24. Келесі факторларды: ана тілді меңгеру деңгейі, есту бұзылысы деңгейі, айту дағдылары, тілдік тәжірибесі мен тілдік ортасын ескере отырып, нашар еститін білім алушыларды оқытудың сараланған және жеке тәсілдерімен қамтамасыз етіледі.

25. Оқыту – түзету процесінде түрлі санаттағы нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, ауызша, жазбаша, ауызша дактилді және ыммен сөйлесудің арақатынасы қатаң сақталады.

26. Оқыту орыс тілді емес мектептерде орыс тілін оқыту оқытуда сөздің айтылуын орыс тілінде жақсы есте сақтауға көмектесетін ана тілдің дактилді сөзі тиімді қолданылады.

27. Нашар еститін білім алушылардың орыс тілін меңгеруде қоршаған орта туралы түсінік, мәліметтерді меңгеруге, әлеуметтік тәжірибе алуға, әлеуметке еруге дайындалуға мүмкіндік беретін құралы ретінде тілдік тәжірибе ерекше орын алады.

28. Нашар еститін білім алушылардың тілдік даму міндеттерін шешу барлық оқу және сыныптан тыс жұмыс барысында өтеді. Тек осындай жағдайда ғана тілді қарым-қатынас және ойлау құралы ретінде оқыту мақсаты тәжірибеде іске асуы мүмкін болады.

29. Орыс тілін меңгеру басқа сабақтардағы ("Әдебиеттік оқу", "Көркем еңбек", "Музыка", "Бейімделген дене шынықтыру", "Айналамен таныстыру", "Түзету ырғағы", "Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту") білім беру бағдарламасы аясында іске асатын келесі жұмыс бағыттарына негізделеді:

1) қабылдаудың, зейіннің, есте сақтаудың, ойлаудың әр түрлі түрлерін дамыту;

2) жалпы, қолдық, артикуляциялық моторикасын дамыту;

3) актив және пассив сөздіктер көлемін кеңейту;

4) қабылдауды, саралауды және сөздің грамматикалық түрін қолдану дағдысын және сөзқұраушы үлгілерді, синтаксистік құрылымның түрлі типтерін дамыту;

5) диалогтік және байланыстырушылық сөз дағдыларын жетілдіру;

6) сөздің фонетикалық жағының бұзылысын түзету, коррекция нарушений фонетической стороны речи, фонематикалық процестерді дамыту;

7) есту-көру және сөздік және сөздік емес дыбыстауды есту арқылы қабылдауды дамыту;

8) көптілді ортада қарым-қатынас үшін коммуникативтік уәждеме қалыптастыру.

30. Барлық сабақ түрлерін жүргізу оларды ұйымдастырудың сәйкес түрлерімен : нұсқаулық беру, көмек, бақылау, нәтижесін шығару, бағалау, сөзді қарым-қатынас мақсатында қолдану (тапсырма, сұрақтар, жауаптар, есептер, өз көзқарасын білдіру) түсіндіріледі

31. "Орыс тілі және әдебиеті" пәнінде тыңдалым мен айтылым бойынша тапсырмалар үлгісі:

1) есту-көру ажырату және сабақта пайдаланылған мәтіннен сөйлемдерді тыңдауы;

2) сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдерді ажырату;

3) жылжымалы логикалық екпінмен сөйлемдегі сөзді ажырату , оларды айту;

4) мәтін мазмұнын немесе мәтіннен үзіндіні есту-көру және есту арқылы қабылдау, мәнін түсіну;

5) есту-көру және есту арқылы қабылдау және сөздік-стилистикалық тапсырмаларды орындау;

6) педагогтің мәнерлеп оқығанын есту-көру және есту арқылы қабылдау және оқылғанға өз қарым-қатынасын;

7) шығармада суреттелген сурет бойынша жекелеген суреттеу құралдарын бөліп көрсету;

8) автордың көңіл-күйін білдіретін жекелеген сөздерді, фразаларды көрсету;

9) шығарманы мәнерлеп оқу (жеке, хормен оқу);

10) кейіпкердің жағдайын әсерлі көрсету, адам әрекетін бағалау;

11) экран сыртындағы мұғалім ұсынған сөз, фраза, мәтіннен жекелеген сөйлемдерді еске түсіру;

12) сюжеттік-ролдік ойындар барысы бойынша диалог құру;

13) берілген үлгі бойынша диалог құру және жағдайды сипаттау.

32. Пәндегі оқу бойынша тапсырма үлгілері:

1) мәтіннен қиынайтылатын сөздерді оқу;

2) орфоэпия, сөздік және логикалық екпін бойынша ережелерді сақтай отырып, сөз, фразалар және мәтіннен үзінді оқу;

3) мәтінді сөйлем, бөлікке бөліп, толығымен оқу;

4) сөздің мәнін түсіну;

5)мәтінді оқығанға дейінгі арнайы өңдеу;

6) оқылған мәтін мазмұны бойынша әңгіме;

7) мәтінді немесе жекелеген үзінділерді суреттеу;

8) аппликация, макет бойынша кейіпкердің әрекетін көрсету;

9) берілген тақырып бойынша таңдамалы оқу;

10) оқылғаннан суреттік, сөздік жоспар құру;

11) мәтінді иллюстрациямен, көркем суретпен салыстыру;

12) сөздік-стилистикалық жаттығулар өткізу;

13) мәнерлеп оқу үлгілерін тыңдау;

14) оқу техникасы жаттығулары: сөйлемді кідіріспен, сөздік және логикалық екпінмен оқу;

15) сөйлемнің жекелеген сөздеріне қойылған сұрақтарға жауап беру;

16) рөл бойынша оқу;

17) жаттауға жаттығу;

18) ұжымдық мәнерлеп оқу.

33. Пәннің жазу бойынша тапсырмаларының үлгілері:

1) естіген немесе оқыған мәтіннің қысқаша мазмұнын айту, фильм және кітап туралы өзінің жеке пікірін суреттеу;

2) кішігірім хабарлама жазу;

3) белгілі оқиғаның балама аяқталуын жазу;

4) ақпаратты сурет және диаграмма түрінде ұсыну ;

5) сұхбаттасу үшін сұрақтар әзірлеу;

6) тірек сөздер, жоспар бойынша мәтін құру;

7) хат жазу;

8) мәтіндерді түзету.

34. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілік (бұдан әрі- АКТ) қызмет және қарым-қатнас жұмыстары үшін технологияны шебер және шығармашылықпен қолдануды білдіреді. Ол АКТ қолданудың базалық дағдыларында құрылады;

2) білім алушылар АКТ қолдану дағдыларын типтік оқу жоспарындағы барлық пәндер бойынша құрылғы мен қосымшалардың кең спектрін қолданып ақпаратты іздеу, құру және өңдеу, серіктестік және ақпарат және идея алмасу, өз жұмысын бағалау және жетілдірудің дамытады.

35. В учебной программе "Орыс тілі" оқу бағдарламасында АКТ қолданудағы құзыреттілік келесілерді құрайды:

1) түрлі құралдарды қолданып білім беру деңгейін арттыру үшін сабақта қолданыстағы және жаңа технологияларды қолдану;

2) орыс тілінде интернет-ресурстармен жұмыс істеу (мысалы, веб сайтағы ақпаратты оқу, сәйкес материалды іріктеу, оны жеке құжат ретінде көшіру және сақтау) ;

3) мәтінмен және слайдпен жұмыс істеу үшін қарапайым бағдарламаларды біршеме күрделісіне өту үшін пайдалану (Word, PowerPoint сынды);

4) ақпаратты өңдеу, оны электронды түрде жеке құжат ретінде сақтауда құралдарды пайдалану (принтер, сканер, цифрлы фотоаппарат);

5) электронды оқулықтар көмегімен оқыту.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

36. "Орыс тілі" пәнін зерделеу нәтижелерін бағалау критериалды бағадауды қолданумен іске асады.

37. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

38. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалауды қамтиды.

39. Қалыптастырушы бағалау – үздіксіз жүргізіледі оқу барысында мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланысты жүзеге асырады, оқу процесін өз уақытында түзетуге мүмкіндік береді.

40. Жиынтық бағалау – оқытудың белгілі бір кезеңіндегі оқу ақпараттар бөлігін оқып бітіргенде жүргізіледі, білім алушылармен кері байланыс орнату, пән бойынша тоқсандық, жылдық баға қою үшін қолданылады.

5-тарау. "Орыс тілі" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

41. "Орыс тілі" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 3-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 4-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

42. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастру үшін кабинеттер сәйкес мектептік құрал-жабдықтармен жарақтандырылған.

43. Әр түрлі формадағы (жеке, жұппен, топпен) және түрдегі (ойындар және басқа да белсенді әдістер) жұмыстарды өткізу үшін жеңіл қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылар жұмысының көрмесі және көрнекі құралдарға арналған кітап сөрелері, стенділер үшін орын қарастырылады.

44. Нашар еститіндер үшін мектепте білім беру кеңістігін ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

1) стендтегі немесе электронды тасымалдағыштардағы, баспалық кесте түрінде ұсынылған мәтіндер қауіп қатер туралы ескертуі, оқыту тәртібіндегі өзгерістер және құрылғы, сынып және оқу сыныптарын білдіруі;

2) визуалды оқу сабақтарының кестесі туралы дыбыстық анықтамалық ақпараттарды қосарлау (субтитрді тарату мүмкіндігімен мониторларды орнату (мониторлар, олардың өлшемі және санын ғимараттың өлшемін ескере отырып анықталады);

3) ақпаратты жаңғыртуды тиісті дыбыстық құралдармен қамтамасыз ету.

45. Оқу кабинеттері естіп қабылдауға мүмкіндік беретін: ұжымдық қолдануға қосымша вибротактильді құрылғылармен немесе сымсыз аппаратуралармен құрамдалған дыбыс күшейткіш құрылғылармен заманауи аудиологиялық және сурдопедагогикалық талаптарға сәйкес келетін дыбыс күшейткіш құрылғылармен жабдықталады.

46. Барлық оқу уақытында және сабақтан тыс уақытта нашар еститін білім алушылар медициналық ұсыныстар ескере отырып, есту аппараттарын немесе кохлеарлы имплантаттарды пайдаланады. Сынып ішінде FM-жүйесін сақтауға арналған арнайы орын, қуаттандыру құрылғылары, батарейкалар қарастырылады.

47. Сабақ жүргізуге арналған кабинеттер айтылумен, естіп қабылдаумен, айнамен жұмысқа арналған визуалды құрылғылармен және арнайы компьютерлік бағдарламалармен жарақтандырылады.

48. Арнайы жағдайлар: сөйлеуші тұлғаны және оның артындағы фонды жарықтандыруды ойластыру, заманауи электроакустикалық, оның ішінде дыбыс күшейткіш аппаратураларды, сонымен қатар алыстағы жақсы көруге мүмкіндік беретін аппаратураларды қолдану (үлкен экранда көрсету) болып табылады.

49. Оқу пәнінің мазмұны:

1) оқыту орыс тілді емес сыныптардағы "Орыс тілі" пәнінің мазмұнын анықтау бес бөлімнен және жиырма екі бөлімшеден тұратын орыс тілін оқытудың мақсаттар жүйесінде құралған:

"Тыңдалым" бөлім" мұғалімнің және білім алушының сөзін, аудио/видеожазбаны тыңдау, тыңдағанның мәнін түсіну білігін қалыптастыруға бағытталған;

"Айтылым" бөлімі ойын жеткізу, ауызша түрде ақпаратты жүйелі түрде беру білігін дамытуға бағытталған;

"Оқылым" бөлімі оқылған мәтіннен сұралған ақпаратты түсінуге, келіп түскен ақпаратты баяндау білігін дамытуға бағытталған. Оқылымда мазмұнды жоспар (мәтін не туралы) және процессуалды жоспарға (мәтінді қалай оқу және дыбыстау) бөлінеді. Оқи білу – бұл ең алдымен, , оқу техникасын меңгеру, яғни тілдік бірлік көру үлгілерін бірден тану және іштен және сырттан дауыстап оқу;

"Жазылым" бөлімі ақпаратты жазбаша түрде беруге бағытталған;

"Тілдік нормалар" бөлімі өзіндік жұмыс бағыты ретінде бөлінбеген грамматиканы зерделеуге бағытталған. Ол оқу процесін жағдаяттық-тақырыптық ұйымдастыру арқылы, яғни тілдегі тәжірибе арқылы жүргізіледі. Білім алушыларға сабақта белгілі бір ойды немесе идеяны білдіру міндеті қойылады, ал грамматика оны іске асыру құралы болады. Осы тәсіл негізінде тіл туралы үш біртұтас мән: тіл-сөз- қарым-қатынас ретінде түсіну жатыр.

50. Тілдік әрекет түрлері мен дағдылары:

1-кесте

	Бөлімдер	
--	----------	--

№	(тілдік әрекет түрлері)	Бөлімшелер (дағдылар)
1	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану
		1.2 Сөз және сөз тіркесінің лексикалық мәнін түсіну
		1.3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.4 Басты және екінші кезектегі ақпаратты анықтау
		1.5 аудиовизуалды материалды түсіну
2	Айтылым	2.1 Сөздік қорын молайту
		2.2 Берілген тақырыпқа пікірін білдіруді құру
		2.3 Қарым-қатынастың түрлі жағдайларына қатысу және тілдік норманы (диалог) сақтау
		2.4 Тыңдаған/оқыған материалды мазмұндау
		2.5 Аудиовизуалды материал негізінде сөйлем құру
		2.6 Тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру
3	Оқылым	3.1 Оқылым түрлерін қолдану
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну
		3.3 Мәтіннің жанры мен түрін анықтау
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру
		3.5 Әр түрлі дереккөзден қажетті ақпаратты табу
4	Жазылым	4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материал мазмұнын мазмұндау
		4.3 Пунктуациялық норманы сақтау
		4.4 Каллиграфиялық норманы сақтау
5	Тілдік нормалар	5.1 Грамматикалық норманы сақтау
		5.2 Орфографиялық норманы сақтау

51. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары төрт кодтық белгімен белгіленген. Код бойынша бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан- оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 3.2.1.1 кодтық белгісінде: "3" - сынып; "2.1" - бөлімше; "1" - оқыту мақсатының реттік саны.

52. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тыңдалым":

2-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып А1 деңгейі бастапқы	4-сынып А1 деңгейі орта
1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	3.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау), сөзді түсіну және оны дұрыс қабылдау (ишара мен ымды қолдану, іс-әрекетті орындау)	4.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау) және қарапайым фразаларды қайталай отырып ауызша сөзді, аудиовизуалды материалды түсіну
1.2 Сөз және сөз тіркесінің лексикалық мәнін түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірге қатысты таныс сөздердің мәнін түсіну	4.1.2.1 қарапайым фразадағы сөздің лексикалық мәнін түсіну
1.3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	3.1.3.1 сұрақтарға жауап беру және мұғалімнің көмегімен тыңдалған хабарламаға сәйкес иллюстрацияны/суретті/сызбаны таңдау	4.1.3.1 сұрақтарға жауап беру және тыңдалған хабарламаға сәйкес иллюстрацияны / суретті/ сызбаны таңдау
1.4 Басты және екінші кезектегі ақпаратты анықтау	3.1.4.1 тыңдалған мәтінде кім туралы/ не туралы айтылғанын түсіну	4.1.4.1 тыңдалған мәтін мазмұнын түсіну, кейіпкерлерді, оқиғаның бірізділігін анықтау
1.5 аудиовизуалды материалды түсіну	3.1.5.1 шолу, сұрақтар немесе іс-әрекет арқылы көрген/ тыңдалғандарды түсінгенін көрсету	4.1.5.1 Аудиовизуалды материалда болған оқиғаны түсіну, сипаттау

2) "Айтылым":

3-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып А1 деңгейі бастапқы	4-сынып А1 деңгейі орта
2.1 Сөздік қорын молайту	3.2.1.1 танысу, өзі туралы айту және заттарды сипаттау үшін тілдегі сөздерді қолдану	4.2.1.1 бар ақпараттар, бойынша сұраулы сөйлем құрау үшін тілдегі сөз және сөз тіркестерін қолдану, іс әрекетке шолу жасау
2.2 Берілген тақырыпқа пікірін білдіруді құру	3.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлемнен тұратын пікірін білдіру	4.2.2.1 сюжеттік сурет негізінде пікірін білдіру
2.3 Қарым-қатынастың түрлі жағдайларына қатысу және тілдік норманы (диалог) сақтау	3.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, сұхбаттасын түсіну, тыңдалғанға назар аудару және сұхбаттасына жауап беру 3.2.3.2 Сөздегі төл сөз сөйлемдерді түсіну, қолдану	4.2.3.1 белгілі тақырыптардағы тілдік жағдаяттарға қатысу, сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну; тілдік нормаларды сақтау 4.2.3.2 тілдегі төл сөзді сөйлемдерді түсіну және қолдану
		4.2.4.1 таныс сөздерді қолданып, оқиғаның бірізділігін сақтай

2.4 Тыңдаған/оқыған материалды мазмұндау	3.2.4.1 қысқаша мәтінді мазмұндау	отырып оқиғаны/әңгімені мазмұндау
2.5 Аудиовизуалды материал негізінде сөйлем құру	3.2.5.1 көрген/естіген сюжетті өз сөзімен суреттеу	4.2.5.1 видео және аудиоматериалдан алынған фразаларды пайдаланып оқиға желісін суреттеу
2.6 Тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру	3.2.6.1 тыңдалған/оқылған материал туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...")	4.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат/кейіпкер/оқиғалар туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен ойлаймын...", "мен есептеймін...")

3) "Оқылым":

4-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып А1 деңгейі бастапқы	4-сынып А1 деңгейі орта
3.1 Оқылым түрлерін қолдану	3.3.1.1 таныс сөздерді толық сөзбен оқу	4.3.1.1 мәтінді мәнерлеп оқу (дауыстап және іштен)
3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	3.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мәнін түсіну	4.3.2.1 таныс сөздері бар мәтіндегі қарапайым фразалардың мәнін түсіну
3.3 Мәтіннің жанры мен түрін анықтау	3.3.3.1 түрлі жанрдағы мәтіндерді айырып тану (өлең, ертегі, жұмбақ)	4.3.3.1 түрлі мәтін жанрын анықтау (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме)
3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтінге немесе суретке қарапайым сұрақтар қою	4.3.4.1 мәтін мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оларға жауап беру
3.5 Әр түрлі дереккөзден қажетті ақпаратты табу	3.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен суретті мәтіннен ақпаратты табу	4.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөздіктен және анықтамадан ақпаратты табу

4) "Жазылым":

5-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып А1 деңгейі бастапқы	4-сынып А1 деңгейі орта
4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу	3.4.1.1 суретте бейнеленген заттарға сөздер-белгілерін жазу	4.4.1.1 сипаттау сөзін пайдаланып иллюстрация бойынша байланыстырып сөйлем жазу
4.2 Тыңдаған/оқыған материал мазмұнын мазмұндау	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған/оқылған/көргендер негізінде таныс зат атауларын жазу	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған/оқылған/көргендер негізінде сөз тіркесін жазу

4.3 Пунктуациялық норманы сақтау		4.4.3.1 жай сөйлем соңында тыныс белгілерді қолдану (мұғалімнің көмегімен)
4.4 Каллиграфиялық норманы сақтау	3.4.4.1 Бас және кіші әріптерді және олардың қосылыстарын жазу ; санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес анық жазу	4.4.4.1 жіңішке жол дәптерге жазу: бас, кіші әріптердің және олардың қосылыстарының биіктігін, енін және көлбеулігін сақтау

5) "Тілдік нормалар":

6-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып А1 деңгейі бастапқы	4-сынып А1 деңгейі орта
5.1 Грамматикалық норманы сақтау	3.5.1.1 заттың атын білдіретін сөзді қолдану; кім? немесе не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді ажырату	4.5.1.1 ауызша және жазбаша сөйлемде зат- сөз / белгілер- сөз-/іс әрекет- сөзді ажырату және қолдану және мұғалімнің көмегімен оларды түр бойынша өзгерту
	3.5.1.2 бір немесе бірнеше затты білдіретін сөзді қолдану	4.5.1.2 мұғалімнің көмегімен сын есімді зат есіммен жақ, жекеше, көпше түрінде бай үйлестіру
	3.5.1.3 іс әрекетті білдіретін сөзді қолдану	4.5.1.3 мұғалімнің көмегімен етістікті қажетті шақта қолдану (осы, келер, өткен)
	3.5.1.4 заттық шақ бойынша әрекетін білдіретін сөзді заттың атын білдіретін сөзбен үйлестіру	4.5.1.4 қажетті жақ түрінде өткен шақтың жекеше түріндегі етістікті қолдану
	3.5.1.5 мұғалімнің көмегімен заттың белгісін білдіретін сөзді қолдану; заттың түсіне, түріне, көлеміне, материалына қарай белгілерін таңдау сөзді дұрыс жазу	4.5.1.5 заттың белгісін білдіретін сөзді ажырату; заттың түсіне, түріне, көлеміне, материалына қарай белгілерін таңдау
5.2 Орфографиялық норманы сақтау	3.5.2.1 сөзді дұрыс жазу	4.5.2.1 жи, ши; ча, ша; чу, шу тіркесін дұрыс жазу
	3.5.2.2 мұғалімнің көмегімен адам атын, тегін, жануарлардың лақап атын бас әріппен жазу	4.5.2.2 адам атын, тегін, жануарлардың лақап атын бас әріппен жазу
		4.5.2.3 мұғалімнің көмегімен көмекші сөзді сөзден бөлек жазуды үйлестіру

53. Ұзақмерзімді жоспар:

1) 3-сынып:

7-кесте

	Бөлімдер		
--	----------	--	--

Ортақ тақырыптар	(тілдік қызмет түрлері)	Бөлімшелер (Дағды)	Оқыту мақсаттары	
1-тоқсан				
Тірі табиғат Жаксыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	3.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау), сөзді түсіну және оны дұрыс қабылдау (ишара мен ымды қолдану, іс-әрекетті орындау)	
		1.2 Сөз және сөз тіркесінің лексикалық мәнін түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірге қатысты таныс сөздердің мәнін түсіну	
		1.3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	3.1.3.1 сұрақтарға жауап беру және мұғалімнің көмегімен тыңдалған хабарламаға сәйкес иллюстрацияны/суретті/сызбаны таңдау	
	Айтылым	2.1 Сөздік қорын молайту	3.2.1.1 танысу, өзі туралы айту және заттарды сипаттау үшін тілдегі сөздерді қолдану	
		2.2 Берілген тақырыпқа пікірін білдіруді құру	3.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлемнен тұратын пікірін білдіру	
		2.3 Қарым-қатынастың түрлі жағдайларына қатысу және тілдік норманы (диалог) сақтау	3.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, сұхбаттасын түсіну, тыңдалғанға назар аудару және сұхбаттасына жауап беру 3.2.3.2 Сөздегі төл сөз сөйлемдерді түсіну, қолдану	
	Оқылым	2.6 Тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру	3.2.6.1 тыңдалған/оқылған материал туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...")	
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	3.3.2.1 понимать значение знакомых слов в тексте	
	Жазылым	4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу	3.4.1.1 писать слова-признаки к предмету, изображенному на картинке	

	Тілдік нормалар	5.1 Грамматикалық норманы сақтау	3.5.1.2 бір немесе бірнеше заттарды білдіретін сөзді қолдану
2-тоқсан			
Уақыт Сәулет	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	3.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау), сөзді түсіну және оны дұрыс қабылдау (ишара мен ымды)
		1.4 Басты және екінші ақпаратты түсіну	3.1.4.1 тыңдалған мәгінде кім туралы/ не туралы айтылғанын түсіну
		1.5 Аудиовизуалды материалды түсіну	3.1.5.1 шолу, сұрақтар немесе іс-әрекет арқылы көрген/тыңдалғандарды түсінгенін көрсету
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды молайту	3.2.1.1 танысу, өзі туралы айту және заттарды сипаттау үшін тілдегі сөздерді қолдану
		2.2 Берілген тақырыпқа өз пікірін білдіру	3.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлемнен тұратын пікірін білдіру
		2.5 Аудиовизуалды материал негізінде сөйлем құрау	3.2.5.1 көрген/естіген сюжетті өз сөзімен суреттеу
		2.6 Тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру	3.2.6.1 тыңдалған/оқылған материал туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...")
	Оқылым	3.3 Мәтіннің жанры мен түрін анықтау	3.3.3.1 түрлі жанрдағы мәтіндерді айырып тану (өлең, ертегі, жұмбақ)
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтінге немесе суретке қарапайым сұрақтар қою
	Жазылым	4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу	3.4.1.1 суретте бейнеленген заттарға сөздер-белгілерін жазу
		4.4 Каллиграфиялық норманы сақтау	3.4.4.1 Бас және кіші әріптерді және олардың қосылыстарын жазу; санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес анық жазу

	Тілдік норманы қолдану	5.1 Грамматикалық норманы сақтау	3.5.1.1 заттың атын білдіретін сөзді қолдану; кім? немесе не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді ажырату
		5.2 орфографиялық нормаларды сақтау	3.5.1.2 бір немесе бірнеше затты білдіретін сөзді қолдану 3.5.2.2 мұғалімнің көмегімен адам атын, тегін, жануарлардың лақап атын бас әріппен жазу
3-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	3.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау), сөзді түсіну және оны дұрыс қабылдау (ишара мен ымды қолдану, іс-әрекетті орындау)
		1.5 Аудиовизуалды материалды түсіну	3.1.5.1 шолу, сұрақтар немесе іс-әрекет арқылы көрген/тыңдалғандарды түсінгенін көрсету
		2.2 Берілген тақырыпқа пікірін білдіруді құру	3.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлемнен тұратын пікірін білдіру
		2.3 Қарым-қатынастың түрлі жағдайларына қатысу және тілдік норманы (диалог) сақтау	3.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, сұхбаттасын түсіну, тыңдалғанға назар аудару және сұхбаттасына жауап беру 3.2.3.2 Сөздегі төл сөз сөйлемдерді түсіну, қолдану
		2.4 тыңдаған/оқыған материалды мазмұндау	3.2.4.1 қысқаша мәтінді мазмұндау
		2.5 Аудиовизуалды материал негізінде сөйлем құру	3.2.5.1 көрген/естіген сюжетті өз сөзімен суреттеу
		2.6 Тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру	3.2.6.1 тыңдалған/оқылған материал туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...")

Өнер Атақты тұлғалар	Оқылым	3.1 Оқылым түрлерін қолдану	3.3.3.1 түрлі жанрадағы мәтіндерді айырып тану (өлең, ертегі, жұмбақ)
		3.3 Мәтіннің жанры мен түрін анықтау	3.3.3.1 түрлі жанрадағы мәтіндерді айырып тану (өлең, ертегі, жұмбақ)
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтінге немесе суретке қарапайым сұрақтар қою
		3.5 Әр түрлі дереккөзден қажетті ақпаратты табу	3.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен суретті мәтіннен ақпаратты табу
	Жазылым	4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу	3.4.1.1 суретте бейнеленген заттарға сөздер-белгілерін жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материал мазмұнын мазмұндау	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған/оқылған/көргендер негізінде таныс зат атауларын жазу
		4.4 Каллиграфиялық норманы сақтау	3.4.4.1 Бас және кіші әріптерді және олардың қосылыстарын жазу; санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес анық жазу
	Тілдік норманы қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	3.5.1.1 заттың атын білдіретін сөзді қолдану; кім? немесе не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді ажырату
			3.5.1.3 заттың іс әрекетін білдіретін сөзді қолдану
		5.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	3.5.1.4 заттық шақ бойынша әрекетін білдіретін сөзді заттың атын білдіретін сөзбен үйлестіру
			3.5.1.5 мұғалімнің көмегімен заттың белгісін білдіретін сөзді қолдану; заттың түсіне, түріне, көлеміне, материалына қарай белгілерін таңдау сөзді дұрыс жазу
	3.5.2.1 сөзді дұрыс жазу		
4-тоқсан			

Су – тіршілік көзі
Демалыс мәдениеті.
Мерекелер

Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	3.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау), сөзді түсіну және оны дұрыс қабылдау (ишара мен ымды қолдану, іс-әрекетті орындау)
	1.2 Сөз және сөз тіркесінің лексикалық мәнін түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірге қатысты таныс сөздердің мәнін түсіну
	1.3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	3.1.3.1 сұрақтарға жауап беру және мұғалімнің көмегімен тыңдалған хабарламаға сәйкес иллюстрацияны/суретті/сызбаны таңдау
	1.4 Басты және екінші ақпаратты түсіну	3.1.4.1 тыңдалған мәтінде кім туралы/ не туралы айтылғанын түсіну
Айтылым	2.2 Берілген тақырыпқа пікірін білдіруді құру	3.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлемнен тұратын пікірін білдіру
	2.4 тыңдаған/оқыған материалды мазмұндау	3.2.4.1 қысқаша мәтінді мазмұндау
Оқылым	3.1 Оқылым түрлерін қолдану	3.3.1.1 таныс сөздерді толық сөзбен оқу
	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	3.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мәнін түсіну
	3.3 Мәтіннің жанры мен түрін анықтау	3.3.3.1 түрлі жанрдағы мәтіндерді айырып тану (өлең, ертегі, жұмбақ)
	3.5 Әр түрлі дереккөзден қажетті ақпаратты табу	3.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен суретті мәтіннен ақпаратты табу
Жазылым	4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу	3.4.1.1 суретте бейнеленген заттарға сөздер-белгілерін жазу
	4.2 Тыңдаған/оқыған материал мазмұнын мазмұндау	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған/оқылған/көргендер негізінде таныс зат атауларын жазу
		3.5.1.3 іс әрекетті білдіретін сөзді қолдану
		3.5.1.4 заттық шақ бойынша әрекетін білдіретін сөзді заттың атын білдіретін сөзбен үйлестіру

Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	3.5.1.5 мұғалімнің көмегімен заттың белгісін білдіретін сөзді қолдану; заттың түсіне, түріне, көлеміне, материалына қарай белгілерін таңдау сөзді дұрыс жазу
	5.2 Офографиялық нормаларды сақтау	3.5.2.1 сөзді дұрыс жазу 3.5.2.2 мұғалімнің көмегімен адам атын, тегін, жануарлардың лақап атын бас әріппен жазу

2) 4 -сынып:
8-кесте

Ортак тақырыптар	Бөлімдер (тілдік қызмет түрлері)	Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	4.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау) және қарапайым фразаларды қайталай отырып ауызша сөзді, аудиовизуалды материалды түсіну
		1.2 Сөз және сөз тіркесінің лексикалық мәнін түсіну	4.1.2.1 қарапайым фразадағы сөздің лексикалық мәнін түсіну
		1.3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	4.1.3.1 сұрақтарға жауап беру және тыңдалған хабарламаға сәйкес иллюстрацияны / суретті/ сызбаны таңдау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды молайту	4.2.1.1 бар ақпараттар, бойынша сұраулы сөйлем құрау үшін тілдегі сөз және сөз тіркестерін қолдану, іс әрекетке шолу жасау
		2.2 Берілген тақырыпқа өз пікірін білдіру	4.2.2.1 сюжеттік сурет негізінде пікірін білдіру
		2.3 Қарым-қатынастың түрлі жағдайларына қатысу және тілдік норманы (диалог) сақтау	4.2.3.1 белгілі тақырыптардағы тілдік жағдаяттарға қатысу, сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну; тілдік нормаларды сақтау

Менің Отаным – Қазақстан Адами құндылықтар	Оқылым	3.1 Оқылым түрлерін қолдану	4.2.3.2 тілдегі төл сөзді сөйлемдерді түсіну және қолдану	
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	4.3.1.1 мәтінді мәнерлеп оқу (дауыстап және іштен)	
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	4.3.2.1 таныс сөздері бар мәтіндегі қарапайым фразалардың мәнін түсіну	
	Жазылым	4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу	4.3.4.1 мәтін мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оларға жауап беру	
		4.3 Пунктуациялық норманы сақтау	4.4.1.1 сипаттау сөзін пайдаланып иллюстрация бойынша байланыстырып сөйлем жазу	
		4.4 каллиграфиялық норманы сақтау	4.4.3.1 жай сөйлем соңында тыныс белгілерді қолдану (мұғалімнің көмегімен)	
	Тілдік норманы қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	4.4.4.1 жіңішке жол дәптерге жазу: бас, кіші әріптердің және олардың қосылыстарының биіктігін, енін және көлбеулігін сақтау	
	2-тоқсан			
	Айтылым	1.5 Аудиовизуалды материалды түсіну	4.1.5.1 Аудиовизуалды материалда болған оқиғаны түсіну, сипаттау	
		2.1 Сөздік қорын толықтыру	4.2.1.1 бар ақпараттар, бойынша сұраулы сөйлем құрау үшін тілдегі сөз және сөз тіркестерін қолдану, іс әрекетке шолу жасау	
2.2 Берілген тақырып бойынша пікірін білдіру		4.2.2.1 сюжеттік сурет негізінде пікірін білдіру		
		4.2.5.1 видео және аудиоматериалдан		

Мәдени мұра Мамандықтар әлемі		2.5 Аудиовизуалды материал негізінде сөйлем құру	алынған фразаларды пайдаланып оқиға желісін суреттеу
		2.6 тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру	4.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат/кейіпкер/оқиғалар туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен ойлаймын...", "мен есептеймін...")
	Оқылым	3.3 Мәтіннің жанры мен түрін анықтау	4.3.3.1 түрлі мәтін жанрын анықтау (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме)
		3.5 Әр түрлі дереккөзден қажетті ақпаратты табу	4.2.3.2 тілдегі төл сөзді сөйлемдерді түсіну және қолдану
	Жазылым	4.2 Тыңдаған/оқыған материал мазмұнын мазмұндау	4.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөздіктен және анықтамадан ақпаратты табу
		4.3 Пунктуациялық норманы сақтау	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған/оқылған/көргендер негізінде сөз тіркесін жазу
	Тілдік нормалар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	4.4.3.1 жай сөйлем соңында тыныс белгілерді қолдану (мұғалімнің көмегімен)
		5.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	4.5.1.1 ауызша және жазбаша сөйлемде зат-сөз / белгілер- сөз-/іс әрекет- сөзді ажырату және қолдану және мұғалімнің көмегімен оларды түр бойынша өзгерту 4.5.1.5 заттың белгісін білдіретін сөзді ажырату; заттың түсіне, түріне, көлеміне, материалына қарай белгілерін таңдау
	3-тоқсан		4.5.2.2 адам атын, тегін, жануарлардың лақап атын бас әріппен жазу
		1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	4.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау) және қарапайым фразаларды қайталай отырып ауызша

Табиғи құбылыстар Қоршаған ортаны қорғау	Тыңдалым		сөзді, аудиовизуалды материалды түсіну
		1.4 Басты және екінші ақпаратты түсіну	4.1.4.1 тыңдалған мәтін мазмұнын түсіну, кейіпкерлерді, оқиғаның бірізділігін анықтау
		1.5 Аудиовизуалды материалды түсіну	4.1.5.1 Аудиовизуалды материалда болған оқиғаны түсіну, сипаттау
	Айтылым	2.3 Қарым-қатынастың түрлі жағдайларына қатысу және тілдік норманы (диалог) сақтау	4.2.3.1 белгілі тақырыптардағы тілдік жағдаяттарға қатысу, сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну; тілдік нормаларды сақтау
		2.4 тыңдаған/оқыған материалды мазмұндау	4.2.4.1 таныс сөздерді қолданып, оқиғаның бірізділігін сақтай отырып оқиғаны/әңгімені мазмұндау
		2.5 Аудиовизуалды материал негізінде сөйлем құру	4.2.5.1 видео және аудиоматериалдан алынған фразаларды пайдаланып оқиға желісін суреттеу
		2.6 Тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру	4.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат/кейіпкер/оқиғалар туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен ойлаймын...", "мен есептеймін...")
	Оқылым	3.1 Оқылым түрлерін қолдану	4.3.1.1 мәтінді мәнерлеп оқу (дауыстап және іштен)
		3.3 мәтіннің жанры мен түрін анықтау	4.3.3.1 түрлі мәтін жанрын анықтау (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме)
		3.5 Әр түрлі дереккөзден қажетті ақпаратты табу	4.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөздіктен және анықтамадан ақпаратты табу
	Жазылым	4.2 Тыңдаған/оқыған материал мазмұнын мазмұндау	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған/оқылған/көргендер негізінде сөз тіркесін жазу
		4.4 каллиграфиялық норманы сақтау	4.4.4.1 жіңішке жол дәптерге жазу: бас, кіші әріптердің және олардың қосылыстарының

			биіктігін, енін және көлбеулігін сақтау
Тілдік нормалар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	4.5.1.2 мұғалімнің көмегімен сын есімді зат есіммен жақ, жекеше, көпше түрінде бай үйлестіру; 4.5.1.3 мұғалімнің көмегімен етістікті қажетті шақта (осы, келер, өткен) қолдану; 4.5.1.4 қажетті жақ түрінде өткен шақтың жекеше түріндегі етістікті қолдану 4.5.1.5 заттың белгісін білдіретін сөзді ажырату; заттың түсіне, түріне, көлеміне, материалына қарай белгілерін таңдау	
	5.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	4.5.2.1 жи, ши; ча, ща; чу, шу тіркесін дұрыс жазу. 4.5.2.2 адам атын, тегін, жануарлардың лақап атын бас әріппен жазу 4.5.2.3 мұғалімнің көмегімен көмекші сөзді сөзден бөлек жазуды үйлестіру	
4-тоқсан			
Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	4.1.1.1 зер салып тыңдау (көру-есту және есту арқылы қабылдау) және қарапайым фразаларды қайталай отырып ауызша сөзді, аудиовизуалды материалды түсіну	
	1.2 Сөз және сөз тіркесінің лексикалық мәнін түсіну	4.1.2.1 қарапайым фразадағы сөздің лексикалық мәнін түсіну	
	1.3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	4.1.3.1 сұрақтарға жауап беру және тыңдалған хабарламаға сәйкес иллюстрацияны / суретті/ сызбаны таңдау	
	1.4 Басты және екінші кезектегі ақпаратты анықтау	4.1.4.1 тыңдалған мәтін мазмұнын түсіну, кейіпкерлерді, оқиғаның бірізділігін анықтау	
			4.2.4.1 таныс сөздерді қолданып, оқиғаның

Ғарышқа саяхат Болашаққа саяхат	Айтылым	2.4 тыңдаған/оқыған материалды мазмұндау	бірізділігін сақтай отырып оқиганы/әңгімені мазмұндау
		2.6 Тыңдаған/оқыған материал туралы бағалаулық пікірін білдіру	4.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат/кейіпкер/оқиғалар туралы қарапайым пайымды пікірін білдіру ("мен ойлаймын...", "мен есептеймін...")
	Оқылым	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	4.3.2.1 таныс сөздері бар мәтіндегі қарапайым фразалардың мәнін түсіну
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	4.3.4.1 мәтін мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оларға жауап беру
		3.5 Әр түрлі дереккөзден қажетті ақпаратты табу	4.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөздіктен және анықтамадан ақпаратты табу
	Жазылым	4.1 Әр түрлі ұғым түрлерін қолданып мәтін жазу	4.4.1.1 сипаттау сөзін пайдаланып иллюстрация бойынша байланыстырып сөйлем жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материал мазмұнын мазмұндау	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған/оқылған/көргендер негізінде сөз тіркесін жазу
	Тілдік нормалар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	4.5.1.2 мұғалімнің көмегімен сын есімді зат есіммен жақ, жекеше, көпше түрінде бай үйлестіру; 4.5.1.3 мұғалімнің көмегімен етістікті қажетті шақта (осы, келер, өткен) қолдану; 4.5.1.4 қажетті жақ түрінде өткен шақтың жекеше түріндегі етістікті қолдану
		5.2 Орфографиялық нормаларды сақтау	4.5.2.1 жи, ши; ча, ша; чу, шу тіркесін дұрыс жазу; 4.5.2.3 мұғалімнің көмегімен көмекші сөзді сөзден бөлек жазуды үйлестіру

54. Ескерту:

1) оқыту мақсаттары бір тоқсан ішінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша біріктірілген.

Приложение 246
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 246 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Казахский язык" для слабослышащих, позднооглохших обучающихся 3-4 классов уровня начального образования (с неказахским языком обучения) по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігінің дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсілдер пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге, өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де

меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістері қолданылады. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады.

8. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсіл әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы білім алушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

11. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасалады.

12. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

13. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

14. Оқу бағдарламасы білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

15. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылығы оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

16. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

17. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

18. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Қазақ тілі" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

19. "Қазақ тілі" пәні "Тіл және әдебиет" білім саласына кіріктірілген пән болып табылады. Қазақ тілі оқу пәні ретінде ана тілімен қатар, нашар еститін білім алушылардың ойлауын дамытып, тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді.

20. Қазақ тіліне оқытудың мақсаты: қазақ тілін қарым қатынас құралы ретінде қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру және дамыту, қазақ тілін практикалық бағытта меңгеру, қарым-қатынас, эстетикалық және адамгершілік мәдениетіне қазақ тілін оқыту арқылы тәрбиелеу.

21. "Қазақ тілі" пәнінің білімдік, тәрбиелік мақсаттары келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады:

1) "Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және естіп қабылдауын дамыту" пәнімен: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқызы, айтылуы ұқсас дыбыстарды буында, сөздерде, сөз тіркестерінде ажыратуға үйретеді;

2) "Музыка" пәнімен: қазақ тілінде берілген әндерді тыңдау, оны өздері айтып үйрену арқылы білім алушылар адамның көңіл күйін, сезімін түсінеді, эстетикалық талғамы дамиды;

3) "Бейнелеу өнері" пәнімен: қазақ тілінде берілген суреттер арқылы білім алушылар өнердің адам табиғатымен, өмірімен үндестігін түсінеді, әдемілікті, сұлулықты көріп сезінеді, иллюстрацияларды ауызша/жазбаша суреттеу арқылы ойлау-қабылдау қабілеті мен тілдерін дамытады;

4) "Еңбекке баулу" пәнімен: қазақ тілінде берілген тәрбиелік мәтіндердің мазмұны арқылы білім алушылар оқудың, білім алудың, тіл үйренудің маңызын игереді, еңбектің адам өміріндегі орнын түсінеді;

5) "Математика" пәнімен: қазақ тілінде ұсынылған мәтіндер негізінде білім алушылар сандар мен фигуралардың атауын қазақ тілінде үйрену барысында математикадан алған білімдерін еске түсіреді, толықтырады, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады;

6) "Дүниетану" пәнімен: қазақ тілінде ұсынылған мәтіндер арқылы білім алушылар өз айналасын таза ұстауға, қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға үйренеді;

7) нашар еститін білім алушыларды тілге оқыту барысында сөйлеу іс әрекетінің бірнеше түрін қалыптастыру: сөйлеу, оқу, жазу, дактильдеу, есту-көру арқылы қабылдау, көру арқылы қабылдау, есту арқылы қабылдау.

22. Нашар еститін білім алушыларды тілге оқытудың негізгі талаптары орындалады :

1) тілге қарым қатынас құралы ретінде үйрету, диалогта қолдану;

2) нашар еститін білім алушылардың сөйлеуге деген қажеттілігін дамыту;

3) сөйлеу ортасын ұйымдастыру;

4) тәжірибелік іс әрекетке сүйеніп тілдік қабілеттерін дамыту;

5) сөздік материалды қосарланып айту, жеке айту және өз бетімен айту арқылы ендіру.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

13. Нашар еститін білім алушыларды оқыту келесі дидактикалық қағидаларға негізделеді:

1) білім беруді гуманизациялау қағидасы, бұл жеке тұлғаға бағытталған білім беру концепциясына ауысуды білдіреді;

2) білім берудің нашар еститін білім алушының даму деңгейі мен ерекшелігіне бейімделу қағидасы. Бұған сәйкес мектеп білім берудің түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады; есту қабілеті бұзылған білім алушылардың түрлі категориялары үшін, сонымен бірге психикалық дамуы тежелген, көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін әртүрлі құралдар мен әдістерді қолданады;

3) оқытудың дифференциалдығы мен жеке даралығы қағидасы нашар еститін білім алушы мен ата-анасына оқытудың қолайлы жолын таңдауға мүмкіндік береді;

4) оқытудың көрнекілік және сөздік құрал қағидасы сезімдік бейнелерін жинақтау, жүйелеу және қорытындылау мақсатында бақылауды ұйымдастыруға бағытталған. Бұл жаңа түсініктердің, түйіндердің, оқу-тәрбие үдерісінің ережелерін қалыптастыру негізі ретінде нашар еститіндерді оқытудың бастапқы кезеңінде дұрыс болады;

5) ғылым негіздері мен ана тілін меңгерудің бірлігі қағидасы нашар еститін білім алушының тұлғалық даму барысымен түсіндіріледі. Оның белгіленген білім көлемін меңгеруі тілдік даму деңгейімен, сөздік түрдегі ақпаратты қабылдау мүмкіндігімен, сөйлеу тілін адекватты қолдана білуімен анықталады. Бұл өз кезегінде сөздік-логикалық ойлаудың қалыптасу деңгейіне тәуелді болады;

6) есту арқылы қабылдауды дамыту мен сөйлеу тілінің айтылу жағын дамытудың бірлігін интенсификациялау қағидасы. Бұл қағида нашар еститін білім алушының қаратып айтылған сөйлеу тілін еркін түсіну мен айналасындағылар үшін түсінікті, айқын сөйлеу қабілетін дамытуды міндеттейді;

7) сөйлеу қарым-қатынасын белсендірту қағидасы нашар еститін білім алушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырудағы психологиялық және педагогикалық тәсілдемені жүзеге асыру қажеттілігінен туындады. Бұл қағидаға сәйкес ауызша сөйлеу негізінде қарым-қатынас қажеттілігін туындататын жағдаяттарды моделдеу қарастырылған. Білім алушыларды қатынастың түрлі тәсілдерін

қалыптастыруға арнайы оқыту бүкіл оқу-тәрбие жұмысындағы әлеуметтік қылық формаларын ескере отырып, жүзеге асады;

8) іс-әрекеттік тәсілдеме қағидасы нашар еститін білім алушыларды оқытудың заманауи жүйесінің негізгі бағыттылығын көрсетеді. Бұл жерде іс-әрекет білім, біліктілік және дағдыны қалыптастыру процесі ретінде, сонымен бірге нашар еститін білім алушының тұлғасын қалыптастырудың түзету-дамытушылық бағытын қамтамасыз ететін жағдай ретінде қарастырылады.

14. Бастауыш сыныптағы "Математика" пәні бойынша оқу бағдарламасы нашар еститін білім алушыларға келесілерді үйретуге бағытталған:

1) даму деңгейі мен сол жастағы қызығушылығына сәйкес практикалық есептерді шешу үшін бастапқы математикалық білімді қолдану;

2) сөздік-логикалық негіздерін, математикалық сөйлеу тілін (нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушылардың сөйлеу тілінің даму деңгейін ескере отырып) меңгеру;

3) курс мазмұнын меңгеруге қажетті қарапайым логикалық операцияларды, кеңістік түсініктерін, қажетті есептеу дағдыларын, білім алушыларды өз жұмысын талдауға және түзетуге ынталандыру, математикалық терминологияны (түсіну, есту-көру арқылы қабылдау, айту мүмкіндіктеріне қарай жаңғырту, өздігінен қолдану) білу;

4) санмен және сандық өрнекпен арифметикалық амалдарды ауызша, жазбаша орындау, мәселе есептерді шығару, алгоритмге сәйкес әрекет ете білу және қарапайым алгоритмді құра білу, геометриялық фигураларды зерттеу, тану, бейнелеу, кестелермен, сызбалармен және диаграммалармен, тізбектермен, жиынтықтармен жұмыс істеу, түсініктің болуы, талдау;

5) компьютер сауатылық негіздерін білу.

15. Математиканы оқыту процесінде келесі стратегиялар қолданылады:

1) білім алушылардың шығармашылық, ойын және жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру;

2) түсіндіру, идеяларды таныстыру, диалогтарға қатысу, мәтінмен жұмыс, алгоритмдер, нұсқаулықтар құру, математикалық тапсырмаларды орындау әдістерін сипаттау және түсіндіру барысында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;

3) мұқият таңдап алынған тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

4) білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру: жеке және топтық жұмыс;

5) бірін-бірі оқыту;

6) түрлі дерек көздерінен ақпарат іздеуді талап ететін есептерді шығаруға көмектесу, ақпараттық коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі – АКТ) мүмкіндіктерін пайдалану;

7) математиканың практикада қолданылуын пайдалана отырып білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру;

8) білім алушыларды өз жұмысын талдауға және түзетуге ынталандыру (рефлексия)

16. Математикада сандық технологияларды қолдану құзыреттілігі бастапқы АКТ-дағдыларына негізделеді және технологияларды жұмыс, демалыс, коммуникация үшін дұрыс әрі шығармашылықпен пайдалануды да қамтиды:

1) білім алушыларды негізгі ақпарат технологияларын қолдануға үйрету;

2) ақпаратты іздеу және іріктеу мақсатымен өзіндік жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

3) түрлі бөлімдерді өту барысында презентацияны жасау үшін сәйкес бағдарламалық қамтамасыздандыруларды пайдалану, математикалық тапсырмаларды орындау үдерісі туралы фото/видео жасау (создание геометриялық фигураларды құрастыру);

4) жоспар мен графиктерді өздігінен құру.

17. "Математика" сабағында сөйлеу тілін практикалық тұрғыда меңгеру – арнайы міндеті нашар еститін білім алушылардың тілді меңгерудің ерекше жағдайымен түсіндіріледі, бұл бағдарлама пәннің мазмұндық ерекшелігін анықтайды.

18. Ол үшін математикаға оқыту кезінде білім алушыларда тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытатуға үлес қосатын қарым-қатынас пен жұмыс түрлерінің ынталандыру және қолдау ортасы құрылады:

1) түсіндіру;

2) идеялар мен жобаларды презентациялау;

3) талқылау;

4) сұрақтарды құрастыру және оған жауап іздеу;

5) диалогқа қатысу;

6) мәтіндегі негізгі сөзді айқындау;

7) ғылыми мәтінмен жұмыс істеу және семантикалық құрылымдаушысын табу;

8) тапсырмаларды орындау үшін алгоритм мен нұсқаулықтарды құрастыру;

9) математикалық тапсырмаларды орындау тәсілін ауызша және жазбаша сипаттау және түсіндіру;

10) тапсырманы орындау процесін талдау (ауызша және жазбаша).

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

19. "Математика" пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

20. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

21. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

22. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

23. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, білім алушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

5-тарау. "Математика" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

24. "Математика" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

25. Сынып кабинетіндегі жиһаздардың орналасуы үлгілеу және практикалық жұмыстарды жүргізу бөліктерін, білім алушылардың жұмыстарын таныстыра алатын орынды, бумаларды, кітап сөрелерін орналастыратын орындар қарастырылады. Сыныптағы жиһаз жеке, жұп немесе топ ішіндегі жұмыстарды, семинарларды ұйымдастыруға мүмкіндік беру үшін қозғалмалы болғаны дұрыс.

26. 4-сыныпта күрделі есептеу операцияларын орындау үшін қажетті жағдайда калькуляторлар беріледі.

27. Нашар еститіндердің мектебінде білім беру кеңістігін ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

1) қабырғадағы баспа кесте немесе электронды тасымалдау түріндегі мәтінді ақпараттың болуы. Бұнда қауіпті жағдай туралы, күн тәртібіндегі өзгерістер туралы ескерту және құралдардың, кабинеттердің, оқу сыныптарының атауы жазылады;

2) оқу сабақтарының кестесі туралы дыбыстық анықтамалық ақпараттың визуалді түрде қайталануы (субтитрдің көрсетуімен мониторларды орналастыру (мониторлар, олардың мөлшері мен саны мектептің ішін ескере отырып таңдалады);

3) ақпаратты қайта жаңғыртудың дыбыстық құралдарымен қамтамасыз ету.

28. Оқу аудиториялары білім алушылардың есту қабілетін дамытатын заманауи аудиологиялық және сурдопедагогикалық талаптарға сәйкес дыбыс күшейткіш аппаратурасымен жабдықталады: ұжымдық қолдануға арналған қосымша вибротактильді құрылғысы бар дыбыскүшейткіш аппараты.

29. Сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта нашар еститін білім алушы медициналық ұсыныстарды ескере отырып, есту аппаратын немесе кохлеарлы имплантты қолданады. Оқу сыныбында FM-жүйесін, зарядтау құралдарын, батареяларды сақтау үшін арнайы орын қарастырылады.

30. "Математика" оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдерінен тұрады. Бұл бөлімдер сыныптарға арналған оқу мақсаттары бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға арналған бөлімшелерден тұрады.

31. Бөлімшелердің ішіндегі оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар білім алушыларды келесі оқыту мақсаттарымен таныстыруға мүмкіндік береді:

1-кесте

№	Бөлім	Бөлімше
1	Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны.
		1.2 Сандармен амалдар орындау
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер
2	Алгебра элементтері	2.1 Санды және әріпті өрнектер
		2.2 Теңдік және теңсіздік.
3	Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты
4	Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар
		4.2 Пікірлер
		4.3 Тізбектер
		4.4 Нысандардың комбинациялары
5	Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель
		5.2 Математикалық тіл

32. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін, төрт саннан тұратын кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыт мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында "1" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

33. "Математика" пәнінің оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер оқу пәнінің мазмұнын анықтауға негіз болатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде берілген. Оқу бағдарламасының мазмұндық аспектісінде нашар еститін білім алушыларды оқытудың субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынастың субъектісі ретінде тәрбиелеуге қосатын үлесі көрсетілген.

34. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Сандар және өлшемдер":

2-кесте

Бөлімше	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	Білім алушылар:				
1.1 Натурал сандар және 0 саны	0.1.1.1 натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсіну	1.1.1.1 натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсіну	2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну	3.1.1.1 1000-ға дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну	4.1.1.1 көп таңбалы сандардың құрылу жолын түсіну
	0.1.1.2 10 көлемінде тура және кері санау	1.1.1.2 10/11-20 көлемінде тура және кері санау	2.1.1.2 100 көлемінде тура және кері санау	3.1.1.2 1000 көлемінде тура және кері санау	4.1.1.2 натурал сандар қатарындағы 10000 көлеміндегі санның орнын анықтау
	0.1.1.3 5-ке дейінгі сандарды натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	1.1.1.3 10/11-20 көлемінде натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	2.1.1.3 100 көлемінде натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	3.1.1.3 1000 көлемінде натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	4.1.1.3 көп таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын анықтау
	0.1.1.4 10 көлеміндегі бір таңбалы сандарды және 10 сандарды оқу, жазу және салыстыру	1.1.1.4 10/11-20 ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру	2.1.1.4 100-ге дейінгі екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру	3.1.1.4 1000 көлеміндегі үш таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру	4.1.1.4 10000 көлеміндегі көп таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру
	0.1.1.5 10-ға дейінгі сандардың құрамын анықтау	1.1.1.5 бір таңбалы сандардың құрамын анықтау / 20-ға дейінгі сандардың құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу	2.1.1.5 екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, 100 көлемінде разрядтық қосылғыштарға жіктеу	3.1.1.5 1000 көлемінде үш таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштар қосындысына жіктеу	4.1.1.5 1000 көлемінде 3 көп таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштар қосындысына жіктеу
	0.1.1.6 10-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау	1.1.1.6 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау;	2.1.1.6 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санау;	3.1.1.6 жұп/тақ сандарды ажырату; заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсету	4.1.1.6 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру
			2.1.2.1 көбейтуді бірдей		

1.2 Сандармен амалдар орындау	1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды - жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну	қосылғыштардың қосындысын табу, бөлуді - нысандардың мазмұнына қарай және тең бөліктерге бөлу ретінде түсіну		
	1.1.2.2 қосу және азайту - өзара кері амалдар екенін түсіну, қосу және азайту амалдары компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау	2.1.2.2 көбейту және бөлу - өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтау	3.1.2.2 көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану; санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу	4.1.2.2 көп таңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану
	1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін; 0 мен 1 сандарының қасиетін қолдану	2.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін/ көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	3.1.2.3 көбейтудің ауыстырымдылық, үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	4.1.2.3 көп таңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану
	1.1.2.4 бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу кестесін құру, білу және қолдану	2.1.2.4 бір таңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану/ 2; 3; 4; 5 сандарына көбейту кестесін құру, білу және қолдану	3.1.2.4 6; 7; 8; 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану	4.1.2.4 2-ге, 5-ке, 10 - ға бөлінгіштік белгілерге сүйеніп, натурал сандарды топтастыру
	1.1.2.5 ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды/ 20 көлеміндегі сандарды/ ондықтарды ауызша қосу	2.1.2.5 100 көлемінде бір таңбалы сандарды ондықтан аттап/ жүздіктерді	3.1.2.5 үш таңбалы сандарды/ мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу	4.1.2.5 көп таңбалы сандарды ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; микрокалькулятордың

	және азайтуды орындау	ауызша қосу және азайтуды орындау	және азайтуды орындау	көмегімен есептеулер жүргізу
		2.1.2.6 екі таңбалы сандарды: $40+17$, $57-40$; 35 ± 12 түріндегі өрнектерді ондықтан аттамау жағдайында ауызша қосу және азайтуды орындау	3.1.2.6 бір таңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау	4.1.2.6 10, 100, 1000 сандарына қалдықсыз және қалдықпен бөлу
		2.1.2.7 мынадай жағдайларда: 45 ± 9 , 45 ± 19 ; $26+14$, $40-14$, $65+35$, $100-35$ ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау	3.1.2.7 кестеден тыс мынадай жағдайларда: $17 \cdot 5$ $96:6$ $75:15$ $84:4$ ауызша көбейту мен бөлуді орындау	4.1.2.7 екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға ауызша көбейту мен бөлуді орындау
		2.1.2.8 мынадай жағдайларда: $34+23$, $57-23$; $27+34$, $61-27$, $47+33$; $80-47$ екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану	3.1.2.8 8 үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану	4.1.2.8 көп таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
			3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлуді, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану	4.1.2.9 санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолдану
			3.1.2.10 мынадай жағдайларда: 23×2 ; 123×2 ; $46:2$, $246:2$ екі	4.1.2.10 көп таңбалы

			таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлуді алгоритмдерін қолдану	сандарды бір таңбалы/екі таңбалы /үш таңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау
			3.1.2.11 мынадай жағдайларда: 28×3 ; 269×2 ; $84:3$, $538:2$ екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлуді алгоритмдерін қолдану	4.1.2.11 екі таңбалы/үш таңбалы санға көбейту және бөлуді алгоритмдерін қолдану
			3.1.2.12 мынадай жағдайларда: 28×3 ; 269×2 ; $84:3$, $538:2$ екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлуді алгоритмдерін қолдану	4.1.2.12 нөлмен аяқталатын көп таңбалы сандарды бір таңбалы/екі таңбалы/үш таңбалы санға көбейту және бөлуді алгоритмін қолдану
			3.1.2.13 бөліндінің бір разрядында нөл болатын кезде үш таңбалы санды бір таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану	4.1.2.13 бөліндінің жазылуында нөл болатын кезде көп таңбалы санды бір/екі/үш таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
				4.1.2.14 санның/ шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды/ шаманы табу: 100 көлеміндегі сандар мен жүздіктердің жартысын,

					үштен бір, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу
1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	0.1.3.1 заттарды мөлшері бойынша салыстыру: ұзындық/ масса/ көлем (үшін өлшемдер сыйымдылық) / уақыт	1.1.3.1 ұзындық/ масса/ көлем (сыйымдылық) / у а қ ы т шамаларын ажырату; оларды өлшеу (үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу	2.1.3.1 әртүрлі өл ше у аспаптары шкалаларын (шәкілдерін) бір бірінен ажырату ж ә н е шамалардың сәйкес мәндерін анықтау	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу	4.1.3.1 көлемі болатын нысандар мен кеңістіктік геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, кубиктермен (1 см ³) өлшеу
	0.1.3.2 өлшем бірліктерді қолданып өлшеу	1.1.3.2 өлшем бірліктерді (см, дм/ кг/л/сағ) қолданып өлшеу	2.1.3.2 ұзындық (м)/ масса (ц)/ уақыт (мин) өл ш е м бірліктерін қолданып өлшеу	3.1.3.2 мм, км/ г, т/см ² , дм ² , м ² / сек өлшем бірліктерін қолданып өлшеу	4.1.3.2 см ³ , дм ³ , м ³ , га, ар, мг өл ш е м бірліктерін қолданып өлшеу
		1.1.3.3 шамалар мәндерін (см, дм / кг/ л/ сағ) салыстыру және амалдар орындау	2.1.3.3 шамалар мәндерін (см, дм , м/ кг, ц/ л/ сағ, мин, ай, жыл) салыстыру және амалдар орындау	3.1.3.3 шамалар мәндерін (мм, см , дм, м/ г, кг, ц, т , л/ см ² , дм ² , м ² , га/ сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) салыстыру және амалдар орындау	4.1.3.3 шамалар мәндерін мм, см, дм, м, км/ мг, кг, ц, т/ мл, л, см ³ , дм ³ , м ³ / см ² , дм ² , м ² , ар, га/ с, мин, сағ, тәул, жыл ғасыр өл ш е м бірліктерін салыстыру және амалдар орындау
		1.1.3.4 ұзындық өл ш е м бірліктерін (см, дм) олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	2.1.3.4 ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ уақыт (сағ, мин, ай, жыл) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	3.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/ аудан (см ² , дм ² , м ² / уақыт (с, сек, мин, сағ, тәул. ғасыр) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	4.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (мг, г, кг, ц, т)/ аудан (мм ² , см ² , дм ² , м ² , г, а)/ көлем (мм ³ , см ³ , дм ³ , м ³) / уақыт (с, мин, сағ, тәул.) өл ш е м бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру

	0.1.3.5 уақытты анықтау өлшемдері туралы	1.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат / уақыттың өлшем бірліктерін ажырату: минут, сағат, күн, апта, ай	2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут	3.1.3.5 әртүрлі сағат бойынша уақытты анықтау: сағат, минут, секундты	4.1.3.5 уақыт өлшем бірлігінің үлесін табу (мысалы, $1/60$ сағ = 1 мин; $1/2$ сағ = 30 мин; $1/7$ апта = 1 күн)
	0.1.3.6 1, 2, 5, 10 теңгелік монеталармен түрліше төлем жасау	1.1.3.6 1, 2, 5, 10, 20 теңгелік монеталармен түрліше төлем жасау	2.1.3.6 50 теңгелік, 100 теңгелік монеталарды, 200 теңгелік, 500 теңгелік купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау	3.1.3.6 1000 теңгелік, 2000 теңгелік, 5000 теңгелік купюраларды ажырату және түрліше операция жасау	4.1.3.6 10 000 теңгелік купюраны және түрлі мемлекеттің валюталарды (рубль, евро, доллар) ажырату және түрліше төлем жасау

2) 2-бөлім "Алгебра элементтері":

3-кесте

Бөлімше	4 сынып
	Білім алушылар:
2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді құрастыру, жазу, оқу және тану (қосынды, айырма)/ теңдік және теңсіздік
	4.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу
	4.2.1.3 қосу мен азайту амалдары арасындағы қатынасты әріпті өрнектер түрінде: $a + b = c$, $c - a = b$, $c - b = a$ көрсету және қолдану
	4.2.1.4 қосу және азайту жағдайында 0 -дің қасиетін әріпті өрнек түрінде: $a + 0 = a$; $a - 0 = a$ көрсету
	4.2.1.5 жақшасыз әріпті, санды өрнектерді салыстыру
	4.2.1.6 екі амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табу
2.2 Теңдік және теңсіздік	4.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді тану; тура және тура емес теңдікті айыра білу
	4.2.2.2 "таңдап алу" әдісімен және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу

3) 3-бөлім "Геометрия элементтері":

4-кесте

Бөлімше	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	Білім алушылар:				

3 . 1
Геометриялық
фигуралар және
олардың
жіктелуі

<p>0.3.1.1 жазық фигураларды ажырату (үшбұрыш, шеңбер, шаршы, төртбұрыш)/кеңістік фигуралары (куб, шар) оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру</p>	<p>1.3.1.1 геометриялық фигураларды: (нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты ажырату және атау</p>	<p>2.3.1.1 бұрыш түрлерін (тік, сүйір, доғал) бір бірінен ажырату және атау/тік төртбұрыш, шаршы, тік бұрышты үшбұрыштың мәнді белгілерін анықтау</p>	<p>3.3.1.1 шеңбер мен дөңгелекті, олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және атау/симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру</p>	<p>4.3.1.1 тік бұрышты, үшбұрышты, оның элементтерін (катет, гипотенуза), текше, тік бұрышты параллелепипед және олардың элементтерін (төбесі, қабырғалары, қырлары) бір бірінен ажырату және атау</p>
	<p>1.3.1.2 жазық фигураларды (ромб, трапеция, доғал) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида,) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру</p>	<p>2.3.1.2 көпбұрыштарды жіктеу</p>	<p>3.3.1.2 геометриялық фигураларды жіктеу</p>	<p>4.3.1.2 үшбұрыштарды жіктеу</p>
	<p>1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру</p>	<p>2.3.1.3 көпбұрыштардың, қоршаған ортадағы заттар қабырғаларының ұзындығын өлшеу, периметрді табуға арналған формулаларды: $P=2(a+b)$, $P= 4a$, $P = a+b+c$ қорытындылау, құру және қолдану</p>	<p>3.3.1.3 тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш және қоршаған ортанысаналарының ауданы формуласын: $S= (a \cdot b):2$, $S=a^2$, $S=a \cdot b$ шығарып алу және қолдану</p>	<p>4.3.1.3 тік бұрышты параллелепипед көлемінің формуласын ($V= a \cdot b \cdot c$) шығарып алу және қолдану</p>
		<p>2.3.1.4 фигураның белгісіз қабырғасын оның периметрі</p>	<p>3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған</p>	<p>4.3.1.4 суретте бейнеленген құрастырылған фигуралардың, қоршаған</p>

			мен белгілі қабырғалары арқылы табу	ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау	ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау
				3.3.1.5 берілген ауданы бойынша тор көзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру	4.3.1.5 берілген ауданы бойынша тор көзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру
3 . 2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	0.3.2.1 жазықтықта / қарапайым жазық геометриялық фигураларды (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу	1.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді; (қиылысатын геометриялық жазық (ромб, трапеция) фигураларды сызу	2.3.2.1 нүктелі қағазда кесінділер, түзулер мен геометриялық фигураларды орны, қозғалыс және бағыты бойынша нұсқаулыққа сәйкес сызу	3.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді; қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аумағын табу	4.3.2.1 нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу
	0.3.2.2 кесінділерді бастыру және сызу	1.3.2.2 берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу	2.3.2.2 тік бұрышты сызу	3.3.2.2 берілген қабырғалары бойынша тіктөртбұрыш пен шаршы, циркульдің көмегімен шеңбер салу	4.3.2.2 градустық өлшемі бойынша бұрыш; екі катеті бойынша тік бұрышты үшбұрыш; радиусы бойынша шеңбер және дөңгелекті; тік бұрышты сызғыштың көмегімен түзуге перпендикуляр түзу салу
	0.3.2.3 заттардың ішінен	1.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерінен	2.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерін	3.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты	4.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың (пирамида,

	қарапайым жазық фигураларды тану	және бөліктерінен композиция құрастыру	бөлу және олардан композиция құрастыру	параллелепiped, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру	цилиндр, конус) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру
	0.3.2.4 геометриялық фигураларды салыстыру;	1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)	2.3.2.4 бастапқы орнын, бағытын, қозғалысын (оңға, солға, тура, толық бұрылу, сағат тілімен және сағат тіліне кері жартыға, төрттен бірге бұрылу), анықтау айқындайтын нұсқаулыққа сәйкес әрекет жасау	3.3.2.4 солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістіктік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру	4.3.2.4 симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды бірінен ажырату және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты		1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау	2.3.3.1 сызықта белгіленген нүктелерді бір-біріне қатысты орналасуын анықтау	3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау	4.3.3.1 қозғалыстың басталуы мен бағытын пайдалана отырып, нысандар қозғалысы сызбасын құру, сәйкес есептеулер жүргізу
					4.3.3.2 нысандардың бастапқы орны мен қозғалыс бағытын анықтау

4) 4-бөлім "Жиын", "Логика элементтері":

5-кесте

Бөлімше	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	Білім алушылар:				
4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	0.4.1.1 құрамы бойынша топ заттарды	1.4.1.1 екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды диаграмма	2.4.1.1 тең жиындардың бірігуін және жиыннан оның тең бөліктерін айырып алуды диаграмма	3.4.1.1 екі жиынның бірігуі мен қиылысуын Эйлер-Венн диаграммасының көмегімен көрнекі түрде кескіндеу	4.4.1.1 жиындар арасындағы қатынастың (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиындар,

	салыстыру (көп, аз, бірдей)	арқылы көрнекі түрде кескіндеу	арқылы көрнекі түрде кескіндеу		ішкі жиын) сипатын анықтай білу
4.2 Пікірлер		1.4.2.1 бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын бас қатырғыштар, ребустар шешу, сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару	2.4.2.1 сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын бас қатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару	3.4.2.1 кестелер және графтар құру әдісімен логикалық пайымдауға берілген есептерді шығару	4.4.2.1 кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару
4.3 Тізбектер	0.4.3.1 суреттер, пішін, символдарды реттілік заңдылығын анықтау	1.4.3.1 10-ға дейін/20-ға дейін/ ондықпен 20-ға дейін сандардың реттілігін құру	2.4.3.1 100-ге дейін, ондықпен 100-ге дейін сандардың реттілік заңдылығын анықтау	3.4.3.1 1000-ға дейін, жүздікпен 1000-ға дейін сандардың реттілік заңдылығын анықтау	4.4.3.1 10000-ға дейін, мыңдықпен 10000-ға дейін сандардың реттілік заңдылығын анықтау
4.4 Нысандардың комбинациялары	0.4.4.1 осынша, көп, аз жұптау жолымен топ заттарды салыстыру	1.4.3.1 қоршаған ортадағы заттардан "екі-екіден" комбинациялар жиынын құрастыру	2.4.3.1 қоршаған ортадағы заттардан "үш-үштен" комбинациялар жиынын құрастыру	3.4.3.1 "мүмкіндіктер тармағы" туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану	4.4.3.1 "таңдап алу" әдісімен комбинаторлық есептерді шығару

5) 5-бөлім "Математикалық модельдеу":

6-кесте

Бөлімше	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	Білім алушылар:				
	0.5.1.1 5-ке дейінгі сандармен қосу және азайтуға көрнекі есептер құру	1.5.1.1 есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу; есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау	2.5.1.1 1-2 амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу	3.5.1.1 2-3 амалмен орындалатын есепті кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу	4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу
					4.5.1.2 есептерді шығаруда

5.1 Есептер және математикалық модель		1.5.1.2 2 артық, кем, тең, сонша, бірнеше бірлікке артық/кем, ұзын, қысқа, ауыр, жеңіл, қымбат, арзан, баға ұғымдарын/ заттардың орналасуын, арақашықтығын, бағытын анықтайтын терминдерді қолдану	2.5.1.2 есептерді шығару барысында "баға", "мөлшер" (сан), "күн"; ұзындығы, ені, периметр шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану	3.5.1.2 есептерді шығаруда "бір заттың массасы", "саны", "жалпы масса"/ "бір затқа жіберілген шығын", "заттардың саны", "жалпы шығын"/ ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану	жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс; өнімділік/ егіннің түсімділігі; ауданы мен массасы/ жылдамдық, арақашықтық, уақыт/ биіктік, ені, ұзындық, көлемі шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану
	0.5.1.3 5-ке дейінгі сандармен қосу және азайтуға көрнекі есептерді шешу	1.5.1.3 қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару	2.5.1.3 бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға; мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару	3.5.1.3 санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару	4.5.1.3 бүтіннің бөлігін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру, шығару
				3.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/ кемітуге; еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару; кері есептерді құрастыру және салыстыру	4.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/ кемітуге; еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару; кері есептерді құрастыру және салыстыру
			3.5.1.5 қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген есептерді талдау және шығару;	4.5.1.5 көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға; төртбұрыштың, шаршының периметрді табуға берілген	

				кері есептер құрастыру және шығару	есептерді құрастыру және шығару
					4.5.1.6 кері есептерді құрастыру және шығару, тура және жанама сұрақтары бар есептерді шығару ("артық/кем", "есе артық/кем" қатынастарымен байланысты)
		1.5.1.7 санды бірнеше бірлікке арттыру/кемітуге; айырмалық салыстыруға берілген қарапайым есептерді модельдеу және шығару	2.5.1.7 екі амалмен орындалатын есептерді (санды бірнеше есе арттыру/кемітуге; еселік салыстыруға берілген жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару	3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару	4.5.1.7 үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және түрлі әдіспен шығару, ең тиімді әдісті анықтау
		1.5.1.8 санды өрнектер түрінде қосу мен азайтуға берілген қарапайым есептерді шығаруды моделдеу	2.5.1.8 санды өрнектер түрінде барлық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді; қосу мен азайтуға берілген құрама есептерді санды өрнектер түрінде шығарудың моделін құрастыру	3.5.1.8 айнымалысы бар өрнектер мен теңдеу түрінде барлық арифметикалық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді; қосу мен азайтуға берілген құрама есептерді санды өрнектер түрінде моделдеу	4.5.1.8 теңдеу мен санды өрнек арқылы құрама есепті шығарудың моделін құрастыру
	0.5.2.1 санды цифрдан ажырату	1.5.2.1 цифрды саннан ажырату, бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен (нүктелер жиынтығы мен, таяқшалармен)	2.5.2.1 екі таңбалы сандардың графикалық	3.5.2.1 көп таңбалы сандардың графикалық моделін құру, кластар мен	

5 . 2
Математикалық
тіл

	көрсету және сан сәулесінде көрсету	моделін құру, разрядтық кестені қолдану	разрядтар кестесін қолдану	
0.5.2.2 "+", "-", " =", " ≠ ", ">", "<" таңбаларын қолдану	1.5.2.2 "+", "-", " =", " ≠ ", ">", "<" таңбаларын/ цифрларды, (□) белгісіз сан символын қолдану	2.5.2.2 жиынды белгілеу үшін л а т ы н алфавитінің бас әріптерін, жиын элементтерін белгілеу үшін л а т ы н алфавитінің кіші әріптерін; жиынға тиістілігін/тиісті еместігін белгілеу үшін ∈ , және ∉ таңбаларын қолдану	3.5.2.2 екі жиынның қиылысуы ∩ , екі жиынның бірігуі ∪ , бос жиын ∅ таңбаларын қолдану	
	1.5.2.3 сандардың қосындысы мен айырмасын, сандарды салыстыру (артық/кем), көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын көрсету үшін сан сәулесін қолдану	2.5.2.3 нүктелерді, кесінділерді, сәулелерді, түзулерді латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу	3.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды л а т ы н алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу	4.5.2.3 кубты, тік бұрышты параллелепипед ті л а т ы н алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
	1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	2.5.2.4 көбейту және бөлу амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	3.5.2.4 қосу мен азайту, көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	4.5.2.4 бұрыштың градустық өлшемін 0 символымен, мысалы, 45 ⁰ белгілеуді қолдану
	1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар	2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу,	3.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар	4.5.2.5 ақпаратты түсіндіру, салыстыру және мәліметтерді жиынтықтау,

	материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру	кестелер және диаграммалар құрастыру	материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру	қозғалыс графиктерін құру, қозғалысқа арналған есептерге сызба құрастыру
--	----------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------

35. Ұзақ мерзімді жоспарлар:

1) 0-сынып:

7-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
"Өзім туралы" "Менің мектебім"	1 бөлім – "Сан мен өлшемдер"	1.1 Натурал сандар және 0 саны.	0.1.1.1 натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсіну
		1.2 Сандармен амалдар орындау	1.1.2.1 ортақ элементтерінсіз азайту ретінде көптеген бөлігін алып тастау, қосу амалын көпке қосылу сияқты түсіну
		1.3 Өлшемдер мен оларды өлшеу бірліктері	0.1.3.1 заттарды өлшемдері бойынша салыстыру: ұзындық/масса/көлем (сыйымдық) /уақыт
	3 бөлім -Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	0.3.1.1 жазық фигураларды ажырату (үшбұрыш, шеңбер, шаршы, төртбұрыш)/ кеңістік фигуралары (куб, шар) оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	0.3.2.1 жазықтықта / қарапайым жазық геометриялық фигураларды (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу
	4 бөлім -Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	0.4.1.1 құрамы бойынша заттарды топпен салыстыру (көп, аз, бірдей)
2-тоқсан			
	1 бөлім -Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	0.1.1.2 10 көлемінде тура және кері санау;
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	0.1.3.2 өлшем бірліктерді қолданып өлшеу

"Менің отбасым және достарым" Бізді қоршаған әлем	3 бөлім -Геометрия элементтері	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	0.3.2.2 кесінділерді бастыру және сызу
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	0.5.1.1 5-ке дейінгі сандарды қосу және азайтуға көрнекі есептер құру 0.5.1.3 5-ке дейінгі сандарды қосу және азайтуға көрнекі есептерді шығару
		5.2 Математикалық тіл	0.5.2.1 сандарды цифрлардан ажырату
3-тоқсан			
"Саяхат" ортақ" "Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті"	1 бөлім - Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	0.1.1.3 5-ке дейінгі сандардың натурал қатарындағы санның орнын анықтау 0.1.1.4 10 көлеміндегі бір таңбалы сандарды және 10 сандарды оқу, жазу және салыстыру
		1.3 Өлшемдер мен оларды өлшеу бірліктері	0.1.3.5 уақытты анықтау өлшемдері туралы
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	0.3.2.3 заттардың ішінен қарапайым жазық фигураларды тану
	4 бөлім -Жиын. Логика элементтері	4.3 Тізбектер	0.4.3.1 суреттер, пішін, символдардың реттілік заңдылығын анықтау
		4.4 Нысандардың комбинациялары	0.4.4.1 жұптау жолымен заттар тобын салыстыру: осынша, көп, аз
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.2 Математикалық тіл	0.5.2.1 сандарды цифрдан ажырату
0.5.2.2 "+", "-", "=", " \neq ", ">", "<" таңбаларын қолдану			
4-тоқсан			
	1 бөлім "Сандар және өлшемдер"	1.1 Натурал сандар және 0 саны	0.1.1.5 10-ға дейінгі сандардың құрамын анықтау 0.1.1.6 10-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	0.1.3.6 1, 2, 5, 10 теңгелік монеталармен түрліше төлем жасау

"Тағам және сусын" "Дені саудың – жаны сау"	3 бөлім -Геометрия элементтері	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	0.3.2.2 кесінді сызу және үстін басу 0.3.2.4 геометриялық фигураларды салыстыру
	4 бөлім -Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	0.4.1.1 құрамы бойынша заттар тобын салыстыру (көп, аз, бірдей)
		4.3 Тізбектер	0.4.3.1 суреттер, пішін, символдар реттілік заңдылығын анықтау
		4.4 Нысандардың комбинациялары	0.4.4.1 жұптау жолымен заттар тобын салыстыру: осынша, көп, аз
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	0.5.1.1 5-ке дейінгі сандарды қосу және азайтуға көрнекі есептер құру
			0.5.1.3 5-ке дейінгі сандарды қосу және азайтуға көрнекі есептерді шығару

2) 1 сынып:

8 – кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан			
"Өзім туралы" "Менің мектебім"	1 бөлім -Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	1.1.1.1 натуралды сандардың және нөл санының құрылуын түсіну
		1.2 Сандармен амалдар орындау	1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды - жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	1.1.3.1 ұзындық/ масса/ көлем (сыйымдылық) /уақыт шамаларын ажырату; оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу
	3 бөлім - Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	1.3.1.1 геометриялық фигураларды : нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты ажырату және атау
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді; қиылысатын геометриялық жазық (ромб, трапеция) фигураларды сызу

4 бөлім -Жиын. Логика элементтері	4.2 Пікірлер	1.4.2.1 бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын бар басқатырғыштар, ребустар шешу, сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару
5 бөлім - Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.1 есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу; есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау
	5.2 Математикалық тіл	1.5.2.1 цифрды саннан ажырату, бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен (нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен) көрсету және сан сәулесінде көрсету
2 тоқсан		
1 бөлім -Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	1.1.1.2 10/11-20 көлемінде тура және кері санау 1.1.1.3 10/11-20 көлемінде натурал сандар қатарындағы орнын анықтау
	1.2 Сандармен амалдар орындау	1.1.2.2 қосу және азайту - өзара кері амалдар екенін түсіну, қосу және азайту амалдары компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау
	1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	1.1.3.2 өлшем бірліктерді (см, дм/ кг/л/сағ) колданып өлшеу
	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	1.3.1.2 2 жазық фигураларды (ромб, трапеция, доғал) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида,) тану және коршаған

"Менің отбасым және достарым" "Бізді қошаған әлем"	3 бөлім - Геометрия элементтері		ортадағы заттармен сәйкестендіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.3.2.2 берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу
	4 бөлім -Жиын. Логика элементтері	4.4 Нысандардың комбинациялары	1.4.3.1 қоршаған ортадағы заттардан "екі - екіден" комбинациялар жиынын құрастыру
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.2 артық, кем, тең, сонша, бірнеше бірлікке артық/кем, ұзын, қысқа, ауыр, жеңіл, қымбат, арзан, баға ұғымдарын/заттардың орналасуын, арақашықтығын, бағытын анықтайтын терминдерді қолдану
5.2 Математикалық тіл		1.5.2.2 "+", "-", "=", " \neq ", ">", "<" таңбаларын/цифрларды, (\square) белгісіз сан символын қолдану	

3 тоқсан

1 бөлім -Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	1.1.1.4	10/11-20 ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру
		1.1.1.5	бір таңбалы сандардың құрамын анықтау / 20 -ға дейінгі сандардың құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу
		1.1.2.3	қосудың ауыстырымдылық қасиетін; 0 мен 1 сандарының қасиетін қолдану
		1.1.3.3	шамалар мәндерін (см, дм/ кг/ л/ сағ) салыстыру және амалдар орындау

"Саяхат" "Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті"		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері	1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін (см, дм) олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
	3 бөлім - Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	1.1.1.3 10/11-20 көлемінде натурал сандар қатарындағы орнын анықтау
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін; 0 мен 1 сандарының қасиетін қолдану
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау
	5 бөлім - Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.3 қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару
5.2 Математикалық тіл		1.5.2.3 сандардың қосындысы мен айырмасын, сандарды салыстыру (артық/кем), көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын көрсету үшін сан сәулесін қолдану	
4 тоқсан			
"Тағам және сусын"	1 бөлім- Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	1.1.1.6 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау
		1.2 Сандармен амалдар орындау	1.1.2.4 бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу кестесін құру, білу және қолдану
			1.1.2.5 ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды/ 20 көлеміндегі сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері	
	1.1.3.6 1, 2, 5, 10, 20 теңгелік монеталармен түрліше төлем жасау		
	3 бөлім - Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)

"Дені саудың – жаны сау"		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау
	4 бөлім-Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	1.4.1.1 екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу
	5 бөлім- Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.7 санды бірнеше бірлікке арттыру/кемітуге; айырмалық салыстыруға берілген қарапайым есептерді модельдеу және шығару
5.2 Математикалық тіл		1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру

3) 2 -сынып:

9-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан			
	1 бөлім -Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну
		1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.1 көбейтуді бірдей қосылғыштардың қосындысын табу, бөлуді - нысандардың мазмұнына қарай және тең бөліктерге бөлу ретінде түсіну 2.1.2.2 көбейту және бөлу - өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтау
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	2.1.3.1 әртүрлі өлшеу аспаптары шкалаларын (шәкілдерін) бір бірінен

"Өзім туралы" "Менің отбасым және достарым"			ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау
	3 бөлім Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	2.3.1.1 бұрыш түрлерін (тік, сүйір, доғал) бір бірінен ажырату және атау/тік төртбұрыш, шаршы, тік бұрышты үшбұрыштың мәнді белгілерін анықтау
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	2.3.2.1 нүктелі қағазда кесінділер, түзулер мен геометриялық фигураларды орны, қозғалыс және бағыты бойынша нұсқаулыққа сәйкес сызу
	4 бөлім - Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	2.4.1.1 тең жиындардың бірігуін және жиыннан оның тең бөліктерін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.1 1-2 амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу
5.2 Математикалық тіл		2.5.2.1 екі таңбалы сандардың графикалық моделін құру, разрядтық кестені қолдану	
2 тоқсан			
1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	2.1.1.2 100 көлемінде тура және кері санау;	
		2.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін/көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	
	1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.4 бір таңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану/ 2; 3; 4; 5 сандарына көбейту кестесін құру, білу және қолдану	
		2.1.3.2 ұзындық (м)/ масса (ц)/ уақыт (мин)	

"Менің мектебiм" Менің туған өлкем		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бiрлiктерi	өлшем бiрлiктерiн қолданып өлшеу 2.1.3.3 шамалар мәндерiн (см, дм, м/ кг, ц / л/ сағ, мин, ай, жыл) салыстыру және амалдар орындау
	3 бөлiм -Геометрия элементтерi	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жiктелуi	2.3.1.2 көпбұрыштарды жiктеу
		3.2 Геометриялық фигураларды кескiндеу және салу	2.3.2.2 тiк бұрышты сызу
	4 бөлiм - Жиын. Логика элементтерi	4.2 Пiкiрлер	2.4.2.1 сандық есептердi, әртүрлi сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берiлген логикалық есептердi зерттеу және шығару
	5 бөлiм-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.2 есептердi шығару барысында "баға", "мөлшер" (сан), "құн"; ұзындығы, енi, периметр шамаларының өзара тәуелдiлiгiн пайдалану
5.2 Математикалық тiл		2.5.2.2 жиынды белгiлеу үшiн латын алфавитiнiң бас әрiптерiн, жиын элементтерiн белгiлеу үшiн латын алфавитiнiң кiшi әрiптерiн; жиынға тиiстiлiгiн/тиiстi еместiгiн белгiлеу үшiн ∈ , және ∉ таңбаларын қолдану	
3 тоқсан			
		1.1 Натурал сандар және 0 саны	2.1.1.3 100 көлемiнде натурал сандар қатарындағы орнын анықтау 2.1.1.4 100-ге дейiнгi екi таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру 2.1.2.5 100 көлемiнде бiр таңбалы сандарды ондықтан аттап/ жүздiктердi ауызша қосу және азайтуды орындау

"Дені саудың – жаны сау" "Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті"	1 бөлім Сандар және өлшемдер	1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.6 екі таңбалы сандарды: $40+17$, $57-40$; $35+12$ түріндегі өрнектерді ондықтан аттамау жағдайында ауызша қосу және азайтуды орындау
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері	2.1.3.4 ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ уақыт (сағ, мин, ай, жыл) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
	3 бөлім -Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	2.3.1.3 көпбұрыштардың, қоршаған ортадағы заттар қабырғаларының ұзындығын өлшеу, периметрді табуға арналған формулаларды: $P=2(a+b)$, $P= 4a$, $P = a+b+c$ қорытындылау, құру және қолдану
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	2.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерін бөлу және олардан композиция құрастыру
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.3 бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға; мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару
		5.2 Математикалық тіл	2.5.2.3 нүктелерді, кесінділерді, сәулелерді, түзулерді латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы
4 тоқсан			
		1.1 Натурал сандар және 0 саны	2.1.1.5 екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, 100 көлемінде разрядтық қосылғыштарға жіктеу; 2.1.1.6 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санау

1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.7 мынадай жағдайларда: $45+9, 45+19; 26+14, 40-14, 65+35, 100-35$ ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау
		2.1.2.8 мынадай жағдайларда: $34+ 23, 57-23; 27+34, 61-27, 47+33; 80-47$ екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
	1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут
		2.1.3.6 50 теңгелік, 100 теңгелік монеталарды, 200 теңгелік, 500 теңгелік купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау
3 бөлім -Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	2.3.1.4 фигураның белгісіз қабырғасын оның периметрі мен белгілі қабырғалары арқылы табу
	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	2.3.2.4 бастапқы орнын, бағытын, қозғалысын (оңға, солға, тура, толық бұрылу, сағат тілімен және сағат тіліне кері жартыға, төрттен бірге бұрылу), анықтау айқындайтын нұсқаулыққа сәйкес әрекет жасау
	3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	2.3.3.1 сызықта белгіленген нүктелерді бір-біріне қатысты орналасуын анықтау .
4 бөлім - Жиын. Логика элементтері	4.4 Нысандардың комбинациялары	2.4.3.1 қоршаған ортадағы заттардан "үш - үштен" комбинациялар жиынын құрастыру
		2.5.1.7 2 амалмен орындалатын есептерді (санды бірнеше есе арттыру/кемітуге; еселік салыстыруға берілген

"Қоршаған орта"
"Саяхат"

	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару
			2.5.1.8 санды өрнектер түрінде барлық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді; қосу мен азайтуға берілген құрама есептерді санды өрнектер түрінде шығарудың моделін құрастыру
		5.2 Математикалық тіл	2.5.2.4 көбейту және бөлу амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
			2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграммалар құрастыру

4) 3 -сынып:

10 – кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан			
	1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	3.1.1.1 1000-ға дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.2 көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану; санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу
			3.1.2.3 көбейтудің ауыстырымдылық, үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	3.1.2.4 6; 7; 8; 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу

"Тірі табиғат" "Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)"	3 бөлім -Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	3.3.1.2 геометриялық фигураларды жіктеу	
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді; қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аумағын табу	
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау	
	4 бөлім -Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	3.4.1.1 екі жиынның бірігуі мен қиылысуын Эйлер-Венн диаграммасының көмегімен көрнекі түрде кескіндеу	
		4.2 Пікірлер	3.4.2.1 кестелер және графтар құру әдісімен логикалық пайымдауға берілген есептерді шығару	
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.1 2-3 амалмен орындалатын есепті кесте , сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу	
		5.2 Математикалық тіл	3.5.2.1 көп таңбалы сандардың графикалық моделін құру, кластар мен разрядтар кестесін қолдану	
	2 тоқсан			
			1.1 Натурал сандар және 0 саны	3.1.1.2 1000 көлемінде тура және кері санау
				3.1.1.4 1000 көлеміндегі үш таңбалы сандарды оқу , жазу және салыстыру
3.1.2.5 үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау				
			3.1.2.6 бір таңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау	

"Уақыт"
"Сәулет"

1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.7 кестеден тыс мынадай жағдайларда: 17 ×5; 96:6; 75:15; 84:4 ауызша көбейту мен бөлуді орындау
		3.1.2.8 8 үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
	1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері	3.1.3.2 мм, км/ г, т/см ² , дм ² , м ² /сек өлшем бірліктерін қолданып өлшеу
		3.1.3.3 шамалар мәндерін (мм,см, дм, м/ г, кг, ц, т / л/ см ² , дм ² , м ² , га/ сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) салыстыру және амалдар орындау
3 бөлім -Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	3.3.1.2 геометриялық фигураларды жіктеу
	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.2 берілген қабырғалары бойынша тіктөртбұрыш пен шаршы, циркульдің көмегімен шеңбер салу
4 бөлім - Жиын. Логика элементтері	4.4 Нысандардың комбинациялары	3.4.3.1 "мүмкіндіктер тармағы" туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану
5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.2 есептерді шығаруда "бір заттың массасы", "саны", "жалпы масса"/ "бір затқа жіберілген шығын", " заттардың саны", "жалпы шығын"/ ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану
		3.5.1.3 санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару
		3.5.2.2 екі жиынның қиылысуы ∩

		5.2 Математикалық тіл	, екі жиынның бірігуі U , бос жиын ∅ таңбаларын қолдану	
3 тоқсан				
"Өнер"	1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	3.1.1.5 1000 көлемінде үш таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштар қосындысына жіктеу	
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану 3.1.2.10 мынадай жағдайларда: 23×2 ; 123×2 ; $46:2$, $246:2$ екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану	
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері	3.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/ аудан (см^2 , дм^2 , м^2 /уақыт (сек, мин, сағ, тәул. ғасыр) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	
		3 бөлім -Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	3.3.1.3 тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш және қоршаған орта нысаналарының ауданы формуласын: $S = (a + b) \cdot h : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану
		"Атақты тұлғалар"		3.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың

		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	тікбұрышты параллелепед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру
5 бөлім-Математикалық модельдеу		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/кемітуге; еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару; кері есептерді құрастыру және салыстыру
			3.5.1.5 қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есептер құрастыру және шығару
		5.2 Математикалық тіл	3.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
			3.5.2.4 қосу мен азайту, көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
4 тоқсан			
1 бөлім-Сандар және өлшемдер		1.1 Натурал сандар және 0 саны	3.1.1.6 жұп/тақ сандарды ажырату; заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсету
			3.1.2.11 мынадай жағдайларда: 28×3 ; 269×2 ; $84:3$; $538:2$ екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.12 мынадай жағдайларда: 28×3 ; 269×2 ; $84:3$; $538:2$ екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану

"Су – тіршілік көзі" "Демалыс мәдениеті. Мерекелер"			3.1.2.13 бөлімдінің бір разрядында нөл болатын кезде үш таңбалы санды бір таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері	3.1.3.5 әртүрлі сағат бойынша уақытты анықтау: сағат, минут, секундты 3.1.3.6 1000 теңгелік, 2000 теңгелік, 5000 теңгелік купюраларды ажырату және түрліше операция жасау
	3 бөлім -Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	3.3.1.4 4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау 3.3.1.5 берілген ауданы бойынша тор көзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгередінін түсіндіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.4 солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістіктік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару
			3.5.1.8 айнымалысы бар өрнектер мен теңдеу түрінде барлық арифметикалық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді; қосу мен азайтуға берілген құрама

		есептерді санды өрнектер түрінде моделдеу дейтін.
	5.2 Математикалық тіл	3.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру

5) 4 -сынып:

11- кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан			
" М е н і ң Отаным-Қазақстан" "Адами құндылықтар"	1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	4.1.1.1 көп таңбалы сандардың құрылуын түсіну
			4.1.1.2 натурал сандар қатарындағы 10000 көлеміндегі санның орнын анықтау
			4.1.1.3 көп таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын анықтау
		1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.2 көп таңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану
			4.1.2.3 көп таңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану
		4.1.2.4 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерге сүйеніп, натурал сандарды топтастыру	
		4.1.2.5 көп таңбалы сандарды ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу	
		4.1.3.1 көлемі болатын нысандар мен кеңістіктік	

	1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, кубиктермен (1 см^3) өлшеу
2 бөлім -Алгебра элементтері	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді құрастыру, жазу, оқу және тану (қосынды, айырма)/ теңдік және теңсіздік
3 бөлім –Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	4.3.1.1 тік бұрышты үшбұрышты, оның элементтерін (катет, гипотенуза), текше, тік бұрышты параллелепипед және олардың элементтерін (төбесі, қабырғалары, қырлары) бір бірінен ажырату және атау
	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	4.3.2.1 нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу
	3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	4.3.3.1 қозғалыстың басталуы мен бағытын пайдалана отырып, нысандар қозғалысы сызбасын құру, сәйкес есептеулер жүргізу
4 бөлім -Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.1 жиындар арасындағы қатынастың (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын) сипатын анықтай білу
5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу
		4.5.1.2 есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс; өнімділік/ егіннің түсімділігі; ауданы мен массасы/ жылдамдық, арақашықтық, уақыт/ биіктік, ені, ұзындық,

			көлемі шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану
2 тоқсан			
"Мәдени мұра" "Мамандықтар әлемі"	1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны	4.1.1.4 10000 көлеміндегі көп таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру
			4.1.1.5 1000 көлемінде 3 көп таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштар қосындысына жіктеу
			4.1.1.6 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру
		1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.6 10, 100, 1000 сандарына қалдықсыз және қалдықпен бөлу
			4.1.2.7 екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға ауызша көбейту мен бөлуді орындау
			4.1.2.8 көп таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
	1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	4.1.3.2 см ³ , дм ³ , м ³ , га, ар, мг өлшем бірліктерін қолданып өлшеу	
		4.1.3.3 шамалар мәндерін мм, см, дм, м, км/мг, кг, ц, т/мл, л, см ³ , дм ³ , м ³ /см ² , дм ² , м ² , ар, га/с, мин, сағ, тәул, жыл ғасыр өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау	
	2 бөлім -Алгебра элементтері	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу
			4.3.1.2 үшбұрыштарды жіктеу

3 бөлім –Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	4.3.1.3 тік бұрышты параллелепипед көлемінің формуласын ($V=ab \cdot c$) шығарып алу және қолдану
	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	4.3.2.2 градусық өлшемі бойынша бұрыш; екі катеті бойынша тік бұрышты үшбұрыш; радиусы бойынша шеңбер және дөңгелекті; тік бұрышты сызғыштың көмегімен түзуге перпендикуляр түзу салу
	3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	4.3.3.2 нысандардың бастапқы орны мен қозғалыс бағытын анықтау
4 бөлім - Жиын. Логика элементтері	4.2 Пікірлер	4.4.2.1 кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару
5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.3 бүтіннің бөлігін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру, шығару 4.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/кемітуге; еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару; кері есептерді құрастыру және салыстыру
	5.2 Математикалық тіл	4.5.2.3 кубты, тік бұрышты параллелепипедті латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
3 тоқсан		
		4.1.2.9 санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолдану

"Табиғи құбылыстар"
"Қоршаған ортаны қорғау"
"

1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.10 көп таңбалы сандарды бір таңбалы/екі таңбалы /үш таңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау
		4.1.2.11 екі таңбалы/үш таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану
	1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері	4.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (мг, г, кг, ц, т)/ аудан (мм^2 , см^2 , дм^2 , м^2 , г, а)/ көлем (мм^3 , см^3 , дм^3 , м^3)/ уақыт (с, мин, сағ, тәул.) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
2 бөлім -Алгебра элементтері	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.3 қосу мен азайту амалдары арасындағы қатынасты әріпті өрнектер түрінде: $a + b = c$, $c - a = b$, $c - b = a$ көрсету және қолдану
		4.2.1.4 қосу және азайту жағдайында 0 -дің қасиетін әріпті өрнек түрінде: $a + 0 = a$; $a - 0 = a$ көрсету
	2.2 Теңдік және теңсіздік.	4.2.2.1 қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу
3 бөлім –Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	4.3.1.4 суретте бейнеленген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау
		4.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың (пирамида, цилиндр, конус) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру
4 бөлім - Жиын. Логика элементтері	4.4 Нысандардың комбинациялары	4.4.3.1 "таңдап алу" әдісімен комбинаторлық есептерді шығару
		4.5.1.5 көбейту мен бөлудің белгісіз

	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	компоненттерін табуға; төртбұрыштың, шаршының периметрді табуға берілген есептерді құрастыру жән шығару 4.5.1.6 кері есептерді құрастыру және шығару, тура және жанама сұрақтары бар есептерді шығару (связанные с отношениями "артық/кем", "есе артық/кем")
		5.2 Математикалық тіл	4.5.2.4 бұрыштың градустық өлшемін ⁰ символымен, мысалы, 45 ⁰ белгілеуді қолдану
4 тоқсан			
	1 бөлім-Сандар және өлшемдер	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.12 нөлмен аяқталатын көп таңбалы сандарды бір таңбалы/екі таңбалы/үш таңбалы санға көбейту және бөлу алгоритмін қолдану 4.1.2.13 бөліндінің жазылуында нөл болатын кезде көп таңбалы санды бір/екі/үш таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану 4.1.2.14 санның/шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды/шаманы табу: 100 көлеміндегі сандар мен жүздіктердің жартысын, үштен бір, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктер	4.1.3.5 уақыт өлшем бірлігінің үлесін табу (мысалы, 1/60 сағ =1 мин; 1/2 сағ = 30 мин; 1/7 апта = 1 күн) 4.1.3.6 10 000 теңгелік купюраны және түрлі мемлекеттің валюталарды (рубль, евро, доллар) ажырату және түрліше төлем жасау

"Ғарышқа саяхат" "Болашаққа саяхат"	2 бөлім -Алгебра элементтері	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.5 жақшасыз әріпті, санды өрнектерді салыстыру
			4.2.1.6 екі амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табу
		2.2 Теңдік және теңсіздік	4.2.2.2 "таңдап алу" әдісімен және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу
	3 бөлім –Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	4.3.1.5 берілген ауданы бойынша тор көзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	4.3.2.4 симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды бір бірінен ажырату және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
	5 бөлім-Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.7 үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және түрлі әдіспен шығару, ең тиімді әдісті анықтау
4.5.1.8 теңдеу мен санды өрнек арқылы құрама есепті шығарудың моделін құрастыру			
	5.2 Математикалық тіл	4.5.2.5 ақпаратты түсіндіру, салыстыру және мәліметтерді жиынтықтау, қозғалыс графиктерін құру, қозғалысқа арналған есептерге сызба құрастыру	

Приложение 248
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 248 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12)

классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Познание мира" для слабослышащих, позднооглохших обучающихся 3-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы "Дүниетану" пәні бойынша білімнің, біліктің, дағдының көлемін нашар еститін білім алушылардың жас ерекшелігіне сай танымдық мүмкіндіктері аясында анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. "Дүниетану" пәні "Адам және қоғам" білім беру саласының құрамдас бөлігі болып табылады.

4. "Дүниетану" оқу бағдарламасы оқыту процесін пәндік сала бойынша білім мен білікті нашар еститін білім алушылардың саналы меңгеруі, оқу, жобалық, зерттеу қызметінің тәсілдерін меңгеру арқылы өз бетімен еңбектенуді дамытуы, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдар ұстай білу білігіне ие болуы үшін пәннің әдістемелік әлеуетін пайдалануға тырысады.

5. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі функциялары мен қазіргі мектептегі білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық педагогикалық тәсілдерінің сипаттамалары үйлесім тапты. Көрсетілген пән бойынша оқу бағдарламасының жаңа құрылымын дайындауда оқытудың тәсілдері басшылыққа алынады.

6. Білім берудің классикалық негіздері ретінде құндылыққа, әрекеттік тұлғаға бағытталған, коммуникативтік тәсілдер оқу процесінің нәтижелерін және білім беру мақсаттарының басымдылық жүйесін нығайту үшін қолданылады әрі оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс береді.

7. "Дүниетану" оқу бағдарламасы аймақтық сипаттағы материалдарды (нысандарды, кәсіпорындарды, ақпарат көздерін) пайдалануға бағытталған оқу жобалау қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушының танымдық және әлеуметтік белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Аталмыш пәнді оқыту мақсаттарына қол жеткізу аясында жүзеге асатын тәрбиелік сипаттағы жобалық қызмет ата-анамен, жергілікті қоғамдастық мүшелерімен серіктестікте ұйымдастырылады.

8. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер берілген.

9. "Дүниетану" оқу бағдарламасы білім берудің өзара байланыстылық және өзара сабақтастық құндылықтарына негізделген тәрбие мен оқыту бірлестігі принципін және

нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесімен мектептен "шығу" нәтижелерін іске асыруды қамтамасыз етеді.

10. Оқу бағдарламасының ерекшелігі – оның пәндік білім мен білікті ғана емес, әртүрлі біліктерді қалыптастыруға бағыттылығы. Оқыту мақсаттарының құрылған жүйесі төмендегі әртүрлі біліктерді дамытудың негізі болып табылады:

- 1) білімді функционалды және шығармашылық тұрғыдан қолдана білу;
- 2) сыни ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- 4) коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін пайдалану;
- 5) топта және жеке жұмыс жасай білу;
- 6) қиындықты жойып, шешім қабылдау.

11. "Дүниетану" оқу бағдарламасы әртүрлі саладағы дағдыларды, біліктерді, пәндік білімді қалыптастыруға бағытталған, өйткені олар нашар еститін 3-4 сынып білім алушылардың білім беру практикасындағы, сондай-ақ қоғамға толыққанды, еркін және белсенді субъект ретінде енуді қажет ететін мектеп бітіргеннен кейінгі өмірдегі сәтті тұлғаға айналуының кепілі болады.

12. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушыларға жағдайды, міндеттерге қол жеткізу жолында идеялар мен ақпаратты талдауға және бағалауға, жаңа идея мен ақпарат синтезі үшін бар білімді және тәжірибені шығармашылық тұрғыда пайдалануға мүмкіндік беретін дағдылар меңгеріледі. Бастамашылдық, танымдылық, өзгерістерге дайындық, қарым-қатынастық секілді тұлғалық қасиеттер өзектілікке ие.

13. "Дүниетану" пәні бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқыту мақсаттарына бағынады және нашар еститін білім алушылардың алынған білімді, білікті және дағдыны кез келген оқу және өмірлік жағдайда шығармашылық тұрғыда пайдалана алу, табысқа қол жеткізу жолында тұрақтылықты дамыту дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, өмір бойы оқуға жетелейді.

14. Тұлғалық қасиеттерді әртүрлі саладағы дағдылармен үйлесімді бірлікте дамыту білім берудің базалық құндылықтарын білім алушыларға дарытудың негізі болып табылады. Аталмыш құндылықтар нашар еститін білім алушылардың әрекетіне және күнделікті қызметіне мотивация болатын тұрақты тұлғалық бағдарларына айналады:

- 1) "қазақстандық патриоттылық және азаматтық жауапкершілік";
- 2) "сыйластық", "ынтымақтастық", "еңбек және шығармашылық";
- 3) "ашықтық";
- 4) "өмір бойы оқу".

2-тарау. "Дүниетану" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

15. "Дүниетану" – адам, табиғат және қоғамның әрекеттестігі мен өзара шарттылығы туралы білім жүйесін қалыптастыратын шоғырландырылған пән. Пәннің оқыту нысандары – адам, табиғат, қоғам, соның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қоғамдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта.

16. "Дүниетану" пәні:

1) нашар еститін білім алушылардың тұлғалық, қоғамдық және ұлттық санасын, патриоттылықты және гуманизмді қалыптастырады;

2) қоғамдық ортаны танудың ғылыми негіздерін қалайды және географиялық және тарихи ойлау жүйесінің дамуына мүмкіндік жасайды;

3) Қазақстанның тарихи және қазіргі оқиғалары, олардың себептері, даму қарқындары, ұрпаққа жалғастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады;

4) өткен оқиғалардың қазіргі кезеңге және болашаққа әсерін терең түсіндіреді;

5) өзінің және өзге халықтардың мәдениеті мен дәстүріне, ұлттық және жалпы адами құндылықтарға қатысты сыйластық сезімін туындатады;

6) нашар еститін білім алушылардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін түсінулеріне жағдай жасайды;

7) әлеуметтік ортадағы жалпы қабылданған әрекет нормалары мен қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсінуге жағдай жасайды.

17. Пәннің мақсаты – нашар еститін білім алушыларда адам, қоғам мен табиғаттың өзара байланыстары мен шарттылығы туралы ұлттық және жалпы адами құндылықтар тұрғысындағы білімді қалыптастырады.

18. Пәннің міндеттері:

1) нашар еститін білім алушыларда қоғамның, табиғи құбылстардың және нысандардың өзара байланысы мен бір-біріне тәуелділігі туралы түсінік қалыптастыру;

2) нашар еститін білім алушыларда табиғи және әлеуметтік ортадағы әрекет нормалары мен қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;

3) нашар еститін білім алушыларда табиғи және әлеуметтік шындықты танудың дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету;

4) нашар еститін білім алушылардың танымдық қызметін дамыту;

5) білім алушыларға қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпы адами құндылықтар жүйесін сіңіру;

6) пәнді оқыту арқылы нашар еститін білім алушыларда қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына қатысты жағымды қатынас қалыптастыру;

7) білім алушылардың тұрмыстық түсініктерін қалыптастыру, олардың ойлау жүйелерін, пәндік-практикалық қызмет аясында ауызша және жазбаша сөйлеу дағдысын дамыту, ұжымда жұмыс жасау білігін қалыптастыру;

8) ғылыми білімнің негізгі элементтерін және жаңа білімді алу, қайта құру әрі қолдану бойынша қызметті меңгеру үшін білім алушылардың сөйлеу қызметін дамытудың негізін құру.

19. 3-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнін оқыту:

1) қоршаған орта туралы түсінікке ие болуға;

2) уақыттық және кеңістіктік қатынасты білдіретін, нысандар мен табиғат құбылыстарын атайтын табиғатты тану терминдерін, сөздері мен сөз тіркестерін меңгеруге және оларды сөйлеу барысында қолдануға (нашар еститін білім алушылардың сөйлеу дағдысының даму ерекшеліктерін ескере отырып);

3) туған елі, мемлекеттік және халықтық мерекелері туралы білімді көбейтуге, туған өлкенің тарихымен, Қазақстан халқының мәдениетімен және тұрмысымен танысуға;

4) халықтық дәстүрлер мен салтқа қатысты сыйластық қатынасын; туған қаланың (ауылдың) мәдениетімен және тарихи жерлерімен таныстыру арқылы "шағын отанына" қызығушылық, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға;

5) қоршаған ортаның тұтастығын сезінуге, экологиялық сауаттылық негіздерін, табиғат пен адам әлемінде адамгершілік әрекеттерінің қарапайым ережелерін, табиғи және әлеуметтік ортадағы денсаулық сақтау әрекеттерінің нормаларын меңгеруге;

6) қоршаған ортадағы себептік-салдарлық байланыстарды қалыптастыру және анықтау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

20. Оқытудың құндылыққа бағдарлау тәсілі – оқу қызметін ұйымдастыру мен орындаудың, оның нәтижелеріне қол жеткізудің әрі оны белгілі құндылықтар тұрғысынан пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағдарланған оқу процесі білім алушы тұлғасының құндылықтар жүйесін мақсатқа сай қалыптастырады. Құндылық бағдарлары – тұлғаның өз қызметінде бағдар ретінде белгілі құндылықтарды (құндылықтар арасында бағдар ұстау қабілеті) таңдай білу, сондай-ақ оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіне және қабылдай алу қабілеті (сипаты). Құндылықтарды жүзеге асыру құндылықтардан шығатын талаптарға бой ұсынуды және осы талаптарға күнделікті өмірді бағындыра білуді қамтиды. Құндылықтар мағынасы белгілі қоғамның сәтті өмір сүруі үшін қажетті нормаларды, әдеттерді, өмір салтын, әрекет стилін қалыптастыру барысында көрінеді.

21. Құндылықтар – әлеуметтік қолдауға ие және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен мінез-құлық ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны уәждеудің маңызды факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекеттерді ынталандарады.

22. "Мәңгілік ел" ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының идеялық негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және

азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену – орта білім беру құндылықтары ретінде белгіленді.

23. Нашар еститін мектеп білім алушыларын оқыту келесі дидактикалық ұстанымдарға негізделеді:

1) білім берудің тұлғаға бағытталған тұжырымдамасына ауысуды меңзейтін білім беруді гуманизациялау ұстанымы;

2) нашар еститін білім алушының ерекшеліктері мен деңгейіне білім берудің бейімділік ұстанымы, оған сай мектеп әртүрлі білім беру қажеттіліктерін өтеуге тырысады; есту қабілеті бұзылған білім алушылардың әртүрлі категориялары, сонымен қатар психикалық дамуы тежелген (бұдан әрі - ПДТ), көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін әрқилы құралдар мен әдістер қолданады;

3) оқытудың саралау және жеке ұстанымы нашар еститін білім алушыға өзі үшін тиімді оқу жолын ата-анасымен бірлесіп таңдауға мүмкіндік береді;

4) оқытудың көрнекілік және сөздік құралдар ұстанымы оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңа ұғымдарды, тұжырымдарды, ережелерді қалыптастырудың негізі ретіндегі сезімдік бейнелерді жинастыру, жүйелеу және жинақтау мақсатында бақылауды ұйымдастыруға бағытталған, бұл нашар еститін білім алушыларды оқытудың алғашқы сатысындағы заңдылық;

5) ғылым негіздерін ана тілін меңгерумен бірлікте үйрету ұстанымы нашар еститін білім алушының тұлғалық даму барысы, білім берудің бекітілген көлемін білім алушының меңгеруі тілдік даму деңгейімен, ақпаратты сөйлеу арқылы қабылдау, сөйлеу-логикалық ойлаудың қалыптасу деңгейімен байланысты оны дұрыс қолдану мүмкіндігімен анықталатындығымен шарттасады;

6) есту арқылы қабылдауды сөйлеу тілінің дыбыстық жағымен бірлікте дамыту қарқынын күшейту ұстанымы нашар еститін білім алушының өзге тұлғаның өзіне қаратыла айтылған сөзін еркін түсініп, өзгелерге түсінікті, анық сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған;

7) сөйлеу қатынасын дамыту ұстанымы нашар еститін білім алушылардың бірлескен қызметін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық тәсілдерін жүзеге асыру қажеттілігімен шарттасады және сөйлеу арқылы қатынас жасау қажеттілігін туындататын жағдайларды модельдеуді болжайды. Білім алушыларды қатынастың әртүрлі тәсілдерін қалыптастыруға арнайы оқыту оқу-тәрбие жұмысындағы әлеуметтік әрекеттің формаларын ескере отырып жүзеге асырылады;

8) әрекеттік тәсіл ұстанымы нашар еститін білім алушыларды оқытудың қазіргі жүйесінің негізгі бағыттылығын көрсетеді, онда әрекет білімді, білікті және дағдыны

қалыптастырудың үдерісі және нашар еститін білім алушының тұлғасын қалыптастырудың түзету-дамыту бағыттылығын қамтамасыз ететін шарт ретінде қарастырылады.

24. "Дүниетану" сабақтарының ерекше міндеті – практика жүзінде сөйлеуді меңгерту. Бұл оқу пәнінің ерекше мазмұнын (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық материалдарды іріктеу, оны топтастыру, орналастыру, жекелеген бөліктердің өзара байланысын анықтау) негіздейді.

25. "Дүниетану" пәнін меңгеру өзге де сабақтардың ("Қазақ тілі мен әдебиеті", "Көркем еңбек", "Музыка", "Бейімделген дене шынықтыру", "Айналамен таныстыру", "Түзету ырғағы", "Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту") білім беру бағдарламалары аясында жүзеге асырылатын жұмыстың келесі бағыттарына негізделеді:

- 1) қабылдау, назар аудару, есте сақтау, ойлау түрлерін дамыту;
- 2) жалпы, қол, артикуляциялық моториканы дамыту;
- 3) белсенді және пассив сөздіктің көлемін кеңейту;
- 4) нашар еститін білім алушылардың сөздер мен сөз тудырушы модельдердің грамматикалық формаларын, синтаксистік құрылымдардың әртүрлі типтерін қабылдау, жіктеу және пайдалану дағдыларын дамыту;
- 5) нашар еститін білім алушылардың диалогтік және байланысты сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
- 6) сөйлеудің фонетикалық жағынан кемістігін түзету, фонематикалық процестерді дамыту;
- 7) көру және есту арқылы сөйлеу және сөзсіз дыбысталуды қабылдауын дамыту;
- 8) нашар еститін білім алушылардың коммуникативтік мотивациясын қалыптастыру.

26. Сабақтың барлық түрін жүргізу үшін тиісті формалар ұйымдастырылады: нұсқаулық беру, көмек, бақылау, қорытынды шығару, бағалау, коммуникативтік мақсаттарда сөйлеуді пайдалану (тапсырмалар, сұрақтар/жауаптар, есептер, өз қатынасын білдіру).

27. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) пайдалану күзiреттiлiгi базалық АКТ-дағдыларға негiзделедi, жұмыс жасау, бос уақыт және коммуникация үшін технологияларды дұрыс әрi шығармашылық тұрғыдан қолдануды қамтиды;

2) бiлiм алушы ақпаратты таба, құра және онымен жұмыс жасай отырып, ақпарат және идея алмасып, өз жұмысын бағалайды және жетiлдiредi, жабдықтар мен қосымшалардың кең шоғырын пайдалана отырып, барлық оқу пәндерi бойынша бiлiм алу үдерiсiнде АКТ бойынша дағдыларды дамытады.

28. "Дүниетану" пәні бойынша оқу бағдарламасы төмендегілерді қамтиды:

- 1) мультимедиялық ресурстарді және бұхаралық ақпарат құралдарын пайдалану;
- 2) ғаламторда және деректер базасында ақпаратты іздеу;
- 3) сандық және ғаламтор көздерінен деректерді табу, таңдау және өңдеу, олардың нақтылығы, сенімділігі және маңызы туралы пікір айту;
- 4) сандық, мәтіндік, визуалдық ақпаратты және деректер базаларын, соның ішінде гиперсілтемелерді, электронды кестелерді, графикалық және өзге де қосымшаларды пайдалана отырып, деректерді алу, саралау және жүйелеу білігі;
- 5) ақпаратты алу және өңдеу үшін АКТ пайдалану;
- 6) заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін саралау; сондай-ақ мультимедиялық презентациялар жасау үшін мәтін мен дыбысты, қозғалыссыз және қозғалмалы бейнелерді біріктіру;
- 7) өзге нұсқаларды зерттеу, нәтижелерді нақтылау және жақсарту үшін сандық ақпараттың икемділігін толық пайдалану;
- 8) өзге де нашар еститін білім алушылармен және оқытушылармен электронды байланыс арқылы жұмыс жасау үшін байланыс арналары бойынша ақпарат алмасу, ынтымақтастықта болу және қатынас орнату, онлайн форумдарға, оқытудың виртуалды ортасына қатысу;
- 9) оқытудың белсенді түрлерін техникалық қолдау үшін интербелсенді тақталарды пайдалану;
- 10) мектеп аясында немесе мектептен тыс жерде аяқталған жұмыстың мультимедиялық таныстырылымын жасау.

29. "Дүниетану" оқу пәні нашар еститін білім алушыда тұлғалық қабылдауды, табиғат әлемі мен мәдениетке эмоционалды жағымды қатынасты қалыптастыруға көмектеседі, өз елінің жанашыры ретінде болашақ ұрпақтың руханилығын, белсенділігін, құзіреттілігін тәрбиелейді.

30. Жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың бастауларын бірлікте және өзара байланыста таныстыру білім алушыға өз тәжірибесін ой елегінен өткізіп, қоршаған ортасынан өз орнын табуға, өзінің жеке қызығушылықтарының бағытын болжауға мүмкіндік береді. Оны оқу барысында білім алушылар экологиялық және мәдени сауаттылықты, олардың құзіттерін дамыту үшін практикалық-бағытталған білімге ие болады.

31. "Дүниетану" пәнін оқыту барысында келесі әмбебап оқу әрекеттері дамиды:

- 1) қоршаған орта мен адамның ішкі әлемін тануға бағытталған өз қызметін реттеу қабілеті;
- 2) оқу міндеттерін орындау үшін ақпаратты іздеуді жүзеге асыру қабілеті;
- 3) әртүрлі қауымдастықтарда (сынып, мектеп, отбасы, мәдениет мекемесі) құрдастарымен және ересектермен әрекеттесудің ережелері мен нормаларын түсіну;
- 4) зерттелетін нысандар мен қоршаған орта құбылыстарының модельдерімен жұмыс жасай білу қабілеті;

5) қоршаған ортаның құбылыстарын бақылап, зерттеу, табиғи нысандардың сипаттық ерекшеліктерін бөліп көрсету, мәдениеттің, қоғам тарихының фактілері мен оқиғаларын сипаттау және бейнелеу біліктілігі.

32. "Дүниетану" оқу пәнін оқыту білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін белгілі материалдық базаны қажет етеді, өйткені сабақта сөз болатын көптеген нысандар білім алушыларға шынайы өмірде қабылдау үшін қолжетімді болмайды; нысандарды тікелей қабылдау барысында ғана түсініктер мен ғылыми ұғымдарды қалыптастыру нәтижелі болады.

33. "Дүниетану" оқу пәнінің материалдық жабдықталуы:

1) оқу жабдығы;

2) тірі табиғат бұрышы;

3) мектеп жанындағы аймақ және географиялық алаң.

34. Оқу жабдығы –макеттер, глобус, географиялық карталар, модельдер, суреттер, сурет салу құралдары, гербарий құралдары, аудио және бейне жазбалар, микроскоп, лупа, магниттік тақталар, өсімдіктер, қабыршақтар, фотосуреттер және альбомдар коллекциялары.

35. Тірі табиғат бұрышы –жануарлар мен өсімдіктерді орналастыруға арналған арнайы жабдықталған бөлме немесе оның бөлігі. Білім алушылардың тірі табиғат бұрышында жұмыс жасауы олардың білімін молайтып, кейінгі өмір тәжірибесінде пайдаланатын өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау үшін қажетті практикалық біліктер мен дағдылар қалыптастырады. Тірі табиғат бұрышы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін арнайы орында немесе ерекше бөлмеде жабдықталады.

36. Тірі табиғат бұрышында мыналар орналасады:

1) өсімдіктер, бұл тірі табиғат бұрышы үшін арнайы ғимарат болмаған кезде тиімді. Өсімдіктердің қажетті минимумын сыныптағы арнайы бағанаға орналастыруға болады. Тірі табиғат бұрышы өсімдіктерімен жұмыс жасау келесі білім беру міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді: осы нысандарда өсімдіктердің негізгі бөліктерін, көбею тәсілдерін, қоршаған ортаға бейімділігін көрсетуге, әр өсімдіктің жарыққа, жылуға және ылғалға қатынасын зерттеуге, өсімдіктерге күтім жасаудың қажетті практикалық дағдыларын қалыптастыруға, мұғалімнің басшылығымен оңай тәжірибелер жүргізу арқылы зерттеу білігін қалыптастыруға болады. Өсімдіктер бұрышының мазмұны мен бұрышты рәсімдеуге қойылатын талаптар: бұрышта қауіпті және улы өсімдіктер болмайды; өсімдіктерде оның атауы, шығу тегі, егілген уақыты көрсетілетін этикеткалар болады; даму күнтізбесін де жүргізуге болады;

2) жануарлар. Тірі табиғат бұрышының тұрғындары белгілі талаптарға сай келеді: ерекше күтім қажет етілмейді, вольерде өмір сүруге қабілетті болады, қауіпті жануарлар ұстауға болмайды. Жануарларды ұстау келесі міндеттерді орындауға

мүмкіндік береді: жануарлар туралы білімді және оларды күту бойынша практикалық білікті қалыптастыру; бақылау, тіркеу, көргенді түсіндіру секілді зерттеу біліктерін қалыптастыру, жауапкершілік сезімі тәрбиеленеді;

3) мектеп жанындағы аймақ және географиялық алаң – өсімдік егуге арналған мектеп аумағындағы аймақ. Мектеп жанындағы аймақта жүргізілетін жұмыс тәрбиелік және білім беру маңызына ие. Мектеп жанындағы аймақта жұмыс жасау барысында келесі міндеттер орындалады: өсімдік дамуын бақылау білігін; өсімдіктерді күту және топырақты өңдеу дағдыларын қалыптастыру. Мектеп жанындағы аймақ мезгілдік экскурсиялар өткізу үшін де пайдаланылады. Географиялық алаң – жергілікті жерге бағдар беру, көкжиек тараптарын анықтау, күн және өзге қол жетімді белгілер бойынша бағдарлау бойынша сабақтарды ұйымдастыруға арналған аймақ. Ауа температурасын, қардың қалыңдығын өлшеуге мүмкіндік береді.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

37. "Дүниетану" пәнін оқытудың нәтижелерін бағалау критериалдық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

38. Критериалдық бағалау сабақ жүргізудің, оқытудың және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Критерийлік бағалаудың нәтижелері білім беру үдерісін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру үшін қолданылады.

39. Критериалдық бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтиды.

40. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

41. Жиынтық бағалау белгілі бір оқыту кезеңінде оқу ақпаратының блогын аяқтаған кезде жүргізіледі, білім алушылардың кері байланыс жасауы үшін және пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін пайдаланылады.

5-тарау. "Дүниетану" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

42. "Дүниетану" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 3-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

2) 4-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

43. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды ескере отырып, қажетті мектеп жабдығымен толықтырылады.

44. Жұмысты әртүрлі формада (жеке, жұптық, топтық) және түрде (ойындар және өзге де белсенді әдістер) жүргізу үшін сыныптағы жиһаз қозғалмалы болады. Кітап сөрелеріне, білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стенділерге орын бөлінеді.

45. Есту қабілеті нашар білім алушыларға арналған мектепте білім беру кеңістігін ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

1) оқу процесіндегі өзгерістер, қауіптер туралы ақпарат беретін, жабдықтардың, кабинеттер мен оқу сыныптарының атауларын білдіретін ақпараттың стенділерде баспа кестелері түрінде немесе электронды тасымалдаушыларда берілуі;

2) сабақ кестесі туралы дыбыстық анықтамалық ақпараттың визуалды ақпаратпен (субтитрлар көрсету мүмкіндігі бар мониторлар орнату, монитор көлемі және саны кабинеттің көлемін ескере отырып анықталады) қайталануы;

3) ақпаратты жаңғыртуды тиісті дыбыстық құралдармен қамтамасыз ету.

46. Оқу кабинеттері білім алушылардың есту арқылы қабылдау дағдысын дамытуға мүмкіндік беретін заманауи аудиологиялық және сурдопедагогикалық талаптарға сай келетін дыбыс күшейткіш аппаратурамен жабдықталады: вибротактильді құрылғыларының қосымша жиынтығы және сымсыз аппаратурасы бар ұжымдық қолданыстағы дыбыс күшейткіш аппарат.

47. Сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта нашар еститін білім алушы медициналық ұсыныстарды ескере отырып, дыбыстық аппаратты немесе кохлеарлы имплантты пайдаланады. Оқу бөлмелерінде FM-жүйелер, қуат көздері, батареяларды сақтауға арналған арнайы орындар дайындалады. Әр оқу сыныбы білім алушыларға арналған компьютерлер тұратын жұмыс орындарымен жабдықталады.

48. Сабақ жүргізуге арналған кабинеттер дыбыстау және есту қабілетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізуге арналған арнайы компьютерлік бағдарламалармен, визуалды жабдықтармен, дыбыс күшейткіш аппаратурамен жабдықталған.

49. Заманауи электр акустикалық, соның ішінде, дыбыс күшейткіш, алыстан жақсы көруге мүмкіндік беретін (үлкен экранға тасымалдау) аппаратураларды пайдалану туралы сөйлеуші тұлғаның хабардар болуы да арнайы талап болып табылады.

50. Оқу пәнінің мазмұны оқыту тараулары бойынша ұйымдастырылған. Тараулар тараушалардан тұрады, онда әр сынып бойынша күтілетін нәтижелер (дағдылар немесе біліктер, білім немесе түсінік) түріндегі оқыту мақсаттары көрсетілген. Әр тараушаның ішінде тізбекті түрде ұйымдастырылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, нашар еститін білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оларға оқытудың келесі сатылары туралы ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді:

51. Оқу пәнінің мазмұны:

1) пән мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер бөлімшелерден тұрады, онда әр сынып бойынша күтілетін нәтижелер: дағдылар немесе біліктер, білім немесе түсінік түріндегі оқу мақсаттары көрсетілген. Әр бөлімшенің ішінде тізбекті түрде ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, нашар еститін білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оларға оқытудың келесі сатылары туралы ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді:

№	Бөлім	Бөлімше
1	Мен және қоғам	1.1 Мен және менің отбасым
		1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы
		1.3 Менің шағын Отаным
		1.4 Денсаулық және қауіпсіздік
		1.5 Құқықтар мен міндеттер
		1.6 Мейрамдар
2	Менің елімнің табиғаты	2.1 Төңіректі бағдарлау
		2.2 Ауа райы және климат
		2.3 Табиғат жағдайлары және олардың мәні
		2.4 Туризм
3	Тарих толқынында	3.1 Ежелгі мәдениеттер және өркениеттер
		3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары
		3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар
		3.4 Ұлы тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері
		3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриоттық

2) оқыту мақсаттарын тиімді пайдалану үшін оқу бағдарламасына код енгізілген. Кодтағы бірінші сан – сыныпты, екінші және үшінші сан – бөлім мен бөлімшені білдірсе, төртінші сан оқыту мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, 3.2.1.4 кодындағы: "3" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік нөмірі.

52. Оқыту мақсаттарының жүйесі тек пәндік сипаттағы білімдер мен біліктерді ғана емес, және оларды шынайы практикада қолдануды, АКТ-ды қолдануды, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруды, сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту мен коммуникативтік дағдыларды қарастырады:

1) "Мен және қоғам":

2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып	4-сынып
	3.1.1.1 әртүрлі дереккөздерді зерттеу арқылы және өз тәжірибесі негізінде "отбасы" ұғымының мағынасын түсіну	4.1.1.1 отбасылық мұрағат материалдары негізінде отбасы мүшелерінің сөздік портретін салу ;
	3.1.1.2 отбасының өзге мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау	4.1.1.2 мысалдар негізінде өз отбасының этикалық нормаларын сақтау

1.1 Мен және менің отбасым	3.1.1.3 өз отбасының тарихын; туыстарының жетістіктерін білу	4.1.1.3 өз отбасының шежіресін жасау
	3.1.1.4 отбасы мүшелері арасындағы қамқорлық қатынастың маңыздылығын сезініп, туыстары мен жақындарына көмек көрсету	4.1.1.4 өзгенің өмір сүру салтына, пікіріне, әрекетіне, құндылықтарына төзімділік таныту, өз көзқарасынан ерекшеленетін тұлғаның ойын қабылдай алу қабілетіне ие болу
	3.1.1.5 Қазақстан халқы мәдениетіндегі еңбектің және еңбекқорлықтың маңызын түсінеді; ересектердің әртүрлі мамандықтарына қызығушылық таныту	4.1.1.5 өз еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін жауапкершіліктің әр адамға жүктелетіндігін түсіну
	3.1.1.6 тауарларды, қызметтерді таңдайды, кассада және автоматта есептесу	4.1.1.6 қала (ауыл) инфрақұрылымындағы әрекет ережелері туралы түсінікке ие болу
	3.1.1.7 қандай да бір жағдайдағы реттеуші әрекеттер, нормалар туралы түсінікке ие болу	4.1.1.7 әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындауға белсенді кірісу
	3.1.1.8 достықтың қадірін біледі; достық қарым-қатынас туралы түсінікке ие болу	
1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	3.1.2.1 күн тәртібін сақтаудың және бір күннің тәртібін жасаудың маңыздылығын түсіну	4.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс қызметтің түрлері мен функцияларын біледі әрі түсіну
	3.1.2.2 мектептегі өзін ұстау ережелерін сақтау	4.1.2.2 мектептегі ұжымдық, топтық және тұлғааралық қатынас нормаларын сақтау
	3.1.2.3 өзін білім алушы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттай алу	4.1.2.3 өз сыныбына сипаттама беру
	3.1.2.4 сыпайылық дағдыларын (амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, өз көмегін ұсыну) білу	4.1.2.4 әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдау
	3.1.2.5 қатынастың түрлері мен тәсілдерін білу: ересек тұлғаны атымен және әкесінің атымен атайды; өз қатарласын атымен немесе орындайтын рөлімен ("жүргізуші", "дәрігер") атайды)	4.1.2.5 білім алушылар топтағы өз құрдастары, олардың қарым-қатынастары туралы білу: кім кіммен көп сөйлеседі, ойнайды, сурет салады және неліктен дос болып жүр
	3.1.2.6 өзге тұлғаның назарын өзіне, өз әрекеттеріне аударудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану	4.1.2.6 өзінің және достарының әрекеттері туралы өз пікірін білдіруге болатындығын және пікір айтудың қажеттілігін түсіну
		4.1.2.7 құрдастарымен, ересектермен, кішкентай білім алушылармен қатынас құрудың ережелерін біледі және оларды сақтау

1.3 Менің шағын Отаным	3.1.3.1 өз мекен-жайын айтады және тұрғылықты жерінің географиялық жағдайын сипаттау	4.1.3.1 өз зерттеулері негізінде тұрғылықты жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу
	3.1.3.2 өзінің тұрғылықты жерінің басты көшесін, ғимараттарын және көрікті жерлерін білу	4.1.3.2 өз тұрғылықты жерінің ұлы тұлғаларын білу 4.1.3.3 Қазақстан картасынан ірі өзендер мен көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету
1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	3.1.4.1 жеке гигиена ережелерін сақтау	4.1.4.1 әртүрлі дереккөздер негізінде пайдалы және пайдасы жоқ тағамдар арасындағы айырмашылықты анықтай алу
	3.1.4.2 тамақтану тәртіптемесін сақтау;	4.1.4.2 қоғамдық орындардағы күнделікті жағдайларда қауіпсіздік ережелерін сақтау
	3.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау	4.1.4.3 көлік түрлерін ажырата алады және олардың бағыттары туралы білу
	3.1.4.4 жаяу жүруді реттейтін жол белгілерінің мағынасын, жолда жүру ережелерін сақтау	4.1.4.4 қоғамдық көлікпен жүру ережесін сақтау
	3.1.4.5 үйден мектепке дейінгі қауіпсіз маршруттың жоспарын білу	4.1.4.5 жеке және ұжымдық қолданыстағы дыбыс күшейткіш аппаратураны (есту аппараттары, кохлеарлы импланттар); аудиовизуалды техниканы пайдалана алу
	3.1.4.6 жедел көмек қызметін біледі және оларға жүгіну жағдайларын анықтай алу	
1.5 Құқықтар мен міндеттер	3.1.5.1 қоғамдық орындарда өзін ұстау ережелерін, сөйлеу этикетін білу	4.1.5.1 өз өміріндегі мысалдар негізінде құқықтарды, міндеттерді және жауапкершілікті ажырата алу
		4.1.5.2 қоғамға қызмет ету маңызын түсіндіре алу
1.6 Мейрамдар	3.1.6.1 отбасылық мерекелердің бірін сипаттай алу	4.1.6.1 Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мейрамдарының бірінің маңызын түсіндіре алу

2) "Менің елімнің табиғаты":

3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып	4-сынып
2.1 Төңіректі бағдарлау	3.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тараптарын анықтау 3.2.1.2 табиғатта өзін ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіре алу	4.2.1.1 көкжиек тараптарын тұсбағдар бойынша анықтау

2.2 Ауа райы және климат	3.2.2.1 ауа райының адамдардың өмірі мен қызметіне әсерін анықтау	4.2.2.1 адамдардың өмірі мен шаруашылық қызметі үшін ауа райының жағымды және жағымсыз сипаттарын талдау
2.3 Табиғат жағдайлары және олардың мәні	3.2.3.1 жыл мезгіліне байланысты бос уақыттарда табиғатта әртүрлі әрекетпен айналысудың мүмкіндіктерін анықтау	4.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (таулар, жазықтар, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау 4.2.3.2 өз жерінің табиғатының жағымды және жағымсыз тұстарын (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) зерттеу негізінде талдау) 4.2.3.3 табиғаттың жағымсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу
2.4 Туризм	3.2.4.1 туризмнің маңызын түсіну 3.2.4.2 туристің негізгі мақсаттарын анықтау	4.2.4.1 мақсаттары бойынша туризмнің негізгі түрлерін ажырату 4.2.4.2 туристік серуенді жоспарлау үшін нысандарды анықтау 4.2.4.3 туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттау

3) "Тарих толқынында":

4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар:	
	3-сынып	4-сынып
3.1 Ежелгі мәдениеттер және өркениеттер	3.3.1.1 көрнекілік құралдарын зерттеу негізінде ежелгі адамдардың өмірлері туралы айта алу	4.3.1.1 көрнекілік материалы негізінде телінетін және өндіретін шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтау
	3.3.1.2 танымал тарихи ескерткіштер / ежелгі кезеңнің экспонаттары туралы әңгімелеу	4.3.1.2 әртүрлі дереккөздерін зерттеу негізінде ежелгі қалалар мен ескерткіштерді сипаттау
3.2. Қазақстанның тарихи тамырлары	3.3.2.1 көрнекілік материалдарын зерттеу негізінде сақтардың өмір сүру салтын сипаттау	4.3.2.1 көрнекілік материалдарын зерттеу негізінде ғұндардың өмір сүру салтын сипаттау
- 4) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

42. "Түзету ырғағы" пәні дайындық, кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерге бөлінген:

1) дайындық бөлімі саптық және ең қарапайым қимылдардан құрылған бұлшық ет пен буындардың қыздырылуына ықпал ететін қыздыру жаттығуларынан тұрады;

2) негізгі бөлім – классикалық және халық билерінің элементтерін, музыкалық сауыттылықтың негізгін, би қимылдарын, оларды үйлестіруді, дене бітімін дамыту жұмыстарын, этюдтар мен композициялар бойынша жұмыс жасауды үйретеді;

3) қорытынды бөлімге ойын кезінде музыкалық ырғақты материалдардың бекітілуі, би-ойын жаттығулары, релаксация кіреді.

43. Оқыту жұмысының негізгі түрі сабақ болып табылады (білім алушылар саны 6-8). Түзету ырғағы сабағы аптасына бір рет өткізіледі:

1) технологиялары: топпен жұмыс, сюжеттік-рөлдік, музыкалық ырғақты ойындар, көпшілік (әртүрі жастағы білім алушылардың би композицияларына қатысуы);

2) әдістері: көрнекілік (практикалық сапалық көрсетілім), ауызша (түсіндіру, мүмкіндігінше бейнелі), ойын (оқу материалы ойын түрінде), шығармашылық (білім алушылардың өз беттерімен музыкалық қимыл-қозғалыс бейнесін көрсету).

44. Түзету ырғағы пәні өткізілетін орын арнайы тіректермен – "станоктармен", қабырға айналарымен жабдықталады. Станоктар – тегіс жылтыратылған, кранштейнмен қабырғаға қағылып, еденге параллель орналастырылған дөңгелек таяқтар. Станоктар адам бойының белінен келетін биіктікте қабырғадан 10-15 см алшақтықта орналастырылады. Станоктың диаметрі 8-9 см. Білім алушылардың киім ауыстыруына арнайы бөлме бөлінеді.

45. Сабаққа арналған костюмдер: ұлдар футболка, шолақ шалбар, чешки киеді; қыздар жеңіл белдемше, футболка, чешки киеді. Бірдей киім үлгісі білім алушылардың көңілін басқаға аудармай жұмыс атмосферасын қалыптастырады, білім алушыларды би қимылдарын бірдей орындап, олардың физикалық кемшіліктерін жасырып, тәртіпке үйретеді. Білім алушылардың дайындық киімдерін ауыстыруға жүйелі түрде үйретеді. Бірінші сабақтан бастап жетекші білім алушыларға сабаққа қатысу ережесін үйретеді:

1) маңызды себепсіз ешкім сабаққа кешікпейді;

2) сабақ басталғанға дейін барлық білім алушылар би залына өтіп, өз орындарына тұрады. Егер білім алушыларды осындай қарапайым дағдыларға үйретсек алдағы уақытта жетекшіге де білім алушыларға да жұмыс істеу оңай болады. Білім алушылар оқу материалдарын жеңіл игеріп, жауапкершілік, жолдастық, өзара түсіністік қарым-қатынастары дамиды.

46. Сабақтың музыкалық көркемделуі музыкалық ырғақты тәрбиелеудің негізі болады және білім алушылардың музыка мәдениетінің дамуына ықпал етеді.

1) музыкалық материал:

түрі, жанры, стилі, сипаты жағынан түсінікті болады;

мәнерлі әуені мен нақты би ритмі болады;

мазмұны жағынан білім алушылардың қызығушылығына жақын болады.

47. Түзету ырғағы пәнінің көру қабілеті бұзылған 0 және 4 сыныптарына арналған бағдарламасы 8 бөлімнен тұрады:

1) ырғақ, музыкалық сауаттылықтың элементі. Бұл бөлімнің жаттығулары музыкалық түйсікті дамытуға мүмкіндік туғызады: музыкалық қабылдауын қалыптастырады, ырғақты сезінуін дамытады, көру қабілеті бұзылған білім алушылардың музыкалық-есту қабілетін байытып, әуен мен қимылды үйлестіруге ықпал етеді. Дұрыс жүрудің әдістері мен дене мүсінін қалыптастыру физикалық жаттығулар (секіру, жүгіру, иілу) және әртүрлі жүру арқылы: аяқтың ұшымен, өкшемен, гимнастикалық орындықта, жіппен, затты аттап немесе айналып өту арқылы, басқа затты қою арқылы қозғалу дағдыларын дамытады; жүру ақауларын (тізені бүгуі жанмен жүру), бұзылған дене бітімін (бүкірею) түзетуді жорамалдайды;

2) ырғақты гимнастикалық жаттығулар. Ырғақты гимнастикалық жаттығулармен айналысу білім алушы ағзасының функционалдық мүмкіншілігіне байланысты. Бұл сабақ негізінен қимыл-қозғалысында ауытқуы бар білім алушылардың қимылын түзетуге, оны қалыптастыруға және функционалдық қабілетінің дамуына бағытталған. Арнайы ырғақты жаттығуларда нақты бір ырғақты жаттығудың басым, әлсіз жақтары сараланады. Қолданылып жүрген көптеген әдістердің ішіндегі ең қарапайымы, әрі түсініктілері: санау арқылы жүру, алақан соғу арқылы жүру, қол мен дене қозғалыс жаттығулары, таныс би қадамдарын (музыкасыз) санамақ немесе өлең жолдарын айту арқылы орындау (мысалы, "Айгөлек", "Жалқаубек"). Бұл жаттығулар білім алушының тек ырғақты сезінуін ғана емес дұрыс тыныс алуын, сөз мәнерін (дикциясын) қалыптастырады. Арнайы жаттығулар білім алушының жас ерекшелігіне қарай күрделеніп отырады;

3) әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар. Бұл бөлімдегі жаттығулардың барлығы белгілі бір әуеннің сүйемелдеуі арқылы орындалуға есептелген. Білім алушылар музыканың ырғағына сай үйлесімді қимылдар жасап, әуенмен бірге бастап, әуен аяқталғанда аяқтап үйренеді. Әуенмен бірге жасалатын жаттығулар көзі нашар көретін білім алушының тек қана дене сымбатын түзеп қоймай, сонымен бірге олардың ойлау, есте сақтау, зейін, қабылдау сияқты қабілеттерін де дамытуға ықпал етеді. Сабақта Е.Хасанғалиев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Бейсеуов, Ә.Еспаев, М.Керейбаев, А.Асанов сияқты қазақ композиторларының әндері мен күйлерін қолдану білім алушының ұлттық музыкаға деген сүйіспеншілігін арттырады;

4) сюжеттік-рөлдік көріністер. Білім алушының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру мұғалімге білім алушының мінез-құлқын көруге, оның жасын, жынысын, темпераментін, осы іс-әрекетке байланысты білім алушының қызығушылығы мен жағдайын ескере отырып жеке жұмыс жүргізуге, оның шығармашылық әлеуетін анықтап, дамытуға мүмкіндік береді. Сюжеттік-рөлдік көріністерде көру қабілеті бұзылған білім алушыларға аң кейпіне еніп, әртіс болуларына, сырттай бақылай

отырып көрмейтін және ішінара көретін білім алушылардың шығармашылық мүмкіншіліктерінің қаншалықты өсетінін, арман-қиялдарының баи түсетінін қалыптастыруына мүмкіншілік туғызады. Шығармашылық қызметтің бір бағыты: би импровизациясы – бұл тапсырманы орындау барысында ұсынылған тақырыпқа сай би қимылдарын құрастыру және қимылдардың үйлесімділігі. Бұл бөлімнің мазмұнына өлең жолдарын, әндерді, мақалдарды, ертегілерді сахналау, қимылдың айқындығын дамытатын этюдтар кіреді. Сабақтарда шығармашылық тапсырмалар аз мөлшерде немесе тақырып бойынша жеке сабақтар болып өткізіледі;

5) қозғалмалы музыкалық-ырғақты және сөйлеу ойындары. Музыкалы-ырғақты, қозғалыс ойындары білім алушының ырғақты сезініп, музыкалық шығармаларды қабылдауына, сөйлеу дағдылары мен ойлау қабілетін дамытуға, ерік-жігерін ұштауға бағытталған. Материалдардың тақырыптарға бөлініп көрсетілуі міндетті түрде рет-ретімен орындалады дегенді білдірмейді. Ритмикада ұстаз жекелеме тақырыптарға қайта оралып, оны күрделендіре түседі. Ритмика сабағында материалдар әр түрлі тақырыптардан алынып жинақталады. Осы тақырыптардың біреуі жұмыстың негізін құрап, басқалары көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Әр тақырып бойынша істелетін жұмыс келесі тақырыпқа алғышарт ретінде, ал өткен тақырып жаңа сабаққа тіреуіш ретінде қолданылады. Материалдарды тақырыпқа бөлу шартты сипатқа ие. Музыка көру қабілеті бұзылған білім алушыларды тәрбиелеудің маңызды бір бөлігі болып қана қоймай, жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіреді, әрі жан-жақты өмір тәрбиесін кеңейтуге, біліктілік пен шығармашылық іскерлігін дамытуға мүмкіндік туғызады. Би элементтерін орындау қарапайым қозғалыс арқылы жүру, жүгіру басқа да қимылдарды меңгеруге көмектеседі. Ұлттық, заманауи, бал билерін үйрену. Ритмика сабағында билерді пайдалану білім алушының эстетикалық талғамының өсуіне, олардың әдемі, әсем қимылдарды үйренуіне, биге деген сүйіспеншілігінің артуына ықпал етеді;

6) халық-сахналық биілерінің элементтері. Халық билерінің элементтерімен жұмыс білім алушылар әуенге және би қадамдарына үйрене салысымен бірден басталады. Жетекші білім алушыларды сонымен қатар қазақ билеріне тән мінез-құлықтарымен және бейнелерімен таныстырады. Халық-сахналық биілерінің элементтерін үйрену әр халыққа тән негізгі жүрістер мен қозғалыстардан – қолдың, аяқтың, дененің, бастың тұруы мен қалыбын білуден басталады. Әр халықтардың билерінің элементтерін орындау білім алушыларды сол халықтардың мәдениетін, соларға тән билердің қозғалыстарын табуға үйретеді. "Түзету ырғағы" сабағында би элементтерін орындау жүру, жүгіру және басқа да қимыл-қозғалыстың түрлерін меңгеру қарапайым әуенді-қозғалмалы бейнелерді көрсетудің тәсілі ретінде қолданылады;

7) заманауи би элементтері. Ырғақ сабақтарында би элементтерін қолдану білім алушылардың эстетикалық талғамын дамытуға, әдемі, көрікті би қимылдарды жасауына ұмтылуға, биге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Байланыс билерінде жұппен жүріп байланыс жасай алу (әдетте мүлдем көрмейтін және ішінара көретін + нашар көретін білім алушыны жұппен қою әдісі қолданылады) зейіні және есте сақтау қабілетін арттырады. Білім алушылар нақты орындалатын жаттығудың әдемілігін сезініп, одан шығармашылық қанағат алады. Кеңістікте сапқа тұру жаттығуларын орындау және әртүрлі билер мен жұп билерінің элементтерін орындау барысында, білім алушылар ұйымдастырушылық қабілетінің дағдыларын арттыруды, тәртіпті, бір-біріне сыпайы қарауды үйренеді;

8) бал билерінің элементтері. Бал билерінің элементтерін орындауқозғалысты үйлестіру мен ырғақты әрлеуде ең күрделісі болып табылады. Бал билерінің элементтерін үйрену музыкалық түйсік пен би қимылының әсемдігін дамытып, қыз бен ұл білім алушының арасындағы қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, белгілі бір ережелерді үйретеді. Мынандай міндеттер қойылады: денеге арналған қимылдарды қайталау, салмақты дұрыс бөле білу, табанның нақты жұмысы, жұбын алып жүру мен дұрыс қалыпта тұру, қимылды бір-бірімен келісіп жасау. Бұндай білім алушымен жұмыс ісегенде мұғалімсабырлылық, төзімділік және икемділік танытып, физикалық жүктемелерді байқап береді. Бимен танысу бидің әуені мен тарихымен танысудан басталады. Би элементтерін біртіндеп үйренеді. Білім алушылар би қимылдарын мұғалімнің артынан қайталай отырып тез үйрене алады.

48. Пән бойынша мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған:

1) бөлімдер әрі қарай бөлішелерге бөлінген, олар өздеріне күтілетін нәтиже түрінде: дағды немесе қабілеті, білімі немесе түсінуі, сыныптар бойынша оқыту мақсатын қояды. Оқытудың мақсаты әр бөлімшенің ішінде қатарынан ұйымдастырылып, мұғалімдерге өзінің жұмыс жоспарын құрып және білім алушылардың жетістіктерін бағалап, сонымен қатар оларды келесі оқыту кезеңімен таныстырға мүмкіндік береді:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Ырғақ, музыкалық сауаттылықтың элементі	1.1 Дұрыс дене бітімі және дұрыс жүру амалдары 1.2 Әуенді тыңдау
2	Ырғақты гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары 2.2 Арнайы ырғақты жаттығулар
3	Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар.	3.1 Қимыл мен музыканы байланыстыратын жаттығулар 3.2 Заттармен жаттығулар 3.3 Билерге дайындық жаттығулары
4	Сюжеттік-рөлдік көріністер	4.1 Еліктеу кейіпкерлеріне негізделген еліктеу жаттығулары мен ойындарын орындау 4.2 Шығармашылық қызмет
		5.1 Әуеннің сүйемелдеуімен затпен ойналатын ойындар

5	Қозғалмалы музыкалық-ырғақты және сөйлеу ойындары	5.2 Сөзбен немесе әуенмен сүйемелденетін ойындар
6	Халық биі элементтері	6.1 Теориялық мәліметтер 6.2 Қыздарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары 6.3 Ұлдарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары
7	Заманауи би элементтері	7.1 Теориялық мәліметтер 7.2 Кеңістікте сапқа тұру жаттығулары 7.3 Байланыс биі элементтері
8	Бал билерінің элементтері	8.1 Теориялық мәліметтер 8.2 Жұппен орындалатын жаттығулар

49. Оқыту бағдарламасы мақсаты кодпен белгіленген. Кодтың бірінші саны сыныбын, екінші және үшінші сандары бағдарламаның бөлімшелерін, төртінші сан оқыту мақсатының нөмірлеуін білдіреді. Мысалы, 1.2.1.4: "1" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" – оқыту мақсатының нөмірі.

50. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Ырғақ, музыкалық сауаттылықтың элементі":

2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
1.1 Дұрыс дене бітімі және дұрыс жүру амалдары	0.1.1.1 сымбатын сақтауда дұрыс дене бітімінің маңыздылығын түсіну 0.1.1.2 дұрыс жүрудің ерекшеліктерін, табанды дұрыс қоюды, дұрыс жүруде тізені қалай қоюды білу	1.1.1.1 сапқа тұруда және қайтадан сапқа тұруда дұрыс дене бітімін сақтау 1.1.1.2 дұрыс жүру дағдыларын меңгеру 1.1.1.3 сап бойынша және жұппен қауіпсіз ұимылдау ережелерін білу 1.1.1.4	2.1.1.1 қимыл-қозғалыс кезінде дұрыс дене бітімін сақтау 2.1.1.2 қозғалыс бағыты мен екпін өзгерісі кезінде дұрыс жүру қимылдарын меңгеру 2.1.1.3 сапқа қайта тұру кезінде екпінді өзгерту және қадағалау 2.1.1.4 сахнада бағыттала білу 2.1.1.5 өз бетімен кішкентай	3.1.1.1 әртүрлі қимыл қозғалыс кезінде дұрыс дене бітімін қадағалай білу 3.1.1.2 әртүрлі сапқа тұру кезінде (диагональ, тік сызық, шахмат бойынша) қимылды үйлестіре білу дағдыларын меңгеру 3.1.1.3 бұрылып жүру дағдыларын меңгеру 3.1.1.4	4.1.1.1 айналадағылардың адамды эстетикалық қабылдауында дұрыс дене бітімі мен әдемі келбеттің маңыздылығын түсіну 4.1.1.2 шеңбер бойынша жүру дағдыларын пайдалану, жұппен жүру, жұппен айналу, шашыраңқы қозғалыс, сақталған анализаторлард

		би бөлмесінде бағдарлана білу	шеңбер, үлкен шеңбер жасай білу, шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, шеңберді үлкейтіп, кішірейту.	сахнада өз бетімен орын ауыстыра білу	ы пайдалану арқылы әуеннің екпіні мен ырғағына сай кішкентай кадаммен жүру
1.2 Әуенді тыңдау	0.1.2.1 әуеннің мінезін сезіну 0.1.2.2 қимыл-қозғалыс кезінде музыкалық фразаны, акценті, жеңіл ырғақтық суреттерді белгілеу 0.1.2.3 әуеннің дыбысын, екпінін анықтай алу	1.1.2.1 әуеннің ырғағына сай дұрыс дене бітімін сақтай отырып, аяқтың ұшымен дұрыс жүру 1.1.2.2 қимыл-қозғалыста әуеннің мықты такт долясын белгілеу 1.1.2.3 әуеннің негізгі үш жанры жайлы білу: марш -ән-би	2.1.2.1 қозғалыс ырғағын тездету және ақырындату 2.1.2.2 музыкалық бейнеге сай айқын қозғала білу 2.1.2.3 негізгі би жанрлары жайлы білу: вальс, пляска, заманауи би	3.1.2.1 би әуенінің ерекшеліктерін ажырату: марш, вальс, полька, пляска, хоровод 3.1.2.2 жаттырулардың бастапқы және соңғы аккордтарын тыңдау және түсіну	4.1.2.1 әуеннің мінезіне сай қимылдарды – анық, қатты, ақырын, байсалды орындау 4.1.2.2 әуен ырғағын есептеу, әуеннің өлшемін тыңдау арқылы анықтау

2) "Ырғақты гимнастикалық жаттығулар":

3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
2.1. Жалпы дамыту жаттығулары	0.2.1.1 қолдың және дененің қозғалысына арналған қарапайым жаттығулар жиынтығын білу 0.2.1.2 оң-сол, жоғары-төменді ауызша белгілеу; 0.2.1.3 оң және сол аяқтан бастап адымдау, басты бұру, оң және сол қолды	1.2.1.1 мұғалімнің көмегімен жаттығулар жиынтығын санау арқылы көрсету 1.2.1.2 санауға мән беруге арналған ырғақты жүру жаттығуларының қарапайым түрлерін білу 1.2.1.3	2.2.1.1 әуеннің сүйемелдеуінсіз өлең жолдарын айта отырып, таныс би адымдарын жасау 2.2.1.2	3.2.1.1 арнайы ырғақты жаттығулар жиынтығын меңгеру 3.2.1.2 орын ауыстыра отырып қозғалу, қозғалыстың негізгі дағдыларының	4.2.1.1 жаттығу жасағанда жалпы дамыту жаттығулар жиынын өз бетімен қолдану 4.2.1.2 арнайы ырғақты жаттығулар жиынын жасағанда бірзділікті

	көтеру және түсіру, қозғалыс кезінде оңға қарай және солға қарай бұрылу, жеңіл жүру, аяқты жоғары көтере отырып ырғақпен жүгіру, бір аяқтан екінші аяққа секіру арқылы жүгіру	қол және аяқтың жұмысын көру, есту және тактильді қабылдаумен үйлестіру;	сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу	сапасын жақсарту 3.2.1.3 әуеннің әртүрлі мінезіне сай ырғақты, ширақ қимылдау	сақтау және орындау 4.2.1.3 гимнастикалық жаттығулар жасағанда шығармашылығын таныту
2.2 Арнайы ырғақты жаттығулар	0.2.2.1 қозғалыс ақауын түзетуге бағытталған арнайы жаттығуларды санауға мән беру арқылы қайталай білу	1.2.2.1 санау арқылы қимылдай білу және өз бетімен қозғалыстағы қателіктерді таба білу; 1.2.2.2 ырғақты жаттығуларды орындау барысында дұрыс дене бітімінің маңызын түсіну	2.2.2.1 дұрыс дене бітімін сақтай отырып ырғақты гимнастика жаттығуларын өз бетімен орындау 2.2.2.2 сақталған анализаторларды пайдалану арқылы сапқа тұрудың ережелерін білу	3.2.2.1 дене бітімін сақтай отырып, қол позициясын, аяқ позициясын, жұппен тұру позициясын білу 3.2.2.2 ырғақты жаттығуларды орындағанда сапқа тұруда және қайтадан сапқа тұру дағдыларын меңгеру	4.2.2.1 координациясын дамытып, кеңістікті бағдарлау қимыл-қозғалыстарын көрсету; 4.2.2.2 негізгі қозғалыс түрлерін дамытуға және түзетуге арналған жаттығуларды көрсету 4.2.2.3 ассиметриялық гимнастика элементтер

3) "Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар":

4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
		1.3.1.1	2.3.1.1 музыку қол және дене қимылы жаттығуларын өлең жолдарын айту	3.3.1.1 қозғалысты музыкамен бірге	4.3.1.1 использовать навыки передвижения на сцене с использованием сохранных анализаторов соответствующего характера мелодии әуеннің мінезіне сай сақталған

<p>3.1 Қимыл мен музыканы байланыстыратын жаттығулар</p>	<p>0.3.1.1 оң-сол, жоғары-төменді ауызша белгілеу ; 0.3.1.2 дыбыстар мен әуеннің екпінін ажырата білу</p>	<p>ырғақты өз бетімен анықтау ; 1.3.1.2 мықты және әлсіз үлесін бөлу 1.3.1.3 өз қимыл-қозғалысын әуенмен үйлестіру</p>	<p>арқылы, санауға, әуенмен орындау; 2.3.1.2 мұғалімнің көмегімен қозғалыста әуеннің фразасы мен акцентін белгілеу 2.3.1.3 сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу</p>	<p>бастап, музыкамен бірге аяқтау 3.3.1.2 сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу және қимыл-қозғалысты әуенмен үйлестіру</p>	<p>анализаторлар арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын пайдалану 4.3.1.2 әуенге сай жаттығуларды орындау: "секіру", "шоқырақтап жүру", "таптау", "би қадамы", "марш", "шапалақтау", "жартылай отырып және толық отырып жүру", "шаг с притопом", "шұқылағыш", "бөлшек қадам"</p>
<p>3.2 Заттармен жаттығулар</p>	<p>0.3.2.1 мұғалімнің көмегімен жаттығуларды белгілі бір музыканың сүйемелдеуімен орындай білу 0.3.2.2 мұғалімнің көмегімен қолда затты ұстап тұрып қолға және денеге арналған қарапайым жаттығуларды орындай алу</p>	<p>1.3.2.1 музыка басталғанда қимылдарды бастап, дәл музыкалық шығарма аяқталғанда қай кезде қимылдарды аяқтайтынын түсіну 1.3.2.2 жаттығуларды орындау барысында заттарды қолданудың ережелерін білу</p>	<p>2.3.2.1 билеу кезінде дене бітімінің тұрқын бақылап және заттарды қалай пайдалануын білу (шляпалар, доптар, шеңберлер) 2.3.2.2 заттармен ойналатын музыкалық-ырғақты ойындарды білу 2.3.2.3 сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу</p>	<p>3.3.2.1 заттармен орындалатын ырғақты жаттығулардың дағдыларын меңгеру 3.3.2.2 заттармен ойналатын және ауызша емес музыкалық-ырғақты ойындарда өз бетінше бағыттала білу</p>	<p>4.3.2.1 әуеннің сипатына сәйкескелетін заттармен жаттығуларды көрсету(қамшы, орамалдар, гүлдер, желпуіштер) 4.3.2.2 ойдан шығару дағдыларын пайдаланып, ойдан шығарылған заттармен жұмыс істей білу</p>
	<p>0.3.3.1</p>	<p>1.3.3.1 сапа тұруда және қайта сапқа тұруда би сызығын ұстай білу 1.3.3.2</p>	<p>2.3.3.1 дұрыс дене бітімін сақтай отырып, би</p>	<p>3.3.3.1 билерге дайындық жаттығулары кезінде әуеннің мінезіне сай өз</p>	<p>4.3.3.1 биді үйренуге дайындалу кезінде актерлік</p>

3.3 Билерге дайындық жаттығулары	денені дұрыс қою ережелерін меңгеру 0.3.3.2 бөлменің ортасында негізгі жаттығуларды орындау	қозғалыс бағытын орындау 1.3.3.3 бұрылу бұрыштарын білу 1.3.3.4 сыныптағы нүктелер 1.3.3.5 табанның, тізенің, белдің ашық және жабық күйін білу	кезінде "шахмат", "шеңбер", "диагональ" бойынша тұруды түсіну 2.3.3.2 сақталған анализаторларды пайдалану арқылы залда бағдарлана білу	бетімен бағыттала білу 3.3.3.2 ырғақты суреттерді шапалақтау арқылы жеткізу 3.3.3.3 жұбымен бірі кезінде арақашықтықты сақтау, шеңбер бойынша қозғалу	мәнерлеу жаттығуларын қолдану 4.3.3.2 сақталған анализаторларды пайдалану арқылы тез орындалатын жаттығулардың техникасын меңгеру 4.3.3.3 таныс би қимылдарын түйіндеу
----------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

4) "Сюжеттік-рөлдік көріністер":

5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
4.1 Еліктеу кейіпкерлеріне негізделген еліктеу жаттығулары мен ойындарын орындау	0.4.1.1 түсінуге жеңіл әндер мен ертегілерді сахналай білу 0.4.1.2 мимика, жест, позатүсініктері жайлы білу	1.4.1.1 мұғалімнің көмегімен музыка амен және ауызша емес қимылдар қолданылатын, өлеңдермен сүйемелденетін драмалық қойылымдарға қатысу	2.4.1.1 әуеннің дыбысын тану; актерлік шеберлік дағдысын меңгеру және ойын кезінде рөлді бөле білу 2.4.1.2 музыка туындысындағы ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін жеткізе білу	3.4.1.1 ауызша емес қарым-қатынасты түрін қолдану және аңғару қүстың әрекетін, көліктің қозғалысын, адамдардың іс-әрекетін көрсете білу; 3.4.1.2 негізгі нүктелер мен қадамдарды анықтай білу	4.4.1.1 релаксация әдісі ретінде кез келген ойынды өз бетімен қолдану; 4.4.1.2 музыкалық композициялардан жыл мезгілдерін анықтай білу; 4.4.1.3 импровизацияда рөлдерін ауыстыра білу
4.2 Шығармашылық қызмет	0.4.2.1 жеке және топпен жұмыс істеу дағдыларын пайдаланып, ертегілерді сахналау; "Репка", "Үйшік", "Бауырсақ"	1.4.2.1 қозғалыстағы мақсаттарға жету үшін өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын пайдалану	2.4.2.1 өзінің және басқа да шығармашылық тапсырмаларды түсіну 2.4.2.2 қозғалыс іс-әрекетінде	3.4.2.1 ырғақты қимылдар мен би элементтерін орындағанда өз рөлі мен басақалардың дәрімін көрсету	4.4.2.1 қимылдардың айырмашылығын ажырата отырып, әртүрлі рөлдермен эксперимент жасау 4.4.2.2 кең ауқымды билерде, импровизациялау

	0.4.2.2 сахнада бағдарлана білу		шығармашылық таныту		рда, ойындарда т а н ы с қимылдарды шығармашылық тұрғысынан пайдалану
--	---------------------------------	--	---------------------	--	-----------------------------------------------------------------------

5) "Қозғалмалы музыкалық-ырғақты және сөйлеу ойындары":

6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
5.1 Әуеннің сүйемелдеуімен затпен ойналатын ойындар	0.5.1.1 би кезінде бір қимылдан екінші қимылға ауысуын мұғалімнің көсеткен іс-әрекетінен қайталау	1.5.1.1 ойын кезінде сақталған анализаторлар арқылы қолда затты ұстап тұра білу 1.5.1.2 ойын кезінде заттарды пайдаланудың қауіпсіздік ережелері мен тәсілдерін білу	2.5.1.1 ойын кезінде сақталған анализаторларды пайдалану арқылы затпен бірге қозғалу 2.5.1.2 бөлмеде, сахнада бағыттала білу	3.5.1.1 затты би кезінде қолдану 3.5.1.2 ойын кезінде затты пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін меңгеру	4.5.1.1 затпен ырғақты қимылдарды нақты орындау 4.5.1.2 затпен ойналатын ойындар кезінде басқаларға еліктемей өз бетімен қимылдау, нақты қимылдарды іздеу, әуеннің мінезіне сай қимылдарды ойластыру (таңдау),
5.2 Сөзбен немесе әуенмен сүйемелденетін ойындар	0.5.2.1 ең қарапайым төрт, сегіз жолды өлеңдерді білу және оларды ойын түрінде орындау	1.5.2.1 қол ұстасып әндетіп ойын ойнай білу 1.5.2.2 ойын кезінде бір шеңберден екі немесе үш шеңберге бөлініп тұра білу	2.5.2.1 сақталған анализаторларды пайдаланып, дұрыс дене бітімін сақтай отырып, қолдың, аяқтың, дененің және бастың қимылын әуенмен бірге көрсету 2.5.2.2 ырғақтық-әуенді және сюжетті ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін көрсете білу	3.5.2.1 бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшу кезінде өз бетімен бұлшық етпен қозғалыстан түскен ширығуды жеңілдету	4.5.2.1 кез келген ойынды релаксация ретінде қолдану 4.5.2.2 кеңістікте өз бетімен бағыттала білу (бөлмеде, сахнада)

6) "Халық би элементтері":

7-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
6.1 Теориялық мәліметтер	0.6.1.1 Қазақстан Республикасында көптеген ұлттардың тұратынын және әр ұлт өзінің мәдениетін бірге алып жүретінін білу	1.6.1.1 әр ұлттардың билері туралы ақпараттарды білу	2.6.1.1 Қазақстан Республикасында тұратын әртүрлі ұлттардың әуенін тани білу	3.6.1.1 ұлттық сипатағы еліктеуге тұрарлық жақсы жақтарын көрсете білу	4.6.1.1 халық билерінде ұлттың тұрмыс-тіршілігі, еңбегі, қоршаған табиғаты, махаббат пен достық сезімі көрінетінін түсіндіру
6.2 Қыздарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	0.6.2.1 "Қамажай" биінде бір қимылдан екінші қимылға ауысуын мұғалімнің көсеткен іс-әрекетінен қайталау	1.6.2.1 топта билей алу 1.6.2.2 мұғалімнің артынан қолдың тұру қалыбын (қолдың буынын бүгіп жазу), аяқтың, дененің, бастың қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын қайталау	2.6.2.1 қолдың тұру қалыбын (қолдың буынын бүгіп жазу), аяқтың, дененің, бастың қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын білу 2.6.2.2 мұғалімнің артынан бір шеңберден екі-үш шеңбер құру қимылдарын қайталау, білу	3.6.2.1 билеу кезінде заттарды қолдану (кішкентай домбыра, кесе, гүлдер) 3.6.2.2 би қимылдарынан қыздарға тән қасиеттерді табу: ибалылық, жұмсақтық, ұстамдылық, байсалдылық	4.6.2.1 биде көркем образдың сұлулығын бағалау; 4.6.2.2 шығармашылық белсенділікті іске асыру 4.6.2.3 әртүрлі әуеннің сипатына, динамикасына (қатты, ақырын), регистріне (жоғары, орташа, төмен) сай келетін қимылдар жасау
6.3 ұлдарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	0.6.3.1 "Қара жорға" биінде бір қимылдан екінші қимылға ауысуын мұғалімнің көрсеткен іс-әрекетінен қайталау	1.6.3.1 топта билей алу 1.6.3.2 мұғалімнің артынан қолдың тұру қалыбын (қолдың буынын бүгіп жазу), аяқтың, дененің, бастың қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын қайталау	2.6.3.1 қолдың тұру қалыбын, аяқтың, дененің, бастың қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын білу	3.6.3.1 билеу кезінде заттарды қолдану (қамшы, домбыра)	4.6.3.1 би қимылдарынан ұлдарға тән қасиеттерді табу: күштілік, жігерлілік, батылдық, албырттық, абырой.

7) "Заманауи би элементтері":

8-кесте

--	--

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
7.1 Теориялық мәліметтер	0.7.1.1 танымал билер жайлы қысқаша ақпарат білу	1.7.1.1 заманауи әуендердің ырғағын тани білу	2.7.1.1 заманауи билердің ерекше белгілерінсипатт ау	3.7.1.1 заманауи билердің орындалу мәнерін түсіндіру	4.7.1.1 би элементтерін орындау кезінде би жайлы білетін теорияларын пайдалану
7.2 Кеңістікте сапқа тұру жаттығулары	0.7.2.1 мұғалімнің көмегімен орын ауыстыру қозғалыстарын жасау 0.7.2.2 музыка әуенімен жүру және жүгіру	1.7.2.1 орын ауыстыру қозғалыстарын білу; 1.7.2.2 топпен орындалатын билерде қимылдардыңүй лесімді жасалатынын түсіну және би қимылдарын үйлесімді орындауға талпыну	2.7.2.1 биде ауызша емес қатынас түрлерін қолдану (ым, ишарат, тұрған тұрыс) 2.7.2.2 сақталған анализаторлард ы пайдаланып, танымал билердің қарапайым қимылдарын орындау 2.7.2.3 жұппен жәнетопта орын ауыстыру қозғалыстарын білу	3.7.2.1 сахнада еркін қозғала алуын көрсету; 3.7.2.2 жұппен қозғалыс қимылдарынсені мді жасай білу	4.7.2.1 заманауи билерді орындау кезінде көрерменге өзінің эмоциялары мен сезімдерін көрсете алу 4.7.2.2 сақталған анализаторлард ы пайдаланып, кеңістікте сапқа тұру және қайта сапқа тұружаттығулар ын білу
7.3 Байланыс биі элементтері	0.7.3.1 билердің қарапайым элементтерін білу 0.7.3.2 қол және аяқтың жұмысын көру, есту қабілеттерініңқа былдауымен үйлестіру 0.7.3.3	1.7.3.1 би түзулігін сақтай білу 1.7.3.2 қозғалыс бағытын сақтай білу 1.7.3.3 айналу бағыты; 1.7.3.4 сыныптағы нүктелер	2.7.3.1 биде"шахмат", " шеңбер", " диагональ" түрінде қалай ауысуды түсіну, бөлмеде еркін орын ауыстыру 2.7.3.2 байланыс биі элементтерімен	3.7.3.1 қозғалыстың негізгі түлерін ассиметриялық гимнастиканың элементтерін орындау,бір түзудің бойымен аяқтың ұшымен , биік өкшеменқозғалу ; 3.7.3.2 табанды ары-бері аунату; 3.7.3.3 тізені жоғары көтеріп; 3.7.3.4	4.7.3.1 байланыс биі элементтерін үйренуге дайындалукезін де актерлік мәнерлеу жаттығуларын қолдану 4.7.3.2 биде әртүрлі пішіндерді: төртбұрыш, шеңбер, сызық, бесжұлдыз, жылан, қақпаны оындай білу; 4.7.3.3 байланыс биі элементтерін

	топта билеу		жұбын қалай алып жүруді білу	бетпен жүру; 3.7.3.5 секіріп жүгіру; 3.7.3.6 қол шапалақтап шоқырақтап жүгіру	көрсете білу: "Вару-вару", "Полька", "Рок-н-рол", "Стирка", "Автодром", "Рилио"
--	-------------	--	------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------

8) "Бал билерінің элементтері":

9-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2- сынып	3-сынып	4 - сынып
8.1 Теориялық мәліметтер	0.8.1.1 бал билері туралы қысқаша ақпараттарды білу	1.8.1.1 бал билері кезінде ұл мен қыздың арасындағы қарым-қатынас мәдениетін білу	2.8.1.1 бимен танысу әуен мен бидіңтарихын білуден басталатынын түсіндіру	3.8.1.1 бал билерінің орындалу мәнерін сипаттау	4.8.1.1 биді орындау кезінде бал биі элементтері жайлы білетін теорияларын пайдалану
8.2 Жұппен орындалатын жаттығулар	0.8.2.1 жұппен бидің не екенін білу, музыка әуенімен санауға мән беру арқылы жұбымен қозғала алу,	1.8.2.1 жұппен билегенде би ережелерін сақтау; 1.8.2.2 бидің басында және соңында бас июді білу; 1.8.2.3 бал биі элементтерін орындау барысында дұрыс дене бітімінің маңызын білу	2.8.2.1 би қимылдарын бір-бірімен келісіп жасау; 2.8.2.2 дұрыс дене бітімін сақтай отырып мұғалімнің жасаған қимылдарын қайталау 2.8.2.3 сақталған анализаторларды пайдалана отырып, би қимылдарын әуенмен үйлестіру	3.8.2.1 мұғалімнің көмегімен дұрыс дене бітімін, дене салмағын дұрыс бөлуді, табанның нақты жұмысын, жұпта дұрыс позицияда тұра білуімен қатар жұбын алып жүруін бақылау 3.8.2.2 сақталған анализаторлар арқылы орын ауыстыра отырып қозғалу	4.8.2.1 бидің еденнен басталатынын білу және қай кезде аяқты басу (салмақты қалай бөлетінін), аяқты қалай қоюды (табан қалай жұмыс істейтінін), тізенің не істейтінін, жамбастың не істейтінін, дененің не істейтінін, қолдың қалай қозғалатынын, адамның көзқарасының қалай бағытталғанын ретімен көрсетіп, түсіндіру; 4.8.2.2 бал биі элементтерін көрсету: "Полька", "Сударушка", "Фигурный вальс"

", "Ча-ча-ча", " Венский вальс", "Джайв", "Самба", "Полонез", " Берлинская полька"

51. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 0 - сынып:

10-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өзім туралы Менің мектебім	1. Ырғақ, музыкалық сауаттылықтың элементтері	1.1 Дұрыс дене бітімі және дұрыс жүру амалдары	0.1.1.1 сымбатын сақтауда дұрыс дене бітімінің маңыздылығын түсіну 0.1.1.2 дұрыс жүрудің ерекшеліктерін, табанды дұрыс коюды, дұрыс жүруде тізені қалай коюды білу
		1.2 Әуенді тыңдау	0.1.2.1 әуеннің мінезін сезіну 0.1.2.2 қимыл-қозғалыс кезінде музыкалық фразаны, акценті, жеңіл ырғақтық суреттерді белгілеу 0.1.2.3 әуеннің дыбысын, екпінін анықтай алу
2-тоқсан			
Менің отбасым және достарым	2. Ырғақты гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары	0.2.1.1 қолдың және дененің қозғалысына арналған қарапайым жаттығулар жиынтығын білу 0.2.1.2 оң-сол, жоғары-төменді ауызша белгілеу; 0.2.1.3 оң және сол аяқтан бастап адымдау, басты бұру, оң және сол қолды көтеру және түсіру, қозғалыс кезінде оңға қарай және солға қарай бұрылу, жеңіл жүру, аяқты жоғары көтере отырып ырғақпен жүгіру, бір аяқтан екінші аяққа секіру арқылы жүгіру

		2.2 Арнайы ырғақты жаттығулар	0.2.2.1 қозғалыс ақауын түзетуге бағытталған арнайы жаттығуларды санауға мән беру арқылы қайталай білу
Бізді қоршаған әлем	3. Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар.	3.1 Қимыл мен музыканы байланыстыратын жаттығулар	0.3.1.1 оң-сол, жоғары-төменді ауызша белгілеу; 0.3.1.2 дыбыстар мен әуеннің екпінін ажырата білу
		3.2 Заттармен жаттығулар	0.3.2.1 мұғалімнің көмегімен жаттығуларды белгілі бір музыканың сүйемелдеуімен орындай білу 0.3.2.2 мұғалімнің көмегімен қолда затты ұстап тұрып қолға және денеге арналған қарапайым жаттығуларды орындай алу
		3.3 Билерге дайындық жаттығулары	0.3.3.1 денені дұрыс қою ережелерін меңгеру 0.3.3.2 бөлменің ортасында негізгі жаттығуларды орындау
3-тоқсан			
Саяхат	4. Сюжеттік-рөлдік көріністер	4.1 Еліктеу кейіпкерлеріне негізделген еліктеу жаттығулары мен ойындарын орындау	0.4.1.1 түсінуге жеңіл әндер мен ертегілерді сахналай білу 0.4.1.2 мимика, жест, позатүсініктері жайлы білу
		4.2 Шығармашылық қызмет	0.4.2.1 жеке және топпен жұмыс істеу дағдыларын пайдаланып, ертегілерді сахналау; "Репка", "Үйшік", "Бауырсақ" 0.4.2.2 сахнада бағдарлана білу
	5. Қозғалмалы музыкалық-ырғақты және сөйлеу ойындары	5.1 Әуеннің сүйемелдеуімен затпен ойналатын ойындар	0.5.1.1 би кезінде бір қимылдан екінші қимылға ауысуын мұғалімнің көсеткен іс-әрекетінен қайталау
		5.2 Сөзбен немесе әуенмен сүйемелденетін ойындар	0.5.2.1 ең қарапайым төрт , сегіз жолды өлеңдерді білу және оларды ойын түрінде орындау

Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	6. Халық биі элементтері	6.1 Теориялық мәліметтер	0.6.1.1 Қазақстан Республикасында көптеген ұлттардың тұратынын және әр ұлт өзінің мәдениетін бірге алып жүретінін білу
		6.2 Қыздарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	0.6.2.1 "Қамажай" биінде бір қимылдан екінші қимылға ауысуын мұғалімнің көрсеткен іс-әрекетінен қайталау
		6.3 Ұлдарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	0.6.3.1 "Қара жорға" биінде бір қимылдан екінші қимылға ауысуын мұғалімнің көрсеткен іс-әрекетінен қайталау
4-тоқсан			
Тағам және сусын	7. Заманауи би элементтері	7.1 Теориялық мәліметтер	0.7.1.1 танымал билер жайлы қысқаша ақпарат білу
		7.2 Кеңістікте сапқа тұру жаттығулары	0.7.2.1 мұғалімнің көмегімен орын ауыстыру қозғалыстарын жасау 0.7.2.2 музыка әуенімен жүру және жүгіру
		7.3 Байланыс биі элементтері	0.7.3.1 билердің қарапайым элементтерін білу 0.7.3.2 қол және аяқтың жұмысын көру, есту қабілеттерінің қабылдауымен үйлестіру 0.7.3.3 топта билеу
Дені саудың – жаны сау!	8. Бал билерінің элементтері	8.1 Теориялық мәліметтер	0.8.1.1 бал билері туралы қысқаша ақпараттарды білу
		8.2 Жүппен орындалатын жаттығулар	0.8.2.1 жүппен бидің не екенін білу, музыка әуенімен санауға мән беру арқылы жұбымен қозғала алу,

2) 1 - сынып:

11-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
			1.1.1.1 сапқа тұруда және қайтадан сапқа тұруда дұрыс дене бітімін сақтау

Өзім туралы Менің мектебім	1. Ырғақ, музыкалық сауаттылықтың элементтері	1.1 Дұрыс дене бітімі және дұрыс жүру амалдары	1.1.1.2 дұрыс жүру дағдыларын меңгеру 1.1.1.3 сап бойынша және жұппен қауіпсіз ұимылдау ережелерін білу 1.1.1.4 би бөлмесінде бағдарлана білу
		1.2 Әуенді тыңдау	1.1.2.1 әуеннің ырғағына сай дұрыс дене бітімін сақтай отырып, аяқтың ұшымен дұрыс жүру 1.1.2.2 қимыл-қозғалыста әуеннің мықты такт долясын белгілеу 1.1.2.3 әуеннің негізгі үш жанры жайлы білу: марш -ән-би
2-тоқсан			
Менің отбасым және достарым	2. Ырғақты гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары	1.2.1.1 мұғалімнің көмегімен жаттығулар жиынтығын санау арқылы көрсету 1.2.1.2 санауға мән беруге арналған ырғақты жүру жаттығуларының қарапайым түрлерін білу 1.2.1.3 қол және аяқтың жұмысын көру, есту және тактильді қабылдаумен үйлестіру
		2.2 Арнайы ырғақты жаттығулар	1.2.2.1 санау арқылы қимылдай білу және өз бетімен қозғалыстағы қателіктерді таба білу 1.2.2.2 ырғақты жаттығуларды орындау барысында дұрыс дене бітімінің маңызын түсіну
		3.1 Қимыл мен музыканы байланыстыратын жаттығулар	1.3.1.1 ырғақты өз бетімен анықтау; 1.3.1.2 мықты және әлсіз үлесін бөлу 1.3.1.3 өз қимыл-қозғалысын әуенмен үйлестіру
		3.2 Заттармен жаттығулар	1.3.2.1 музыка басталғанда қимылдарды бастап, дәл музыкалық шығарма аяқталғанда қай кезде қимылдарды аяқтайтынын түсіну

Бізді қоршаған әлем	3. Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар.		1.3.2.2 жаттығуларды орындау барысында заттарды қолданудың ережелерін білу
		3.3 Билерге дайындық жаттығулары	1.3.3.1 сапа тұруда және қайта сапқа тұруда би сызығын ұстай білу 1.3.3.2 қозғалыс бағытын орындау 1.3.3.3 бұрылу бұрыштарын білу 1.3.3.4 сыныптағы нүктелер 1.3.3.5 табанның, тізенің, белдің ашық және жабық күйін білу
3-тоқсан			
Саяхат	4. Сюжеттік-рөлдік көріністер	4.1 Еліктеу кейіпкерлеріне негізделген еліктеу жаттығулары мен ойындарын орындау	1.4.1.1 мұғалімнің көмегімен музыкамен және ауызша емес қимылдар қолданылатын, өлеңдермен сүйемелденетін драмалық қойылымдарға қатысу
		4.2 Шығармашылық қызмет	1.4.2.1 қозғалыстағы мақсаттарға жету үшін өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын пайдалану
	5. Қозғалмалы музыкалық-ырғақты және сөйлеу ойындары	5.1 Әуеннің сүйемелдеуімен затпен ойналатын ойындар	1.5.1.1 ойын кезінде сақталған анализаторлар арқылы қолда затты ұстап тұра білу 1.5.1.2 ойын кезінде заттарды пайдаланудың қауіпсіздік ережелері мен тәсілдерін білу
		5.2 Сөзбен немесе әуенмен сүйемелденетін ойындар	1.5.2.1 қол ұстасып әндетіп ойын ойнай білу 1.5.2.2 ойын кезінде бір шеңберден екі немесе үш шеңберге бөлініп тұра білу
		6.1 Теориялық мәліметтер	1.6.1.1 әр ұлттардың билері туралы ақпараттарды білу
		6.2 Қыздарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	1.6.2.1 топта билей алу 1.6.2.2 мұғалімнің артынан қолдың тұру қалыбын (қолдың буынын бүгіп жазу), аяқтың, дененің, бастың

Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	6. Халық биі элементтері		қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын қайталау
		6.3 Ұлдарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	1.6.3.1 топта билей алу 1.6.3.2 мұғалімнің артынан қолдың тұру қалыбын (қолдың буынын бүгіп жазу), аяқтың, дененің, бастың қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын қайталау
4-тоқсан			
Тағам және сусын	7. Заманауи бидің элементтері	7.1 Теориялық мәліметтер	1.7.1.1 заманауи әуендердің ырғағын тани білу
		7.2 Кеңістікте сапқа тұру жаттығулары	1.7.2.1 орын ауыстыру қозғалыстарын білу 1.7.2.2 топпен орындалатын билерде қимылдардың үйлесімді жасалатынын түсіну және би қимылдарын үйлесімді орындауға талпыну
		7.3 Байланыс биі элементтері	1.7.3.1 би түзулігін сақтай білу 1.7.3.2 қозғалыс бағытын сақтай білу 1.7.3.3 айналу бағыты 1.7.3.4 сыныптағы нүктелер
Дені саудың – жаны сау!	8. Бал билерінің элементтері	8.1 Теориялық мәліметтер	1.8.1.1 бал билері кезінде ұл мен қыздың арасындағы қарым-қатынас мәдениетін білу
		8.2 Жұппен орындалатын жаттығулар	1.8.2.1 жұппен билегенде би ережелерін сақтау; 1.8.2.2 бидің басында және соңында бас июдi білу; 1.8.2.3 бал биі элементтерін орындау барысында дұрыс дене бітімінің маңызын білу

3) 2 - сынып:

12-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
------------------	-------	---------	------------------

1-тоқсан			
Өзім туралы Менің отбасым және достарым	1. Ырғақ, музыкалық сауаттылықтың элементі	1.1 Дұрыс дене бітімі және дұрыс жүру амалдары	<p>2.1.1.1 қимыл-қозғалыс кезінде дұрыс дене бітімін сақтау</p> <p>2.1.1.2 қозғалыс бағыты мен екіпін өзгерісі кезінде дұрыс жүру қимылдарын меңгеру</p> <p>2.1.1.3 сапқа қайта тұру кезінде екіпінді өзгерту және қадағалау</p> <p>2.1.1.4 сахнада бағыттала білу</p> <p>2.1.1.5 өз бетімен кішкентай шеңбер, үлкен шеңбер жасай білу, шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, шеңберді үлкейтіп, кішірейту.</p>
		1.2 Әуенді тыңдау	<p>2.1.2.1 қозғалыс ырғағын тездету және ақырындату</p> <p>2.1.2.2 музыкалық бейнеге сай айқын қозғала білу</p> <p>2.1.2.3 негізгі би жанрлары жайлы білу: вальс, пляска, заманауи би</p>
2-тоқсан			
Менің мектебім	2. Ырғақты гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары	<p>2.2.1.1 әуеннің сүйемелдеуінсіз өлең жолдарын айта отырып, таныс би адымдарын жасау</p> <p>2.2.1.2 сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу</p>
		2.2 Арнайы ырғақты жаттығулар	<p>2.2.2.1 дұрыс дене бітімін сақтай отырып ырғақты гимнастика жаттығуларын өз бетімен орындау</p> <p>2.2.2.2 сақталған анализаторларды пайдалану арқылы сапқа тұрудың ережелерін білу</p>
			2.3.1.1 музыка қол және дене қимылы жаттығуларын өлең жолдарын айту арқылы,

Менің туған өлкем	3. Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар.	3.1 Қимыл мен музыканы байланыстыратын жаттығулар	санауға, әуенмен орындау; 2.3.1.2 мұғалімнің көмегімен қозғалыста әуеннің фразасы мен акцентін белгілеу 2.3.1.3 сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу
		3.2 Заттармен жаттығулар	2.3.2.1 билеу кезінде дене бітімінің тұрқын бақылап және заттарды қалай пайдалануын білу (шляпалар, доптар, шеңберлер) 2.3.2.2 заттармен ойналатын музыкалық-ырғақты ойындарды білу 2.3.2.3 сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу
		3.3 Билерге дайындық жаттығулары	2.3.3.1 дұрыс дене бітімін сақтай отырып, би кезінде "шахмат", "шеңбер", "диагональ" бойынша тұруды түсіну 2.3.3.2 сақталған анализаторларды пайдалану арқылы залда бағдарлана білу
3-тоқсан			
Дені саудың – жаны сау!	4. Сюжеттік-рөлдік көріністер	4.1 Еліктеу кейіпкерлеріне негізделген еліктеу жаттығулары мен ойындарын орындау	2.4.1.1 әуеннің дыбысын тану; актерлік шеберлік дағдысын меңгеру және ойын кезінде рөлді бөле білу 2.4.1.2 музыка туындысындағы ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін жеткізе білу
		4.2 Шығармашылық қызмет	2.4.2.1 өзінің және басқа да шығармашылық тапсырмаларды түсіну 2.4.2.2 қозғалыс іс-әрекетінде шығармашылық таныту

Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	5. Қозғалмалы музыкалық-ырғақты және сөйлеу ойындары	5.1 Әуеннің сүйемелдеуімен затпен ойналатын ойындар	2.5.1.1 ойын кезінде сақталған анализаторларды пайдалану арқылы затпен бірге қозғалу 2.5.1.2 бөлмеде, сахнада бағыттала білу
		5.2 Сөзбен немесе әуенмен сүйемелденетін ойындар	2.5.2.1 сақталған анализаторларды пайдаланып, дұрыс дене бітімін сақтай отырып, қолдың, аяқтың, дененің және бастың қимылын әуенмен бірге көрсету 2.5.2.2 ырғақтық-әуенді және сюжетті ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін көрсете білу
	6. Халық биі элементтері	6.1 Теориялық мәліметтер	2.6.1.1 Қазақстан Республикасында тұратын әртүрлі ұлттардың әуенін тани білу
		6.2 Қыздарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	2.6.2.1 қолдың тұру қалыбын (қолдың буынын бүгіп жазу), аяқтың, дененің, бастың қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын білу 2.6.2.2 мұғалімнің артынан бір шеңберден екі-үш шеңбер құру қимылдарын қайталау, білу.
		6.3 Ұлдарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	2.6.3.1 қолдың тұру қалыбын, аяқтың, дененің, бастың қазақ биіне тән негізгі қимыл қозғалыстарын білу
	4-тоқсан		
		7.1 Теориялық мәліметтер	2.7.1.1 заманауи билердің ерекше белгілерін сипаттау
		7.2 Кеңістікте сапқа тұру жаттығулары	2.7.2.1 биде ауызша емес қатынас түрлерін қолдану (ым, ишарат, тұрған тұрыс) 2.7.2.2 сақталған анализаторларды

Қоршаған орта	7. Заманауи бидің элементтері		пайдаланып, танымал билердің карапайым кимылдарын орындау 2.7.2.3 жұппен жәнетопта орын ауыстыру козғалыстарын білу
		7.3 Байланыс биі элементтері	2.7.3.1 биде "шахмат", "шеңбер", "диагональ" түрінде қалай ауысуды түсіну, бөлмеде еркін орын ауыстыру 2.7.3.2 байланыс биі элементтерімен жұбын қалай алып жүруді білу
Саяхат	8. Бал билерінің элементтері	8.1 Теориялық мәліметтер	2.8.1.1 бимен танысу әуен мен бидің тарихын білуден басталатынын түсіндіру
		8.2 Жұппен орындалатын жаттығулар	2.8.2.1 би кимылдарын бір-бірімен келісіп жасау; 2.8.2.2 дұрыс дене бітімін сақтай отырып мұғалімнің жасаған кимылдарын қайталау 2.8.2.3 сақталған анализаторларды пайдалана отырып, би кимылдарын әуенмен үйлестіру

4) 3 - сынып:
13-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Тірі табиғат Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	1. Бірғақ, музыкалық сауаттылықтың элементі	1.1 Дұрыс дене бітімі және дұрыс жүру амалдары	3.1.1.1 әртүрлі кимыл козғалыс кезінде дұрыс дене бітімін қадағалай білу 3.1.1.2 әртүрлі сапқа тұру кезінде (диагональ, тік сызық, шахмат бойынша) кимылды үйлестіре білу дағдыларын меңгеру 3.1.1.3 бұрылып жүру дағдыларын меңгеру 3.1.1.4 сахнада өз бетімен орын ауыстыра білу
		1.2 Әуенді тыңдау	3.1.2.1 би әуенінің ерекшеліктерін ажырату: марш, вальс, полька, пляска, хоровод

			3.1.2.2 жаттырулардың бастапқы және соңғы аккордтарын тыңдау және түсіну
2-тоқсан			
Уақыт	2. Ырғақты гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары	3.2.1.1 арнайы ырғақты жаттығулар жиынтығын меңгеру 3.2.1.2 орын ауыстыра отырып қозғалу, қозғалыстың негізгі дағдыларының сапасын жақсарту 3.2.1.3 әуеннің әртүрлі мінезіне сай ырғақты, ширақ қимылдау
		2.2 Арнайы ырғақты жаттығулар	3.2.2.1 дене бітімін сақтай отырып, қол позициясын, аяқ позициясын, жұппен тұру позициясын білу 3.2.2.2 ырғақты жаттығуларды орындағанда сапқа тұруда және қайтадан сапқа тұру дағдыларын меңгеру
Сәулет	3. Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар.	3.1 Қимыл мен музыканы байланыстыратын жаттығулар	3.3.1.1 қозғалысты музыкамен бірге бастап, музыкамен бірге аяқтау 3.3.1.2 сахнада және би залында сақталған анализаторларды пайдалану арқылы бағдарлана білу және қимыл-қозғалысты әуенмен үйлестіру
		3.2 Заттармен жаттығулар	3.3.2.1 заттармен орындалатын ырғақты жаттығулардың дағдыларын меңгеру 3.3.2.2 заттармен ойналатын және ауызша емес музыкалық-ырғақты ойындарда өз бетінше бағыттала білу
			3.3.3.1 билерге дайындық жаттығулары кезінде әуеннің мінезіне сай өз бетімен бағыттала білу

		3.3 Билерге дайындық жаттығулары	3.3.3.2 ырғақты суреттерді шапалақтау арқылы жеткізу 3.3.3.3 жұбымен би кезінде арақашықтықты сақтау, шеңбер бойынша қозғалу
3-тоқсан			
Өнер	4. Сюжеттік-рөлдік көріністер	4.1 Еліктеу кейіпкерлеріне негізделген еліктеу жаттығулары мен ойындарын орындау	3.4.1.1 ауызша емес қарым-қатынас түрін қолдану және аң мен құстың әрекетін, көліктің қозғалысын, адамдардың іс-әрекетін көрсете білу; 3.4.1.2 негізгі нүктелер мен қадамдарды анықтай білу
		4.2 Шығармашылық қызмет	3.4.2.1 ырғақты қимылдар мен би элементтерін орындағанда өз рөлі мен басақалардың да рөлін көрсету
Атақты тұлғалар	5. Қозғалмалы музыкалық-ырғақты және сөйлеу ойындары	5.1 Әуеннің сүйемелдеуімен затпен ойналатын ойындар	3.5.1.1 затты би кезінде қолдану 3.5.1.2 ойын кезінде затты пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін меңгеру
		5.2 Сөзбен немесе әуенмен сүйемелденетін ойындар	3.5.2.1 бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшу кезінде өз бетімен бұлшық ет пен қозғалыстан түскен ширығуды жеңілдету
	6. Халық биі элементтері	6.1 Теориялық мәліметтер	3.6.1.1 ұлттық сипатағы еліктеуге тұрарлық жақсы жақтарын көрсете білу
		6.2 Қыздарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	3.6.2.1 билеу кезінде заттарды қолдану (кішкентай домбыра, кесе, гүлдер)
			3.6.2.2 би қимылдарынан қыздарға тән қасиеттерді табу: ибалылық, жұмсақтық, ұстамдылық, байсалдылық
		6.3 Ұлдарға арналған қазақ ұлттық билерінің негізгі қимылдары	3.6.3.1 билеу кезінде заттарды қолдану (камшы, домбыра)

4-тоқсан			
Су – тіршілік көзі	7. Заманауи би элементтері	7.1 Теориялық мәліметтер	3.7.1.1 заманауи билердің орындалу мәнерін түсіндіру
		7.2 Кеңістікте сапқа тұру жаттығулары	3.7.2.1 сахнада еркін қозғала алуын көрсету; 3.7.2.2 жұппен қозғалыс қимылдарын сенімді жасай білу
		7.3 Байланыс биі элементтері	3.7.3.1 қозғалыстың негізгі түлерін ассиметриялық гимнастиканың элементтерін орындау, бір түзудің бойымен: аяқтың ұшымен, биік өкшемен қозғалу; 3.7.3.2 табанды ары-бері аунату; 3.7.3.3 тізені жоғары көтеріп; 3.7.3.4 бетпен жүру; 3.7.3.5 секіріп жүгіру; 3.7.3.6 қол шапалақтап шоқырақтап жүгіру
Демалыс мәдениеті. Мерекелер	8. Бал билерінің элементтері	8.1 Теориялық мәліметтер	3.8.1.1 бал билерінің орындалу мәнерін сипаттау
		8.2 Жұппен орындалатын жаттығулар	3.8.2.1 мұғалімнің көмегімен дұрыс дене бітімін, дене салмағын дұрыс бөлуді, табанның нақты жұмысын, жұпта дұрыс позицияда тұра білуімен қатар жұбын алып жүруін бақылау 3.8.2.2 сақталған анализаторлар арқылы орын ауыстыра отырып қозғалу

5) 4 - сынып:

14-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
			4.1.1.1 айналадағылардың адамды эстетикалық қабылдауында дұрыс дене бітімі мен әдемі келбеттің маңыздылығын түсіну

Менің Отаным – Қазақстан Адами құндылықтар	1. Ырғақ, музыкалық сауаттылық элементтері	1.1 Дұрыс дене бітімі және дұрыс жүру амалдары	4.1.1.2 шеңбер бойынша жүру дағдыларын пайдалану, жұппен жүру, жұппен айналу, шашыраңқы қозғалыс, сақталған анализаторларды пайдалану арқылы әуеннің екпіні мен ырғағына сай кішкентай қадаммен жүру
		1.2 Әуенді тыңдау	4.1.2.1 әуеннің мінезіне сай қимылдарды – анық, қатты, ақырын, байсалды орындау 4.1.2.2 әуен ырғағын есептеу, әуеннің өлшемін тыңдау арқылы анықтау
2-тоқсан			
Мәдени мұра	2. Ырғақты гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары	4.2.1.1 жаттығу жасағанда жалпы дамыту жаттығулар жиынын өз бетімен қолдану 4.2.1.2 арнайы ырғақты жаттығулар жиынын жасағанда бірізділікті сақтау және орындау 4.2.1.3 гимнастикалық жаттығулар жасағанда шығармашылығын таныту
		2.2 Арнайы ырғақты жаттығулар	4.2.2.1 координациясын дамытып, кеңістікті бағдарлау қимыл-қозғалыстарын көрсету; 4.2.2.2 негізгі қозғалыс түрлерін дамытуға және түзетуге арналған жаттығуларды көрсету 4.2.2.3 ассиметриялық гимнастика элементтер
		3.1 Қимыл мен музыканы байланыстыратын жаттығулар	4.3.1.1 әуеннің мінезіне сай сақталған анализаторлар арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын пайдалану 4.3.1.2 әуенге сай жаттығуларды орындау: "секіру", "шоқырақтап жүру", "таптау", "би қадамы", "марш", "

Мамандықтар әлемі	3. Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар.		шапалақтау", "жартылай отырып және толық отырып жүру", "шаг с притопом", "шұқылағыш", "бөлшек кадам"
		3.2 Заттармен жаттығулар	4.3.2.1 әуеннің сипатына сәйкескелетін заттармен жаттығуларды көрсету(қамшы, орамалдар, гүлдер, желпуіштер) 4.3.2.2 ойдан шығару дағдыларын пайдаланып, ойдан шығарылған заттармен жұмыс істей білу
		3.3Билерге дайындық жаттығулары	4.3.3.1 биді үйренуге дайындалукезінде актерлік мәнерлеу жаттығуларын қолдану 4.3.3.2 сақталған анализаторларды пайдалану арқылы тез орындалатын жаттығулардың техникасын меңгеру 4.3.3.3 таныс би қимылдарын түйіндеу
3-тоқсан			
2) оқу бағдарламасының мақсаты кодпен белгіленген. Кодтың бірінші саны сыныбын, екінші және үшінші сандары бағдарламаның бөлімшелерін, төртінші сан оқыту мақсатының нөмірлеуін білдіреді. Мысалы, 1.2.1.4: "1" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірі.

42. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Көзді қорғау":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Көз гимнастикасы	0.1.1.1 көзге арналған қарапайым жаттығуларды білу	1.1.1.1 көзге арналған қарапайым жаттығуларды орындау	2.1.1.1 көзге арналған жаттығулар жиынтығын білу және орындай алу	3.1.1.1 көзге арналған жүйелі жаттығулар жасау	4.1.1.1 көзге арналған жаттығуларды өз бетімен орындау
1.2 Көз гигиенасы	0.1.2.1 көз гигиенасының ережелерін білу	1.1.2.1 көз гигиенасын сақтай білу 1.1.2.2 көзілдірікті күту ережелерін білу	2.1.2.1 көру қабілетін түзетудің заманауи құрылғыларын (көзілдірік, ұлғайтқыш әйнектер) және олардың күтімін білу	3.1.2.1 әйнектегі белгі бойынша дәлдеуге арналған жаттығуларды жасай білу (Аветисов- Мац бойынша) 3.1.2.2 теледидар көргенде, компьютер қолданғанда, ұялы телефон немесе планшет қолданғанда көз гигиенасын сақтау	4.1.2.1 оптикалық түзету құралдарының маңызын түсіну және қолдану ережелерін білу (линзалар, көзілдіріктер, ұлғайтқыш әйнектер) 4.1.2.2 тұруға арналған жаттығуларды жасау, "пальминг" жаттығуы 4.1.2.3 күнделікті көз жарақаттары" деген не екенін

2) "Пішінді қабылдау":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Заттарды тексеру, геометриялық пішіндердің айырмашылығын және кескінін анықтау	0.2.1.1 геометриялық кескіндердің пішіндерін нақты заттардың кескіндері ретінде анықтай білу	1.2.1.1 қарапайым геометриялық пішіндер, көлемді денелер (шар, цилиндр, куб) жайлы білімдерін бекіту 1.2.1.2 сызық түрлерін білу (тік, қисық, үзілген, бөлік)	2.2.1.1 геометриялық пішіндердің комбинациясын анықтау	3.2.1.1 заттарды кескіні бойынша сәйкестендіруді білу 3.2.1.2 конус, призма, эллипсоидты білу	4.2.1.1 трафареттері және үлгілері бойынша геометриялық пішіндердің суретін салу 4.2.1.2 мүсінді контурлы суретпен үйлестіре білу
	0.2.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды	1.2.2.1 геометриялық	2.2.2.1 контурды анықтау және оқшаулау, қоршаған	3.2.2.1	4.2.2.1 күрделі жағдайларда

2.2 Пішіндерді кескіні бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, пішіндерді кескіні бойынша бөлшектерге бөлу	орындау: "Осындай пішіндегі затты тап", "Геометриялық пішінді ата", "Зат пен пішін", "Зат қандай пішіндерден тұрады?", "Керемет қап"	"денелер жиынтығынан көрсетілген геометриялық пішінді анықтау (берілген сурет бойынша пішінді табу)"	ортадағы кескіндерді бөлу, геометриялық кескіндерді және денелерді білу және атау, әртүрлі пішіндегі кескіндерді окшаулау формасы	күрделі геометриялық пішіндерді сараптай білу, құрамдас бөлшектердің барлық конфигурацияларын бөлу	геометриялық кескіндердің суреттерін түсіну және қабылдауды игеру (шулы контур, қабаттасқан суреттер)
2.3 Мозайкамен, конструктормен жұмыс	0.2.3.1 бөлшектенетін мозайкамен жұмыс істей білу, қарапайым символдық суреттерді құрастыра білу	1.2.3.1 бөлшектенетін мозайкамен жұмыс істей білу, қарапайым және күрделі символдық суреттерді құрастыра білу	2.2.3.1 құрылыс материалдарымен конструктор модельдерін құрастыра білу (үй, мұнара, қақпа)	3.2.3.1 ұсақ бөлшекті конструкторлармен құрылыс нысандарын жасай білу	4.2.3.1 жеке белгілері бойынша заттарды топтастыру және көрсету

3) "Түсті қабылдау":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Негізгі түстердің, ароматикалық түстердің, контраст түстердің, қанық түстердің реңдерін ажырата білу	0.3.1.1 негізгі түстердің, ароматикалық түстердің (ақ, сұр, кара) реңдерін ажырата білу, түстің қанықтығы, контрастығы, ашықтығы	1.3.1.1 кемпірқосақ түстерін білу. Түстерді анықтау және қоршаған ортадағы реңдерін білу	2.3.1.1 ұқсас түстер гаммасын (қызыл-сары-сарғыш қызыл-көкшіл-күлгін) салыстыра білу және салыстыру мүмкіндігі болу	3.3.1.1 түстердің қанықтығының азаюы мен артуына қарай қатар бойынша орналастыру (3-тен 7-ге дейін). Аралас түстерді жасай білу	4.3.1.1 қабылданатын заттардың санының артуына, түстер саны, түстердің арасындағы айырмашылықтың азаюына арналған (қызыл және қызғылт сары заттар, бір түсті бірақ әртүрлі реңдегі заттар) жаттығуларды орындау
3.2 Қоршаған ортада нақты	0.3.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Түрлі-түсті автомобильдер",	1.3.2.1 "Көкөністер, жемістер" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру.	2.3.2.1 берілген үлгі бойынша аппликациялар дайындау (3.3.2.1 "карама-карсы түстер" ұғымын білу. Санамақтарды жаттау (Әр аңшы қырғауылдың қайда отыратынын білгісі келеді)	4.3.2.1 үлгі бойынша түстерді кездейсоқ

объектілердің түстерін тани білуге арналған жаттығулар	"Кемпіркосақ", "Кеселер мен тостақтарды таңда", "Әдемі гүл шоғы", "Түс бойынша кескінді боя"	Қол жұмысы мен көру және тактильді қабылдауды үйлестіре білу	кемпіркосақ, түрлі түсті гүлзаржұлдыз, жылы немесе суық реңдегі гүл шоктары)	3.3.2.2 "жыл құстары" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру. Кескінді және боялған құстардың суреттерін салыстыра білу	ретпен орналастыруға арналған жаттығулар
3.3 Түстерді салыстыру және келістіру. "Ауқым" тұжырымдамасы, "жылы және салқын түстер"	0.3.3.1 қоршаған ортадағы нақты заттардың түстерін білу. Қозғалатын заттардың түстерін байқау	1.3.3.1 негізгі түстердің аттарын және олардың реңдерін білу, қоршаған ортада оларды ажырата білу	2.3.3.1 "спектр", "жылы және суық түстер" ұғымын білу 2.3.3.2 қоршаған ортадағы түстердің реңдерін анықтау 2.3.3.3 қанықтығы бойынша түстер гаммасын құрастыру	3.3.3.1 әртүрлі қолөнер бұйымдарын жасағанда ою-өрнек түрінде түстерді үйлестіру	4.3.3.1 пробиркада немесе палитрада аралас түстерді алуға арналған жаттығулар жасау

4) "Заттың көлемін қабылдау":

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа, кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарымен танысу.	0.4.1.1 үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа, кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарын білу	1.4.1.1 суретте және қоршаған ортада үлкен және кішкентай заттарды ажырата білу (ұзындық, кеңдік, биіктік)	2.4.1.1 заттардың нақты көлемін елестете алу. Қарапайым суретерден анықтау	3.4.1.1 заттардың көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы бойынша классификациясына арналған жаттығулады орындау	4.4.1.1 көптеген заттардың ішінен берілген көлемдегі затта таба білу, (берілген заттардың саны 1-ге дейін көбейеді, көлеміне байланысты азаяды)
4.2 Заттарды көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы бойынша	0.4.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау : "Қоршауды ретімен	1.4.2.1 "Жабайы және үй жануарлары"	2.4.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Ретімен қой", "	3.4.2.1 әртүрлі көлемде салынған суреттерді салыстыра білу 3.4.2.2 "Ағаштар мен бұталар", тақырыбы	4.4.2.1 көптеген заттардың ішінен берілген көлемдегі затта таба білу, өзгеріс кезінде сызғышты өлшеу құралы

классификациял ауға арналған жаттығулар, 4-ші артығын табу	құрастыр", "Кім биік, кім аласа", "Ретімен қой"	тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру	Дәл осындай ұзындықтағы жол сал" 2.4.2.2 "Өсімдіктер" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру	бойынша көру қабілетін игеру. Ағаштарды жапырағы бойынша анықтау	ретінде пайдалану 4.4.2.2 көлемді заттардың үш өлшеу мәні болатынын түсіну
------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------	---------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------

5) "Қимыл-қозғалысты қабылдау":

6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
5.1 Қозғалыстың жылдамдық сапасы (тез, ақырын)	0.5.1.1 қозғалыстың жылдамдық қасиеттерін білу және атау (тез, ақырын)	1.5.1.1 қозғалатын заттарды ажырата білу	2.5.1.1 қашықтықтағы объектінің қозғалыс бағытын анықтай білу	3.5.1.1 айнаның алдында өз қимыл-қозғалысына бақылау жүргізе алу, заттардың айнадағы кескіні мен нақты орналасқан жерін ажырата білу	4.5.1.1 дене көлемі мен ракурсы өзгерген жағдайда қашықтықтағы объектінің бағытын анықтай білу
5.2 Алыстағы заттың қозғалыс бағытын анықтауға арналған жаттығулар	0.5.2.1 "Батпырауық және тауық", "Орманда аю..." тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру	1.5.2.1 "Біздің көшедегі автокөліктер" "Әуе шары" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру	2.5.2.1 "Кім шарды тез домалатады", "Кім жылдам?", тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру және көрсету	3.5.2.1 "Әр аумақтың жануарлары" бойынша көру қабілетін игеруге видеофильмдер мен деректі фильмдерді қолдану	4.5.2.1 "Транспорт" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру. Жол қозғалысы ережелерін білу

6) "Кеңістікті қабылдау":

7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
6.1 Мектеп ішінде бағыттала білуді қалыптастыру.	0.6.1.1 асханаға, жатын бөлмеге өз бетімен жол таба білу 0.6.1.2 бөлмені иісі бойынша анықтай білу 0.6.1.3 алға-артқа,	1.6.1.1 бөлме ішінде және жергілікті жерде бағыттала білу, заттардың өзара үйлесімді орналасуын анықтау 1.6.1.2	2.6.1.1 кеңістіктік қашықтық белгілерін түсіну және қабылдау 2.6.1.2 "төменгі, жоғарғы, жағынан, сол жақ - жақын, алыс, оң - алыс, жақын, солға, оңға"	3.6.1.1 нысанның орналасуын ауызша түсіндіре білу 3.6.1.2 есте сақталған анализаторлардың көмегімен кеңістікте	4.6.1.1 кеңістікте және жазықта бағыттала білу қабілетін игеруге арналған жаттығуларды жасау (графикалық көрнекі диктантты орындау) 4.6.1.2

	оңға-солға, жоғары-төмен бағыттарын анықтау және ауызша бағытын көрсету	кеңістікте өзіне және басқа заттарға қатысты қозғалыс бағытын білу, жазық жерде бағыттала білу	ұғымдарын түсіну 2.6.1.3 кабинетте, сыныпта, мектепте, далада кеңістік қарым-қатынастарын орнату	бағыттала білу (есту, көру, иісі, сенсорлық) 3.6.1.3 нысанның микро - және макро жазықтықта орналасуын ауызша түсіндіре білу	заттарды көрсетілген бағыт бойынша кеңістікте және жазықтықта орналастыра білу
6.2 "Жанында, карама-қарсы, жеке, бірге, арасында, жақын" ұғымдарымен танысу	0.6.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Қайда барсаң, соны табасың", "Жиһазды орналастыр", "Шатастыру" Баспалдақпен жүріп өт"	1.6.2.1 "Жиһаз" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру 1.6.2.2 "Жиһазды орналастыр" тақырыбы бойынша дидактикалық ойындар	2.6.2.1 "Менің сыныбым", "Менің қалам" тақырыптары бойынша сюжеттік-рөлдік ойындар көрсету	3.6.2.1 "Менің үйім", "Менің пәтерім" сияқты тақырыптар бойынша көру қабілетін игеру	4.6.2.1 бөлменің, сыныптың жоспарын жасау 4.6.2.2 "Менің мектебім, үйім орналасқан көше" тақырыптары бойынша экскурсия

7) "Күрделі суреттерді қабылдау":

8-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
7.1 Заттарды кескіні бойынша және контурлы кескіні бойынша анықтауға арналған жаттығулар	0.7.1.1 бір сюжетке біріктірілген заттарды мүсіні бойынша және кескінді суреті бойынша анықтауға арналған жаттығулар	1.7.1.1 берілген жоспар бойынша суретке карап әңгіме құрастыру	2.7.1.1 суреттегі заттардың арақашықтығын көру, жақын және алыс орналасқан заттарды атау	3.7.1.1 сюжетті ашатын ақпараттық белгілерін анықтау (суреттейтін сипаттағы көптеген бөлшектер мен бірнеше жоспардың болуы)	4.7.1.1 сюжеттік суреттің ретін бағалау (жеке объектілерді жалпы карау, егжей-тегжейлі карап бөлектеу)
7.2 Басып шығарылған суреттермен жұмыс. Бөлшектері	0.7.2.1 басып шығарылған суреттерге карау, жақын және алыс орналасқан заттарды атау 0.7.2.2	1.7.2.1 басып шығарылған суреттегі заттарды сипаттау 1.7.2.2	2.7.2.1 бір нысанның екінші нысанмен қабаттасқанын суреттен және шын мәнінде түсіну 2.7.2.2 бөлшектерден тұтас сурет құрастыру	3.7.2.1 әрбір нысанды егжей-тегжейлі сипаттау және сараптау, нысандарды салыстыру, белгілі бір жағдайларда қосылған нысандарды тану	4.7.2.1 күрделі сюжетті суретті қабылдай білу 4.7.2.2 өнер туындысын фотосуреттермен көрнекі кескіндерден ажырата білу

бойынша тұтас сурет құрастыру	өң түсін, екінші қатардағы, қосымша түстерді көру	жоспар бойынша суреттер ретімен әңгіме құрастыру	2.7.2.3 оқиғалар орны мен уақытын, ондағы тұлғаларды анықтау және айту	3.7.2.2 бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары ажырату 3.7.2.3 күрделі суретті қабылдаудың дағдыларын меңгеру	4.7.2.3 үлгі бойынша өрнектер мен сызбілім алушырды орындау
-------------------------------	---------------------------------------------------	--------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------

8) "Табиғи заттарды қабылдау":

9-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
8.1 Қолдың ұсақ моторикасын дамыту	0.8.1.1 табиғи материалдарды білу (су, құм) 0.8.1.2 қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған үстел ойындарын үйрену	1.8.1.1 қол жұмысы мен көру және тактильді қабылдау қабілеттерін үйлестіру 1.8.1.2 заттын пішінін, конфигурациясын, түсін анықтау және салыстыру	2.8.1.1 өнер және көркем жұмысының басқа түрлері арқылы (мүсін, кескіндеме, аппликация, дизайн) шығармашылық белсенділігін, қиялын, ойлау қабілетін арттыру 2.8.1.2 бұйымның пішінін, үлесін, құрылымын салыстыру	3.8.1.1 заттың құрылымын саусақпен сипап сезу 3.8.1.2 саусақ ойындарын пайдалана отырып, көрнекі-тиімді ойлау қабілетін дамыту	4.8.1.1 заттың дайындалған материалының құрамын анықтау және сипаттау 4.8.1.2 өз өнімдерінің көркем суреттің (оригами, папье-маше, саз) жасау

9) "Адамды қабылдау":

10-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
9.1 Кескіні, мөлшері бойынша дене бөліктерінің қарым-қатынасындағы динамикалық өзгерістерін қалыптастыру	0.9.1.1 адамның жынысын және жеке дене бөлімдерін білу	1.9.1.1 адамның суретін өз денесімен салыстыру	2.9.1.1 адамның жеке ерекшеліктерін ажырату (сыртқы келбеті, жасы, жынысы) 2.9.1.2 қарастырылып отырған нысанның жеке ерекшеліктерін ажырату: адам, жануар	3.9.1.1 дене бөлімдері пішінінің динамикалық өзгерістерін білу	4.9.1.1 әртүрлі ракурстағы суреттелген адамның пішінін тану (толық бет, профиль, суретте тек бір қол және бір аяғы)

43. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 0-сынып:

11-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
Өзім туралы	1. Көзді қорғау	1.1 Көз гимнастикасы	0.1.1.1 көзге арналған қарапайым жаттығуларды білу
		1.2 Көз гигиенасы	0.1.2.1 көз гигиенасының ережелерін білу
Менің мектебім	2. Пішінді қабылдау	2.1 Заттарды тексеру: геометриялық пішіндердің айырмашылығын және кескінін анықтау	0.2.1.1 геометриялық кескіндердің пішіндерін нақты заттардың кескіндері ретінде анықтай білу
		2.2 Пішіндерді кескіні бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, пішіндерді кескіні бойынша бөлшектерге бөлу	0.2.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Осындай пішіндегі затты тап", "Геометриялық пішінді ата", "Зат пен пішін", "Зат қандай пішіндерден тұрады?", "Керемет қап"
		2.3 Мозайкамен, конструктормен жұмыс	0.2.3.1 бөлшектенетін мозайкамен жұмыс істей білу, қарапайым символдық суреттерді құрастыра білу
Менің отбасым мен достарым	3. Түсті қабылдау	3.1 Негізгі түстердің, ароматикалық түстердің, контраст түстердің, қанық түстердің реңдерін ажырата білу	0.3.1.1 негізгі түстердің, ароматикалық түстердің (ақ, сұр, қара) реңдерін ажырата білу, түстің қанықтығы, контрасттығы, ашықтығы
		3.2 Қоршаған ортада нақты объектілердің түстерін тани білуге арналған жаттығулар	0.3.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Түрлі –түсті автомобильдер", "Кемпірқосақ", "Кеселер мен тостақтарды таңда", "Әдемі гүл шоғы", "Түс бойынша кескінді боя"
		3.3 Түстерді салыстыру және келістіру. "Ауқым" тұжырымдамасы, "жылы және салқын түстер"	0.3.3.1 қоршаған ортадағы нақты заттардың түстерін білу. Қозғалатын заттардың түстерін байқау
		4.1 Үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа,	0.4.1.1 үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа,

Бізді қоршаған әлем	4. Заттың көлемін қабылдау	кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарымен танысу 4.2 Заттарды көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы бойынша классификациядлауға арналған жаттығулар, 4-ші артығын табу	кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарын білу 0.4.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Қоршауды ретімен құрастыр", "Кім биік, кім аласа", "Ретімен қой"
	5. Қимыл-қозғалысты қабылдау	5.1 Қозғалыстың жылдамдық сапасы (тез, ақырын) 5.2 Алыстағы заттың қозғалыс бағытын анықтауға арналған жаттығулар	0.5.1.1 қозғалыстың жылдамдық қасиеттерін білу және атау (тез, ақырын) 0.5.2.1 "Батпырауық және тауық", "Орманда аю..." тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру
Саяхат	6. Кеңістікті қабылдау	6.1 Мектеп ішінде бағыттала білуді қалыптастыру	0.6.1.1 асханаға, жатын бөлмеге өз бетімен жол таба білу 0.6.1.2 бөлмені иісі бойынша анықтай білу 0.6.1.3 алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен бағыттарын анықтау және ауызша бағытын көрсету
		6.2 "Жанында, қарама-қарсы, жеке, бірге, арасында, жақын" ұғымдарымен танысу	0.6.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Қайда барсаң, соны табасың", "Шатастыру", "Баспалдақпен жүріп өт"
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	7. Күрделі суреттерді қабылдау	7.1 Заттарды кескіні бойынша және контурлы кескіні бойынша анықтауға арналған жаттығулар	0.7.1.1 бір сюжетке біріктірілген заттарды мүсіні бойынша және кескінді суреті бойынша анықтауға арналған жаттығулар
		7.2 Басып шығарылған суреттермен жұмыс. Бөлшектері бойынша тұтас сурет құрастыру	0.7.2.1 басып шығарылған суреттерге қарау, жақын және алыс орналасқан заттарды атау 0.7.2.2 өң түсін, екінші қатардағы, қосымша түстерді көру
Тағам және сусын	8. Табиғи заттарды қабылдау	8.1 Қолдың ұсақ моторикасын дамыту	0.8.1.1 табиғи материалдарды білу (су, құм) 0.8.1.2 қолдың ұсақ моторикасын дамытуға

			арналған үстел ойындарын үйрену
Дені саудың – жаны сау!	9. Адамды қабылдау	9.1 Кескіні, мөлшері бойынша дене бөліктерінің қарым-қатынасындағы динамикалық өзгерістерін қалыптастыру	0.9.1.1 адамның жынысын және жеке дене бөлімдерін білу

2) 1-сынып:
12-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
Өзім туралы	1. Көзді қорғау	1.1 Көз гимнастикасы	1.1.1.1 көзге арналған қарапайым жаттығуларды орындау
		1.2. Көз гигиенасы	1.1.2.1 көз гигиенасын сақтай білу 1.1.2.2 көзілдірікті күту ережелерін білу
Менің мектебім	2. Пішінді қабылдау	2.1 Заттарды тексеру, геометриялық пішіндердің айырмашылығын және кескінін анықтау	1.2.1.1 қарапайым геометриялық пішіндер, көлемді денелер (шар, цилиндр, куб) жайлы білімдерін бекіту 1.2.1.2 сызық түрлерін білу (тік, қисық, үзілген, бөлік)
		2.2 Пішіндерді кескіні бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, пішіндерді кескіні бойынша бөлшектерге бөлу.	1.2.2.1 геометриялық денелер жиынтығынан көрсетілген геометриялық пішінді анықтау (берілген сурет бойынша пішінді табу)
		2.3 Мозайкамен, конструктормен жұмыс	1.2.3.1 бөлшектенетін мозайкамен жұмыс істей білу, қарапайым және күрделі симфолдық суреттерді құрастыра білу
Менің отбасым мен достарым	3. Түсті қабылдау	3.1 Негізгі түстердің, ароматикалық түстердің, контраст түстердің, қанық түстердің реңдерін ажырата білу	1.3.1.1 кемпірқосақ түстерін білу. Түстерді анықтау және қоршаған ортадағы реңдерін білу
		3.2 Қоршаған ортада нақты объектілердің	1.3.2.1 "Көкөністер, жемістер" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру. Қол жұмысы мен

		түстерін тани білуге арналған жаттығулар	көру және тактиліді қабылдауды үйлестіре білу
		3.3 Түстерді салыстыру және келістіру. "Ауқым" тұжырымдамасы, "жылы және салқын түстер"	1.3.3.1 негізгі түстердің аттарын және олардың реңдерін білу, қоршаған ортада оларды ажырата білу.
Бізді қоршаған әлем	4. Заттың көлемін қабылдау	4.1. Үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа, кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарымен танысу	1.4.1.1 суретте және қоршаған ортада үлкен және кішкентай заттарды ажырата білу (ұзындық, кеңдік, биіктік)
		4.2 Заттарды көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, 4-ші артығын табу	1.4.2.1 "Жабайы және үй жануарлары" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру
	5. Қимыл-қозғалысты қабылдау	5.1 Қозғалыстың жылдамдық сапасы (тез, ақырын)	1.5.1.1 қозғалатын заттарды ажырата білу
		5.2 Алыстағы заттың қозғалыс бағытын анықтауға арналған жаттығулар	1.5.2.1 "Біздің көшедегі автокөліктер" "Әуе шары" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру
Саяхат	6. Кеңістікті қабылдау	6.1 Мектеп ішінде бағыттала білуді қалыптастыру	1.6.1.1 бөлме ішінде және жергілікті жерде бағыттала білу, заттардың өзара үйлесімді орналасуын анықтау 1.6.1.2 кеңістікте өзіне және басқа заттарға қатысты қозғалыс бағытын білу, жазық жерде бағыттала білу
		6.2 "Жанында, қарама-қарсы, жеке, бірге, арасында, жақын" ұғымдарымен танысу	1.6.2.1 "Жиһаз" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру 1.6.2.2 "Жиһазды орналастыр" тақырыбы бойынша дидактикалық ойындар
		7.1 Заттарды кескіні бойынша және контурлы кескіні бойынша анықтауға арналған жаттығулар	1.7.1.1 берілген жоспар бойынша суретке қарап әңгіме құрастыру

Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	7. Күрделі суреттерді қабылдау	7.2 Басып шығарылған суреттермен жұмыс. Бөлшектері бойынша тұтас сурет құрастыру	1.7.2.1 басып шығарылған суреттегі заттарды сипаттау 1.7.2.2 жоспар бойынша суреттер ретімен әңгіме құрастыру
Тағам және сусын	8. Табиғи заттарды қабылдау	8.1 Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	1.8.1.1 қол жұмысы мен көру және тактильді қабылдау қабілеттерін үйлестіру 1.8.1.2 заттын пішінін, конфигурациясын, түсін анықтау және салыстыру
Дені саудың – жаны сау!	9. Адамды қабылдау	9.1 Кескіні, мөлшері бойынша дене бөліктерінің қарым-қатынасындағы динамикалық өзгерістерін қалыптастыру	1.9.1.1 адамның суретін өз денесімен салыстыру

3) 2-сынып:

13-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары
Өзім туралы	1. Көзді қорғау	1.1 Көз гимнастикасы	2.1.1.1 көзге арналған жаттығулар жиынтығын білу және орындай алу
		1.2. Көз гигиенасы	2.1.2.1 көру қабілетін түзетудің заманауи құрылғыларын (көзілдірік, ұлғайтқыш әйнектер) және олардың күтімін білу
Менің отбасым мен достарым	2. Пішінді қабылдау	2.1 Заттарды тексеру: геометриялық пішіндердің айырмашылығын және кескінін анықтау	2.2.1.1 геометриялық пішіндердің комбинациясынан тұратын объектілерді анықтау
		2.2 Пішіндерді кескіні бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, пішіндерді кескіні бойынша бөлшектерге бөлу	2.2.2.1 контурды анықтау және окшаулау, қоршаған ортадағы кескіндерді бөлу, геометриялық кескіндерді және денелерді білу және атау, әртүрлі пішіндегі кескіндерді окшаулау
		2.3 Мозайкамен, конструктормен жұмыс.	2.2.3.1 құрылыс материалдарымен конструктор модельдерін құрастыра білу (үй, мұнара, қақпа)

Менің мектебім	3. Түсті қабылдау	3.1 Негізгі түстердің, ароматикалық түстердің, контраст түстердің, қанық түстердің реңдерін ажырата білу	2.3.1.1 ұқсас түстер гаммасын (қызыл-сары-сарғыш қызыл-көкшіл-күлгін) салыстыра білу және салыстыру мүмкіндігі болу
		3.2 Қоршаған ортада нақты объектілердің түстерін тани білуге арналған жаттығулар	2.3.3.1 берілген үлгі бойынша аппликациялар дайындау (кемпірқосақ, түрлі түсті гүлзар, жұлдыз, жылы немесе суық реңдегі гүл шоқтары)
		3.3 Түстерді салыстыру және келістіру. "Ауқым" тұжырымдамасы, "жылы және салқын түстер"	2.3.3.1 "спектр", "жылы және суық түстер" ұғымын білу 2.3.3.2 қоршаған ортадағы түстердің реңдерін анықтау 2.3.3.3 қанықтығы бойынша түстер гаммасын құрастыру
Менің туған өлкем	4. Заттың көлемін қабылдау	4.1. Үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа, кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарымен танысу	2.4.1.1 заттардың нақты көлемін елестете алу. Қарапайым суретерден анықтау
		4.2 Заттарды көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, 4-ші артығын табу	2.4.2.1 дидактикалық ойындар мен жаттығуларды орындау: "Ретімен қой", "Дәл осындай ұзындықтағы жол сал" 2.4.2.2 "Өсімдіктер" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру
	5. Қимыл-қозғалысты қабылдау	5.1 Қозғалыстың жылдамдық сапасы (тез, ақырын) 5.2 Алыстағы заттың қозғалыс бағытын анықтауға арналған жаттығулар.	2.5.1.1 қашықтықтағы объектінің қозғалыс бағытын анықтай білу 2.5.2.1 "Кім әуе шарын тез айналдырады?" "Кім тез?" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру және көрсету
			2.6.1.1 кеңістіктік қашықтық белгілерін түсіну және қабылдау 2.6.1.2 "төменгі, жоғарғы, жағынан, сол жақ - жақын, алыс, оң - алыс,

Дені саудың – жаны сау!	6. Кеңістікті қабылдау	6.1 Мектеп ішінде бағыттала білуді қалыптастыру	жақын, солға, оңға" ұғымдарын түсіну 2.6.1.3 кабинетте, сыныпта, мектепте, далада кеңістік қарым-қатынастарын орнату
		6.2 "Жанында, қарама-қарсы, жеке, бірге, арасында, жақын" ұғымдарымен танысу	2.6.2.1 "Менің сыныбым", "Менің қалам" тақырыптары бойынша сюжеттік-рөлдік ойындар көрсету
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	7. Күрделі суреттерді қабылдау	7.1 Заттарды кескіні бойынша және контурлы кескіні бойынша анықтауға арналған жаттығулар	2.7.1.1 суреттегі заттардың арақашықтығын көру, жақын және алыс орналасқан заттарды атау
		7.2 Басып шығарылған суреттермен жұмыс. Бөлшектері бойынша тұтас сурет құрастыру	2.7.2.1 бір нысанның екінші нысанмен қабаттасқанын суреттен және шын мәнінде түсіну 2.7.2.2 бөлшектерден тұтас сурет құрастыру 2.7.2.3 оқиғалар орны мен уақытын, ондағы тұлғаларды анықтау және айту
Қоршаған орта	8. Табиғи заттарды қабылдау	8.1 Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	2.8.1.1 өнер және көркем жұмысының басқа түрлері арқылы (мүсін, кескіндеме, аппликация, дизайн) шығармашылық белсенділігін, қиялын, ойлау қабілетін арттыру 2.8.1.2 бұйымның пішінін, үлесін, құрылымын салыстыру
Саяхат	9. Адамды қабылдау	9.1 Кескіні, мөлшері бойынша дене бөліктерінің қарым-қатынасындағы динамикалық өзгерістерін қалыптастыру.	2.9.1.1 адамның жеке ерекшеліктерін ажырату (сыртқы келбеті, жасы, жынысы) 2.9.1.2 қарастырылып отырған нысанның жеке ерекшеліктерін ажырату: адам, жануар

4) 3-сынып:

14-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары
		1.1 Көз гимнастикасы	3.1.1.1 көзге арналған жүйелі жаттығулар жасау

Тірі табиғат	1. Көзді қорғау	1.2. Көз гигиенасы	3.1.2.1 әйнектегі белгі бойынша дәлдеуге арналған жаттығуларды жасай білу (Аветисов-Мац бойынша) 3.1.2.2 теледидар көргенде, компьютер қолданғанда, ұялы телефон немесе планшет қолданғанда көз гигиенасын сақтау
Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	2. Пішінді қабылдау	2.1 Заттарды тексеру: геометриялық пішіндердің айырмашылығын және кескінін анықтау	3.2.1.1 заттарды кескіні бойынша сәйкестендіруді білу 3.2.1.2 конус, призма, эллипсоидты білу
		2.2 Пішіндерді кескіні бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, пішіндерді кескіні бойынша бөлшектерге бөлу	3.2.2.1 күрделі геометриялық пішіндерді сараптай білу, құрамдас бөлшектердің барлық конфигурацияларын бөлу
		2.3 Мозайкамен, конструктормен жұмыс.	3.2.3.1 ұсақ бөлшекті конструкторлармен құрылыс нысандарын жасай білу выполнять
Уақыт	3. Түсті қабылдау	3.1 Негізгі түстердің, ароматикалық түстердің, контраст түстердің, қанық түстердің реңдерін ажырата білу	3.3.1.1 түстердің қанықтығының азаюы мен артуына қарай қатар бойынша орналастыру (3-тен 7-ге дейін). Аралас түстерді жасай білу
		3.2 Қоршаған ортада нақты объектілердің түстерін тани білуге арналған жаттығулар	3.3.2.1 "қарама-қарсы түстер" ұғымын білу. Санамақтарды жаттау (Әр аңшы қырғауылдың қайда отыратынын білгісі келеді) 3.3.2.2 "жыл құстары" тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру. Кескінді және боялған құстардың суреттерін салыстыра білу
		3.3 Түстерді салыстыру және келістіру. "Ауқым" тұжырымдамасы, "жылы және салқын түстер"	3.3.3.1 әртүрлі колөнер бұйымдарын жасағанда ою-өрнек түрінде түстерді үйлестіру
		4.1. Үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа,	3.4.1.1 заттардың көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы

Сәулет	4. Заттың көлемін қабылдау	кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарымен танысу.	б о й ы н ш а классификациясына арналған жаттығулады орындау
		4.2 Заттарды көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы б о й ы н ш а классификациядлауға арналған жаттығулар, 4-ші артығын табу	3.4.2.1 әртүрлі көлемде салынған суреттерді салыстыра білу 3.4.2.2 "Ағаштар мен бұталар", тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру. Ағаштарды жапырағы бойынша анықтау
	5. Қимыл-қозғалысты қабылдау	5.1 Қозғалыстың жылдамдық сапасы (тез, ақырын)	3.5.1.1 айнаның алдында өз қимыл-қозғалысына бақылау жүргізе алу, заттардың айнадағы кескіні мен нақты орналасқан жерін ажырата білу
		5.2 Алыстағы заттың қозғалыс бағытын анықтауға арналған жаттығулар.	3.5.2.1 "Әр аумақтың жануарлары" бойынша көру қабілетін игеруге видеофильмдер мен деректі фильмдерді қолдану
Өнер	6. Кеңістікті қабылдау	6.1 Мектеп ішінде бағыттала білуді қалыптастыру	3.6.1.1 нысанның орналасуын ауызша түсіндіре білу 3.6.1.2 есте сақталған анализаторлардың көмегімен кеңістікте бағыттала білу (есту, көру, иісі, сенсорлық) 3.6.1.3 нысанның микро- және макро жазықтықта орналасуын ауызша түсіндіре білу
		6.2 "Жанында, қарама-қарсы, жеке, бірге, арасында, жақын" ұғымдарымен танысу	3.6.2.1 "Менің үйім", "Менің пәтерім" сияқты тақырыптар бойынша көру қабілетін игеру
		7.1 Заттарды кескіні бойынша және контурлы кескіні бойынша анықтауға арналған жаттығулар	3.7.1.1 сюжетті ашатын ақпараттық белгілерін анықтау (суреттейтін сипаттағы көптеген бөлшектер мен бірнеше жоспардың болуы)
			3.7.2.1 әрбір нысанды егжей-тегжейлі сипаттау

Атақты тұлғалар	7. Күрделі суреттерді қабылдау	7.2 Басып шығарылған суреттермен жұмыс. Бөлшектері бойынша тұтас сурет құрастыру.	және сараптау, нысандарды салыстыру, белгілі бір жағдайларда қосылған нысандарды тану 3.7.2.2 бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын ажырату 3.7.2.3 күрделі суретті қабылдаудың дағдыларын меңгеру
Су – тіршілік көзі	8. Табиғи заттарды қабылдау	8.1 Қолдың ұсақ моторикасын дамыту	3.8.1.1 заттың құрылымын саусақпен сипап сезу 3.8.1.2 саусақ ойындарын пайдалана отырып, көрнекі-тиімді ойлау қабілетін дамыту
Демалыс мәдениеті. Мерекелер	9. Адамды қабылдау	9.1 Кескіні, мөлшері бойынша дене бөліктерінің қарым-қатынасындағы динамикалық өзгерістерін қалыптастыру	3.9.1.1 дене бөлімдері пішінінің динамикалық өзгерістерін білу

5) 4-сынып:
15-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары
Менің Отаным - Қазақстан	1. Көзді қорғау	1.1 Көз гимнастикасы	4.1.1.1 көзге арналған жаттығуларды өз бетімен орындау
		1.2. Көз гигиенасы	4.1.2.1 оптикалық түзету құралдарының маңызын түсіну және қолдану ережелерін білу (линзалар, көзілдіріктер, ұлғайтқыш әйнектер) 4.1.2.2 тұруға арналған жаттығуларды жасау, " пальминг" жаттығуы 4.1.2.3 "күнделікті көз жарақаттары" деген не екенін түсіну
		2.1 Заттарды тексеру: геометриялық пішіндердің айырмашылығын және кескінін анықтау	4.2.1.1 трафареттері және үлгілері бойынша геометриялық пішіндердің суретін салу 4.2.1.2 мүсінді контурлы суретпен үйлестіре білу
		2.2 Пішіндерді кескіні бойынша	4.2.2.1 күрделі жағдайларда

Адами құндылықтар	2. Пішінді қабылдау	классификациялауға арналған жаттығулар, пішіндерді кескіні бойынша бөлшектерге бөлу	геометриялық кескіндердің суреттерін түсіну және қабылдауды игеру (шулы контур, қабаттасқан суреттер)
Мәдени мұра	3. Түсті қабылдау	<p>2.3 Мозайкамен, конструктормен жұмыс</p> <p>3.1 Негізгі түстердің, ароматикалық түстердің, контраст түстердің, қанық түстердің реңдерін ажырата білу</p> <p>3.2 Қоршаған ортада нақты объектілердің түстерін тани білуге арналған жаттығулар</p> <p>3.3 Түстерді салыстыру және келістіру. "Ауқым" тұжырымдамасы, "жылы және салқын түстер"</p>	<p>4.2.3.1 жеке белгілері бойынша заттарды топтастыру және көрсету</p> <p>4.3.1.1 қабылданатын заттардың санының артуына, түстер саны, түстердің арасындағы айырмашылықтың азаюына арналған (қызыл және қызғылт сары заттар, бір түсті бірақ әртүрлі реңдегі заттар) жаттығуларды орындау</p> <p>4.3.2.1 үлгі бойынша түстерді кездейсоқ ретпен орналастыруға арналған жаттығулар</p> <p>4.3.3.1 пробиркада немесе палитрада аралас түстерді алуға арналған жаттығулар жасау</p>
Мамандықтар әлемі	4. Заттың көлемін қабылдау	<p>4.1. Үлкен-кішкентай, биік-аласа, ұзын-қысқа, кең-тар, жуан-жіңішке ұғымдарымен танысу</p> <p>4.2 Заттарды көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы бойынша классификациялауға арналған жаттығулар, 4-ші артығын табу</p>	<p>4.4.1.1 көптеген заттардың ішінен берілген көлемдегі затта таба білу, (берілген заттардың саны 1, ға дейін көбейеді, көлеміне байланысыты азаяды)</p> <p>4.4.2.1 көптеген заттардың ішінен берілген көлемдегі затта таба білу, өзгеріс кезінде сызғышты өлшеу құралы ретінде пайдалану</p> <p>4.4.2.2 көлемді заттардың үш өлшеу мәні болатынын түсіну</p>
	5. Қимыл-қозғалысты қабылдау	<p>5.1 Қозғалыстың жылдамдық сапасы (тез, ақырын)</p> <p>5.2 Алыстағы заттың қозғалыс бағытын</p>	<p>4.5.1.1 дене көлемі мен ракурсы өзгерген жағдайда қашықтықтағы объектінің бағытын анықтай білу</p> <p>4.5.2.1 "Транспорт" тақырыбы бойынша көру</p>

		анықтауға арналған жаттығулар	қабілетін игеру. Жол қозғалысы ережелерін білу
Табиғи құбылыстар	6. Кеңістікті қабылдау	6.1 Мектеп ішінде бағыттала білуді қалыптастыру	4.6.1.1 кеңістікте және жазықта бағыттала білу қабілетін игеруге арналған жаттығуларды жасау (графикалық көрнекі диктантты орындау) 4.6.1.2 заттарды көрсетілген бағыт бойынша кеңістікте және жазықтықта орналастыра білу
		6.2 "Жанында, қарама-қарсы, жеке, бірге, арасында, жақын" ұғымдарымен танысу	4.6.2.1 бөлменің, сыныптың жоспарын жасау 4.6.2.2 "Менің мектебім, үйім орналасқан көше" тақырыптары бойынша экскурсия
Қоршаған ортаны қорғау	7. Күрделі суреттерді қабылдау	7.1 Заттарды кескіні бойынша және контурлы кескіні бойынша анықтауға арналған жаттығулар	4.7.1.1 сюжеттік суреттің ретін бағалау (жеке объектілерді жалпы қарау, егжей-тегжейлі қарап бөлектеу)
		7.2 Басып шығарылған суреттермен жұмыс. Бөлшектері бойынша тұтас сурет құрастыру	4.7.2.1 күрделі сюжетті суретті қабылдай білу 4.7.2.2 өнер туындысын фотосуреттер мен көрнекі кескіндерден ажырата білу 4.7.2.3 үлгі бойынша өрнектер мен сызбілім алушырды орындау
Ғарышқа саяхат	8. Табиғи заттарды қабылдау	8.1 Қолдың ұсақ моторикасын дамыту	4.8.1.1 заттың дайындалған материалының құрамын анықтау және сипаттау 4.8.1.2 өз өнімдерінің көркем суретін (оригами, папье-маше, саз) жасау
Болашаққа саяхат	9. Адамды қабылдау	9.1 Кескіні, мөлшері бойынша дене бөліктерінің қарым-қатынасындағы динамикалық өзгерістерін қалыптастыру	4.9.1.1 әртүрлі ракурстағы суреттелген адамның пішінін тану (толық бет, профиль, суретте тек бір қол және бір аяғы)

Сноска. Приказ дополнен Приложением 261 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Пространственная ориентировка" для незрячих и слабовидящих обучающихся 0-4 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы оқу-нормативтік құжаты болып табылады. Әрбір оқыту пәнінің оқу мазмұны мен білім көлемі, көру қабілеті бұзылған білім алушылардың білім, білік дағдыларына, жас ерекшеліктеріне, танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес анықталады.

3. Оқу бағдарламасы білім алушылардың пәндік салалар бойынша білім, білік дағдыларын саналы түрде игеруі үшін әр пәнде қолданылатын әдістемелік әлеуетті пайдалануға, оқу, жобалық іс-әрекет тәсілдерін қабылдау арқылы дербестегін жоғары деңгейде дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау дағдыларын меңгеруге бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың білім беру мекемлеріндегі оқу процесін ұйымдастырудағы дәстүрлі оқу-нормативтік құжаттарының қызметтері жаңаша педагогикалық сипатта үйлесімді сабақтасқан. Оқыту тәсілдері пән бойынша оқу бағдарламасының құрылымын құруда негізгі бағыт беруші болып табылады.

5. Құндылық, әрекеттік, тұлғалық бағдарлау, коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде коррекциялық процестің білім беру нәтижелері мен оқыту мақсаттарының басым жүйесін нығайту үшін, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Заманауи кезеңде көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі, түрлі білім беру жағдайларында: арнайы білім беру мектептерінде, инклюзивті білім беру, үйден оқыту жағдайында, білім алушының жоғарғы деңгейде белсене жұмыс істеуін ұйымдастыру болып табылады.

7. Көру қабілеті бұзылған білім алушылардың белсенді танымдық іс-әрекеттері, психологиялық-педагогикалық түзете қолдаудың барлық қатысушыларымен бірлескен шығармашылық жағдайында, қолдау көрсетуінде, өзара қарым-қатынас жағдайында тұрақты түрде дамиды.

8. Көру қабілеті бұзылған білім алушыларды арнайы (коррекциялық) оқыту және тәрбиелеуде педагогикалық процестің қатысушылары болып ұстаздар, психологтар, әдіскерлер, дәрігерлер табылады. Арнайы дайындалған, дефектологиялық білімі бар ұстаздар мен тәрбиешілер педагогикалық процесте үлкен рөл атқарады. Бұл мамандар білім беруде, тәрбиелеуде, түзете-дамытуда тифлопедагогиканың тәжірибелік міндеттерін шешеді.

9. Арнайы оқытудың коррекциялық циклінің пәндік оқу бағдарламалары танымдық және әлеуметтік іс-әрекеттерінде компенсаторлы мүмкіндіктерін барынша пайдалануда, әдістемелік және арнайы техникалық құралдарды қолдануда көру қабілеті бұзылған білім алушылардың белсенділігін дамытады.

10. Түзету қызметі осы пәннің мақсатына жету шеңберінде, ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың өкілімен бірлесе ұйымдастырылады.

11. Білім алушылардың пәннің мазмұнын қабылдау процесінде және оның құрылымы мен мақсатына жету үшін, ақпаратты іздеу, талдау, қолдану, ақпаратпен, ойлармен бөлісу үшін бірлесу, нұсқаулықтар мен құрал-жабдықтарды кең бағытта қолдана отырып жұмысты бағалауларды қоса отырып ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

12. Оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелер оқу бағдарламасының мазмұнын анықтайтын негізі ретінде, оқытудың мақсаттарының жүйесі түрінде көрсетілген.

13. Бұл бағдарламаның негізгі аспектісінде белгілі пәннің білім алушының тәрбиесінде субъект ретінде өзінің оқуы мен тұлғааралық қарым-қатынасының мазмұны ашылады.

14. Оқыту бағдарламалары оқытудың және тәрбиелеудің міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім берудің нақты пәнін оқытуда мақсат жүйесімен бірге мектеп бітіру нәтижесі бойынша оқыту құндылықтары мен өзара байланыс нәтижелерін қамтиды.

15. Оқыту бағдарламаларының ерекшелігі пәндік білімін және біліктілігін ғана емес, кең ауқымды дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Жүйелі мақсаттардың қойылуы оқытудың негізгі дамытушы бөлімдері: функционалдық және шығармашылық білімін, сыни көзбен ойлауын ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану, жеке және топтық жұмыс жасау, мәселелерді шешу және шешімдерді қабылдау болып табылады. Кең ауқымды дағдылар білім алушылардың мектептегі білім беру практикасында ғана емес, мектептен кейінгі болашақтың да кепілі.

16. Заманауи жаңалықтар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушыларға жағдаятты талдау, бағалау, тың ой және міндетті шешудегі мәліметтерді, алған

білімдерін шығармашылық тұрғыда қолдана білу және жаңа ойларды синтездеу мен мәлімдеу сияқты дағдыларын қалыптастырады. Бастамалық, қызығушылық, өзгерістерге дайын болу, коммуникабельді болу сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып келеді.

17. Күнделікті білім беру мазмұны пән бойынша оқытудың мақсатына бағытталады және білім алушының алған білімін шығармашылық тұрғыда қолдана білуін, білім, білік дағдыларын кез келген оқу және өмірлік жағдаяттарда, жетістікке жетудегі ұстанымдылығын, өмірінің барлық кезеңдерінде үйренуін, қолдана білуін қалыптастырады.

18. Тұлғалық сапасының дамуында кең ауқымдағы дағдыларымен органикалық бірігуі "қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік", "сыйластық", "әріптестік", "еңбек және шығармашылық", "өмірінің барлық сәтіндегі білім алуы" біліктіліктерінің базалық құндылықтарын меңгеруінің негізі. Бұл құндылықтар білім алушының мінез-құлқын күнделікті қызметке ынталандыратын бағдарлауда мықты тұлғаның қалыптасуын қарастырады.

2-тарау. "Кеңістікте бағдарлау" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

19. "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің маңыздылығы: арнайы түзете оқыту компоненттерінің негізгі пәндерінің бірі болып табылады және көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушылардың тәрбиесі, тұлғалық танымдылығын жан-жақты көрсете білуі тек оқу-тәрбие процесінде ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік тұрғыда жеткен деңгейлері, көрмейтін жандардың өзіндік қалауларын өз бетінше қанағатандыра алатын, өз әлеуметтік қиындықтарын шеше алуын, өзін шынайы бағалауы және қоғамдағы адамдармен тең деңгейде қатынаста болуын қамтамасыз етеді.

20. Бастауыш сыныпта "Кеңістікте бағдарлау" пәнін оқыту мен меңгерту төмендегілерге бағытталады:

1) көру функцияларының компенсациясы, білім алушының психологиялық және физикалық дамуын түзету;

2) білім алушылардың кеңістікте бағдарлаудан алған білім, білік дағдыларын өмірде қолдана білуіне көмек беру мен қолдау көрсету, кедергісіз орта қалыптастыру.

21. "Кеңістікте бағдарлау" пәні бағдарламасы концентрикалық әдіспен, бір материалды келесі сыныптарда ауқымды көлемде қайталап мазмұнын күрделендіріп, тереңдетіп және жеке элементтерін нақтылауға құрылған.

22. "Кеңістікте бағдарлау" пәні бірнеше пәндердің білімдерінен құралатын интеграциялық курс; "Дүниетану", "Өзін-өзі тану" қоғамдық өмірдегі басты принциптерді саналы қабылдауына және өмірде өз орнын табуға көмектеседі; "Математика" - математикалық терминдерді қолдану; "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету", "Мимика және пантомимика" - вербалды және вербалды емес

коммуникацияларының біліктілігін дамыту, "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын пайдалану; "Бейімделген дене шынықтыру" және "Емдік дене шынықтыру" - қимылдың координациясына көмектеседі.

23. "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің мақсаты – көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың қоршаған орта туралы біркелкі (біртұтас) түсініктерін қалыптастыру, жеке тұлғаның одан әрі жақсы дамуына септігін тигізетін қоғамнан оңашалануды жеңу, кеңістікте бағдарланудың ортақ (жалпылама) амалдарын меңгеру болып табылады.

24. Қойылған мақсаттың іске асырылуында бағдарлама мынадай тапсырмаларды шешуді қарастырады:

- 1) білім алуға жағымды ынталандыру;
- 2) қоршаған орта жайлы түсінігінің кеңеюі және жиынтығы, нысан және заттың сапасы мен құрамын елестету;
- 3) кеңістіктік терминдерді түсінуді қалыптастыру және оларды өздігінен қолдана білуі;
- 4) кеңістіктік ойлауды, микро және макро кеңістік туралы және сақталған анализаторларды қолдана отырып, ондағы нысандардың орналасуы жайлы ақпараттарды алу дағдыларын дамыту;
- 5) практикалық бағдарлауда кеңістік туралы алған полисенсорлық ақпаратты пайдалануға үйрету;
- 6) топографиялық түсініктерді қалыптастыру, оларды шынайы кеңістікте сезініп, қолдана білу;
- 7) көрмейтін білім алушылардың көретін құрдастарымен және ересектермен кеңістікте бірлесе бағдарлауға үйрету;
- 8) тифлотехникалық құралдар көмегінің тәсілдерімен (трость, локатор, дыбыстық белгілер мен бағыт беру жүйесі) кеңістікте бағдарлауды меңгеру.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

25. Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды (көрмейтін және нашар көретін) оқыту мен тәрбиелеудің арнайы типтік оқыту жоспарына жалпы білім беретін пәндерден бөлек коррекциялық цикл пәндері енгізіледі.

26. Коррекциялық цикл көру қабілеті бұзылған білім алушыларға арналған арнайы түзету сабақтары арқылы іске асырылады, олардың әрқайсысы, оңалту, түзете орнын толтыру сияқты шаралары бар өзінің нақты міндетін атқарады (кеңістікте бағдарлау сабағы, әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау, тіл кемістігіндегі кемшіліктер, мимика және пантомимика).

27. Көру қабілеті бұзылған білім алушыларға түзету пәндерін жүргізу олардың әлеуметтік ортаға, белсенді сөйлеу ортасына енуін, қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлғайтуын, эмоционалдық тонусын түзетуін қамтамасыз етеді, оқытудың негізгі кезеңдерін, сонымен қатар, бағдарлау кезеңдері мен өзін-өзі бақылауын, өзіндік

бағалауын және танымдық-оқыту қызметінің мақсатын жақсартуды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

28. Көру қабілеті бұзылған білім алушылармен жүргізілетін түзету сабақтары кешенді түрде, диагностика, даму, түзету, оқу мен тәрбиелеу мәселелерін: арнайы мамандармен (тифлопедагогтармен), офтальмологтармен, логопедтермен, арнайы психологтармен, психоневрологтармен (қажетінше) және басқа мамандармен қаралады.

29. Көрмейтін білім алушыларды оқыту құндылық-бағдарлау, тұлғалық- бағдарлау, іс-әрекеттік, дифференциалды, коммуникативтік қатынас пен ақпараттық коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) негізінде жүзеге асырылады.

30. "Кеңістікте бағдарлау" пәнін оқытуда құндылықты-бағдарлау қатынасы болса, білім алушыларға белгілі бір құндылықты таңдауға мүмкіндік береді: өзінің жеке қауіпсіздігіне жауапкершілікті сезінуге, өз денсаулығы мен өмірін, жанұясын, табиғатты, адамзат бағалауға және шындық пен мейірімділікті түсінуге тәрбиелейді. Бұл құндылықтар тұлғаны ынталандырудың маңызды факторы ретінде тәртібі мен әрекеттеріне жол сілтейді. Әр сабақта, орта білім берудегі ұлттық құндылық "Мәңгілік ел" идеясының негізіндегі, қазақтың патриоттық және азаматтық жауапкершілік тәрбиесіне үлкен мән бере оқытылады. Білік пен дағыдыға үйрету барысында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері қарастырылған.

31. Тұлғалық-бағдарлау тұлғаның мінез-құлқындағы жаңа модельдің қалыптасуына мүмкіндік жасап, күнделікті өмірде қалыпты көретін адамдармен қатынасқа даярлайды. Тұлғалық-бағдарлаудың мақсаты оқыту процесінің даралығы, тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, Кеңістікте бағдарлау сабақтарында шығармашылық қабілетінің толықтай ашылуы және әлеуметтік-маңызды тұлғалық сапасын тәрбиелеу (белсенділік, мақсатқа жетудегі табандылық, ұқыптылық, батылдық, мәмлегершілдік, сыпайылық), психикалық процестегі эмоционалды-еріктік ортаны түзету (жадының Кеңістікте ойлауы, назардың кезеңді талдауы арқылы) және полисенсорлық дамуы.

32. Кеңістікте бағдарлау сабақтарындағы әрекеттік қатынас дамудың және практикалық білік пен дағдыларын түзетуде жүзеге асырылады. Оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі ақпаратты-қабылдау; ізденіс; оқылатын материалдың қайта-қайта қайталануынан және дағдылардың автоматтандырылған меңгеруінен тұратын, репродуктивті. Практикалық іс-әрекеттердің негізгі түрлері олар: практикалық жаттығулар, тренингтер және экскурсиялар, бұл іс әрекеттер білім алушыға теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолданылуына мүмкіндік береді. Өз беттерінше іс-әрекетті қолдану:

1) сұрақ қойып, қорытынды жасау; әртүрлі қиын маршрутты құрастыруда және оқу және танымдық міндеттерді шешу үшін, модельдер мен схемаларды түрлендіру, жасап шығару, қолдану;

2) нәтижеге қол жеткізу барысында өзінің іс-әрекетін бақылау, бағдарлауға және мобилдікке байланысты жағдайдың өзгеруіне қарай іс-әрекетін түзету; оқу міндеттерінің орындалуын, оны шешудегі өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалау;

3) дағдылар мен әдіс-тәсілдерді тиімді қабылдауы үшін білім алушыларға ойын технологиясын: саяхат, сахналық, сюжетті-рөлдік, жағдаятты, дидактикалық, қозғалысты ойындарды көп қолданады. Ойын барысында көрмейтін білім алушы қоршаған ортаны белсенді түрде тани бастайды, басқа адамдардың, ұжымның ой-пікірімен санасады,соңғы нәтижені болжай алады;

4) ойын түрлерін оқытудың әдісі ретінде қолдану, білім алушылардың танымдық қызығушылығын қарқындатады. Ойында шынайы заттарды және тифлотехнологиялық құралдарды қолданады: тактильді жолдар; шулы заттар; дыбыс шығаратын доптар, "Кузнечик" кешені, "Ориентир" құралы сияқты.

33. Кеңістікте бағдарлаудағы дифференциалды тәсіл әр түрлі топтағы білім алушыларға білім беруде, оқу процесін мамандандыруын білдіреді, жастарына, физикалық болмысына, психологиялық жағдайына, офтальмологиялық аспектісіне қарай, көру қабілетін ескере отырып және қосымша дефектілеріне қарай мынандай топтарға бөлінеді: мүлдем көрмейтін және ішінара көру қабілеті бар,нашар көретін білім алушылар:

1) қоршаған ортада кеңістікте бағдарлау дағдыларының дифференциалды тәсілі, білім алушылардың көру қабілетіне қарай, топқа бөлуді, оның ішінде үш топқа бөліп оқытуды қарастырады. Бірінші топтағы білім алушылар оқу бағдарламасын өз беттерінше толығымен меңгере алады; екінші топтағы білім алушылар оқу бағдарламасын меңгереді, бірақ оны жасаған кезде аздаған қателіктер жібереді; үшінші топ білім алушылары оқу бағдарламасын жартылай меңгереді және өз беттерінше жасай алмайды. Олар үшін дараланған түзетудің әдістері көрсетілген, жеке қолдау картасы жасалынады;

2) дифференциалды жұмысты ұйымдастырудың басты шарты болып, күрделілігіне, танымдық қызығушылығына, мұғалімнің берген көмегіне қарай, дифференциалды тапсырмаларды пайдалану болады.

34. Кеңістікте бағдарлаудың коммуникативті жолдары білім алушы мен мұғалім, құрдастары,үлкендер және сүйемелдеуші арасындағы өзара ауызекі сөйлесу процесі кезіндегі білімі, біліктілігі мен дағдыларымен бөлісуін білдіреді, оқушы мен мұғалім арасында сөздік қарым қатынаста шеберлігін көрсету. Коммуникативті қызмет, сезім тактісіне, мейірімділікке, сыпайылыққа, мәмлегершілдікке негізделген тұлғааралық өзара қатынасты ұсынады. Ауызекі сөйлесу процесінде білім алушылар іскерлік пен оқу ынтымақтастығын орнатуы, ортақ бір шешім табуға және шиленіскен жағдайда позициялардың келісуімен және өзара қызығушылықтарын есепке ала отырып,

шешіледі, құрдастарының ой-пікірлерін сыйлау, тұжырымдау, дәлелдеу және өз пікірін қорғау, саналы түрде ауызекі сөйлеу тәсілдерін пайдалану, дөрекі және білім алушыға жат лексика қолданбайды.

35. Ақпаратты коммуникативті технологияларды қолдану:

1) АКТ-ды пайдаланудағы құзыреттілік базалық АКТ дағдыларында құрылады және жұмыста, демалу кезінде, коммуникацияда дұрыс және шығармашылықпен пайдалануды қамтиды;

			4.7.2.1 владеть знаниями о разновидностях дорожных знаков; классифицировать их по форме, цвету, группам

Природные явления	7. Ориентировка в свободном пространстве	7.2 Правила дорожного движения	4.7.2.2 при помощи макетов моделировать структуру улицы и выбирать тактику безопасного передвижения по ней 4.7.2.3 обмениваться информацией о правилах дорожного движения посредством каналов связи дистанционного обучения
Охрана окружающей среды		7.3 Транспорт	4.7.3.1 владеть правилами и общекультурными нормами поведения в салоне транспорта 4.7.3.2 владеть правилами обхождения транспорта
		7.4 Город, в котором я живу	4.7.4.1 соотносить расположение улиц в городе со сторонами горизонта и опорными ориентирами 4.7.4.2 собрать информацию о родном городе в Интернете и подготовить презентацию
	8. Культура общения	8.1 Привитие национальных и культурных ценностей в общении	4.8.1.1 анализировать, критически оценивать и контролировать свою коммуникативную деятельность 4.8.1.2 осознать ценность обычая казахского гостеприимства посредством ролевой игры "Мы идём в гости"
4 четверть			
Путешествие в космос	9. Ориентировка и мобильность	9.1 Ориентировка в столовой	4.9.1.1 самостоятельно передвигаться до столовой из любой точки здания школы; 4.9.1.2 подготовить презентацию "Правила этикета за столом"
Путешествие в будущее		9.2 Развитие двигательных навыков и	4.9.2.1 осознать значимость здорового образа жизни для успешной социализации в обществе 4.9.2.2 знать правила техники безопасности

	использование вспомогательных средств при передвижении	при обращении с тростью и передвигаться в пространстве при помощи трости
--	--------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------

Приложение 263
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 263 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Социально-бытовая ориентировка" для незрячих и слабовидящих обучающихся 0-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұны мен олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері көру қабілеті нашар және көрмейтін білім алушыларға арналған мектепте заманауи білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдермен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарланған, коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру, түзету үрдісі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылды, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту үрдісінің негізгі талаптарының бірі үй жағдайында, инклюзивті білім беру шартында, арнайы

мектепте, сонымен қатар, әртүрлі білім беру жағдайында білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады.

7. Білім алушының танымдық қызметінің белсенділігі психолого-педагогикалық түзете қолдау көрсететін барлық қатысушыларының бірлесіп шығармашылықпен айналысуы мен серіктес болған жағдайда жүзеге асырылады.

8. Педагогикалық үрдісінің қатысушылары педагог, психолог, әдіскер, медицина қызметкерлері және көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы білім беру мен тәрбиелеудің басқа да қызметкерлері болып табылады. Сонымен қатар, дефектология мамандығы бойынша білімі бар педагогтар мен тәрбиешілер маңызды рөл алады. Бұл мамандар тәжірибе барысында тифлопедагогиканың оқыту, түзете-дамытушылық, тәрбиелік міндеттерін айқындайды, шешу жолдарын қарастырады.

9. Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды арнайы оқыту мен тәрбиелеудің пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттырады.

10. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

11. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/ жағдайлар жасайды.

12. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

13. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

14. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастық қағидасына және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыру қамтамасыз етеді.

15. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу,

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейінде жетістігінің кепілі болып табылады.

16. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеруіне себепші болады. Жігерлілік, білуге құмарлық, өзгерістерге дайын болу, байланысқа бейімділік сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

17. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

18. Жеке қасиеттердің кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

19. Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды (көрмейтін және нашар көретін) арнайы оқыту мен тәрбиелеуде "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" коррекциялық компоненттерінің негізгі пәндерінің бірі болып табылады.

20. Бастауыш мектепте "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнін меңгеру білім алушыларға мынандай мүмкіндік береді: көруі шектелген жандардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мен көруі қалыпты адамдардың ортасына шоғырлануына мүмкіндік туғызады. Өз мінез-құлықтарын, жүріс-тұрысын ұйымдастыру және әр түрлі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларда айналасындағы адамдармен араласу көру мүмкіндігі шектеулі білім алушының оқудан тыс кездегі өмірде болатын жағдайда өз бетімен бейімделуіне, өздігінен өмір сүру жағдайында кездесетін заттар мен құбылыстар туралы дұрыс түсінік алуларына, қоғамда өзін басқа адамдармен теңбе-тең ұстай білу дағдыларын меңгеруге және өзін қоғамның толыққанды, толыққұқықты мүшесіндей сезінуге мүмкіндік береді.

21. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқыту бағдарламасы жүйелілік тәсілі негізінде құрылған. Себебі, бір оқу материалы алдағы сыныпта қайталанып, білім мазмұнындағы элементтері нақтыланып, күрделеніп және тереңдетіліп келеді.

22. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" (бұдан әрі - ӘТБ) пәні бірнеше пәндердің білімдері біріктірілген курс болып табылады: "Дүниетану", "Өзін-өзі тану" қоғам өмірінің негізгі принциптерін түсінуге және өз орнын анықтауға мүмкіндік береді; "Математика" – математикалық терминдерді сараптауға; "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету", "Мимика және пантомимика" – вербальді және вербальді емес коммуникация дағдыларын дамыту; "Кеңістікте бағдарлану" – жабық және ашық кеңістікте бағдарлана алу; "Бейімделген дене шынықтыру" - өз психикалық және дене денсаулығын нығайтуға және түсінуге ынталандырады; "Түзету ырғағы" – өз денесін басқара алу.

23. ӘТБ пәнінің мақсаты: көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың қоғамда өзін адамдармен теңбе-тең ұстай білуі туралы біртұтас білім, біліктілік, дағды жүйесін қалыптастыру және заманауи жағдайға әлеуметтік-психологиялық бейімделулерін қамтиды.

24. Алға қойылған мақсатты іске асыру үшін нақты бағдарлама төмендегідей міндеттерді болжайды:

1) күнделікті тұрмыста пайдаланылатын заттар туралы нақты түсініктер беру, олардың міндеттері және пайдалану ережелері;

2) тұрмыста, көруі қалыпты адамдар ортасында, қоғамдық орындарда, әртүрлі жағдайда өзін мәдениетті ұстай білу дағдыларын қалыптастыру;

3) білім алушылардың бойында өз мінез-құлқын, сырт келбетін бақылай білу тәсілдерін тудыру, әртүрлі жағдайларда адамдармен қарым-қатынас жасай білу, әңгіме жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру;

4) сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту, коммуникативті дағдыларының дамуы мен мәселерін шешу жолдарын табу;

5) жүйке жүйесінің әр алуан түріне байланысты адамдардың өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктерімен танысу;

6) жеке гигиеналық тазалықты сақтау ережесі туралы білімдерін қалыптастыру;

7) өзіне-өзі қызмет көрсету процесінде манипуляциялық әрекеттері мен қимыл-қозғалыстарын жақсарту мақсатында бағалау;

8) адамгершілік қасиеттерінің дамуы маңызды екенін түсіне отырып үздіксіз өзін-өзі дамыту.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

25. Көру қабілеті зақымдалған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларды арнайы оқыту мен тәрбиелеудің типтік оқу жоспарында тек жалпы білім беру пәндерімен қатар түзету циклдері де енгізілген.

26. Түзету циклі көру қабілеті зақымдалған білім алушылар үшін арнайы түзету сабақтарында түзете орын толтырушылық, оңалту шараларын жүргізуді көрсететін өзінің нақты міндеттерін шешу (кеңістікте бағдарлау, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, сөйлеу тіліндегі жеткіліксіздіктерді жеңе білу, мимика және пантомимиканың дамуы бойынша сабақтар) барысында жүзеге асырылады.

27. Түзету пәндерін енгізу көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды әлеуметтік ортаға, белсенді сөйлеу тілі ортасына қосылуына, қимыл-қозғалыс әрекеттерін жоғарлатуға, эмоциялық екпіндерін тепе-теңдікте ұстауға, оқу әрекетінің негізгі кезеңдерін, бағдарлау және өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға, оқу-танымдық әрекеттерін жақсартуға мүмкіндік береді.

28. Көру қабілеті зақымдалған білім алушылармен жүргізілетін түзету сабақтары кешенді сипатта болады. Оқыту, тәрбиелеу, түзету, дамыту, диагностикалау бойынша мәселелерді арнайы мамандар жұмыс жасайды: арнайы педагог (тифлопедагог), офтальмолог, логопед, арнайы психолог, арнайы жағдайда- психоневролог.

29. Көрмейтін білім алушыларды оқыту танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипатқа бағытталу негізінде, оның ішінде АКТ-ға тәсілді қолдана отырып жүзеге асырылады.

30. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнін оқытуда құндылыққа бағытталған тәсіл білім алушы өз құндылықтарын таңдауға мүмкіндік алады: өзінің өмір қауіпсіздігіне жауаптылығын, денсаулығына, отбасына, өміріне, табиғатқа, жалпы адаммен қарым-қатынас құндылығын, мейірімділік және шынайылықты түсіну. Бұл құндылықтар жеке тұлға мотивациясының негізгі факторы ретінде мінез-құлқ пен іс-әрекетін жетілдіреді. Орта білім берудегі құндылықтардың идеялық негізі – " Мәңгілік ел" ұлттық идея құндылықтары болып табылады. Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрметтеу, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу болып айқындалған. Оқу іс-әрекетінде білік пен дағдыны меңгерту барысында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі ескеріледі.

31. Жеке тұлғаға бағдарлану тәсілінің мақсаты оқу процесін жекешелендіру болып әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарында білім алушының жеке тұлғасын жан-жақты дамыту және үйлесімді қалыптастыру, тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, шығармашылық қабілетін ашу, (еңбекқор, ұқыптылық, шыдамдылық, өз өмір қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау, қойылған мақсатқа жетуге ұмтылу, сыпайы болу, ұрыс-керістердің болуына жол бермеу), психикалық процестің эмоционалды ерік-жігер сферасын түзетуге (логикалық және көрнекі ойлау, есте сақтау) және полисенсорлық қабылдауын дамытуға мүмкіндік береді. Жеке тұлғаға бағдарлану тәсілі қалыпты деңгейде дамыған адамдардың күнделікті өмір ортасына қосылуға дайын адам мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

32. Іс-әрекеттік тәсіл әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабағында практикалық білік пен дағдыны дамыту мен түзетуді жүзеге асырады. Оқытудың ең тиімді әдістері ақпараттық-рецептивті, ізденушілік, репродуктивті болып меңгерген тақырыпты бірнеше рет бекітуге және белсендірілген дағдыға дейін жеткізуге ықпал ету. Практикалық әрекеттің негізгі түрі білім алушының теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін практикалық жаттығу, тренинг, экскурсия болып табылады:

1) өмір қауіпсіздік техникасын меңгеруге, қыздырғыш құралдарды қолдана білуге, электрлік және механикалық құралдарды, өткір және тікенек заттарды, сонымен қатар шыны ыдыстарды қолдана алу дағдыларын қалыптастыруға үлкен көңіл бөлінеді. Білім алушылардың әртүрлі практикалық тапсырмаларды орындау кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауын үнемі үйретуге көңіл бөлінеді;

2) іс-әрекеттік тәсілінде ойын технологиясына көңіл бөлінеді: ойын-саяхат, сахналық ойын, нақты сюжеттік ойын, еркін берілетін сюжеттік ойын, алдын ала үйретілген сахналық қойылым, дидактикалық ойындар. Көзі көрмейтін білім алушы ойын барысында қоршаған әлемді таниды, ұжымдағы басқа адамдардың пікір тыңдауға, мақұлдауға, нәтиже жасай білуге икемделеді. Ойын түрлерін оқытудың әдісі ретінде қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылығын белсендіруге мүмкіндік береді. Ойын барысында шынайы заттарды және тифлотехникалық құралдарды қолданады.

33. Деңгейлеп оқыту тәсілі әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлаудағы деңгейлеп оқыту тәсілі білім алушының жас ерекшелігіне, психикалық, дене дамуына, офтальмологиялық аспектісіне, көру қабілетінің мүмкіндігіне, ауытқушылықтардың сәйкестігіне қарай әртүрлі топ білім алушылары үшін мамандандырылған оқу процесі болып табылады. Ол екі топқа бөлінеді: қалдық көретін және мүлдем көрмейтін, нашар көретін:

1) деңгейлеп оқыту тәсілі білім алушының көру және өз-өзіне қызмет көрсету дағысына қарай үш топты ерекшелейді; бірінші топ, оқу материалын өзбетінше және толық меңгеруге қабілеті бар білім алушылар; екінші топ, оқу материалын меңгереді, бірақ оны орындау барысында қателіктер жіберетін білім алушылар; үшінші топ, оқу материалын жартылай меңгереді және оны өз бетінше іске асыра алмайды. Бұл топтағы білім алушыға жеке түзету жұмыстары жүргізіледі;

2) деңгейлеп оқыту жұмысын ұйымдастыруда қойылатын талап бұл- мұғалімнің көмегімен, танымдық қызығушылық пен күрделілігіне қарай деңгейленіп берілген тапсырмалар қолдану болып табылады.

34. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға оқыту барысында коммуникативті тәсіл білім алушы, педагог және құрдастарымен, ересек адам және қамқор көрсететін адамдардың арасындағы сөйлесім әрекетінде, қабілеті және дағдысы процесіндегі ақпаратты хабарлау және білімдерімен алмасуы. Коммуникациялық қызмет сезімге негіз болатын мейірімділік, инабаттылыққа сай тұлғаралық өзара қарым-қатынасқа

түседі. Басқа қатысушылармен сұхбаттасу қарым-қатынасы процесінде тіл арқылы оқу және іскерлік серіктес болу, құрдастарының шешімдерін мақұлдау, өз ойларымен және идеяларымен алмасу жолында сұхбаттасуды жүргізу, сөйлеу тілін қолдану барысында өрескел қателіктер жіберуге жол бермеу.

35. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (бұдан әрі - АКТ):

1) АКТ-ны қолдану құзыреттілігі білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынаста технологияларды сенімді және шығармашыл түрде қолдана білуін қамтамасыз етеді;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен GPS, мультимедиялық ресурстар мен АКТ-ны, интерактивті тақталарды қолдану оқу процесін белсенділендіруге, сонымен қатар, педагог пен білім алушының өзара қарым-қатынас жасауы мен серіктес болуына септігін тигізеді;

3) ақпарат алу, алмасу, іздеу үшін Интернет-ресурс, ұялы телефон, онлайн түрін, оқытудың виртуалды ортасын қолдануға міндетті.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

36. Пән бойынша түзету циклі негізінде арнайы оқытып және тәрбиленетін білім алушылардың жетістіктерін бағалау сапалық-бейнелік, эмоциялық сипатқа (өз мүмкіндіктеріне құрыс көзқарас қалыптастыру) ие болып даму жетістіктерінің мониторингісінде болады.

37. Бағдарлама бойынша оқытудың нәтижесі үш деңгейде және белігі бір сипатқа ие :

1) меңгеруге ынталанады;

2) ересек адамның, құрдастарының көмегімен меңгереді;

3) басқарушы құзыреттілік негізінде өзбетінше меңгереді.

5-тарау. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

38. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

2) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

3) 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

4) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

5) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

39. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша тапсырмалар бағдарламада қарастырылған барлық теориялық және практикалық жұмыстар түрін толық орындауды қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған кабинетте жүргізіледі.

Кабинеттерді ұйымдастыру кезінде барлық санитарлық-гигиеналық нормалар мен өмір қауіпсіздік ережесі сақталады. Кабинет дауыстық қолдауымен тұрмыстық және техникалық құралдармен жабдықталады.

40. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнін оқыту екі бағыттан тұрады:

1) мектеп-интернет жағдайында күнделікті өмірлік дағдыларды қалыптастыру. Бір уақытта әртүрлі тұрмыстық заттармен іс-әрекет жасай білу дағдысын, тұрмыста мәдени мінез-құлық дағдыларын (ересек адамның сирек көмек көрсетумен көптеген күнделікті іс-әрекеттерді орындауына байланысты "физикалық тұрғысынан тәуелсіз") қалыптастыру.

2) қойылған мақсаттан жоғары, білім алушылардың өзбетінше өмір сүру барысына білім-білікті игеру. Бұл бағыт адамның әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер (қызмет, мекеме және ұйым) саласымен, мектепте, отбасында, қоғамдық орындарда мәдени мінез-құлықтарға тәрбиелеу, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

41. Жағымды мотивацияны қалыптастыру мен даңдыларын бекіту үшін сабақтың стандартқа сай емес түрлерін қолдану ("Мойдодыр сабақтары", "Күлше қыз сабақтары", "Білгіш аспаздың рецептері", "Дәрігер Айболиттің кеңестері") және зейін, ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған түзету ойындары: "Пайдалы - зиянды", "Дұрыс жауапты тап", "Ойлан тап", "Әңгімені (ертегіні) жалғастыр (аяқта)", "Болады-болмайды" сияқты.

42. Көру қабілеті төмен (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәні бойынша сабақтарының мазмұны төмендегідей бөлімдерден тұрады:

1) "Жеке бас тазалығы" тақырыбы көрмейтін білім алушылар үшін өте маңызды, өйткені олар жекебас тазалығы туралы алғашқы бастапқы ережелерін, адам көп жиналатын орындарда өздерін ұстай білу ережелерін меңгереді. Көз көру қалдығын сақтау мен теріге күтім жасау, өз денсаулығын сақтау және нығайту;

2) "Киім және аяқ киім" тақырыптарын өту барысында білім алушылар киім мен аяқ киімді күтудің дағдыларына ие болады. Әр мезгілге байланысты киім таңдай білуге үйренеді;

3) "Тамақтану" тақырыбы бойынша сабақтар: тамақ өнімдерінің негізгі түрлерімен танысу, оларды сақтау ережелері, ас үй жабдықтарымен танысу, қарапайым тағамдарды әзірлеу дағдысы, тамақ ішу мәдениеті. Тамақ түрлерімен жақын таныс болу сақталған анализаторлар жұмысын белсенділендіреді, оның ішінде сипап сезу, дәм сезу ;

4) "Пәтер – үй": үйлердің түрлері. Бөлмелер, үй бөлмелерінің қызметі, жиһаз. Пәтер-үйде тазалық сақтау. Үйлердегі жарық пен жылыту. Бөлмелердің ішкі көрінісі;

5) "Отбасы", "Мінез-құлық мәдениеті" тақырыптарында отбасындағы, сыныптағы, топтағы, қоғамдық жерлердегі өзара қарым-қатынас орнатудың жолдары мен тәсілдері

ашылады, үстел басында, театрға, киноға, мұражайларға, дүкендерге барған уақыттағы өзін ұстай білу ережелері бекітіледі;

6) "Көлік" тақырыптарын өтуінде көшеде жүру тәртібі дағдылары, жол жүру ережелері бекітіледі, білім алушылар қала көліктерінің әр түрімен, метромен танысады;

7) "Байланыс құралдар" сөйлеу тілі және сөйлеу тілі емес коммуникациялық білік пен дағдыны қалыптастырады. Ғаламтор мен ұялы телефонның біздің өмірімізге әкелген үлкен әсеріне байланысты білім алушылардың байланыс құралдарын пайдалануын қалыптастыруға зор мән беріледі, сондықтан "Байланыс құралдар" тақырыбы 4 сыныпта әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлаудың негізгі курсы болады;

8) "Сауда" – бұл тақырыптар көрмейтін және нашар көретін білім алушылар бойында алғашқы сауда жасай білу дағдыларын қалыптастырады; ең басты тағам түрлері мен киімнің бағасын білу, отбасы қаржысын үнемдеп жұмсауға үйретуге мүмкіндік жасайды;

9) "Денсаулық" тақырыбы бойынша түзету сабақтары тек білім алушылардың білім білік дағдыны меңгертіп қана қоймай шынайы өмірде өз меңгерген білім мен біліктілікті жүзеге асыру, мотивациялық аймағының құрылуына бағытталған. Педагог білім алушылар өздерін танып, зерттей отырып, өз бойындағы ерекшеліктерін қабылдап, өз денсаулығына жауапты қарап, белсенді денсаулық сақтауды жүзеге асыруға психологиялық тұрғыда дайын болу.

43. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәні бойынша оқыту бөлімдер негізінде ұйымдастырылған:

1) сынып бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижелер алуда бөлімдер бөлімшелерге бөлінген: білік пен дағды, білім мен түсіну. Оқытудың мақсаты әр бөлімшелерде көрсетілген. Бұл әр мұғалімнің білім алушының қу жетістігін бағалауға және өз жұмысын жоспарлауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Жеке бас тазалығы	1.1 Күн тәртібі, оны орындау 1.2 Таңертеңгі және кешкі дәретхананың реттілігі, дене гигиенасы 1.3 Көз гигиенасы
2	Киім және аяқ киім	2.1 Киім түрлері және оның тағайындалуы 2.2 Аяқ киім түрлері және оның тағайындалуы 2.3 Күнделікті өмірде киім және аяқ киімдерді таза ұстау
3	Пәтер – үй	3.1 Қаладағы үй-пәтрелердің түрлері 3.2 Үйді таза ұстау мазмұны

4	"Отбасы"	4.1 Отбасы туралы түсініктері, отбасы құрамын білу 4.2 Отбасындағы мінез-құлық тәртібі
5	Сауда	5.1 Дүкендер және оның мәні 5.2 Ақша түрлері
6	Байланыс құралдар	6.1 Байланыс түрлері және оның мәні 6.2 Үй және ұялы телефондарды қолдану ережелері
7	Көлік	7.1 Көлік түрлері және оның тағайындалуы
8	Мінез-құлық мәдениеті	8.1 Жалпы мәдени құзыреттіліктерді меңгеру 8.2 Денені дұрыс тік ұстауын қалыптастыру
9	Тамақтану	9.1 Әртүрлі тағамдар және оның адам өміріндегі маңыздылығы 9.2 Асхана ыдыстары мен құралдары, оның тағайындалуы 9.3 Асты даярлау
10	Денсаулық	10.1 Денсаулық негізі 10.2 Үй дәрі қорапшасы және оның мәні мен қолдану

44. Бағдарламадағы оқыту мақсаты түзетулер құрады. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында "1" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

45. Оқытудың мақсаттық жүйесі:

1) "Жеке бас тазалығы":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Күн тәртібі, оны орындау	0.1.1.1 күнтәртібін білу және сақтай алу 0.1.1.2 Интернат жағдайында тамақтану уақытын және орнын білу (танғы, түскі, кешкі ас) 0.1.1.3	1.1.1.1 күнтәртібін сақтау 1.1.1.2 А с үй құралдарын қолдану дағдыларын меңгеру (қасық, стаканды дұрыс ұстау)	2.1.1.1 күнтәртібінің негізгі функцияларын орындау 2.1.1.2 үстел үстінде мінез-құлық мәдениетін сақтау (тағамды ұқыпты қабылдау, тамақтану кезінде	3.1.1.1 күнтәртібін құру және орындау 3.1.1.2 тамақтанудың негізгі талаптарын сақтау (нанды үнемдеу, тамақты таусып жеу)	4.1.1.1 адамның толыққанды өмір сүру үшін күнтәртібінің қажеттілігін түсіну және сақтау 4.1.1.2 күн әртібіне сәйкес белгілі уақытта мінез-құлық

	А с ү й құралдарын сипап тану		сөйлеспеу, шалпылдатай жеу)		мәдениетін сақтай отырып тамақтану
1.2 Таңертеңгі және кешкі дәретхананың реттілігі, дене гигиенасы	0.1.2.1 таңертеңгі және кешкі дәретхананың реттілігі (тісті жуу, жуыну, сүртіну, тарану) білу 0.1.2.2 жеке гигиенаның заттарын (тіс щеткасы, сабын, тарақ, бет орамал, орамал) білу 0.1.2.3 өзінің және схема түріндегі бейнеден дене мүшелерін көрсету және атау	1.1.2.1 таңертеңгі және кешкі дәретхананың реттілігі (тісті жуу, жуыну, сүртіну, тарану) білу 1.1.2.2 жеке гигиенаның заттарын (тіс щеткасы, сабын, тарақ, бет орамал, орамал) анықтау 1.1.2.3 қол жуғышты пайдалану; қол жуу барысында орындалатын (сипап сезу арқылы қабылдауды қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қолға мұқият қарау) іс-әрекеттің реттілігін дұрыс орындау	2.1.2.1 таңертеңгі және кешкі дәретхананың (тісті жуу, жуыну, сүртіну, тарану) дағдыларын сақтау 2.1.2.2 жеке гигиенаның заттарын (тіс щеткасы, сабын, тарақ, бет орамал, орамал) тағайындалуы бойынша қолдану 2.1.2.3 душты қолдану, душты қолдану барысында өмір қауіпсіздік ережесін сақтау	3.1.2.1 таңертеңгі және кешкі дәретхананың реттілігін (тісті жуу, жуыну, сүртіну, тарану) сақтап орындау 3.1.2.2 адамның негізгі дене мүшелерін және оның қызметтерін атау, денсаулыққа адамның жеке өзі жауапты екенін түсіну	4.1.2.1 өзбетінше ешкімнің көмегінсіз таңертеңгі және кешкі дәретхананың (тісті жуу, жуыну, сүртіну, тарану) берілген тәртіптегі реттілікпен орындау 4.1.2.2 денсаулықты нығайту және сақтау үшін жеке гигиена ережесінің сақталатынын саналы түрде түсіну
1.3 Көз гигиенасы	0.1.3.1 адамның өмір әрекетінде басты мүшесі болып табылатын көздің маңызды рөл алатын білу 0.1.3.2 көзілдіріктің қажеттілігін, оны көзге тағудың негізгі ережесін білу 0.1.3.3 көзге арналған	1.1.3.1 көру қабілетіне ұқыптылық көрсету қажеттілігін түсіну 1.1.3.2 жеке гигиеналық заттар арқылы жұғатын көз ауруларын білу 1.1.3.2 көзге қысым түсіру жағдайында	2.1.3.1 өз жұмыс орынын дұрыс жарықтандыру; кітап тіреуішін қолдану, хат жазу үшін қарапастаны қолдану; көзге күш түсірудің ережесін сақтау 2.1.3.2 түзету оптикалық құралдарды (көзілдірік, лупа,	3.1.3.1 телебағдарламаларды көрудің уақыты мен дұрыс оытыру ережесін сақтау; (биноклем, моноклем) қолдану 3.1.3.2 жұмыс орынында столға қоятын шамды дұрыс бағытта қою 3.1.3.3 көз бұлшықеттерін	4.1.3.1 компьютермен жұмыс жасау барысында көзді күту ережесін сақтау және көзілдірікті қолдану, мектеп күнтәртібін сақтау; көзге бөтен заттар түскен жағдайда медицина қызметкерлеріні

қарапайым жаттығуларды орындау	жасалынатын көзге арналған жаттығулар	линза) ұқыптылық танытып күту	нығайту үшін гимнастика жасау	ң көмегімен көзді жуу
--------------------------------	---------------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-----------------------

2) "Киім және аяқ киім":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Киім түрлері және оның тағайындалуы	<p>0.2.1.1 киім түрлері білу (мезгіл бойынша) және вербалды бейнелеу</p> <p>0.2.1.2 дұрыс және реттілікпен киіну, шешіну; ("Қуыршақты киіндір және шешіндір" дидактикалық ойын арқылы өз икемділіктерін көрсету)</p>	<p>1.2.1.1 киім түрлерін (мезгіл бойынша) тану және вербалды бейнелеу</p> <p>1.2.1.2 дұрыс және реттілікпен киіну, шешіну; ("Қуыршақты киіндір және шешіндір" дидактикалық ойын арқылы өз икемділіктерін көрсету)</p>	<p>2.2.1.1 киімдерді топ, түрі бойынша топтастыру, сипаттау бойынша киімді тану және атау</p> <p>2.2.1.2 сипат сезу арқылы киімнің оң және теріс жағын анықтау</p> <p>2.2.1.3 Киімді сақтау тәсілін білу (жеке шкафына іліп, бүктеп қою)</p>	<p>3.2.1.1 мезгіл киімдер түрлерін түсіну және таңдау</p> <p>3.2.1.2 Алуантүрлі түймелерді білу және ірі түймелерді тағу, ағыту (одан кейін киімдегі кіші түймелерді, ілмек, батырма, жабысқақ)</p> <p>3.2.1.3 Әртүрлі киімдерді бүктеу тәсілдерін қолдану (бет орамалы, іш киім, шалбар, юбка, жейде)</p>	<p>4.2.1.1 өз бетінше ересек адамның көмегінсіз заттарды, киімдерді тану, анықтау, сипаттау, салыстыру, киімдерді топ, түрі бойынша топтастыру</p> <p>4.2.1.2 өзбетінше әртүрлі ілмектері бар киімдерді тағу және ағылту</p> <p>4.2.1.3 өзбетінше киініп, шешініп, киімдер өз шкафтарына ұқыпты және дұрыс (салу) орналастыру</p>
2.2 Аяқ киім түрлері және оның тағайындалуы	<p>0.2.2.1 аяқ киім түрлерін (мезгіл бойынша) білу және вербалды сипаттау</p> <p>0.2.2.2 оң және сол жақ аяқ киімін анықтау ("Жұбын тап" дидактикалық ойын барысында өз икемділігін көрсету)</p> <p>0.2.2.3 дұрыс киіне алу және білу ("</p>	<p>1.2.2.1 аяқ киім түрлерін тану (мезгіл бойынша);</p> <p>1.2.2.2 ұқсас аяқ киімдерінің жұптарын жұптау;</p> <p>1.2.2.3</p>	<p>2.2.2.1 аяқ киімдерді топ, түрі бойынша топтастыру, сипаттау бойынша киімді тану және атау</p> <p>2.2.2.2 сақталған анализаторларды қолдана отырып аяқ киім бөліктерін анықтау және сипаттау (қоныш, табан,</p>	<p>3.2.2.1 мезгіл бойынша (қысқы, жазғы) аяқ киім түрлерін түсіну және таңдау</p> <p>3.2.2.2 нақты бір түрдегі аяқ киімді таңдау; өз икемділіктерін көрсету.</p> <p>3.2.2.3 бантик, бауды ағылту, қайта</p>	<p>4.2.2.1 өз бетінше ересек адамның көмегінсіз заттарды, аяқ киімдерді тану, анықтау, сипаттау, салыстыру, киімдерді топ, түрі бойынша топтастыру</p> <p>4.2.2.2 Аяқ киімінің тағайындалуы бойынша</p>

	Қуыршақты киіндір" дидактикалық ойын барысында өз икемділіктерін көрсету)	аяқ киімді дұрыс кию	өкше, аяқтың ұшы) 2.2.2.3 дұрыс киініп, шешіну, қажетті жағдайда аяқ киім қасығын қолдану	байлау тәсілдерін қолдану	өзбетінше таңдап алу (далаға, үйге, күнделікті, мерекелік, дене шынықтыруға сай)
2.3 Күнделікті өмірде киім және аяқ киімдерді таза ұстау	0.2.3.1 таза және кір киімдер мен аяқ киімдердің белгісін білу 0.2.3.2 кір жуу қызмет түрлерін және тағайындалуын білу	1.2.3.1 таза және кір киімдер мен аяқ киімдердің белгісін білу және түсіну 1.2.3.2 кір жуу қызмет түрлерін және тағайындалуын білу 1.2.3.3 киімдерді тазалап жуудың құралдарын білу 1.2.3.4 аяқ киімді жуу мен тазалаудың құралдарын білу (сипап сезу арқылы қабылдауын қолдану)	2.2.3.1 сипап сезу арқылы таза киім мен аяқ киімнің белгісін анықтау 2.2.3.2 сыртқы киім мен аяқ киімге дұрыс күтіп ұстай білу 2.2.3.3 сабын мен жуу ұнтақтарын қолдану 2.2.3.4 киімдерді жуу және кептірудің ережесін білу 2.2.3.5 өз аяқ киіміні тазалай білу	3.2.3.1 өз киімдері мен аяқ киімдерін таза ұстауға қадағалау 3.2.3.2 кір жуу үшін жуу құралдарын таңдау және қолдану 3.2.3.3 түймені тігу үшін ине және жіпті қолдану, өмір қауіпсіздік ережесін сақтау 3.2.3.4 кір жуу машинасын қолдану арқылы шынайы және шынайы емес матадан жасалынған бұйымдарды жуу ережесін білу; көру қабілеті тұрақты көретін көмекшімен кір жуу машинасымен жуу тәртібін білу	4.2.3.1 киімдері мен аяқ киімдерін таза ұстай білуді түсіндіру 4.2.3.2 сақталған анализаторлар мен өмір қауіпсіздік ережесін сақтау арқылы ұсақ заттарды өзі қолмен жуу; үтікті қолдану, кептіру, киімдерді бүктеп салу, киімдерді қайта жөндеу. 4.2.3.4 Практикада кір жуу машинасын қолдана білу; көру қабілеті тұрақты көретін көмекшімен кір жуу машинасымен жұмыс жасау барысында қолданылатын басқыштарды тактильді (қолмен сипап сез) анықтау

3) "Пәтер – үй":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
		1.3.1.1			4.3.1.1

<p>3.1 Үй-пәтрелердің түрлері</p>	<p>0.3.1.1 үй түрлерін білу 0.3.1.2 өз үйінің нөмерін, пәтерін, көше атауын білу</p>	<p>өртүрлі үй ғимараттарын білу және вербалды сипаттау 1.3.1.2 өз үйінің нөмерін және көше атауын, қанша қабат және неше бөлме бар екенін, сонымен қатар мектеп мекен жайын атау 1.3.1.3 бөлмелер мен мектеп кабинеттерінің бөлімдерін білу</p>	<p>2.3.1.1 сипаттау бойынша үй ғимараттарын атау, түрлеріне қарай топтастыру 2.3.1.2 мектептің негізгі бөлмелері туралы ақпаратты жалпылау, көріп қабылдаудың картасын құру</p>	<p>3.3.1.1 өз мектебінің және пәтерінің орналасу орнын атау және сипаттау; "Бағдарлау" құралында өз пәтерін сызу 3.3.1.2 Қазақ үй – қазақтың ұлттық үйін көрсету (киіз үйдің жабдығы)</p>	<p>өз үйінде және мектеп ғимараттары бойынша атауларды түсіну және табу; мектептің бір бөлмесі туралы презентация жасау 4.3.1.3 практикалық сабақ: этнографиялық музейге саяхаттау, қазақ үйді зерттеу, қазақ үйдің тұрмыстық жағдайымен танысу</p>
<p>3.2 Үйді таза ұстау мазмұны</p>	<p>0.3.2.1 пәтерді және мектеп бөлмелерін тазалаудың қарапайым дағдыларын білу (шүберек, сыбыртқыны қолдану)</p>	<p>1.3.2.1 пәтерді жинау бойынша қарапайым іс-әрекеттерді орындау (шаңды сүрту, еденді сыпыру) 1.3.2.2 бөлмеде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау (желдету, шаң сүрту) 1.3.2.3 жұмыс орындағы сөмкенің ішін жинастыру</p>	<p>2.3.2.1 анализаторлардың көмегімен тәртіпсіздікті байқау 2.3.2.2 дымқыл және құрғақ үй жинаудың реттілігін және маңыздылығын білу 2.3.2.3 үй жағдайындағы бөлмелерге қойылатын гигиеналық талаптарды (желдету, қажетті температураны сақтау, жарықтандыру, шаңды сүрту) практикада қолдану</p>	<p>3.3.2.1 тәртіпсіздіктің себептерін анықтау 3.3.2.2 практикада дымқыл және құрғақ үй жинаудың талаптарын білу және қолдану 3.3.2.3 шаңсорғышты пайдалана алу және өмір қауіпсіздік ережесін сақтау 3.3.2.4 жинау барысында офтальмо-гигиеналық талаптарды сақтау</p>	<p>4.3.2.1 өзбетінше бөлмедегі тазалық пен тәртіпті сақтау 4.3.2.2 жуу және тазалау құралдарын пайдалану барысында өмір қауіпсіздік ережесін сақтау 4.3.2.3 шаңсорғышты практикада қолдану 4.3.2.4 адам үшін бөлмедегі тазалықтың болуының маңыздылығын түсіну</p>

4) "Отбасы":

5-кесте

<p>Бөлімшелер</p>	<p>Оқыту мақсаттары</p>
	<p>Білім алушылар:</p>

	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Отбасы туралы түсініктері, отбасы құрамын білу	0.4.1.1 өз отбасының құрамын, жақын туыстарының есімдері мен әкесінің атын, олардың жасын білу, немен айналысатынын білу	1.4.1.1 өз отбасының құрамын, жақын туыстарының есімдері мен әкесінің атын, олардың жасын білу, немен айналысатынын білу туыстық қатынасты білу (ана, әке, аға апай)	2.4.1.1 жақын туысқандар туралы мәлімет білу (тәте, аға, туысқан жиен). отбасының жеке қарым-қатынасы	3.4.1.1 ата-анасының жұмыс орыны олардың атқаратын міндеттері туралы әңгімелеу және түсіндіру	4.4.1.1 отбасының берік болуының маңыздылығын түсіну; презентациясы "Менің отбасым" негізінде өзінің шығармашылық жұмысын ұсыну
4.2 Отбасындағы мінез-құлық тәртібі	0.4.2.1 отбасындағы мінез-құлық ережелерін білу	1.4.2.1 отбасылық салтанатты және дәстүрлі мерекелерде қарапайым міндеттерді атқару және қатысу 1.4.2.2 отбасылық салтанатты кеш өткізуде мінез-құлық тәртібін сақтау	2.4.2.1 отбасы мүшелері арасындағы күнделікті шаруашылық-тұрмыстық міндеттерді бөліп атқарылатынын білу; 2.4.2.2 отбасындағы өз құқығы мен міндеттерін білу; сюжеттік-рөлдік ойын "Отбасы"	3.4.2.1 әртүрлі обасылық жағдаяттарда өз-өзің ұстай білу, ата-аналарына сыйластықпен қарау, достарымен ұрыс-керіске түспеуге ынталану өмірлік жағдайды үлгі жасай білу 3.4.2.2 парта бойынша өз сыныптасына мейірімділік пен сыпайлық қатынаста болу	4.4.2.1 отбасылық дәстүрлерді, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін сақтау; өз бетінше нүктелі рельефті шрифтпен безендірілген мерекелік ашық хат дайындау

5) "Сауда":

6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.5.1.1 дүкеннің негізгі түрлерін: азық-түлік,	1.5.1.1 дүкеннің негізгі түрлерін: (2.5.1.1 дүкен түрлерін және оның тағайындалуы вербальды сипаттау және анықтау	3.5.1.1 өндіріс кәсіптік дүкендер түрлерін және оның тағайындаулыларын түсіну және ажырату 3.5.1.2	4.5.1.1 тауар сатып алудың негізгі ережелерін меңгеру;	

5.1 Дүкендер және оның мәні	шаруашылық, кітап дүкендері, супермаркеттер) олардың атауларын білу 0.5.1.2 с а у д а қызметкерлерінің мамандығын білу : сатушы-кеңесші, кассир, бақылаушы.	супермаркет, гипермаркет, минимаркет) олардың атауларын білу 1.5.1.2 "Дүкен" сюжеттік-ойын барысында қарапайым сатып алу процесін орындау	2.5.1.2 дүкенде өзін-өзі ұстау тәсілін таңдау (тауарды сатып алу барысында кезекте тұру) 2.5.1.3 көру қабілеті қалыпты көмекшімен ж е к е тауарлардың бағасын біліп сатып алу үрдісін орындау	практика кезінде д ү к е н қызметкерлерімен (сатушы, кассир) қарым-қатынас ж а с а у мінез-құлық ережесін қолдану 3.5.1.3 дүкендерден тауар сатып алу, негізгі азық-түлік пен бірінші қажеттіліктегі тауарлар бағасын білу	қолдануға кепілдік беретін мерзімін қарай отырып, қажетті тауарды таңдап берілген сақтау; тұтынушының талаптарына сәйкес емес тауарды қайтарып беру
5.2 Қағаз ақша			2.5.2.1 Қазақстан Республикасының негізгі қағаз ақша және теңгелерін түсіну және білу	3.5.2.1 көру және тактильды қабылдаудың көмегімен қағаз ақша түрлерін анықтау (ша бл о н бойынша)	4.5.2.1 ақшамен сатып алу; жақын маңдағы супермаркетке саяхат жасау, қағаз ақшамен төлеу

б) "Байланыс құралдары":

7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
6.1 Байланыс түрлері және оның мәні	0.6.1.1 ү й телефондарының қызметін білу	1.6.1.1 телефон түрлері білу (үй, ұялы, телефон – автомат) 1.6.1.2 үй телефон номерін, ата-ананың телефон номерін және жедел жәрдем телефон номерін білу	2.6.1.1 байланыстың негізгі түрлерін (почта, телеграф, телефон, ұялы байланыс, спутниктік байланыс, ды бы с шығаратын телефон) білу	3.6.1.1 почта қызметін түсіну; почта түрлері (хат, ашық хат, телеграмма); почтаға экскурсия жасау 3.6.1.2 мұғалімнің көмегімен мерекелік ашық хат таңдау және сатып алу	4.6.1.1 қазіргі қоғам өміріндегі телефоның қажеттілігін және әр байланыс түрлерінің ерекшеліктерін түсіну
	0.6.2.1 К.Чуковского " Телефон" өлең	1.6.2.1	2.6.2.1	3.6.2.1 сақталған анализаторлард	4.6.2.1 Байланыс құралдары: төтенше

6.2 Үй және ұялы телефондарды қолдану ережелері	сахыналық ойын ойнау арқылы телефонмен сөйлесу барысын тыңдау, микрофонға бағытталып, ақырын сөйлеу	үй телефондарын қолдана алу, байланыстың бос және бос емес екендігін ажырату	үй, ұялы телефондарын қолдана алу 3.6.2.2 телефонмен сөйлесу барысында сөйлеу тілі мәдениетін сақтау	ың көмегімен практикада үй, ұялы телефондардан номерлерді терудің ережесін қолдана отырып, байланысқа шығу	жағдайларда телефон қолдану (пайдалану). Өрт қызметі. Полиция. Жедел жәрдем. Газ 4.6.2.2 жедел телефон соғудың себебін түсіндіру
----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

7) "Көлік":

8-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
7.1 Көлік түрлері және оның тағайындалуы	0.7.1.1 көліктің негізгі түрлерін және оның тағайындалуын білу 0.7.1.2 қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережесін білу 0.7.1.3 жолда жүру белгілерін ажырату және ережесі сақтау	1.7.1.1 адам өміріндегі көліктердің алатын орнын түсіну; көліктерді топ бойынша топтастыру (жер үстіндегі, ауадағы, судағы, жүк таситын көлік түрлері); көлік әлеміне саяхаттау ойыны 1.7.1.2 жолда жүру белгілерін ажырату және ережесі сақтау, түсіну 1.7.1.3 жарты көше атауларын білу (тротуар, жаяу өту), көшеде жүру ережесін білу 1.7.1.3 көшеде, көлікте тазалық сақтау	2.7.1.1 есту және көру анализаторлары қолданып отырып көліктерін түрлерін анықтап, сипаттау; көлік жолдарына экскурсия жасау 2.7.1.2 көлік қоғамдық ортасында мінез-құлық тәртібін сақтау (көлікке міну және түсу ережелері); макеттердің көмегімен көше құрылымын моделдеу және онымен жүрудің қауіпсіз жолдарын таңдау	3.7.1.1 қала бойынша саяхаттау кезінде қалалық көліктерді қолдана білу дағдыларын меңгеру; 3.7.1.2 көлікке міну және түсу және аялдамадағы жүріс-тұрыс ережелерін сақтаудың практикалық дағдыларын меңгеру 3.7.1.3 қалааралық көліктер түрлерін, вокзал және оның тағайындалу қызметтерін білу 3.7.1.4 өз еліне сүйіспеншілік Қазақстанның табиғи байлықтарына және рухани мұраларына мақтаныш сезімін таныту	4.7.1.1 көмек көрсететін адаммен алуан түрлі қоғамдық түрлерін қолдану, қажетті жағдайда көру қабілеті қалыпты адамдардан көмек сұрау 4.7.1.2 жол ақысын төлей білу; көшеде, көлік ішінде тазалық сақтау, жалпы адами құзыреттіліктерді меңгеру 4.7.1.3 метроның негізгі құрылымдық элементтерін (тактильді жол, эскалатор) білу және ұсыну метро ішінде экскурсия (метрода дұрыс мінез-құлық ережелерін жетілдіру)

8) "Мінез-құлық":

9-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
8.1 Жалпы мәдени құзыреттіліктерді меңгеру	0.8.1.1 әртүрлі жағдайда құрдастарытары мен (қыздар мен ұлдар), үлкен адамдармен (танымал және бейтаныс) кездесу мен қоштасу барысында өзін дұрыс ұстай білу	1.8.1.1 кездесу мен қоштасу кезінде мінез-құлық мәдениетінің негізгі нормаларын меңгеру 1.8.1.2 (үлкен адамдармен кездесу мен қоштасу аударып білу; "Ағай", "Апай" қазақтың ұлттық сыпайы назар аударуды қолдану	2.8.1.1 үлкен адамдармен, құрдастарытары мен сыпайлық танытып сөйлесу; этикет сөйлеу тілінің басты талабы екенін білу 2.8.1.2 қоғамдық орындағы (театр, клуб, музей орталығында, театрда үзіліс кезінде) мінез-құлық ережелерін білу	3.8.1.1 мінез-құлық мәдениет стратегиясын таңдау және талдау 3.8.1.2 қоғамдық ортадағы мінез-құлық ережелері туралы білім алу және қолдану 3.8.1.3 мінез-құлық мәдениетінде қазақтың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтау	4.8.1.1 меңгерген мінез-құлық ережелердің көмегімен басқа адамдарды және өзін басқара алу 4.8.1.2 рухани-адамгершілік мәдени, жалпы адами құндылықтар, салт-дәстүр туралы білімге қатысты екенін саналы түрде түсіну; үлкен адамдарға көңіл бөлу және сыйластықпен қарау
8.2 Денені дұрыс тік ұстауын қалыптастыру	0.8.2.1 партада, үстелдің үстінде тұру отыру, өз денесін (арқа бөлігін) тік ұстауын қадағалай білу	1.8.2.1 өз денесін (арқа бөлігін) тік ұстауын қадағалау, отыру және тұру қалпында денесін ұстау	2.8.2.1 денені тік ұстау (столдың үстінде дұрыс отыру, салфетканы қолдану, ұқыпты және сыпайы тамақты жеу) қажеттілігінің маңыздылығын түсіну	3.8.2.1 әдемі жүре білу және жеткілікті деңгейде жестикуляцияны қолдану	4.8.2.1 сыртқы келбетін қадағалау (отыру қалпында денесін тік ұстау, әдемі жүру, келбетінің және киімінің ұқыпты болуы)

9) "Тамақтану":

10-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
		1.9.1.1	2.9.1.1 азық-түліктерді топтары бойынша (көкініс, жеміс, еті, сүт, нан	3.9.1.1 тағамдарды сыртқы түрі, дәмі, иісі,	

<p>9.1 Әртүрлі тағамдар және оның адам өміріндегі маңыздылығы</p>	<p>0.9.1.1 тағамдардың негізгі түрлерін білу 0.9.1.2 мектептің асханасына; (" Мен аспазшы" сюжеттік-рөлдік ойын)</p>	<p>алуан түрлі тағам түрлерін және оның адам өміріндегі маңыздылығын білу 1.9.1.2 күнделікті таңғы ас, түскі ас, кешкі аста берілетін негізгі тамақ түрлерін таңдай алу</p>	<p>өнімдері) топтастыру 2.9.1.2 денсаулық сақтау үшін тамақтану ережесі мен тамақты қабылдаудың рөлін түсіну 2.9.1.3 тамақтану тағамдарын (нан , тағам қоятын с ө р е , тоңазытқыш) сақтау мен санитарлық-гиги еналық талаптарды білу</p>	<p>консистенциясы бойынша анықтау 3.9.1.2 адам өмірі үшін азық-түлік қорының маңыздылығын түсіндіру 3.9.1.3. қазақтардың көшпенді өмір жақдайында азық-түліктерді қалай сақтау туралы " Ауылдағы атаның үйінде қонақта" тақырыбында презентация</p>	<p>4.9.1.1 адамның денсаулығына пайдалы және зиян тағамдарды , адам өміріндегі тағамның рөлін айқындау 4.9.1.2 практикада тағамдарды сақтау ережесін қолдану және түсіну</p>
<p>9.2 Асхана ыдыстары мен құралдары, оның тағайындалуы</p>	<p>0.9.2.1 ыдыс-аяқ бұйымдарының атауларын, оның тағайындалуын білу 0.9.2.3 тамақтану барысында асхана құралдары мен ыдыстарын қолдану 0.9.2.2 үстел басында отырудың мінез-құлық ережесін білу</p>	<p>1.9.2.1 көру және тактильді қабылдаудың көмегімен ыдыс-аяқ бұйымдарының атауларын анықтау 1.9.2.2 үстел басындағы мінез-құлық ережелерін сақтау 1.9.2.3 түс қайта ішетін асқа үстелді жаю (даярлау)</p>	<p>2.9.2.1 көру және тактильді қабылдаудың көмегімен сипаттау бойынша асхана құралдары мен ыдыстарын атау және көрсету 2.9.2.2 меңгерген үстел басындағы мінез-құлық мәдениет ережесін және сөйлеу этикетін сақтау 2.9.2.3 өз-өзіне қызмет көрсету дағдысын меңгеру (стол даярлау, жинау)</p>	<p>3.9.2.1 ыдыстарды топ бойынша (асханалық, асхана, шайхана) топтастыру 3.9.2.2 таңғы ас, түскі ас, түс қайта ішетін ас, кешкі асқа үстелді жаю 3.9.2.3 тамақтанғанан кейін ересек адамның көмегінсіз үстел үстін жинау</p>	<p>4.9.2.1 көру және тактильді қабылдаудың көмегімен қажетті ыдыс-аяқты таңдап және түсініп үстел даярлау 4.9.2.2 үстел жаюдың д ұ р ы с орындалғанын бағалау 4.9.2.3 қазақтың қонақ жайлылығы, салт-дәстүрін білу, қазақтың дәстүрлі асханасын ұсыну</p>
			<p>2.9.3.1</p>	<p>3.9.3.1 қайнатылған және балғын көкіністерден с а л а т даярлаудың</p>	<p>4.9.3.1 қайнатылған және балғын көкіністерден салат даярлау және түсіндіру</p>

9.3 Асты даярлау	0.9.3.1 қарапайым бутерброд даярлау туралы малғұмат білу	1.9.3.1 қарапайым бутерброд даярлаудың реттілігі мен ингредиенттерін білу 1.9.3.2 ө м і р қауіпсіздігін сақтай отырып, қолында пышак ұстай білу	қарапайым бутерброд даярлау 2.9.3.2 ас даярлау барысында гигиеналық талаптарды орындау 2.9.3.3 ө м і р қауіпсіздігін сақтай отырып, нан, сырды пышакпен кесу	реттілігі мен ингредиенттерін білу 3.9.3.2 асханалық электрондық құралдарды (п е ш і , микроволновка п е ш і , скороварка, мультиварка); колдану ережесін білу; көру қабілеті қалыпты адамның көмегімен қарапайым тағамдарды қалай даярлау бөліп түсіну	4.9.3.2 практикада асханалық электрондық құралдарды (п е ш і , скороварка, мультиварка); колдану 4.9.3.3 көру қабілеті қалыпты адамның көмегімен қарапайым тағамдарды нұсқау бойынша жасау
---------------------	----------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

10) "Денсаулық":

11-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
10.1 Денсаулық негізі	0.10.1.1 денсаулығының негізін білу (күн сәулесі, таза су, тұрақты тамақтану, дене шынықтыру жаттығулары, демалыс, тыныш ұйқы)	1.10.1.1 тұрақты тамақтану, дене шынықтыру жаттығулары, күнтәртібі, ұйқы а д а м денсаулығы үшін әсер ететінін айқындау	2.10.1.1 ж е к е денсаулығына өзі жауапты екенін түсіну 2.10.1.2 медициналық көмек көрсету түрлерін білу 2.10.1.3 негізгі дәрігер-мамандардың қызметі	3.10.1.1 а д а м денсаулығы үшін зиянды әдеттер (темекі шегу, ішімдік ішу) саналы түрде түсіну 3.10.1.2 суық тию аурулардың (п е ш і , маска кию, жылы киіну, колды жуу) алдын алу дағдыларын меңгеру	4.10.1.1 ж е к е денсаулығына ең бастысы өзі жауапты екенін түсіну человек 4.10.1.2 а д а м денсаулығы үшін зиянды әдеттер ді(темекі шегу, ішімдік ішу) бағалау 4.10.1.3 Дәрілерді қабылдау тек дәрігердің кеңесімен рұқсат етілетінін білу
				3.10.2.1	4.10.2.1 үй дәрі қобдишасы

	6. Формирование навыков культурного поведения	6.1 Навыки культурного поведения	
	2 четверть		
Культурное наследие	1. Развитие и укрепление мышц лица, шеи, плеч и тела	1.2 Тренировка мышечного аппарата	4.1.2.1 понимать и демонстрировать основные комплексы упражнение на тренировку мышечного аппарата лица, шеи
			4.1.3.1 понимать и демонстрировать основные комплексы упражнение при

		1.3 Развитие вестибулярного аппарата	выполнении которых тренируется вестибулярный аппарат
Мир профессий	2. Формирование алгоритма восприятия схемы лица и тела: на самом себе, на другом человеке, на живом объекте, на кукле	2.1. Организация физического взаимодействия с окружающей обстановкой для расширения кругозора	4.2.1.1 осознавать, окружающий мир многообразен и в то же время его элементы, части можно объединять по основным признакам
		2.2 Представления о пространственном расположении частей тела	4.2.2.1 осознавать, что лица окружающих разные и узнавать окружающих можно не только по голосам, но и по лицам.
		2.3 Обследование собственного лица, лица другого человека.	4.2.3.1 владеть навыками тактичного обследования другого человека; 4.2.3.2 осознавать, что лица окружающих разные и узнавать окружающих можно не только по голосам, но и по лицам
	3. Обучение умению воспринимать эмоциональные состояния и выражать их мимическими и пантомимическими движениями с соответствующей речевой интонацией	3.1 Знакомство с чувствами	4.3.1.1 дифференцировать оттенки чувств гордость/гордыня/высокомерие; недовольство/гнев; интерес/заинтересованность/любопытство; злоба/злорадство
		3.2 Узнавание на барельефах изображений (мимикой) эмоциональных состояний	4.3.2.1 изображать на приборе для рисования Н.Семевского эмоции по описанию
		3.3 Узнавание, название, описание жестов, поз, выразительных движений, соответствующих эмоциональным состояниям	4.3.3.1 дифференцировать и оценивать чувства и эмоциональные состояния героев художественных произведений
		3.4 Воспроизведение эмоциональных состояний мимическими движениями лица,	4.3.4.1 оценивать отрицательные и положительные черты характера 4.3.4.2 адекватно использовать мимические и пантомимические

		сопровождая их жестами, позой и выразительными движениями	движения, используемые для выражения чувств любопытства, неприязни, радости, огорчения, гордости, рассерженности
3 четверть			
Природные явления	2. Формирование алгоритма восприятия схемы лица и тела: на самом себе, на другом человеке, на живом объекте, на кукле	2.2 Представления о пространственном расположении частей тела	4.2.2.1 осознавать, что лица окружающих разные и узнавать окружающих можно не только по голосам, но и по лицам.
		2.3 Обследование собственного лица, лица другого человека.	4.2.3.1 владеть навыками тактичного обследования другого человека 4.2.3.2 осознавать, что лица окружающих разные и узнавать окружающих можно не только по голосам, но и по лицам
	3. Обучение умению воспринимать эмоциональные состояния и выражать их мимическими и пантомимическими движениями с соответствующей речевой интонацией	3.2 Узнавание на барельефах изображений (мимикой) эмоциональных состояний	4.3.2.1 изображать на приборе для рисования Н.Семевского эмоции по описанию
		3.3 Узнавание, название, описание жестов, поз, выразительных движений, соответствующих эмоциональным состояниям	4.3.3.1 дифференцировать и оценивать чувства и эмоциональные состояния героев художественных произведений
		3.4 Воспроизведение эмоциональных состояний мимическими движениями лица, сопровождая их жестами, позой и выразительными движениями	4.3.4.1 оценивать отрицательные и положительные черты характера
			4.3.4.2 адекватно использовать мимические и пантомимические движения, используемые для выражения чувств любопытства, неприязни, радости, огорчения, гордости, рассерженности
	4.1 Имитация движений, жестов, поз повседневной жизни в соединении с соответствующими словами	4.4.1.1 самостоятельно выбирать выразительные движения, позы, жесты, мимику для выражения эмоций, чувств	

Охрана окружающей среды	4. Формирование умения пользоваться речевыми и неречевыми средствами общения на практике и правильно воспроизводить их в деятельности	4.2 Моделирование движений, поз, жестов, сопровождаемых передачей чувств	4.4.2.1 соединять движения, жесты и позы, сопровождаемые передачей чувств с соответствующей им мимикой
		4.3 Имитация движений животных, различных походок	4.4.3.1 воспроизводить роль своего персонажа в инсценировке определенного сюжета
	5. Развитие речевой интонации	5.1 Выразительное декламирование	4.5.1.1 осмысливать чтение текста и передавать настроения героев с помощью интонации
		5.2 Обучение произнесению с интонациями	4.5.2.1 различать по интонации настроение человека, настроение музыкального произведения (веселое, задорное, грустное, печальное) 4.5.2.2 передавать чувства и эмоциональное настроение героя с помощью интонации при воспроизведении роли своего персонажа в инсценировке
	6. Формирование навыков культурного поведения	6.1 Навыки культурного поведения	4.6.1.1 владеть культурного поведения, соблюдать правила поведения
		6.2 Адекватные способы общения	4.6.2.1 сформированность эмоционально-мотивационных установок по отношению к себе, к окружающим, к взрослым людям 4.6.2.2 демонстрировать адекватные способы общения с нормально видящими сверстниками, родителями, учителями и проч.
4 четверть			
	1. Развитие и укрепление мышц лица, шеи, плеч и тела	1.3 Развитие вестибулярного аппарата	4.1.3.1 понимать и демонстрировать основные комплексы упражнения при

		выполнении которых тренируется вестибулярный аппарат	
Путешествие в космос	3. Обучение умению воспринимать эмоциональные состояния и выражать их мимическими и пантомимическими движениями с соответствующей речевой интонацией	3.3 Узнавание, называние, описание жестов, поз, выразительных движений, соответствующих эмоциональным состояниям	4.3.3.1 дифференцировать и оценивать чувства и эмоциональные состояния героев художественных произведений
		3.4 Воспроизведение эмоциональных состояний мимическими движениями лица, сопровождая их жестами, позой и выразительными движениями	4.3.4.1 оценивать отрицательные и положительные черты характера 4.3.4.2 адекватно использовать мимические и пантомимические движения, используемые для выражения чувств любопытства, неприязни, радости, огорчения, гордости, рассерженности
	4. Формирование умения пользоваться речевыми и неречевыми средствами общения на практике и правильно воспроизводить их в деятельности	4.1 Имитация движений, жестов, поз повседневной жизни в соединении с соответствующими словами	4.4.1.1 самостоятельно выбирать выразительные движения, позы, жесты, мимику для выражения эмоций, чувств
		4.2 Моделирование движений, поз, жестов, сопровождаемых передачей чувств	4.4.2.1 соединять движения, жесты и позы, сопровождаемые передачей чувств с соответствующей им мимикой
		4.3 Имитация движений животных, различных походок	4.4.3.1 воспроизводить роль своего персонажа в инсценировке определенного сюжета
	5. Развитие речевой интонации	5.2 Обучение произнесению с интонациями	4.5.2.1 различать по интонации настроение человека, настроение музыкального произведения (веселое, задорное, грустное, печальное) 4.5.2.2 передавать чувства и эмоциональное настроение героя с помощью интонации при воспроизведении роли своего персонажа в инсценировке

Путешествие в будущее	6. Формирование навыков культурного поведения	6.1 Навыки культурного поведения	4.6.1.1 владеть культурного поведения, соблюдать правила поведения
		6.2 Адекватные способы общения	4.6.2.1 сформированность эмоционально-мотивационных установок по отношению к себе, к окружающим, к взрослым людям 4.6.2.2 демонстрировать адекватные способы общения с нормально видящими сверстниками, родителями, учителями и проч.
		6.3 Коррекция настроения и отдельных черт характера средствами мимики пантомимики	4.6.3.1 выразительно изображать черты характера, порождаемые социальной средой (обидчивость, брезгливость, жизнерадостность); давать моральную оценку чертам характера; анализировать и описывать свои ощущения и чувства; выполнять упражнения по преодолению двигательного автоматизма; уметь справляться с чувствами вины, обиды, скуки; позитивно относиться в собственному имени

55. Примечание:

1) цели обучения в пределах одной четверти комбинируются по разным видам учебной деятельности.

Приложение 266
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 266 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Физическая культура" для обучающихся с нарушением опорно-двигательного аппарата 0-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы тірек-қозғалыс аппараты бұзылған (бұдан әрі - ТҚАБ) білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес олардың білім, білік, дағдыларының көлемін және әр оқу пәнінің мазмұнын анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту үдерісін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағдарлайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Білім берудің классикалық негізі ретінде құндылыққа бағдарланған, әрекеттік, тұлғаға бағдарланған, коммуникативтік тәсілдер оқытудың мақсаттар жүйесіне тән және білім беру үдерісі нәтижелерінің артықшылықтарын нығайту үшін пайдаланылды, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тауып отыр.

6. Қазіргі таңда оқыту үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі білім алушының білімді өзбетінше "игеру" бойынша белсенді әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді игеруге, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, білім алушыға өзіндік қызығушылықтарын, артықшылықтарын ұғынуына және сындарлы шешім қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасайды.

7. Білім алушының белсенді әрекеті бірлескен шығармашылық жағдайында және серіктес әрі кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы болғанда тұрақты сипат алады. Осындай сипаттағы тұлғаға бағдарланған білім беруді күшейту өзара қарым-қатынаста авторитарлыққа жол берілмейтін, білім беру үдерісіне қатысушы барлық білім алушылар арасындағы ынтымақтастық үшін түрлі үйлесімдегі алғышарттарды жасайтын оқытудың интербелсенді әдістерін қолданған кезде болады.

8. Диалогтік және рефлексивті технологияларды пайдалану білім алушылардың жобілім алушы және зерттеушілік әрекетін ұйымдастырумен үйлесім табады. Білім беру үдерісін ұйымдастырушы барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім алушылардың белсенді түрде біліммен, идеялармен, әрекет тәсілдерімен алмасуын

жүзеге асыратын шынайы шығармашылық үдерістегі қарым-қатынасының моделіне айналдырады.

9. Нақты бір пәннің оқу бағдарламасы аумақтық сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобілім алушы әрекетін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

10. Осы пәнді оқытудың мақсатына қол жеткізуде жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жобілім алушы әрекеті мұғалімнің басшылығымен ата-аналармен серіктестікте ұйымдастырылады.

11. Дене тәрбиесі ақыл-ес, адамгершілік, эстетикалық тәрбиемен және еңбекке баулумен тығыз байланыста жүзеге асырылады, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларды өзбетінше өмір сүруге және өндірістік еңбекке дайындауда жетекші орындардың бірін алады. Дене тәрбиесі оң тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік жасай отырып, білім алушылардың қоғаммен әлеуметтік бірлесуінің табыстылығын қамтамасыз ететін құралдардың бірі болып табылады.

12. Дене шынықтыру пәнінің оқу бағдарламасында үш тілді оқытуды ғана емес, білім алушылардың сабақтан тыс әрекетін үш тілде ұйымдастыруды мақсат ететін үштілді білім беруді жүзеге асыру қарастырылған (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде).

13. Пәннің мазмұнын меңгерту үдерісінде және оқытудың мақсатына жетуде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытудың алғышарттарын жасайды, атап айтқанда, ақпараттарды іздеу, өңдеу, бөліп алу, жасау және таныстыру, ақпараттармен және идеялармен алмасу үшін ынтымақтастықта болу, жабдықтар мен қосымшалардың кең шоғырын пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру.

14. Оқу бағдарламасында оқытудың мақсаттар жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер тұжырымдалған, бұл оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін негіз бола алады.

15. Оқу бағдарламалары нақты бір пәнді оқытудың мақсаттар жүйесі арқылы мектептен "шығуға" арналған білім берудің құндылықтары мен нәтижелерінің өзара байланысына және өзара сабақтастығына негізделген оқыту мен тәрбиенің бірлігі ұстанымын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

16. Оқу бағдарламаларының айрықша ерекшелігі пәндік білік-дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ қозғалыстық функционалды жүйелерді қалыптастыруды және түзетуді мақсат ететін дағдылардың кең шоғырын қалыптастыруға бағытталуы болып табылады. Дағдылардың кең шоғыры мектептегі білім беру практикасындағы және мектепті бітіргеннен кейінгі болашағы үшін білім алушылардың табыстылығының кепілі болып табылады.

17. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушыларға міндеттерді шешу үшін жағдаятты, идеяларды және ақпаратты талдауға

және бағалауға, жаңа идеялар мен ақпараттарды синтездеу үшін бар білімді және тәжірибені шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгереді.

18. Нақты бір пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқытудың мақсатына бағындырылған және білім алушыларда алынған білімді, білікті және дағдыны кез келген оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалануға дайындығын қалыптастыруға, жетістікке жетуде жігерлілігін дамытуға бағдарланған, өмір бойы білім алуға уәждейді.

19. Дағдылардың кең шоғыры арқылы табиғи бірлікте тұлғалық сапаларды дамыту білім алушыларды "қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік", "құрмет көрсету", "ынтымақтастық", "еңбек және шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты базалық білім құндылықтарына дағдыландырудың негізі болып табылады. Аталған құндылықтар білім алушының мінез-құлқы мен күнделікті әрекетін уәждемелеуші тұрақты тұлғалық бағдар ретінде танылады.

20. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларды түзету мектептеріндегі дене тәрбиесі бойынша сабақтар санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға жауап беретін спорттық нысандарда (спорт залдарында, стадиондарда, хауыздарда, ашық спорттық алаңдарда) өткізіледі. Бұл нысандар сәйкес мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін спорттық құрылғылармен және құрал-саймандармен жабдықталады.

21. Дене шынықтыру бойынша барлық іс-шаралар білім алушылардың денсаулықтарын нығайту және шынықтыру міндеттеріне қатаң түрде бағынады, олар білім алушылардың жұмыс істеу қабілетін арттыруға көмектеседі және өсіп келе жатқан ағзаның тірек-қозғалыс аппаратын, жүрек-қан тамыр, тыныс алу, басқа да жүйелерін дамытуға бағытталған.

22. Практикалық материалдарды таңдауда және әдістемелік тұрғыдан оны өткізуде білім алушылардың жеке диагноздары, олардың қозғалыс патологиясы және моторлық даму мүмкіндіктері ескеріледі; сабақ өткізілетін орынның және сабақта қолданылатын жабдықтардың гигиеналық талаптары қатаң сақталады.

2-тарау. "Дене шынықтыру" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

23. Бағдарламаның мақсаты білім алушыларды дене тәрбиесінің негіздерімен таныстыру болып табылады, атап айтқанда, олардың дене дамуының сау болуына жағдай жасау, спорттық арнайы қозғалыстық дағдыларды және дене қабілеттерін игерту, білім алушылардың оңтайлы денсаулық деңгейін қолдау, дене тәрбиесі саласы бойынша білімді меңгерту және игерілген тәсілдер мен біліктіліктер арқылы сауықтыру қызметін жүзеге асыру; қозғалыс саласындағы екіншілік бұзылыстарды тұрақтандыру, түзету, олардың асқыну мүмкіндіктерін ескерту.

24. "Дене шынықтыру" – тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларды сауықтыруға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, толыққанды өмір сүруді сезінуге тосқауыл болатын психологиялық кедергілердің алдын алуға бағытталған спорттық-сауықтыру шараларының кешені.

25. "Дене шынықтыру" пәні бойынша бағдарлама білім алушылардың тәртіпке бағыну, жеке гигиена, психологиялық денсаулық және салауатты өмір салтының ұстанымдары, қозғалыс әрекетіндегі қауіпсіздік, жалпы қозғалыс мәдениетінің қозғалыстық білік-дағдыларын қалыптастыру үшін дұрыс негіз жасау сияқты тұтас дамуын жақсартып, дене әрекетінің түрлері бойынша білімді, түсінікті және дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін кезеңдік оқу жоспарын ұсынады.

26. Осы мақсатты жүзеге асыруда бағдарлама мынадай міндеттердің шешілуін көздейді:

1) әлеуметтік дағдылардың және тұтастай тұлғаның дамуына оң әсер ететін физикалық және рухани денсаулықтың негізін қалайды;

2) білім алушыларды өзінің физикалық және психологиялық денсаулығын түсінуге және нығайтуға уәждейді;

3) дене тәрбиесі және спорт салаларында теориялық білімдерін және практикалық дағдыларын дамытуға жағдай жасайды;

4) білім алушылардың қозғалыс дағдыларын дамытады, соның ішінде төзімділікке, жылдамдыққа, күштілікке, ептілікке және икемділікке үйретеді;

5) патриоттық сезімге, құрметке, топпен жұмыс істеу дағдыларына, жауапкершілікке және өзара түсіністікке тәрбиелейді;

6) білім алушыларды өмір бойы саламаты өмір салтын сақтауға және меңгерген дағдыларын алдағы уақытта қолдануға ынталандырады;

7) білім алушыларға білімін байытуға және оларда дене шынықтыру туралы жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретіндегі түсініктің қалыптасуына мүмкіндік береді.

27. Қозғалыстық білік-дағдыларды қалыптастыру міндетін шешу түзету-компенсаторлық бағытқа ие және төмендегілерге бағытталады:

1) түзулікті және тепе-теңдікті дамыту, яғни кеңістікте басты және кеудеге қатысты дұрыс бақылауды қамтамасыз ететін постуральды тетікті дамыту;

2) тұрақтылықты, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті дамыту;

3) қолдың қызметтері және заттық басқару қызметтерін дамыту;

4) көру-моторлы үйлесімділігін дамыту;

5) дұрыс емес қалыптар мен күйлерді тежеу және алдын алу;

6) екіншілік қозғалыстық стереотиптердің қалыптасуын ескерту;

7) жүйке-қан тамырының және алмасу бұзылыстарын жою немесе төмендету үшін тыныс алу қызметін нормаландыру мен зақымдану аймағындағы қан айналым және алмасу үдерістерін жақсарту;

8) дене дамуындағы кемшіліктерді түзету;

9) білім алушы ағзасындағы қорғаныстық күші белсендіру;

10) психомоторикадағы бұзылыстарды түзету және өтеу (қорқынышты, тұйықталған кеңістікті, биіктікті, қозғалыс үйлесімділігіндегі бұзылысты, өзін өзі бағалаудың шектен тыс артуын немесе төмендеуін еңсеру).

28. Білім алушыларға "Дене шынықтыру" пәнін оқыту мүмкіндіктері:

1) күнделікті өмірде пәндік білім, білік, дағдыларды қолдану;

2) қозғалыстық құзыреттілікті жақсартуды және дене дамуын бағалау;

3) денені түзету арқылы дамыту бойынша сауығу әлеуетін көтеру;

4) адамгершілік қасиетті дамытудың маңыздылығын түсіну және әділ бәсекелестіктің және үздіксіз өзін-өзі дамытудың қажеттілігін ұғыну;

5) жеке гигиена ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіну;

6) дене жаттығуларының адамның дене және энергетикалық жүйесіне әсері туралы білу;

7) өзінің және өзге білім алушылардың дене күйін бағалау;

8) сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту, мәселені шешу және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

29. Құндылыққа бағдарлау тәсілі:

1) оқытудағы құндылыққа бағдарлау тәсілі – оқу қызметін ұйымдастыру мен орындаудың, оның нәтижелерін алу және белгілі құндылықтар тұрғысынан пайдалану тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу үдерісі білім алушы тұлғасының құндылықтар жүйесін мақсатқа сай қалыптастырады;

2) құндылық бағдарлары – тұлғаның өз қызметінде бағдар ретінде белгілі құндылықтарды (құндылықтар арасында бағдар ұстау қабілеті) таңдай білу, сондай-ақ оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіне және қабылдай алу қабілеті (сипаты);

3) құндылықтарды жүзеге асыру құндылықтардан шығатын талаптарға бой ұсынуды және осы талаптарға күнделікті өмірді бағындыра білуді қамтиды. Құндылықтар мағынасы белгілі қоғамның сәтті өмір сүруі үшін нормаларды, әдеттерді, өмір салтын, әрекет стилін қалыптастыру барысында көрінеді;

4) құндылықтар – әлеуметтік тұрғыда мақұлданған және адамдардың көпшілігі мойындайтын тұлға әрекетінің қасиеттері мен тәсілдерінің, белгілі нысандар мен құбылыстардың тұлғалық, әлеуметтік-мәдени маңызы. Құндылықтар тұлға уәждемесінің маңызды факторы ретінде әрекет пен қимылға ынталандырады;

5) орта білім берудің құндылықтары "Мәңгілік ел" ұлттық идеясына негізделген. Олар: қазақстандық патриоттылық және азаматтық жауапкершілік; сыйластық; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

30. Тұлғаға бағдарлау тәсілі:

1) тұлғаға бағдарлау тәсілінің мақсаты оқу үдерісін жекелендіру, оқу үдерісінде білім алушының тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, білім алушының психикалық және дене дамуындағы жеке ерекшеліктерді, қажеттіліктерді және әлеуетті мүмкіндіктерінің негізінде мінез-құлық уәждемелерін ескере отырып, шығармашылық күшін толыққанды ашу болып табылады.

31. Әрекеттік тәсіл:

1) әрекеттік тәсіл бойынша білім алушы білімді дайын күйінде алмайды, өзінің оқу әрекетінің мазмұнын және формасын ұғынады, оның нормалар жүйесін түсінеді және қабылдайды, білімі мен оқу білік-дағдыларының және дағдылардың кең шоғырының белсенді түрде табысты қалыптасуына мүмкіндік бере отырып, оларды жетілдіруге белсенді қатысады;

2) арнайы түзету мектептерінде әрекеттік тәсіл бойынша тірек-қозғалысаппараты бұзылған білім алушылардың тұлғалық дамуы олар үшін қолжетімді әрекеттерді (заттық-практикалық және оқу) ұйымдастырудың сипатымен анықталады;

3) білім алушылардың әрекеті "білу", "түсіну", "қолдану", "талдау", "синтездеу", "бағалау" сияқты категорияларға топтастырылған.

32. Саралау тәсілі:

1) саралау тәсілі білім алушылардың түрлі топтары үшін оқу үдерісін мамандандыру, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі топтар үшін оқытудың түрлі жағдайларын жасау ретінде түсіндіріледі;

2) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған дене шынықтыру пәні бойынша оқу бағдарламасын құруда саралау тәсілі аталған білім алушылардың ерекше білімдік қажеттіліктерін ескеруді көздейді, бұл білім мазмұнын меңгеру мүмкіндігінің әртектілігінде көрініс табады. Бұл білім алушылардың типологиялық және жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы бағдарламаның түрлі нұсқаларын, соның ішінде жеке оқу жоспарының негізінде жасау мүмкіндігін қарастырады;

3) саралау тәсілі пәнді оқытудың арнайы дайындалған құралдарының және әрекеттерді саралау тәсілдерінің көмегімен білім алушылардың түрлі топтарында оқу әрекетін ұйымдастыруды қамтиды. Саралау жұмыстарын ұйымдастырудың шарты күрделілігі бойынша, танымдық қызғушылығы бойынша, мұғалім тарапынан көрсетілетін көмектің сипаты бойынша ажыратылатын саралау тапсырмаларын қолдану болып табылады.

33. Коммуникативтік тәсіл:

1) оқытудың коммуникативтік тәсілі – екі немесе одан да көп адамдардың өзара сөйлесу әрекеті үдерісіндегі ақпаратты жеткізуі және хабарлауы, білім, білік-дағды алмасуы. Коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті, яғни тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесін дұрыс пайдалана және

қарым-қатынас жағдайына барабар коммуникативтік мінез-құлықты таңдай отырып, қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекет үдерісіндегі түрлі жағдаяттарда ойын жеткізуі және алмасуы болып табылады;

2) коммуникативтік тәсілге сәйкес оқыту үдерісі шынайы коммуникация жағдайына барабар (топтық және жұптық жұмыс) қарым-қатынас білігін және жұмыс істеу тәртіптемесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тапсырмаларды қамтиды;

3) коммуникативтік тәсілдің әлеуметтік мәні: ақпарттың әр алуан түрлерін игеру; спортты дамыту мәселесі бойынша және дене шынықтыру сабақтарында пікірталас жүргізу білу; ағымдағы мәселе бойынша өзіндік ұстанымын әзірлеу;

4) коммуникативтік тәсілдің жекелік мәні: достарының, сыныптастарының әрекеттерін талдай білу және бағалау; қазіргі дене шынықтыру-сауықтыру технологияларына сүйене отырып, дене шынықтыру сабақтарымен өзбетінше айналысу үшін ұсыныстар бере білу, өз күшін барабар бағалай білу, тамақтануда, дене жүктемесінде ненің болатындығын, ненің болмайтындығын түсіну, түрлі жағдаяттарда жеке бейімдік және көмекші құралдарды пайдалана білу (көзілдірік, арнайы кресло, жеке бейімделген жұмыс орны, мамандандырылған компьютер пернетақтасы, дәстүрлі тінтуірлерді ауыстырғыштар).

34. Өтілетін тақырыптардың негізінде оқыту:

1) білім алушыны зерттеу "жақын даму аймағынан", яғни оның әрекетімен тікелей байланысты басталады. Білім алушылар 6-7 жасында өз ойын жеткізуді, оқытудың мазмұны бойынша сұрақ қоюды, оларға жауап табуды үйренеді.

35. Ойын арқылы оқыту:

1) оқыту әдісі ретінде ойын формасын пайдалану білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын белсендіруге мүмкіндік береді;

2) оқытудың ойын технологиясына тән басты элемент – ойынның алдына оқытудың нақты мақсаты қойылады; ойын әрекеті арқылы нақты педагогикалық нәтижеге қол жеткізіледі; оқыту әрекеті ойынның ережелеріне бағынады; оқу материалдары ойынның құралдары болып табылады.

36. Жобалау тәсілі:

1) оқу жобасы – білім алушылардың немесе білім алушылар тобының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе практикалық мәселелерді шешуіне бағытталған оқу-танымдық әрекет. Ортақ мақсатпен, әдістердің және әрекеттердің келісушілігімен, мәселенің кеңінен шешілуімен сипатталады. Бұл тәсіл білім алушылардың өз алдына мәселені қоюын және оның шешудің жолдарын өзбетінше табуын бағамдайды;

2) бастауыш мектепте жобілім алушыу тәсілі білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру арқылы жүзеге асырылады. Бірақ жобілім алушыу әрекетінің алгоритмі толықтай сақталады (жоба – білім алушының өз бетінше маңызды мәселе бойынша мұғалімнің қолдауы арқылы орындайтын әрекеті). Тараудың мазмұнымен танысу

кезінде ұжымдық/топтық жобілім алушыр дайындау бойынша білім алушылардың әрекетін ұйымдастыру ұсынылады. Жоба жұмыстары сабақ сағаттарымен шектелмейді, сондықтан сабақ тыс уақытта әрекеттерді біріктіру қарастырылады.

37. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану күзiреттiлiгi (бұдан әрi – АКТ) базалық дағдыларға негiзделедi және келесiнi қамтиды:

1) бiлiм алушылар ақпаратты таба, құра және онымен жұмыс жасай отырып, ақпараттармен және идеялармен алмасып, өз жұмысын бағалайды және жетiлдiредi, жабдықтар мен қосымшалардың кең шоғырын пайдалана отырып, барлық оқу пәндерi бойынша бiлiм алу үдерiсiнде АКТ бойынша дағдыларды дамытады;

2) "Дене шынықтыру" пәни сабағында сандық ресурстар мен құралдарды қолдану.

4-тарау. Оқу жетiстiктерiн бағалау тәсiлдерi

38. "Дене шынықтыру" пәнин оқытудың нәтижелерiн бағалау критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

39. Критерийлiк бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара байланысына негiзделген. Критерийлiк бағалаудың нәтижелерi бiлiм беру үдерiсiн тиiмдi жоспарлау және ұйымдастыру үшiн пайдаланылады.

40. Критерийлiк бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтиды.

41. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

42. Жиынтық бағалау белгілі бір оқыту кезеңінде оқу ақпаратының блогын аяқтаған кезде жүргізіледі, білім алушылардың кері байланыс жасауы үшін және пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін пайдаланылады.

5-тарау. "Дене шынықтыру" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

43. "Дене шынықтыру" пәни бойынша оқу жүктемесiнiң көлемi:

- 1) 0-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 99 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 99 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

44. "Дене шынықтыру" пәнин оқыту бiлiм алушылардың жас ерекшелiгi мен қозғалыстық патологиясының сипатын ескеру арқылы құрылады. Олардың мүмкiндiктерi, атап айтқанда медициналық тексерiс деректерi, педагогикалық бақылау және бақылау сынақтарының нәтижелерi мұқият зерттелгеннен кейiн бiлiм алушылар екi топқа бөлiнедi: бiрiншi – арнайы, бағдарламалық материалды меңгеру кезiнде шектеулердi тұтас қатары бар бiлiм алушылардың тобы, екiншiсi – негiзгi.

45. Түзету мектебіндегі тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылармен сабақтың ұйымдастырылуы:

1) дене шынықтыру пәнінің мұғалімі тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мектеп білім алушысының өсіп келе жатқан ағзасына дене жаттығуларының әсер етуі мәселесіне барынша дайын болуы қажет. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі білім алушылардың анатомиялық-физиологиялық ерешеліктеріне (толысуына) сәйкес өзінің педагогикалық тәсілдерін бақылауы және өзгертеді;

2) қозғалыстық жаттығуларды тағайындаудың барынша саралау мақсатында арнайы медициналық топқа жатқызылған білім алушыдағы аурудың ауырлығына және сипаты байланысты білім алушыларды аурудың формасы бойынша бөлу ұсынылады;

3) дене жаттығуларының сабағынан уақытша босатуға мектеп дәрігерінің рұқсатымен жол беріледі. Білім алушылар дене дамуындағы кемшіліктерді түзету бойынша жеке, топтық тапсырмаларды орындай отырып, сабақтан уақытша босатылады.

46. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған түзету мектебінде білім алушылардың зейінін аударатын, қызықтыратын, әрекетке итермелейтін спорттық құрал-саймандар мен жабдықтарды пайдалану ұсынылады, атап айтқанда, ашық түсті, түрлі көз тартар пішіндер, білім алушыларға таныс ассоциация тудыратын бейнелер немесе әдеттен тыс түрлі өлшемдегі түрлі түсті доптар, гимнастикалық таяқшалар, сақиналар, шеңберлер, таяқтар, өрнектелген доптар, секіргіштер, жалаушалар, баскетбол қоржындары, торлар, кубтар, біліктер, кегельдер, түрлі өлшемдегі ойыншықтар (қабылдауды, жанасу сезгіштігін, буындардың ұсақ қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар).

47. Білім алушылардың реттеуші жетістіктерін зерттеу тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған арнайы түзету мектебіндегі дене шынықтыру пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің маңызды бөлінбес бөлшегі болып табылады және оның кәсіби міндеттерінің қатарына кіреді.

48. Сабақтың тиімділігін арттыру үшін айна, гимнастикалық (шведтік) тосқауылдар, отырғыштар, сәкілер, еңкіш жазықтықтар, стол теннисіне арналған столдар, басқыштар, сатылар, ізді жолдар, бедерлі және ойлы-қырлы жылжымалы тақталар, еңкіш тақталар, шағын батуттар, жаттығу құрылғылары, үрілетін заттар.

49. Әрбір назология арнайы жабдықтауды және құрал-саймандарды талап етеді. Мысалы, жұлын зақымдалған жағдайда дене бөліктерін тұрақтандыру мақсатында белдіктер, тығыз ленталар, иықбаулар, жең бүкпелері, корсеттер пайдаланылады. Білім алушылардағы церебралды сал ауруында қозғалысты жеңілдететін түрлі заманауи құралдар қолданылады.

50. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс істеуде барынша тиімді әрі сабаққа тайғайындалған алаңды пайдалану; білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақтың орнын ұйымастыру ұсынылады; сондай-ақ барлық білім алушылардың

сабаққа арналған спорттық алаңды дайындауға және көмекшілік әрекеттерге тарту ұсынылады.

51. Мұғалім үшін білім алушылардың дене дамуын және дене дайындығын бақылау міндетті болып табылады, бұл білім алушылардың мектепке келгеннен күннен бастап оны аяқтағанға дейінгі аралықтағы даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта бірінші сыныптан бастап әрбір мектеп білім алушысына денсаулық паспорты ашылады.

52. Кіріс және қорытынды диагностиканы талдаудың сызбілім алушырын салыстыру өткен кезең бойынша танымдық оқу әрекетінің қалыптасу динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

53. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері орындайды:

1) білім алушыларды олардың ауру формасы мен денсаулық жағдайына сәйкес шағын топтарға бөлу;

2) мектеп білім алушысының дене мүмкіндігіне байланысты жаттығуларды тағайындау;

3) өз тәсілдерін оқуға, оқытуға және бағалауға қарай жекелендіру;

4) өзінің медициналық білімін дене әрекеттеріне қолдануға қабілетті медициналық білімі бар мамандардың қолдауымен сабақ өткізу.

54. "Дене шынықтыру" пәнінің мазмұны:

1-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер
1. Қозғалыс әрекеттері	1.1 Негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту және түзету: тірек-қозғалыс аппараты, денемен және нысанмен басқару
	1.2 Дене дамуындағы кемшіліктерді түзету: орнықтылықты, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті дамыту, өз денесіне бағыттау
	1.3 Дененің дамуына мүмкіндік беретін түрлі дене жаттығуларындағы түйіндес қозғалыстарды жақсарту және орындау
	1.4 Бармақ ұштарындағы қан тамырларының қозғалысын жақсарту: затпен және затсыз жалпы дамытушы және корригирлеуші сипаттағы жаттығулар
	1.5 Жаттығуды дұрыс әрі тиімді орындау, уақытты, салмақты, кеңістікті, ағысты түсінгендігін көрсете отырып, реттілікті сақтау және аурудың ерекшелігімен тікелей байланысты қозғалыстық бұзылыстардың алдын ала білу
	1.6 Өмірлік маңызы бар қозғалыс білігі мен дағдыларын қалыптастыру үшін өзінің және өзгенің қозғалыс әрекетіндегі кемшіліктер мен мүмкіндіктерді анықтау

	<p>1.7 Өз әрекетін және өзгелердің әрекетін жақсартуға алып келетін қозғалысты, динамиканы, байланыстарды талдай білу және бағалау, кеңістіктік бағдарды дамыту</p>
	<p>1.8 Қозғалыс қабілеттерін жақсарту және түзету үшін оқытудың түрлі сатыларындағы қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну</p>
<p>2. Шығармашылық қабілеттер және қозғалыс дағдылары арқылы сыни ойлау</p>	<p>2.1 Қозғалыспен байланысты идеяларды, стратегияларды және жоспарларды білім алушылардың жеке білімдік қажеттіліктерін ескере отырып, өзгеріс орын алған жағдайларға жауап беруге арналған барабар шешімдердің көмегімен бейімдеу</p>
	<p>2.2 Топ көшбасшысының рөлін қатар орындай отырып, мақсатқа жету үшін өзбетінше және бірлескен жұмыстарды атқару</p>
	<p>2.3 Ағзаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түзету және дамыту бағытындағы жағымды оқу ортасын жасау бйынша бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын білу және түсіну</p>
	<p>2.4 Дене жаттығуларының қатарындағы тәртіптерді және құрылымдық тәсілдері пайдалану, қолдану және жасау</p>
	<p>2.5 Денсаулығындағы ауытқушылықты ескере отырып, құрылымдық ұсыныстар жасау арқылы өзіндік шығармашылық тапсырмасына және басқалардың шығармашылық тапсырмаларына сыни тұрғыдан қарау</p>
	<p>2.6 Өз денесінің қабылдауын ескере отырып, көңіл-күйін және эмоциясын білдіру үшін түрлі жағдайда шығармашылық қабілеттерін және идеяларын қолдану, өз денесінің мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну</p>
	<p>2.7 Патриоттық сезімін, ұжымда жұмыс істеуі қабілетін және дене әрекетін орындау кезінде жеке және топтық тапсырмаларды орындауда әділ жарысқа түсе білу</p>
	<p>2.8 Түрлі қозғалыс мәнмәтіндерімен байланысты рөлдерді орындау және олардың айырмашылығын ұғыну, өз дене қызметін бақылаудың қолжетімді тәсілдерін меңгеру</p>
	<p>3.1 Денсаулық үшін және салауатты өмір салты үшін дене әрекетінің маңыздылығын түсіну, дене шынықтырумен үнемі, өзбетінше және жүйелі түрде айналысуға деген қызығушылығын дағдыландыру</p>
	<p>3.2 Білім алушының қозғалыс белсенділігін, дене және бұлшықеттерін, сезім мүшелерін және рухын дамытуға бағытталған дене жаттығуларын орындаудың қажеттілігін түсіну</p>
	<p>3.3 Ағзадағы дене өзгерістерін қалай бақылауын білу, түрлі дене жүктемесінің тыныс алуға, жүректің</p>

3. Денсаулық және салауатты өмір салты	соғу жиілігіне, дене температурасына, қозғалыс ақауларын түзетуге түрлі әсерін түсіну
	3.4 Денсаулығын нығайтуға арналған дене жүктемелеріне қатысу кезінде ерекше қозғалыс бұзылыстарын ескере отырып, жауап беру, қиындықтарды және тәуекелдерді анықтау
	3.5 Қозғалыстық патологияны ескере отырып, мектеп ішіндегі және мектептен тыс дене әрекеттеріне және спорттық жарыстарға қатысу мүмкіндіктерін анықтау және ұсыну

55. Оқыту мақсаттарын тиімді пайдалану және мониторинг жүргізу үшін оқу бағдарламасына код енгізілген. Кодтағы бірінші сан – сыныпты, екінші және үшінші сан – бөлімшені білдірсе, төртінші сан оқыту мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодындағы: "1" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының нөмірі.

56. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Қозғалыс әрекеті":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Негізгі қозғалыс дағдыларындам ыту және түзету: тірек-қозғалыс аппараты, денемен және нысанмен басқару	0.1.1.1 қозғалыс әрекеттері туралы түсінік қалыптастыру; негізгі нұсқада қозғалыс дағдысын қалыптастыружәне оны түрлі жағдайларда қолдану үшін негіз жасау; негізгі қозғалыс біліктері мен дағдыларын орындай алу	1.1.1.1 саптық жаттығуларды білу және орындай алу; негізгі қозғалыс дағдыларыжәне оларды денсаулығындағы және дене дамуындағы ауытқушылықта рды ескере отырып, жасау; дененің тепе-теңдігін сақтау және оның қалпын кеңістікте бақылау; тікқалыпты ұстап тұру және отырған қалыптан тұрған қалыпқа өту дағдысын қалыптастыру, секіру және түрлі тәсілдермен лақтыру	2.1.1.1 түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту; қозғалысты орындау кезінде дененің тепе-теңдігін және тұрақтылығын сақтау; таңғы жаттығулар кешенін құрастырудың тәртібі туралы түсінігінің болу	3.1.1.1 негізгі дене жаттығуларын орындау кезінде түзету және бейімдік әдістерді пайдалана отырып, негізгі қозғалыс дағдыларын жақсартуды жалғастыру, білу және түсіну ; қозғалыс үйлесімділігін, тепе-теңдік сақтай алуын және ептілігін жаттықтыруды жетілдіру	4.1.1.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түсіну және көрсету, түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде жасай алу; тепе-теңдікті сақтап тұру бойынша арнайы үйлесімдіктерді қалыптастыру

<p>1.2 Дене дамуындағы кемшіліктерді түзету: орнықтылықты, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті дамыту, өз денесіне бағыттау</p>	<p>0.1.2.1 көру-моторлы үйлесімділігін қалыптастыру, өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларымен білігін меңгеру үшін ерікті қозғалыс актісін ұйымдастыру</p>	<p>1.1.2.1 көру-моторлы үйлесімділігін қалыптастыру, сабақта білік-дағдыларды меңгеру үшін ерікті қозғалыс актісін ұйымдастыру; жүру, жүгіру, секіру кезінде түрлі тәсілмен қозғалу</p>	<p>2.1.2.1 сымбаттың дұрыс қалыптасуына бағытталған жаттығулар кешенін орындау; өз денесін игеру</p>	<p>3.1.2.1 дене дамуын және дене дайындығын қарапайым түрде өзбетінше бақылауды үйрету</p>	<p>4.1.2.1 дене дамуын және дене дайындығын қарапайым түрде бақылай білу; бейімделген түрде тезірек жүгіру және қозғалыс бағытын өзгерту; түзету жаттығуларын орындау</p>
<p>1.3 Дененің дамуына мүмкіндік беретін түрлі дене жаттығуларындағы түйіндес қозғалыстарды жақсарту және орындау</p>	<p>0.1.3.1 жетекші қозғалыстар техникасының негізін үйрету және оларды тұрақты орындату; негізгі физикалық қозғалыстарды білу</p>	<p>1.1.3.1 қозғалыстарды орындау кезінде артық жүктемелерді жоя отырып, негізгі дене қозғалыстарын білу және олардың қарапайым дене жаттығуларымен қалайша өзара байланысты екендігін білу</p>	<p>2.1.3.1 қажетсіз қозғалыстардың туындағанын ескерте отырып немесе мүмкіндігінше оларды жойып, негізгі қозғалыс дағдыларын өзбетінше байланыстыруды үйрену арқылы түсіну және жақсарту</p>	<p>3.1.3.1 қозғалыс әрекетінің жалпы ырғағын меңгеру кол жеткізе отырып, денені дамытуды қарастыратын түрлі дене жаттығуларын қалай орындауын білу және түсіну</p>	<p>4.1.3.1 дене дамуына және қозғалыстық қателіктерді ескертуге және жөндей алуға жағдай жасайтын түрлі реттіліктегі жаттығулардағы қозғалыстарды орындаудың сапасын арттыруды түсіну және көрсету</p>
<p>1.4 Бармақ ұштарындағы қан тамырларының қозғалысын жақсарту: затпен және затсыз жалпы дамытушы және корригирлеуші сипаттағы жаттығулар;</p>	<p>0.1.4.1 білім алушыдағы аурудың деңгейіне және сипатына қарай еденде тіземен тұрған қалыптан сүйенішпен және сүйенішсіз тұру және білу; ұсақ заттарды жоғары, төмен лақтыру</p>	<p>1.1.4.1 кесілген және сақталған бармақ ұштарындағы қан тамырларының қозғалысын арттыруға арналған жаттығуларды және қан тамырларындағы қиын қозғалыстардың және сіреспелердің қалыптасу профилактикасын білу</p>	<p>2.1.4.1 қан тамырларының қозғалысын арттыруға арналған жаттығуларды білу және пайдалана алу, бұлшықет салмағын, бұлшықет тонусын, бұлшықет күшін, тіреулерді және қозғалысын қалпына келтіру, қозғалысты және ептілікті, тепе-теңдікті немесе үйлестіру немесе орынбасарлық</p>	<p>3.1.4.1 қан тамырлары қозғалысының қол жеткізілген функционалды мүмкіндік деңгейін қалай сақтауын және одан әрі қалай арттыруды білу және түсіну; асқынуды омыртқадағы өзгерістерді және сау бармақ ұштарындағы өзгерістерді ескерту</p>	<p>4.1.4.1 субъективті түйсікке сәйкес қозғалыс амплитудасын және бұлшықет жүктемесінің күшін анағұрлым дәл басқаруға мүмкіндік беретін жаттығуларды</p>

			дағдыларды меңгеру		түсіну және көрсету
1.5 Жаттығуды дұрыс әрі тиімді орындау, уақытты, салмақты, кеңістікті, ағысты түсінгендігін көрсете отырып, реттілікті сақтау және аурудың ерекшелігімен тікелей байланысты қозғалыстық бұзылыстардың алдын ала білу	0.1.5.1 заттармен және оларсыз негізгі дене жаттығуларын орындау кезінде кеңістіктік түсінік қалыптастыру	1.1.5.1 аурудың ерекшелігін ескере отырып, түрлі дене жаттығуларындағы қозғалыстарды орындауда уақыт, кеңістік, салмақ және бірқалыптылық ұғымдары туралы білу	2.1.5.1 қарапайым дене жаттығуларындағы қозғалыстарды орындау кезінде, ерікті қозғалыс актісін ұйымдастыру кезінде уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетіндігін көрсету; мақсатта тұру	3.1.5.1 қозғалысты орындауда уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетіндігін көрсететін дағдыларды және реттілікті дамыту және жетілдіру	4.1.5.1 дене дамуындағы жеке ерекшеліктерді ескере отырып, қозғалысты орындауда уақыт, кеңістік және бірқалыптылық туралы түсінікті көрсететін бірқатар нақты және тиімді дағдылар мен реттіліктерді түсіну және қолдана алу
1.6 Өмірлік маңызы бар қозғалыс білігі мен дағдыларын қалыптастыру үшін өзінің және өзгенің қозғалыс әрекетіндегі кемшіліктер мен мүмкіндіктерді анықтау	0.1.6.1 қозғалыстық бұзылыстардың ерекшелігін ұғыну және оларды жасауды жақсартуға, жетілдіруге саналы түрде бағытталу	1.1.6.1 қозғалыс дағдылары бойынша өз білігін және кемшіліктерін сипаттап бере алу	2.1.6.1 қозғалыс дағдылары бойынша өз білігін және кемшіліктерін түсіну және түсіндіре алу	3.1.6.1 жаттығуларды орындай отырып, біліктілігі мен кемшіліктерін анықтай отырып, өзіне және өзгелерге тән сапаларды талқылау	4.1.6.1 дене жаттығуларын жақсырақ орындау мүмкіндіктерін анықтай отырып, өзінің және өзгелердің біліктілігі мен кемшіліктерін салыстыру
1.7 Өз әрекетін және өзгелердің әрекетін жақсартуға алып келетін қозғалысты, динамиканы, байланыстарды талдай білу және бағалау, кеңістіктік бағдарды дамыту	0.1.7.1 жеке пайдалануға арналған қосымша арнайы техникалық құралдарды қолдану арқылы әрбір элементті ілесе отырып түсіндіру кезінде қабылдауды жеңілдететін әрекет түрлерін (жай, бөліп-бөліп) орындауды үйрену	1.1.7.1 түрлі кеңістікте; түрлі жағдайларда бірқатар қарапайым әрекеттерді білу және орындай алу	2.1.7.1 кеңістіктегі қарапайым өзгерістер арқылы әрекеттерді және уақыт бойынша жаттығуларды бөлудің динамикасын ұғыну және жеткізу білу	3.1.7.1 орындау және бағалау кезінде бірқатар әрекеттерді, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсету және анықтай білу	4.1.7.1 бірқатар әрекеттерді, кеңістіктерді, динамикаларды және байланыстарды түсіндіре отырып, өзінің және өзгелердің әрекетті орындауын салыстыру
	0.1.8.1 қозғалыс қызметтеріндегі	1.1.8.1 қозғалыс патологиясын			4.1.8.1 жаттығуларды орындауда

1.8 Қозғалыс қабілеттерін жақсарту және түзету үшін оқытудың түрлі сатыларындағы қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну	кемшіліктердің ерекшеліктерін ұғыну және дене ауытқушылықтары түзету; жеке ортопедиялық тәртіптемені сақтау	ескере отырып, қарапайым және өзгертілген дене жаттығуларын орындау кезінде болатын қиындықтарды білу	2.1.8.1 қарапайым және өзгертілген дене жаттығуларын жетілдіруде қиындықтардың алдын ала білу дағдыларын бекіту	3.1.8.1 қозғалыс әрекетіне үйретудің түрлі сатыларындағы қиындықтардың алдын алу білік-дағдылары н жетілдіру	тәуекелдерді қысқарту қабілетін көрсете отырып, оларды орындаудың күрделілік деңгейін айыра білу
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------

2) "Шығармашылық қабілеттер және қозғалыс дағдылары арқылы сыни ойлау":
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Қозғалыспен байланысты идеяларды, стратегияларды және жоспарларды білім алушылардың жеке білімдік қажеттіліктерін ескере отырып, өзгеріс орын алған жағдайларға жауап беруге арналған барабар шешімдердің көмегімен бейімдеу	0.2.1.1 қозғалыс мүмкіндіктерін жұмылдыра білу және тіктрудің, жүрудің негізгі қызметтерін, қолдың басқару қызметін қалыптастыру мақсатында ақауларды түзету үшін зақымдалған бұлшықет қызметтерін қалпына келтіру	1.2.1.1 қозғалыс кезінде де, статикалық қалыпта да бұлшықеттердің күшін бөле білу арқылы дене әрекетіне қатысу кезінде қозғалыстық идеяларды, стратегияларды және жоспарлады білу және түсіну	2.2.1.1 түрлі ақаулардың бірігуінен пайдаланған қиындықтардың алдын алушы білім алушы мағынасын түсінетіндігін көрсете отырып, қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларын талқылау және көрсету	3.2.1.1 мүмкіндіктермен ақаулардың құрылымдық кемшіліктерін білу арқылы қозғалыстық идеялар, стратегиялар және жоспарлар қатарында шешімдер қабылдау	4.2.1.1 денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін өмірлік әрекет ортасындағы қозғалыстық идеялардың, стратегиялардың және жоспарлардың шешімдерін анықтау және ұйымдастыру
2.2 Топ көшбасшысының рөлін қатар орындай отырып, мақсатқа жету үшін өзбетінше және бірлескен жұмыстарды атқару	0.2.2.1 қозғалыстық мақсаттарға өз бетінше жетуге және дамуындағы кемшіліктерді түзетуге арналған білімді игеру	1.2.2.1 дене ауытқушылығын ескере отырып, қозғалыстық мақсаттарға жету үшін өз бетінше қалай жұмыс істейтінін білу	2.2.2.1 қозғалыстық мақсаттарға жету үшін өз бетінше және топта жұмыс істеу бойынша білімін бекіту және жеке дене мүмкіндіктерінің күрделі жағдайларында қозғалыстарды орындау	3.2.2.1 өз бетінше және топта көшбасшыны ауыстыру арқылы жұмыс істеудің мәнін түсіну және көрсету	4.2.2.1 қозғалыстық мақсаттарға жету үшін және қозғалыс қызметтерін түзету үшін көшбасшылық рөлді алма-кезек ауыстыра отырып, өз бетінше және топта жұмыс істей білу
2.3 Ағзаның жеке ерекшеліктерін	0.2.3.1 кеңістіктерді,	1.2.3.1 қозғалысты үйлестіруді дамытуға арналған түрлі	2.2.3.1 түрлі дене жаттығуларын	3.2.3.1 түрлі дене жаттығуларын	4.2.3.1 түрлі дене жаттығуларын

ескере отырып, түзету және дамыту бағытындағы жағымды оқу ортасын жасау бойынша бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын білу және түсіну	ресурстарды және идеяларды бөлу бойынша дене дамуын түзету арқылы сауығу мүмкіндігін арттыру бойынша білімді игеру	дене жаттығуларын орындау кезінде жағымды оқу ортасын қалыптастырудың маңыздылығын ұғына отырып, кеңістікті, ресурстарды қалай бөлетінін білу	орындау кезінде жағымды оқу ортасын қалыптастырудың маңыздылығын түсіне отырып, кеңістікпен, ресурстармен, идеялармен алмасу туралы білімді бекіту	орындау кезінде жағымды оқу ортасын қалыптастырудың маңыздылығын түсіне отырып, кеңістікпен, ресурстармен, идеялармен алмасу туралы білімді қолдану	орындау кезінде жағымды оқу ортасын қалыптастырудың маңыздылығын түсіне отырып, кеңістікпен, ресурстармен, идеялармен алмасу білу
2.4 Дене жаттығуларының қатарындағы тәртіптерді және құрылымдық тәсілдері пайдалану, қолдану және жасау	0.2.4.1 тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың дамуындағы проблеманың ерекшелігін ескере отырып, мөлшерленген жүктемені пайдалану арқылы дене жаттығуларын орындау кезінде қарапайым ережелерді пайдалану бойынша білімді игеру	1.2.4.1 дене және түзету жаттығуларын орындау кезіндегі қарапайым және құрылымдық тәсілдерді атап шығу және пайдалану	2.2.4.1 қозғалыс патологиясы бар білім алушылардың дене ерекшелігін ескере отырып, түрлі дене жаттығуларын орындаудың ережелерін және құрылымдық тәсілдерін талқылау және көрсету	3.2.4.1 тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың дене ерекшеліктерін ескере отырып, дене жаттығуларының ережелерін және құрылымдық тәсілдерін пайдалану және олар туралы білімді қолдану	4.2.4.1 қозғалыс патологиясы бар білім алушылардың дене ерекшелігін ескере отырып, түрлі дене жаттығуларын орындаудың ережелерін және құрылымдық тәсілдерін жасау және қолдану
	2.1 Қозғалыспен байланысты идеяларды, стратегияларды және жоспарларды білім алушылардың жеке білімдік қажеттіліктерін ескере отырып, өзгеріс орын алған жағдайларға жауап беруге арналған барабар шешімдердің көмегімен бейімдеу	4.2.1.1 денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін өмірлік әрекет ортасындағы қозғалыстық идеялардың, стратегиялардың және жоспарлардың білім алушыма шешімдерін анықтау және ұйымдастыру
	2.2 Топ көшбасшысының рөлін қатар орындай отырып, мақсатқа жету үшін өзбетінше және бірлескен жұмыстарды атқару	4.2.2.1 қозғалыстық мақсаттарға жету үшін және қозғалыс қызметтерін түзету үшін көшбасшылық рөлді алма-кезек ауыстыра отырып, өзбетінше және топта жұмыс істей білу
	2.3 Ағзаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түзету және дамыту бағытындағы жағымды оқу ортасын жасау блайынша бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын білу және түсіну	4.2.3.1 түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде жағымды оқу ортасын қалыптастырудың маңыздылығын түсіне отырып, кеңістікпен, ресурстармен, идеялармен алмаса білу
	2.5 Денсаулығындағы ауытқушылықты ескере отырып, құрылымдық ұсыныстар жасау арқылы өзіндік шығармашылық	4.2.5.1 денсаулығындағы ауытқушылықты ескере отырып, құрылымдық ұсыныстар беру

	тапсырмасына және басқалардың шығармашылық тапсырмаларына сыни тұрғыдан қарау	арқылы өзінің және өзгелердің шығармашылық тапсырмаларын біріктіру
	2.6 Өз денесінің қабылдауын ескере отырып, көңіл-күйін және эмоциясын білдіру үшін түрлі жағдайда шығармашылық қабілеттерін және идеяларын қолдану, өз денесінің мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну	4.2.6.1 түрлі жағдаяттарда берілетін жаңа элементтерді жасау үшін өзінің шығармашылық қабілеттерін басқалардың идеяларымен біріктіру
	2.7 Патриоттық сезімін, ұжымда жұмыс істеуі қабілетін және дене әрекетін орындау кезінде жеке және топтық тапсырмаларды орындауда әділ жарысқа түсе білу	4.2.7.1 жеке және топтық дене әрекетіндегі патриоттық сезімді және әділ бәсекелестікті көрсету
	2.8 Түрлі қозғалыс мәнмәтіндерімен байланысты рөлдерді орындау және олардың айырмашылығын ұғыну, өз дене қызметін бақылаудың қолжетімді тәсілдерін меңгеру	4.2.8.1 түрлі қозғалыстарды орындау кезінде әр алуан рөлдерді олардың айырмашылықтарын ұғына отырып тәжірибеден өткізу
	3.4 Денсаулығын нығайтуға арналған дене жүктемелеріне қатысу кезінде ерекше қозғалыс бұзылыстарын ескере отырып, жауап беру, қиындықтарды және тәуекелдерді анықтау	4.3.4.1 денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беретін бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиыншылықтармен және тәуекелдермен күресуге көмектесу үшін қажетті реакцияларды таңдау және қолдану
4-тоқсан		
	1.3 Дененің дамуына мүмкіндік беретін түрлі дене жаттығуларындағы түйіндес қозғалыстарды жақсарту және орындау	4.1.3.1 дене дамуына және қозғалыстық қателіктерді ескертуге және жөндей алуға жағдай жасайтын түрлі реттіліктегі жаттығулардағы қозғалыстарды орындаудың сапасын арттыруды түсіну және көрсету
	1.8 Қозғалыс қабілеттерін жақсарту және түзету үшін оқытудың түрлі сатыларындағы қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну	4.1.8.1 жаттығуларды орындауда тәуекелдерді қысқарту қабілетін көрсете отырып, оларды орындаудың күрделілік деңгейін айыра білу
	2.4 Дене жаттығуларының қатарындағы тәртіптерді және құрылымдық тәсілдері пайдалану, қолдану және жасау	4.2.4.1 қозғалыс патологиясы бар білім алушылардың дене ерекшелігін ескере отырып, түрлі дене жаттығуларын орындаудың ережелерін және құрылымдық тәсілдерін жасау және қолдану
	2.5 Денсаулығындағы ауытқушылықты ескере отырып,	4.2.5.1 денсаулығындағы ауытқушылықты ескере отырып,

<p>Қарым-қатынас орнату үшін ойындар</p>	<p>құрылымдық ұсыныстар жасау арқылы өзіндік шығармашылық тапсырмасына және басқалардың шығармашылық тапсырмаларына сыни тұрғыдан қарау</p>	<p>құрылымдық ұсыныстар беру арқылы өзінің және өзгелердің шығармашылық тапсырмаларын біріктіру</p>
	<p>2.6 Өз денесінің қабылдауын ескере отырып, көңіл-күйін және эмоциясын білдіру үшін түрлі жағдайда шығармашылық қабілеттерін және идеяларын қолдану, өз денесінің мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну</p>	<p>4.2.6.1 түрлі жағдаяттарда берілетін жаңа элементтерді жасау үшін өзінің шығармашылық қабілеттерін басқалардың идеяларымен біріктіру</p>
	<p>2.8 Түрлі қозғалыс мәнмәтіндерімен байланысты рөлдерді орындау және олардың айырмашылығын ұғыну, өз дене қызметін бақылаудың қолжетімді тәсілдерін меңгеру</p>	<p>4.2.8.1 түрлі қозғалыстарды орындау кезінде әр алуан рөлдерді олардың айырмашылықтарын ұғына отырып тәжірибеден өткізу</p>
	<p>3.4 Денсаулығын нығайтуға арналған дене жүктемелеріне қатысу кезінде ерекше қозғалыс бұзылыстарын ескере отырып, жауап беру, қиындықтарды және тәуекелдерді анықтау</p>	<p>4.3.4.1 денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беретін бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиыншылықтармен және тәуекелдермен күресуге көмектесу үшін қажетті реакцияларды таңдау және қолдану</p>
	<p>1.2 Дене дамуындағы кемшіліктерді түзету: орнықтылықты, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті дамыту, өз денесіне бағыттау</p>	<p>4.1.2.1 дене дамуын және дене дайындығын қарапайым түрде бақылай білу; бейімделген түрде тезірек жүгіру және қозғалыс бағытын өзгерту; түзету жаттығуларын орындау</p>
	<p>1.4 Бармақ ұштарындағы қан тамырларының қозғалысын жақсарту: затпен және затсыз жалпы дамытушы және корригирлеуші сипаттағы жаттығулар</p>	<p>4.1.4.1 субъективті түйсікке сәйкес қозғалыс амплитудасын және бұлшықет жүктемесінің күші анағұрлым дәл басқарылатын жаттығуларды түсіну және көрсету</p>
	<p>1.5 Жаттығуды дұрыс әрі тиімді орындау, уақытты, салмақты, кеңістікті, ағысты түсінгендігін көрсете отырып, реттілікті сақтау және аурудың ерекшелігімен тікелей байланысты қозғалыстық бұзылыстардың алдын ала білу</p>	<p>4.1.5.1 дене дамуындағы жеке ерекшеліктерді ескере отырып, қозғалысты орындауда уақыт, кеңістік және бірқалыптылық туралы түсінікті көрсететін бірқатар нақты және тиімді дағдылар мен реттіліктерді түсіну және қолдана алу</p>
	<p>1.7 Өз әрекетін және өзгелердің әрекетін жақсартуға алып келетін қозғалысты, динамиканы, байланыстарды талдай білу және бағалау, кеңістіктік бағдарды дамыту</p>	<p>4.1.7.1 бірқатар әрекеттерді, кеңістіктерді, динамикаларды және байланыстарды түсіндіре отырып, өзінің және өзгелердің әрекетті орындауын салыстыру</p>

Денсаулық туралы білім алу және практика арқылы машықтандыру	2.2 Топ көшбасшысының рөлін қатар орындай отырып, мақсатқа жету үшін өзбетінше және бірлескен жұмыстарды атқару	4.2.2.1 қозғалыстық мақсаттарға жету үшін және қозғалыс қызметтерін түзету үшін көшбасшылық рөлді алма-кезек ауыстыра отырып, өзбетінше және топта жұмыс істей білу
	2.5 Денсаулығындағы ауытқушылықты ескере отырып, құрылымдық ұсыныстар жасау арқылы өзіндік шығармашылық тапсырмасына және басқалардың шығармашылық тапсырмаларына сыни тұрғыдан қарау	4.2.5.1 денсаулығындағы ауытқушылықты ескере отырып, құрылымдық ұсыныстар беру арқылы өзінің және өзгелердің шығармашылық тапсырмаларын біріктіру
	3.1 Денсаулық үшін және салауатты өмір салты үшін дене әрекетінің маңыздылығын түсіну, дене шынықтырумен үнемі, өзбетінше және жүйелі түрде айналысуға деген қызығушылығын дағдыландыру	4.3.1.1 денсаулық үшін және салауатты өмір салты үшін дене әрекетінің маңыздылығын талдау және түсіну
	3.4 Денсаулығын нығайтуға арналған дене жүктемелеріне қатысу кезінде ерекше қозғалыс бұзылыстарын ескере отырып, жауап беру, қиындықтарды және тәуекелдерді анықтау	4.3.4.1 денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беретін бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиыншылықтармен және тәуекелдермен күресуге көмектесу үшін қажетті реакцияларды таңдау және қолдану

Приложение 267
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 267 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Коррекционная ритмика" для обучающихся с нарушением опорно-двигательного аппарата 0-4 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолданылады.

8. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері

қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлылығын қалыптастыруға бағдарланған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Түзету ырғағы" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. "Түзету ырғағы" пәні тірек-қозғалыс аппараты бұзылған (бұдан әрі - ТҚАБ) білім алушылардың қимыл-қозғалыстық және танымдық әрекеттерінің дамымауын немесе кемшіліктерін жеңуге көмектесетін түзету пәндерінің қатарына кіреді. Бұл бұзылыстар қимыл-қозғалыстың үйлесімділігінің жеткіліксіздігінен, әрекеттерді аяқ-астынан орындау және жаттығуларды орындау кезіндегі қимылдардың бөгеліп қалушылығынан; қимылды орындауды дағдыландырудағы қиындықтардан, ырғақтығының жетіспеушілігінен байқалады.

14. Түзету ырғағы ТҚАБ білім алушыларды психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін оларды барынша жан-жақты дамытуға міндетті. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешеді:

1) қимыл-қозғалыс әрекетінің белгілі бір түрлерін меңгеруге, сүйектік-бұлшық еттік жүйені нығайтуға көмектесу;

2) сөйлеу тілдік тыныс алуды, ауыздық праксисті, ырғақ пен иілімділікті, фонематикалық есту, дыбысты айтуды түзете отырып, сөйлеу тілдік бұзылыстарды түзету;

3) сөздік қорды кеңейту және байыту, байланыстырылған сөйлеу тілді, оның грамматикалық құрылысын қалыптастыру;

4) психикалық атқарымдарды (көру, есту, қабылдау, есте сақтау, зейін) дамыту;

5) кеңістікте және жазықтықта бағдарлау дағдыларын қалыптастыру;

6) эстетикалық және адамгершілік тұрғысынан дамытуды жүзеге асыру;

7) білім алушыларды ынталануға, суырып салмалыққа және талаптандыра отырып, шығармашылық қабілет мүмкіндіктерін белсендіру;

8) тұрмыстық әрекеттерді, қоғамдық өмірдегі жағдайларды ұқсататын жаттығулардың көмегімен әлеуметтену қорын құру; эмоциялық ілтипатшылдық және

адамгершілік қасиеттерді (тәртіптілік, өзара көмек, жауапкершілік, дербестік) тәрбиелеу.

15. Түзету ырғақтық әрекеттер процесінде мақсатты түрде қалыптастырылатын икемділіктер мен дағдылар:

- 1) модальдылығы әр түрлі (сөйлеу тілдік, музыкалық, қиялдағы және құрылған) ырғақтарды тікелей қабылдау, талдау және салыстыру;
- 2) ырғақтарды музыкада, қимыл мен сөйлеу тілінде беру;
- 3) қимыл-қозғалыстық тапсырмаларды орындау процесінде бас, дене, аяқ-қолдың қалпын өзі және өзара бақылау;
- 4) нұсқауды, белгілер мен командаларды мақсатты бағытта қабылдау;
- 5) ережелерді ойын барысында нақты орындау;
- 6) ойын мазмұны мен шартын шығармашылықпен қайтадан құру;
- 7) белгілік-символдық және сөйлеу тілдік құралдарды коммуникативтік және танымдық тапсырмаларды шешу үшін, өзінің идеялары мен пікірін нақты және анық білдіру үшін қолдану;
- 8) эмоцияны өзі бақылау, оқиғалар, әрекеттер және олардан кейінгі сезімдер мен сезінулердің арасындағы логикалық өзара байланысты табу;
- 9) бірлескен әрекеттерге серіктестік және өзара көмек негізінде қатысу.

16. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар қалыптастырылған икемділіктер мен дағдылардың негізінде құрдастарымен және ерсектермен қарым-қатынаста өздерін сенімді сезінеді, дербес сабақтарға, дене шынықтыру жаттығуларына, шапшаң қимылды ойындарға деген қызығушылықты сезінеді, өзінің мақсатты бағытталған ойын және оқу әрекеттерін ұйымдастыруға үйренеді.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

17. "Түзету ырғағы" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

18. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығының қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдемесі мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Ырғақ педагогы өз жұмысында ТҚАБ білім алушылардың оқуға жарамдылығының жеткілікті деңгейін, олардың сөйлеу тілінің мағыналық жағының және көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің, ұқсату мүмкіндігінің сақталуын тірек етеді. Сабақтарда жетілмеген атқарымдардың дамуын ынталандыру бойынша әрекеттер ұйымдастырылады. Түзету ырғақты әсердің тиімділігі үшін кешенді тәсілдеме, яғни білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдау, осы процеске жанұяны тарту қолданылады.

19. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағытылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін тәртіп нормаларынан, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, әлеуметтік дағдылармен, көзқарастармен, сенімдерге дейінгі күрделі өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады. Білім алушылардың барлық шараларға қатысуға деген жоғары талпынысын, тұлғаның ақкөңіл, қайырымды және позитивті қасиеттерін, өмірге деген оптимистік көзқарасын пайдаланады.

20. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Дені сау құрдастарына қарағанда ТҚАБ білім алушылардың қарым-қатынастық атқарымы біркелкі дамымайды. Артикуляция, дауыс, қимыл-қозғалыстық үйлесімділіктің бұзылуы жағымсыз әсер етеді. Түзету ырғағы сабақтары білім алушыларды сөйлеу тілдік әрекеттер мен қарым-қатынас жасауға ынталандыратын жағдайларға толы болады. Түзету сабақтарының мазмұнына оқыту мен әлеуметтендірудің табыстылығын қамтамасыз ету үшін білім алушылардың сөйлеу тілдік даму деңгейін есепке ала отырып, таңдалатын материалдар ендіріледі. Педагогтың басшылығымен іскерлік қарым-қатынастар мен жоғары психикалық атқарымдарды (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) дамыту үшін табиғи жағдай (екі-екіден, топтасып) құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады.

21. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау мен уәждеу түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Ми бұзылыстарын локализациялауға қарай қимыл-қозғалыс жүйесі мен сөйлеу тілінде әр түрлі бұзылыстар байқалады. Барлық ТҚАБ білім алушыларын бұзылыс сипатына қарай бірнеше топқа бөлуге болады:

- 1) бұлшық еттік тонусы жоғары білім алушылар;
- 2) бұлшық еттік тонусы төмен білім алушылар;
- 3) еріксіз қимылдары (гиперкинез) бар білім алушылар;
- 4) қалып пен тепе-теңдікті ұстап тұру бұзылған білім алушылар.

22. Түзету ырғағы сабағында жіктелген және кешенді тәсілдемені жүзеге асыру үшін мұғалім ұстанатын терапиялық ұсынымдар:

1) бұлшық ет жүйесінің аурулары бар білім алушыларға (1, 2, 4-топтар) буындарды ширықтыратын (мысалы, жүрелеп немесе өкшемен отыру), бұлшық ет қатты

тартылатын жалпы дамыту жаттығулары мен ойындарды беруге болмайды. Тұрған кезде оларға бұлшық еттік көмек көрсету немесе көмекші құралдарды ұсынады;

2) ойындар мен жаттығуларды өткізу кезіндеспастикалық диплегиясы бар (1-топ) білім алушының екі қолын да мүмкіндігінше пайдаланғаны қадағаланады;

3) тепе-теңдікті ұстап тұруы нашар дамыған (3, 4-топтар), бірақ жүруге қабілетті, жамбас буынының бұзылысы бар білім алушылар арбада отырып динамикалығы жоғары ойындарға қатысуға немесе сараланған тапсырма алады;

4) қалш-қалш еткізетін ұстамалы ауруы бар білім алушыларға (1-4-топтар) кейбір тапсырмалардың қаншалықты ұстаманың басталуына себепші болатынын нақты түсіндіреді. Сол себепті айналу қимылдарын орындаудан бас тарту маңызды болады;

5) еріксіз басқарылмайтын қимылдары бар білім алушылармен (3-топ) 3-деңгейдегі барлық ырғақтық әрекеттерді (айнадан бақылау, айнадан бақылаусыз, жұмған көзбен) орындау міндетті.

23. Сабақта білім алушыларға арналған әрекеттер түрі қаншалықты дұрыс таңдалса, педагогикалық міндеттер де соғұрлым табысты шешіледі. Бұзылыс түріне тәуелсіз, ойын әрекеті (дидактикалық, жағдаяттық-рөлдік, үстел үстілік, ережелер бойынша ойнау) жағдайындағы ырғақтарды қабылдау және шығару жетекші әрекет болады. Педагог қысқа мерзімге (сабақ жоспары) жоспарлаған кезде, жаттығуларды сыныптың диагностикалық құрамына бағдарлап, бұзылыс түрлерін есепке ала отырып таңдайды.

24. Әр жаңа қимыл келесі тәртіпте:

1) әрекет ересекпен бірге көрсетілгеннен кейін;

2) әрекет еліктеу бойынша;

3) әрекет үлгі бойынша;

4) әрекет сөздік нұсқау бойынша орындалады.

25. Мұғалім түзету және дамыту міндеттерін тұжырымдай отырып, міндетті түрде бағдарламалық ырғақтық әрекеттің орындалу деңгейін көрсетеді. Бір сабақта әрекетті орындаудың шектес екі деңгейі бірігеді. Ырғақ мұғалімі білім алушылардың әр түрлі топтарына қатысты дамыту мен түзетудің әр түрлі мақсаттарын қоя алады.

26. Әр сабақ білім алушылардың залға музыканың сүйемелдеуімен ұйымдасқан түрде кіруінен басталады. Жүріс пен жүгірістің, сапқа тұру мен қайтадан сап түзудің әр түрлі түрлерін үйренген кезде көру және кинестикалық көмекші нысандар (заттар мен ойыншықтар, залды стационарлық белгілеу, бормен уақытша белгілеу, еденге салынған арқан, орындықтар мен шеңберлер) пайдаланылады. Ауыстырып қосылуға берілген жаттығулар кеңінен қолданылады, мысалы, салтанатты музыка бойынша жүру, көңілді музыкада жүгіру (мүмкіндігіне қарай). Білім алушылар зейінді бөлуге берілген жаттығуларды орындағанда, бірден екі және одан да көп жаттығуларды орындайды, мысалы, жүгірген кезде әрбір төртінші қадамда қол бұлғау. Сапқа тұру мен қайтадан сап түзуді үйрену процесінде ырғақ бойынша терминологиялық минимумды бекітуге арналған әңгімелер жүргізіледі.

27. Ырғақты гимнастикалық жаттығуларды орындағанда мұғалім бастапқы қалыпты санды қайталау, оларды орындаудың қарқыны мен бірізділігін кезектестіру арқылы өзгерте отырып, дене жүктемесін үнемі реттеп отырады. Пайдаланылатын заттар: секіртпе жіп, гимнастикалық таяқтар, кішкентай доптар (диаметрі 3-8 см), шығыршықтар, жалаушалар, салмағы бар дорбілім алушыр. Жасалған материалдары (резенке, пластмасса, мата), фактурасы (тегіс, түкті, бұдыр), құрылымы (іші қуыс, толық) және салмағы әр түрлі кішкентай доптармен орындалатын жаттығулар жақсы түзету нәтижесін береді.

28. Білім алушылар заттармен орындалатын әрекет үдерісінде бұлшық еттік сезім, көру және жанасымдық сезіну арқылы салыстыру, талдау мен синтездеудің қарапайым амалдарын жүзеге асыруға, өзінің нақты сезімдік тәжірибесін байытуға үйренеді. Жұмыстың бастапқы кезеңінде әрекеттенуге арналған зат ретінде ауырлатылған дорбілім алушырды пайдалануға болады. Оларды мықты матадан мөлшері 10-20 см етіп тігеді, ішіне сусымалы зат салынып, аузы мықтап тігіледі. Ауырлатылған дорбамен немесе басқа заттармен орындалатын әрекет түрлерін (бір жерден екінші жерге салу, лақтыру, ұстап алу), жұмыс қарқынын және оның күрделілігін, жұмыста бір мезгілде пайдаланылатын заттардың санын түрлендіруге болады.

29. Педагог заттармен орындалатын жаттығуларға үйрете отырып, әрекеттер техникасын арнайы жетілдіреді:

1) заттарды жоғары лақтыру қолдың алақаны жоғары қаратылып, бел деңгейінде шынтағынан бүгілген қолмен орындалады;

2) лақтыру үшін қолды көтеру қимылының алдында лақтыратын қолды төменнен сермейді;

3) ұстап алғанда, қолды жайымен төмен түсіре отырып, алақанмен түсіп келе жатқан затты жылдам қағып алып (қолды затқа қарай емес, заттан алшақтата отырып), алақанға тиген сәтте саусақтармен ұстап алады;

4) затты бастан сәл асыра лақтырады. Лақтырған зат жеткен жоғары нүктеге көз тоқтауға міндетті;

5) ұшу траекториясын, ұстап алатын қолдың алақанының қозғалысын бақылаудың қажеті жоқ;

6) әрбір жаттығуды мұқият жетілдіреді, оның барлық компоненттерінің дұрыс орындалуына, орындау тазалығы тәуелді болатын талаптарды сақталуына қол жеткізеді.

30. Би және басқа да музыкалық-ырғақтық жаттығулар қарқын мен ырғақ сезімін дамытады. Ырғақ сабағын өткізу үшін мұғалімнің би элементтерінің негізі туралы білімінің болуы талап етіледі. Білім алушыларға таныс емес би қимылдарын көрсеткенде, қимыл мен музыка сипатын жеткізу үшін педагог оны дұрыс, анық, дәл орындауға міндетті. Сөздік түсініктемелер қысқа, бейнелі, дәл, олар білім алушылардың назарын қимылды дұрыс орындауға және оның музыкамен

байланыстылығына бағыттайды. Сүйемелдеу үшін қазақ және орыс халық әуендері, әдеттегі классикалық және заманауи музыкалар, әлем халықтарының әуендері пайдаланылады. Білім алушылардың музыкаға деген әсерінің қалыптасуына жаттығады : әуеннің, музыкалық фразаның, күшті үлесінің басталуы мен аяқталуын белгілеу. Білім алушылардың музыкалық құралдарымен жаттығуларды еденде отырып немесе тұрған калыпта, жалғыз өзі, екеуден, топтасып немесе сыныппен қимылда орындауға болады. Оқытудың жоғары сатысында шулы оркестр әрекеті мүмкін болады.

31. 0-3-сыныптарда белгілі бір бірізділікпен үйретілетін ән билер (немесе олардың фрагменттері) пайдаланылады: бастапқыда музыка сабағында өлеңнің мәтіні мен әуені, содан кейін музыкамен сүйемелденген қимылы, ең соңында музыканың сүйемелдеумен сөз және қимыл біріктіріледі. Музыкамен сүйемелденген ойын мен биді үйреткенде сыныпты топқа бөлуге болады. Әрбір топ қандай да бір сахналық жағдаятты ашып көрсету үшін музыканың сүйемелдеуімен әр түрлі амалдарды орындайды. Содан кейін топтаржаңа бейнелерге еніп, рөлдерімен алмасады. Би элементтері алдын ала үйретіледі. Мұғалім білім алушылардың қимылы мен ән салуын біріктіреді, ТҚАБ білім алушыларды халық мәдениетіне кіріктіреді, ұжым ішілік қарым-қатынас дағдыларын бекітеді. Білім алушылар қимылдармен бірге қадам атауларының терминін, қазақ және басқа халықтардың әуендері мен билерінің атауларын меңгереді.

32. Сөйлеу тілдік ырғақты жетілдіру үшін пайдаланылатындар: шапалақтау, соққылау, тыпырлату, сөздерді берілген ырғақтар бойынша әндетіп айту. Дыбыстарды, буындарды және сөздерді айту немесе тек артикуляциялық қалыптар жетілдіріледі. Барлық қимылдар мұғаліммен бірге 4-5 рет қайталанатын. Дыбыстарды айтуды дағдыландыру үшін білім алушыларға арналған тақпақтар мен жаңылтпаштар пайдаланылады. Үшінші сыныптан бастап ырғақтық сызбаны оқу және жазу бойынша белсенді жұмыс жүргізіледі. Екпін түскен буынға сәйкес қатты, ал екпінсіз буынға сәйкес ақырын соғу. Ырғақтық сызбадағы екпінді (күшті) буынды қою қара доға жол үсті белгімен, екпінсіз (әлсіз) буынды әдеттегі доға жол үсті белгімен белгілейді. Тактілер (екпіндіден келесі екпіндіге дейінгі буындар жиынтығы) бір-бірінен тік сызықпен ерекшеленеді. Өлеңдік ырғақ бойынша жұмыс тәртібі:

- 1) мәтінді тыңдау;
- 2) екпінді қоя отырып, мәтінді тіркестер бойынша жазу;
- 3) ырғақтық суреттемені сөйлеу тілдік сүйемелдеумен (ырғақтық сызба) құру және шапалақпен беру;
- 4) ырғақтық суреттемені сөйлеу тілдік сүйемелдеусіз (ырғақтық сызба) беру.

33. Оқытудың бірінші және екінші жылдарында білім алушылар ырғақты еліктеу бойынша шығарады. Содан кейінгі уақыттарда білім алушылар ырғақтық құрылымдарды еліктеу бойынша ғана емес, сөздік нұсқау бойынша да шығарады. Жұмыста күрделі материалдар (ырғақтық белгілемелр саны беске дейін жетеді, ұзақ

және қысқа паузалармен бөлінген акценттелмеген ырғақтық құрылымдар ұсынылады) қолданыла бастайды. 3-4-сыныптарда білім алушыларды оқыту ырғақтарды ажыратуға және шығаруға үйрету көру арқылы қабылдауға тірексіз ұйымдастырылады. Білім алушыларға алтыға дейінгі ырғақтық белгілемелер ұсынылады, акценттелмеген және акценттелген, дыбысталуы қатты және ақырын, ұзақ және қысқа ырғақтық құрылымдардың топтамалары пайдаланылады, ұзақтығы мен қаттылығы бойынша әр түрлі дыбыстардың графикалық белгілемелері ендіріледі. Интонация логикалық екпін, әңгімелеу, санау, ынталандыру, сұрақ, үзіліс, қарқынды өзгерту көмегімен сөйлеу тілінің мағыналық жағын ұйымдастырады. Жұмыс мысалдар мәтінінің материалында жүргізіледі. Жұмыс мәнерлі қимылдармен, ишараттармен сүйемелденеді.

34. Түзету ырғақтары сабақтарында психобұлшық еттік ширығулар жиі жағдайда аутотренингілер түрінде жүргізілетін психогимнастика элементтерінің көмегімен жазылады. Үйрету схемасы:

1) педагог бұлшық еттің әр түрлі топтарын біртіндеп босаңсытуға өзін-өзі сендіру формуласын береді;

2) білім алушылар формуланы "іштей" қайталайды және ол бойынша әрекеттенеді. Басқа да түрлері болады: "Еркелік минуты" (басталуы мен аяқталуы белгі бойынша), "Зілтемірші", "Теңіз жағасындағы ұйқы" этюдтері. Жаттығуды сүйемелдейтін музыка босаңсуға көмектеседі. Сөздік формулаларды: "мен дем аламын; өте жайлы; оң қолым құмда жатыр, құм жып-жылы, ауыр ..." пайдалануға болады. Эмоциялық әсерді қалыптастыру бойынша жұмыс мимикалық бұлшық еттерді сылау (өзін-өзі сылау) арқылы жүзеге асырылады.

35. Түзету ырғағы сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалану мақсаттары:

1) әлем халықтарына (олардың ұлттық мәдениеті аясында) тән музыкалық-ырғақтық әрекеттерінің үлгілері мен жақсыларын көрсету;

2) білім алушылардың өзінің қимыл-ырғақтық әрекетін шынайы және кейінгі уақыт түзімінде талдауға арналған қосымша динамикалық тіректерді құру;

3) сабақтағы жұмыс мазмұнына деген қызығушылықты арттыру; білім алушылардың танымдық әрекетін белсендіру; шығармашылық әлеуетін дамыту. Оқу процесінде АКТ- сын ТҚАБ білім алушылардың жүйке жүйесі мен тірек-қозғалыс аппаратының жағдайы туралы медициналық көрсеткіштерді есепке ала отырып, мөлшерлеп пайдаланады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

36. "Түзету ырғағы" пәні аясындағы оқыту нәтижесін бағалау деңгейлік тәсілдемеге негізделген критериалды өлшемді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оқу тоқсаны

аяқталғаннан кейін, педагог қимыл-ырғақтық икемділік қалыптасқан деңгейді көрсете отырып, барлық бағдарламалық мақсаттар бойынша мәліметтерді жеке Жетістік картасына тіркейді:

- 1) әрекет ересекпен бірге көрсетілгеннен кейін;
- 2) әрекет еліктеу бойынша;
- 3) әрекет үлгі бойынша;
- 4) әрекет сөздік нұсқау бойынша орындалады.

37. Қимыл-ырғақтық икемділік білім алушының жауапкершілік және ынталану деңгейін, оның қимыл-қозғалыстық мүмкіндігі мен бұзылыс түрін есепке ала отырып бағаланады. Оқу нәтижесін балдық бағалау пайдаланылмайды. Бағалау сипаттама түрінде болады.

5-тарау. "Түзету ырғағы" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

38. "Түзету ырғағы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

39. Дайындық және бірінші сыныптардың үшінші тоқсанында қосымша демалыс қарастырылған. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттерді санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастыруға міндетті.

40. Түзету ырғағы сабақтарына арналған құрал-жабдықтар: мұғалімге арналған музыкалық аспап, мультимедиалық кешен, бейнекамера; фотоаппарат, сандық тасымалдаушылардағы аудио- және видео- материалдар, әр білім алушының жаттығуды орындауына қажетті заттар, білім алушыларға арналған шулы және үнді музыкалық құралдар (сылдырмақтар, бубендер, даңғаралар, пианино, үрмелі сырнай, металлофон, үшбұрыштар, маракастар), орындықтар (білім алушылардың бойы мен санына қарай), стационарлық айна, гимнастикалық құрылғы, батут және басқа да " сенсорлық жарық бөлме" құрал-жабдықтары, такта, көрсету материалдары, үлестірмелі дидактикалық материал жинақтастырылуға міндетті.

41. Түзету ырғағы сабақтарына арналған кабинеттің еденіне жаттығуларды отырған және жатқан қалыпта орындауға, шапшаң қимылды және басқа да белсенді тәсілдерді өткізуге арналған арнайы жабын төселеді. Кітап сөрелеріне, білім алушылардың жұмыстары мен көрнекілік құралдар қойылатын стенділерге арналған орындар алдын ала қарастырылады. Барлық білім алушылар түзету ырғағы сабағына арнайы киімде қатысады.

42. "Түзету ырғағы" оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін төрт бөлім және жеті бөлімше бойынша ұйымдастырылған мақсаттар жүйесі құрылған. Бөлімдер әрі қарай сынып бойынша оқытудың мақсатын қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі (дағдылар немесе икемділіктер, білім немесе ұғынымдар) бөлімшелерге бөлінген. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқытудың мақсаттары мұғалімдерге өзінің жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

43. Оқу пәнінің мазмұны:

1) "Кеңістікте және жазықтықта бағдарлау" бөлімі оптикалық-кеңістіктік және жазықтықтық гнозис пен праксисті дамытуға бағытталған. Бұл бөлімнің жаттығулары сабақтың басында жүргізіледі және түзете оқыту мен тәрбиелеу процесіне тәртіп пен жинақылықты ендіруді; жүріс, жүгіріс және секірістердің әр түрлі түрлерін орындаған кезде арақашықтықты сақтауды, сапқа тұру мен сапты қайтадан түзеуде нақты сызықты ұстануды; қимыл-қозғалысты музыканың басталуымен және аяқталуымен нақты үйлестіруді; кинестикалық немесе көруге берілген белгіге деген әсерін жетілдіруді қамтамасыз етеді;

2) "Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар" бөлімі ТҚАБ білім алушылардың жалпы қимылында бөгіліп қалушылықтың болуына, аяғын сүйреп басуына, қимылдарының енжарлығы мен дәл болмауына байланысты түзету ырғағы бойынша бағдарламаға ендірілді. Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар процесінде әр білім алушының дене мүмкіндіктері есепке алына отырып, барлық қимылдардың үйлесімділігі, мәнерлілігі, еркіндігі мен тәуелсізділігі жетілдіріледі. Ырғақтық-гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулары бұлшық еттердің жеке топтарын және қимыл-қозғалыс аппаратының үйлесімділігін дамытуға бағытталған. Түзету жаттығулары бұлшық еттік тонусты қалыптандыруға, тыныс алуды дамытуға, тепе-теңдік пен үйлесімділікті қалыптастыруға және жүрісті түзетуге бағытталған;

3) "Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар" бөлімі түзулеуді және тепе-теңдікті, яғни бастың кеңістіктегі және денеге қатысты қалпын дұрыс бағалауды қамтамасыз ететін постуральды механизмді дамытуға бағытталған. Би элементтерін түзету құралдары ретінде қолдану қалып пен жағдайдың дұрыс болмауын тежеуге және жеңуге, ТҚАБ білім алушыларда туынды қимыл-қозғалыстық таптауырындардың қалыптасуының алдын алуға көмектеседі. Берілген бөлімнің мақсаттары 2 бөлімшеге ("Ырғақты қабылдау", "Ырғақты шығару") бөлініп берілген. Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдарды түзету ырғағында пайдаланудың болжамдық нәтижесіне өзіндік ырғақтық түсініктер мен дағдыларды, қарапайым хореографиялық икемділіктер мен терминдерді меңгеру жатады;

4) "Психогимнастика және сөйлеу тілдік ырғақ" бөлімі 2 бөлімшеден құралады. Берілген бөлімше фонопедиялық және просодиялық жаттығулардың көмегімен айту

икемділігін бекітуге және дикцияны жетілдіруге арналған. Сөйлеу тілінің қарқынын, ырғағын, интонациясын өзгертуге, өлеңдік ырғақтарды айту сөздегі және сөз тіркесіндегі екпіндердің дұрыс қойылмауын түзетуге көмектеседі. Ұсақ моториканы дамытуға берілген жаттығулар ауызекі сөйлеу тілін ынталандыруға, каллиграфия мен көру-қимыл үйлесімділігін жетілдіруге көмектеседі. Түзете оқытудың әлеуметтік-психологиялық компоненті "Психогимнастика элементтері" бөлімшесінің мақсаттарын жүзеге асыру процесінде білім алушылардың қорқыныш және басқа да жағымсыз эмоцияларын жеңуге арналған арнайы жұмыс жүргізіледі. Осы бөлімшенің мақсаттарын жүзеге асыру білім алушыларға бұлшық еттердің психологиялық және эмоциялық ширығуларын жоюға мүмкіндік береді. Эмоцияны және мимиканы дамытуға берілген жаттығулардың мақсаттары ортақ, ол білім алушыда басқа адамның сезімін түсіну және өзінікін дұрыс білдіре білу икемділіктерін қалыптастыру.

1-кесте

№	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімдері	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімшелері
1	Кеңістікте және жазықтықта бағдарлау	1.1 Кеңістікте және жазықтықта бағдарлау
2	Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары 2.2 Түзету жаттығулары
3	Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар	3.1 Музыкалықырғақты қабылдау 3.2 Музыкалық ырғақты шығару
4	Психогимнастикалық элементтермен сөйлеу тілдік ырғақ	4.1 Сөйлеу тілдік ырғақ 4.2 Психогимнастикаэлементтері

44. Бағдарламада оқыту мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін, төрт саннан тұратын кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында "1" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

45. "Түзету ырғағы" пәнінің аясындағы оқыту мақсаттарын жіктеу, 0 және 1-сыныптарда 20 мақсат, 2-сыныпта 19 мақсат, 3-сыныпта 18 мақсат, 4-сыныпта 17 мақсат жүзеге асырылады, яғни 0-4-сынып аралығында жүзеге асырылатын 94 оқу мақсатының жүйесін құруға мүмкіндік берді. Түзете-дамыту және білім беру жұмысын жүзеге асыру мақсаты заттық сипаттағы білім мен икемділікті қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ оларды шынайы тәжірибеде қолдану, сөйлеу тілдік әрекет түрлері мен коммуникативтік дағдыларды, сондай-ақ өмірлік құзыреттілікті дамытуға да қатысты болады.

46. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Кеңістікте және жазықтықта бағдарлау":

2-кесте

--	--

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Кеңістікте және жазықтықта бағдарлау	0.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы сыныпқа кіру; жүрген кезде мүсінді бақылау	1.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде музыканың сүйемелдеуімен сыныпқа кіру; арақашықтықты сақтау	2.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде кіру, жүрген кезде мүсінді және жүрістің айқыш сызбасын бақылау	3.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде кіру; сапта санау арқылы жүру	4.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде кіру; мүсінді бақылау арақашықтықты сақтау, сапта санау арқылы жүру
	0.1.1.2 бір-бірден сап түзу, сапта тұрып, мүсінді бақылау	1.1.1.2 бір-бірден сап түзу, шахматтық тәртіпте қайтадан сап түзу, жұптағы өз орнын табу	2.1.1.2 бойға қарай сап түзу, сыртқы нысаналарды (сызықты, арқанды, таяқты, шеңберді) пайдалана отырып, шеңбер құру	3.1.1.2 бір-бірден сап түзу, бой бойынша сап түзу, көру немесе есту белгілері бойынша шеңбер құрып тұру	4.1.1.2 сап, қатар, шеңбер құрап тұру және атау, оларды атауы бойынша ажырату
	0.1.1.3 музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы бір-бірден, екі-екіден сап түзеп жүру	1.1.1.3 сол аяқтан адымдау; қатарда арақашықтықты сақтап, бір-бірден, екі-екіден жүру және жүгіру	2.1.1.3 жүрісті жүрелеп отырумен кезектестіру, тактінің күшті үлесін ерекшелей, жүру, қозғалу	3.1.1.3 бұйрық бойынша саптағы қимыл кезінде қатарды қайтадан түзу, мұғалімнің бұйрығымен шеңберді кеңейту және тарылту	4.1.1.3 музыкалық шығарманың сипатына, көлеміне және құрылысына сәйкес жүрістің қажетті қарқыны мен түрін өздігінен табу
	0.1.1.4 мұғалімнің қатысуымен шеңбер құрып жүру, қозғалу	1.1.1.4 шеңбер құрып, айнала жүрген кезде шеңберді кеңейту және тарылту	2.1.1.4 қозғалыс кезінде бір шеңберден жеке екі шеңбер құрау	3.1.1.4 қозғалыс кезінде, мүсінді сақтай отырып, бір шеңберден жеке екі шеңбер құрау	4.1.1.4 қимылдың алдағы траекториясын анықтау және жүзеге асыру арқылы бағытта бағдарлау және атау: алға-артқа, жоғары-төмен, оң жаққа-сол жаққа, тура-көлденең
	0.1.1.5 кеңістікте түсінік деңгейінде	1.1.1.5 кеңістікте бағдарлау, негізгі бағыттарды	2.1.1.5 кеңістікте және жазықтықта бағдарлау, негізгі	3.1.1.5 кеңістікте және жазықтықта бағдарлау, нысандардың	4.1.1.5 қимылдың алдағы траекториясын анықтау және

бағдарлау, алға, артқа, жоғары, төмен бағыттарын көрсету	көрсете білу; өзінің сол және оң аяғын, қолын, құлағын көзін ажырату және көрсету	бағыттарды көрсете білу; басқалардың, сол және оң аяғын, қолын, құлағын көзін ажырату және көрсету	орналасу орнын атау: алда-артта, жоғарыда-төменде, оң жақта-сол жақта, тепе-теңдікті меңгеру	жүзеге асыру арқылы бағытта бағдарлау және атау: алға-артқа, жоғары-төмен, оң жаққа-сол жаққа, тура-көлденең
----------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2) "Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Жалпы дамыту жаттығулары	0.2.1.1 белгі бойынша өз қимылын тежеу	1.2.1.1 музыкалық шығарманың немесе ауызекі мәтіннің басталуын, аяқталуын қабылдау және ерекшелену	2.2.1.1 музыканың үзіндісін немесе тіркесін қозғалыспен (сермеу, жұлқыну, ұмтылу, бұрылу, еңкею) беру	3.2.1.1 допты жанындағы көршісіне берумен бір мезгілде ұмтылысты орындау, затты қолына ұстап тұрып, тепе-теңдігін сақтау	4.2.1.1 4-5 ортақ қимылдардан тұратын тізбекті қабылдау, есте сақтау және орындау
	0.2.1.2. музыканың сүйемелдеуімен өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; еліктеу бойынша қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	1.2.1.2 музыканың сүйемелдеуімен өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; үлгі және сөздік нұсқау бойынша қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	2.2.1.2 етістіктерді пайдалана отырып, өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; айнаға қарап, өзін-өзі бақылау бойынша қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	3.2.1.2 өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	
	0.2.1.3 қарапайым қимылды еліктеу және үлгі бойынша затпен орындау	1.2.1.3 қарапайым қимылды үлгі және сөздік нұсқау бойынша затпен орындау	2.2.1.3 ұсақ заттарды музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы алға және жоғары лақтыру	3.2.1.3 ұсақ заттарды музыканың сүйемелдеуімен нысанаға, алға және жоғары лақтыру	4.2.1.3 ұсақ заттарды музыканың сүйемелдеуімен алға, жоғары және нысанаға лақтыру және ұстап алу
0.2.2.1 аккомпанементпен арқасынан	1.2.2.1 білім алушының ауру түрі мен деңгейіне қарай, ірексіз немесе	2.2.2.1 баяу музыканың сүйемелдеуімен еңкіш жазықтық (орындық,	3.2.2.1 гимнастикалық қабырға бойымен оңға-солға қарай қозғалғанда	4.2.2.1 басындағы жүкті ұстап тұруға берілген жаттығуды тепе-теңдікті	

2.2 Түзету жаттығулары	ішіне қарай және ішінен қарай аунап түсу	тірекпен тізерлеп тұрған қылыптан еденнен тұру	тақтай) бойымен қозғалу	басындағы жеңіл (200 г дейін) затты ұстап тұру	қосымша тірексіз сақтауға берілген жаттығумен үйлестіру
	0.2.2.2 тыйым рефлексі қалпын қабылдау: "эмбрион қалпы" және "көшір қалпы"	1.2.2.2 кинестикалық бақылауды пайдалана отырып, бұлшық еттің ширығу және босансу жағдайын сезіну	2.2.2.2 екеуден биіктікте жатқан немесе отырған қалыпта, серіктесінің қолын босаңсыту үшін сілкілеу және еркін тербелту	3.2.2.2 музыканың кереғарлығы бойынша дененің жеке бұлшық ет топтарын ширықтыру немесе босаңсыту	4.2.2.2 сөздік нұсқау бойынша жеке бұлшық ет топтарын босаңсыту тәсілдерін орындау

3) "Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Музыкалық ырғақты қабылдау	0.3.1.1 дыбыстың шығу көзін көрсету және дыбыстың шығу бағытына қарай қозғалу	1.3.1.1 дыбыстың шығу көзін сезу және дыбыстың шығу бағытына қарай қозғалу	2.3.1.1 2\4;4\4 әуеніндегі марштық ырғақты, марштық қозғалысты тану, атау және сипаттау	3.3.1.1 вальстік ырғақты, вальстік қимылды тану, атау және сипаттау	4.3.1.1 Қазақстан Республикасында мекендеген халықтардың би қимылдары мен әуендерін тану: қазақ халқының биі, орыс биі, гопак, клезмер, лезгинка, полька
	0.3.1.2 естілген музыканың қарқыны мен көңіл күйін "қатты", "ақырын", "көңілді", "мұңды" түсініктерінің аясында анықтау	1.3.1.2 музыканың қарқынын: жылдам-ақырын -орташа; музыканың түрін: үзік-созық, ұзын сонар, әуенді екенін ажырату	2.3.1.2 музыканың көңіл күйін ажырату: көңілді-мұңды, салтанатты-сергек	3.3.1.2 музыкадағы екі үлесті және үш үлесті мөлшерлерді ажырату және салыстыру	4.3.1.2 ырғақ сызбілім алушырды оқу және олардың әуенмен ара қатынасын белгілеу
	0.3.2.1 ырғақты, қол мен аяқтың қимылын қолжетімді деңгейде үйлестіре отырып, 2\4, 4\4 музыкасының сүйемелдеуімен жүру	1.3.2.1 қимылды жылдам, ақырын және орташа қарқыныдағы музыкамен үйлестіру, белгі бойынша біреуінен басқасына көшу	2.3.2.1 екі үлесті мөлшердегі әуеннің күшті және әлсіз үлестерінің кезектесуін қимылмен бере білу	3.3.2.1 қарапайым ырғақты суреттеменің екпінін шапалақпен аяқты тыпырлатумен белгілеу	4.3.2.1 өзінің қимылын берілген ырғаққа бағындыру, қарапайым ырғақ сызбілім алушырды құру

3.2 Музыкалық ырғақты шығару	0.3.2.2 еңбектік, тұрмыстық әрекеттердің (шабу, аралау, балғамен жұмыс, кестелеу, білім алушыны тербету) ерекшеліктерін қолжетімді құралдармен бере білу	1.3.2.2 би элементтерін еліктеу және үлгі бойынша орындау: өкшеден алға, бір орында тұрып аяқтың ұшынан өкшеге	2.3.2.2 би қимылдарына еліктеу және үлгі бойынша орындау: "Матрешка", "Тәрелкелер", "Шамдар", "Аяқты тыпырлату"	3.3.2.2 3-4 би қимылдарынан тұратын тізбекті қарқынды, көңіл күйді сақтай отырып, табиғи және еркін түрде көше отырып орындау	4.3.2.2 алдын ала берілген нұсқау мен үлгі бойынша ырғақтық нысан құруға арналған, музыканың сүйемелдеуімен текшелермен моншақтармен өнімді әрекеттерді орындау
------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

4) "Психогимнастикалық элементтермен сөйлеу тілдік ырғақ":

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	Білім алушылар:				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Сөйлеу тілдік ырғақ	0.4.1.1 жатқан, отырған, тұрған қалыпта кинестикалық бақылаумен 1-2-3-4 деп санау бойынша ұзақ және жәй тыныс алу	1.4.1.1 жұдырықты ырғақпен түйю-жазу, саусақтарды жақындату, түйістіру және айқастыру; шынайы жағдайда және бейнесі бойынша оң қол мен сол қолды ажырату	2.4.1.1 саусақтарды атай отырып, сөйлеу тілдік сүйемелдеумен өздігінен 1-2 саусақтар гимнастикасын орындау	3.4.1.1 барлық логоырғақтық жаттығуларды орындаған кезде барлық қойылған дыбыстардың фонациясын және артикуляцияны дұрыс сақтау	4.4.1.1 тыныс алуды дұрыс бөле отырып, қатты және ақырын, жоғары және төмен дауысты, баяу және жылдам сөйлеу тілін үлгілеу
	0.4.1.2 айнадан қарап бақылау арқылы, көзін жұмып отырып артикуляциялық аппарат мүшелерін атау және табу	1.4.1.2 еңкейе, қолын сермей, бұрыла отырып, еріннің, тілдің, тіл асты бұлшық еттің артикуляциялық тренингісін ырғақпен орындау: "Әткеншек", "Сағат", "Аттар", "Сылақшы"	2.4.1.2 сөйлемнен логикалық акцент табу және сөз тіркесінің сыртқы әрекетін белгілей отырып, логикалық акценттен өте қажетті күшпен интонациямен, айту	3.4.1.2 екі күрделі (ямб, хорей) және үш күрделі (дактиль) ырғақты өлеңдерді ажырату, ортақ қимылдарды немесе шапалақты пайдалана отырып, оларды шығару	4.4.1.2 ырғақ сызбілім алушырды оқу және олардың мәтіндермен ара қатынасын белгілеу; ырғақ сызбілім алушырды құру
0.4.2.1 шынайы қарым-қатынаста, бет-әлпет бейнесінің (фотосурет, сурет, пиктограмма)	1.4.2.1 шынайы қарым-қатынаста, бет-әлпет бейнесінің (фотосурет, сурет	2.4.2.1 бұйрық бойынша, үлгі бойынша, елестету бойынша әуеннің түрі мен көңіл күйіне	3.4.2.1 әрекетпен (оқиғамен) және одан кейінгі сезім, көңіл күйдің	4.4.2.1 ұжымдық ойында жетекші болу, бұйрықтарды ойын ережесіне сай, нақты интонациямен	

4.2. Психогимнастика элементтері	мимикасынан қуаныш және мұңды сезімдерді анықтау	, пиктограмма) мимикасынан таңқалу, ұялу сезімдерін анықтау	қарай бүкіл денені босаңсытуға арналған этюдтарды орындау	арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау	бере білу, ойын ережелерін барлық ойыншылардың сақтауын қадағалау
	0.4.2.2 қуаныш пен уайымның мимикалық қалпын көрсету	1.4.2.2 үлгі бойынша және шынайы қатынаста қуаныш пен уайымның, таңқалу мен ұялудың мимикалық қалпын кезектестіре көрсету	2.4.2.2 тыйым салу қалпын (мимикалық, ортақ) беруге арналған тапсырманы орындау	3.4.2.2 аутотренинг элементтерін білу, релаксацияның формуласы бойынша босаңсуды орындау	4.4.2.2 өзінің әрекетін және басқа білім алушылардың тапсырманы орындау сапасын адекватты бағалау, тапсырманы тұжырымдау, ескерту мен сынды адекватты қабылдау

47. Ұзақ мерзімді жоспарлар. Түзету ырғақтық әсер ету мақсаттарының осы жүйесі әрбір оқу жылында қайталанатын, міндетті түрде қосылатын сегіз ортақ тақырыптың ұзақ мерзімді жоспардағы бөлімдері мен тақырыптарын анықтауға мүмкіндік берді. Оқытудың әр жылында тақырыптар төрт тоқсан бойынша жұптық бірізділікпен бөлінеді. Түзету ырғақтық әсер ету мақсаттарының жүйесі әр сыныптағы оқу мазмұнының аясын анықтайды:

1) 0-сынып:

6-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өзім туралы	Кеңістікте және жазықтықта бағдарлау	1.1 Кеңістікте және жазықтықта бағдарлау	0.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы сыныпқа кіру; жүрген кезде мүсінді бақылау
	Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар	2.1 Жалпы дамыту жаттығулары 2.2 Түзету жаттығулары	0.2.1.1 белгі бойынша өз кимылын тежеу 0.2.2.1 аккомпанементпен арқасынан ішіне қарай және ішінен қарай аунап түсу
		3.1 Музыкалық ырғақты қабылдау	0.3.1.1 дыбыстың шығу көзін көрсету және дыбыстың шығу бағытына қарай қозғалу

Менің мектебім	Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар	3.2 Музыкалық ырғақты шығару	0.3.2.1 ырғақты, қол мен аяқтың қимылын қолжетімді деңгейде үйлестіре отырып, 2\4, 4\4 музыкасының сүйемелдеуімен жүру
	Психогимнастикалық элементтермен сөйлеу тілдік ырғақ	4.1 Сөйлеу тілдік ырғақ	0.4.1.1 жатқан, отырған, тұрған қалыпта кинестикалық бақылаумен 1-2-3-4 деп санау бойынша ұзақ және жәй тыныс алу
		4.2 Психогимнастика элементтері	0.4.2.1 шынайы қарым-қатынаста, бет-әлпет бейнесінің (фотосурет, сурет, пиктограмма) мимикасынан қуаныш және мұңды сезімдерді анықтау
2-тоқсан			
5) критическое мышление. Технология направлена на то, чтобы заинтересовать обучающегося, то есть пробудить в нем исследовательскую, творческую активность, задействовать уже имеющиеся знания, затем – представить условия для осмысления нового материала и, наконец, помочь ему творчески переработать и обобщить полученные знания;

6) информационно-коммуникативные технологии; которым отводится большое значение, так как обучающийся владеет информацией, умеет ею пользоваться, выбирать из нее необходимое для принятия решения, работать со всеми видами информации.

36. Использование возможностей современных развивающих технологий, позволит обеспечить формирование базовых компетентностей современного обучающегося:

1) информационной (умение искать, анализировать, преобразовывать, применять информацию для решения проблем);

2) коммуникативной (умение эффективно сотрудничать с другими людьми);

3) самоорганизации (умение ставить цели, планировать, ответственно относиться к здоровью, полноценно использовать личностные ресурсы);

4) самообразования (готовность конструировать и осуществлять собственную образовательную траекторию на протяжении всей жизни, обеспечивая успешность и конкурентоспособность).

37. Соотношение методов на каждом этапе обучения и воспитания обучающихся с нарушениями опорно-двигательного аппарата определяется уровнем двигательного, познавательного, и речевого развития обучающихся и задачами, стоящими перед педагогом. Педагогическое воздействие осуществляется на основе использования разнообразных практических, наглядных, словесных, двигательно-кинестетических методов. Методы и приемы организации учебно-воспитательного процесса предполагают сочетания теоретического, теоретико-практического и практического усвоения учебного материала.

38. Обеспечение здоровьесберегающих условий для обучающегося: оздоровительный и охранительный режим, профилактика интеллектуальных и эмоциональных перегрузок и срывов, соблюдение санитарно-гигиенических правил и норм.

Глава 4. Подходы к оцениванию учебных достижений

39. Оценивание результатов изучения коррекционно-развивающего обучения в рамках предмета "Ознакомление с окружающим миром и развитие речи" осуществляется с применением критериального оценивания.

40. Критериальное оценивание основано на взаимосвязи преподавания, обучения и оценивания. Результаты критериального оценивания используются для эффективного планирования и организации образовательного процесса.

41. Бальная отметка достижений обучающихся в обучении не используется.

42. Оценка носит описательный характер.

Глава 5. Организация содержания учебного предмета "Ознакомление с окружающим миром и развитие речи"

43. Объем учебной нагрузки по учебному предмету "Ознакомление с окружающим миром и развитие речи" составляет:

1) в 0 классе – 2 часа в неделю, 66 часов в учебном году.

44. Содержание по предмету организовано по разделам обучения:

1) разделы разбиты на подразделы, которые содержат в себе цели обучения по классам в виде ожидаемых результатов: навыка или умения, знания или понимания. Цели обучения, организованные последовательно внутри каждого подраздела, позволяют учителям планировать свою работу и оценивать достижения обучающихся, а также информировать их о следующих этапах обучения:

таблица 1

№	Разделы	Подразделы
1	Я и общество	1.1. Я – человек.
		1.2. Моя семья. Члены семьи.
		1.3. Мой адрес. Наша улица. Наш дом.
		1.4. Мой дом. Мебель. Посуда
		1.5. Транспорт. Правила дорожного движения
		1.6. Человек. Профессии.
		1.7. Праздники. Ждем гостей.
2	Природа и мы	2.1. Погода.
		2.2. Времена года.
		2.3. Времена суток. Режим дня
		2.4. Растения.
		2.5. Овощи. Фрукты. Ягоды. Грибы.
		2.6. Животные.
3	Школа	3.1. Наша школа. Друзья.
		3.2. Школьные принадлежности
		3.3. Школьная столовая
		3.4. Библиотека

2) в программе для удобства цели обучения содержат кодировку. В коде первое число обозначает класс, второе и третье числа – раздел и подраздел программы, четвертое число показывает нумерацию учебной цели. Например, в кодировке 0.2.1.4: "0" – класс, "2.1" – подраздел, "4" – нумерация учебной цели.

45. Цели осуществления коррекционно-развивающей и образовательной работы касаются не только формирования знаний и умений предметного характера, но и применения их в реальной практике, развития видов речевой деятельности и коммуникативных навыков, а также жизненных компетенций.

46. Система целей обучения:

1) я и общество:

таблица 2

Подразделы	Цели обучения

1.1 Я – человек	<p>0.1.1.1 называть свою фамилию, имя, отчество, дату рождения</p> <p>0.1.1.2 ориентироваться в пространственном расположении частей своего тела (вверху, внизу, спереди, сзади, левая-правая)</p> <p>0.1.1.3 ориентироваться в ближайшем пространстве относительно себя: спереди-сзади, далеко-близко, справа-слева</p> <p>0.1.1.4 использовать в речи слова для определения пространственного расположения частей тела и предметов относительно себя (вверху, внизу, спереди, сзади, правая, левая сторона тела, лица человека, справа-слева, далеко-близко)</p> <p>0.1.1.5 составлять словесный портрет о себе как о мальчике (девочке), о обучающийсяе, опираясь на картинный план, вопросы педагога</p> <p>0.1.1.6 соблюдать элементарные правила личной гигиены: чистить зубы, умываться, расчесываться, самостоятельно одеваться, чистить одежду и обувь</p>
1.2 Моя семья. Члены семьи	<p>0.1.2.1 называть членов своей семьи, знать имена и отчества родителей</p> <p>0.1.2.2 определять свое место в системе родственных связей относительно других членов семьи</p> <p>0.1.2.3 объяснять важность заботливого отношения между членами семьи и приводить примеры</p> <p>0.1.2.4 понимать и выполнять свои обязанности по дому, объяснять необходимость помощи родным</p> <p>0.1.2.5 составлять рассказ о семейных традициях, используя семейный фотоальбом, с опорой на вопросы учителя</p>
1.3 Мой адрес. Наша улица. Наш дом	<p>0.1.3.1 называть свой адрес и телефон</p> <p>0.1.3.2 знать правила поведения в разных социальных ситуациях с незнакомыми людьми</p> <p>0.1.3.3 понимать и объяснять правила безопасности дома, на улице, в общении с "чужими"</p>
1.4 Мой дом. Мебель. Посуда	<p>0.1.4.1 выделять отдельные предметы и их группы: посуда, мебель</p> <p>0.1.4.2 называть функциональные назначения предметов, окружающих в повседневной жизни</p> <p>0.1.4.3 определять цвет, форму, величину, вес предметов</p> <p>0.1.4.4 описывать существенные характеристики предметов, свойства и качества различных материалов</p> <p>0.1.4.5 применять разнообразные способы обследования предметов (наложение, сравнение по количеству, размеру)</p> <p>0.1.4.6 уметь устанавливать связь между назначением и строением, назначением и материалом предметов</p>

	<p>0.1.4.7 понимать необходимость и содержать в порядке свои вещи, соблюдать чистоту дома</p> <p>0.1.4.8 применять предметы домашнего обихода, в соответствии с их назначением</p>
1.5 Транспорт. Правила дорожного движения	<p>0.1.5.1 называть виды транспорта</p> <p>0.1.5.2 сравнивать виды транспорта (воздушный, наземный, водный), определять их сходства и различия</p> <p>0.1.5.3 понимать и объяснять правила поведения на дороге</p> <p>0.1.5.4 соблюдать правила дорожного движения в дидактических играх и реальной ситуации</p>
1.6 Человек. Профессии	<p>0.1.6.1 понимать и рассказывать о содержании деятельности людей разных профессий, о назначении их труда для общества</p> <p>0.1.6.2 называть профессию родителей</p> <p>0.1.6.3 играть в сюжетно-ролевые игры(в магазине, на почте, в школе), соблюдая правила</p>
1.7 Праздники. Ждем гостей	<p>0.1.7.1 понимать смысл и называть праздники</p> <p>0.1.7.2 понимать и объяснять, как важно жить в мире со всеми народами, знать и уважать их культуру, обычаи и традиции</p> <p>0.1.7.3 описывать один из семейных праздников</p> <p>0.1.7.4 изготавливать поздравительные открытки и подарки близким люд</p>

2) природа и мы:
таблица 3

Подразделы	Цели обучения
2.1 Погода	<p>0.2.1.1 проводить наблюдения за явлениями окружающего мира</p> <p>0.2.1.2 определять влияние погоды на жизнь и деятельность людей</p> <p>0.2.1.3 определять возможности занятий на природе различными видами досуговой деятельности в зависимости от времени года</p>
2.2 Времена года	<p>0.2.2.1 называть времена года</p> <p>0.2.2.2 наблюдать и определять признаки четырех времен года</p> <p>0.2.2.3 называть месяцы по временам года, знать их последовательность</p> <p>0.2.2.4 устанавливать причинно-следственные связи между природными явлениями</p> <p>0.2.2.5 называть функциональные назначения сезонной одежды, обуви, головных уборов</p> <p>0.2.2.6 объяснять необходимость содержания в порядке личной одежды, обуви</p> <p>0.2.2.7 понимать и объяснять особенности сезонного труда людей</p> <p>0.2.2.8 понимать и объяснять важность труда сельских жителей</p>

2.3 Времена суток. Режим дня	0.2.3.1 различать время суток: день и ночь, утро и вечер 0.2.3.2 объяснять важность соблюдения режима дня 0.2.3.3 выполнять распорядок дня
2.4 Растения	0.2.4.1 называть и описывать 3-4 вида деревьев (ель, сосна, береза, дуб), 2-3 вида кустарников (сирень, шиповник), 2-3 вида цветковых растений (ромашка, тюльпан) 0.2.4.2 различать и сравнивать деревья, кустарники и травы 0.2.4.3 определять по лиственной пластине: хвойные и лиственные деревья 0.2.4.4 составлять рассказы о внешних признаках деревьев, кустарников, цветковых растений, используя названия частей растений (ствол, ветки, стебель, листья, цветы, лепестки) 0.2.4.5 понимать и объяснять необходимость бережного отношения к растениям
2.5 Овощи. Фрукты. Ягоды. Грибы	0.2.5.1 называть и описывать овощи и фрукты, ягоды, грибы 0.2.5.2 рассказывать о полезных свойствах овощей и фруктов, ягод, об их значении в жизни людей и животных
2.6 Животные	0.2.6.1 называть отдельных представителей диких и домашних животных, диких и домашних птиц, их детенышей 0.2.6.2 называть отдельных представителей перелетных и зимующих птиц 0.2.6.3 различать диких и домашних животных 0.2.6.4 различать перелетных и зимующих птиц 0.2.6.5 понимать и объяснять необходимость бережного отношения к животным, важность оказания помощи окружающей природе, соблюдение элементарных правил поведения в природе (подкормка птиц зимой, уборка мусора)

3) школа:

таблица 4

Подраздел	Цели обучения
3.1 Наша школа. Друзья	0.3.1.1 объяснять важность школы в жизни людей 0.3.1.2 называть номер школы, свой класс. Называть имя, отчество классного руководителя и других учителей класса, имена своих одноклассников и школьных друзей 0.3.1.3 понимать и объяснять необходимость соблюдения правил поведения на уроке и на перемене 0.3.1.4 понимать важность общения со сверстниками 0.3.1.5 понимать и объяснять целесообразность выполнения правил игры

	0.3.1.6 играть в подвижные и настольные игры, соблюдая правила
3.2 Школьные принадлежности	0.3.2.1 называть и описывать школьные принадлежности 0.3.2.2 применять учебные принадлежности в соответствии с их назначением, пользоваться ножницами 0.3.2.3 уметь самостоятельно собирать в школу портфель, согласно расписанию уроков. Уметь аккуратно обращаться с учебными вещами, складывать на место после уроков
3.3 Школьная столовая	0.3.3.1 называть продукты питания 0.3.3.2 знать и понимать пользу одних и вред других продуктов питания 0.3.3.3 понимать и объяснять необходимость соблюдения правил поведения в столовой
3.4 Библиотека	0.3.4.1 понимать и объяснять функциональное назначение библиотеки в школе 0.3.4.2 рассказывать свою любимую сказку(рассказ) 0.3.4.3 понимать и объяснять необходимость соблюдения правил поведения в библиотеке.

47. Долгосрочные планы:
таблица 5

Сквозная тема	Подразделы	Цели бучения
1 четверть		
1. ВсУ обо мне	1.1 Я – человек	0.1.1.1 называть свою фамилию, имя, отчество, дату рождения 0.1.1.2 ориентироваться в пространственном расположении частей своего тела (вверху, внизу, спереди, сзади, левая-правая) 0.1.1.3 ориентироваться в ближайшем пространстве относительно себя: спереди-сзади, далеко-близко, справа-слева 0.1.1.4 использовать в речи слова для определения пространственного расположения частей тела и предметов относительно себя (вверху, внизу, спереди, сзади, правая, левая сторона тела, лица человека, справа-слева, далеко-близко) 0.1.1.5 составлять словесный портрет о себе как о мальчике (девочке), о обучающийсяе, опираясь на картинный план, вопросы педагога 0.1.1.6 соблюдать элементарные правила личной гигиены: чистить зубы, умываться, расчесываться,

		самостоятельно одеваться, чистить одежду и обувь
	1.2 Моя семья. Члены семьи	0.1.2.2 определять свое место в системе родственных связей относительно других членов семьи 0.1.2.4 понимать и выполнять свои обязанности по дому, объяснять необходимость помощи родным.
	1.3 Мой адрес. Наша улица. Наш дом	0.1.3.1 называть свой адрес и телефон 0.1.3.2 знать правила поведения в разных социальных ситуациях с незнакомыми людьми 0.1.3.3 понимать и объяснять правила безопасности дома, на улице в общении с "чужими"
2 четверть		
2. Моя школа	3.1 Наша школа. Друзья	0.3.1.2 называть номер школы, свой класс. Называть имя, отчество классного руководителя и других учителей класса, имена своих одноклассников и школьных друзей 0.3.1.3 понимать и объяснять необходимость соблюдения правил поведения на уроке и на перемене
	3.2 Школьные принадлежности	0.3.2.1 называть и описывать школьные принадлежности 0.3.2.2 применять учебные принадлежности в соответствии с их назначением, пользоваться ножницами 0.3.2.3 уметь самостоятельно собирать в школу портфель, согласно расписанию уроков. Уметь аккуратно обращаться с учебными вещами, складывать на место после уроков
	3.3 Школьная столовая	0.3.3.3 понимать и объяснять необходимость соблюдения правил поведения в столовой
	3.4 Библиотека	0.3.4.1 понимать и объяснять функциональное назначение библиотеки в школе 0.3.4.2 рассказывать свою любимую сказку (рассказ) 0.3.4.3 понимать и объяснять необходимость соблюдения правил поведения в библиотеке

3. Моя семья и друзья	1.2 Моя семья. Члены семьи	<p>0.1.2.1 называть членов своей семьи, знать имена и отчества родителей</p> <p>0.1.2.2 определять свое место в системе родственных связей относительно других членов семьи</p> <p>0.1.2.3 объяснять важность заботливого отношения между членами семьи и приводить примеры</p>
	3.1 Наша школа. Друзья	<p>0.3.1.1 объяснять важность школы в жизни людей</p> <p>0.3.1.4 понимать важность общения со сверстниками</p> <p>0.3.1.5 понимать и объяснять целесообразность выполнения правил игры</p> <p>0.3.1.6 играть в подвижные и настольные игры, соблюдая правила</p>
4. Мир вокруг нас	1.3 Мой адрес. Наша улица. Наш дом	<p>0.1.3.1 называть свой адрес и телефон</p> <p>0.1.3.2 знать правила поведения в разных социальных ситуациях с незнакомыми людьми</p> <p>0.1.3.3 понимать и объяснять правила безопасности дома, на улице в общении с "чужими"</p>
	1.4 Мой дом. Мебель. Посуда	<p>0.1.4.1 выделять отдельные предметы и их группы: посуда, мебель</p> <p>0.1.4.2 называть функциональные назначения предметов, окружающих в повседневной жизни</p> <p>0.1.4.3 определять цвет, форму, величину, вес предметов</p> <p>0.1.4.4 описывать существенные характеристики предметов, свойства и качества различных материалов</p> <p>0.1.4.5 применять разнообразные способы обследования предметов (наложение, сравнение по количеству, размеру)</p> <p>0.1.4.6 уметь устанавливать связь между назначением и строением, назначением и материалом предметов</p>

		<p>0.1.4.7 понимать необходимость и содержать в порядке свои вещи, соблюдать чистоту дома</p> <p>0.1.4.8 применять предметы домашнего обихода, в соответствии с их назначением</p>
	1.6 Человек. Профессии	<p>0.1.6.1 понимать и рассказывать о содержании деятельности людей разных профессий, о назначении их труда для общества</p> <p>0.1.6.2 называть профессию родителей</p> <p>0.1.6.3 играть в сюжетно-ролевые игры(в магазине, на почте, в школе), соблюдая правила</p>
	1.7 Праздники. Ждем гостей	<p>0.1.7.1 понимать смысл и называть праздники</p> <p>0.1.7.2 понимать и объяснять, как важно жить в мире со всеми народами, знать и уважать их культуру, обычаи и традиции</p> <p>0.1.7.3 описывать один из семейных праздников</p> <p>0.1.7.4 изготавливать поздравительные открытки и подарки близким и родным</p>
3 четверть		
	2.2 Времена года	<p>0.2.2.1 называть времена года</p> <p>0.2.2.2 наблюдать и определять признаки четырех времен года</p> <p>0.2.2.3 называть месяцы по временам года, знать их последовательность</p> <p>0.2.2.4 устанавливать причинно-следственные связи между природными явлениями</p> <p>0.2.2.5 называть функциональные назначения сезонной одежды, обуви, головных уборов</p> <p>0.2.2.6 объяснять необходимость содержания в порядке личной одежды, обуви</p> <p>0.2.2.7 понимать и объяснять особенности сезонного труда людей</p> <p>0.2.2.8 понимать и объяснять важность труда сельских жителей</p>
		0.2.4.1 называть и описывать 3-4 вида деревьев (ель, сосна, береза, дуб), 2-3 вида кустарников (сирень, шиповник), 2-3 вида цветковых растений (ромашка, тюльпан)

5. Путешествие

2.4 Растения	0.2.4.2 различать и сравнивать деревья, кустарники и травы 0.2.4.3 определять по лиственной пластине: хвойные и лиственные деревья 0.2.4.4 составлять рассказы о внешних признаках деревьев, кустарников, цветковых растений, используя названия частей растений (ствол, ветки, стебель, листья, цветы, лепестки) 0.2.4.5 понимать и объяснять необходимость бережного отношения к растениям
2.5 Овощи. Фрукты. Ягоды. Грибы	0.2.5.1 называть и описывать овощи и фрукты, ягоды, грибы 0.2.5.2 рассказывать о полезных свойствах овощей и фруктов, ягод, об их значении в жизни людей и животных
2.6 Животные	0.2.6.1 называть отдельных представителей диких и домашних животных, диких и домашних птиц, их детенышей 0.2.6.2 называть отдельных представителей перелетных и зимующих птиц 0.2.6.3 различать диких и домашних животных 0.2.6.4 различать перелетных и зимующих птиц 0.2.6.5 понимать и объяснять необходимость бережного отношения к животным, важность оказания помощи окружающей природе, соблюдение элементарных правил поведения в природе (подкормка птиц зимой, уборка мусора)
1.2 Моя семья. Члены семьи	0.1.2.5 составлять рассказ о семейных праздниках и других событиях, используя семейный фотоальбом, с опорой на вопросы учителя
1.5 Транспорт. Правила дорожного движения	0.1.5.1 называть виды транспорта 0.1.5.2 сравнивать виды транспорта (воздушный, наземный, водный), определять их сходства и различия 0.1.5.3 понимать и объяснять правила поведения на дороге

		0.1.5.4 соблюдать правила дорожного движения в дидактических играх и реальной ситуации
	2.2 Времена года	0.2.2.4 устанавливать причинно-следственные связи между природными явлениями 0.2.2.5 называть функциональные назначения сезонной одежды, обуви, головных уборов
6. Традиции и фольклор	1.2 Моя семья. Члены семьи	0.1.2.5 составлять рассказ о семейных традициях, используя семейный фотоальбом, с опорой на вопросы учителя
	1.7 Праздники. Ждем гостей	0.1.7.2 понимать и объяснять, как важно жить в мире со всеми народами, знать и уважать их культуру, обычаи и традиции 0.1.7.3 описывать один из семейных праздников 0.1.7.4 изготавливать поздравительные открытки и подарки близким
	2.2 Времена года	0.2.2.8 понимать и объяснять важность труда сельских жителей
	4 четверть	
7. Еда и напитки	2.5 Овощи. Фрукты. Ягоды. Грибы	0.2.5.2 рассказывать о полезных свойствах овощей и фруктов, ягод, об их значении в жизни людей и животных
	3.3 Школьная столовая	0.3.3.1 называть продукты питания 0.3.3.2 знать и понимать пользу одних и вред других продуктов питания
	1.1 Я – человек	0.1.1.6 соблюдать элементарные правила личной гигиены: чистить зубы, умываться, расчесываться, самостоятельно одеваться, чистить одежду и обувь
	2.1 Погода	0.2.1.1 проводить наблюдения за явлениями окружающего мира 0.2.1.2 определять влияние погоды на жизнь и деятельность людей 0.2.1.3 определять возможности занятий на природе различными видами досуговой деятельности в зависимости от времени года
		0.2.2.4 устанавливать причинно-следственные связи между природными явлениями

8. В здоровом теле – здоровый дух !	2.2 Времена года	0.2.2.5 мазывать функциональные назначения сезонной одежды, обуви, головных уборов 0.2.2.6 объяснять необходимость содержания в порядке личной одежды, обуви
	2.3 Времена суток. Режим дня	0.2.3.1 различать время суток: день и ночь, утро и вечер 0.2.3.2 объяснять важность соблюдения режима дня 0.2.3.3 выполнять распорядок дня
	3.3 Школьная столовая	0.3.3.2 знать и понимать пользу одних и вред других продуктов питания

Приложение 271
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 271 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Обучение грамоте" для обучающихся с тяжелыми нарушениями речи 0-1 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастыру, оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістері қолданылады. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

8. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

9. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құрудағы әр пәннің қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсілдер әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдер арқылы білім алушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

10. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы

өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасалады.

11. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалар білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

12. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

13. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, білім құмарлылық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

14. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

15. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Сауат ашу" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

16. "Сауат ашу" - жалпы білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі. Пәнді оқу барысында оқу мен жазуға қатысты жұмыс интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

17. "Сауат ашу" пәні – "Қазақ тілі", "Әдебиеттік оқу" пәндерінің құрамдас бөлігі, тіл және әдебиет туралы білім жүйесіне дайындық болып табылады. "Сауат ашу" пәнінің маңыздылығы – сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың өмірінде жаңа пайда болған "жетекші әрекет" – оқу әрекетіне бейімдеу, тұрақты зейіні мен жадын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіру, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету міндеттерін жүзеге асыруында. Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым түрлерін дамыту арқылы басқа пәндерді меңгертуге негіз болуында.

18. "Сауат ашу" пәні:

1) бастапқы білім негіздері ретінде қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясын игеруіне;

2) оқу мен жазуға деген қызығушылығының оянуына;

3) айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыруға;

4) жұппен, топпен, ұжыммен және жеке жұмыс жасауға дағдылануына және түрлі рөлді (көшбасшы, орындаушы) орындауға үйренуіне; өз ұлтының, Қазақстанда тұрып жатқан басқа да халықтардың мәдениетіне ізгілік және құрмет сезімінің қалыптасуына негіз қалаушы пән болып табылады.

19. "Сауат ашу" пәнінің мақсаты– айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

20. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеу тілінің, когнитивті және эмоционалды- ерікті дамуының ерекшеліктері сауат ашуға оқытуда айтарлықтай қиындықтарға әкеліп соғады. Оларда әртүрлі дыбыстарды айту кемшіліктері, екібуындық сөздердің де буындық құрамы бұзылуы байқалады. Сөйлеу тілінің дамуындағы кемшіліктер сөздерге дыбыстық талдау мен жинақтау жасауға дайындығының жеткіліксіздігіне әкеледі де, ол өз кезегінде оқу мен жазу процестерінің қалыптасуындағы бұзылыстарға, арнайы (дисграфиялық, грамматикалық) қателерге, дизорфография мен дислексияға себепші болады. Білім алушылардың сөйлеу тілі дамуындағы аталған кемшіліктер оқу мен жазу бұзылыстарының алдын алу бойынша арнайы жұмыстардың жүргізілуін талап етеді.

21. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі көзделеді:

1) қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

2) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

3) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (катесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

4) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;

5) кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеу;

6) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктерін дамыту;

7) сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениеті нормаларын сақтауға дағдыландыру;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) рухани-адамгершілік қасиеттерді ана тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы қалыптастыру;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалог барысында басқа адамның сөзін есту және тыңдауға, диалогке/сұхбатқа қатысуға, әркімнің өз көзқарасы мен пікірі болатынын түсінуін; өз пікірін анық да дұрыс және толық жеткізе білуін) қалыптастыру ;

11) күнделікті өмірлік жағдаяттарда алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде қолдануға үйрету;

12) білім алушыны өз іс-әрекетін адамгершілік, ізгілік тұрғысынан ұйымдастыруға және жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

22. "Сауат ашу" пәнінде оқу және жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста қатар жүреді: оқу дағдысы жақсы қалыптасқан білім алушының сауатты жазу дағдысы да соған сай қалыптасады. "Сауат ашу" пәні арқылы сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылар қазақ тілі мен әдеби мұрасын меңгеріп, ана тілі мен туған халқының мәдениетін құрметтеуге, оқу процесінде және күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда тілдік қарым-қатынасқа еркін түсіп, өз пікірін білдіруге дағдыланады.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

23. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың бойында өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыруда мұғалімдер түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

1) зерттеушілік тәсілдер (білім алушылар "не білемін? нені білгім келеді? нені білдім?" тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

2) әрекеттік тәсілдер (білім алушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);

3) дамыта оқыту (білім алушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

4) уәждеу, қызықтыра оқыту (білім алушының оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін "оқыту үшін бағалау" арқылы қолдау жасау);

5) білім алушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (білім алушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді);

6) саралай оқыту (білім алушыларды деңгейіне, мүмкіндігіне қарай оқыту, қалыптастырушы баға арқылы қолдау).

24. "Сауат ашу" пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

1) стратегиялар: өзін-өзі басқарушылық, эксперименттік, сыни, коммуникативтік;

2) технологиялар: шағын топтағы жұмыс (командада), кейс-стади (нақты жағдаяттарды талдау), рөлдік және іскерлік ойындар, модульді оқыту;

3) әдістер: жеке оқыту, проблемалық оқыту.

25. Білімді қолдану біліктілігіне басты назар аударылады. Оқытудың нақты мақсаттары мен жетістіктер критерийлерін алдын ала белгілеу үшін білім алушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықталады.

26. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және белсенді тілдік орта құру арқылы, қажетті коммуникативтік дағдыларды дамытады. Мұндай орта сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сыныптастарымен, мұғалімдерімен және көпшілікпен қарым-қатынасында қазақ тілін сауатты пайдалануына, ауызекі, жазбаша түрлерін қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік туғызады.

27. "Сауат ашу" пәнінде тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1) дыбыстық-буындық талдау жасау;

2) артикуляциялық жаттығулар;

3) мәтінді мұқият тыңдап, мазмұнын түсіну, сұрақтар қою және сұрақтарға жауап беру;

4) тыңдалған мәтін мазмұнының желісін суреттер арқылы беру;

5) тыңдалған мәтіннің белгілі бір үзіндісін айтып беру;

6) мәтіннің мазмұнына қарама-қарсы пікір айту;

7) өздеріне таныс және қызықты тақырыптар бойынша әңгімелесу;

8) белгілі бір тақырыпта пікірталасқа қатысу;

9) мәтіннің кейбір оқиғаларын ым-ишарамен көрсету;

10) жұпта ым-ишара, қимыл-әрекетті пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, "Бағытталған оқу" және "Бағытталған жазу");

- 11) таныс ертегі, әңгімені мазмұндау, өлеңдерді жатқа айту;
- 12) сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, өтініш жасау, таныс және таныс емес адамдармен, жақындары және достарымен, құрдастары және ересектермен, кіші білім алушылармен қарым-қатынас жасауға байланысты рөлдік ойындар;
- 13) нені сұрауға және нені сұрауға болмайтыны туралы пікір таластыру;
- 14) суреттер, бейнематериалдар бойынша әңгімелеу, сипаттау;
- 15) сахналау;
- 16) берілген тақырып (сол сабақта өтілген әңгіме, ертегі немесе мысал) бойынша диалог (қуыршақтардың көмегімен) құрастыру.

28. "Сауат ашу" пәнінде оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) графикалық сызба арқылы "оқу";
- 2) кеспе әріптерден буын, сөз құрап оқу;
- 3) мәтіннен қажетті сөйлемді немесе сөзді тауып оқу;
- 4) "көзбен оқы" ойыны арқылы оқу;
- 5) мәтіннен көркем, бейнелі сөздерді тауып оқу;
- 6) сөздік жұмысы (сөздің мағынасын түсіну);
- 7) мәнерлеп оқу;
- 8) рөлге бөліп оқу;
- 9) оқылған әңгіменің, ертегінің жоспарын жасау.

29. "Сауат ашу" пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) ақпаратты сурет және белгілер/пиктограммалар арқылы беру;
- 2) сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсырмалар орындау;
- 3) мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
- 4) мәтіндегі жазылуы қиын сөздерден сөздік құрастыру;
- 5) сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
- 6) шағын хат жазу;
- 7) есте сақтау арқылы жазу;
- 8) байқағаны, сүйікті істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдер, шағын мәтін құрастырып жазу;
- 9) сурет бойынша жазу;
- 10) өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

30. "Сауат ашу" пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

31. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында критериалды бағалау нәтижелері пайдаланылады.

32. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

33. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

34. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, білім алушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін колданылады.

5-тарау. "Сауат ашу" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

35. "Сауат ашу" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 9 сағат, оқу жылында – 297 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 9 сағат, оқу жылында – 297 сағат.

36. Үшінші тоқсанда қосымша демалыс қарастырылған. Бастауыш білім беру деңгейінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін бастауыш сынып кабинеті санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықталады.

37. Жиһаздар сыныпта түрлі формадағы (жеке, жұптық, топтық) жұмыстар (ойын және басқа да белсенді әдістер) ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жеңіл және жылжымалы болады. Соған қоса, кітап сөрелеріне, білім алушылардың көрме жұмыстарына арналған стенділерге және көрнекі құралдарға арнайы орындар ескеріледі.

38. "Сауат ашу" пәнінің мазмұны:

1) "Сауат ашу" пәні – лексикалық тақырыптар негізінде білім алушыларды оқу мен жазуға үйрете отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған пән;

2) "Сауат ашу" пәні бағдарламасының мазмұны кіріктіріле (интегративті) құрастырылды;

3) "Сауат ашу" пәні үш кезеңнен тұрады: әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең. Сауат ашудың әліппе кезеңі 1-тоқсанда басталып, 3-тоқсанда аяқталады. Мұғалім сағат санын үш кезең бойынша сыныптағы білім алушылардың оқу мақсаттарын меңгеруіне, әр кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруына орай еркін жоспарлай алады;

4) әліппеге дейінгі кезеңде 0-сынып білім алушылары шағын сөйлеу материалы негізінде сөздің дыбыстық және буындық құрамын меңгереді;

5) бағдарламада дайындық сыныпта сурет салу, сұлбалы суреттерді штрихтауға, тіктөртбұрышты пішіндерді және баспа әріптерді таяқшалардан құрап жазуға,

кеңістікте және парақ бетінде бағдарлау, жұмыс дәптерінің жолы мен жол асты кеңістігін табуға білігін дамытуға арналған арнайы жаттығулар қамтылған.

39. Сауат ашу дыбыстық талдау-жинақтау әдісі бойынша іске асырылады, екі өзара байланысты процестерден құралады:

1) оқуды алғаш үйрету;

2) жазуды үйрету – кейіннен әртүрлі деңгейде (дыбыс- дыбыстау мәдениеті, сөз-сөздік жұмыс, сөйлем, мәтін - байланыстырып сөйлеу) тілді дамыту жұмысымен бекітіледі.

40. Осы кездегі сыныптан тыс уақыттағы оқуда (аптасына 1 сағат) білім алушыларда балалар кітабына және өз бетімен оқуға қызығушылығы қалыптасады. Оқытудың негізгі әдісі - оқу әдісі – балалар кітаптарын қарау.

41. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

2) фонематикалық есту-тыңдауын дамыту;

3) дыбыс, буын, екпін, сөз, сөйлем, сөйлеу тілі туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру;

4) сөйлем басында бас әріп, сөйлем соңында нүкте, сұрақ, леп белгілері қойылатыны жөнінде түсініктерін қалыптастыру;

5) дауысты екпінді/екпінсіз дыбыстар, үнді, ұяң, жуан, жіңішке дауыссыз дыбыстар, дауысты дыбыстардың буын құраушы рөлі жөнінде түсініктерін қалыптастыру;

6) сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

7) берілген дыбысқа өз бетімен сөз ойлау, дыбыстаған (кейін оқыған) сөздер мен берілген дыбыстық-буындық сызба-моделдер арасындағы сәйкестікті табу;

8) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу);

9) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту;

10) ауызша, жазбаша тілін дамыту.

42. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;

2) фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру; дауысты және дауыссыз дыбыстар мен әріптер;

3) білім алушылардың сөйлеу аппаратын жетілдіру және сөз, буын, дыбыстарды анық, қатты айтуға дағдыландыру;

4) әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;

5) орфографиялық оқуды меңгеру; орфоэпиялық оқу нормаларымен танысу; оқу гигиенасы ережелерімен танысу;

6) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;

7) ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру;

8) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту;

9) біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру.

43. Әліппе кезеңінің басынан бастап 0 сынып білім алушылары сауат ашу сабақтарында өздерінің көпшілігі (дизартрияның ауыр түріндегі, ринолалиясы бар білім алушыларды есептеменгенде) дұрыс дыбыстайтын дыбыстар мен әріптермен танысады.

44. дайындық сынып білім алушылары 24 әріпті өтеді (а, т, п, н, ғ, р, л, у, ш, й, о, қ, д, м, б, с, ы, ж, ұ, ә, ң, е, і, и).

45. Әріптер мен дыбыстарды өту тәртібі: дұрыс дыбыстайтын дыбыстардан артикуляциясы қиын дыбыстарға, кейін жіңішке, жуан дауыссыздар мен аффрикаттарға

46. 1 - сынып білім алушылары 42 әріпті өтеді.

47. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) мәтіндерді дұрыс, ырғақты оқуға дағдыландыру, "іштей оқу", түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

2) байланыстырып сөйлеуін дамыту (әңгімелеу);

3) каллиграфия талаптарын сақтай және сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру.

48. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту түсінуге және оқуға қолжетерлік әдеби мәтіндерді тындау, оқу және талдау арқылы, шағын тақпақтарды, мақал- мәтелдерді, жұмбақтарды, жаттау арқылы жүзеге асырылады және бағдарламаның "Сыныптан тыс оқу" бөлімімен белгіленген.

49. Шығармалардың тақырыптары екі бағытта беріледі:

1) оқытылатын дыбыстардың (әріптердің) максималды саны бар мәтіндер;

2) білім алушылардың тұлғасын дамыту міндеттерімен байланысты мәтіндер.

50. Дайындық сыныбындағы және әліппе кезеңіндегі сыныптан тыс уақытқа аптасына 20-40 минут бөлінеді. Жұмыс ең алдымен тындау, талдау немесе материалды ұжыммен жаттаудан басталады. Әліппе кезеңінің соңында білім алушылар мәтіндерді өз бетімен оқи бастайды және мұғалімнің басшылығымен талдап үйренеді.

51. Бірінші сыныптың әліппеден кейінгі кезеңінде аптасына бір сабақ өз бетімен сыныптан тыс оқу сабағына арналады.

52. Тыңдалым және айтылым (ауызша сөйлеу тілі мен фонематикалық естуін дамыту):

1) мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігенінің мәнісін түсінуі, сұраққа дұрыс және нақты жауап беруі, сөз мағынасын түсінуі, сөзді жұмсалу

орнына және мағынасына қарай қолдана білуі, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы әңгімелеп беру;

2) ауызша сөйлесуде тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдарын) қолдануы. Сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрастыру, ертегілер айту;

3) өлеңдер, санамақтар, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау, жаңылтпаштарды жатқа айту арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту. Сөздің дыбыстық құрылымы. Дауысты дыбыстар, олардың жуан, жіңішке болып бөлінуі. Дауыссыз дыбыстар, олардың қатаң, ұяң, үнді болып жіктелуі. Буын – ең кіші айтылым бірлігі ретінде. Сөздердің буындарға бөлінуі. Дауысты дыбыстардың буынкұраушылық рөлі. Сөздің мағынасы;

4) сөйлем құрау. Сөйлемдерден қысқаша мәтіндер құрастыру. Мәтінді тыңдау барысында түсіну. Мұғалімнің ауызша сұрақтарына жауап беру. Сюжетті сурет бойынша немесе көргені, бастан кешкені, естігені туралы әңгімелесу; қысқаша тақпақтар жаттау, мазмұнын айтып беру;

5) түрлі жанрдағы шығармаларды салыстыру. Шығармадағы негізгі кейіпкерлерге мінездеме беру, сипаттама жазу дағдыларын қалыптастыру. Сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін немесе сәйкес еместігін нақтылау;

6) сөздерді қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық заңдарына сәйкес айта білу. Коммуникативтік мақсаттарға сай (топта сөйлесу, сұхбатқа қатысу, сахналау, рөлдік ойындар) сөйлеу мәдениеті этикеттерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорды кеңейту.

53. Оқылым:

1) сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау. Дыбыстық талдау жасау. Дыбыстардың мағына ажыратушылық функциясын түсіну. Сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) дыбыс пен әріпті ажырата тани білуі; әріп – дыбыстың таңбасы ретінде. Жазылған сөздің әріптік құрылымын тану. Түрлі құрылымдағы сөздерді, 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді, 4-8 сөйлемнен тұратын қысқаша мәтіндерді буындық тәсілмен ұласпалы оқуға үйрету, мәтінді мұғалімнің сұрағы бойынша теріп оқу. Дауыстап оқу. Сөйлеудің интонациялық ұйымдасуына бақылау жасау (аяғындағы интонация, леппен айту, сұраулы интонация);

3) сөздердің мағынасына бақылау жасау (мағынасы жуық сөздер, қарама-қарсы мағыналы, көп мағыналы). Мәтін туралы жалпы түсінік. Өз бетімен оқу барысында мәтінді түсінуі. Баяндау сипатындағы құрылымында ақаулары бар мәтінді қайта өңдей алуы. Тұтас сөздер арқылы оқуға өту, "іштей оқу". Оқылғанның мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру;

4) оқылған мәтін мазмұнының тақырыбымен байланыстылығы, түрлі жанрлардың ерекшеліктерін айқындау; көркем шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтау; қойылған сұрақтарға дұрыс жауап құрастыра білу; көркем мәтін мен өзге (нұсқаулық, түйін) мәтіндерді интонациясын дұрыс қойып оқу (хабарлы, сұраулы, лепті) және олардың мазмұнын айтып беру; теріп оқу, рөлге бөліп оқу, оқылғанға баға беру (ұнайды/ ұнамайды). Керекті ақпаратты іздеуге Оқу тапсырмаларын орындауға (мұғалімнің жетекшілігімен). Мәтін, сурет, сызба түрінде берілген ақпаратты түсіну;

5) жылдың соңында оқу техникасының нормасы(ескерту: шылау, екі әріпті сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады):

1-кесте

Сынып	Білім алушылардың басым пайызы	Кемістіктің күрделі құрамы бар білім алушылар
0	Минутына 10-15 сөз бен тыныс белгілері	Минутына 10 сөз бен тыныс белгілері
1	Минутына 25 сөз бен тыныс белгілері	Минутына 15-20 сөз бен тыныс белгілері

б) қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның ішінде айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б, к – қ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Орыс тілінен енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Білім алушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру;

7) бірінші жартыжылдықта оқу техникасын жүргізбеуге болады.

54. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру):

1) жазуға дайындық (дұрыс отыру, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің орналасуы мен қарындаш/қаламды жазу кезінде ұстау білігі).сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу. Сөйлемді модельдеу. Жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау). Кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік). Сурет салу, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу;

2) әріп элементтерін, бас әріптер мен кіші әріптерді, сөйлемдердің буындарын графикалық нормаларды сақтай отырып, бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу;

3) айтылуы мен жазылуында алшақтық жоқ сөздерден, пунктуациялық ережелерді ескере отырып, диктант жазу. Сөйлем құрамындағы сөздердің бөлек жазылатыны. Сөйлемнің бас әріптен басталып жазылатыны, сөйлемнің соңында нүкте қойылатыны. Сөйлем, шағын мәтіндерді (3-4 сөйлем) дұрыс құрастырып жазу. Есту, есте сақтау арқылы сөздерді (3-7 сөз), жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) жатқа жазу. Жазғанын үлгіге қарап тексеру; каллиграфиялық дұрыс жазу;

4) сөз және сөйлем. Сөздің мағынасы (сөздік жұмысы). Сөздерден сөйлем құрау. Сөйлемдерден шағын әңгіме (мәтін) құрау. Сөйлемнің тыныс белгілері (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі);

5) ұғымдарды ажырату: зат және сөз заттың атауы ретінде. Қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың сөз аталымдары. Сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын, түсін, дәмін, көлемін, санын, іс-қимылын) беретінін ұғындыру, оларды орынды қолдануға үйрету. Бір затты, көп затты білдіретін сөздер. Дыбыс. Әріп. Бас әріп және кіші әріп. Дыбыс түрлері: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Буын. Дыбыстардан буын құрау. Буындардан сөз құрау. Сөзді буынға бөлу. Дыбыстық-буындық талдау.

55. Дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдану:

1) бас әріппен жазылатын сөздерді (адамдардың есімдерін, жер-су аттарын, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау, дұрыс жазу;

2) заттардың атаулары мен олардың санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді анықтау;

3) көптік жалғауды меңгеру және дұрыс қолдану;

4) жіктеу есімдіктерін ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

5) тәуелдік жалғауларын ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

6) іс-қимылды білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) дұрыс қолдану;

7) сөйлемнің тыныс белгілерін (нүкте, үтір, сұрақ белгісі және леп белгісі) дұрыс қойып жазу;

8) мұғалім көмегімен сөздерді тасымалдау.

- 5) білім алушылардың қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту, танымдық әрекеттерін дамыту, заттық-тәжірибелік, көрнекілік-бейнелі және сөздік-логикалық ойлауын дамыту негізінде ауызша сөйлеу тілін дамыту;
- 6) оқу мен жазудың ерекшеленген қателерін алдын алу және түзету.

22. "Тіл дамуының кемістіктерін түзеу" пәні:

- 1) сөйлеу кезіндегі қарым-қатынасты мақсатты түрде меңгеруге;
- 2) негізгі білім беру мазмұнының міндетті минимумымен шартталған білім, дағды, іскерлігін меңгеруіне;
- 3) қоршаған әлем туралы тұтас түсініктерінің қалыптасуына;
- 4) өз болашағына, денсаулығына деген жауапкершіліктің қалыптасуына;
- 5) басқа адамдарға ізгілік пен толеранттық көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

23. Тіл дамуының кемістіктерін түзеу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдерінің іске асырылуы сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген.

24. Әрекеттік ықпал ету принципі. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларды оқыту процесінде оқытушының басшылығымен заттық-практикалық әрекеті кеңінен пайдаланылады. Бұл әрекет оқу материалын саналы түрде түсіну үшін жағдай тудырады. Заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық қызметтерінің сенсомоторлы негізін (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) дамытуға, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтыру, жалпы білім беру пәндер бойынша білім алу, дағды мен іскерлікті менгеруге мүмкіндік береді.

25. Сараланған тәсіл принципі. Ұжымдық оқыту процесінде білім беруде ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға сараланған тәсіл пайдалану оларда вариативті типологиялық ерекшелерінің болуымен шартталады. Ерекшеліктер оқу материалдарын менгеру кезінде байқалады және білім, дағды мен іскерлігінің сапасына әсер етеді. Педагог білім алушылардың сөйлеу және коммуникативті мүмкіндіктеріне және сөйлеу тілі бұзылыстарының түріне қарай әр типологиялық топқа күрделілігі мен көлемі қол жетімділігін ескере отырып оқу материалдарының мазмұнын іріктеп алады. Сонымен қатар, білім алушылардың оқу әрекетінің қарқыны, дербестігінің дәрежесі, оқытудың әдіс-тәсілдері түрлендіріледі. Білім алушыларды топқа бөлу шартты және қозғалмалы. Сараланған тәсіл даралап оқытумен толықтырылады.

26. Білім алу құралы ретінде ой, тіл және қарым-қатынасты дамыту принципі. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушыларда сөйлеу тілінің, ойлаудың, қарым-қатынастың дамуында ерекшеленген мәселелер орын алады. Олар оқу мен әлеметтенуі табысты болуы үшін әр жағдайда мүмкіндігінше педагогикалық құралдар арқылы қалпына келтіріледі. Бұл принципті қолдануда сөйлеу тілінің түрлі категорияларын тәжірибеде қолдануын қалыптастыру негізгі міндет болып табылады. Оларды қалыптастыру нәтижесінде білім алушылар сөйлеу тілін еркін қолдануға мүмкіндік алады. Қарым-қатынасты дамыту принципін жүзеге асыру алуан түрлі сөздік жаттығуларды қолдануды құрастыруды көздейді. Оларға үлгі бойынша диалог құрастыру, мазмұндама, рөлдік ойындар, талқылау сияқтыларды жатқызуға болады.

27. Ойлау әрекетінің кезеңмен қалыптасу принципі. Сөйлеу әрекетінің әр операциясы бойынша жеке жұмыс атқарылып, машықтандырылады.

28. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушыларды оқыту барысында көрнекіліктерге зор көңіл бөлінеді. Олар жаңа тақырыпты тереңірек түсінуге көмектеседі, білім алушылардың сөздік қорын, дыбыс айтуын, есте сақтау қабілетін, жалпы ауызша сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді. Білім алушылардың қолымен ұстап, көзімен көріп, қайталап айтып отырғандықтан олардың есте сақтау қабілеті дамып, білімі мен біліктілігі арта түседі.

29. Суретті көрнекілік сөйлеу тілін түзету сабақтарында жиі пайдаланылады. Бұған заттық суреттер, кітап бетіндегі жана суреттер, сюжетті суреттер, сериялы суреттер, картиналық лотолар, картиналық сөздіктер сияқты көрнекіліктер жатады. Суретті көрнекілігінің білім алушылардың тілін дамытуға үлкен әсері бар. Сурет тақырып

мақсаттарына орай, сөздерді табуға, сөйлемдер ойлауға, жалпы сабақты меңгеруге көмектеседі, білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

30. Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзеу сабағында ойын сабақ материалдарын машықтандыруға зор әсерін тигізеді. Ойын оқытудың басқа формаларын толықтырып, білім алушылардың танымдық процестерін, сөйлеу тілін дамытуда алдыға қойған мақсаттарға жетудің тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сабақта келесі ойын түрлерін қолдануға болады: ойын-жаттығулар, ойын-саяхаттар, сюжетті-рөлдік ойындар, жарыс ойындары. Музыкалық құралдар кеңінен қолданылады.

31. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды көру талдаушылары мен білім алушылардың қимыл белсендігіне негізделіп орын басу құралы ретінде қолдану.

32. Аталған тәсілдерді жүзеге асыру құралы негізгі логопедиялық технологиялар болып табылады. Олар: логопедиялық тексеру, сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету технологиясы, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын қалыптастыру, коммуникативті дағдыларын дамыту. Жұмыс барысында жаңа технологияларды қолдану көзделеді: көрнекі модельдеу, әртүрлі мнемотехникалар, кластер, синквейн.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

33. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауына қойылатын талаптар ізгілендіру идеяларынан туындап отыр.

34. "Тіл дамуының кемістіктерін түзеу" пәні бойынша сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушылардың оқу материалдарын меңгерудегі жетістіктерін бағалау нормалары деңгейлік мақсат қоюға негізделген және білім алушылардың жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыруында бірыңғай тәсілді іске асыруға бағытталған.

35. Аталмыш бағдарламада білім алушылардың жетістіктерін бағалауда критериалды жиынтық бағалауды қолдануға мүмкіндік береді.

36. Критериалды бағалау нәтижесінде түзете оқыту процесін тиімді жобалау мен ұйымдастыруға мүмкіндік туады.

37. Критериалды бағалау дегеніміз:

- 1) сөйлеу тілін түзетудің нәтижелелерін бағалауына кешенді ықпал ету;
- 2) сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушылардың негізгі оқу пәнін меңгеруде бұзылыстарды түзету нәтижесін пайдалану;
- 3) білім алушылардың оқу жетістіктерінің динамикасын бағалау;
- 4) нәтижелерді жоспарлауда деңгейлік тәсіл қолдану.

38. Әр бөлім бойынша күтілетін нәтижелер бойынша сипаттамалық тұжырымдама жасалады. Түзету пәні бойынша балдық баға қолданылмайды.

5-тарау. "Тіл дамуының кемістіктерін түзеу" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

39. "Тіл дамуының кемістіктерін түзеу" пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 1) 0-сынып – аптасына 18 сағат, оқу жылында – 594 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 18 сағат, оқу жылында – 594 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 16 сағат, оқу жылында – 544 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 14 сағат, оқу жылында – 476 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 12 сағат, оқу жылында – 408 сағат.

40. Тіл дамуының кемшіліктерін түзеуге бір білім алушыға аптасына 1,5 оқу сағаты беріледі. Оқу жүктемесінің бөлімдер бойынша бөлінуі:

1-кесте

Сынып	1 бөлім "Логопедиялық жеке сабақтар"	2 бөлім "Дыбыс айту"	3 бөлім "Тіл дамыту"	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
0	13	2	3	18	594
1	16	-*	2	18	594
2	11	2	3	16	544
3	11	1	2	14	476
4	9	-	3	12	408

41. "Дыбыс айту" бөлімі бойынша сөйлеу тілін түзетуде күтілетін нәтиже сауат ашу сабағында "Тыңдалым және айтылым" бөлігінде жүзеге асырылады. Үшінші тоқсанда мектепке даярлық және бірінші сыныптарда қосымша демалыс қарастырылған.

42. Фронтальді жұмысында түзете-дамыту процесін ұйымдастыру үшін сынып кабинеті санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықталады.

43. Жиһаздар сыныпта түрлі формадағы (жеке, жұптық, топтық) жұмыстар (ойын және басқа да белсенді әдістер) ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жеңіл және жылжымалы болғаны жөн. Соған қоса, кітап сөрелеріне, стенділерге және көрнекі құралдарға арнайы орындар ескеріледі.

44. Мұғалім-логопедтің кабинетінде дыбыс айтуын түзетуге арналған орын бөлінеді, түзете дамыту жұмысына арналған орын маманның түзету жұмысының бағыттарына байланысты жабдықталады. Кабинетте арнайы құралдар болуы қарастырылады (сөйлеу тілін дамытуға арналған тренажерлар).

45. Пәннің мазмұны оқыту мақсаты жүйесінде күтілетін нәтиже түрінде қарастырылған. Оқыту мақсаты жүйесі бөлімдер бойынша кестемен берілген: " Логопедиялық жеке сабақ" - бірінші бөлім, "Дыбыс айту" - екінші бөлім, "Тіл дамыту" - үшінші бөлім. Логопедиялық түзету жұмысының негізгі бағыттары төмендегідей бөлімшелерге бөлінген:

2-кесте

Сөйлеу әрекетінің түрі	Дағдылар
	Логопедиялық жеке сабақ
	1.1 Ұсақ моторика
	1.2 Дауыс және тыныс алу

1. Тыңдалым және айтылым	1.3 Беттің мимикалық бұлшықеттері және артикуляциялық аппарат
	1.4 Фонематикалық түсініктері. Тіл дыбыстарын қабылдау және талдау
	1.5 Дыбыс айту
	1.6 Сөздің дыбыстық-буындық құрамы
	1.7 Семантикалық түсініктер мен грамматикалық дағдылар
	Дыбыс айту
	1.8 Сөйлеу тілінің физиологиялық негіздерін қалыптастыру
	1.9 Фонетикалық-фонематикалық түсініктерін қалыптастыру
	1.10 Дыбыс айтуын қалыптастыру
	1.11 Сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығын қалыптастыру
	Тіл дамыту
	1.12 Сөз
	1.13 Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы
	1.14 Байланыстырып сөйлеу
	1.15 Коммуникативті дағдыларын тәжірибеде қолдану
2. Оқу мен жазу	Логопедиялық жеке сабақ
	2.1 Оқу дағдыларын қалыптастыру
	2.2 Жазу дағдыларын дамыту
	2.3 Аграмматизмнің ерекше қателерін алдын алу және түзету
	Дыбыс айту
	2.4 Оқу мен жазудың ерекше қателерін алдын алу және түзету
	Тіл дамыту
2.5 Жазбаша сөйлеуін рәсімдеу	

46. Жеке-шағын топтық логопедиялық жұмыстардың негізгі бағыттары. Жеке-шағын топтық сабақтардың негізгі міндеті – сөйлеу тіліндегі жетіспеушілікті еңсеру және табысты оқу процесіне және білім алушының әлеуметтік бейімделуіне арналған алғышарттарды жасау.

47. Оқытудың бірінші сатысында, 0 және 1-сыныптағы жеке сабақтарда, ең алдымен, міндетті түрде сөйлеу тіліндегі бұзылыстың клиникалық формасына сәйкес артикуляциялық аппарат моторикасын дамытқан жөн. Білім алушы өтіп жатқан дыбыстың дұрыс артикуляциясын меңгереді және оны машықтандырады. Бұзылған дыбыстармен жұмыс кезектілігі тіл дыбыстарының онтогенезде шығуымен, артикуляциясының күрделілігімен және әр баланың дыбыс айтуының бұзылуының сипатымен, бұзылған дыбыстар санымен шартталады. Жұмыс айтылым сабақтарында

білім алушылардың басым бөлігі фронтальды оқытуда болжанатын оқшауланған дыбыстарды дұрыс айта алатындай етіліп жүзеге асырылады. Осылай білім алушы шағын топпен, фронтальді сабақтардың мазмұнын меңгеруге дайындалады.

48. 2-сыныпта жеке сабақтар даярлық сынып пен 1-сыныпқа қарағанда басқаша жүргізіледі, яғни артикуляциялық аппаратындағы ақауы айқын мектеп білім алушыларында дұрыс айту дағдыларын бекітуге және дыбыстарды қарқынды түрде қоюға көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар мынадай міндеттер де қатар жүреді: құрамы күрделі буынды сөздерді айтумен сөйлеу тілінің ырғақтық құрылымымен байланысты қиындықтарды еңсеру; жазбаша оқудағы жеке ауытқуларды жою.

49. 3-сыныптан бастап сөйлеу тілімен байланысты материалдар барлық сабақтарда айтарлықтай күрделене түседі, бұл бұзылыстың күрделі формасына ие кейбір білім алушыларда айтылымдағы қиындықтардың қайтадан байқалуымен байланысты, олар өз кезегінде өзіндік байланыстырып сөйлеуін жеке түрде түзетуді талап етеді.

50. 3-4 сыныптан бастап логопедиялық жеке сабақтың негізгі міндетті оқу материалын ұтымды меңгеруге кедергі болатын сөйлеу тіліндегі қиындықтарды жою болып табылады.

51. "Дыбыс айту бөлімі" фонетикалық бұзылыстарды кезендер бойынша кезектілікпен түзетуді және логопедиялық жеке сабақта машықтандырылған сөздің дыбыстық буындық құрамын қалыптастыруды көздейді. Бұл бөлімде дыбыстарды машықтандыру, фонетикалық ұқсас дыбыстарды ажырату, сөйлеу моторикасын, фонематикалық қабылдау, талдау, жинақтау дағдыларын ары қарай жетілдіру жұмысы жоспарланады.

52. Фонетикалық ұқсас дыбыстарды ажырату жұмысы бұрынғыдан күрделі сөздік материал негізінде жүргізіледі. Фонематикалық талдау дыбыстарды тиімді машықтандыру мен ажыратуға, оқу мен жазудың бұзылуын алдын алуға ықпал етеді.

53. Дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыру кезектілігі мен тақырыбы, фонематикалық талдауды дамыту сауат ашуға оқыту бағдарламасымен тығыз байланысты, бірақ осы сабақта өтетін тақырыптардың алдында өтіледі. Сабақта өтілетін дыбысты білім алушылар алдын ала дұрыс айтуын меңгеріп, осы дыбысты сөйлеу кезінде ажырата білуді меңгереді.

54. "Дыбыс айту" сабағының құрылымында негізгі төрт кезең белгіленеді:

1) 1 кезең: артикуляциялық гимнастика. Барлық статикалық және динамикалық жаттығулар белгілі бір ырғақпен немесе санау бойынша жүргізіледі;

2) 2 кезең: дыбыстың акустикалық-артикуляциялық сипаты;

3) 3 кезең: фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыру. Бұл кезеңде:

фонематикалық естуін дамытуға;

фонематикалық қабылдауын дамытуға;

фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыруға;

тілдік талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар жасатылады;

4) 4 кезең: сөздерді дұрыс айтуға машықтандыруға арналған жаттығулар.

55. "Тіл дамыту" бөлімі төмендегідей міндеттерді шешеді:

1) сөйлеу әрекетінің тәжірибелік дайындығын қамтамасыз етеді, әртүрлі процестерін бақылау, талдау мен жинақтау дағдыларын қамтиды;

2) сөздік қорын анықтау мен толықтыру негізінде ауызекі сөйлеуі мен монологты байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысы атқарылады;

3) сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының негізгі заңдылықтарын тәжірибеде меңгеру.

56. Аралас сабақ – сабақтың негізгі түрі болып есептеледі. Бағдарламада аралас сабаққа бірқатар талаптар қойылады:

1) әр сабақта сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамыту;

2) грамматикалық құрылымдар мен сөздік қорын қолдана отырып, жеке немесе ұжыммен байланыстырып сөйлем құрастыру;

3) тілдік емес психикалық қызметтерді дамыту және оқу-танымдық міндеттерді шешу.

57. Сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамыту жұмысы қатар жүреді, дегенмен, мұғалімнің қалауы бойынша сөз, сөйлем немесе байланыстырып сөйлеуін дамыту бойынша жеке сабақтар өткізіледі.

58. Бағдарлама білім алушыларды жалпылама түсініктермен таныстыруға, қоршаған ортадағы заттар және құбылыстармен таныстыруға, Қазақстан Республикасының ерекшеліктерімен таныстыруға бағытталған. Әр сабаққа жаңадан еңгізілетін сөздік қорының көлемі білім алушының дара мүмкіндіктеріне қарай шамамен 2-3 сөзден 4-6 сөзге дейін.

59. Грамматикалық құрылымдардың моделі жылдан жылға қарай күрделене түседі. 0-сыныпта балалардың сөздік қорына ынталандыру сөйлемдер еңгізіледі. Білім алушылар айтылған сөзге құлақ салып, айтылған нұсқаларды орындай білулері керек. Сонымен қатар жай сөйлемді күрделендіруді үйренеді. Байланыстырып сөйлеуін дамытуда білім алушылардың өзіндік мүмкіндіктері ескеріледі. Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда білім алушылардың өз ойын нақты білдіру, себеп салдар байланысын орнату, әрекеттер мен құбылыстардың реттілігін анықтау дағдаларын дамытуға аса назар аударылады.

60. Құрылысы әртүрлі мәтіндердің күрделілігінің деңгейіне қарай түзету жұмысын келесі реттілікпен жүргізу ұсынылады:

1) баяндау мәтін құрастыру дағдысын дамыту;

2) сипаттама мәтін құрастыру дағдысын дамыту;

3) пікір білдіретін мәтінмен жұмыс.

61. Жазбаша сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмыстың негізгі әдісі шығарма мен мазмұндама болып табылады.

62. Бағдарламада "Оқыту мақсаттары" кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында "1" - сыныбы, "1.2" - бөлімшесі, "1" - оқыту мақсатының реттік саны.

63. Оқыту мақсаттарының жүйесі. Сөйлеу әрекетінің түрі "Тындалым және айтылым":

1) "Логопедиялық жеке сабақ":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
1.1 Ұсақ моторика	0.1.1.1 көрсету бойынша саусақ гимнастикасын орындау	1.1.1.1 саусақ гимнастикасын орындау	2.1.1.1 көрсету бойынша қолын ұқалау	3.1.1.1 саусақтары мен қол білезігін өз өзін құалау	4.1.1.1 саусақ гимнастикасын орындау
	0.1.1.2 үлгі бойынша саусақ гимнастикасын орындау	1.1.1.2 көрсету бойынша қолын ұқалау	2.1.1.2 саусақ гимнастикасын орындау	3.1.1.2 саусақ гимнастикасын орындау	4.1.1.2 саусақтары мен қол білезігін өз өзін құалау
1.2 Дауыс және тыныс алу	0.1.2.1 ауа ағымын бағыттау	1.1.2.1 сөйлеу кезінде ұзақ дем шығару	2.1.2.1 төменгі диафрагмалды дем алу мен ажыратылған дем алу дағдыларын меңгеру	3.1.2.1 төменгі диафрагмалды дем алу мен ажыратылған дем алу дағдыларын меңгеру	4.1.2.1 дем шығару кезінде сөйлеу дағдысын өкрсету
	0.1.2.2 дем шығару күшін көрсету	1.1.2.2 ауытқудың ерекшелігіне байланысты мұрындық ренкті жою	2.1.2.2 дауысты ұзақ шығару. Динамикалық жаттығулар материалдарында дұрыс тыныс алуын дамыту, синхрондық тыныс және дауыс дағдысын қалыптастыру	3.1.2.2 дауысты ұзақ және қатты шығару Ұқсас дыбыстар, буындар материалдарында дауыс ырғағын , тембрін, күшін айыру	4.1.2.2 мұрындық ренкті жоюға бағытталған жаттығулар жасай білу
	0.1.2.3 дауысты ұзақ шығару	1.1.2.3 таңдай перделерінің бұлшықеттерін белсендіру	2.1.2.3 дауысты ұзақ және қатты шығару	3.1.2.3 мұрындық ренкті жоюға бағытталған жаттығулар жасай білу	4.1.2.3 дауыс әуезділігін дұрыс шығара білу
	0.1.2.4 таңдай перделерінің бұлшықеттерін белсендіру	1.1.2.4 таңдай перделерінің бұлшықеттерін белсендіру	2.1.2.4 сөйлеу мәнерлігін көрсете білу	3.1.2.4 сөйлеу мәнерлігін көрсете білу	4.1.2.4 ырғақты дұрыс колдана білу

1.3 Беттің мимикалық бұлшықеттері және артикуляциялық аппарат	0.1.3.1 артикуляциялық аппарат бұлшықеттерін дамыту	1.1.3.1 артикуляциялық мүшелердің қалпын білу	2.1.3.1 артикуляциялық мүшелердің қалпын еске түсіріп, көрсеті	3.1.3.1 артикуляциялық мүшелердің қалпын сезіну	4.1.3.1 артикуляциялық мүшелердің қалпын сезіну
	0.1.3.2 ерікті қозғалыстырының нақтылығы мен саралағандығын дамыту	1.1.3.2 артикуляциялық мүшелердің қалпын еске түсіріп, көрсеті	2.1.3.2 ерікті қозғалыстырының нақтылығы мен саралағандығын дамыту	3.1.3.2 ерікті қозғалыстырының нақтылығы мен саралағандығын дамыту	4.1.3.2 ерікті қозғалыстырының нақтылығы мен саралағандығын дамыту
	0.1.3.3 негізгі мимикалық қимылдарын көрсету	1.1.3.3 ерікті қозғалыстарының нақтылығы мен саралағандығын дамыту	2.1.3.3 3 негізгі мимикалық қимылдарын көрсету	3.1.3.3 3 негізгі мимикалық қимылдарын көрсету	4.1.3.3 3 негізгі мимикалық қимылдарын көрсету
	0.1.3.4 дыбысты қою езінде артикуляциялық мүшелерінің қалпын білу	1.1.3.4 негізгі сылау қимылдарын білу	2.1.3.4 негізгі сылау қимылдарын білу: ұқалау, сипау, илеу	3.1.3.4 негізгі сылау қимылдарын білу, өзбетімен еске түсіру	4.1.3.4 негізгі сылау қимылдарын білу, өзбетімен еске түсіру
0.1.4.1 тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарды ажырата білу); жануарлардың дыбысын ажырату; әртүрлі дыбыс шығаратын заттарға , жануарларға еліктеу	1.1.4.1 дауыссыз және дауысты дыбыстарды ажырату	2.1.4.1 дауыссыз және дауысты дыбыстарды ажырату	3.1.4.1 сөздегі дыбыс пен әріп санын анықтау	4.1.4.1 сөзге фонетикалық талдау жүргізу	
	0.1.4.2 дауыссыз дыбыстарды ажырату, артикуляциялық кескінде табу	1.1.4.2 әртүрлі талдаушыларға сүйене отырып жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату	2.1.4.2 екпін түсетін және екпін түспейтін дауыстыларды ажырату	3.1.4.2 шатастыратын дыбыстарды ажырату, темпі жылдамдататылған және қатардағы дыбыстардың кезектілігін өзгертетін әртүрлі буын қатарлары, буындық қатарларды еске	4.1.4.2 жазуда шатастыратын дыбыстардың

1.4 Фонематикалық түсініктер. Тіл дыбыстарын қабылдау және талдау				түсіріп айтып беру.	артикуляциясын анықтау
	0.1.4.3 2-3 дауыстылардан құралған қатарда дыбыстардың реттілігін тауып беру	1.1.4.3 әртүрлі талдаушыларға сүйене отырып қатаң-ұяң дыбыстарды ажырату	2.1.4.3 қатаң-ұяң дыбыстарды ажырату	3.1.4.3 шатастыратын дыбыстардың айтуын машықтандырғаннан кейін ажырату	4.1.4.3 шатастыратын дыбыстардың айтуын машықтандырғаннан кейін ажырату
	0.1.4.4 дауысты дауыссыз дыбыстарды ажырату	1.1.4.4 сөздің дыбыстық үлгісіне негізделе отырып, фонематикалық талдау, жинақтау жүргізу	2.1.4.4 жуан-жіңшке дыбыстарды ажырату	3.1.4.4 акустикалық ұқсас дыбыстарды ажырату	4.1.4.4 акустикалық ұқсас дыбыстарды ажырату
	0.1.4.5 сөздің басында тұрған дауысты дыбысты ажырату (А- та, От)	1.1.4.5 фонематикалық талдау, жинақтау жүргізу	2.1.4.5 дыбыстық талдау жүргізу Екі, үш буынды, дауыссыз дыбыстар бірге келетін және оппозициялық (балапан, жұмыртқа, құмырсқа) және жеке дыбыстары бар бітеу төрт буынды сөздерді дұрыс айту	3.1.4.5 құрамында йотты дыбыстары бар сөздерге фонетикалық талдау жүргізу	4.1.4.5 құрамында йотты дыбыстары бар сөздерге фонетикалық талдау жүргізу
1.5 Дыбыс айту	0.1.5.1 сақталған дыбыстарды нақты және дұрыс айту	1.1.5.1 қойылған дыбыстарды буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуын машықтандыру	2.1.5.1 қойылған дыбыстарды дұрыс айту және ажырату	3.1.5.1 дыбыстарды дұрыс айтуын машықтандыру	4.1.5.1 қойылған дыбыстардың бәрін дұрыс айту (күрделі кемістігі барлардан басқа)
	0.1.5.2 жаңадан қойылған дыбыстарды жеке, буында, сөзде, сөйлемде нақты, дұрыс айту (сөйлем аппаратында а й қ ы н байқалаиын бұзылыстары барлардан басқа)	1.1.5.2 буындық құрамы жеңіл сөздерде дыбыстарды дұрыс айту, сөзде дыбыстың орнын анықтау	2.1.5.2 дұрыс айтылатын дыбыстардан құралған сөздерді пайдалануды белсендіру	3.1.5.2 дыбыс айтуын жетілдіру (жаңылтпаштар)	4.1.5.2 дұрыс емес айтылған дыбыстарды естіп, ажырату

1.6 Сөздің дыбыстық-буындық құрамы

0.1.6.1 ашық буындарды талдау	1.1.6.1 оппозициялық дыбыстары бар буындарды айту : па-ба, ва-фа	2.1.6.1 буын мен сөздерге дыбыстық үлгілер құру	3.1.6.1 сөзге фонетикалық талдау жүргізу	4.1.6.1 буындық құрамы күрделі сөздерді айту (күрделі кемістігі блаларға 5 буыннан артық емес), сөйлем құрамындағы жаттанды сөздерді қолдану
0.1.6.2 сөзге дыбыстық талдау мен жинақтау жүргізу қиындықтарын жеңу. Буындар мен тіркестерді анық айту: уа, уі, әуе, тө, өт, тағ, рға, сқа, жбү	1.1.6.2 екі үш күрделі сөзде екпін түсетін буынды анықтау	2.1.6.2 дыбыстық талдау мен жинақтау жүргізу темпі жылдамдататылған және буындардың кезектілігі немесе сөйлем құрамындағы жаттанды сөздерді қолдану құрылымы өзгерген буындық қатарларды анық айту: и-а-у..., ә-у-е..., ү-ө-о..., у-а-и..., ү-і-ү..., ұ-ы-ұ..., та-та-қа..., қа-ға-қа..., па-та..., тра-трұ-трө	3.2.6.2 шатастырып айтатын дыбыстарды ажырату	4.2.6.2 жазуда шатастыратын дыбыстардың артикуляциясын анықтау
0.1.6.3 екпінін әртүрлі түсіріп, буындар қатарын қабылдау және айту	1.1.6.3 әртүрлі буындарды және дыбыс тіркестерін айту (ашық, тұйық, бітеу буында)	2.1.6.3 А.К.Маркованың классификациясы бойынша 7-14 класстағы сөздерді айту	3.1.6.3 буындық құрамы күрделі сөздерді айту (күрделі кемістігі блаларға 5 буыннан артық емес)	4.1.6.3 жаңа сөздер құрамындағы күрделі дифференциров калаларды меңгеру
0.1.6.4 А.К.Маркованың	1.1.6.4 А.К.Маркованың	2.1.6.4 сөздерді буынға бөлу, екінді буынды анықтау, дыбыс	3.1.6.4 сөздерді буынға бөлу, екпін түсетін буынды анықтау	4.1.6.4 екі және үш тұйық буынды, дауыссыз дыбыстар қатар келген және құрамында карама-қарсы дыбыстары бар сөздерді (

	классификациясы бойынша 1-2-3 класстағы сөздерді айту	классификациясы бойынша 5-6 класстағы сөздерді айту	пен әріп сандарын сәйкестендіру; сөзге фонетикалық талдау жүргізу	, дыбыс пен әріп сандарын сәйкестендіру; сөзге фонетикалық талдау жасау	балапан, аспаз, жұлдыз) және жекелеген төрт буынды сөздерді дұрыс айту, сөйлем, шағын мәтін құрамындағы жаттанды сөздерді қолдану.
1 . 7 Семантикалық түсініктер мен грамматикалық дағдылар	0.1.7.1 жай сөйлемдер қолдана отырып, сұраққа жауап құрастыру	1.1.7.1 сөйлеудің әртүрлі формасын түсіну: өтініш, тапсырма, нұсқау	2.1.7.1 көрнекілік пен сөз негізінде әңгіме құрастыру	3.1.7.1 айтылған сөзге есту зейінін қою	4.1.7.1 этикет формаларын қолдана отырып, әңгіме бастау
	0.1.7.2 екі сөзден тұратын сөйлем құрастыру	1.1.7.2 сұрақ қою	2.1.7.2 ортақ мазмұны мен тақырыпты анықтай білу	3.1.7.2 вербальді және вербальсыз реакцияларына қызығушылық арттыру	4.1.7.2 өз тәжірибесі бойынша әңгіме құрастыру
	0.1.7.3 сұрақтар арқылы сөйледегі сөздер арасындағы байланысты түсіну	1.1.7.3 хаабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдерді қолдану	2.1.7.3 сәлемдесу түрлерін білу және жағдаятқа қарай қолдану	3.1.7.3 кешірім сұрау, алғыс айту формаларын білу және орынды қолдана білу	4.1.7.3 этикеттің өтініш білдіру, уәде беру, кешірім сұрау, мақұлдау түрлерін қолдану
	0.1.7.4 мәтінде кім? не? туралы айтылғанын анықтау	1.1.7.4 сұраққа қысқаша және толық жауап беру	2.1.7.4 жай сөйлем қолдану арқылы жауап беру	3.1.7.4 2-3 сөзден құралған сөйлем құру (затты, адамды сипаттау)	4.1.7.4 мәтіннің негізгі ойын анықтау, бөлімдерінің мәнін түсіну
	0.1.7.5 заттарды, олардың әрекетін, белгілері мен сапасын білдіретін сөздерді білу	1.1.7.5 сөйлемдегі сөздерді айыра білу	2.1.7.5 іс-шаралар мен оқиғаларды бағалауда жеке тәжірибесін пайдалану	3.1.7.5 сурет, сериялы сюжетті суркт бойынша әңгіме құрастыру	4.1.7.5 мәтіннің негізгі мәнін түсініп, оған ат қою
	0.1.7.6 қолданыстағы сөздерді затпен сәйкестендіру	1.1.7.6 қысқа ұзын сөйлемдерді анықтау	2.1.7.6 мәтінді маңызды бөліктеріне қарай бөлу	3.1.7.6 берілген дайын жоспар мен тақырып бойынша әңгіме құрастыру.	4.1.7.6 мәтіннің негізгі ойын анықтау, бөліктерінің мәнін түсіну
	0.1.7.7 заттарды және ұқсас заттарды атау	1.1.7.7 сурет бойынша әңгіме құрастыру.	2.1.7.7 жаңа сөздерді дұрыс, орынды қолдану	3.1.7.7 нақты және абстракциялық мәні бар	4.1.7.7 мәтіннің әр бөлігінің

			сөздерді белсенді сөздік қорына еңгізу	мәндік құрылымын анықтау
0.1.7.8 үш дауыссыз дыбыс қатар келетін сөздердегі дыбыстарды дұрыс және бірге айту, үш дауыссыз қатар келетін сөзден дыбыстарды бөлу (кұрылыс, кептер, құмырсқа)	1.1.7.8 екі буынды және үш буынды, жекелеген төрт буынды сөздерді анық, дұрыс, үндестік заңын сақтау отыры айту (сағат, құрт, қармақ, алаша, орындық), сөз формасы өзгерген жағдайда сөздің жалғауын анық айту	2.1.7.8 сериялы сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру	3.1.7.8 мағынасы жақын және қарама-қайшы мәндес сөздердің мағынасын түсіну	4.1.7.8 әңгімені жалғастыру мақсатымен өзбетімен сұрақ құрастыру, қою
0.1.7.9 үлгі бойынша жеке заттарға сипаттама беру	1.1.7.9 тақырыпқа байланысты сөздерді сөйлеу тілінде дұрыс қолдану	2.1.7.9 тірек сөздер бойынша әңгіме құрастыру	3.1.7.9 жай жайылма сөйлемді қолдану	4.1.7.9 өз өмірі туралы және еркін тақырып бойынша әңгіме құрастыру
0.1.7.10 қысқа-ұзын сөйлемдеді ажырату	1.1.7.10 сериялы сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру (сұрақтар бойынша)	2.1.7.10 берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру)	3.1.7.10 нақты және абстракциялық мәні бар сөздерді белсенді сөздік қорына еңгізу	4.1.7.10 нақты және абстракциялық мәні бар сөздерді белсенді сөздік қорына еңгізу

Ескерту. Түзету жұмысының әдіс-тәсілдері білім алушының артикуляциялық аппаратының қызметі мен құрылымының қалпына қарай анықталып, іріктеледі; дыбыстауда қимыл-қозғалыс үйлесімдігінің нақтылығы білім алушының мүмкіндіктеріне тәуелді.

2) "Дыбыс айту":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	0 -сынып	1 -сынып	2 -сынып	3 -сынып
0.1.8.1 статикалық жаттығулар материалдарында дұрыс тыныс алуын дамыту, синхрондық тыныс және дауыс дағдысын қалыптастыру	1.1.8.1 динамикалық жаттығулар материалдарында дұрыс тыныс алуын дамыту, синхрондық тыныс және дауыс дағдысын қалыптастыру	2.1.8.1 сөйлеген кезде тыныс алу қимылдарының ырғағын бақылау (5-8 буын)	3.1.8.1 сөйлеген кезде тыныс алу қимылдарының ырғағын бақылау (5 дем шығару кезінде 10 буынға дейін айту)	

1.8 Сөйлеу тілінің физиологиялық негіздерін қалыптастыру	0.1.8.2 сөйлеу кезіндегі дем алу мен дем шығарудың айырмашылығын түсіну	1.1.8.2 буын, сөз айту негізінде ұзақ дем шығару	2.1.8.2 сөз тіркестері мен сөйлем айту негізінде ұзақ дем шығару	3.1.8.2 сөйлем айту негізінде ұзақ дем шығару
	0.1.8.3 сөйлеу кезіндегі ұзақ дем шығару	1.1.8.3 тілдің ауыспалы позициясын айқындау, дамыту, қимылын серияларын белгілеу	2.1.8.3 акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы бар дыбыстардың артикуляциялық моторикасын ауыстыра білу	3.1.8.3 акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы бар дыбыстарды айту барысында артикуляциялық мүшелерінің қимыл-қозғалысын ажырату
	0.1.8.4 артикуляциялық моториканың қозғалымының күшін, нақтылығын жақсарту	1.1.8.4 артикуляциялық моториканың қозғалмалы, бір қалыпты координациясын дамыту	2.1.8.4 бір қимылдан екіншісіне бірқалыпты көшу	
	0.1.8.5 астыңғы иек, ерін, тіл, жұмсақ таңдай қозғалысын жетілдіру			
	0.1.9.1 тілдік және тілдік емес дыбыстарды қабылдау және ажырату	1.1.9.1 тілдік және тілдік емес дыбыстарды қабылдау және ажырату	2.1.9.1 есту арқылы 3-4 сөздер ішінен ұқсас сөздерді айыру, оларды ретімен айтып беру	3.1.9.1 берілген сөздерден бір-біріне ұқсас сөздерді табу
0.1.9.2 дауысты дыбысты басқа дыбыстар, сөз ішінен айыра білу	1.1.9.2 дауыссыз дыбысты сөз, сөзтіркестер фонында ажырату	2.1.9.2 әртүрлі буындардан тұратын дауыссыз дыбыстарды қатаң, ұяң, нді, жуан, жіңішке қылып оқыту және айыру	3.1.9.2 өз бетімен ырғақты таңдай білу	
0.1.9.3 дауыссыз дыбысты дыбыс, буын, сөз фонында ажырату	1.1.9.3 жай сөздерде дыбыстың нақты орнын анықтау	2.1.9.3 дауыссыз дыбысты сөйлем фонында ажырату	3.1.9.3 мәтін ішінен дыбыстық-буындық құрамы белгіленген сөзді табу	
0.1.9.4 сөздегі бірінші және соңғы дыбысты анықтау	1.1.9.4 көрші дыбыстарды атау	2.1.9.4 жай сөздерде дыбыстың нақты орнын анықтау	3.1.9.4 дауыссыз дыбысты мәтінде табу	
0.1.9.5 дыбыстың орнын анықтау (сөздің басында, ортасында, аяғында)	1.1.9.5 екпін түскен дыбысты, буынды айыру	2.1.9.5 сөзде дыбыстар саны мен орнын анықтау	3.1.9.5 жай сөздерде дыбыстың нақты орнын анықтау	
		2.1.9.6 күрделі сөздерді буынға		

1 . 9
Фонетикалық-фонематикалық түсініктерін қалыптастыру

0.1.9.6 екпін түскен дыбысты, буынды айыру	1.1.9.6 4-5 сөзден құралған сөйлемге талдау жүргізу	бөліп айтқызу, екпін түсіру	3.1.9.6 сөзде дыбыстар орны мен реттілігін анықтау
0.1.9.7 2-5 сөзден құралған сөйлемге талдау жүргізу.	1.1.9.7 екі-үш құрамды сөздерді буынға бөлу (елестету арқылы)	2.1.9.7 5-6 сөзден құралған сөйлемге талдау жүргізу	3.1.9.7 күрделі сөздерді буынға бөліп айтқызу, екпін түсіру
0.1.9.8 екі-үш құрамды сөздерді буынға бөлу (көмекші тәсілдер қолдану арқылы, кейін сөз деңгейінде)	1.1.9.8 жай сөздерде буын саны мен реттілігін анықтау	2.1.9.8 үш-төрт құрамды сөздерді буынға бөлу	3.1.9.8 6-7 сөзден құралған сөйлемге талдау жүргізу
0.1.9.9 жай сөздерде буын саны мен реттілігін анықтау	1.1.9.9 үш дыбысты бітеу буын мен екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (тақ-та, бал-та) талдау	2.1.9.9 күрделі сөздердің буындық құрамын анықтау	3.1.9.9 буындық құрамы күрделі сөздерді буынға бөлу (елестету арқылы)
0.1.9.10 екі дыбысты екі ашық буыннан тұратын сөздерді айту (ба-қа, ша-на, ма-са, ма-та); бір дыбысты ашық буын мен екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздерді айту (а-та, ә-же, а-на, і-ні, ә-ке, а-ра, а-ша)	1.1.9.10 екі дыбысты тұйық буыннан тұратын буындарды жинақтау	2.1.9.10 үш дыбысты екі бітеу буыннан тұратын сөздер (қас-қыр, сан-дық, кеп-тер, тор-ғай, жаң-ғақ)	3.1.9.10 күрделі сөздердің буындық құрамын анықтау
0.1.9.11 ашық және тұйық буындарды талдау және жинақтау	1.1.9.11 екі дыбысты тұйық буын мен екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (ал-ма, еш-кі, ай-на, аң-шы)	2.1.9.11 сюжетті сурет бойынша 2-3 сөзді жинақтау	3.1.9.11 екі дыбысты тұйық буын мен екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (ал-ма, еш-кі, ай-на, аң-шы)
0.1.9.12 үш дыбысты екі бітеу буыннан тұратын сөздерді айту, талдау (қас-қыр, сан-дық, кеп-тер, тор-ғай, жаң-ғақ)		2.1.9.12 екі дыбысты тұйық буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (ас-пан, іл-гіш, аң-дар, ор-ман)	3.1.9.12 ойда жоспарлау бойынша белгіленген құрылымдағы 2-3 сөзді жинақтау
			3.1.9.13 екі дыбысты үш ашық буыннан тұратын сөздер (ша-ға-ла, са-ки-на, те-ре-зе);

				дауыссыздар тоғысып келген сөздер (бұлт, төрт, қант, мұрт, құрт, танк)
1.10 Дыбыс айтуын қалыптастыру	0.1.10.1 дауысты [a], [y], [o] дыбыстарын айту	1.1.10.1 [a], [o], [и] дауыстыларды айту	2.1.10.1 [ə], [ə], [ы], [i], [ү], [ү] дауыстыларды айту, барлық дауыстыларды айту	3.1.10.1 [н-м], [н-л], [н-ң], дыбыстарын өзбетімен сөйлеуінде ажырату
	0.1.3.2 [м],[м'] [х] [х'] дыбыстарын айту	1.1.3.2 [а-у], [а-о], [о-у] дыбыстарын ажырату	2.1.3.2 [ы-і], [а-ə], [ə-о], [ү-ү] дыбыстарын ажырату	3.1.3.2 [б-п], [к-г], [к-ғ], [т-д], [в-ф] дыбыстарын ажырату
	0.1.10.3 дауысты жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату	1.1.10.3 [м], [м'], [н], [н'], [ң], [т], [т'] айту	2.1.10.3 [с'], [л'], [р'] дыбыстарының артикуляциялық қалпын меңгеру	3.1.10.3 [с с], [з з], [ц] айту, ажырату
	0.1.10.4 [с], [с'] артикуляциясын меңгеру	1.1.10.4 [м]-[м'], [н]-[н'], [т]-[т'] дыбыстарын буын материалында ажырату	2.1.10.4 [п']-[п], [т]-[т'], [к]-[к'], [к], [ф]-[ф'] дыбыстарын ажырату (буын материалында)	3.1.10.4 [ш], [ж], [ш-ж] дыбыстарын өзіндік сөйлеуінде айту
	0.1.10.5 [п], [п'], [к], [к'], [к], [в], [в'], [т], [т'], [н], [н'] айту	1.1.10.5 [к], [к'], [к], [г], [г'], [ғ], [п], [п'], [б], [б'], [д], [д'] айту	2.1.10.5 [б]-[б'], [д]-[д'], [г]-[г'], [ғ], [в]-[в'] буын материалында	3.1.10.5 [с-ш], [з-ж] дыбыстарын өзіндік сөйлеуінде ажырату
	0.1.10.6 [п]-[п'], [к]-[к'], [в]-[в'], [т]-[т'], [н]-[н'], [с]-[с'] саралау	1.1.10.6 [к]-[к'], [к]-[к], [г]-[г'], [п]-[п'], [б]-[б'], [д]-[д'] саралау	2.1.10.6 ысқырық [з], [з ¹], [с], [с'] айту	3.1.10.6 [ш-ж], [с-з], [с'-з'], [к-г-х, к'-г'-х'] өз бетімен сөйлеуінде айту және саралау
	0.1.10.7 [и], [э] дауыстыларды айту	1.1.10.7 [с], [с'], [з], [з'], [ш], [ж] артикуляциялық қалпын білу	2.1.10.7 ысқырық [з з ¹]-[с с'] дыбыстарын саралау	3.1.10.7 [р, р'], [л, л'] ерекшеліктерін білу
	0.1.10.8 [и], [ы], [і] дыбыстарының айырмашылығын білу	1.1.10.8 [к] [к'] [к] - [г] [г'] [ғ], [п] [п']-[б]-[б'], [д] [д']-[т], [т'] [з] [з']-[с], [с'] саралау	2.1.10.8 [й'] кезкелген позицияда айту	3.1.10.8 [р, р'], [л, л'] артикуляциялық қалпын білу, меңгеру
	0.1.10.9 [з] [з'] [ш] [л] [л'] артикуляциялық қалпын білу, меңгеру	1.1.10.9 [з]-[ж] дыбыстардың қалпын саралау	2.1.10.9 [й], [и] дыбыстары мен әріптерін білу, саралау	3.1.10.9 [с-с'-з-з'-ц] өз бетімен сөйлеуінде айту және саралау
	0.1.10.10 [з] -[з'], [л] -[л'] саралау	1.1.10.10 [ч], [ш], [ц], [й] артикуляциялық қалпын білу, меңгеру	2.1.10.10 [ш], [ж] дыбыстарын айту	3.1.10.10 [ц] дысының ерекшеліктерін білу

	0.1.10.11 [с], [с']- [з] [з '] айырмашылығын білу, саралау	1.1.10.11 [йа], [йо], [йу], [йэ] тіркестерін айту	2.1.10.11 [ч], [щ] дыбыстарын айту	3.1.10.11 [ц] артикуляциялық қалпын білу, меңгеру
	0.1.10.12 [с]-[ш] артикуляциялық қалпынын айырмашылығын білу, саралау	1.1.10.12 [и-э], [а-йа], [о-йо], [у-йу], [э-йэ] тіркестерін айту, саралау	2.1.10.12 [ч]- [щ] дыбыстары мен әріптерін білу, саралау, тузету	3.1.10.12 артикуляциялық кескіні бойынша дыбысқа сипаттама беру
	0.1.10.13 [р] [р'], [ж] артикуляциялық қалпын білу, меңгеру	1.1.10.13 [э], [х], [х'], [h], [в], [в'], [ф], [ф'] дыбыстарын айту	2.1.10.13 [ж]- [ш], [с]- [з] дыбыстары мен әріптерін білу, саралау	3.1.10.13 е, Ұ, ю, я дыбыстары (әріптері) сөзде, сөйлемде, мәтінде әртүрлі позицияда тұрған жағдайда айту, оқу
	0.1.10.14 [б] [б'] [д] [д'] дыбыстарын айту	1.1.10.14 артикуляциялық кескіні бойынша дыбысқа сипаттама беру	2.1.10.14 [ц] артикуляциялық қалпын білу, меңгеру	
	0.1.10.15 берілген үлгі бойынша дыбысқа сипаттама беру	1.1.10.15 [ж], [ш] дыбыстарын айту	2.1.10.15 [ч]- [т], [ц]- [с], [ц-ч] [щ-с][щ-с'] [ч-с], [ч-с'] дыбыстарын саралау, олардың әріп танбалары	
		1.1.10.16 [с-ц], [с-з] [ш-ж] [ш-с] саралау	2.1.10.16 артикуляциялық кескіні бойынша дыбысқа сипаттама беру	
		1.1.10.17 [с-ц] [т-ц] [ч-ц] [щ-ш] [щ- с] [щ-ч] [ч-т-ш] саралау	2.1.10.17 [р, р'], [л, л'] дыбыстарын дұрыс айту	
1.11 Сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығын қалыптастыру	0.1.11.1 ырғақты қимылдарды ажырату	1.1.11.1 екпіні әртүрлі түскен жабық буындарды қайталау	2.1.11.1 дауыссыздар қатар келген 2-3 буындарды екпінін ауыстырып отырып қайталау	3.1.11.1 дауыссыздар қатар келген буындарды екпінін ауыстырып отырып қайталау
	0.1.11.2 2, 3, 4 дауысты дыбыстардан құралған буындарды қайталау: ао, аоу, аоуи	1.1.11.2 жұп дауыссыздардан құрылған буын қатарларын қайталау	2.1.11.2 қарама қ а й ш ы дыбыстардан құрылған буын қатарларын қайталау	3.1.11.2 артикуляциясы ұқсас дыбыстардан құрылған буын қатарларын қайталау
			2.1.11.3 екі буынды сөз ортасындағы дауыссыз	3.1.11.3 үшбуынды дауыссыз дыбыстары қатар

0.1.11.3 екі ашық буынды сөздерді қайталау	1.1.11.3 жабық екі буынды сөздерді қайталау	дыбыстары қатар келген сөздерді қайталау	келген сөздерді қайталау
0.1.11.4 хабарлы, сұраулы, бұйрық интонациясын қайталау	1.1.11.4 әртүрлі темпен сөйлеу	2.1.11.4 лепті сөйлемнің интонациясын қайталау	3.1.11.4 сөйлеу тілінің түрлі әуезділігін қолдану

3) "Тіл дамыту":

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
1.12 Сөз	0.1.12.1 ауызекі сөйлеуінде нақты зат есімдердің атауын қолдану	1.1.12.1 ауызекі сөйлеуінде нақты зат есімдердің атауын түсіну, қолдану. олардың бөлшектері мен материалын атау	2.1.12.1 сөздің ауыспалы мағынасын түсіну және қолдану	3.1.12.1 кең тараған сининимдердің мағынасын түсіну және сөйлеу кезінде қолдану	4.1.12.1 зат есімнің жинақтық мағынасын білдіретін сөздерді түсіну, қолдану
	0.1.12.2 заттың қасиеттерін: түсін, көлемін, дәмін, пішінін білдіретін сөздерді түсіну, атап беру	1.1.12.2 заттардың қызметіне, қатысына, қасиеттеріне байланысты сөздерді түсіну, қолдану	2.1.12.2 сөздің жекеше, көпше түрін түсіну, қолдану	3.1.12.2 сын есімнің салыстырма шырайын түсіну, қолдану	4.1.12.2 адамның қасиетін сипаттайтын сөздерді түсіну, қолдану
	0.1.12.3 заттың қимылын білдіретін сөздерді түсіну, қолдану	1.1.12.3 нақты заттың, адамның, жануардың қимылын білдіретін сөздерді түсіну, қолдану	2.1.12.3 заттың қимылын білдіретін сөздерге сұрақ қою	3.1.12.3 үлгі бойынша сөздерді өзгерту, қимыл сөздер құрау	4.1.12.3 қимыл сөздерді жағына, шағына қарай өзгертіп, қолдану
	0.1.12.4 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу	1.1.12.4 зат есім мен сын есімді байланыстыру	2.1.12.4 бір сөз әртүрлі жағдайда айтылатынын түсіну. Қолдана білу	3.1.12.4 зат есімнің септік жалғауларын қолдана білу, зат есім мен сын есімнің байланысы, сан есім мен зат есімнің байланысуы	4.1.12.4 айтылуы әртүрлі мағынасы бір сөздерді және қарама қарсы сөздерді табу, қолдана білу
		1.1.12.5 сөздерді семантикалық	2.1.12.5 кең тараған қарама қарсы мәндес сөздердің	3.1.12.5 үлгі бойынша практикалық түрде түбірлес сөздермен танысу,	4.1.12.5 түбірлес сөздерді табу,

	0.1.12.5 жалпылама сөздерді білу	топтарына қарай жіктеу	мағынасын түсіну және сөйлеу кезінде қолдану	мағынасын түсіну (оқу-білім алушы-оқытушы)	сөздің түбірін анықтау
	0.1.1.6 кішірейткіш сөздерді түсіну және дұрыс қолдану	1.1.1.6 сөздерді жағына қарай өзгертіп, қолдану	2.1.1.6 есімдіктің жағына, шағына қатысты сөздердің мағынасын түсіну.	3.1.1.6 қимыл сөздерді жағына, шағына қарай өзгертіп, қолдану	4.1.1.6 қимыл сөздерді жағына, шағына қарай өзгертіп, қолдану
1.13 Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы	0.1.13.1 көптік жалғаулардың мағынасын түсіну	1.1.13.1 үлгі бойынша көптік жалғауларды қолданып сөзді өзгерту	2.1.13.1 көптік, септік жалғауларды сөйлеу барысында дұрыс қолдану	3.1.13.1 көптік, септік жалғауларды сөйлеу барысында дұрыс қолдану	4.1.13.1 көптік, септік жалғауларды ауызша, жазбаша тілде қолдана білу
	0.1.13.2 сөйлеу кезінде жай сөйлемдерді пайдалану	1.1.13.2 5-6 сөзден тұратын жай сөйлемдерді құра білу	2.1.13.2 өзбетінше етістікпен сөйлем құрау	3.1.13.2 өтініш білдіретін сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыру	4.1.13.2 бағыныңқы құрмалас сөйлем құрастыру, қолдану
		1.1.13.3 зат есімнің септік жалғауларын қолдана білу	2.1.13.3 сан есім мен зат есімнің байланысуын білу, сөйлем құрау.	3.1.13.3 зат есім мен сын есімнің байланысын түсіну, сөйлем құрау	4.1.13.3 өз ойын жеткізуде бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді қолдану
		1.1.13.4 3-5 сөзден құрылған сөйлем қолдану	2.1.13.4 зат есімді реттілік сан есіммен үйлестіру	3.1.13.4 құрама сөздер арқылы сөйлем құрастыру	4.1.13.4 көмекші есімдер қолдана отырып, сөйлес құрастыру
	0.1.14.1 кішігірім мәтін, ертегілер, өлеңдердің жалпы мазмұнын тыңдау және түсіну	1.1.14.1 сюжеттік суретке сүйене отырып 3-4 сөздерден тұратын мәтін құру	2.1.14.1 сюжеттік сериядан тұратын суреттер/ 3-4 суреттер/ арқылы 3-5 сөздерден тұратын мәтін құру	3.1.14.1 сюжеттік суреттер арқылы диалог құру	4.1.14.1 ойдан шығарған персонаждар арқылы диалог құру
	0.1.14.2 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтуы	1.1.14.2 тыңдаған мәтінді мазмұндап айту	2.1.14.2 мәтін мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау	3.1.14.2 сюжеттік суреттер арқылы немесе ойдан шығарған персонаждар арқылы диалог құру	4.1.14.2 оқығанның ретін сақтай отырып баяндау

1.1.4 Байланыстырып сөйлеу	0.1.14.3 сюжетті сурет негізінде 10-15 сөзден құрылған 4 сөйлемді мәтін құрастыру	1.1.14.3 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын білдіру	2.1.14.3 жеке эпизод арқылы немесе бір сурет арқылы мұғалім көмегімен мәтін құру	3.1.14.3 оқиғаның ретін сақтай отырып 30 – 45 сөзден тұратын әңгіме құрастырып, баяндау	4.1.14.3 берілген тақырып бойынша өз бетінше әңгімелеу, баяндау
	0.1.14.4 жақсы таныс затты (адамды, жануарды) сипаттап беру (мұғалімнің сұрақтары және сурет бойынша)	1.1.14.4 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қою немесе оқиға бойынша қойылған сұраққа жауап беру	2.1.14.4 мәтінге жоспар құру, оған ат қою	3.1.14.4 мәтінді мазмұны немесе оның иллюстрация бойынша болжау	4.1.14.4 мәтіннің берілген басы, аяғына байланысты мәтін құру ретімен /50-60 сөзден тұратын/
	0.1.14.5 2-3 сөйлемнен құрылған (6-8 сөз) 2-3 сериялы сюжетті сурет бойынша хабарлы сөйлем құрастыру				
	0.1.15.1 дене мүшелерін атау	1.1.15.1 сезім мүшелерін білу. Олардың адам өміріндегі маңызы мен қызметін түсіну	2.1.15.1 балалардың ойындары туралы сөйлем құрастыру	3.1.15.1 табиғат аймақтарының ерекшеліктерін білу	4.1.15.1 көлік түрлерін, олардың қызметі туралы білу
	0.1.15.2 жыл мезгілдеріне байланысты киім мен аяқ киімдер түрлерін білу, атау	1.1.15.2 киім мен аяқ киім бөлшектерін атау	2.1.15.2 жидектер түрлері, пайдасы туралы білу	3.1.15.2 жыл мезгілдерінің белгілерін сипаттау, салыстыру	4.1.15.2 пайдалы қазбалар туралы әңгіме құру
	0.1.15.3 киім мен аяқ киімдер күту тәсілдерін атау	1.1.15.3 киім мен аяқ киімдер күту тәсілдерін қолдану	2.1.15.3 спорт түрлерін білу	3.1.15.3 табиғи құбылыстарын атау	4.1.15.3 тұрған жері мен өз мемлекетінің тарихын білу
	0.1.15.4 кейбір спорт құралдарын білу, қимыл ойындарын білу, ойнау	1.1.15.4 әр мезгілге сәйкес табиғаттағы өзгерістер туралы сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай мәлімдеу	2.1.15.4 жәндіктер туралы алғашқы түсініктер білу	3.1.15.4 жабайы жануарларлар. Жануарлардың жыл мезгіліне байланысты тіршілігі туралы білу	4.1.15.4 өз тұратын жерінің көрікті жерлерін, өндірістік орындарын білу
		1.1.15.5 мектептің негізгі	2.1.15.5 отбасындағы	3.1.15.5 малдардың	4.1.15.5 халық мейрамдары

0.1.15.5 мектеп ауларын бағдарлау	бөлмелерін білу, мамандықтарды атау	адамдардың мамандығын атау	төлдеуі туралы білу	туралы алғашқы түсініктерінің болуы
0.1.15.6 өз сыныбынын нөмерін білу	1.1.15.6 оқу құралдары мен жиһаз бөлшектерін атау	2.1.15.6 демалыс күнін сипаттап айту	3.1.15.6 құстар. Қысқа дайындығы. Құстардың оралуы. Үй құстары. Олардың тіршілігі туралы түсінігі, қысқаша әңгімелеп бере алу	4.1.15.6 Ата Заң туралы түсінігі болу
0.1.15.7 оқу құралдары мен жиһаздарды атау	1.1.15.7 тұратын үйінің мекен жайын білу	2.1.15.7 мектеп мекен жайын атау	3.1.15.7 еңбектің адам баласы үшін маңыздығын білу	4.1.15.7 адам мен бала құқығы туралы алғашқы түсініктерінің болуы
0.1.15.8 отбасы мүшелерін атау	1.1.15.8 мемлекеттік рәміздерін көрсетіп, білу	2.1.15.8 отбасы мүшелері туралы айтып беру	3.1.15.8 адамның дамуына ұжымның тигізетін әсері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру	4.1.15.8 кейбір алыс-жақын шетел мемлекеттер туралы білім беру. Сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай қысқаша сипаттап беру
0.1.15.9 туыстық қатынасын түсіндіру	1.1.15.9 Астананың көрікті жерлері туралы баяндап беру	2.1.15.9 жанында орналасқан мекемелерді атау	3.1.15.9 достықтың маңызы туралы түсіндіру	4.1.15.9 мамандықтарды атау, топтастыру
0.1.15.10 мемлекеттің, астананың атауын білу	1.1.15.10 негізгі мемлекеттік мейрамдарын атау	2.1.15.10 мемлекеттегі ірі қалаларды, олардың ерекшеліктерін атау	3.1.15.10 өзінің жақсы көретін ісі туралы баяндап беру.	4.1.15.10 негізгі өндірістік қалаларды атау
0.1.15.11 туған қаласы (ауылы) туралы білу	1.1.15.11 туған қаласының (ауылының) көрікті жерлері, танымал адамдары туралы білу	2.1.15.11 көлікке байланысты мамандар түрлерін білу	3.1.15.11 көшпенді және тұрақты өмір сүрудің ерекшеліктерін білу	4.1.15.11 ғылым мен өнеркәсіп арасындағы байланысын білу
0.1.15.12 негізгі мемлекеттік	1.1.15.12 жыл мезгілдерін,	2.1.15.12 халықаралық көлік түрлерін	3.1.15.12 елді мекендерді	4.1.15.12 ауа райының адамзаттың

1.15 Коммуникативті дағдыларын тәжірибеде қолдану	мейрамдарын білу	олардың кезектілігін атау	білу, олардың жүретін орнын білу	ажырату, атауын білу. Мысал келтіру	дамуына тигізетін әсерін түсіндіру
	0.1.15.13 қала көліктерінің түрін білу	1.1.15.13 4-5 қыстайтын және ұшып кететін құстарды, жәндітер мен жануарларды білу	2.1.15.13 мезгілдік табиғат құбылыстарының өзара байланысын түсіндіру	3.1.15.13 ауыл мен қала байланысы туралы қол жетімді деңгейде түсіндіру	4.1.15.13 табиғаттың мезгілдік өзгерістері арасындағы байланысын түсіну
	0.1.15.14 жыл мезгілдерін, олардың кезектілігін атау	1.1.15.14 қоңақта ұстанатын ережелерін орындау	2.1.15.14 салауатты өмір сүру ережелерін түсіндіру	3.1.15.14 табиғаттың мезгілдік өзгерістерін түсінікті деңгейде түсіндіру	4.1.15.14 туған өлкенің табиғатын, байлығын сақтауға, қамқор болуға баулу
	0.1.15.15 3-4 ағаштар, жидектер, көкөністер мен жемістер атауын білу	1.1.15.15 2-3 халық жұмбақтары, мақал-мәтелдерін білу	2.1.15.15 отбасы мерекелері туралы әңгіме құрастыру	3.1.15.15 мәдениет, өнер қайраткерлерінің атын білу	4.1.15.15 табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсінік беру
	0.1.15.16 білім алушының тәртібі мен ұстанатын ережелерін орындау	1.1.15.16 жол жүру ережесін білу, орындау	2.1.15.16 халық салт-дәстүрлерді білу	3.1.15.16 тарихи тұлғалардың және географиялық атауларды білу	4.1.15.16 халық ертегілерін айтып беру
	0.1.15.17 көлікте жүру ережесін білу, орындау	1.1.15.17 ыдыс аяқ бөлшектердің атауын білу	2.1.15.17 4-5 мақал-мәтел, аңыздар, ертегілер білу	3.1.15.17 халықтар достығы, жарастығы, бірлігі туралы түсініктері; өзара сыйластық қарым-қатынастары туралы білу	4.1.15.17 отбасылық құндылықтары туралы баяндап беру
	0.1.15.18 жол жүру ережесін түсіндіру	1.1.15.18 пайдалы тағамдар туралы түсініктерінің болуы	2.1.15.18 ұлттық ыдыс аяқ түрлерін білу, атау	3.1.15.18 жыл мезгілдерін салыстырма түрде сипаттау,	4.1.15.18 "Қызыл кітапқа" енген жануарлар туралы алғашқы білімі
	0.1.15.19 ыдыс аяқ атауларын, кейбір тағамдар мен сусындардың атауын білу	1.1.15.19 үй жануарлары мен төлдерінің, мамандарының атауларын білу	2.1.15.19 жануарлар мекендері туралы түсініктерінің болуы	3.1.15.19 су қоймаларының түрлерін білу	4.1.15.19 сирек кездесетін жануарларды атау
	0.1.15.20	1.1.15.20 қала және	2.1.15.20 ұлттық киімдер, аяқ	3.1.15.20 үй жануарлардың	

3-4 көкөніс пен жемістер түрлерін атау	халықаралық көлік түрлерін атау	киімдер түрлерін білу	пайдасы туралы білу	4.1.15.20 Қазақстандағы қорықтарды атау
0.1.15.21 3-4 жабайы және Ү й жануарлардың, құстардың, жәндіктердің, д е н е мүшелерінің атауларын білу, атау	1.1.15.21 күн тәртібі мен гигиенаның маңыздылығын түсіну	2.1.15.21 негізгі мейрамдарды атау, тарихи уақиғалармен байланысын түсіну	3.1.15.21 Қазақстан мерекелерінің маңыздылығы туралы түсініктерінің болуы	4.1.15.21 Күн жүйесінің құрылымын түсіну
0.1.15.22 үй жануарлардың пайдасын түсіну			3.1.15.22 су қоймаларын қорғау ережелерін түсіндіру	4.1.15.22 ұшу аппараттарын қолжетімді деңгейде сипаттап айту
0.1.15.23 1-2 х а л ы қ жұмбақтарын білу				4.1.15.23 ғарышты бағындыру тарихын білу
0.1.15.24 1-2 х а л ы қ ертегілерін білу			3.1.15.24 табиғатта өзін ұстау тәртіп ережелерін құру (ұжыммен)	4.1.15.24 өзінің болашақ мамандығын елестету
0.1.15.25 табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді білу , оларды сипаттау			3.1.15.25 тарихи ескерткіштердің атауын білу	4.1.15.25 кейбір кәсіптік мерекелердің атауын білу
0.1.15.26 күн тәртібі мен гигиенаның маңыздылығын түсіну			3.1.15.26 Қазақстан рәміздерінің маңызын түсіну	

64. Оқыту мақсаттарының жүйесі. Сөйлеу әрекетінің түрі "Оқу мен жазу":

1) "Логопедиялық жеке сабақ":

6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
0.2.1.1 "дыбыс", "әріп"	1.2.1.1 "дыбыс", "әріп"	2.2.1.1 буындық құрамының күрделілігі әртүрлі тұтас сөздерді оқу. Минутына буындап 40-50	3.2.1.1 дұрыс, мәнерлеп, дауыстап тұтас сөзбен оқу, (шамамен	4.2.1.1 таныс емес мәтінді	

2.1 Оқу дағдыларын қалыптастыру

ұғымдарын білу, ажырату	ұғымдарын білу, ажырату	сөз оқу (бұзылысы күрделілерден басқа)	(минутына 50-60 сөз)	дауыстап оқу (шамамен минутына 70-80 сөз)
0.2.1.2 әріп пен дыбыстарды дұрыс атауларын біліп, ажырату	1.2.1.2 әріп пен дыбыстарды дұрыс атауларын біліп, ажырату	2.2.1.2 30-40 сөзден тұратын мәтінді жат жазу	3.2.1.2 ұзылысы күрделі білім алушылар үшін минутына шамамен 30-40 сөз оқу	4.2.1.2 бұзылысы күрделі білім алушылар үшін минутына шамамен 60 сөз оқу
0.2.1.3 аталған әріпті қатарда табу	1.2.1.3 аталған әріпті қатарда табу	2.2.1.3 машықтандырылған дыбыстар бар сөздер мен сөйлемдер жазу, оқу	3.2.1.3 машықтандырылған дыбыстар бар сөздер мен сөйлемдер жазу, оқу	4.2.1.3 машықтандырылған дыбыстар бар сөздер мен сөйлемдер жазу, оқу
0.2.1.4 жазылған сөзді айтылуымен сәйкестендіру	1.2.1.4 жазылған сөзді айтылуымен сәйкестендіру	2.2.1.4 жазуында шатастыратын әріптерді дыбыс артикуляциясымен сәйкестендіру	3.2.1.4 шатастыратын дыбыстарды ажырату, сәйкес графемаларымен сәйкестендіру	4.2.1.4 шатастыратын дыбыстарды ажырату, сәйкес графемаларымен сәйкестендіру
0.2.1.5 кеспе әліппеден бекітілген дыбыстарды қолдана отырып, сөздер құрастыру	1.2.1.5 кеспе әліппеден бекітілген дыбыстарды қолдана отырып, сөздер құрастыру	2.2.1.5 жазуында шатастыратын әріптерді дыбыс артикуляциясымен сәйкестендіру	3.2.1.5 таныс емес мәтінде буындап бірқалыпты оқу шамамен минутына 25-30 сөз	4.2.1.5 мәнерлеп оқу
0.2.1.6 жазба және баспа әріптерді жаза білу	1.2.1.6 жазба және баспа әріптерді жаза білу	2.2.1.6 өткен әріптермен сөйлемдер, қысқа мәтіндерді буындап оқу	3.2.1.6 сөйлемдер арасындағы кідірісті сақтау.	4.2.1.6 сөйлемдердің түріне байланысты интонацияны, дауыс күшін қолданып айту
	1.8 Величины и их единицы измерения	3.1.8.2 производить измерение величин, используя единицы: секунда 3.1.8.3 сравнивать значения величин с, мин, ч, сут, год, век и выполнять действия над ними 3.1.8.4 преобразовывать единицы времени (ч, мин., год) на основе соотношений между ними 3.1.8.5 определять время по различным видам часов: часы, минуты, секунды
	5.1 Задачи и математическая модель	3.5.1.1 моделировать задачу в 2-3 действия в виде таблицы, схемы, краткой записи 3.5.1.2 использовать зависимость между величинами: "масса одного предмета", "количество", "общая масса"; "расход на один предмет", "количество предметов", "общий расход"; ширина, длина, площадь при решении задач 3.5.1.6 делать прикидку ответа задачи в вычислениях, интерпретировать соответствие результата условиям составной задачи 3.5.1.7 моделировать и решать задачи в 3 действия (разные комбинации простых задач на зависимость между величинами) 3.5.1.8 моделировать решение простых задач на все действия в виде буквенного выражения и уравнения; составных - в виде отдельных действий.
	5.2 Математический язык	3.5.2.5* проводить сбор данных, систематизировать, проводить сравнение, используя диаграммы, пиктограммы

5) 4 класс:
таблица 11

Сквозные темы	Подразделы	Цели обучения
1 четверть		4.1.6.1 понимать образование многозначных чисел; определять место числа в пределах 1000 000 в натуральном ряду чисел

<p>1.6 Натуральные числа и число 0. Дроби</p>	<p>4.1.6.2 читать, записывать и сравнивать многозначные числа, округлять числа до заданного разряда</p> <p>4.1.6.3 определять разрядный и классовый состав многозначных чисел и общее количество разрядных единиц, раскладывать на сумму разрядных слагаемых</p> <p>4.1.6.4 образовывать укрупненную единицу счета – миллион</p>
<p>1.7 Операции над числами</p>	<p>4.1.7.2 применять свойства 0 и 1 при выполнении арифметических действий с многозначными числами</p> <p>4.1.7.5 выполнять устно сложение и вычитание многозначных чисел на основе их десятичного состава; вычисления с помощью микрокалькулятора</p> <p>4.1.7.8 применять алгоритмы сложения и вычитания многозначных чисел</p>
<p>1.8 Величины и их единицы измерения</p>	<p>4.1.8.1 называть объекты и пространственные геометрические фигуры, которые имеют объем, выбирать меры и инструменты для измерения объема, производить измерения кубиками (1 см³)</p> <p>4.1.8.2 производить измерение величин, используя единицы: см³, дм³, м³, га, ар, мг</p> <p>4.1.8.3 сравнивать значения величин мм,см,дм,м,км/мг,кг,ц,т/мл,л,см³,дм³,м³/см²,дм², м², ар, га/ с,мин, ч, сут., год,век и выполнять действия над ними</p> <p>4.1.8.4 преобразовывать единицы длины мм,см,дм,км,/ массы мг,г,кг, ц,т./ площади мм²,см²,дм², м², ар, га / объем см³, дм³, м³мм³/ времени с, мин,ч, сут. на основе соотношений между ними</p> <p>4.1.8.5* определять доли единиц времени (1/60 часа= 1 минута; ½ часа = 30 мин; 1/7недели = 1 день)</p> <p>4.1.8.6 различать купюры 10 000 тенге и валюты других государств (рубль, евро, доллар) и производить с ними различные операции</p>
	<p>4.1.7.3 применять свойства сложения и умножения при</p>

"Моя Родина – Казахстан"
"Человеческие ценности"

1.7 Операции над числами	выполнении вычислений с многозначными числами 4.1.7.4 классифицировать натуральные числа на основе признаков делимости на 2, 5, 10 4.1.7.5 выполнять устно сложение и вычитание многозначных чисел на основе их десятичного состава 4.1.7.6 выполнять деление с остатком и без остатка на 10, 100, 1000 4.1.7.7* выполнять устно умножение и деление двух/трехзначных чисел на однозначное число 4.1.7.10* выполнять деление многозначных чисел на однозначное число с остатком
2.1 Числовые и буквенные выражения	4.2.1.8 выводить и применять формулы: пути при прямолинейном равномерном движении $s=v$. $t, t=s: v, v=s: t$
3.1 Геометрические фигуры и их классификация	4.3.1.1 распознавать и называть куб, прямоугольный параллелепипед и его элементы (вершины, ребра, грани) 4.3.1.3 составлять и применять формулу нахождения объема прямоугольного параллелепипеда ($V=a$. b . c) 4.3.1.4* определять площадь комбинированных фигур, изображенных на рисунке, плоских фигур в окружающем мире
4.1 Множества и операции над ними	4.4.1.1* определять характер отношений между множествами (равные, пересекающиеся и непересекающиеся множества, подмножество) 4.4.1.3* применять переместительное и сочетательное свойства объединения и пересечения множеств при решении задач

	4.3 Последовательности	4.4.3.1 определять закономерность в последовательности чисел до 1 000 000
	5.1 Задачи и математическая модель	4.5.1.2 использовать зависимость между величинами: скорость, время, расстояние при решении задач
	5.2 Математический язык	4.5.2.3 обозначать заглавными буквами латинского алфавита куб, прямоугольный параллелепипед и читать их по обозначению
2 четверть		
	1.6 Натуральные числа и число 0. Дроби	4.1.6.5 понимать, что процент – сотая часть целого; записывать, читать части целого в процентах 4.1.6.6* сравнивать дроби с одинаковыми знаменателями и одинаковыми числителями на числовом луче; различать правильные, неправильные дроби, смешанные числа 4.1.6.7* записывать обыкновенные дроби со знаменателями 10 и 100 в виде десятичной дроби, читать и сравнивать их
	1.7 Операции над числами	4.1.7.9 применять правила умножения числа на сумму, умножения и деления числа на произведение 4.1.7.12 применять алгоритмы умножения и деления многозначных чисел, оканчивающихся нулями, на однозначное число
	4.3 Последовательности	4.4.3.1 определять закономерность в последовательности чисел, выраженных обыкновенными дробями
	1.7 Операции над числами	4.1.7.1 понимать сложение и вычитание дробей с одинаковыми знаменателями как сложение и вычитание соответствующих числителей, сохраняя знаменатель в том же виде 4.1.7.14* записывать смешанное число в виде неправильной дроби и неправильную дробь в виде смешанного числа 4.1.7.15 применять алгоритмы сложения и вычитания дробей с одинаковыми знаменателями

"Культурное наследие" "Мир профессий"		4.1.7.16* переводить проценты в дробь, дробь в проценты
	2.1 Числовые и буквенные выражения	<p>4.2.1.4* представлять и применять в виде буквенного равенства алгоритм сложения и вычитания обыкновенных дробей с одинаковыми знаменателями:</p> $\frac{a}{n} + \frac{b}{n} = \frac{a+b}{n} \quad \text{И}$ $\frac{a}{n} - \frac{b}{n} = \frac{a-b}{n}$ <p>4.2.1.5* представлять и применять в виде буквенного равенства основное свойство дроби</p> $\frac{a}{n} = \frac{a \cdot k}{n \cdot k}; \quad \frac{a}{n} = \frac{a:k}{n:k}, k \neq 0$ <p>4.2.1.6 сравнивать выражения с дробными числами</p>
	3.2 Изображение и построение геометрических фигур	4.3.2.2 строить окружность и круг по радиусу
	5.1 Задачи и математическая модель	<p>4.5.1.2 использовать зависимость между величинами: производительность, время затраченное на работу, выполненная работа при решении задач</p> <p>4.5.1.3 анализировать и решать задачи: на нахождение части целого; решать обратные задачи</p> <p>4.5.1.4* анализировать и решать задачи на нахождение неизвестного по двум разностям</p> <p>4.5.1.9* решать арифметическим и алгебраическим способами задачи на встречное движение, движение в противоположных направлениях</p>
5.2 Математический язык	<p>4.5.2.1 использовать части плоской фигуры и числовой луч для иллюстрации образования, сравнения, сложения и вычитания обыкновенных дробей</p> <p>4.5.2.4 использовать для обозначения: процента символ %, например 25%</p>	
3 четверть		
		<p>4.1.7.10* выполнять деление многозначных чисел на двузначное число с остатком</p> <p>4.1.7.11 применять алгоритмы умножения и деления на двузначное число</p>

"Природные явления"
"Охрана окружающей среды"

1.7 Операции над числами	<p>4.1.7.12 применять алгоритмы умножения и деления многозначных чисел, оканчивающихся нулями, на двузначное число</p> <p>4.1.7.13 применять алгоритмы деления многозначных чисел на одно/двух/трехзначное число, когда в записи частного есть нули и алгоритмы обратного действия умножение</p>
2.1 Числовые и буквенные выражения	<p>4.2.1.8 выводить и применять формулы: деление числа с остатком $a:b$</p> <p>.</p> <p>$c+t$</p>
5.1 Задачи и математическая модель	<p>4.5.1.1* моделировать задачу в виде чертежа, алгоритма, круговой диаграммы, графика</p> <p>4.5.1.2 использовать зависимость между величинами: урожайность, площадь, масса урожая; скорость, время, расстояние при решении задач</p> <p>4.5.1.9* решать арифметическим и алгебраическим способами задачи на движение вдогонку и с отставанием</p>
2.1 Числовые и буквенные выражения	<p>4.2.1.8 выводить и применять формулы движения вдогонку и с отставанием</p>
3.3 Координаты точек и направление движения	<p>4.3.3.1* составлять схемы движения объектов, используя начало и направления движения, выполнять соответствующие расчеты</p> <p>4.3.3.2 определять исходную позицию и направление движения объектов, (навстречу друг другу, в противоположных направлениях)</p>
4.2 Высказывания	<p>4.4.2.1* составлять высказывания с математическим содержанием и определить их истинность и ложность</p> <p>4.4.2.2* решать логические задачи на развитие пространственного мышления</p>
4.4 Комбинации объектов	<p>4.4.4.1* решать комбинаторные задачи методом перебора</p>
	<p>4.5.2.5* интерпретировать информацию, сравнивать и</p>

	5.2 Математический язык	обобщать данные, строить графики движения, составлять чертеж к задачам на движение
4 четверть		
	1.7 Операции над числами	4.1.7.1 понимать квадрат числа как произведение двух одинаковых множителей и куб числа – трех одинаковых множителей 4.1.7.5 выполнять вычисления с помощью микрокалькулятора
	2.1 Числовые и буквенные выражения	4.2.1.1 преобразовывать числовые и буквенные выражения 4.2.1.2 находить значение буквенного выражения с несколькими буквами при заданных значениях букв 4.2.1.3* составлять буквенные выражения и использовать их при решении задач 4.2.1.6 сравнивать выражения с дробными числами 4.2.1.7 определять порядок действий и находить значения выражений со скобками и без скобок, содержащих более четырех действий
	2.2 Равенства и неравенства. Уравнения	4.2.2.1* находить множество решений двойных неравенств 4.2.2.2* решать уравнения вида $39 + 490 : k = 46;$ $230 \times a + 40 = 1000 : 2$ $1/6 + a = 5/6$ $8/27 - a = 2/27$
	4.1 Множества и операции над ними	4. 4.1.3 применять переместительное и сочетательное свойства объединения и пересечения множеств при решении уравнений и неравенств
	3.1 Геометрические фигуры и их классификация	4.3.1.1 распознавать и называть прямоугольный треугольник, его элементы (катеты и гипотенуза) 4.3.1.2 классифицировать треугольники 4.3.1.4* определять площадь комбинированных фигур изображенных на рисунке, плоских фигур в окружающем мире 4.3.1.5* дополнять построение плоских фигур относительно оси

"Путешествие в космос"
"Путешествие в будущее"

	симметрии; находить величину угла
3.2 Изображение и построение геометрических фигур	4.3.2.1* чертить перпендикулярные прямые, симметричные и несимметричные плоские фигуры на точечной бумаге 4.3.2.2 строить угол по заданной градусной мере, прямоугольный треугольник по двум катетам, окружность и круг по радиусу; перпендикуляр к прямой с помощью угольника 4.3.2.3* изготавливать развертку пространственной геометрической фигуры (пирамида, цилиндр, конус) и собирать ее модель 4.3.2.4 различать симметричные и несимметричные плоские фигуры и соотносить их с предметами окружающего мира
4.1 Множества и операции над ними	4.4.1.2 демонстрировать пересечение прямых линий, геометрических фигур; выделять области пересечения и объединения
4.3 Последовательности	4.4.3.2 составлять последовательность чисел/ группу чисел выбрав самостоятельно закономерность или правило
5.1 Задачи и математическая модель	4.5.1.4* анализировать и решать задачи: на зависимость между величинами; на пропорциональное деление 4.5.1.5 анализировать и решать задачи на нахождение процента целого и наоборот, целого по его проценту 4.5.1.6 составлять, сравнивать, решать составные задачи разных видов 4.5.1.7* моделировать и решать задачи в 3-4 действия разными способами и определять наиболее рациональный 4.5.1.8* моделировать решение составных задач на все действия в виде числового выражения и уравнения.

Приложение 290
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 290 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Коррекционная ритмика" для обучающихся с задержкой психического развития 0-4 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер

қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін.

8. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Белгілі бір пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушы өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлығын қалыптастыруға бағдарланған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Түзету ырғағы" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. "Түзету ырғағы" пәні психикалық дамуы тежелген білім алушылардың психофизикалық тұрғыда жетілмеуін және танымдық әрекеттеріндегі кемшіліктерді жеңуге көмектесетін түзету пәндерінің қатарына кіреді.

14. Психикалық дамуы тежелген білім алушылардың еркін қимыл-қозғалыстық әрекетін қалыптастыру, тәртібін реттеу жоғары психикалық атқарымдардың (зейін, есте сақтау, ойлау, қиялдау және сөйлеу тілі) жеткіліксіз дамуы аясында жүзеге асырылады. Осы санаттағы білім алушылар әрекеттерінің әр түрлі түрі ырғақтығының жеткіліксіздігімен сипатталады. Музыкалық дыбыстарға деген зейіннің төмендігі, музыкаға деген эмоциялық әсерінің жеткіліксіздігі байқалады. Қимыл-қозғалыс ырғағы музыканың дыбысталу ырғағына сәйкес келмейді. Ырғақтық дамудың жеткіліксіз деңгейі білім алушылардың қимыл және эмоциялық аясындағы бұзылыстардың болуына ғана емес, сондай-ақ тұлғалық құрылымның рухани жағының да дамымауын айқындайды.

15. Түзету ырғағы сабақтарында қимыл-қозғалыс аясын сөзбен және музыкамен үйлестіре дамыту мен түзету білім алушылардың икемділіктерін жетілдіруге мүмкіндік беретін бейімделу қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі:

- 1) үйлесімді, икемді және ырғақты қозғалу (жүру, жүгіру, билеу);
- 2) музыканы тыңдау (оның мазмұнын, қарқынын, ырғағын, көңіл күйін сезіну және бере білу);
- 3) кез-келген қимылға еркін (белгі бойынша) қосылу және оны еркін аяқтау;
- 4) дыбысты, сөзді, сөз тіркестерін, мәтінді анық айту;
- 5) интонацияның әр түрлі түрін беру, сөйлеу тілінің қарқыны мен ырғағын еркін өзгерту, өзінің айтқанын қимылмен, мимикамен және ишаратпен сүйемелдеу;
- 6) еркін босансу және ширығу (бұлшықеттік және психологиялық);
- 7) барлық әрекеттерді өзі және өзін-өзі бақылау.

16. Түзету ырғағы сабақтарында педагогикалық түзете қолдаудың әр түрлі салаларына қатысты келесі міндеттер шешіледі:

- 1) сауықтыру саласында:
сүйек-бұлшықеттік аппаратты нығайту;
физиологиялық дұрыс тыныс алу дағдыларын дамыту;
дұрыс мүсінді, жүрісті, қимылдың сәнділігін жетілдіру;
әр білім алушының психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, психикалық дамуы тежелген балаларда тұлғалық (эмоциялық) және әлеуметтік туынды бұзылыстардың алдын алу;
- 2) оқыту саласында:
қимыл-ырғақтық икемділіктер мен дағдыларды дамыту;
метроырғақтық, музыкалық мәдениет, музыкалық қабылдау мен әсершілділік саласындағы теориялық білім жүйесін қалыптастыру;
- 3) түзету және дамыту саласында:
кеңістіктік және мезгілдік түсініктерді, сенсорлық үдерістерді, жоғары психикалық атқарымдарды дамыту үшін жағдай тудыру;
сөйлеу тілінің жалпы айқындығы мен байланыстылығын жетілдіру;

сөйлеу тілін интонациялау мен мәнерлеу қабілеті мен ұмтылысты дамыту;
қарым-қатынасты тілдік, жартылай тілдік және тілдік емес құралдардың көмегімен бастау және қолдау икемділіктерін қалыптастыру.

17. "Түзету ырғағы" пәні бойынша бағдарламаны меңгеру келесілерге көмектеседі:

- 1) оқу әрекеттерін мақсатқа және оны жүзеге асыру жағдайларына сәйкес жоспарлау, бақылау және бағалау икемділіктерін қалыптастыру;
- 2) ұжымдық ішкі іскерлік қарым-қатынас пен шығармашылық қатынас дағдыларын әр түрлі рөлдерді (басшы, орындаушы, сарапшы) орындау арқылы жұптағы, топтағы жұмыстыр және қажетті талаптар мен ережелерді сақтау арқылы қабылдау;
- 3) оқу әрекетінің сәттілігі\сәтсіздігі себептерін түсіну қабілетін қалыптастыру;
- 4) белсенділік, ынташылдық, төзімділік, қайсарлық, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты жағымды тұлғалық қасиеттерді нығайту;
- 5) көп ұлтты Қазақстан халқы мен басқа елдердің мәдениетін құрметтеу және адамгершілік сезімдерді дамыту.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

18. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей) білім алушы "оқуға үйренуге" және дербес, уәжді, мүдделі, батыл, жауапкершілікті және зерделік дамыған тұлға болуға міндетті деген қағиданы басшылыққа алады.

19. Осы қасиеттерді білім алушыда түзету ырғағы сабақтарында тәрбиелеу және дамыту үшін мұғалім келесілерді жүзеге асырады және пайдаланады:

1) оқытудағы әрекеттік тәсілдеме қағидасы, ол білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың психикалық қабілетін дамыту мәселелерін қазіргі кездегі түсінуді оларды белсенді әрекет негізінде музыкамен қатынас үдерісіне тарту деп білдіреді;

2) оқыту мазмұнының табиғи сәйкестік сипатын көрсететін онтогенез қағидасы;

3) әлемді нақты сезімдік бейнеде қабылдайтын және танитын бастауыш сынып жасындағы психикалық дамуы тежелген бала психикасының табиғи ерекшеліктеріне негізделген бейнелілік қағидасы;

4) құрамындағы өмірлік құбылыстарды ұғыну және түсіну арқылы музыкалық, қимыл-қозғалыстық және тілдік мәдениеттілікке қол жеткізуді бағдарлайтын ұқсастық және айырмашылық қағидасы;

5) өзара шығармашылықпен әрекеттесуді, яғни педагогпен білім алушының қушының, білім алушылардың түзету ырғақтық әрекеті процесіндегі бір-бірімен бірлескен шығармашылық әрекетін білдіретін коммуникативтік бағыттылық пен бірлескен шығармашылық қағидасы;

6) музыка, қимыл және сөйлеу тілінің синкретизм қағидасы. Бұл қағида психикалық дамуы тежелген балалардың музыкалық-ырғақтық қабілетін ырғақ сабақтарында дамытуда жетекші қағида болып табылады.

20. Түзету ырғағы сабақтарында қолдануға ұсынылатын оқытудың стратегиясы, технологиясы мен тәсілдері:

1) стратегиялар: дербестік және белсенділік, тәжірибелік, сыни, коммуникативтік, мәнмәтіндік;

2) технологиялар: шағын топтардағы (команда) жұмыс, рөлдік және іскерлік ойындар, модульдік оқыту, ересектермен бірлесе әрекеттену деңгейі, еліктеу бойынша әрекеттену деңгейі, үлгі бойынша әрекеттену деңгейі, сөздік нұсқау бойынша өздігінен әрекеттену деңгейі кіретін қимыл-қозғалыстық икемділіктерді жетілдірудің төрт деңгейлілігі;

3) тәсілдер: мұғалім мен білім алушылардың бірлескен әрекетіне қатысты сөздік, көрнекілік және тәжірибелік тәсілдер (көрнекілік-кинестикалық тәсілдің басымдылығымен) кіретін дидактиканың классикалық тәсілдері, мәселелік оқыту тәсілі, тәжірибе, жобалық тәсіл негізіндегі пәнаралық оқыту.

21. "Түзету ырғағы" пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаттарының бірі болып табылатын тұлғаны әлеуметтендіру қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес тәсілдерін дұрыс қолдана отырып, әр түрлі қоғамда өзара тиімді әрекеттенуге қабілетті азаматтарды тәрбиелеуді білдіретіндіктен, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту ырғақ мұғалімі әрекетінің негізгі бағыты болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін білім алушыларда оқу диалогына қатысу ынтасын, сөйлеу тілінің әр түрлі түрлері мен мәнері туралы, мәдениетті сөйлеу дағдылары, просодика элементтері (қарқын, жоғары, қаттылығы, жылдамдығы үні, ырғақтық, үзіліс, интонация, сондай-ақ мимика мен ишарат) туралы түсініктерді дамыту. Педагог әр білім алушының даму кемшілігіне қарамай, өзінің пікірін сенімді білдіруге, құрдастарымен, мұғалімдермен қарым-қатынаста сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын сауатты пайдалануға, сондай-ақ өзін-өзі шығармашылықпен танытуға үйрене алатын әр түрлі түрдегі коммуникация көтермеленетін және бағаланатын орта құруға міндетті.

22. Заттармен және оларсыз, музыкалық сүйемелдеумен және онсыз орындалатын сан алуан түрлі жаттығулар ырғақтық икемділікті қалыптастыру құралдары болып табылады. Сабақтағы ырғақтық әрекеттердің барлық түрлері кеңістіктік түсініктерді, сенсорлық процестерді, жоғары психикалық атқарымдарды, сөздік және сөздік емес коммуникативтік икемділіктерді, дербестік пен өзін-өзі бақылауды, оқу әрекетінің құрылымын түзетуге және дамытуға көмектеседі.

23. Кеңістіктік түсініктерді түзетуге және дамытуға көмектесуге арналған жаттығулар:

- 1) әр түрлі бағытта қол мен аяқтың еркін қозғалысымен жүру және марштап жүру;
- 2) бір-бірден, жұптасып, аяқтың ұшымен шашырап, зал бойымен ырғақтық жеңіл қимылмен жүгіру;
- 3) "паровоз" құрап қозғалу;

4) қозғалыс кезінде мұғалімнің белгісі бойынша оңға, солға бұрылу;

5) заттардың арасымен жүру және жүгіру.

24. Қимыл-қозғалыстық жадты, көру зейінін, өзін-өзі бақылау мен қимылды үйлестіруге көмектесуге арналған жаттығулар:

1) тұрған, еденде отырған, орындықта отырған қалыптағы қолдың затпен (жалауша, шеңбер, таяқ, доп) және затсыз алға – артқа – жоғары қимылдары;

2) қозғалыс амплитудасын біртіндеп өсіре отырып қолды сермеу;

3) өзінің алдында және артында қолын шапалақтау;

4) қолды айналдыра қозғау және еркін тербелту;

5) аяқтың ұшына көтерілуімен бір мезгілде қолды көтеру және түсіру;

6) орындықтың арқалығын ұстана, тірексіз, затты ұстап тұрып, жүрелеп отыру;

7) аяқтың ұшын кезекпен алға және жанына қарай қою, аяқтың ұшымен тұру;

8) тізенің астынан алақан соғып, тізеден бүгілген сол аяқты және оң аяқты кезекпен көтеру, тізені қолмен, таяқпен, шеңбермен қоршап ұстау;

9) еденде отыру, аяқ бірге – оңға, солға бұрылу;

10) алға, артқа, жанына қарай еңкею (қолды аяқ ұшына тигізу);

11) заттарды өзіне қатысты алға, жанына қою, сол заттарды ұстап алу;

12) жатқан қалыпта аяқты түзулеп, кезекпен көтеру және түсіру;

13) мүсінді дұрыстауға арналған жаттығулар: қолмен еден тіреп, "тізерлеп жатқан" қалыптан қолды еденнен алмай, тізені бүгіп тұру;

14) кілем үстінде заттардың арасымен еркін еңбектеу.

25. Есту жадын, есту зейінін, ырғақтық түсініктер мен ырғақтық-қимылдық дағдыларды дамытуға көмектесуге арналған жаттығулар:

1) музыкалық аспаптардың (домбыра, рояль, металлофон, бубен) дыбысталуын қабылдау;

2) музыкалық шығарманың басталуымен аяқталуын қабылдау: музыканың басталуында бір жерде тұрып жүру, аяқталуында тоқтау және шапалақтау;

3) музыканың орташа және жылдам қарқынын қозғалыспен беру;

4) күшті және әлсіз бөліктерін беру үшін, ырғақтық суреттемені шығару үшін бубенді, даңғараны, маракасты пайдалану арқылы акцент жасау;

5) динамикалық реңктерді қабылдау және бере білу;

6) би элементтерін орындау: жай жүру, аяқтың ұшымен жүгіру, шапқылап жүру (ақырын, жылдам), аяқты тыпырлату, иықтан айналу, қазақ халқының би элементтері: өкшеден жай қадам және бірінші қалыптан жанына қарай қадам басу, "Сәлем" қол қалпы;

7) биді және өлең-биді орындау.

26. Тәртіптегі өзін-өзі бақылауды дамытуға, сөйлеу тілдік мәдениетті және басқа да әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға көмектесуге арналған жаттығулар:

1) қуаныштың, көңілсіздіктің мимикалық қалыпын бере білу;

- 2) сезімді мимика бойынша бөлу;
- 3) ширығуға қарама-қарсы босаңсу;
- 4) нұсқау бойынша босаңсу (ширығуға кереғарлықсыз);
- 5) дикциялық жаттығулар;
- 6) артикуляциялық мүшелерді атау және табу;
- 7) төменгі көк еттік тыныс алу кезіндегі ауызбен біркелкі дем шығаруды жетілдіру: бөліп шығару, тежей дем алу, жүрісті және ауа ағынының бағытын кезектестіріп дем шығару;
- 8) жұмсақ және қатты "шабуылдар" қолданылатын дауыстық жаттығулар;
- 9) ұсақ қимылға берілген жаттығулар: жұдырық түю, жұдырық жазу, санау арқылы көлденең сызықтарды белгі бойынша сызу, саусақтарды үлкен бармақпен санау және музыка бойынша кезектестіре ырғақты жақындату;
- 10) ырғақтар мен құрылыстарды, сызықтық құрылымдарды, суреттемелерді, ырғақты сызбаларды үлгілеу.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

27. "Түзету ырғағы" пәні аясындағы оқыту нәтижесін бағалау деңгейлік тәсілдемеге негізделген критериалды өлшемді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оқу тоқсаны аяқталғаннан кейін, педагог қимыл-ырғақтық икемділік қалыптасқан деңгейді көрсете отырып, барлық бағдарламалық мақсаттар бойынша мәліметтерді жеке Жетістік картасына тіркейді:

- 1) әрекет ересекпен бірге көрсетілгеннен кейін орындалады;
- 2) әрекет еліктеу бойынша орындалады;
- 3) әрекет үлгі бойынша орындалады;
- 4) әрекет сөздік нұсқау бойынша орындалады. Қимыл-ырғақтық икемділік білім алушының жауапкершілік және ынталану деңгейін, оның қимыл-қозғалыстық мүмкіндігі мен бұзылыс түрін есепке ала отырып бағаланады. Оқу нәтижесін балдық бағалау пайдаланылмайды. Бағалау сипаттама түрінде болады.

28. Әр білім алушы оқу басталу уақытындағы психомоторлық мүмкіндіктерінің қалыптасуын бағалау үшін педагог оқу жылының бастапқы екі аптасында Озерецкийдің стандартталған шәкілі негізінде экспресс-диагностика жүргізеді. Педагог он дагностикалық тапсырманы таңдайды, тестілеу жүргізеді және келесі сәйкестіктерді пайдаланады:

1) егер диагностикалық нұсқаулықтардың барлығы дәл және қалыпты қарқында орындалған жағдайда, білім алушы он диагностикалық тапсырмадан бір ғана қате жіберсе, яғни тапсырмалардың 90%-ын дұрыс орындаған жағдайда, психомоторлық мүмкіндік оңтайлы деңгейде болады;

2) орындау қарқыны баяу, қимылы сенімсіз, іздеу түрінде болуы, он диагностикалық тапсырмадан кем дегенде үш қате жіберсе, яғни тапсырмалардың 75%-

ын дұрыс орындаған жағдайда, психомоторлық мүмкіндік ұйғарымды деңгейде болады ;

3) бір тапсырмадан басқасына қиындықпен ауысқанда, орындау үшін нұсқауды үнемі нақтылауды қажет етсе, он диагностикалық тапсырмадан кем дегенде бес қате жіберсе, яғни 50%-ынан аз болмайтын тапсырмаларды дұрыс орындаған жағдайда, психомоторлық мүмкіндік өте қиын деңгейде болады;

4) егер тапсырманың жартысынан азын ғана дұрыс орындаса, онда психомоториканың терең деңгейде дамымауы тіркеледі. Диагностикалық мәліметтер білім алушыларға қатысты жекеленген және жіктелген тәсілдемені жоспарлаған кезде есепке алынады. Түзету ырғақтық әсердің тиімділігін анықтау үшін төртінші сыныпты аяқтағанда, Озерецкий шәкілін пайдаланып, бақылау кесіндісі алынады.

5-тарау. "Түзету ырғағы" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

29. "Түзету ырғағы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

30. Үшінші тоқсанында даярлық және бірінші сыныптарда қосымша каникул қарастырылған. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттерді санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастыруға міндетті.

31. Түзету ырғағы сабақтарына арналған құрал-жабдықтар: мұғалімге арналған музыкалық аспап, мультимедиалық кешен, бейнекамера; фотоаппарат, сандық тасмалдаушылардағы аудио- және видео- материалдар, әр білім алушының жаттығуды орындауына қажетті заттар (түрлі-түсті жалаушалар, шарлар, ленталар, орамалдар, шеңберлер, доптар, секіртпе жіптер), балаларға арналған шулы және үнді музыкалық құралдар (сылдырмақтар, бубендер, даңғаралар, пианино, үрмелі сырнай, металлофон, үшбұрыштар, маракастар), орындықтар (балалардың бойы мен санына қарай), стационарлық айна, гимнастикалық құрылғы, батут және "сенсорлық жарық бөлме" құрал-жабдықтары, тақта, көрсету материалдары (оқу кестелері, қимыл-қозғалыс сызбалары, жағдаяттық және заттық суреттер, сазгерлердің, балет артистерінің, спортшылардың портреттері), үлестірмелі дидактикалық материал (ырғақтық сызба, сөйлеу тілдік тапсырмалар бар карточкалар) жинақтастырылуға міндетті. Түзету ырғағы сабақтарына арналған кабинеттің еденіне жаттығуларды отырған және жатқан қалыпта орындауға, шапшаң қимылды және басқа да белсенді тәсілдерді өткізуге

арналған арнайы жабын төселеді. Кітап сөрелеріне, білім алушылардың жұмыстары мен көрнекілік құралдар қойылатын стенділерге арналған орындар алдын ала қарастырылады. Барлық балалар түзету ырғағы сабағына арнайы киімде қатысады.

32. Оқу пәнінің мазмұны. Берілген пәннің мазмұнын анықтау үшін төрт бөлім және жеті бөлімше бойынша ұйымдастырылған мақсаттар жүйесі құрылған. Бөлімдер сынып бойынша оқытудың мақсатын қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі (дағдылар немесе икемділіктер, білім немесе ұғынымдар) бөлімшелерге бөлінген. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқытудың мақсаттары мұғалімдерге өзінің жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді:

1) 1-бөлім "Зал кеңістігінде бағдарлау" екі бөлімшеден құралады, олар түзете оқыту мен тәрбиелеу процесіне тәртіп пен жинақылықты ендіруді; жүріс, жүгіріс және секірістердің әр түрлі түрлерін орындаған кезде интервалды сақтауды, сапқа тұру мен сапты қайтадан түзеуде нақты сызықты ұстануды; қимыл-қозғалысты музыканың басталуымен және аяқталуымен нақты үйлестіруді; кинестикалық немесе көруге берілген белгіге деген әсерін жетілдіруді; кеңістіктік гнозис пен праксисті дамытуды қамтамасыз етеді;

2) 2-бөлім "Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар" бұлшықеттердің жеке топтарын дамытуды және нығайтуды, мойын, иық, қол, бел аяқ қимылдарын жылдам және бірқалыпты ауыстыру қабілетін дамытуды; барлық қимыл-қозғалыстық аппараттың бөліктері мен мүшелерінің әрекеттерін үйлестіруді; музыканың сүйемелдеуімен жүруді; бұлшықеттік тонусты реттеуді; ми бөлімдерінің өзара әрекеттестігін дамытуды қамтамасыз етеді;

3) 3-бөлім "Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар" 2 бөлімшеден құралады, олар әр түрлі модальдылық ырғақтарды қабылдау және шығару қабілетін дамыту бойынша арнайы ұйымдастырылған жұмысты білдіреді. Бұл бөлімнің мақсаттарын жүзеге асыру процесінде шығармашылық қабілетті, қимыл-қозғалыстық және музыкалық жадты дамытуды, есту зейінін, шоғырлануды, қабылдауды түзету, қарқынды, ырғақты музыканың немесе қимылдың сипатын ажырату және шығару; жеке-дара және ұжымдық қарқын мен ырғақ сезімін дамытуды қамтамыз етеді;

4) 4-бөлім "Психогимнастика және сөйлеу тілдік ырғақ" 2 бөлімшеден құралады. Берілген бөлімнің мақсатын жүзеге асыру білім алушылардың өзінің сезімін, күйзелісін және қалауын білдіру құралы ретіндегі мимика, ишарат, қалып түсініктерін дамытуды; мимика, ишарат, икемділікті қарым-қатынас жағдайын есепке ала отырып, айтылым мағынасына, оның мақсатына сәйкес тани білуді және еркін басқаруды қалыптастыруды; көру-қимыл ("көз-қол" механизмі) және қол үйлесімділігін жетілдіру арқылы жазба сөйлеу тілі мен каллиграфияны дамытуды; саусақтық белсенділікке және ұсақ қимылдардың үйлесімділігіне ынталандыра әсер ету арқылы сөйлеу тілінің жалпы

айқындығын арттыруды; дерексіз және жалпы сөздік қорды толықтыру, нақтылау және жүйелеуді, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысын және байланыстылығын дамытуды қамтамасыз етеді.

1-кесте

№	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімдері	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімшелері
1	Зал кеңістігінде бағдарлау	1.1 Бағыттар және орнын ауыстыру
		1.2 Сап құру және қайтадан сап түзу
2	Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар	2.1 Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар
3	Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар	3.1 Музыкалық-ырғақты қабылдау
		3.2 Музыкалық-ырғақты шығару
4	Психогимнастика және сөйлеу тілдік ырғақ элементтері	4.1 Психогимнастика элементтері
		4.2 Сөйлеу тілдік ырғақ

33. Оқу бағдарламада оқыту мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін, төрт саннан тұратын кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында "1" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік нөмері.

34. "Түзету ырғағы" пәнінің аясындағы оқыту мақсаттарын жіктеу, 0 және 1-сыныптарда 20 мақсат, 2-сыныпта 19 мақсат, 3-сыныпта 18 мақсат, 4-сыныпта 17 мақсат жүзеге асырылады, яғни 0-4-сынып аралығында жүзеге асырылатын 94 оқыту мақсатының жүйесін құруға мүмкіндік берді. Түзете - дамыту және білім беру жұмысын жүзеге асыру мақсаты заттық сипаттағы білім мен икемділікті қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ оларды шынайы практикада қолдану, сөйлеу тілдік әрекет түрлері мен коммуникативтік дағдыларды, сондай-ақ өмірлік құзыреттілікті дамытуға да қатысты болады.

35. Оқыту мақсатының жүйесі:

1) "Зал кеңістігінде бағдарлау":

2-кесте

Оқыту мақсаттары				
1.1 Бағыттар және орнын ауыстыру				
Білім алушылар меңгереді				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы	1.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан	2.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде саптағы жүрісті санау	3.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде саптағы жүрісті санау	4.1.1.1 мүсінді бақылау арақашықтықты

сыныпқа кіру; жүрген кезде мүсінді бақылау арақашықтықты сақтау	түрде музыканың сүйемелдеуімен сыныпқа кіру	арқылы сыныпқа кіру	арқылы сыныпқа кіру	сақтау, саптағы қозғалыс туралы сөздік есеп беру
0.1.1.2 музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы сапта бір-бірден, жұптасып жүру және жүгіру, жүрген кезде беліне қойылған қолдың көмегімен тепе-теңдігін сақтау	1.1.1.2 сол аяқтан адымдау; сапта бір-бірден, екі-екіден, үш-үштен тепе-теңдігін, арақашықтықты сақтай жүру және жүгіру	2.1.1.2 жүрісті жүрелей отырумен кезектестіру; аяқтың ұшымен жүру (2\4, 4\4 музыканың сүйемелдеуімен); тактінің күшті бөлігін ерекшелеу	3.1.1.2 саптағы қозғалыс кезінде бұйрық бойынша қайтадан сап түзу, мұғалімнің бұйрығымен шеңберді кеңейту және тарылту	4.1.1.2 музыкалық шығарманың түріне, көлеміне және құрылысына сәйкес жүрістің қажетті қарқыны мен түрін өздігінен таңдау
0.1.1.3 кеңістікте бағдарлау, алға, артқа, жоғары, төмен бағыттарын көрсету; өзінің сол және оң аяғын, қолын, құлағын көзін ажырату және көрсету	1.1.1.3 кеңістікте және жазықтықта бағдарлау, негізгі бағыттарды көрсете білу; басқалардың, бейне бойынша сол және оң аяғын, қолын, құлағын көзін ажырату және көрсету	2.1.1.3 кеңістікте және жазықтықта бағдарлау, нысандардың орналасу орнын алда-артта, жоғары-төмен, оң жақта-сол жақта атау; тепе-теңдікті сақтау	3.1.1.3 бағдарлау және бағыттарды атау, етістіктерді (еңбектеді, жүгірді, жүрді), үстеу сөздерді (алға, артқа, жоғары, төмен, солға, оңға, жанына, тура, көлденеңінен) пайдаланып кимыл траекториясы туралы есеп беру	4.1.1.3 қиымылдың алдағы траекториясын анықтау және жүзеге асыру арқылы бағытта бағдарлау және атау: алға-артқа, жоғары-төмен, оң жаққа-сол жаққа, тура-көлденең.
1.2 Сап құру және қайтадан сап түзу				
Білім алушылар меңгереді:				
0.1.2.1 бір-бірден сап түзу, қатарда тұрғанда мүсінді бақылау	1.1.2.1 бір-бірден сап түзу, шахматтық тәртіпте қайтадан сап түзу, жұптағы өз орнын табу	2.1.2.1 бойға қарай сап түзу, сыртқы нысаналарды (сызықты, арқанды, таяқты, шеңберді) пайдалана отырып, шеңбер құру	3.1.2.1 бір-бірден сап түзу, бой бойынша сап түзу, көру немесе есту белгілері бойынша шеңбер құрып тұру	4.1.2.1 сап, қатар, шеңбер құрап, шахматты тәртіпте тұру және атау, оларды атауы бойынша ажырату
0.1.2.2 мұғалімнің қатысуымен шеңбер құрып жүру, қозғалу	1.1.2.2 шеңбер құрып, айнала жүрген кезде шеңберді кеңейту және тарылту	2.1.2.2 қозғалыс кезінде бір шеңберден жеке екі шеңбер құрау	3.1.2.2 қозғалыс кезінде, мүсінді сақтай отырып, бір шеңберден жеке екі шеңбер құрау	4.1.2.2 қозғалысты тоқтатпай, бір-бірімен соқтығыспай, мүсін мен тепе-теңдікті сақтай саптан шашырау, содан кейін шеңбер құру

2) "Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар":

3-кесте

Оқыту мақсаттары

2.1. Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар

Білім алушылар меңгереді:

0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.2.1.1 белгі бойынша өз қимылын тежеу	1.2.1.1 музыкалық шығарманың немесе аузекі мәтіннің басталуын, аяқталуын қабылдау және ерекшелену	2.2.1.1 музыканың үзіндісін немесе тіркесін қозғалыспен (сермеу, жұлқыну, ұмтылу, бұрылу, еңкею) беру	3.2.1.1 допты жанындағы көршісіне берумен бір мезгілде ұмтылысты орындау, затты қолына ұстап тұрып, тепе-теңдігін сақтау	4.2.1.1 4-5 ортақ қимылдардан тұратын тізбекті қабылдау, есте сақтау және орындау
0.2.1.2 музыканың сүйемелдеуімен өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; еліктеу бойынша қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	1.2.1.2 музыканың сүйемелдеуімен өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; үлгі және сөздік нұсқау бойынша қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	2.2.1.2 етістіктерді пайдалана отырып, өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; айнаға қарап, өзін-өзі бақылау бойынша қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	3.2.1.2 өзінің алдында, басының үстінде шапалақтау; көзін жұмып, тыныс алуын бөле отырып, қолымен аяғын бүге және жаза жүрелеп отыру	4.2.1.2 қимылды әуеннің түрі мен көңіл күйінің ауысуына сәйкес өздігінен жайлыны үздік-создық қимылға, содан кейін керісінше ауыстыру
0.2.1.3 қарапайым қимылды еліктеу және үлгі бойынша затпен орындау	1.2.1.3 қарапайым қимылды үлгі және сөздік нұсқау бойынша затпен орындау	2.2.1.3 лента мен шеңберді айналдыру, затты әуеннің күшті 2/4 бөлігінде лақтыру және қағып алу	3.2.1.3 ұсақ заттарды музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы алға және жоғары лақтыру	4.2.1.3 ұсақ заттарды музыканың сүйемелдеуімен алға, жоғары және нысанға лақтыру және ұстап алу
0.2.1.4 мойын мен денені қарама-қарсы жаққа бұруды орындау	1.2.1.4 бір орында тұрып твист-жүрісті орындау: әр қадамда мойын мен денені бір жаққа, ал жамбас пен аяқты қарама-қарсы жаққа бұруды орындау	2.2.1.4 жүріс кезінде және заттарды бір-біріне беру кезде денені әр түрлі жаққа бұрумен бір мезгілде басты бұру және айналдыру қимылдарды орындау	3.2.1.4 қимыл қарқынын динамика мен әуен қарқынымен үйлестіре отырып, екі қол мен аяқты әр түрлі жазықтықтағы қарама-қарсы жаққа қарай бір мезгілде айналдыру	4.2.1.4 твист-жүрісті орындау: әр қадамда мойын мен денені бір жаққа, ал жамбас пен аяқты қарама-қарсы жаққа бұруды орындау
0.2.1.5 баяу музыканың сүйемелдеуімен еңкіш жазықтық (орындық, тақтай) бойымен қозғалу	1.2.1.5 гимнастикалық қабырға бойымен оңға-солға қарай қозғалғанда басындағы жеңіл (200 граммға дейін) затты ұстап тұру	2.2.1.5 басындағы жүкті ұстап тұруға берілген жаттығуды тепе-теңдікті қосымша тірексіз сақтауға берілген жаттығумен үйлестіру		

3) "Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар":

4-кесте

Оқыту мақсаттары				
3.1. Ырғақты қабылдау				
Білім алушылар меңгереді:				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.3.1.1 дыбыстың шығу көзін көрсету және дыбыстың шығу бағытына қарай қозғалу	1.3.1.1 табиғат дыбыстарын есту арқылы тану, " дыңыл", "тықыл", " сыбдыр", "сытыр", " ұлу" сөздерінің мағыналарын түсіну және ажырату	2.3.1.1 2\4;4\4 әуеніндегі марштық ырғақты, " марштық қозғалысты тану, атау және сипаттау	3.3.1.1 вальстік ырғақты, вальстік қимылды тану, атау және сипаттау	4.3.1.1 Қазақстан Республикасын мекендеген халықтардың би қимылдары мен әуендерін тану: қазақ халқының биі, орыс биі, гопак, клезмер, лезгинка, полька
0.3.1.2 естілген музыканың қарқыны мен көңіл күйін "қатты", " ақырын", "көңілді", " мұңды " түсініктерінің аясында анықтау	1.3.1.2 музыканың қарқынын: жылдам-ақырын-орташа; музыканың түрін: үзік-созық, ұзын сонар, әуенді екенін ажырату	2.3.1.2 музыканың көңіл күйін ажырату: көңілді-мұңды, салтанатты-сергек	3.3.1.2 музыкадағы екі үлесті және үш үлесті мөлшерлерді ажырату және салыстыру	4.3.1.2 ырғақ сызбаларын оқу және олардың әуенмен ара қытансын белгілеу.
3.2 Ырғақты шығару				
Білім алушылар меңгереді:				
0.3.2.1 ырғақты, қол мен аяқтың қимылын қолжетімді деңгейде үйлестіре отырып, 2\4, 4\4 музыкасының сүйемелдеуімен жүру	1.3.2.1 қимылды жылдам, ақырын және орташа қарқыныдағы музыкамен үйлестіру, белгі бойынша біреуінен басқасына көшу	2.3.2.1 екі үлесті мөлшердегі әуеннің күшті және әлсіз үлестерінің кезектесуін қимылмен бере білу	3.3.2.1 қарапайым ырғақты суреттеменің екпінін шапалақпен аяқты тыпырлатумен белгілеу	4.3.2.1 өзінің қимылын берілген ырғаққа бағындыру, қарапайым ырғақ сызбаларды құру
0.3.2.2 жануарлардың (түлкі, аю, коян) қимыл ерекшеліктерін қолжетімді құралдардың көмегімен бере білу	1.3.2.2 би қадамдарын еліктеу және үлгі бойынша орындау: өкшеден алға, бір орында тұрып аяқтың ұшынан өкшеге, кең, жеңіл, серпінді, ауыспалы	2.3.2.2 би қимылдарын еліктеу және үлгі бойынша орындау: " Матрешка-лар", " Тәрелкелер", " Шамдар", "Аяқты тыпырлату"	3.3.2.2 3 - 4 би қимылдарынан тұратын тізбекті қарқынды, ырғақты және көңіл күйді сақтай отырып, табиғи және еркін түрде көше отырып орындау	4.3.2.2 қимылды орындағандағы жеке қиыншы-лықтарды (ыңғайсыздық, ебдейсіздік) айнадан қарау арқылы бақылап, байқау және жеңу
0.3.2.3 еңбектік, тұрмыстық әрекеттердің (шабу, аралау, балғамен жұмыс, кестелеу,	1.3.2.3 алдын ала берілген нұсқау мен үлгі бойынша ырғақтық нысан құруға арналған, музыканың			

баланы тербету) ерекшеліктерін қолжетімді құралдармен бере білу	сүйемелдеуімен текшелермен моншақтармен өнімдік әрекеттерді орындау			
-----------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------	--	--	--

4) "Психогимнастика және сөйлеу тілдік ырғақ элементтері":

5-кесте

Оқыту мақсаттары				
4.1 Психогимнастика элементтері				
Білім алушылар меңгереді:				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.4.1.1 шынайы қарым-қатынаста, бет-әлпет бейнесінің (фотосурет, сурет, пиктограмма) мимикасынан қуаныш және мұңды сезімдерді анықтау	1.4.1.1 шынайы қарым-қатынаста, бет-әлпет бейнесінің (фотосурет, сурет, пиктограмма) мимикасынан таңқалу, ұялу сезімдерін анықтау	2.4.1.1 бұйрық бойынша, үлгі бойынша, елестету бойынша әуеннің түрі мен көңіл күйіне қарай бүкіл денені босаңсытуға арналған этюдтарды орындау	3.4.1.1 әрекетпен (оқиғамен) және одан кейінгі сезім, көңіл күйдің арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау	4.4.1.1 ұжымдық ойында жетекші болу, бұйрықтарды ойнайтын ережесіне сай, нақты интонациямен бере білу, ойын ережелерін барлық ойыншылардың сақтауын қадағалау
0.4.1.2 қуаныш пен уайымның мимикалық қалпын көрсету	1.4.1.2 үлгі бойынша және шынайы қатынаста қуаныш пен уайымның, таңқалу мен ұялудың мимикалық қалпын кезектестіре көрсету	2.4.1.2 тыйым салу қалпын (мимикалық, ортақ) беруге арналған тапсырманы орындау	3.4.1.2 өзінің әрекетін және басқа білім алушылардың тапсырманы орындау сапасын адекватты бағалау, тапсырманы тұжырымдау, ескерту мен сынды адекватты қабылдау	
0.4.1.3 эмбрион, көшірдің қалпын қабылдау, сонымен бірге бұл жағдайда кинестикалық	1.4.1.3 үлгі бойынша және сөздік нұсқау бойынша біртіндеп босаңсы отырып, еркін	2.4.1.3 үлгі бойынша және сөздік нұсқау бойынша тыныс алуды бақылай, біртіндеп	3.4.1.3	4.4.1.3 аутотренинг элементтерін білу, релаксация

бақылауды пайдалана отырып, босаңсуды сезіну	тербелу, ақырын қарқынмен айналу, сілкіледі орындау	босаңси отырып, беттің, мойын мен қолдың үстіңгі жағын сипау	мұғалімнің бұйрығымен босаңсу;	формуласы бойынша босаңсу
4.2 Сөйлеу тілдік ырғақ				
Білім алушылар меңгереді:				
0.4.2.1 ұзақ және жайымен тыныс алу (7 секундқа дейін), тыныс шығарғанда дауысты дыбыстарды (а-э-о-у-ы-и) созып айту, төменгі диафрагмалық тыныс алу тәсілін меңгеру	1.4.2.1 жұдырықты ырғақпен түйю-жазу, саусақтарды жақындалту, түйістіру және айқастыру; шынайы жағдайда және бейнесі бойынша оң қол мен сол қолды ажырату	2.4.2.1 саусақтарды атай отырып, сөйлеу тілдік сүйемелдеумен өздігінен 1-2 саусақтар гимнастикасын орындау	3.4.2.1 барлық логоырғақтық жаттығуларды орындаған кезде барлық қойылған дыбыстардың фонациясын және артикуляцияны дұрыс сақтау	4.4.2.1 тыныс алуды дұрыс бөле отырып, қаты және ақырын, жоғары және төмен дауысты, баяу және жылдам сөйлеу тілін үлгілеу
0.4.2.2 айнадан қарап бақылау арқылы, көзін жұмып отырып артикуляциялық аппарат мүшелерін атау және табу	1.4.2.2 еңкейе, қолын сермей, бұрыла отырып, еріннің, тілдің, тіл асты бұлшық еттің артикуляциялық тренингісін ырғақпен орындау: "Өткеншек", "Сағат", "Аттар", "Сылақшы"	2.4.2.2 сөйлемнен логикалық акцент табу және сөз тіркесінің сыртқы әрекетін белгілей отырып, логикалық акценттен өте қажетті күшпен интонациямен айту	3.4.2.2 екі күрделі (ямб, хорей) және үш күрделі (дактиль) ырғақты өлеңдерді ажырату, ортақ қимылдарды немесе шапалақты пайдалана отырып, оларды шығару	4.4.2.2 ырғақ сызбаларды оқу және олардың мәтіндермен ара қатынасын белгілеу; ырғақ сызбаларды құру

36. Түзету ырғақтық әсер ету мақсаттарының осы жүйесі әрбір оқу жылында қайталанатын, міндетті түрде қосылатын сегіз ортақ тақырыптың ұзақ мерзімді жоспардағы бөлімдері мен тақырыптарын анықтауға мүмкіндік берді. Оқытудың әр жылында тақырыптар төрт тоқсан бойынша жұптық бірізділікпен бөлінеді. Түзету ырғақтық әсер ету мақсаттарының жүйесі әр сыныптағы оқу мазмұнының аясын анықтайды.

37. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 0-сынып:

6-кесте

--	--	--	--	--

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өзім туралы	Зал кеңістігінде бағдарлау	1.1 Бағыттар және орнын ауыстыру	0.1.1.1 сабаққа дайындалу және ұйымдасқан түрде музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы сыныпқа кіру; жүрген кезде мүсінді бақылау арақашықтықты сақтау
		1.2 Сап құру және қайтадан сап түзу	0.1.2.1 бір-бірден сап түзу, қатарда тұрғанда мүсінді бақылау
	Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар	2 . 1 Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар	0.2.1.1 белгі бойынша өз қимылын тежеу
Менің мектебім	Би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимылдар	3.1 Ырғақты қабылдау	0.3.1.1 дыбыстың шығу көзін көрсету және дыбыстың шығу бағытына қарай қозғалу
		3.2 Ырғақты шығару	0.3.2.1 ырғақты, қол мен аяқтың қимылын қолжетімді деңгейде үйлестіре отырып, 2\4, 4\4 музыкасының сүйемелдеуімен жүру
	Психогимнастика және сөйлеу тілдік ырғақ элементтері	4.1 Психогимнастика элементтері	0.4.1.1 шынайы қарым-қатынаста, бет-әлпет бейнесінің (фотосурет, сурет, пиктограмма) мимикасынан қуаныш және мұңды сезімдерді анықтау;
		4.2 Сөйлеу тілдік ырғақ	0.4.2.1 ұзақ және жайымен тыныс алу (7 сек дейін), тыныс шығарғанда дауысты дыбыстарды (а-э-о-у-ы-и) созып айту, төменгі диафрагмалық тыныс алу тәсілін меңгеру
2-тоқсан			
	Зал кеңістігінде бағдарлау	1.1 Бағыттар және орнын ауыстыру	0.1.1.2 музыканың сүйемелдеуімен және санау арқылы сапта бір-бірден, жұптасып жүру және жүгіру, жүрген кезде беліне қойылған қолдың

Менің отбасым және достарым			көмегімен тепе-теңдігін сақтау
26. Білім алушылардың сабақтағы әрекет түрлерін дұрыс таңдаған жағдайда педагогикалық міндеттер де дұрыс шешіледі. Зерттелетін құбылыстар мен заттарды тікелей бақылау (саяхатта), білім алушылардың заттық-практикалық әрекеті, ақыл-ой және сөйлеу тілдік, сондай-ақ ойын әрекеттері (дидактикалық, оқиғалық-рөлдік, үстел үстілік ойындар, ережелі ойындар және тағы басқа) жетекші болады.

27. Бақылау, бақыланатын нысанның бөліктерін көру және ерекшелік білуге, жеке бір нысандар мен құбылыстармен болып жатқан өзгерістерді байқауға үйретуде мұғалімнің сөйлеу тілінің рөлі орасан зор. Психикалық дамуы тежелген білім алушы бақыланатын нысанды мұғалімнің сөйлеу тілінсіз толық қабылдай алмайды. Мұғалім өзінің сұрақтарымен білім алушылардың затты белгілі бір тәртіпте толық тексеруін қамтамасыз етуге міндетті.

28. Экскурсия кезінде білім алушылардың зейінін жаңа сөздерге аудару керек, сұрақтарды балалар оларға жауап бергенде жаңа сөздерді немесе таныс сөздерді жаңа мәнмәтінде қолданатындай етіп қояды. Мұғалім білім алушылардың заттар мен құбылыстардың белгілерін білдіретін саналуан анықтамаларды пайдаланатынын, сондай-ақ олардың сөйлеу тілінің грамматикалық дұрыс безендірілуін бақылауға міндетті. Саяхатқа баруды жоспарлағанда балалардың белсенді сөйлеу тіліне ендіру қажет сөздерді алдын ала жазып алу пайдалы болады.

29. Бағдарламаның кез келген тақырыбын оқығанда білім алушылардың практикалық әрекеттерін (табиғи материалдарды жинау, жапырақтардан белгілі бір белгісі бойынша гүлшоқ жасау, жапсырмақұрақ, коллаж құрастыру, сурет салу, суреттерді бояу, өсімдіктерді және сыныптағы, мектептегі және басқа да айналасындағы жабдықтарды күту) ұйымдастыру.

30. Балалардың экскурсиядағы, сондай-ақ сыныптағы сабақ кезіндегі практикалық әрекеттері нақты ұйымдастырылады. Ұсынылған тапсырманың мазмұнына алатын білімнің сапасы ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың зейіні мен ойлау қабілетінің дамуы да тәуелді болады. Әдетте білім алушылар жерге түскен күзгі жапырақтарды теру тапсырмасын ойланбай-ақ орындайды. Егер білім алушыларға бір ағаштың түсі мен көлемі бойынша әр түрлі жапырақтарын тауып, оларды түсі мен көлемін кезектестіре отырып жинауды ұсынса, онда балалар тапсырманы орындағанда жапырақтарды мұқият тандауға, салыстыруға, талдауға мәжбүр болады, ал бұл олардың дамуына жағымды әсер етеді.

31. Білім алушыларды қоршаған табиғаттың немесе заттық ортаның жаңа нысандарымен мынандай тәртіпте: затты табиғи нысан түрінде немесе иллюстрация түрінде берілген үлгімен салыстыру барысында тану, сөздік сипаттама бойынша тану арқылы таныстырады, ең соңында зерттелетін заттың әңгіме сипаттамасы құрылады.

32. Білім алушылардың бақылау және практикалық жұмыстары қоршаған әлемнің нысандары туралы сан алуан түсініктерді қалыптастыруға арналған нақты-сезімдік негізді құруға мүмкіндік береді.

33. Балалардың бақылау және практикалық әрекет процесінде жинақтаған білімі мен түсініктері сөйлеу тілінде (айтылымдарда, әңгімеде, сипаттамада) тұжырымдалады. Байланыстырылған сөйлеу тілін қалыптастыруға және мәдени қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінеді.

34. Әрбір сабақта балалардың мұғалімнің тапсырмасы бойынша жүргізген бақылауларының нәтижелері туралы қысқаша әңгіме өткізу үшін уақыт (8-10 минут) бөлінуге тиісті. Сабақтың міндетті мазмұнына балалардың қоршаған әлемнің нысандары мен құбылыстары туралы түсініктерін нақтылауға, бекітуге, көрсетуге мүмкіндік беретін заттық-практикалық және сан алуан түрлі өнімдік әрекеттер кіреді.

35. Балалардың нысандарды бақылауын қорытындылайтын әңгімелердің практикалық жұмыстарды орындауымен үйлесуі білім алушыларда танымдық қызығушылықты тудырады, ал бұл олардың білуге құмарлығын және танымдық белсенділігін дамытуға негіз болады.

36. Жалпы даму деңгейін арттыруға көмектесетін практикалық жұмыстардың ішінде табиғи материалмен жұмысқа үлкен көңіл бөлінеді. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдарды балалар ойнауға болатын ойыншық ретінде қабылдайды. Бұйымдарды, олардың бөліктерін атау, орындау тәртібін талдау сөйлеу тілінің, ойлау операциясының, әсіресе жоспарлау және өзін-өзі бақылау маңызды болып табылатын әрекеттің құрылымдық компоненттерін дамытуға көмектеседі.

37. Мектеп ішіне, мектеп ауласына, спорт алаңына, ойын алаңына, мектепке жақын жерде орналасқан қоғамдық мекемелерге, жақын жердегі саябақ, гүлбақтарға міндетті түрде саяхат ұйымдастырып, бақылау жүргізу қажет. Қыста құстарға жем беру әрекеттерін бақылау. Үй жануарларының өмірін бақылау.

38. Білім алушылардың практикалық әрекеттерінің ұсынылатын түрлері:

- 1) жанұя мүшелерінің суреттері немесе фотосуреттерінен альбом құрастыру;
- 2) дене, тіс, шаш, киім және аяқ киім (қол жуу, тарақты, аяқ киім және киім щеткасын пайдалану бойынша жаттығулар) күтімі бойынша жаттығулар;
- 3) сыныптағы өсімдіктер күтімі (суғару, жапырақтарды сүрту). Ағаштың жапырақтарын жинау және оларды кейіннен сабақта пайдалану үшін кептіру;
- 4) табиғи материалдарды (бұрларді, емен жаңғағын, талшынды, үйеңкі сырғаларын) жинау. Суреттерді немесе жапсырмақұрақтарды кептірілген ағаш, бұта, гүлді өсімдіктердің жапырақтарынан орындау. Табиғи материалдардан бұйымдар жасау;
- 5) ағаштың жапырақтары мен жемістерінен ою құрастыру. Ағаш жапырақтары бейнелерінің сұлбасы бойынша жүргізу. Таныс ағаштардың сұлбалық бейнелерін тану. Жемсалғышқа жем салу;
- 6) жыл мезгілдеріне тән белгілерді бақылау. Оларды ауа райы күнтізбесінде шартты белгілердің көмегімен белгілеу;
- 7) геометриялық пішіндердің сұлбалық нүктелері бойынша жүргізу. Геометриялық пішіндердің қимаулігісі бойымен жүргізу. Геометриялық пішіндердің сұлбасының ішін штрихтау. Ұзындықтары әр түрлі таяқшалардан геометриялық пішіндерді құрастыру. Геометриялық пішіндердің үлгілерін түсі, көлемі, пішіні бойынша топтастыру. Геометриялық пішіндердің үлгілерінен жапсырмақұрақтарды және өрнектерді құрастыру. "Пішіні бойынша таңда", "Түсі бойынша таңда", "Геометриялық лото" дидактикалық ойындары;
- 8) бояу кітапшаларындағы сұлбалық бейнелерді бояу;
- 9) көшедегі тәртіп және жол қозғалысы ережелерін бекітуге арналған дидактикалық шапшаң қимылды ойындар.

39. Өмірлік құзыреттілік дағдыларын дамыту "Айналамен таныстыру және тіл дамыту" пәні бойынша түзету сабақтарындағы педагог пен білім алушылардың бірлескен әрекетінің мазмұны болып табылуға міндетті. Өмірлік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс бағыттары:

- 1) өзінің мүмкіндіктері, білім беру ұйымдарындағы қажеттіліктері мен құқықтары туралы сайма-сай түсініктерді дамыту;
- 2) әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды меңгеру; коммуникативтік дағдыларды меңгеру;
- 3) әлем суреттері және оның мезгілдік-кеңістіктік ұйымдастырылуын саралау;
- 4) өзінің әлеуметтік айналасын ұғыну және жасына сәйкес жүйелік құндылық пен әлеуметтік рөлдерді меңгеру.

40. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әдетте қолданылатын құралдардың көмегімен құрылуы мүмкін емес дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "құрастыруға" көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді.

41. Сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда ұсынылатын мақсаттар:

1) көрнекілік пішіндегі қандай да бір заттық мазмұнның біреуінен басқасына еркін өтіп, сөйлеу тілінің көмегімен бір тәсілден басқасына көше отырып, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу;

2) баланың өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт түзімінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

42. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді; сабақтағы жұмыстың мазмұнына деген қызығушылықты арттырады; білім алушылардың танымдық әрекетін белсендіреді; шығармашылық мүмкіндігін дамытады.

43. Оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология білім алушылардың жұмысқа деген қабілеттілігін есепке ала отырып, мөлшерлеп пайдаланылуға тиіс.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

44. "Айналамен таныстыру және тіл дамыту" пәні аясында түзете-дамыта оқыту нәтижесін бағалау деңгейлік мақсатты тұжырымдамаға негізделген өлшемді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

45. Әрбір тақырыпқа арналған бақылау-диагностикалық тапсырмалар деңгейлік мақсатты тұжырымдамаға сәйкес әзірленеді. Бақылау-диагностикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері білім алушылардың жетістіктер картасында тіркеледі және білім алушыларға қатысты жекеленген тәсілдемені жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

46. Білім алушылардың жетістіктерін балдық бағалау оқуда және психофизикалық жетілмеуі мен танымдық әрекеттің кемшіліктерін жеңуде пайдаланылмайды.

47. Жетістіктерді бағалау сипаттама түрінде болады.

5-тарау. "Айналамен таныстыру және тіл дамыту" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

48. "Айналамен таныстыру және тіл дамыту" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат;

2) 1-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат.

49. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттерді санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастыруға міндетті.

50. Сыныптағы әр түрлі түрдегі жұмыстарды (жекеленген, жұптық, топтық және ойын және басқада белсенді тәсілдер) жүргізу үшін сыныптағы жиһаз жеңіл қозғалуға тиісті. Кітап сөрелеріне, білім алушылардың жұмыстары мен көрнекілік құралдар қойылатын стенділерге арналған орындар алдын ала қарастырылады.

51. Оқу пәнінің мазмұны:

1) пән бойынша мазмұн оқытудың бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер ары қарай сынып бойынша оқытудың мақсатын қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі (дағдылар немесе икемділіктер, білім немесе ұғынымдар) бөлімшелерге бөлінген. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқытудың мақсаттары мұғалімдерге өзінің жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Мен және қоғам	1.1 Мен бала (ұл бала, қыз бала)
		1.2 Менің жанұям
		1.3 Менің үйім
		1.4 Біздің мектеп
		1.5 Біздің айналамыздағы заттар
		1.6 Біздің қала (ауыл), біздің ел
2	Тірі табиғат	2.1 Өсімдіктер
		2.2 Жануарлар
3	Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер	3.1 Күз
		3.2 Қыс
		3.3 Көктем
		3.4 Жаз

52. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлы болу үшін кодтау тәсілі ендірілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодындағы "1" – сынып, "2.1" – 2-бөлімнің 1-бөлімшесі, "4" – оқыту мақсатының реттік нөмері.

53. Оқыту мақсатының жүйесі. Түзете-дамыту және білім беру жұмысын жүзеге асыру мақсаты заттық сипаттағы білім мен икемділікті қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ оларды шынайы практикада қолдану, сөйлеу тілдік әрекет түрлері мен коммуникативтік дағдыларды, өмірлік құзыреттілікті дамытуға қатысты болады.

1) "Мен және қоғам":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар меңгереді	
	0-сынып	1-сынып

1.1 Мен бала (ұл бала, қыз бала)

0.1.1.1 өзінің тегін, есімін, әкесінің атын, туылған датасын атау

0.1.1.2 жанұядағы басқа мүшелерге қатысты туыскандық байланыс жүйесіндегі өзінің орнын анықтау

0.1.1.3 өз дене мүшелерінің кеңістіктік орналасуында бағдарлау (жоғарыда, төменде, алдында, артында, сол жақ, оң жақ)

0.1.1.4 есту, көру, дәм сезіну, түйсіну мүшелерінің қолданысы туралы айтып беру

0.1.1.5 өзіне қатысты жақын кеңістікте: алдында-артында, алыс-жақын, оң жақта-сол жақта бағдарлау

0.1.1.6 жеке гигиенаның: тіс тазарту, жуыну, тарану, киіну, киім мен аяқ киімді тазарту сияқты қарапайым ережелерін сақтау

0.1.1.7 жанұядағы күн тәртібін орындау

0.1.1.8 дене бөліктері мен заттардың кеңістікте өзіне қатысты орналасуын анықтау үшін сөйлеу тілінде сөздерді (жоғарда, төменде, алдында, артында, дененің оң, сол жағы, адамның беті, оң-сол, алыс-жақын) пайдалану

0.1.1.9 суретті жоспарды, педагогтың сұрақтарын тірек ете отырып, өзінің ұл бала (қыз бала), білім алушы ретіндегі сөздік портретін құру

0.1.1.10 өз денсаулығының ерекшеліктерін білу. Ата-ананы тарту және тіршілікті қамтамасыз ету саласындағы мәселені шешу үшін мұғалімге жанұямен байланысу қажеттілігін түсіндіру талап етілетін жағдайларды ерекшелей білу

1.1.1.1 өзінің тегін, есімін, әкесінің атын, туылған датасын, үйінің мекенжайын атау

1.1.1.2 жанұя мүшелерінің арасындағы туыскандық дәрежесін түсіндіру

1.1.1.3 өз дене мүшелерінің кеңістіктік орналасуында бағдарлау (жоғарыда, төменде, алдында, артында, сол жақ, оң жақ)

1.1.1.4 өзіне қатысты жақын кеңістікте: жоғарыда-төменде, алдында-артында, алыс-жақын, оң жақта-сол жақта бағдарлау

1.1.1.5 қимылды берілген бағытта: алға-артқа, оңға-солға қарай орындау

1.1.1.6 заттарды бір-біріне қатысты белгілі бір кеңістіктік жағдайда: артында, алдында, үстінде, астында, оң жағында, сол жағында, арасында, үстінде, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша орналастыру

1.1.1.7 өз дене бөліктері мен заттардың кеңістікте өзіне қатысты орналасуын, бірнеше заттардың біріне-бірінің қатысты кеңістіктік орналасуын анықтау үшін сөйлеу тілінде сөздерді (жоғарда, төменде, алдында, артында, дененің оң, сол жағы, адамның беті, оң-сол, алыс-жақын , үстінде, астында, артында, астында, алдында, арасында) пайдалану

1.1.1.8 суретті жоспарды, педагогтың сұрақтарын тірек ете отырып, өзінің ұл бала (қыз бала), білім алушы ретіндегі сөздік портретін құру

1.1.1.9 өз денсаулығының ерекшеліктерін білу. Ата-ананы тарту және тіршілікті қамтамасыз ету саласындағы мәселені шешу үшін жанұямен байланысу қажеттілігін мұғалімге түсіндіру талап етілетін жағдайларды ерекшелей білу

1.1.1.10 жеке гигиена ережелерін сақтау, дене тазалығын қадағалау,

		тіс тазарту, тарану, киім мен аяқ киімді тазарту
1.2 Менің жанұям	<p>0.1.2.1 жанұяның ересек мүшелерінің тегін, есімін, әкесінің есімін, өзінің үйдегі міндеттерін және өз жанұясы мүшелерінің міндеттерін атау</p> <p>0.1.2.2 жанұялық мерекелерді атау</p> <p>0.1.2.3 жанұя мүшелерінің арасындағы қамқорлық қатынастың маңыздылығын түсіндіру және мысалдар келтіру</p> <p>0.1.2.4 жанұяда тұрақты міндеттерінің болуы және оларды орындау</p> <p>0.1.2.5 кішкентайларға қамқор болу, үлкендерге көмектесу</p> <p>0.1.2.6 жанұядағы мейірімділікке, қамқорлыққа және көрсетілген көмекке риза бола білу</p> <p>0.1.2.7 жанұялық фотоальбомның материалдарын тірек ете отырып, жанұя мүшелерінің ауызша суреттемесін құрау</p>	<p>1.1.2.1 жанұяның ересек мүшелерінің тегін, есімін, әкесінің есімін, олардың мамандықтарын, өзінің үйдегі міндеттерін және өз жанұясы мүшелерінің міндеттерін атау</p> <p>1.1.2.2 жанұя мүшелерінің арасындағы туысқандық дәрежелерін түсіндіру; жанұя мүшелерінің туылған күндерін атау</p> <p>1.1.2.3 жанұялық мерекелерді дайындауға және өткізуге қатысу</p> <p>1.1.2.4 сыйлықтарды сыйлай және қабылдай білу</p> <p>1.1.2.5 жанұялық фотоальбомды пайдаланып, мұғалімнің сұрақтарын тірек ете отырып, өзінің жанұясы туралы, ата-анасының еңбегі туралы әңгіме құрау</p> <p>1.1.2.6 жанұялық фотоальбомды пайдаланып, мұғалімнің сұрақтарын тірек ете отырып, жанұялық мерекелер мен басқа да оқиғалар туралы әңгіме құрау</p> <p>1.1.2.7 жанұяда тұрақты міндеттерінің болуы және оларды орындау</p>
1.3 Менің үйім	<p>0.1.3.1 үйдегі тәртіп ережелерін сақтау</p> <p>0.1.3.2 өзінің заттарын ұқыптап ұстау, бөлменің тазалығын сақтау және желдету</p> <p>0.1.3.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру</p>	<p>1.1.3.1 асүйлік ыдыстардың қолданысын түсіну, дастархан жая білу</p> <p>1.1.3.2 электртұрмыстық заттардың үй күтіміндегі қолданысын түсіну</p> <p>1.1.3.3 техниканы үй еңбегінде пайдалану</p> <p>1.1.3.4 үйдегі өз міндеттері туралы әңгіме құрау</p> <p>1.1.3.5 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және орындау</p>
		<p>1.1.4.1 мектептің нөмірін, өзінің сыныбын атау. Мектеп орналасқан көшені атау. Сынып жетекшісінің және басқа да сынып мұғалімдерінің есімін, әкесінің есімін, сыныптастары мен мектептегі достарының есімдерін атау; мектеп қызметкерлерінің мамандықтарын (мұғалім,</p>

1.4 Біздің мектеп

<p>0.1.4.1 мектептің нөмірін, өзінің сыныбын атау. Сынып жетекшісінің және басқа да сынып мұғалімдерінің есімін, әкесінің есімін, сыныптастары мен мектептегі достарының есімдерін атау</p> <p>0.1.4.2 мектептегі (сабақтағы, үзіліс кезіндегі, асханадағы, спорт залдағы) тәртіп ережелерін орындау</p> <p>0.1.4.3 өзінің білім алушы, сынып кезекшісі ретіндегі әлеуметтік рөлін түсіну</p> <p>0.1.4.4 мектептік мерекелердің мәнін түсіну, оларға қатысу</p> <p>0.1.4.5 оқу құралдарын олардың қолданысына сәйкес қолдану</p> <p>0.1.4.6 мектепке апаратын сөмкесін сабақ кестесіне қарай өзі жинастыру. Оқу заттарын ұқыпты ұстау, сабақтан кейін орнына қою. Қайшыны пайдалану</p> <p>0.1.4.7 мектептің атқарымдық аймақтарының орнын анықтау</p>	<p>директор, оқу ісінің меңгерушісі, дәрігер, медбике, сыпырушы және тағы басқа) атау. Мектеп қызметкерлерінің еңбектеріне деген құрмет</p> <p>1.1.4.2 мұғалімдердің талаптарын орындау, мектептегі тәртіп ережелерін сақтау</p> <p>1.1.4.3 ересектер мен құрдастарына сыпайыгершілік таныту (амандасу, өтініш білдіру, кешірім сұрау, алғыс білдіру, қоштасу)</p> <p>1.1.4.4 мектеп ғимаратында бағдарлау, мектептегі спорт залын, асхананы, медициналық кабинетті өздігінен таба білу</p> <p>1.1.4.5 мектеп жиһазының заттарын, оқу заттарын атау; олардың қолданысын және пайдалану ережелерін білу. Мектеп құралдарын ұқыптылықпен пайдалану</p> <p>1.1.4.6 сабақ кестесінде бағдарлай білу және мектептегі күнделікті сан алуан істерге араласу, өзіне тапсырылған іске деген жауапкершілікті алу</p> <p>1.1.4.7 сыныптың күнделікті өміріне, мектептік мерекелерді дайындауға және өткізуге қатысу</p> <p>1.1.4.8 өзінің сыныбы туралы, мектеп туралы, мектептегі мерекелер туралы әңгіме құрастыру</p>
<p>0.1.5.1 негізгі және аралық түстерді және олардың реңктерін атау: қызыл, сары, қызғылт сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін, ақ, қоңыр, қара</p> <p>0.1.5.2 заттарды түсі бойынша топтастыруды орындау</p>	<p>1.1.5.1 адамды қоршап тұрған заттарды атау (жиһаз, ыдыстар, көлік, тамақ өнімдері, ойыншықтар, мектептік заттар): қуыршақ, машина, пирамида, кітап, дәптер, альбом, сүт, нан, май, шкаф, үстел, орындықтар, автобус, троллейбус, машина, кәстрөл, тәрелке, қасық</p> <p>1.1.5.2 нақты заттардың (заттық суреттер) 4-6 түрінің жалпылауыш сөздерге: ойыншықтар, оқу заттары, жиһаз, ыдыстар, аяқ киім, киім, бас киімдер, тұрмыстық техникаға қатысын табу</p> <p>1.1.5.3 негізгі түстер мен олардың реңктерін атау және ажырату</p>

<p>1.5 Біздің айналамыздағы заттар</p>	<p>0.1.5.3 заттардың пішінін ажырату және атау. Қоршаған кеңістікте белгілі бір пішіндегі (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша) заттарды табу</p> <p>0.1.5.4 заттарды пішіні бойынша топтастыруды орындау</p> <p>0.1.5.5 үйдегі тұрмыстық заттарды және оқу құралдарын олардың қолданысына сәйкес қолдану;</p> <p>0.1.5.6 ережелерді сақтай отырып, шапшаң қимылды және үстел үстілік ойындарды ойнау</p>	<p>1.1.5.4 пішін эталондарын атау (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақша)</p> <p>1.1.5.5 жақын қоршаған ортадан белгілі бір пішіндегі (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақша) заттарды табу</p> <p>1.1.5.6 адамды қоршаған заттардың қолданысын түсіну</p> <p>1.1.5.7 сөйлеу тілінде сәйкес сөздерді (дөңгелек, шаршы, сопақша және тағы басқа, оң жақ, сол жақ, артында, алдында, оң жағында, сол жағында, арасында, үстінде) пайдалана отырып, заттардың пішінін және олардың өзара орналасуын атау</p> <p>1.1.5.8 заттарды (олардың бейнелерін) пішіні, түсі, көлемі, қолданысы бойынша топтастыру. Жалпылауыш сөздерді пайдалану</p> <p>1.1.5.9 ережелерді сақтау талап етілетін ойындарды (лото, домино және тағы басқа) ойнау</p>
<p>1.6 Біздің қала (ауыл), біздің ел</p>	<p>0.1.6.1 өзінің қаласын, ауылын, мемлекеттің астанасын, республиканы, Президенттің есімін атау. Өз елінің елтаңбасы мен туын тану</p> <p>0.1.6.2 саябақ, шағын бақ және басқа да демалыс орындарының қолданысын білу. Қоғамдық орындарда қабылданған тәртіп нормаларын орындау</p> <p>0.1.6.3 әр түрлі әлеуметтік жағдайларға сәйкес бейтаныс адамдарға қатысты тәртіп ережелерін білу</p>	<p>1.1.6.1 өзінің қаласын, ауылын, мемлекеттің астанасын, республиканы, Президенттің есімін атау. Өз елінің елтаңбасы мен туын тану</p> <p>1.1.6.2 өз қаласының басты көшелері мен көрікті жерлерін атау. Мектепке жақын орналасқан қоғамдық ғимараттарды (дүкен, пошта, дәріхана, емхана, кинотеатр, кітапхана) атау және олардың қолданысын білу. Бұл мекемелерде жұмыс істейтін адамдардың мамандықтарын атау</p> <p>1.1.6.3. саябақ, шағын бақ және басқа да демалыс орындарының қолданысын білу. Қоғамдық орындарда қабылданған тәртіп нормаларын орындау</p> <p>1.1.6.4 әр түрлі әлеуметтік жағдайларға сәйкес бейтаныс адамдарға қатысты тәртіп ережелерін білу</p> <p>1.1.6.5 жаяужол, жүретін жол, жол жиегі, жол қиылысы, бағдаршамның қолданысын түсіну</p> <p>1.1.6.6 көшеден өту ережелерін, бағдаршам белгілерінің мәнін,</p>

	<p>0.1.6.4 көшеден өту ережелерін, бағдаршам белгілерінің мәнін, жол белгілерінің ("Жаяу өтпе жол", "Жерасты өтпе жол") мәнін айту</p> <p>0.1.6.5 жол қозғалысы ережелерін дидактикалық ойындар мен шынайы жағдайда сақтау</p> <p>0.1.6.6 жаяужол, жүретін жол, жол жиегі, жол қиылысы, бағдаршамның қолданысын түсіну</p>	<p>жол белгілерінің ("Жаяу өтпе жол", "Жерасты өтпе жол") мәнін айту</p> <p>1.1.6.7 қоғамдық орындардағы (дүкен, театр, қоғамдық көлікте) тәртіп ережелерін айту</p> <p>1.1.6.8 жол қозғалысы ережелерін дидактикалық ойындар мен шынайы жағдайда сақтау</p> <p>1.1.6.9 жолаушылар көлігіндегі (автобус, троллейбус, трамвай, такси және тағы басқа) тәртіп ережелерін сақтау</p> <p>1.1.6.10 демалыс орындарындағы тәртіп ережелерін сақтау. Табиғатқа және айналасындағы заттарға қамқорлықпен қарау (ластамау және тағы басқа)</p> <p>1.1.6.11 педагогтың сұрақтары бойынша, фотосуреттер мен суреттер топтамасы бойынша өз қаласы, ауылы және өз елі туралы әңгіме құрау</p> <p>1.1.6.12 өзінің сезімін, бас тартуын, ренішін, ризашылығын, өтінішін әдептілікпен білдіре білу</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2) "Тірі табиғат":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар меңгереді	
	0-сынып	1-сынып
	<p>0.2.1.1 бакша өсімдіктерінің (көкөністер) 2-3 түрін, бақ өсімдіктерінің (жемістер мен жидектер) 2-3 түрін тану және атау. Көкөністерді, жемістерді,</p>	<p>1.2.1.1 көкөністердің, жемістер мен жидектердің 3-4 түрін тану және атау. Көкөністерді, жемістерді, жидектерді пішініне, көлеміне, түсі мен дәміне қарай салыстыру</p> <p>1.2.1.2 ағаштардың үш-төрт түрін, бұталардың бір-екі түрін және негізгі ерекшелік белгілері бойынша жақын маңдағы гүлдердің екі-үш түрін атау</p> <p>1.2.1.3 өсімдік бөліктерін: тамыр, сабақ, дің, бұтақ, жапырақ, гүл, жемістерді атау</p> <p>1.2.1.4 бөлме өсімдіктерінің 3-4 түрін тану және атау</p> <p>1.2.1.5 өсімдіктердің күтімін (гүлдерді, ағаштарды суғару, жапырақтарды сүрту) білу</p> <p>1.2.1.6 өсімдік бөліктерінің атауларын (сабақ, дің, бұтақ,</p>

2.1 Өсімдіктер

<p>жидектерді пішініне, көлеміне, түсі мен дәміне қарай салыстыру</p> <p>0.2.1.2 ағаштардың 2-3 түрін, бұталардың 1-2 түрін, негізгі ерекшелік белгілері (жапырақтары, гүлдері және жемістерінің көлемі мен қабығы) бойынша гүлдік өсімдіктердің 2-3 түрін тану және атау</p> <p>0.2.1.3 туған өлкенің табиғатын сақтау</p> <p>0.2.1.4 өсімдік бөліктерінің атауларын (сабақ, дің, бұтақ, жапырақ, гүл, күлте) пайдалана отырып, ағаштардың, бұталардың, гүлдік өсімдіктердің сыртқы белгілері туралы әңгіме құрастыру</p>	<p>жапырақ, гүл, күлте) пайдалана отырып, ағаштардың, бұталардың, гүлдік өсімдіктердің сыртқы белгілері туралы әңгіме сипаттама құрастыру</p> <p>1.2.1.7 шынайы нысанды, нақпіншіді, суретті тірек ете отырып, жемістердің (көкөністердің) сыртқы белгілері туралы айтылымдарды құрастыру</p> <p>1.2.1.8 суреттік жоспар немесе пиктограмма бойынша жемістің (көкөністің) сөздік сипаттамасын құрастыру</p> <p>1.2.1.9 өсімдіктің өсуі үшін қандай жағдайлардың (топырақ, су, күн көзі, жылу) қажет екенін түсіну</p> <p>1.2.1.10 бақ, бақша, бөлме өсімдіктерін ажырату</p> <p>1.2.1.11 ағаштардың жапырақтарын теру және кептіру, табиғи материал жинау. Жапырақтарды белгілі бір ағаш түріне жататындығына қарай, пішіні, көлемі бойынша топтастыру</p> <p>1.2.1.12 ағаштардың, бұталардың, гүлдік өсімдіктердің кептірілген жапырақтарын пайдалана отырып, суреттер мен жапсырмақұрақтарды орындау</p> <p>1.2.1.13 үлгі бойынша ағаштар мен бұталардың ұсақ жапырақтарынан немесе гүл күлтелерінен өрнек құрастыру</p>
<p>0.2.2.1 жергілікті жерде кең тараған жануарлар мен олардың төлдерінің үш-төрт түрін тану және атау</p> <p>0.2.2.2 жануарлардың дене бөліктерін (бас, дене, аяқ, тұяқ, жал, құйрық) тану және атау</p>	<p>1.2.2.1 жергілікті жерде кең тараған құстар мен олардың балапандарының үш-төрт түрін тану және атау</p> <p>1.2.2.2 үй құстарының үш-төрт түрін тану және атау</p> <p>1.2.2.3 жергілікті жерде кең тараған үй жануарлары мен олардың төлдерінің үш-төрт түрін тану және атау. Құстардың сыртқы ерекшеліктері туралы әңгімелеп беру</p> <p>1.2.2.4 құстардың дене бөліктерін (бас, дене, аяғы, қанаты, тұмсығы, қауырсыны); жануарлардың дене бөліктерін (бас, дене, аяқ, тұяқ, жал, құйрық) тану және атау</p>

2.2 Жануарлар	<p>0.2.2.3 жабайы және үй жануарларын ажырату</p> <p>0.2.2.4 жергілікті жерде мекендеген құстарды тану. Құстар мен олардың балапандарының екі-үш түрінің атауын білу</p> <p>0.2.2.5 құстардың дене бөліктерін (бас, дене, аяғы, қанаты, тұмсығы, қауырсыны); құстардың сыртқы ерекше белгілерін атау</p> <p>0.2.2.6 қыста құстарға жем шашу</p>	<p>1.2.2.5 балықтардың 2-3 түрін тану және атау, олардың дене құрылысының ерекшеліктері туралы айту</p> <p>1.2.2.6 жәндіктердің 2-3 түрін тану және атау, олардың дене мүшелерін атау</p> <p>1.2.2.7 жабайы және үй жануарлары мен құстарды ажырату</p> <p>1.2.2.8 кез-келген құстың әңгіме сипаттамасын құру. Құстың пайдасы туралы, үй жануарларының пайдасы туралы әңгімелеу</p> <p>1.2.2.9 кез-келген жануардың әңгіме сипаттамасын құру; адамның жануарлар мен құстарды қалай күтетіні туралы әңгімелеу; балықтың мекендейтін ортасы туралы әңгімелеу</p>
---------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3) "Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	Білім алушылар меңгереді	
	0-сынып	1-сынып
3.1 Күз	<p>0.3.1.1 күз белгілерін бақылау және атау</p> <p>0.3.1.2 күз айларын атау, олардың дәйектілігін білу</p> <p>0.3.1.3 күзге арналған киімді таңдау</p> <p>0.3.1.4 күзгі табиғаттағы бақылаулар туралы әңгіме құрастыру</p>	<p>1.3.1.1 күз белгілерін атау. Күз айларының атауларын, олардың дәйектілігін білу. Күз айларын күнтізбелік табельден табу</p> <p>1.3.1.2 экскурсия уақытында күзге тән белгілерді бақылау</p> <p>1.3.1.3 ауа райы түзімінде күздің негізгі белгілерін шартты белгілердің көмегімен белгілеу</p> <p>1.3.1.4 күздегі өсімдіктер өміріндегі өзгерістер туралы білімді жалпылау</p> <p>1.3.1.5 мұғалімнің сұрақтары бойынша, сурет бойынша "Алтын күз", "Қара күз" тақырыптарына әңгіме құрау;</p> <p>1.3.1.6 күз туралы тақпақтарды айту, жұмбақтарды шешу</p> <p>1.3.1.7 табиғаттағы күздік өзгерістердің себептерін түсіндіру</p>
		<p>1.3.2.1 қыс белгілерін атау. Қыс айларының атауларын, олардың дәйектілігін білу. Қыс айларын күнтізбелік табельден табу</p>

3.2 Қыс	<p>0.3.2.1 қыс белгілерін бақылау және атау</p> <p>0.3.2.2 қыс айларын атау, олардың дәйектілігін білу;</p> <p>0.3.2.3 қысқа арналған киімді таңдау және атау</p> <p>0.3.2.4 қысқы табиғаттағы бақылаулар туралы әңгіме құрастыру</p> <p>0.3.2.5 балалардың қыстағы қызықтары туралы айтып беру</p> <p>0.3.2.6 қысқы мерекелерді атау</p>	<p>1.3.2.2 қысқы мерекелерді (Жаңа жыл) атау. Жаңа жылдық мерекенің мәнін білу</p> <p>1.3.2.3 жаңа жылдық ойыншықтарды жасау, шыршаны безендіру, жақындары мен туыстарына ашық хаттар мен сыйлықтар дайындау</p> <p>1.3.2.4 "Жаңа жыл" жағдаяттық сурет бойынша әңгіме құрастыру</p> <p>1.3.2.5 "Мен Жаңа жылды қалай қарсы аламын (алдым)" тақырыбына айтылымдар құрастыру</p> <p>1.3.2.6 қыс, Жаңа жыл туралы тақпақтарды айту</p> <p>1.3.2.7 балалардың қыстағы қызықтары туралы айтып беру</p> <p>1.3.2.8 қысқы демалысты қалай өткізу туралы жоспар құру</p>
3.3 Көктем	<p>0.3.3.1 көктем белгілерін бақылау және атау</p> <p>0.3.3.2 көктем айларын атау, олардың дәйектілігін білу</p> <p>0.3.3.3 көктемге арналған киімді таңдау;</p> <p>0.3.3.4 көктемгі табиғаттағы бақылаулар туралы әңгіме құрастыру</p> <p>0.3.3.5 көктемгі мерекелерді (8-наурыз, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі, Отанды қорғаушылар күні, Жеңіс күні) атау</p>	<p>1.3.3.1 көктем белгілерін атау. Көктем айларының атауларын, олардың дәйектілігін білу. Көктем айларын күнтізбелік табельден табу</p> <p>1.3.3.2 көктемгі мерекелерді (8-наурыз, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі, Отанды қорғаушылар күні, Жеңіс күні) атау</p> <p>1.3.3.3 адамның табиғаттағы көктемгі жұмыстары туралы әңгімелеу</p> <p>1.3.3.4 мұғалімнің сұрақтары бойынша, суреттік жоспар бойынша, жағдаяттық сурет бойынша "Көктем келді", "Анамның мерекесі", "Наурыз мейрамы", "Қазақстан халқының бірлігі", "Отанды қорғаушылар күні", "Жеңіс күні" тақырыптарына әңгіме құрастыру</p> <p>1.3.3.5 қолынан келетін көктемгі егістік жұмыстарын (жерді қазу, тұқым себу, өсімдікті суғару) орындау</p> <p>1.3.3.6 көшеттерді отырғызу тәртібі туралы әңгімелеу</p>
		<p>1.3.4.1 жаз белгілерін атау. Жаз айларының атауларын, олардың дәйектілігін білу. Жаз айларын күнтізбелік табельден табу</p>

3.4 Жаз	<p>0.3.4.1 жаз белгілерін бақылау</p> <p>0.3.4.2 жаз айларын атау, олардың дәйектілігін білу;</p> <p>0.3.4.3 жазға арналған киімді таңдау</p> <p>0.3.4.4 балалардың жаздағы ойындары мен қызықтары туралы айтып беру.</p>	<p>1.3.4.2 адамдардың бақтағы, бақшадағы, егістіктегі, мектеп жанындағы үлескедегі жаздық жұмыстары туралы айтып беру</p> <p>1.3.4.3 бақтағы, бақшадағы өсімдіктерді өсіруде ересек адамдарға көмектесу: бақ пен бақша өсімдіктерін суғару, арам шөптерден тазарту</p> <p>1.3.4.4 "Жаз"; "Мен жазды қалай өткіземін"; "Көңілді демалыс" тақырыптарына әңгіме құрастыру. Жаз туралы тақпақтарды айту, жұмбақтарды шешу</p>
---------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

54. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 0-сынып:

5-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан	1.1 Мен бала (ұл бала, қыз бала)	<p>0.1.1.1 өзінің тегін, есімін, әкесінің атын, туылған датасын атау</p> <p>0.1.1.2 жанұядағы басқа мүшелерге қатысты туысқандық байланыс жүйесіндегі өзінің орнын анықтау</p> <p>0.1.1.3 өз дене мүшелерінің кеңістіктік орналасуында бағдарлау (жоғарыда, төменде, алдында, артында, сол жақ, оң жақ)</p> <p>0.1.1.4 есту, көру, дәм сезіну, түйсіну мүшелерінің қолданысы туралы айтып беру</p> <p>0.1.1.5 өзіне қатысты жақын кеңістікте: алдында-артында, алыс-жақын, оң жақта-сол жақта бағдарлау</p> <p>0.1.1.6 жеке гигиенаның: тіс тазарту, жуыну, тарану, киіну, киім мен аяқ киімді тазарту сияқты қарапайым ережелерін сақтау</p>

1. Өзім туралы 2. Менің мектебім	1.5 Біздің айналамыздағы заттар	0.1.5.1 негізгі және аралық түстерді және олардың реңктерін атау: қызыл, сары, қызғылт сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін, ақ, қоңыр, қара
		0.1.5.2 заттарды түсі бойынша топтастыруды орындау
		0.1.5.3 заттардың пішінін ажырату және атау. Қоршаған кеңістікте белгілі бір пішіндегі (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша) заттарды табу
		0.1.5.4 заттарды пішіні бойынша топтастыруды орындау
	1.3 Менің үйім	0.1.3.1 үйдегі тәртіп ережелерін сақтау
		0.1.3.2 өзінің заттарын ұқыптап ұстау, бөлменің тазалығын сақтау және желдету
		0.1.3.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру
	1.5 Біздің айналамыздағы заттар	0.1.5.5 үйдегі тұрмыстық заттарды және оқу құралдарын олардың қолданысына сәйкес қолдану
		0.1.5.6 ережелерді сақтай отырып, шапшаң қимылды және үстел үстілік ойындарды ойнау
	3.1 Күз	0.3.1.1 күз белгілерін бақылау және атау
0.3.1.2 күз айларын атау, олардың дәйектілігін білу		
0.3.1.3 күзге арналған киімді таңдау және атау		
0.3.1.4 күзгі табиғаттағы бақылаулар туралы әңгіме құрастыру		
2-тоқсан		
		0.1.2.1 жанұядағы ересек адамдардың тегін, есімін, әкесінің есімін, өзінің

	1.2 Менің жанұям	<p>үйдегі міндеттерін және өз жанұясы мүшелерінің міндеттерін атау</p> <p>0.1.2.3 жанұя мүшелерінің арасындағы қамқорлық қатынастың маңыздылығын түсіндіру және мысалдар келтіру</p> <p>0.1.2.4 жанұяда тұрақты міндеттерінің болуы және оларды орындау</p> <p>0.1.2.5 кішкентайларға қамқор болу, үлкендерге көмектесу</p> <p>0.1.2.6 жанұядағы мейірімділікке, қамқорлыққа және көрсетілген көмекке риза бола білу</p>
3. Менің отбасым және достарым	1.4 Біздің мектеп	<p>0.1.4.1 мектептің нөмірін, өзінің сыныбын атау. Сынып жетекшісінің және басқа да сынып мұғалімдерінің есімін, әкесінің есімін, сыныптастары мен мектептегі достарының есімдерін атау</p> <p>0.1.4.2 мектептегі (сабақтағы, үзіліс кезіндегі, асханадағы, спорт залдағы) тәртіп ережелерін орындау</p> <p>0.1.4.3 өзінің білім алушы , сынып кезекшісі ретіндегі әлеуметтік рөлін түсіну</p> <p>0.1.4.4 мектептік мерекелердің мәнін түсіну, оларға қатысу</p> <p>0.1.4.5 оқу құралдарын олардың қолданысына сәйкес қолдану</p> <p>0.1.4.6 мектепке апаратын сөмкесін сабақ кестесіне қарай өзі жинастыру. Оқу заттарын ұқыпты ұстау, сабақтан кейін орнына қою. Қайшыны пайдалану</p>

		0.1.4.7 мектептің атқарымдық аймақтарының орнын анықтау	
4.Бізді қоршаған әлем	1.6 Біздің қала (ауыл), біздің ел	0.1.6.1 өзінің қаласын, ауылын, мемлекеттің астанасын, республиканы, Президенттің есімін атау. Өз елінің елтаңбасы мен туын тану	
	2.1 Өсімдіктер	0.2.1.3 туған өлкенің табиғатын сақтау	
	2.2 Жануарлар	0.2.2.1 жергілікті жерде кең тараған жануарлар мен олардың төлдерінің үш-төрт түрін тану және атау	
		0.2.2.3 жабайы және үй жануарларын ажырату	
	3.2 Қыс	0.3.2.1 қыс белгілерін бақылау және атау	
		0.3.2.2 қыс айларын атау, олардың дәйектілігін білу	
		0.3.2.3 қысқа арналған киімді таңдау және атау	
		0.3.2.6 қысқы мерекелерді атау	
	3-тоқсан		
	1.2 Менің жанұям		0.1.2.7 жанұялық фотоальбомның материалдарын тірек ете отырып, жанұя мүшелерінің ауызша суреттемесін құрау
1.6 Біздің қала (ауыл) біздің ел		0.1.6.2 саябақ, шағын бақ және басқа да демалыс орындарының қолданысын білу. Қоғамдық орындарда қабылданған тәртіп нормаларын орындау	
		0.1.6.3 әр түрлі әлеуметтік жағдайларға сәйкес бейтаныс адамдарға қатысты тәртіп ережелерін білу	
	0.2.1.1 бақша өсімдіктерінің (көкөністер) 2-3 түрін, бақ өсімдіктерінің (жемістер		

5. Саяхат	2.1 Өсімдіктер	мен жидектер) 2-3 түрін тану және атау. Көкөністерді, жемістерді, жидектерді пішініне, көлеміне, түсі мен дәміне қарай салыстыру
		0.2.1.2 ағаштардың 2-3 түрін, бұталардың 1-2 түрін, негізгі ерекшелік белгілері (жапырақтары, гүлдері және жемістерінің көлемі мен қабығы) бойынша гүлдік өсімдіктердің 2-3 түрін тану және атау
		0.2.1.4 өсімдік бөліктерінің атауларын (сабақ, дің, бұтақ, жапырақ, гүл, күлте) пайдалана отырып, ағаштардың, бұталардың, гүлдік өсімдіктердің сыртқы белгілері туралы әңгіме құрастыру
	2.2 Жануарлар	0.2.2.2 жануарлардың дене бөліктерін (бас, дене, аяқ, тұяқ, жал, құйрық) тану және атау
		0.2.2.4 жергілікті жерде мекендеген құстарды тану. Құстар мен о л а р д ы ң балапандарының екі-үш түрінің атауын білу
		0.2.2.5 құстардың дене бөліктерін (бас, дене, аяғы, қанаты, тұмсығы, қауырсыны); құстардың сыртқы ерекше белгілерін атау
		0.2.2.6 қыста құстарға жем шашу
	1.2 Менің жанұям	0.1.2.2 жанұялық мерекелерді атау
		0.1.2.3 жанұя мүшелерінің арасындағы қамқорлық қатынастың маңыздылығын түсіндіру және мысалдар келтіру

6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті		0.1.2.4 жанұяда тұрақты міндеттерінің болуы және оларды орындау
	1.6 Біздің қала (ауыл), біздің ел	0.1.6.4 көшеден өту ережелерін, бағдаршам белгілерінің мәнін, жол белгілерінің ("Жаяу өтпе жол", "Жерасты өтпе жол") мәнін айту
		0.1.6.5 жол қозғалысы ережелерін дидактикалық ойындар мен шынайы жағдайда сақтау
		0.1.6.6 жаяужол, жүретін жол, жол жиегі, жол қиылысы, бағдаршамның қолданысын түсіну
	3.2 Қыс	0.3.2.4 қысқы табиғаттағы бақылаулар туралы әңгіме құрастыру
		0.3.2.5 балалардың қыстағы қызықтары туралы айтып беру
	3.3 Көктем	0.3.3.1 көктем белгілерін бақылау және атау
		0.3.3.2 көктем айларын атау, олардың дәйектілігін білу
		0.3.3.3 көктемге арналған киімді таңдау
		0.3.3.4 көктемгі табиғаттағы бақылаулар туралы әңгіме
0.3.3.5 көктемгі мерекелерді (8-наурыз, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі, Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні) атау		
4-тоқсан		
		0.1.1.7 жанұядағы күн тәртібін орындау
		0.1.1.8 дене бөліктері мен заттардың кеңістікте өзіне қатысты орналасуын анықтау үшін сөйлеу тілінде сөздерді (жоғарда, төменде, алдында,

7. Тағам және сусын	1.1 Мен бала (ұл бала, қыз бала)	<p>артында, дененің оң, сол жағы, адамның беті, оң-сол, алыс-жақын) пайдалану</p> <p>0.1.1.9 суретті жоспарды, педагогтың сұрақтарын тірек ете отырып, өзінің ұл бала (қыз бала), білім алушы ретіндегі сөздік портретін құру</p> <p>0.1.1.10 өз денсаулығының ерекшеліктерін білу. Ата-ананы тарту және тіршілікті қамтамасыз ету саласындағы мәселені шешу үшін мұғалімге жанұямен байланысу қажеттілігін түсіндіру талап етілетін жағдайларды ерекшелей білу</p>
8. Дені саудың – жаны сау	3.4 Жаз	<p>0.3.4.1 жаз белгілерін бақылау</p> <p>0.3.4.2 жаз айларын атау, олардың дәйектілігін білу</p> <p>0.3.4.3 жазға арналған киімді таңдау</p> <p>0.3.4.4 балалардың жаздағы ойындары мен қызықтары туралы айтып беру</p>

2) 1-сынып:

6-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		<p>1.1.1.1 өзінің тегін, есімін, әкесінің атын, туылған датасын, үйінің мекенжайын атау</p> <p>1.1.1.2 жанұя мүшелерінің арасындағы туыскандық дәрежесін түсіндіру</p> <p>1.1.1.3 өз дене мүшелерінің кеңістіктік орналасуында бағдарлау (жоғарыда, төменде, алдында, артында, сол жақ, оң жақ)</p> <p>1.1.1.4 өзіне қатысты жақын кеңістікте: жоғарыда-төменде,</p>

1. Өзім туралы 2. Менің мектебім	1.1 Мен бала (ұл бала, қыз бала)	алдында-артында, алыс-жақын, оң жақта-сол жақта бағдарлау
		1.1.1.5 қимылды берілген бағытта: алға-артқа, оңға-солға қарай орындау
		1.1.1.6 заттарды бір-біріне қатысты белгілі бір кеңістіктік жағдайда: артында, алдында, үстінде, астында, оң жағында, сол жағында, арасында, үстінде, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша орналастыру
		1.1.1.7 өз дене бөліктері мен заттардың кеңістікте өзіне қатысты орналасуын, бірнеше заттардың біріне-бірінің қатысты кеңістіктік орналасуын анықтау үшін сөйлеу тілінде сөздерді (жоғарда, төменде, алдында, артында, дененің оң, сол жағы, адамның беті, оң-сол, алыс-жақын , үстінде, астында, артында, астында, алдында, арасында) пайдалану
		1.1.1.8 суретті жоспарды, педагогтың сұрақтарын тірек ете отырып, өзінің ұл бала (қыз бала), білім алушы ретіндегі сөздік портретін құру
		1.1.1.9 өз денсаулығының ерекшеліктерін білу. Ата-ананы тарту және тіршілікті қамтамасыз ету саласындағы мәселені шешу үшін жанұямен байланысу қажеттілігін мұғалімге түсіндіру талап етілетін жағдайларды ерекшелей білу
		1.1.1.10 жеке гигиена ережелерін сақтау, дене тазалығын қадағалау, тіс тазарту, тарану, киім мен аяқ киімді тазарту
		1.1.3.1 асүйлік ыдыстардың қолданысын түсіну, дастархан жая білу
		1.1.3.2 электртұрмыстық заттардың үй күтіміндегі қолданысын түсіну
		1.1.3.3 техниканы үй еңбегінде пайдалану
1.1.3.4 үйдегі өз міндеттері туралы әңгіме құрау		
	1.3 Менің үйім	

	3.1 Күз	<p>1.1.3.5 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және орындау</p> <p>1.3.1.1 күз белгілерін атау. Күз айларының атауларын, олардың дәйектілігін білу. Күз айларын күнтізбеден табу</p> <p>1.3.1.2 экскурсия уақытында күзге тән белгілерді бақылау</p> <p>1.3.1.3 ауа райы түзімінде күздің негізгі белгілерін шартты белгілердің көмегімен белгілеу</p> <p>1.3.1.4 күздегі өсімдіктер өміріндегі өзгерістер туралы білімді жалпылау</p> <p>1.3.1.5 мұғалімнің сұрақтары бойынша, сурет бойынша "Алтын күз", "Қара күз" тақырыптарына әңгіме құрау</p> <p>1.3.1.6 күз туралы тақпақтарды айту, жұмбақтарды шешу</p> <p>1.3.1.7 табиғаттағы күздік өзгерістердің себептерін түсіндіру</p>
2-тоқсан		
	1.4 Біздің мектеп	<p>1.1.4.1 мектептің нөмірін, өзінің сыныбын атау. Мектеп орналасқан көшені атау. Сынып жетекшісінің және басқа да сынып мұғалімдерінің есімін, әкесінің есімін, сыныптастары мен мектептегі достарының есімдерін атау; мектеп қызметкерлерінің мамандықтарын (мұғалім, директор, оқу ісінің меңгерушісі, дәрігер, медбике, сыпырушы және тағы басқа) атау</p> <p>1.1.4.2 мұғалімдердің талаптарын орындау, мектептегі тәртіп ережелерін сақтау</p> <p>1.1.4.3 ересектер мен құрдастарына сыпайыгершілік таныту (амандасу, өтініш білдіру, кешірім сұрау, алғыс білдіру, қоштасу)</p> <p>1.1.4.4 мектеп ғимаратында бағдарлау, мектептегі спорт залын, асхананы, медициналық кабинетті өздігінен таба білу</p> <p>1.1.4.5 мектеп жиһазының заттарын, оқу заттарын атау;</p>

3. Менің отбасым және достарым		<p>олардың қолданысын және пайдалану ережелерін білу. Мектеп құралдарын ұқыптылықпен пайдалану</p> <p>1.1.4.6 сабақ кестесінде бағдарлай білу және мектептегі күнделікті сан алуан істерге араласу, өзіне тапсырылған іске деген жауапкершілікті алу</p> <p>1.1.4.7 сыныптың күнделікті өміріне, мектептік мерекелерді дайындауға және өткізуге қатысу;</p> <p>1.1.4.8 өзінің сыныбы туралы, мектеп туралы, мектептегі мерекелер туралы әңгіме құрастыру</p>
	1.2 Менің жанұям	<p>1.1.2.1 жанұядағы ересек адамдардың тегін, есімін, әкесінің есімін, олардың мамандықтарын, өзінің үйдегі міндеттерін және өз жанұясы мүшелерінің міндеттерін атау</p> <p>1.1.2.2 жанұя мүшелерінің арасындағы туысқандық дәрежелерін түсіндіру; жанұя мүшелерінің туылған күндерін атау</p> <p>1.1.2.3 жанұялық мерекелерді дайындауға және өткізуге қатысу</p> <p>1.1.2.4 сыйлықтарды сыйлай және қабылдай білу</p> <p>1.1.2.5 жанұялық фотоальбомды пайдаланып, мұғалімнің сұрақтарын тірек ете отырып, өзінің жанұясы туралы, ата-анасының еңбегі туралы әңгіме құрау</p> <p>1.1.2.6 жанұялық фотоальбомды пайдаланып, мұғалімнің сұрақтарын тірек ете отырып, жанұялық мерекелер мен басқа да оқиғалар туралы әңгіме құрау</p>
		<p>1.1.5.1 адамды қоршап тұрған заттарды атау (жиһаз, ыдыстар, көлік, тамақ өнімдері, ойыншықтар, мектептік заттар): қуыршақ, машина, пирамида, кітап, дәптер, альбом, сүт, нан, май, шкаф, үстел, орындықтар, автобус, троллейбус, машина, кәстрөл, тәрелке, қасық</p>

	1.5 Біздің айналамыздағы заттар	<p>1.1.5.2 нақты заттардың (заттық суреттер) 4-6 түрінің жалпылауыш сөздерге: ойыншықтар, оқу заттары, жиһаз, ыдыстар, аяқ киім, киім, бас киімдер, тұрмыстық техникаға қатысын табу</p> <p>1.1.5.3 негізгі түстер мен олардың реңктерін атау және ажырату</p> <p>1.1.5.4 пішін эталондарын атау (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақша)</p> <p>1.1.5.5 жақын қоршаған ортадан белгілі бір пішіндегі (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақша) заттарды табу</p> <p>1.1.5.6 адамды қоршаған заттардың қолданысын түсіну</p> <p>1.1.5.7 сөйлеу тілінде сәйкес сөздерді (дөңгелек, шаршы, сопақша және тағы басқа, оң жақ, сол жақ, артында, алдында, оң жағында, сол жағында, арасында, үстінде) пайдалана отырып, заттардың пішінін және олардың өзара орналасуын атау</p> <p>1.1.5.8 заттарды (олардың бейнелерін) пішіні, түсі, көлемі, қолданысы бойынша топтастыру. Жалпылауыш сөздерді пайдалану</p> <p>1.1.5.9 ережелерді сақтау талап етілетін ойындарды (лото, домино және тағы басқа) ойнау</p>
4. Бізді қоршаған әлем	1.6 Біздің қала (ауыл), біздің ел	<p>1.1.6.1 өзінің қаласын, ауылын, мемлекеттің астанасын, республиканы, Президенттің есімін атау. Өз елінің елтаңбасы мен туын тану</p> <p>1.1.6.2 өз қаласының басты көшелері мен көрікті жерлерін атау. Мектепке жақын орналасқан қоғамдық ғимараттарды (дүкен, пошта, дәріхана, емхана, кинотеатр, кітапхана) атау және олардың қолданысын білу. Бұл мекемелерде жұмыс істейтін адамдардың мамандықтарын атау</p> <p>1.1.6.3. саябақ, шағын бақ және басқа да демалыс орындарының қолданысын білу. Қоғамдық орындарда қабылданған тәртіп нормаларын орындау</p>

	2.2 Жануарлар	<p>1.2.2.1 жергілікті жерде кең тараған құстар мен олардың балапандарының үш-төрт түрін тану және атау</p> <p>1.2.2.2 үй құстарының үш-төрт түрін тану және атау</p> <p>1.2.2.3 жергілікті жерде кең тараған үй жануарлары мен олардың төлдерінің үш-төрт түрін тану және атау. Құстардың сыртқы ерекшеліктері туралы әңгімелеп беру</p> <p>1.2.2.4 құстардың дене бөліктерін (бас, дене, аяғы, қанаты, тұмсығы, қауырсыны); жануарлардың дене бөліктерін (бас, дене, аяқ, тұяқ, жал, құйрық) тану және атау</p>
	3.2 Қыс	<p>1.3.2.1 қыс белгілерін атау. Қыс айларының атауларын, олардың дәйектілігін білу. Қыс айларын тізбелік табельден табу</p> <p>1.3.2.2 қысқы мерекелерді (Жаңа жыл) атау. Жаңа жылдық мерекенің мәнін білу</p> <p>1.3.2.3 жаңа жылдық ойыншықтарды жасау, шыршаны безендіру, жақындары мен туыстарына ашық хаттар мен сыйлықтар дайындау</p> <p>1.3.2.4 "Жаңа жыл" жағдаяттық сурет бойынша әңгіме құрастыру</p> <p>1.3.2.5 "Мен Жаңа жылды қалай қарсы аламын (алдым)" тақырыбына айтылымдар құрастыру</p> <p>1.3.2.6 қыс, Жаңа жыл туралы тақпақтарды айту</p> <p>1.3.2.7 балалардың қыстағы қызықтары туралы айтып беру</p> <p>1.3.2.8 қысқы демалысты қалай өткізу туралы жоспар құру</p>
3-тоқсан		
	1.2 Менің жанұям	1.1.2.6 жанұялық фотоальбомды пайдаланып, мұғалімнің сұрақтарын тірек ете отырып, жанұялық мерекелер мен басқа да оқиғалар туралы әңгіме құрау
		1.1.6.4 бейтаныс адамдармен әр түрлі әлеуметтік жағдайлардағы тәртіп ережелерін білу

5. Саяхат	1.6 Біздің қала (ауыл), біздің ел	1.1.6.5 жаяужол, жүретін жол, жол жиегі, жол қиылысы, бағдаршамның қолданысын түсіну
		1.1.6.6 көшеден өту ережелерін, бағдаршам белгілерінің мәнін, жол белгілерінің ("Жаяу өтпе жол", "Жерасты өтпе жол") мәнін айту
		1.1.6.7 қоғамдық орындардағы (дүкен, театр, қоғамдық көлікте) тәртіп ережелерін айту
		1.1.6.8 жол қозғалысы ережелерін дидактикалық ойындар мен шынайы жағдайда сақтау
		1.1.6.9 жолаушылар көлігіндегі (автобус, троллейбус, трамвай, такси және тағы басқа) тәртіп ережелерін сақтау
		1.1.6.10 демалыс орындарындағы тәртіп ережелерін сақтау. Табиғатқа және айналасындағы заттарға қамқорлықпен қарау (ластамау және тағы басқа)
	2.1 Өсімдіктер	1.2.1.1 көкөністердің, жемістер мен жидектердің 3-4 түрін тану және атау. Көкөністерді, жемістерді, жидектерді пішініне, көлеміне, түсі мен дәміне қарай салыстыру
		1.2.1.2 ағаштардың үш-төрт түрін, бұталардың бір-екі түрін және негізгі ерекшелік белгілері бойынша жақын маңдағы гүлдердің екі-үш түрін атау
		1.2.1.3 өсімдік бөліктері: тамыр, сабақ, дің, бұтақ, жапырақ, гүл, жемістерді атау
		1.2.1.4 бөлме өсімдіктерінің 3-4 түрін тану және атау
1.2.1.5 өсімдіктердің күтімін (гүлдерді, ағаштарды суғару, жапырақтарды сүрту) білу		
1.2.1.6 өсімдік бөліктерінің атауларын (сабақ, дің, бұтақ, жапырақ, гүл, күлте) пайдалана отырып, ағаштардың, бұталардың, гүлдік өсімдіктердің сыртқы белгілері туралы әңгіме сипаттама құрастыру		
1.2.1.7 шынайы нысанды, нақпіншінді, суретті тірек ете отырып, жемістердің (

		көкөністердің) сыртқы белгілері туралы айтылымдарды құрастыру	
	2.2 Жануарлар	1.2.2.5 балықтардың 2-3 түрін тану және атау, олардың дене құрылысының ерекшеліктері туралы айту	
		1.2.2.6 жәндіктердің 2-3 түрін тану және атау, олардың дене мүшелерін атау	
		1.2.2.7 жабайы және үй жануарлары мен құстарды ажырату	
		1.2.2.8 кез-келген құстың әңгіме сипаттамасын құру. Құстың пайдасы туралы, үй жануарларының пайдасы туралы әңгімелеу	
		1.2.2.9 кез-келген жануардың әңгіме сипаттамасын құру; адамның жануарлар мен құстарды қалай күтетіні туралы әңгімелеу; балықтың мекендейтін ортасы туралы әңгімелеу	
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	1.2 Менің жанұям	1.1.2.6 жанұялық фотоальбомды пайдаланып, мұғалімнің сұрақтарын тірек ете отырып, жанұялық мерекелер мен басқа да оқиғалар туралы әңгіме құрау	
		1.1.2.7 жанұяда тұрақты міндеттерінің болуы және оларды орындау	
	1.6 Біздің қала (ауыл), біздің ел	1.1.6.11 педагогтың сұрақтары бойынша, фотосуреттер мен суреттер топтамасы бойынша өз қаласы, ауылы және өз елі туралы әңгіме құрау	
	1.4.Наша школа	<p>0.1.4.3 понимать свою социальную роль обучающегося, дежурного по классу</p> <p>0.1.4.4 понимать смысл школьных праздников, принимать в них участие</p> <p>0.1.4.5 применять учебные принадлежности в соответствии с их назначением</p> <p>0.1.4.6 уметь самостоятельно собирать в школу портфель, согласно расписанию уроков. Уметь аккуратно обращаться с учебными вещами, складывать на место после уроков. Пользоваться ножницами</p> <p>0.1.4.7 определять местонахождение функциональных зон школы</p>
4. Мир вокруг нас	1.6 Наш город (село, аул), наша страна	0.1.6.1 называть свой город, село, столицу государства, республику, имя Президента. Узнавать герб и флаг своей страны;
	2.1 Растения	0.2.1.3 беречь природу родного края
	2.2 Животные	0.2.2.1 узнавать и называть три-четыре вида животных и их детенышей, распространенных в данной местности;
		0.2.2.3 различать диких и домашних животных;
	3.2 Зима	0.3.2.1 наблюдать и называть признаки зимы
		0.3.2.2 называть зимние месяцы года, знать их последовательность
0.3.2.3 подбирать и называть одежду для зимы;		
		0.3.2.6 называть зимние праздники
3 четверть		
	1.2 Моя семья	0.1.2.7 составлять словесный портрет членов семьи на основе материалов семейного фотоальбома
	1.6 Наш город (село, аул), наша страна	0.1.6.2 знать назначение места отдыха, такие как скверы, парки. Выполнять принятые нормы поведения в общественных местах

5. Путешествие	2.1 Растения	0.1.6.3 знать правила поведения в разных социальных ситуациях с незнакомыми людьми
		0.2.1.1 узнавать и называть 2-3 вида растений огорода (овощей), 2-3 вида растений сада (фруктов и ягод). Сравнивать овощи, фрукты, ягоды по форме, величине, цвету, вкусу
		0.2.1.2 узнавать и называть 2-3 вида деревьев, 1-2 вида кустарников, 2-3 вида цветковых растений по основным отличительным признакам (по листьям, цветку, форме и величине плодов, коре)
		0.2.1.4 составлять рассказы о внешних признаках деревьев, кустарников, цветковых растений, используя названия частей растений (ствол, ветки, стебель, листья, цветы, лепестки)
	2.2 Животные	0.2.2.2 узнавать и называть части тела животных (голова, туловище, ноги, лапы, копыта, грива, хвост);
		0.2.2.4 узнавать птиц, обитающих в данной местности. Знать названия двух-трех видов птиц и их птенцов;
		0.2.2.5 называть части тела птиц (голова, туловище, лапки, крылья, клюв, перья); внешние отличительные признаки птиц;
		0.2.2.6 подкармливать птиц зимой
	1.2 Моя семья	0.1.2.2 называть семейные праздники;
		0.1.2.3 объяснять важность заботливого отношения между членами семьи и приводить примеры;
0.1.2.4 иметь и выполнять постоянные обязанности в семье;		
1.6 Наш город (село, аул), наша страна	0.1.6.4 рассказать правила перехода улицы, значение сигналов светофора, значение дорожных знаков "Пешеходный переход", "Подземный переход"	
	0.1.6.5 соблюдать правила дорожного движения в	

6. Традиции и фольклор		дидактических играх и реальной ситуации
		0.1.6.6 понимать назначение тротуара, проезжей части, обочины, перекрестка, светофора
	3.2 Зима	0.3.2.4 составлять рассказ о наблюдениях природы зимой;
		0.3.2.5 рассказывать о зимних забавах детей;
	3.3 Весна	0.3.3.1 наблюдать и называть признаки весны
0.3.3.2 называть весенние месяцы года, знать их последовательность		
0.3.3.3 подбирать одежду для весны		
0.3.3.4 составлять рассказ о наблюдениях природы весной		
0.3.3.5 называть весенние праздники: (8 марта, Наурыз, День единства народов Казахстана, День защитников отечества, День Победы)		
4 четверть		
7. Еда и напитки	1.1 Я ребенок (мальчик, девочка)	0.1.1.7 выполнять режим дня в семье
		0.1.1.8 использовать в речи слова для определения пространственного расположения частей тела и предметов относительно себя (вверху, внизу, спереди, сзади, правая, левая сторона тела, лица человека, справа-слева, далеко-близко)
		0.1.1.9 составлять словесный портрет о себе как о мальчике (девочке), об обучающемся опираясь на картинный план, вопросы педагога
		0.1.1.10 знать особенности своего здоровья. Уметь выделять ситуации, когда требуется привлечение родителей, и объяснять учителю необходимость связаться с семьей для принятия решения в области жизнеобеспечения
		0.3.4.1 наблюдать признаки лета
		0.3.4.2 называть летние месяцы года, знать их последовательность

8. В здоровом теле – здоровый дух !	3.4 Лето	0.3.4.3 подбирать одежду для лета
		0.3.4.4 рассказывать об играх и забавах детей летом

2) 1 класс:
таблица 6

Сквозная тема	Подразделы	Цели обучения
1 четверть		
	1.1 Я ребенок (мальчик, девочка)	1.1.1.1 называть свою фамилию, имя, отчество, дату рождения, домашний адрес
		1.1.1.2 объяснять степень родства между членами семьи
		1.1.1.3 ориентироваться в пространственном расположении частей своего тела (вверху, внизу, спереди, сзади, левая-правая)
		1.1.1.4 ориентироваться в ближайшем пространстве относительно себя: вверху-внизу, спереди-сзади, далеко-близко, справа-слева
		1.1.1.5 выполнять движения в заданном направлении: вперед-назад, вправо-влево
		1.1.1.6 располагать предметы в определенном пространственном положении относительно друг друга: за, перед, над, под, справа, слева, между, на по образцу, по словесной инструкции
		1.1.1.7 использовать в речи слова для определения пространственного расположения частей собственного тела, предметов относительно себя, нескольких предметов относительно друг друга (вверху, внизу, спереди, сзади, правая, левая сторона тела, лица человека, справа-слева, далеко-близко, на, над, за, под, перед, между)
		1.1.1.8 составлять словесный портрет о себе как о мальчике (девочке), об обучающемся опираясь на картинный план, вопросы педагога
		1.1.1.9 знать особенности своего здоровья; уметь выделять ситуации, когда требуется привлечение родителей, и

<p>1. Все обо мне 2. Моя школа</p>		<p>объяснять учителю необходимость связаться с семьёй для принятия решения в области жизнеобеспечения</p>
	<p>1.3 Мой дом</p>	<p>1.1.1.10 соблюдать правила личной гигиены, следить за чистотой тела, чистить зубы, расчесываться, чистить одежду и обувь</p> <p>1.1.3.1 понимать назначение кухонной посуды, уметь накрывать на стол;</p> <p>1.1.3.2 понимать назначение электробытовых предметов в уходе за домом;</p> <p>1.1.3.3 использовать технику в домашнем труде;</p> <p>1.1.3.4 составлять рассказ о своих обязанностях по дому;</p> <p>1.1.3.5 объяснять и выполнять правила безопасного поведения дома</p>
	<p>3.1 Осень</p>	<p>1.3.1.1 называть признаки осени. Знать названия и последовательность осенних месяцев. Находить осенние месяцы в табель-календаре</p> <p>1.3.1.2 наблюдать характерные признаки осени во время экскурсии</p> <p>1.3.1.3 обозначать основные признаки осени с помощью условных знаков в календаре погоды</p> <p>1.3.1.4 обобщать знания об изменениях в жизни растений осенью</p> <p>1.3.1.5 составлять рассказ на темы: "Золотая осень", "Листопад", "Поздняя осень" по вопросам учителя, по картине</p> <p>1.3.1.6 рассказывать стихи, разгадывать загадки об осени</p> <p>1.3.1.7 объяснять причины осенних изменений в природе</p>
<p>2 четверть</p>		
		<p>1.1.2.1 называть фамилию, имя, отчество взрослых членов семьи,</p>

	1.2 Моя семья	<p>их профессии, свои домашние обязанности и обязанности членов своей семьи</p> <p>1.1.2.2 объяснять степень родства между членами семьи; называть дни рождения членов семьи</p> <p>1.1.2.3 участвовать в подготовке и проведении семейного праздника</p> <p>1.1.2.4 уметь дарить и принимать подарки</p> <p>1.1.2.5 составлять рассказ о своей семье, о труде родителей, используя семейный фотоальбом, по вопросам учителя</p> <p>1.1.2.6 составлять рассказ о семейных праздниках и событиях, используя семейный фотоальбом, с опорой на вопросы учителя</p>
3. Моя семья и друзья	1.4.Наша школа	<p>1.1.4.1 называть номер школы, свой класс. Называть улицу на которой расположена школа. Называть имя, отчество классного руководителя, имена своих одноклассников и школьных друзей; называть профессии работников школы: учитель, директор, завуч, врач медсестра, уборщица</p> <p>1.1.4.2 выполнять требования учителей, соблюдать правила поведения в школе</p> <p>1.1.4.3 использовать вежливые формы обращаться к старшим и сверстникам (приветствие, просьба, извинение, благодарность, прощание)</p> <p>1.1.4.4 ориентироваться в здании школы, самостоятельно находить в школе спортзал, столовую, медицинский кабинет</p> <p>1.1.4.5.называть предметы школьной мебели, учебные вещи; знать их назначение и правила пользования. Бережно относиться к оборудованию школы</p> <p>1.1.4.6 содержать в порядке рабочее учебное место. Бережно относиться к окружающим вещам (к одежде, мебели, учебникам, игрушкам, оборудованию классной комнаты)</p>

		<p>1.1.4.7 уметь ориентироваться в расписании занятий и включаться в разнообразные повседневные школьные дела, брать на себя ответственность за порученные дела</p> <p>1.1.4.8 участвовать в повседневной жизни класса, в подготовке и проведении школьных праздников</p> <p>1.1.4.9 составлять рассказ о своем классе, о школе, о школьных праздниках</p> <p>1.1.4.10 составлять словесный портрет одноклассника по вопросам учителя</p>
	<p>1.5 Предметы вокруг нас.</p>	<p>1.1.5.1 называть предметы, окружающие человека (мебель, посуда, транспорт, продукты питания, игрушки, школьные вещи): кукла, машина, пирамида, книга, тетрадь, альбом, молоко, хлеб, масло, шкаф, стол, стулья, автобус, троллейбус, машина, кастрюля, тарелка, ложка</p> <p>1.1.5.2 умение отнести 4-6 видов конкретных предметов (предметных картинок) к обобщающим словам: игрушки, учебные вещи, мебель, посуда, обувь, одежда, головные уборы, бытовая техника</p> <p>1.1.5.3 называть и различать основные цвета и их оттенки;</p> <p>1.1.5.4 называть эталоны формы (круг, квадрат, треугольник, прямоугольник, овал);</p> <p>1.1.5.5 находить в ближайшем окружении предметы определенной формы (круглой, овальной, квадратной, прямоугольной, треугольной);</p> <p>1.1.5.6 понимать назначение предметов, окружающих человека ;</p> <p>1.1.5.7 называть форму предметов и их взаимное расположение, используя в речи соответствующие слова (круглый,</p>

4. Мир вокруг нас		<p>квадратный, овальный и прочее, слева, справа, за, перед, над, под, справа, слева, между, на);</p>
		<p>1.1.5.8 группировать предметы (их изображения) по форме, цвету, размеру, назначению. Использовать обобщающие слова;</p>
		<p>1.1.5.9 играть в игры с соблюдением правил (лото, домино)</p>
	1.6 Наш город (село, аул), наша страна	<p>1.1.6.1 называть свой город, село, столицу государства, республику, имя Президента. Узнавать герб и флаг своей страны;</p>
		<p>1.1.6.2 называть главные улицы и достопримечательности своего города, села. Называть общественные здания, находящиеся поблизости от школы (магазин, почта, аптека, поликлиника, кинотеатр, библиотека) и знать их назначение. Названия профессий людей, работающих в этих учреждениях</p>
		<p>1.1.6.3 выполнять принятые нормы поведения в общественных местах</p>
	2.2 Животные	<p>1.2.2.1 узнавать и называть три-четыре вида птиц и их птенцов, распространенных в данной местности;</p>
		<p>1.2.2.2 узнавать и называть три-четыре вида домашних птиц</p>
		<p>1.2.2.3 узнавать и называть три-четыре вида домашних животных и их детенышей, распространенных в данной местности. Рассказывать о внешних отличительных особенностях птиц</p>
		<p>1.2.2.4 узнавать и называть части тела птиц (голова, туловище, лапки, крылья, клюв, перья), животных (голова, туловище, ноги, лапы, копыта, грива, хвост)</p>
	<p>1.3.2.1 называть основные признаки зимы. Знать названия и последовательность зимних месяцев года. Находить зимние месяцы в табель-календаре;</p>	

	3.2 Зима	<p>1.3.2.2 называть зимние праздники (Новый год, Рождество). Знать значение Новогоднего праздника;</p> <p>1.3.2.3 изготавливать новогодние игрушки, наряжать Ёлку, готовить открытки и подарки родным и близким</p> <p>1.3.2.4 составлять рассказы по сюжетной картине "Новый год", "Рождество"</p> <p>1.3.2.5 составлять высказывания на тему: "Как я встречу (встретил) Новый год"</p> <p>1.3.2.6 рассказывать стихи о зиме, о Новом годе</p> <p>1.3.2.7 рассказывать о зимних забавах детей зимой</p> <p>1.3.2.8 составлять план проведения досуга на зимних каникулах</p>
3 четверть		
	1.2 Моя семья	<p>1.1.2.6 составлять рассказ о семейных праздниках и событиях, используя семейный фотоальбом, с опорой на вопросы учителя;</p>
	1.6 Наш город (село, аул), наша страна	<p>1.1.6.4 знать правила поведения в разных социальных ситуациях с незнакомыми людьми</p> <p>1.1.6.5 понимать назначение тротуара, проезжей части, обочины, перекрестка, светофора</p> <p>1.1.6.6 рассказать правила перехода улицы, значение сигналов светофора, значение дорожных знаков "Пешеходный переход", "Подземный переход"</p> <p>1.1.6.7 рассказать правила поведения в общественных местах (магазине, театре, общественном транспорте)</p> <p>1.1.6.8 соблюдать правила дорожного движения в дидактических играх и реальной ситуации</p> <p>1.1.6.9 соблюдать правила поведения в пассажирском транспорте: автобусе, троллейбусе, трамвае, такси;</p> <p>1.1.6.10 соблюдать правила поведения в местах отдыха.</p>

5. Путешествие	2.1 Растения	Бережно относиться к природе и предметам вокруг: не сорить и тому подобное
		1.2.1.1 узнавать и называть 3-4 вида овощей, фруктов и ягод. Сравнивать овощи, фрукты, ягоды по форме, величине, цвету, вкусу
		1.2.1.2 называть три-четыре вида деревьев, один-два вида кустарников и два-три вида цветов ближайшего окружения по основным отличительным признакам
		1.2.1.3 называть части растений: корни, ствол, стебли, ветки, листья, цветы, плод
		1.2.1.4 узнавать и называть 3-4 вида комнатных растений
		1.2.1.5 уметь ухаживать за растениями (поливать цветы, деревья, протирать листья)
		1.2.1.6 составлять рассказ-описание внешних признаков деревьев, кустарников, цветковых растений, используя названия частей растений (ствол, ветки, стебель, листья, цветы, лепестки)
	1.2.1.7 составлять высказывания о внешних признаках фруктов (овощей), с опорой на реальный объект, муляж, картину	
	2.2 Животные	1.2.2.5 узнавать и называть 2-3 вида рыб, рассказывать об особенностях строения их тела
		1.2.2.6 узнавать и называть 2-3 вида насекомых, называть части их тела
		1.2.2.7 различать домашних и диких животных и птиц
		1.2.2.8 составлять рассказ-описание любой птицы. Рассказывать о пользе птиц, рассказывать о пользе домашних животных
		1.2.2.9 составлять рассказ-описание любого животного; рассказ об уходе человека за животными и птицами ; рассказ о среде обитания рыб

6. Традиции и фольклор	1.2 Моя семья	1.1.2.6 составлять рассказ о семейных праздниках и событиях, используя семейный фотоальбом, с опорой на вопросы учителя;
		1.1.2.7 иметь и выполнять постоянные обязанности в семье;
	1.6 Наш город (село, аул), наша страна	1.1.6.11 составлять рассказ о своём городе, селе, о своей стране по вопросам педагога, по фотографиям, серии картин;
		1.1.6.12 уметь корректно выразить свои чувства, отказ, недовольство, благодарность, просьбу
	3.3 Весна	1.3.3.1 называть признаки весны. Знать названия и последовательность весенних месяцев года. Находить весенние месяцы в таблице-календаре
		1.3.3.2 называть весенние праздники (8 марта, Наурыз, День единства народов Казахстана, День защитников отечества, День Победы)
		1.3.3.3 рассказывать о весенних работах человека в природе
		1.3.3.4 составлять рассказы на темы: "Весна пришла", "Мамин праздник". "Праздник Наурыз", День единства народов Казахстана, "День Победы" по вопросам учителя, по картинному плану, по сюжетной картине
		1.3.3.5 выполнять посильные весенне-полевые работы: копать почву, сажать семена, поливать растения
		1.3.3.6 рассказывать о порядке высаживания саженцев
4 четверть		
		1.2.1.8 составлять словесное описание фрукта (овоща) по рисуночному плану или пиктограммам
		1.2.1.9 понимать, какие условия необходимы для роста растений (земля, вода, солнечный свет, тепло)
		1.2.1.10 различать растения сада, огорода, комнатные растения

7. Еда и напитки	2.1 Растения	<p>1.2.1.11 собирать и высушивать листья деревьев, собирать природный материал. Группировать листья по форме, размеру, принадлежности к определенному виду дерева</p> <p>1.2.1.12 выполнять рисунки и аппликации с использованием засушенных листьев деревьев, кустарников, цветков растений</p> <p>1.2.1.13 составлять орнаменты из мелких листьев деревьев и кустарников или из лепестков цветов по образцу</p>
8. В здоровом теле – здоровый дух!	3.4 Лето	<p>1.3.4.1 называть признаки лета. Знать названия и последовательность летних месяцев года. Находить летние месяцы в таблице-календаре</p> <p>1.3.4.2 рассказывать о летних работах людей в саду, в огороде, в поле, на пришкольном участке;</p> <p>1.3.4.3 помогать взрослым в выращивании растений сада, огорода: поливать растения сада и огорода, удалять сорную траву</p> <p>1.3.4.4 составлять рассказы на темы: "Лето"; "Как я проведу лето"; "Веселые каникулы". Отгадывать загадки, декламировать стихи о лете</p>

Приложение 294
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 294 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по предмету "Обучение грамоте" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0 - 1 класса уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1-го года. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушының жасына қарай танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәні бойынша мазмұны мен білім көлемін, дағды мен іскерлігін белгілейтін нормативті-оқу құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолданғанда жүзеге асады. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Сауат ашу" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. "Сауат ашу" арнайы (түзеу) мектептерінде барынша қарапайым тұрғыда жүргізіледі.

14. "Сауат ашу" ана тілін меңгерудің негізі болып табылады. Пәнді оқу барысында оқу мен жазуға қатысты жұмысты интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

15. "Сауат ашу" пәні – "Қазақ тілі", "Оқу және тіл дамыту" пәндерінің құрамдас бөлігі, тіл және әдебиет туралы білім жүйесіне дайындық болып табылады. "Сауат ашу" пәнінің маңыздылығы – білім алушылардың өмірінде жаңа пайда болған "жетекші әрекет" – оқу әрекетіне бейімдеу, тұрақты зейіні мен жадын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіру, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету міндеттерін жүзеге асыруында. Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым түрлерін дамыту арқылы басқа пәндерді меңгертуге негіз болуында.

16. "Сауат ашу" пәнінің мақсаты – білім алушыларды оқуға, жазуға және тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің түрлерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу)

меңгеруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеп білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

17. Алға қойылған осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі көзделеді:

1) жазудың функционалды базисын: кеңістікте бағдарлауын, көріп қабылдауын, қол ұсақ мотрикасын, фонематикалық түсініктерін, графомоторлы дағдыларын қалыптастыру;

2) білім алушыларды ұғымына сай мәтіндердің мағынасын түсінуге үйрету;

3) қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айтуын, ажыратуын қалыптастыру;

4) қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

5) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

6) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;

7) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктерін дамыту;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өз ойын жүйелі түрде дұрыс жеткізе білуге үйрету;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын), сөйлеу мәдениетін, өз сөзінің дұрыс айтылуын өзі бақылау машығын дамыта қалыптастыру;

11) алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету;

12) танымдық процестерін дамыту;

13) шәкірттер бойында адамгершілік, әсемдік қасиетін қалыптастыру;

14) білім алушылардың қоршаған орта, дүниетаным туралы (адам, табиғат) түсініктерін қалыптастыру;

15) білім алушыларға патриоттық тәрбие беру.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

18. Сауат ашу бойынша оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдерінің іске асырылуы ақыл-ойы жеңіл бұзылған білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген.

19. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды түзете-дамыта оқыту принципі арнайы әдістері мен оқу-әдістемелік тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда ойлау процестерінің енжарлығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, сөйлеу

дамуының артта қалуы, ойлау қорыту және абстракциялаушы функцияларының әлсіздігі ескеріледі. Жұмыс барысында білім алушылардың еліктеу қабілеттері мен сақталған әрекетті-көрнекі ойлау мүмкіндіктеріне сүйенеді.

20. Сауат ашуға оқыту білім алушылардың танымдық процесстерін дамытуға жағдай тудырады. Графикалық-моторлық, кеңістікте бағдарлау және көріп қабылдау дағдылардың қалыптастыру арнайы жаттығулар арқылы іске асырылады (әртүрлі сызықтарды, контурларды бастырып сызу, сызу, бояу). Алғашқыда жаттығулар еліктеу, үлгі арқылы орындалса, кейін олар сөздік нұсқаулар арқылы орындалады. Сөйлеу тілінің жеткілікті дұрыс дамуына фонематикалық есту қабілетінің тигізетін әсері өте зор. Фонематикалық есту - дыбыстарды, сөздерді, фразаларды анық, дұрыс айтуын қамтиды. Фонематикалық естудің арқасында сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасы меңгеріледі.

21. Оқытудың әлеуметтендіру мен бейімдеуге бағытталған принципі жеке тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін төмендетуді немесе жоюды көздейді. Білім алушының әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қарапайым гигиеналық, қарым-қатынас, тұрмыстық дағдыларынан бастап, күрделі әлеуметтік дағдылары, көз-қарасы, ұстанымы мен нанымымен аяқталған өмірлік дағдылары мен тәртіп нормаларын меңгеруіне байланысты арнайы жұмыс көзделеді.

22. Білім алу құралы ретінде ой, тіл және қарым-қатынасты дамыту принципі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеу тілінің, ойлаудың, қарым-қатынастың дамуында ерекшеленген мәселелер орын алады. Олар оқу мен әлеуметтенуі табысты болуы үшін әр жағдайда мүмкіндігінше педагогикалық құралдар арқылы қалпына келтіріледі.

23. Әрекеттік ықпал ету принципі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінде оқытушының басшылығымен заттық - практикалық әрекеті кеңінен пайдаланылады. Бұл әрекет оқу материалын саналы түрде түсіну үшін жағдай тудырады. Заттық - практикалық әрекет жоғарғы психикалық қызметтерінің сенсомоторлы негізін (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) дамытуға, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтыру, жалпы білім беру пәндері бойынша білім алу, дағды мен іскерлікті меңгеруге мүмкіндік береді.

24. Сараланған және жеке тәсілді принципі. Ұжымдық оқыту процесінде ақыл-ойы бұзылған білім алушыларға сараланған тәсіл пайдалану оларда вариативті типологиялық ерекшелерінің болуымен шартталады. Ерекшеліктер оқу материалдарын меңгеру кезінде байқалады және білім, дағды мен іскерлігінің сапасына әсер етеді. Ақыл-ойы бұзылған білім алушыларға арналған арнайы мектеп пен сыныптарда оқу процесі типологиялық топты құрайтын педагогикалық жіктелу негізінде іске асырылады (по В.В. Воронкова бойынша). Педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай әр типологиялық топқа күрделілігі мен көлемі қол жетімділігін ескере отырып, оқу материалдарының мазмұнын іріктеп алады. Сонымен қатар, білім

алушылардың оқу әрекетінің қарқыны, дербестігінің дәрежесі, оқытудың әдіс-тәсілдері түрлендіріледі. Білім алушыларды топқа бөлу шартты және қозғалмалы. Сараланған тәсіл даралап оқытумен толықтырылады.

25. Арнайы педагогикалық басшылық етудің қажеттілік принципі. Ақыл-ойы кем білім алушылардың, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтардың дербес оқу-танымдық әрекеті қиындатылған немесе мүлдем қалыптастырылмайды. Сол кезде педагог оқу міндетін ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін білім алушының әрекетінің жетілмеген компонентінің функциясын өзіне алады. Арнайы педагог ақыл-ойы кем білім алушының дамуының заңдылықтарын, сыныптағы әр білім алушының танымдық мүмкіндіктерін, оқытудың арнайы әдістемелерін біле отыра білім алушының танымдық-оқу әрекетін ұйымдастырады және бағыттайды.

26. Ақыл-ойы бұзылған білім алушыларды сауат ашуға оқыту процесін педагогикалық басшылық етудің психологиялық негізі П.Я. Гальперинның ойлау әрекетінің кезеңмен қалыптасу теориясы болып табылады.

27. Сауат ашуға оқыту үдерісі арнайы әдістемелік принциптерге негізделіп, ұйымдастырылған жағдайда педагогикалық міндеттер оң шешім табады. Бұл бағдарлама көмекші мектепте оқитын білім алушылардың және олардың ата-аналарының қажетін қанағаттандыра алатын гуманистік қағидаларға негізделіп құрылды. Оқу бағдарламасын толық меңгеруде қиналатын білім алушылар үшін мұғалім олардың қабылдау деңгейіне байланысты жеңілдетіп береді. Осындай жағдайларды ескере отырып, жаңа бағдарлама деңгейлік ықпал ету қағидасын басшылыққа алу негізінде құрастырылды. Басты назар білімді қолдану біліктілігіне аударылады. Білім алушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен жетістіктер критерийлері алды- ала белгіленеді.

28. Көмекші мектептерде "Сауат ашуға" оқыту барысында көрнекіліктерге зор көңіл бөлінеді. Бастауыш сыныптарда көрнекіліктердің мәні зор. Ол жаңа тақырыпты тереңірек түсінуге көмектеседі. Білім алушылардың қолымен ұстап, көзімен көріп, қайталап айтып отырғандықтан олардың есте сақтау қабілеті дамып, білімі мен біліктілігі арта түседі. Сабақта салыстырма мазмұнды кестелерді үнемі пайдалану тиімді.

29. Суретті көрнекілік сауат ашу сабақтарында жиі пайдаланылады. Бұған заттық суреттер, кітап бетіндегі жаңа суреттер, сюжетті суреттер, сериялы суреттер, картиналық отолар, картиналық сөздіктер сияқты көрнекіліктер жатады. Суретті көрнекілігінің білім алушылардың тілін дамытуға үлкен әсері бар. Сурет тақырып мақсаттарына орай, сөздерді табуға, сөйлемдер ойлауға, жалпы сабақты меңгеруге көмектеседі, білім алушылардың қызығушылығын арттырады. Сауат ашу сабақтарында лото көрнекілігін де жиі пайдалануға болады.

30. Сауат ашу сабағында пайдаланатын көрнекіліктің бірі – дидактикалық үлестірмелі парақшалар. Дидактикалық парақшаларды пайдаланудың мына сияқты әдісілдерін білген жөн: дидактикалық парақшаларда берілетін тапсырма материалдардың мазмұны әртүрлі болуын талап етеді, екіншіден, ол үлгерімі нашар білім алушылармен жұмыс істеуге бөлек парақшалар әзірлеп, білім алушыларға үлестіріледі. Мұндай жұмыс түрі көбінесе бір тақырыпты өтіп болған соң, қайталау немесе бақылау ретінде тиімді болады.

31. "Сауат ашу" пәнінің білімдік, тәрбиелік міндеттері келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады:

1) "Қазақ тілі" - ана тілінің дыбыстары мен әріптері мен танысу негізінде фонематикалық процестері қалыптасып, дамиды;

2) "Оқу және тіл дамыту" - оқулықта берілген мәтіндерді меңгеру негізінде танымдық ерекшеліктеріне сай білім алушылар өз ойын жеткізуге дағдыланады, қазақ халқының мәдениетін құрметтеп, меңгеруге тәрбиеленеді;

3) "Бейнелеу өнері", "Музыка және ән-күй" пәндерін өту барысында эстетикалық талғамдары, ойлау, қабылдау, ауызша сөйлеу тілі дамиды;

4) "Математика" – мәтіндерді қабылдау, түсіну, логикалық ойлау қабілеті дамиды;

5) "Айналамен таныстыру" - мәтіндерді оқу арқылы қоршаған орта туралы мағлұматтар алады, табиғатты қорғауға, аялауға үйренеді;

6) "Әлеуметтік бейімдеу және еңбекке баулу" пәнді оқыту барысында білім алушылар еңбектің өмірдегі орнын, маңыздылығын түсінеді, әлеуметтік ортаға бейімделеді.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

32. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау рәсімдеріне қойылатын талаптар ізгілендіру идеялардан туындап отыр.

33. "Сауат ашу" пәні бойынша жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу материалдарын меңгерудегі жетістіктерін бағалау нормалары деңгейлік мақсат қоюға негізделген және білім алушылардың жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыруында бірыңғай тәсілді іске асыруға бағытталған.

34. Аталмыш бағдарламада берілген оқытушының сынып білім алушыларын сауат ашуға оқыту процесін жобалау кезінде күтілетін нәтиже негізінде деңгейлік мақсат қоюы білім алушылардың жетістіктерін бағалауда тек баллды ғана емес, сонымен қатар критериальді жиынтық бағалауды қолдануға мүмкіндік береді.

35. Оқытудың деңгейлік мақсатымен шартталған, дағдыларының қалыптасуына ықпал еткен тапсырмалар мен жаттығулар бағалау құралдары болып табылады.

36. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктері тек ішкі құралдар арқылы бағаланады. Оқу бағдарламаларды меңгеру нәтижелері оқу процесі кезінде оқытушымен сабақта бағаланады. Ақыл-ойы бұзылған білім алушылармен

ұйымдастырылатын барлық педагогикалық процесс негізделген арнайы педагогиканың "диагностика мен дамытушылық түзеу жұмысының бірлігі" атты принципіне сүйене отырып, оқытушылар бағалау әрекетін бақылауды жүйелі түрде жүзеге асырады.

37. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың тиімділігін бағалау ағымдағы (тақырыптық) мерзімді және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

38. Ағымды бақылау білім алушылардың сабақ үстіндегі әрекеттерін бақылау, практикалық және өздік жұмыстары мен ұжымдық әрекет түрлерін талдау арқылы жүзеге асырылады. Нәтижелері әр сабақтық картаға жазылады. Әр сабақты бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін оқытушының пайдаланатын оқыту әдістері мен мазмұнын түзету мақсатымен жүргізіледі. Мұндай бақылау сондай-ақ білім алушы үшін ынталандырушы және тәрбиелік маңызға ие.

39. Мерзімді бақылау бағдарлама тақырыбын, бөлімін оқып болғаннан кейін жүзеге асырылады. Оның нәтижелері тақырыптар бойынша білім алушылардың жетістіктерін жазатын карталарда көрсетіледі. Мұғалім түрлі типологиялық топтардағы білім алушыларының белгілі бір тақырып аясында оқу материалын меңгеру нәтижелері бірдей емес болатынын түсінеді. 1-типологиялық топтағы білім алушылар (В.В. Воронкова бойынша) оқу материалын меңгеруін білімді қолдану деңгейінде көрсете алады. 2-типологиялық топ - тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3-типологиялық топтағы білім алушылар материалды тану деңгейінде меңгере алады және өз білімдерін өзекті етуде оқытушы көмек көрсетеді. 4-типологиялық топтағы білім алушылар өздерінің жетістіктерін бағалау шеңберінде жеке бағдарлама бойынша білім алады.

40. Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың соңында жүзеге асырылады. Оқытушы сыныптағы әр білім алушының оқу жылы бойынша байқалған даму динамикасы мен жетістіктерін талдайды. Нәтижелері білім алушылардың жетістіктерін жазатын жиынтық картаға тіркеледі.

41. Бағалау рәсімдерін пайдалану арқылы алынған ақпарат мұғалімге дағдылары мен қабілеттерін меңгеру процесінде кездесетін қиындықтарға уақытында назар аударуға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға негізді мазмұн мен жекелеген көмектесу жолдарын анықтауға мүмкіндік алады.

42. Сипаттық бағалау даму мен жаттыққандығының тек нақты деңгейін анықтамайды, сонымен қатар білім алушымен ары қарай жүргізілетін жұмыстың қадамдарын анықтайды. Білім алушыларда өзін-өзі дұрыс бағалауын қалыптастыруға мүмкіндік беретін сипаттама бағалау болып табылады. Сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстыруға болмайды. Білім алушының жетістіктерін тек алдындағы өз жетістіктерімен салыстыруға болады.

43. Ақыл-ойы бұзылған білім алушыларға қатысты оқу үлгерімінің пайызын және білім сапасын анықтау дұрыс емес. Ақыл-ойы бұзылған білім алушылар екінші жылға қалдырылмайды.

44. Ақыл-ойы кем білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттап бағалау мұғалімдердің бағалау әрекетінің объективтігін қамтамасыз етеді.

5-тарау. "Сауат ашу" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

45. "Сауат ашу" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 165 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 6 сағат, оқу жылында – 198 сағат.

46. Бастауыш білім беру деңгейінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін бастауыш сынып кабинеті санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықталады.

47. Жиһаздар сыныпта түрлі формадағы (жеке, жұптық, топтық) жұмыстар (ойын және белсенді әдістер) ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жеңіл және жылжымалы болғаны жөн. Соған қоса, кітап сөрелеріне, білім алушылардың көрме жұмыстарына арналған стенділерге және көрнекі құралдарға арнайы орындар ескеріледі.

48. "Сауат ашу" пәнінің мазмұны:

1) "Сауат ашу" пәні – лексикалық тақырыптар негізінде білім алушыларды оқу мен жазуға үйрете отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған пән;

2) бағдарламада оқу материалдары біртіндеп күрделеніп, оқыту кезеңдеріне бөлініп берілді. Аталған кезеңдердің тақырыптық мазмұны бір – бірімен тығыз байланысып отырады;

3) "Сауат ашу" пәні үш кезеңнен тұрады: жазудың функционалды базисын дамыту (жазбаша сөйлеу тілінің алғы шарттарын дамыту) кезеңі, әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі. Сауат ашудың әліппе кезеңі 1-сыныпта жүргізіледі. Мұғалім тақырыпты меңгеруге қажет сағат санын үш кезең бойынша сыныптағы білім алушылардың мүмкіншіліктері мен ерекше оқыту қажеттілігіне байланысты, оқу мақсаттарын меңгеруіне, әр кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруына орай еркін жоспарлай алады. Педагог білім алушыларға түсінікті, қолжетімді оқу материалдарымен жұмыс жүргізіледі.

49. Келесі оқу кезеңінің мазмұны бойынша жұмыс алдында өткен материалдарды қайталаудан басталғаны жөн.

50. Жазудың функционалды базисын дамыту (жазбаша сөйлеу тілінің алғы шарттарын дамыту) кезеңін міндеттері:

1) көріп қабылдауын дамыту (заттарды атау, затты толық мөлшерде көріп есте сақтау, заттың бөлшегін бөліп айту, заттарды топ ішінде бөліп айта білу, екі затты салыстыра білу, бірінің үстіне бірі салынған заттардың бейнесін танып білу, контурлы бейнеленген заттарды танып, атау, бір элементі жетіспейтін затты танып, атау. Геометриялық фигураларды білу, құрастыру. Таяқшаларды және қағаз жолақшаларын түр-түсі және көлемі бойынша құрастыра білу);

2) кеңістікті және уақытты бағдарлауын дамыту (Алыс. Жақын. Алдында. Артында. Тәулік мөлшері (таңертең, түс, түн);

3) өз денесін бағдарлай білу (адамның дене мүшелерін атай білу, оң-сол дене мүшелерін көрсетіп, атап беру);

4) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (түрлі саусақ жаттығулары, бояу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу);

5) фонематикалық есту қабілетін дамыту-дыбысқа назар аудару (тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата білу (жапырақтың сыбдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс); жануарлардың дыбысын ажырату (сиыр, ит); әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу);

6) фонематикалық талдаудың қарапайым түрін дамыту – сөзде дыбыстың орнын анықтау;

7) сақталған дыбыстың артикуляциясын анықтау;

8) дем алу мен артикуляциялық аппаратын дамыту. Дем алу, дем шығаруды үйрену; дауысты дыбыстарды созып айта білу; заттарды үрлей білу; артикуляциялық мүшелерді дамытуға арналған жаттығуларды жасай білу (ерінді түтікше тәрізді жасау, жымию);

9) танымдық процестерін дамыту (ойлау, есте сақтау, зейін, сукцессивті процестерін – "қатар" ұғымын қалыптастыру, заттарды кезектілікпен орналастыра білу, уақыт кезектілігі, ырғақ);

10) *оқу тәртібіне дағдылану. Сыныптағы тәртіпті, талапты түсіну*; сынып ішін танып білу (парта, тақта); мектеп ішін танып білу (сынып, кітапхана, асхана); оқу құралдарын білу.

51. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

2) тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата білу (жапырақтың сыбдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс); жануарлардың дыбысын ажырату (сиыр, ит); әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу;

3) фонематикалық есту қабілетін (тіл дыбыстарын ажырату) және фонематикалық талдау дағдыларын қалыптастыру (дыбыс, буын, сөз деңгейінде) - сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу; керекті дыбысы бар сөздерді естіп, ажырата білу; дыбыстық құрамы жақын сөздерді ажырата білу (бақа — баға, қас — қаш); артық буынды табу (ба-ба-па-ба); сөздерді анық, қатесіз қайталауға дағдылану; сөздерді буынға бөліп айта білу;

4) тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциясы жеңіл, қиын дыбыстарды айта білу (м, б, п, г, х); дауысты дыбыстарды айта білу; дауыссыз дыбыстарды айта білу (с, з, р); жұмбақ жаттау; тақпақ жаттау; жаңылтпаш жаттау; ойын

түрінде жаттығу; ойын тәртібін білу, түсіну. "Жануарлардың дыбыс шығаруы", "Пойыз", "Машинаның дабылы";

5) дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру;

6) ауызша сөйлеу тілін дамыту. Қарапайым тапсырмаларды, нұсқауды орындай білу; әңгіме, ертегі, тақпақты мұқият тыңдап, түсіне білу; суреттегі заттарды атау; суретке қарап сөйлем құрастыру; сұрақ бойынша сөйлем құрастыру; көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру; қимыл-әрекеттер, сурет, сұрақ бойынша жай сөйлем құрастыра білу; дыбыстарды дұрыс айта білу;

7) көру қабілетін жетілдіру. Кең тараған түстерді ажырата білу; сызықтардың түрі мен қарапайым фигураларды ажырата білу; қарапайым заттардың бөліктерін құрастыра білу; көрсетілген заттарды рет-ретімен дұрыс көрсету және айта білу;

8) сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

9) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу);

10) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту;

11) ауызша, жазбаша тілін дамыту.

52. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;

2) фонематикалық есту-тыңдауын дамыту;

3) дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;

4) әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;

5) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту;

6) жазуға үйретуге арнайы дайындау;

7) біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;

8) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;

9) ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру.

53. Тыңдалым және айтылым:

1) мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігенінің мәнін түсінуі, сөз мағынасын түсінуі. Тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлесуде қолдануы. Өлеңдер, санамақтар, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау. Жаңылтпаштар айту арқылы

артикуляциялық аппаратын дамыту. Сұрақты тыңдай білу, сұрақтағы сөзді қолдана отырып, жауап беру, асықпай сөйлеу; іс-әрекет, сурет бойынша жай сөйлем құрау; сұраққа жауап беру арқылы байланыстырып сөйлеу.

54. Оқылым:

1) сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау. Дыбыстық талдау жасау. Дыбыстардың мағына ажыратушылық функциясын түсіну. Сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау). Сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнісін түсіну. Дыбыс пен әріпті ажырата тани білуі; әріп – дыбыстың таңбасы ретінде. Өтілген дыбыстардың жазбаша түрдегі бас және кіші әріп таңбаларын меңгеру; дыбыстарды естігенде және айтқанда оны басқа дыбыстардан ажырата білу; сөздерді дыбыстық құрамына қарай, кеспе әліппенің әріптері мен буындарынан сөз құрай білу; айтылған шағын ертегі, жұмбақ, тақпақ және әңгімені түсіне білу; тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу; білім алушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру.

55. Жазылым:

1) жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау). Кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік). Қол мен саусақтардың қимылы мен қозғалысын қалыптастыруға арналған жаттығуларды жасай білу; түзу сызықтар бойынша қағазды кию, жапсыру, ретімен орналастыра білу, үлгі бойынша тақтаға бормен, дәптерге қарындашпен әртүрлі бағытта (көлденең, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу; сызықты бір бағыттан екінші бағытқа бұрып сыза білу, белгілеген сызықтан асырмай сыза білу; үлгі бойынша шар, шеңбер, ұшбұрыш, шаршыны айналдырып сыза білу, оларды бояу, штрихтау; сурет салу, түзу сызық, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін ретпен жазу.

56. Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әр бөлім өз кезегінде әрі қарай бөлімшелерге бөлінген. Бөлімшелерде оқу мақсаттары белгіленген, олар білім немесе түсінік, дағды немесе білік бойынша күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Әрбір кіші бөлімшенің ішінде бірізділікпен орналастырылған және сол арқылы мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың еңбегін бағалауға оқытудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары бірізділікпен орналастырылған:

2-кесте

№	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Дағдылар
		1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну

1	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау
		1.4 Сұраққа жауап беру
		1.5 Дыбысқа назар аудару
		1.6 Тіл дыбыстарын дұрыс айту
		2
2.2 Сөйлем құрастыра білу		
2.3 Сұрақтарға жауап бере білу (мұғалімнің көмегімен)		
2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату		
3	Жазылым	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары
		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту
		3.4 Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту
		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту
		3.6 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау

57. Бағдарламада ұсынылған оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында "1" - сыныбы, "1.2" - 1-бөлімнің 2-бөлімшесі, "1" - оқыту мақсатының реттік саны.

58. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) тыңдалым және айтылым:

3-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	0 сынып	1 сынып
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 нұсқауды түсіну 0.1.1.2 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату 1.1.1.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 сөз мағынасын түсіну 0.1.2.2 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге	

	берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 қарапайым тапсырмаларды орындай білу	1.1.3.1 сөйлем құрастыру 1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқығанын есіне сақтай отырып айтып беру
1.4 Сұраққа жауап беру	0.1.4.1 сұрақты тыңдай білу, бір сөзбен жауап беру 0.1.4.2 сұрақты тыңдай білу, екі сөзден құралған сөйлеммен жауап беру	1.1.4.1 сұрақтағы сөзді қолдана отырып, жауап беру
1.5 Дыбысқа назар аудару	0.1.5.1 тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата білу (жапырақтың сыбдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс) 0.1.5.2 жануарлардың дыбысын ажырату (сиыр, ит) 0.1.5.3 әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу 0.1.5.4 дауысты дыбыстарды өз ара ажырата білу 0.1.5.5 дауыссыз дыбыстарды өзара ажырата білу 0.1.5.6 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу	1.1.5.1 сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу 1.1.5.2 керекті дыбысы бар сөздерді естіп, ажырата білу 1.1.5.3 дыбыстық құрамы жақын сөздерді ажырата білу (бақа — баға, қас — қаш) 1.1.5.4 артық буынды табу (ба-ба-па-ба) 1.1.5.5 сөздерді анық, қатесіз қайталауға дағдылану 1.1.5.6 сөздерді буынға бөліп айта білу сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтап, бөліп айта білу
1.6 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	0.1.6.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу 0.1.6.2 артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта білу 0.1.6.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын , мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану	1.1.6.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу 1.1.6.2 артикуляциясы қиын дыбыстарды айта білу 1.1.6.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын , мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану

2) ОҚЫЛЫМ:

4-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	0 -сынып	1-сынып
2.1 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.2.1.1 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем) ажырату 0.2.1.2 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем, мәтін) ажырату	1.2.1.1 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну (2-3 сөйлемнен құрылған) 1.2.1.2 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну

	0.2.1.3 қысқа мәтінің мазмұнын түсіну	
2.2 Сөйлем құрастыра білу	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен <i>сұрақ бойынша сөйлем құрастыру</i>	1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен <i>көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру</i> 1.2.2.2 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
2.3 Сұрақтарға жауап бере білу (мұғалімнің көмегімен)	0.2.3.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)	1.2.3.1 мәтін иллюстрациясы бойынша бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.1 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну	1.2.4.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру

3) жазылым:

5-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	0 - сынып	1 - сынып
		2.2 Определение темы и основной мысли текста
		2.3 Определение видов произведений (рассказ, сказка, стихотворение)
		2.4 Формулирование вопросов и ответов
		2.5 Пересказывание прочитанного текста

74. В учебной программе для удобства использования учебных целей введена кодировка. В коде первое число обозначает класс, второе – раздел, третье число – подраздел, четвертое число показывает нумерацию учебной цели. Например, в кодировке 2.2.1.4: "2" – класс, "2.1" – подраздел, "4" – нумерация учебной цели.

75. Система целей обучения:

1) "Слушание и говорение":

таблица 2

Подразделы	Цели обучения		
	Обучающиеся будут:		
	2 класс	3 класс	4 класс
		3.1.1.1 воспринимать звучащую речь, выделять	4.1.1.1 использовать единицы языка в

1.1 Восприятие и воспроизведение основных единиц речи	2.1.1.1 запоминать и отчётливо произносить ряды слоговых комплексов и слов	из речевого потока языковые единицы (предложение, слово, слог, звук)	активной речевой деятельности с соблюдением грамматических и орфоэпических норм
1.2 Понимание содержания аудио/видеоинформации	2.1.2.1 выделять из прослушанного текста информацию в соответствии с поставленной целью	3.1.2.1 ориентироваться в содержании информации 3.1.2.2 использовать разные виды передачи содержания информации	4.1.2.1 воспринимать различную информацию, формулировать вопросы к содержанию информации, отвечать на простые вопросы по содержанию 4.1.2.2 пересказывать содержание в заданной форме
1.3 Прогнозирование событий		3.1.3.1 прогнозировать дальнейшее событие текста по иллюстрациям 3.1.3.2 прогнозировать дальнейшее событие по заголовку и началу	4.1.3.1 прогнозировать дальнейшее событие произведения по поступкам, характеристике героев и событиям 4.1.3.2 обосновывать свой выбор
1.4 Соблюдение речевых норм в зависимости от ситуации общения	2.1.4.1 уметь формулировать свои затруднения, просьбы, обращения в различных ситуациях 2.1.4.2 участвовать в диалоге 2.1.4.3 отвечать на вопросы полным ответом	3.1.4.1 уметь формулировать свои затруднения, просьбы, обращения в различных ситуациях 3.1.4.2 использовать нормы речевого этикета в зависимости от ситуации 3.1.4.3 участвовать в диалоге на заданную тему, задавать вопросы 3.1.4.4 составлять диалог, принимать точку зрения собеседника	4.1.4.1 использовать речевые нормы для планирования и регуляции своей деятельности, в соответствии с целями, условиями, временем, ситуацией
1.5 Привлечение внимания к слушателям	2.1.5.1 адекватно использовать интонацию и невербальные средства общения	3.1.5.1 использовать основные элементы интонации, язык жестов, мимики, обращения к слушателям	4.1.5.1 осознанно и произвольно строить свои сообщения, понятные для партнёра высказывания, используя основные элементы интонации, жесты, мимику. обращения к слушателям
		3.1.6.1 составлять коллективно рассказ на заданную тему, на основе опорных слов на заданные темы (Моя семья, игры детей,	4.1.6.1 составлять коллективно и самостоятельно рассказ

1.6 Составление рассказа на заданную тему	2.1.6.1 составлять рассказ с помощью учителя по картинкам, по аналогии с прочитанным текстом	любимая игрушка, на школьной перемене, мой друг) 3.1.6.2 составлять небольшой рассказ по сюжетной картинке и вопросам учителя 3.1.6.3 использовать прием словесного описания главного героя, события по вопросам учителя	на основе опорного плана , серии сюжетных картин 4.1.6.2 составлять рассказ по личным впечатлениям, серии сюжетных картин, по аналогии с прочитанным педагогом текстом
1.7 Разучивание и рассказывание	2.1.7.1 разучивать с голоса учителя стихотворения, скороговорки, потешки 2.1.7.2 рассказывать потешки, скороговорки, стихотворения 2.1.7.3 пересказывать знакомые сказки; с опорой на иллюстрации	3.1.7.1 разучивать с голоса учителя стихотворения, скороговорки, потешки 3.1.7.2 рассказывать потешки, скороговорки, стихотворения 3.1.7.3 пересказывать знакомую сказку, историю по вопросам учителя	4.1.7.1 рассказывать знакомые потешки, скороговорки, стихотворения 4.1.7.2 использовать при играх скороговорки, потешки 4.1.7.3 разучивать стихотворения 4.1.7.4 выразительно читать стихотворения и басни 4.1.7.5 декламировать стихотворения на праздниках 4.1.7.6 пересказывать знакомые истории, сказки
1.8 Инсценировка и драматизация	2.1.8.1 изображать персонаж литературного произведения с помощью учителя 2.1.8.2 демонстрировать различные эмоциональные состояния человека 2.1.8.3 участвовать в драматизациях сказок	3.1.8.1 изображать персонаж литературного произведения 3.1.8.2 демонстрировать различные эмоциональные состояния человека 3.1.8.3 принимать участие в драматизации сказок	4.1.8.1 изображать персонаж литературного произведения 4.1.8.2 демонстрировать различные эмоциональные состояния человека 4.1.8.3 участвовать в драматизации сказок

2) "Чтение":

таблица 3

Подразделы	Цели обучения		
	Обучающиеся будут:		
	2 класс	3 класс	4 класс
2.1 Использование видов чтения	2.2.1.1 использовать послоговое чтение с переходом к концу года чтению целыми словами 2.2.1.2 использовать чтение вслух	3.2.1.1 использовать чтение целыми словами, а при чтении трудных слов – послоговое чтение 3.2.1.2 использовать чтение вслух и "про себя"	4.2.1.1 выбирать нужный вид чтения в соответствии с целью чтения (ознакомительное, выборочное, чтение вслух, "про себя")

	2.2.1.3 соблюдать при чтении интонации в соответствии со знаками препинания	3.2.1.3 соблюдать при чтении интонации в соответствии со знаками препинания	4.2.1.2 соблюдать при чтении интонации в соответствии со знаками препинания
2.2 Определение темы и основной мысли текста	2.2.2.1 определять основное содержание текста с опорой на иллюстрацию к тексту и название	3.2.2.1 определять с помощью учителя тему текста и основную мысль 3.2.2.2 делить текст на части и озаглавливать каждую часть с помощью учителя 3.2.2.3 устанавливать связи отдельных фрагментов текста, слов и выражений с иллюстрацией к тексту	4.2.2.1 определять тему текста, находить с помощью учителя часть или предложение, в котором заключена основная мысль текста 4.2.2.2 делить текст на части и озаглавливать каждую часть с помощью учителя 4.2.2.3 делить текст на части и озаглавливать каждую часть с помощью учителя 4.2.2.4 выделять главных действующих лиц, оценивать их поступки; 4.2.2.5 делать выбор в тексте слов, выражений, характеризующих героев, события, картины природы 4.2.2.6 понимать главную мысль произведения, последовательность, причинность событий
2.3 Определение видов произведений (рассказ, сказка, стихотворение)	2.2.3.1 различать стихотворные и повествовательные произведения	3.2.3.1 определять с помощью учителя вид произведения	4.2.3.1 определять с помощью учителя вид произведения и доказать свой выбор
2.4 Формулирование вопросов и ответов	2.2.4.1 формулировать простые уточняющие вопросы по действию 2.2.4.2 отвечать на вопросы по содержанию прочитанного с опорой на иллюстрации к тексту 2.2.4.3 находить в тексте предложения для ответа на поставленные вопросы	3.2.4.1 формулировать простые, уточняющие, требующие доказательства, вопросы по содержанию прочитанного 3.2.4.2 отвечать на вопросы по содержанию прочитанного	4.2.4.1 формулировать простые, уточняющие, требующие доказательства, вопросы по содержанию прочитанного 4.2.4.2 давать развернутый ответ на вопросы к прочитанному тексту
2.5 Пересказывание прочитанного текста	2.2.5.1 пересказывать текст по вопросам учителя с постепенным переходом к самостоятельному пересказу, близкому к тексту	3.2.5.1 пересказывать текст по вопросам учителя, с опорой на серию картинок	4.2.5.1 пересказывать текст подробно, кратко, сохраняя последовательность событий

76. Долгосрочное планирование определяется учителем самостоятельно через распределение целей обучения по четвертям в соответствии со сквозными темами с учетом особенностей и возможностей обучающихся данной категории. При этом используются сквозные темы представленные в общеобразовательных учебных программ.

Приложение 300
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 300 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Русский язык" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 2-4 классов уровня начального образования (с нерусским языком обучения) по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарланған коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

8. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандарды, кәсіпорындарды, ақпарат көздерін) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде аталған пәннің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез-келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға бағытталған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Орыс тілі" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. Орыс тілін арнайы мектепте қазақ тілінде оқытудың үлкен білімдік маңызы бар және Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қарым-қатынастың маңызды құралы болып табылады..

14. "Орыс тілі" пәнін оқыту ықпал етеді:

- 1) ауызша және жазбаша сөйлеу коммуникативтік дағдыларын дамытады;
- 2) байланыстырып сөйлеуін дамытады (диалог, монолог, әңгіме);
- 3) саналы, мәнерлеп оқуын дамыту;
- 4) жалпыадамзаттық құндылықтарын қалыптастырады.

15. "Орыс тілі" пәні бағдарламасы білім алушылардың коммуникативтік, дүниетанымдық дағдылар негізін қалыптастыруға, түрлі ақпараттық қарым-қатынас саласында қолжетімді деңгейде пайдалануға мүмкіндік береді (әлеуметтік, көркем, ғылыми-көпшілік).

16. Бағдарлама мазмұны білім алушылардың салт-дәстүрмен танысуына көмектеседі, басқалармен толерантты қарым-қатынасын тәрбиелейді, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсінігін қалыптастырады.

17. Орыс тілін білу арқылы білім алушылардың қоршаған ортада, әлеуметтік-тұрмыстық іс-әрекетте, оқудағы жағдаяттық-сөйлесім тәртібіне табысты бейімделуге көмектеседі

18. Орыс тілін білім алушыларға ұлттық арнайы мектепте оқытудың мақсаты - коммуникация құралы ретінде орыс тілінің қарапайым элементтерімен орыс тілінде тілдік қарым-қатынас жасауын қалыптастыру.

19. Орыс тілін оқу тиімді болу үшін барлық кешенді тапсырмаларды көрсету :

1) білім алушылардың жалпы дамуы мен тәрбиелік мақсаттары:

орыс тілі сабағында білім алушылардың интернационалдық сезімін тәрбиелеу ;

білім алушылардың ой-өрісін кеңейту, сабақта негізгі ұғымдармен және жаңа сөздерді үйрету құбылыстарымен таныстыру;

білім алушылардың танымдық, есте сақтау, зейінін, сөйлеу әсерін, тілдік құбылыстарға байқағыштық қабілеттерін дамыту;

тілдік сөйлеу белсенділігін, тілдік өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту;

қоршаған ортаның және педагогтің сөзін түсіну дағдысын дамыту;

орыс тілінде сөйлеу, жазу, оқу дағдыларын дамыту;

2) білім алушылардың орыс тілі фонетикасының негіздерін оқуда барлық дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру:

барлық дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру;

орыс тілінде жеке тұрғанда және сөз құрамының ішінде болғанда;

жіңішке-жуан, дауысты-дауыссыз дыбыстар ұғымын түсіну және айту барысында айыра білу;

ана тілінде жоқ барлық дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру;

3) білім алушылардың орыс тілі лексикасы негіздерін оқуда іске асырылатын міндеттер:

білім алушылардың сөздік минимумінде қарастырылған орыс лексикасы қорын құру;

мағынасы мен белгілеріне қарай топтастыра отырып, білім алушыларды жаңа сөздермен таныстыру, (тақырыпқа сәйкес);

көрнекі құралдарды барынша пайдалана отырып жаңа сөздердің мағынасын ашу; барлық сөздерді дұрыс айтуына қол жеткізу;

4) білім алушылардың орыс тілі грамматика негіздері мен дұрыс жазуы іске асырылатын міндеттер:

білім алушыларды орыс тілінің грамматикалық құбылыстарымен таныстыру;

білім алушыларды көптеген пәндерді ажырата білуге, зат есімнің жалғауларын қолдану ережелерін үйрету;

зат есімнің грамматикалық түрлерін білуін қалыптастыру;

зат есімнің түрлерін анықтағанда жалғауларға сүйенуді үйрену;

білім алушыларды сын есімді зат есіммен септіктер, түрлері арқылы, байланыстыруды үйрету;

білім алушыларды етістіктің жалғауларын шақ пен жағына қарамастан өзгертуді үйрету;

септік формаларындағы жалғаулықтарды дұрыс қолдануды үйрету;

сөзжасамның және түрлі құрылымдағы сөйлем құраудың дағдыларын меңгеру;

5) байланыстырып сөйлеу міндеттерін қалыптастыру:

диалогтік, монологтік сөйлеуді дамыту;

білім алушылардың жағдаяттарды жазу үшін күрделілігі түрлі деңгейдегі фразаларды өз бетінше құрастыру (өтінім, сипаттау);

өз ойын байланыстырып жеткізе алуды үйрету;

білім алушыларды оқылған тілдік материалдарды шығармашылықпен пайдалануды үйрету .

20. Арнайы мектептің бастауыш сатысында аталған пәнді оқыту тұрмыстық жағдаятта қарым –қатынас жасаудың қарапайым дағдыларын меңгеруді үйрету.

3-тарау Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

21. Орыс тілі пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәсілдерін іске асыру жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттілігін қанағаттандыру арнайы педагогика принциптеріне бағытталған.

22. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды түзете-дамыту бағыты принципі арнайы әдістермен, оқыту тәсілдерімен және оқыту іс-әрекетімен қамтамасыз етілген. Сондықтан олардың ойлау процесінің енжарлығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, сөйлеу әрекетінің нашар дамуы, жинақтаушы және абстракциялаушы ойлау қызметінің

әлсіздігі ескерілу қажет. Білім алушылармен жұмыс барысында олардың еліктегіштік қабілетіне, көрнекі-іс-әрекет ойлау мүмкіндіктерінің сақталуына сүйену керек. Орыс тілінде оқыту білім алушылардың қабылдау, еске сақтау, сөйлеу, ойлау қызметінің дамуына жағдай жасайды. Басталған істі аяғына дейін жеткізу, қиындықты жеңу, дербес және мұқият болу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігі құрылады.

23. Әлеуметтік-бейімделу принципіне бағытталған оқыту жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделмеуін азайтады немесе жояды. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін тәртіп нормалары, өмірлік дағдылар, тәртібі, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, күрделі әлеуметтік дағдылармен аяқталатын арнайы жұмыс қарастырылған.

24. Ойлау, тіл және коммуникациялар дағдыларының принципі білім алу құралы болып табылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеу тілін дамытудың, ойлаудың, қарым-қатынас жасаудың арнайы проблемалары орын алған, олардың оқудағы табыстылығы мен әлеуметтенуін қамтамасыз етілуі педагогикалық құралдар арқылы өтеледі.

25. Іс-әрекет принцип тәсілдері. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінде оқу материалын ұғыну үшін жағдай жасалады, пәндік-практикалық іс-әрекетте педагог басшылығы кеңінен қолданылады Пәндік-практикалық іс – әрекет жоғары психикалық қызметтің сенсомоторикалық негізін дамытуға мүмкіндік береді (қабылдау, сөйлеу, ойлау), білім алушылардың жалпы білім беретін пәндер бойынша білім, білік, дағдыларын, өмірлік тәжірибелерінің аздығын өтейді.

26. Саралау принципі мен даралау тәсілі. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды ұжымдық оқу процесі жағдайында саралау тәсілі олардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен шартталған, оқу материалын меңгеруде көрінеді және алынған білім, білік және дағдыларының сапасына әсер етеді. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арнайы мектепте және сыныпта білім беру процесі 4 типологиялық топқа бөлінетін педагогикалық классификациялау негізінде жүзеге асады (В.В. Воронкова бойынша). Әр типологиялық топта білім алушылардың қолжетімді мүмкіндігіне қарай күрделілігі мен көлеміне байланысты педагог оқу материалының мазмұнын іріктейді. Оқудың қарқыны білім алушылардың дербестік деңгейіне, оқудың әдісі мен тәсіліне қарай түрленіп отырады. Білім алушыларды топқа бөлу шартты түрде және қозғалмалы болып келеді. Саралау тәсілі оқытудың даралау тәсілімен толықтырылады.

27. Оқытудағы коммуникативті тәсіл – ақпаратты хабарлау және беру, біліммен алмасу, сөйлесім қарым-қатынасы процесіндегі білік және дағдылар. Тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті оқу нәтижесі болып табылады.

28. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттігі принципі. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға дербес оқу-танымдық іс-әрекет жасау, әсіресе 3 және 4 типологиялық топта қиын немесе мүмкін емес, сондықтан оқу тапсырмаларын табысты орындау үшін педагог білім алушының жетілмеген қызметін өзіне алады. Арнайы педагог ақыл-ой

кемістігі бар білім алушылардың жалпы даму заңдылығын, сыныптағы әр оқушының танымдық мүмкіндігін білетіндіктен арнайы оқу әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін бағыттап отырады. П.Я. Гальпериннің ақыл-ой іс-әрекетін біртіндеп қалыптастыру теориясы орыс тіліне оқыту процесі бойынша арнайы педагогикалық жетекшілік жасаудың психологиялық негізі болады.

29. Орыс тіліне оқыту процесін арнайы әдістемелік принциптер негізінде ұйымдастырылса педагогикалық тапсырмалар дұрыс шешіледі.

30. Арнайы мектептің бастауыш сыныбында 3 кезеңде рет-ретімен оқытылатын барлық оқу материалдары концентрлерге бөлінген. Әр кезеңде тілдің түрлі бөлімдері туралы түсінік қалыптасады (фонетика, лексика және морфемика, грамматика емле ережесі, байланыстырып сөйлеу). Әр кезең материалы аяқталған және жүйелі, өткен және келесі модулдермен логикалық байланысты. Көлемі мен күрделілігі біртіндеп өсіп отырады.

31. Білім алушылар жаңа кезеңге материалды оқу үшін бұрынғы алған дағдыларын қалыптастыруы бойынша көшіріледі. Мұғалім әр кезең үшін анықталған білім алушыларды қалыптастыруға қажетті дағдылар мен біліктерді, уақыт кезеңін өзі дербес анықтайды. Жекелеген білім алушылардың немесе сыныптың мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан мектептегі оқу барысында 2 және 3 кезеңнің материалын ғана меңгереді. Мұғалім материалды қолжетімді деңгейдегі күрделілік пен көлемде үйрену үшін балалармен жұмыс жасайды. Бұл оқытудың нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

32. Бағдарламада білім алушылардың күнделікті іс-әрекетте іске асырылатын практикалық сөйлеу біліктіліктерін қалыптастыруға ерекше мән берілген, бұл білім алушылардың ақыл-ой іс-әрекетін шектеу арқылы шартталған.

33. Тілді оқытудың бастапқы кезеңінде орыс тіліндегі ауызша сөйлесімді түсінуін қалыптастыру негізі болып табылады. Нақтылау, кеңейту, сөздік қорын белсенділендіру бұл , орфоэпиялық дағдыларын қалыптастырумен, естіп сөйлеуін түзету жүйелі жұмысымен қатар жүреді. Ол үшін әңгіме, шағын өлеңдер жаттау, жұмбақ, жаңылтпаш, тілдік ойындар қолдануға болады. Мұғалім өз сөзін мысал ете отырып сөзді орфоэпиялық дұрыс айтуға, сұраққа дұрыс жауап беруге, орыс тілінде қарпайым сұрақтар қоюға, сөзді , сөйлемді, шағын мәтіндерді оқуға жетелейді. (2-3 жай сөйлем).

34. 3-сыныптан бастап білім алушылар дыбыспен практикалық жаттығулар жасайды , ал содан кейін сөзге дыбыстық, әріптік талдау жасайды. Жұмыстың бұл түрі естіп сөйлеуін, әрбір әріп пен дыбыстың сөздегі орнын көруге, дұрыс айтуға, жазуға, жаңа сөздерді есте сақтауын дамыту үшін үлкен маңызы бар.

35. Фонетика-фонематикалық ерекшелік жағын ескере отырып арнайы мектепте білім алушылар дыбыстардың айырмашылығы мен дұрыс айтылуына ерекше мән береді. Орыс тілінің төл дыбыстарын: в, ч, щ, ц, ф. ретімен мақсатты түрде оқыту қажет

36. Тілді оқытудың бастапқы кезеңінде келесі құралдарды қолдану қажет: сынып тақтасы, қиып салынған әріптер ұяшығы; терім мата; буындар ұяшығы; буындар кестесі: пәндік терім, жағдаяттық, сюжеттік суреттер; түрлі-түсті фишкалар: буындар үшін жолақ, дыбыстық, әріптік талдауға (дербес ашық хат); алфавит; кесте.

37. Сөздерді сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар: сөзді, сөйлемдерді, қалып қойған әріптерді, буындарды, теріп жазу, тақтадан, оқулықтан көшіріп жазу, айтылған сөздерді; есте сақтау арқылы, талданған сөздерді көшіріп жазу .

38. Бастауыш сыныпта тыңдалым, айтылым, оқылым , саналы түрде көшіріп жазу, орфографиялық айтып отыру арқылы көшіру орыс тілін меңгерудің негізгі жұмыс түрлерінің бірі . Орыс тілі сабағында оқу процесінде түзете-тәрбиелеу мақсатының түрлеріне рұқсат берілген: білім алушыларға эстетикалық, адамгершілік, патриоттық тәрбие, сөйлеу тілін дамыту, лексикасын дамыту, логикалық ойлауы мен есте сақтауын дамыту жүзеге асырылады.

39. Оқу дағдыларын табысты қалыптастыру білім алушылардың оқығанын түсінуіне байланысты. Сондықтан бағдарламада мұғалімнің назары оқып түсінуді және ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге баса назар аударылады.

40. Оқу барысында олардың фактілерді (не? қайда? қашан?) дұрыс қабылдауын анықтау қажет, себеп-салдарлық байланысын қоя ала ма (неге? Не үшін?), оқығанның мағынасын түсіне ме.

41. Орыс тілін оқу барысында білім алушылармен жүргізілетін сөздік жұмысының маңызы зор. Ол саналы оқуды қалыптастыруға, сөздік қорын молайтуға, жекелеген сөздердің дұрыс жазылуына, дұрыс айтылуына ықпал етеді. Сөздік жұмысының мазмұны жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру және оқушылардың белсенді сөйлеуін жүргізу. (ауызша және жазбаша). Орыс тілі сабағында білім алушылардың тілдік белсенділігін көтеру үшін орындалатын тілдік іс-әрекетке тұрақты қызығушылығын, эмоционалды қарым-қатынасын арттыратын ойын тәсілдерін кеңінен қолдану қажет, Бағдарламалық тақырыптарды меңгеру барысында тілдік жағдаят құру қажет.

42. Көрнекі материалдардың көмегі арқылы ойша жағдаят құруға болады, үнемі сабақта болатын табиғи жағдаят: сыныптағы сабақта, саяхатта, пән бойынша сурет салуда. Мысалы, "Ойыншықтар" тақырыбын өткенде "Біз түскі ас ішіп отырмыз" ойша жағдаятын құруға болады. Білім алушылар түскі асқа үстел дайындауға қатысады.

43. Сөздік жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін 3-4 сыныпта тақырыптық сөздік жүргізу керек. Онда олар сөздерді жазады, ол білім алушылардың есіне сақтайтын белсенді сөздік қорына енеді.

44. Жаңа сөздердің мағынасын түсіну үшін орыс тілінде түсіндіру қажет. Басқа жағдайларда қазақ тілінен басқа тілдерге аударғанда қазақ тілін қолдануға болады.

45. Ұлттық мектептерде оқушыларды орыс тіліне үйретудің басты шарты мұғалімнің сөзі мен оқуы үлкен қызмет атқарады. Педагогтің сөйлеу тілі оқушылардың

еліктеуіне үлгі болады. Арнайы мектепте мәтінді алғашқы оқуға ерекше мән беріледі, яғни алғаш мәтінді оқу оның мағынасын түсінуде үлкен рөлі барын эксперименттік зерттеулер мәліметтері куә болады (В.Г. Петрова) Егер білім алушылар бірінші оқығанда дұрыс түсінбесе онда келесі оқығанда да осы қатені көп қайталайтын болады. Арнайы мектепте осы ерекшелікті ескере отырып, мәтінді алғашқы оқуды тіпті өте жақсы оқитын білім алушыға да тапсыруға болмайды. Алғашқы оқудан кейін мұғалім 2-3 сұрақпен тыңдалғанның мазмұнын түсінгенін сұрайды. Одан кейін мұғалім тағы бір рет оқып, білім алушылар кітапқа қарайды. Білім алушылар кітапқа қарап қана отырмай екпін түсіруді, дұрыс айтуды, мәнерлеп оқуды қоса қарап отыру үшін мұғалім оқу қарқынын ақырындату қажет.

46. Орыс сөйлеу тілінің дағдыларын бекіту үшін режимдік кезеңдерін көрсетеді. Серуендеуге шығардағы киінетін кезде киімдердің, аяқ киімдердің атын бекіту қажет. Түсіну және екі кезеңді, үш кезеңді нұсқауларды қолдану (бас кимінді ки, аяқ киімінді шкафқа қой).

47. Орыс тілінің ауызекі сөйлеу дағдыларын үйренген тілдік материалдар бойынша мереке күндері, ертеңгіліктерде, телехабарлар, фильмдер, диафильмдер көруде, радиохабарларды тыңдауда белсенділендіре түсуге болады.

48. Тұрмыстық еңбек процесінде (кезекшілік, гүлдер мен жануарларды күтуде, үй-жайды жинауда) екпін түсіруді, дұрыс айтуды, мәнерлеп оқуды сөздерді бектуге үлкен мүмкіндік болады.

49. Бағдарламада білім алушылардың орыс тілін оқу процесінде меңгеретін негізгі білік және дағдылары анықталған. Білім алушылардың білім, білік және дағдылары әңгімелесу, ауызша, жазбаша тапсырмаларды орындау процесінде тексеріледі. Орыс тілі пәні бойынша бақылау жұмыстары өткізілмейді. Орыс тілі пәні бойынша күнтізбелік жоспар арнайы мектепке арналған схема бойынша қосымша графаға " Лексиканы меңгеруі" құрылады.

50. Мұғалім оқытуда түрлі стратегияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы дамытады:

- 1) білім алушыларды түрлі коммуникативтік іс-әрекетке белсенді еліктіру;
- 2) таныстыру оқу түрі арқылы білімді өз бетімен іздеу қызығушылығын қалыптастыру;
- 3) одан әрі дамуы үшін бағалаудың түрлі тәсілдерін қолдану, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін түрлі жағдаяттар құру;
- 4) білім алушылардың оқуға ынталандыру мен қызығушылығын арттыру үшін оқытуды саралау.

51. "Орыс тілі" пәнін оқытуда көрнекі құралдарға үлкен мән беріледі. Орыс тілі пәні сабағында дұрыс қолданылған көрнекілік ережелер мен түсініктер, логикалық ойлауы мен ауызекі сөйлеуін дамытуға, нақты құбылыс туралы талдау жасап қорытынды шығаруға және оны практикада қолдануын қалыптастыруға ықпал етеді. Түрлі

қолданылған көрнекіліктер білім алушылардың белсенділігін арттырып, назарын дамытуға, материалды мықты меңгеруге, уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Дидактикалық материал. Негізгі түсініктерді қалыптастыру үшін, сонымен қатар жазылым және айтылым дағдыларын жетілдіру үшін түрлі дидактикалық материалдар қолдану қажет. Дидактикалық материал оқыту процесінің дербес және белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. обучения. Дидактикалық материалдарды пәндік дидактикалық материал; тапсырмалары берілген кеспе карталар түріндегі дидактикалық материалдар деп екіге бөлуге болады. Пәндік материалды жаңа тақырыпты түсіндіру және бекіту барысында қолдану қажет. Кеспе карталар түріндегі дидактикалық материалдар білім алушылардың дербес ерекшелігіне қарай беймделуді қамтамасыз етеді.

52. Қазақ тілінде оқытатын арнайы мектепте орыс тілінің бірыңғай сабағы өткізіледі (кіріктірілген). Әдебиет пен орыс тілін жеке-жеке бөліп өткізу ұсынылмайды.

53. Орыс тілі пәні сабағы басқа пәндермен тығыз байланыста өткізіледі: қоршаған әлеммен танысу, математика, әдебиет, әлеуметтік-тұрмыстық бағыттылық, бейнелеу өнері, бұзылған тілін түзету.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

54. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау талаптарына гуманизация идеясын жатады.

55. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың орыс тілі пәні бойынша оқу материалын меңгеру нәтижесін бағалау нормалары деңгейлік мақсаттарға, тексеруді ұйымдастыруды бірыңғай тәсілдерді және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негізделген.

56. Деңгейлік мақсат, сынып оқушыларының оқу процесінде нақты бағдарламада көрсетілген, күтілетін нәтижелер негізінде мұғалім жасаған орыс тілін оқытуды жобалау барысы критериалды бағалау сипаттамасы мен білім алушылардың оқу жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

57. Бағалау құралы деңгейлік оқу мақсаттарымен анықталған дағдылар қалыптастыратын тапсырмалар мен жаттығулар.

58. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау бойынша жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасын меңгеруін бағалауды мұғалім сабақта оқыту процесі барысында жүзеге асырады. Арнайы педагогика принциптеріне тиісті – " бірыңғай диагностикалау және түзете-дамыту жұмыстары", соның негізінде ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың барлық педагогикалық процесі құрылады, педагогтер бақылау бағалау іс-әрекеттерін жүйелі жүргізіп отырады.

59. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды бағалау нәтижесі ағымдағы (күнтізбелік), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

60. Ағымдағы бақылау білім алушылардың сабақтағы іс-әрекетіне бақылау, практикалық және өзіндік жұмысқа талдау жасау, ұжымдық жұмыс түрлері көмегімен жүргізіледі. Оның нәтижесі күнтізбелік кестеде белгіленеді. Күнтізбелік бақылауды педагог оқу әдістері мен мазмұнын түзету үшін оқу процесін сапалы қамтамасыз ету үшін қолданады. Бұндай бақылау білім алушылар қарым-қатынасындағы ынталандырушы және тәрбиелік мәні бар сипатта болады.

61. Кезеңдік бақылау бақдарламалық тақырыптарды, бөлімдері оқыған соң өткізіледі. Оның нәтижесі білім алушылардың курс тақырыптары бойынша жесітік картасында белгіленеді. Педагог оқу нәтижесі оқу материалының нақты тақырып аясында және білім алушылардың әртүрлі типологиялық топтардан болатынын түсінеді және оған дайын болады. 1-типологиялық топтың (В.В. Воронкова бойынша) білім алушылары оқу материалын меңгеруін білімді қолдану деңгейінде көрсетеді. 2-типологиялық топ – негізгі тақырып мазмұнын түсіну деңгейінде көрсетеді. 3-типологиялық топтың білім алушылары материалды тану деңгейінде көрсетеді, және өз білімін өзекті ету барысында мұғалімнің көмегіне жүгінеді. 4-типологиялық топтың білім алушыларын жеке бағдарлама аясында жетістіктерін бағалау жүзеге асырылады.

62. Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың соңында өткізіледі. Педагогтер міндетті түрде сыныптағы әрбір білім алушылардың жыл бойғы бақыланған жетістігі мен даму динамикасына талдау жасайды, жетістік картасына белгілейді.

63. Бағалау көмегімен педагог алған ақпарат дағды мен біліктерді меңгеруде қиындыққа сәйкес дер уақытында әсер етуге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға дербес көмек берудің тәсілдері мен мазмұнын негіздеп анықтауға мүмкіндік алады.

64. Сипатталған баға білімді меңгеруі мен даму деңгейін және білім алушылармен жұмыс жасаудың келесі қадамдарын анықтайды. Сипатталған баға ғана білім алушыларға тиісті өзіндік баға беру мүмкіндігін қалыптастырады. Білім алушыларды бірі бірімен салыстыруға болмайды. Білім алушылардың жетістіктерін алдыңғы жетістіктерімен ғана салыстыруға болады. . Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім сапасы мен үлгерімін шығару қисынсыз болып табылады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды екінші жылға қалдырмайды.

65. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға критериалды сипатталған баға қолдану педагогтің бағалау іс-әрекетіндегі шынайылығын қамтамасыз етеді.

5-тарау "Орыс тілі" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

66. "Орыс тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 2) 3-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 3) 4-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

67. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиениналық нормаларға сәйкес мектеп жабдықтарымен жабдықталады.

68. Жұмыстың әртүрлі формалары (жеке, жұптық, топтық) мен түрлерін (ойындар мен белсенді әдістер) өткізу үшін жеңіл қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Сондай-ақ, кітап сөрелері, стендтер және білім алушы жұмыстарының көрмесіне арналған орын болуы міндетті

69. Оқу пәнінің мазмұны. "Орыс тілі" пәнінің мазмұнын анықтау үшін орыс тіліне оқытудың мақсаттар жүйесі құрылған. Олар келесі бөлімдерден тұрады:

1) "Тыңдалым" бөлімі мұғалім мен білім алушылардың сөзін, аудио (видео) жазылымдарды тыңдап, тыңдалғанның мағынасын түсінуін қалыптастыруға бағытталған ;

2) "Айтылым" бөлімі ауызша формада ойын жеткізу, ойын айту дағдысын дамытуға бағытталған;

3) "Жазылым және оқылым" бөлімі орыс тілінің дыбыстарын оқу мен жазуға, оқығанын түсінуге, оқу дағдысын дамытуға, қарапайым сөздерге әріптік талдау жасауға бағытталған.

70. Сөйлеу әрекетінің түрлері:

1- кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер
Тыңдалым	1.1 Білім алушылардың нұсқауды тыңдауы және түсінуі
	1.2 Түрлі мақсатта айтылған нұсқауды мақсатына қарай түсіну және ажырата білу
	1.3 Терминдердің мағынасын түсіну және меңгеру: сөйлем, буын, әріп, дыбыс, нүкте, үтір, сұрақ белгісі, леп белгісі
	1.4 Сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын түсіну
Айтылым	2.1 Ойын және оқу іс-әрекеті процесінде қолжетімді деңгейде қарапайым ауызекі сөйлеу элементтерін қолдану
	2.2 Түрлі грамматикалық категориядағы сөздерді қолдану және меңгеру
	2.3 Диалог жүргізе білу
	2.4 Байланыстырып сөйлеуін дамыту
Оқылым және жазылым	3.1 Орыс тіліндегі сөз, сөйлем, буын және сөз тіркесінің жазылуы мен оқылуын меңгеру

71. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 2.1.2.4. кодында "2" - сынып, "1.2" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны:

72. Оқытудың мақсаттар жүйесі. Оқу бағдарламасында күтілетін нәтиже оқытудың мақсаттар жүйесі ретінде тұжырымдалған. Бөлімдер бойынша оқу материалын оқытудың мазмұны мен реттілігін анықтауға қызмет ететін, білім алушылардың жетістіктерін бағалайтын бағалау критерийлері болып табылады.

73. Мақсат қою білім алушылардың білімді меңгеру қадамдары мен дербес оқыту процесін басқаруға мүмкіндік береді.

74. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) тыңдалым:

2-кесте

Дағдылар	Білім алушылар		
	2- сынып	3 -сынып	4 -сынып
1.1 Білім алушылардың нұсқауды тыңдауы және түсінуі	<p>2.1.1.1 қарапайым нұсқауды, мұғалім өтінішін тыңдауы және түсінуі, оқу процесін ұйымдастыру іс-әрекетін және тұрмыстық іс-әрекетке дұрыс әсер ету (мимиканы, ым-ишараны қолдану)</p> <p>2.1.1.2 тілдік үлгілерді қайталау</p> <p>2.1.1.3 күнделікті тұрмыстағы қарым-қатынаста жаңа сөздердің мағынасын түсіну</p> <p>2.1.1.4 тыңдалған мәтінде Не? Не туралы? екенін түсіну</p>	<p>3.1.1.1 2-3 сөзден тұратын нұсқауды тыңдауы және түсінуі ("Орнынан тұр". "Доп әкел"). Қарапайым фразаларды қайталау</p> <p>3.1.1.2. 3-4 сөзден тұратын нұсқауды тыңдауы және түсінуі Қарапайым фразаларды қайталау.</p> <p>3.1.1.3 Қаратылып айтылған сөзді түсіну. Оған тиісті жауап беру.</p>	<p>4.1.1.1 2-3 қадамдық нұсқаудың мағынасын түсінуі ("Терезе алдына бар да су құйғышты алып гүлдерге су құй")</p> <p>4.1.1.2 тыңдау арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстарды, жуан, жіңішке, ашық, қысаң дыбыстарды ажырата білу керек</p> <p>4.1.1.3 , аудио, мұғалім дауысынан тілдік үлгілерді тыңдауы және түсінуі</p> <p>4.1.1.4 күнделікті өмірге қатысы бар жаңа сөздердің мағынасын түсіну,</p>
1.2 Түрлі мақсатта айтылған нұсқауды мақсатына қарай түсіну және ажырата білу	<p>2.1.2.1 сұрақ қою екінің ажырату</p> <p>2.1.2.2 хабарлау екінің ажырату</p> <p>2.1.2.3 леп белгісін қою екінің ажырату</p> <p>2.1.2.4 қойылған сұраққа тиісті жауап беру</p> <p>Оған бір сөзбен жауап беру.</p>	<p>3.1.2.1 мұғалімге сұрақ қою арқылы көмегімен сұраулы сөйлемді анықтау</p> <p>3.1.2.2. Қойылған сұраққа тиісті жауап беру</p> <p>Оған бір сөзбен жауап беру.</p> <p>3.1.2.3 мақсатына қарай айтылуы бойынша екінің қойылуын түсіну</p>	<p>4.1.2.1 хабарлы сипаттағы қысқа айтылым мазмұнын түсіну</p> <p>4.1.2.2 түрлі мақсатта айтылған сөйлемдерді екінің қойып дұрыс айту (хабарлы, сұраулы, қозғау салатын) оқу барысында</p> <p>4.1.2.3 мақсатына қарай айтылған сөйлемдерге екінің дұрыс қою (хабарлы, сұраулы, қозғау салатын) сөйлесуде мұғалімнің екінің еліктеу жолымен</p>
	<p>2.1.3.1 терминдердің мағынасын түсіну және меңгеру: сөйлем, буын,</p>	<p>3.1.3.1 орыс тіліндегі сөйлеу этикет элементтерін қолдану:</p>	<p>4.1.3.1 Терминдердің мағынасын түсіну және</p>

1.3 Терминдердің мағынасын түсіну және меңгеру: сөйлем, буын, әріп, дыбыс, нүкте, үтір, сұрақ белгісі, леп белгісі	әріп, дыбыс 2.1.3.2 терминдердің мағынасын түсіну және меңгеру: нүкте, үтір, сұрақ белгісі, леп белгісі	сәлемдесу, қоштасу, өтінім 3.1.3.2 тыныс белгілерін қолдану және ажырату (мұғалім көмегімен)	меңгеру: сөйлем, буын, әріп, дыбыс, нүкте, үтір, сұрақ белгісі, леп белгісі 4.1.3.2 тыныс белгілерін өз бетімен қолдану
1.4 Сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын түсіну	2.1.4.1 дауысты және дауыссыз дыбыстарды, ажырата білу 2.1.4.2 тақырып бойынша жаңа сөздердің және шылаулардың мағынасын түсіну 2.1.4.3 сөйлеу барысында танысу үшін сөз, сөз тіркесін қолдану, заттың аты 2.1.4.4 жекеше және көпше түрдегі зат есімдердің мағынасын түсіну (кітап-кітаптар, алма-алмалар)	3.1.4.1 тақырып бойынша жаңа сөздердің мағынасын түсіну 3.1.4.2 жай сөйлемдегі шылаулар мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну 3.1.4.3 шақ пен жаққа қатыссыз етістіктерді түсіну (Мен келдім. Ол келді.) 3.1.4.4 бір немесе бірне затты білдіретін сөздерді қолдану 3.1.4.5 синонимдер мен антонимдердің мағынасын түсіну	4.1.4.1 дыбыс, сөз, сөйлемдерді білу 4.1.4.2 оқылған мәтіннің мағынасын түсіну 4.1.4.3 оқылған өлеңнің мағынасын түсіну 4.1.4.4 мағынасы жақын, мағынасы қарама-қарсы сөздердің мағынасын түсіну 4.1.4.5 өтілген тақырып бойынша өз сөзін қолдану, келесі кезеңде жаңа сөздерді меңгеру 4.1.4.6 жазылуы бірдей сөздердің мағынасын түсіну

2) айтылым:

3-кесте

Дағдылар	Білім алушылар		
	2- сынып	3- сынып	4- сынып
2.1 Ойын және оқу іс-әрекеті процесінде қолжетімді деңгейде қарапайым ауызекі сөйлеу элементтерін қолдану	2.2.1.1 орыс тіліндегі сөйлеу этикет элементтерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, өтінім 2.2.1.2 білім алушылардың белсенді сөйлеу тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді қолдану 2.2.1.3 тілдік үлгілерді көшіру	3.2.1.1 орыс тіліндегі сөйлеу этикет элементтерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, өтінім 3.2.1.2 түрлі жағдаяттағы қарым-қатынаста сыпайы формадағы сөздерді қолдану: сәлеметсіз бе, сау болыңыз, рақмет, мархабат	4.2.1.1 мұғалім көмегімен тілегі мен өтінішін айту білігі 4.2.1.2 танысу барысында сөйлеу этикетін сақтау (Сіздің атыңыз кім? Сіздің фамилия кім? Менің атым ... Сенің фамилияң...); өтінім барысындағы сөйлеу этикеті (Кітабыңызды бере тұрыңызшы. Қарындашты алуға бола ма?) 4.2.1.3 өз бетімен тілегі мен өтінішін айту білу
	2.2.2.1 заттың атын білдіретін сөздерді қолдану үлгілер бойынша және ұқсастық бойынша	3.2.2.1 заттың белгілерін білдіретін сөздерді білу және дұрыс қолдану. Үлгілер бойынша және	4.2.2.1 затты, заттың белгілерін, санды білдіретін сөздерді жекеше түрде сөздерді байланыстыра білу 4.2.2.2 септік жалғауларының мағынасын түсіну

<p>2.2 Түрлі грамматикалық категориядағы сөздерді қолдану және меңгеру</p>	<p>келесі моделдерді меңгеру: Бұл - кітап. Бұл - қалам. 2.2.2.2 заттың іс-әрекетін білдіретін сөздерді ауызекі сөйлеуде қолдану 2.2.2.3 заттың атын білдіретін сөздерді ауызекі сөйлеуде қолдану , Кім? Не? сұрағына жауап беретін сөздер 2.2.2.4 заттың іс-әрекетін білдіретін сөздерді ауызекі сөйлеуде қолдану . үлгілер бойынша және ұқсастық бойынша келесі сөйлеу моделдерін қолдану: Мамам ұйықтап жатыр спит. Әнуар жазып отыр 2.2.2.5 заттың іс-әрекетін білдіретін сөздерді, сөз санымен келісіп алу</p>	<p>ұқсастық бойынша келесі сөйлеу моделдерін қолдану: Бұл- қызыл доп. Бұл- көк қарындаш 3.2.2.2 заттың меншіктілігін білдіретін сөздерді ауызекі сөйлеуде қолдану (менің, менікі) 3.2.2.3 есімдікті білдіретін сөздерді білу ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану (ол) 3.2.2.4 санды білдіретін сөздерді білу ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану (1-10) 3.2.2.5 санды білдіретін сөздермен затты білдіретін сөздерді байланыстыра білу</p>	<p>4.2.2.3 сұрақтың көмегімен сөз бен сөйлемнің байланысын білу 4.2.2.4 сұрақтар бойынша сөйлемді тарату Бұл кім? Бұл не? Не істеп жатыр? Қандай қарындаш? Бұл кітап па? 4.2.2.5 сөз тіркесі, сөйлем ,сөздермен, заттың іс-әрекеті мен белгілерін білдіретін сөздерді білу ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану (Отанды сүю , жазғы, жылы жаңбыр) 4.2.2.6 көрнекі-иллюстративті материалды тірек етіп сөйлем құрау және мұғалімнің сұрағына жауап беру 4.2.2.7 кате сөйлемдерді қалпына келтіру 4.2.2.8 меңгерілген түрлі грамматикалық категориядағы белсенді сөздерді сөйлеу тілінде қолдану</p>
<p>2.3 Диалог жүргізе білу</p>	<p>2.2.3.1 түрлі қарым-қатынас жағдайында қолданылатын ауызекі сөйлеуін байқау (мектепте, сабақта, асханада, үйде, көлікте) 2.2.3.2 сөйлеу барысындағы әдепті сақтау (сұрақты аяғына дейін тыңдау,сөзді бөлмеу). Сұраққа жауап беру 2.2.3.3 әңгімелесушіні түсіну, әңгімелесушінің</p>	<p>3.2.3.1 түрлі қарым-қатынас жағдайында қолданылатын ауызекі сөйлеуде сөзді қарапайым сөздер арқылы қолданып қолдау (мектепте, сабақта, асханада, үйде, көлікте) 3.2.3.2 қарапайым диалог қолдану 3.2.3.3 жаңа материалдың лексика және грамматикалық құрылымымен қарапайым сөйлеу этикетін қолдану 3.2.3.4 әңгімелесушіні түсіну, әңгімелесушінің сұрағына жауап беру,</p>	<p>4.2.3.1 көрнекі-практикалық іс-әрекетті тірек етіп үлгі бойынша өзбетімен диалог жүргізу. 4.2.3.2 тыңдалған мәтін бойынша мұғалімнің сұрағына жауап бере білу 4.2.3.3 тыңдалған мәтін бойынша мұғалімнің сұрағына жауап бере білу 4.2.3.4 оқу-ойын іс-әрекетті тірек етіп үлгі бойынша диалог жүргізу 4.2.3.5 диалогте ынталандыратын сөз айту , сұрақ қою; әңгімеге қатысу 4.2.3.6 әңгімелесушіні түсіну, әңгімелесушінің сұрағына жауап беру, сөйлеу нормаларын сақтау 4.2.3.7 диалогте ынталандыратын сөз айту</p>

	сұрағына жауап беру, сөйлеу нормаларын сақтау	сөйлеу нормаларын сақтау 3.2.3.5 көрнекі-практикалық іс-әрекетті тірек етіп үлгі бойынша өзбетімен диалог жүргізу	, сұрақ қою; әңгімеге қатысу (ынталандыратын сұрақ қою) 4.2.3.8 әңгімелесушіні түсіну, әңгімелесушінің сұрағына жауап беру, сөйлеу нормаларын сақтау, өмірлік тәжірибелері бойынша білім алушылар экскурсия материалы бойынша саяхат жасау
2.4 Байланыстырып сөйлеуін дамыту	2.2.4.1 танбалы құралды қарым-қатынаста қолдану. Мәтінде Не туралы? Не жайында? айтылады 2.2.4.2 жеңіл өленді жаттау 2.2.4.3 жеңіл мәтінді айтып беру (мұғалім көмегімен) 2.2.4.4 тыңдалғанға өз қарым-қатынасын білдіру (Иә. Жок. Ұнайды. Ұнамайды) 2.2.4.5 үлгі бойынша мұғалім көмегімен сипаттамалы әңгіме құру	3.2.4.1 жеңіл өлең, жұмбақты жаттау 3.2.4.2 мұғалім сұрағы бойынша тыңдалған мәтінді айтып беру. мәтіннің мағынасын берерде интонацияны, паузаны сақтау, 3.2.4.3 тыңдалған материалдың негізгі ойын түсіну. Тақырыпты атай білу 3.2.4.4 жай сөйлемге өз қарым-қатынасын білдіру 3.2.4.5 жеңіл мәтінді айтып беру (мұғалім көмегімен) 3.2.4.6 сериялы сюжетті суретпен мұғалім сұрағы бойынша дайын жоспар бойынша әңгіме құрау 3.2.4.7 өз іс-әрекетіне түсінік беру (Мен жазып отырмын. Мен гүлдің суретін салдым)	4.2.4.1 жеңіл өлең, жаңылтпашты жаттау 4.2.4.2 өзбетімен тыңдалған мәтінді айтып беру. Сипаттау сөздерді салыстыруға қолдану 4.2.4.3 тақырыпты анықтау. мәтіннің мағынасын анықтау 4.2.4.4 жай сөйлемге өз қарым-қатынасын негіздеп және бағалап білдіру 4.2.4.5 сериялы сюжетті суретпен мұғалім көмегімен және өзбетінше әңгіме құрау 4.2.4.6 мұғалім көмегімен ұжыммен берілген тақырыпқа әңгіме құрау 4.2.4.7 сұрақтарды тірек етіп өзінің тәжірибесінен қысқа әңгіме құрау

3) жазылым және оқылым:

4-кесте

Дағдылар	Білім алушылар		
	2 сынып	3 сынып	4 сынып
	2.3.1.1 алфавит. Алфавиттің сауатты	3.3.1.1 сөзді, сөз тіркесін және сөйлемді оқу және жазу 3.3.1.2 қысқа мәтіндерді оқу оның мазмұнын түсіну 3.3.1.3 диалогі бар мәтінді оқу 3.3.1.4 баспа және жазба мәтіннен сөйлемдерді көшіріп жазуды білу	4.3.1.1 орыс және қазақ графикасындағы айырмашылығы бар сөздер мен әріптерді оқу және жазу 4.3.1.2 сөйлем арасындағы, басындағы

<p>3.1 Орыс тіліндегі сөз, сөйлем, буын және сөз тіркесінің жазылуы мен оқылуын меңгеру</p>	<p>адамның өмірінде алатын орнын білу 2.3.1.2 дыбыстарды дұрыс айту, 2.3.1.3 сөз, сөйлем, буын дұрыс жазу, оқу 2.3.1.4 баспа мәтіннен қысқа мәтіндерді көшіріп жазуды білу 2.3.1.5 жазба мәтіннен сөйлемдерді көшіріп жазуды білу 2.3.1.6 дыбыстық-әріптік екі құрамды сөздерге талдау жасай білу</p>	<p>3.3.1.5 баспа және жазба мәтіннен қысқа мәтіндерді көшіріп жазуды білу 3.3.1.6 жазғанын үлгімен салыстыра білу; жазылған мен айтылғанның айырмашылығын байқай білу 3.3.1.7 қазақ алфавитінде жок әріптерді дұрыс тауып айту 3.3.1.8 алфавиттік тізімдегі сөздерді таба білу, алфавиттік ретпен сөздерді қою 3.3.1.9 айту нормасына сәйкес паузасын және интонациясын сақтап орыс тіліндегі қысқа мәтіндерді оқу және түсіну</p>	<p>паузасын және интонациясын сақтап орыс тілінде саналы, орфографиялық дұрыс мәнерлеп оқу, 4.3.1.3 бас әріппен жазудың ережесін білу адам аты, адам фамилиясын, жануарлардың аты, ауыл, қала, елді мекендердің аты 4.3.1.4 тасымал ережесін білу және қолдана білу 4.3.1.5 көшіру барысында өзіндік бақылау әдістерін білу</p>
---------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

75. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 301
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 301 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Казахский язык" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 2-4 классов уровня начального образования (с неказахским языком обучения) по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта

білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады.

8. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандарды, кәсіпорындарды, ақпарат көздерін) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім

алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құрудағы әр пәннің қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсілдер әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдер арқылы білім алушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/ жағдайлар жасалады.

11. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде аталған пәннің қосатын үлесін айқындайды.

12. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

13. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

14. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешуге шығармашылық

ықпалды талап ететін жаңа тәсілдерін табуға себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, білім құмарлылық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

15. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез-келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

16. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Қазақ тілі" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

17. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – еліміздегі халықтар бірлігінің негізгі факторы, ұлтаралық қарым-қатынастың ұйытқысы. Бүгінгі қоғам еліміздің білім беру жүйесінен көп тілді меңгерген дара тұлғаны қалыптастыруды талап етуде.

18. Тіл - халықтың жеңістері мен жетістіктерінің, ұлттық құндылықтары мен өмір сүру салтының көрінісі. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеу – Қазақстанда тұратын барлық халықтың негізгі міндеті.

19. "Қазақ тілі" пәніне арналған бағдарлама білім берудің ұлттық жүйесін халықаралық стандарттарға негіздей отырып, еліміздің алға қойып отырған іргелі міндеттеріне сай және келісім өмір салтын қалыптастыру саясатын ұстану қағидаларын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әрі сапалы жүйелерін қалыптастыруды көздейді.

20. Бастауыш сынып білім алушыларына қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту, білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру, олардың тұрмыста, қоғамдық орында, мәдени орталарда тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу негізгі ұстаным болып табылады.

21. "Қазақ тілі" пәнін оқытудың мақсаты - білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

22. "Қазақ тілі" пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсуін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны

қазақ тілі арқылы білім алушыларға қазақ халқының материалдық және рухани құндылықтарын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуді, қазақша сөйлеу әдебі мен әдетін дағдыландыруды және қазақ әдебиеті үлгілерін терең меңгертуді мақсат етеді және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді.

23. Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) шығармашылықпен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;
- 2) қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту;
- 3) қазақша сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- 4) сөз тіркестерін және жай сөйлемдер құру, сол сияқты айтылым дағдылары негізінде қазақша ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- 5) тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- 6) қазақ тілінде меңгерген білім, білік дағдыларына сүйене отырып, өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсуге үйрету;
- 7) қазақ тілінің саяси-әлеуметтік әлеуетін ұғындыру;
- 8) тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту.

24. "Қазақ тілі" пәнін оқу арқылы білім алушылар сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытып, қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылығын арттырады.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

25. Оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда оқытылатын "Қазақ тілі" пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

- 1) стратегиялар: өзін-өзі басқару, эксперименттік, сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік;
- 2) технологиялар: шағын топтағы жұмыс (командада), рөлдік және іскерлік ойындар, модульдік оқыту;
- 3) әдістер: жеке оқыту.

26. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда оқитын білім алушылардың өз ойын, сезімін қазақша білдіруге, танып-білген нәрселерін қазақша санасына түюге, пікір алысуға, оқыған, көрген не білген нәрселері туралы достарымен, ересектермен өз ойын бөлісуге, ойын жеткізіп айта білуге үйрету.

27. Оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда оқытылатын "Қазақ тілі" пәнінде тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту артикуляциялық жаттығулар жасау;
- 2) сөздің лексикалық мағынасын түсіну;
- 3) тыңдау-көру оқу материалдарын тыңдап, көріп түсіну;
- 4) сөздік қорды толықтыру;

- 5) тыңдау-көру материалдарының мазмұнын айту;
- 6) мәтіннің кейбір оқиғаларын қимылмен, ым-ишарамен көрсету;
- 7) тыңдалған мәтін мазмұнының желісін суреттер арқылы беру;
- 8) тыңдалған мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну;
- 9) мәтіннің жанрларын анықтау;
- 10) өздеріне таныс және қызықты тақырыптар бойынша әңгімелесу;
- 11) белгілі бір тақырыпта пікірталасқа қатысу;

12) жұпта ым-ишара, қимыл-әрекетті пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, "Бағытталған оқу" және "Бағытталған жазу");

13) берілген тақырып (сол сабақта оқылған әңгіме, ертегі немесе мысал) бойынша диалог (қуыршақтардың көмегімен) құрастыру;

14) сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, өтініш жасау, таныс және таныс емес адамдармен, жақындары және достарымен, құрдастары және ересектермен, кіші балалармен қарым-қатынас жасауға байланысты шағын рөлдік ойындар;

15) суреттер, бейнематериалдар бойынша әңгімелеу, сипаттау, сахналау.

28. Оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда оқытылатын "Қазақ тілі" пәнінде оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) графикалық сызба арқылы "оқу";
- 2) мәтіннен қажетті сөйлемді немесе сөзді тауып оқу;
- 3) сұрақтар қоя білу және жауап беру;
- 4) "көзбен оқы" ойыны арқылы оқу;
- 5) мәтіннен көркем, бейнелі сөздерді тауып оқу;
- 6) сөздік жұмысы (сөздің мағынасын түсіну);
- 7) мәнерлеп оқу;
- 8) рөлге бөліп оқу;
- 9) оқылған әңгіменің, ертегінің картасын жасау.

29. "Қазақ тілі" пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- 1) ақпаратты сурет және белгілер/пиктограммалар арқылы беру;
- 2) каллиграфиялық нормаларын сақтау;
- 3) сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсырма орындау;
- 4) мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
- 5) мәтіндегі жазылуы қиын сөздерден сөздік құрастыру;
- 6) сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
- 7) шағын хат жазу;
- 8) есте сақтау арқылы жазу;
- 9) байқағаны, ұнататын істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдердер, шағын мәтін құрастырып жазу;

10) сурет бойынша жазу;

11) өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

30. "Қазақ тілі" пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

31. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында критериалды бағалау нәтижелері пайдаланылады. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

32. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

33. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, білім алушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

5-тарау. "Қазақ тілі" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

34. "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

2) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

3) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

35. "Қазақ тілі" пәнін оқыту процесі тындалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері арқылы ұйымдастырылады. Оқу процесінде жүйелі жүргізілетін сөздік жұмысы, әңгіме оқу, мәтінмен жұмыс жасау, өлеңдер жаттау, жағдаяттық тапсырмалар орындау, постерлермен жұмыс істеу, сахналық қойылым дайындау белсенді әдістерді қолдану барысында білім алушылардың сөздік қоры жетілдіріледі. Бастауыш сыныптардағы қазақ тілі пәнін оқытуда білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қоршаған ортаны қабылдауға қатысты психологиялық жай-күйі ескеріледі.

36. Бастауыш мектептегі "Қазақ тілі" пәні бойынша білім алушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар "Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті" (CEFR) деңгейлерін (A1, A2) негізге алып айқындалған және әр деңгейінде соңында күтілетін нәтижелер берілген.

37. Сабақ барысында әр түрлі (жеке, жұптық, топтық) жұмыс түрлерін ұйымдастыру үшін оқу кабинеттеріндегі жиһаздар орнын ауыстыруға қолайлы, әрі жеңіл болады. Сондай-ақ, кітап сөрелері, стендтер және білім алушы жұмыстарының көрмесіне арналған орын болуы міндетті.

38. "Қазақ тілі" пәнінің мазмұны:

1) "Қазақ тілі" пәні – тақырыптар негізінде білім алушыларды оқу мен жазуға үйрете отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған пән;

2) "Қазақ тілі" пәні бағдарламасының мазмұны кіріктіріле (интегративті) құрастырылды.

39. Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әр бөлім өз кезегінде әрі қарай бөлімшелерге бөлінген. Бөлімшелерде оқыту мақсаттары белгіленген, олар білім немесе түсінік, дағды немесе білік бойынша күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Әрбір кіші бөлімшенің ішінде бірізділікпен орналастырылған және сол арқылы мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың еңбегін бағалауға оқытудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік беретін оқыту мақсаттары бірізділікпен орналастырылған:

1- кесте

№	Бөлімдер (сөйлеу әрекетінің түрлері)	2-4 сыныптар
		Бөлімшелер (дағдылары)
1	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну
		1.2 Қаратпа сұрақтарға жауап беру
		1.3 Әр сатылы сұрақтарды түсіну және орындау
		1.4 Сөздердің лексикалық мағынасын, іс-әрекетке байланысты сөздер мен нұсқауды түсіну
		1.5 Айтылған сөздерге назар аудару
		1.6 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау
		1.7 Тыңдаған материал бойынша өз пікірін айту
		1.8 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сәйкес дұрыс айту
		1.9 Қазақ тіліне тән дыбыстарды артикуляциясын нақтылау, дұрыс айту
		2.1 Оқу дағдыларын жетілдіру
		2.2 Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру
		2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату
		2.4 Мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атау

2	Оқылым	<p>2.5 Мәтіндегі сөздер, сөйлемдердің лексикалық мәнін, қарапайым мәтіннің мазмұнын түсіну, мазмұндау</p> <p>2.6 Жаңа сөздердің мағынасын түсіну</p> <p>2.7 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, салыстырмалы талдау жасау</p> <p>2.8 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу</p> <p>2.9 Мәтіннің мазмұны бойынша, үлгі бойынша, өз бетімен сұрақтарға жауап беру арқылы айту</p>
3	Жазылым	<p>3.1 Жазу дағдыларын жетілдіру, бекіту</p> <p>3.2 Мәтін бойынша, суреттер бойынша қазақ тіліне тән дыбыстарды әріптермен сәйкестендіру, қарапайым сұрақтарға жауап жазу</p> <p>3.3 Мәтіннен қажетті сөздерді тауып көшіріп жазу, қателерін тауып, түзету (мұғалімнің көмегімен)</p> <p>3.4 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу</p> <p>3.5 Пунктуациялық, каллиграфиялық нормаларды сақтау</p>
4	Тілдік нормалардың қолданысы	<p>4.1 Қарапайым орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау</p> <p>4.2 Сөзден буын және дыбыс үндестігін сақтау</p> <p>4.3 Грамматикалық нормаларды сақтау</p>

40. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 2.1.2.1 кодында "2" - сыныбы, "1.2" - бөлімшесі, "1" - оқыту мақсатының реттік саны.

41. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) тыңдалым және айтылым:

2-кесте

	Оқыту мақсаттары
--	------------------

Бөлімшелер (дағдылар)	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тақырыпқа байланысты мұғалімнің, сыныптастарының сөзін, қарапайым нұсқауын түсіну. Қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсіну	3.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (кимыл ым-ишараны қолданып әрекет жасау	4.1.1.1 күнделікті іс-әрекетке байланысты қарапайым сөздерді түсінуі, сурет бойынша жауап беру
1.2 Қаратпа сұрақтарға жауап беру	2.1.2.1 тыңдау барысында қаратпа, қарапайым сөздердің мағынасын түсіну, мазмұны бойынша сұрақтар, үлгі бойынша, өз бетімен жауап беру	3.1.2.1 қаратпа сөздердің мағынасын түсіну, үлгі бойынша жауап беру	4.1.2.1 қаратпа, қарапайым сөздердің мағынасын түсіну, өз бетімен жауап беру
1.3 Әр сатылы сұрақтарды түсіну және орындау	2.1.3.1 мұғалімнің көмегімен екі сатылы сұрақтарды түсіну, үлгі бойынша жауап беру	3.1.3.1 екі-үш сатылы сұрақтарға үлгі бойынша жауап беру	4.1.3.1 үш сатылы сұрақтарға өз бетімен жауап беру
1.4 Сөздердің лексикалық мағынасын, іс-әрекетке байланысты сөздер мен нұсқауды түсіну	2.1.4.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін түсіну, қолдану	3.1.4.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну	4.1.4.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндерді түсіну
1.5 Айтылған сөздерге назар аудару	2.1.5.1 айтылған сөздерге назар аудару, айту	3.1.5.1 айтылған сөздерге назар аудару, түсіну, айту	4.1.5.1 айтылған сөздерге назар аудару, түсіну, айту
1.6 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	2.1.6.1 мәтіннің тақырыбын анықтау, негізгі ойды білу	3.1.6.1 өз бетімен мәтіннің тақырыбын, негізгі мазмұнын анықтау	4.1.6.1 өз бетімен тақырып бойынша мәтінді кім (не) туралы айтылуын болжау
1.7 Тыңдаған материал бойынша өз пікірін айту	2.1.7.1 тыңдаған материал бойынша бір сөзбен өз пікірін айту (ұнайды, ұнамайды)	3.1.7.1 мәтін бойынша өз пікірін сұраққа жауап беру арқылы жеткізу (кейіпкер саған ұнады ма, несі ұнады?)	4.1.7.1 әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беру (мұғалімнің көмегімен)
1.8 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сәйкес дұрыс айту	2.1.8.1 мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту	3.1.8.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, жуан және жіңішке; дауыссыз, қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дұрыс дыбыстау	4.1.8.1 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну
1.9 Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциясын нақтылау, дұрыс айту	2.1.9.1 қазақ тіліндегі ә, і, ө, ғ, ү дыбыстарын естіп қабылдау, дұрыс айту, ажырату, есте сақтау, таңбалай білу. Өткен дыбыстарды буындарда, сөздерде, сөз тіркестерінде дұрыс қолдана білу	3.1.9.1 өтілген дыбыстарды және ұ, і, қ, ғ, н, һ дыбыстарын дұрыс айту, ажырату; дауысты дыбыстарды естеріне түсіру: а-ә, о-ө; құрамында (а-ә, о-ө, ү-ұ, ы-і) дыбыстары бар сөздерді атау	4.1.9.1 өткен дыбыстарды және і, һ дыбыстарын естіп ажырату, дұрыс айту

2) ОҚЫЛЫМ:

3-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Оқу дағдыларын жетілдіру	2.2.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу	3.2.1.1 оқу дағдыларын (жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) колдану 3.2.1.2 әр түрлі буындарды, сөздерді оқу, жазу, мағынасын түсініп аудару	4.2.1.1 оқу дағдыларын (тұтас оқу, түсініп оқу) колдану. Жай, сөйлемді (Бала отыр.) оқу, жазу, мәтіннен сөзді тауып, оқу
2.2 Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру	2.2.2.1 мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау, сұрақтарға жауап беру	3.2.2.1 мәтіннің мазмұнын түсіну	4.2.2.1 мәтіннің кез-келген жерінен мұғалім алып қойған сұрақтарға жауап беру
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен оқыған мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын және соңын анықтау	3.2.3.1 сұрақ бойынша оқыған мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау	4.2.3.1 өз бетімен оқыған мәтіннің кез келген жерін тауып оқу
2.4 Мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атау	2.2.4.1 мәтіннен мұғалімнің көмегімен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін тауып оқу, атау	3.2.4.1 мәтіннен үлгі бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін тауып оқу, атау	4.2.4.1 мәтіннен өз бетімен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін тауып оқу, атау
2.5 Мәтіндегі сөздер, сөйлемдердің лексикалық мәнін, қарапайым мәтіннің мазмұнын түсіну, мазмұндау	2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мәнін түсіну	3.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу, немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)	4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мәнін түсіну, қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
2.6 Жаңа сөздердің мағынасын түсіну	2.2.6.1 мәтіндегі жаңа сөздерді табу, оқу	3.2.6.1 мәтіндегі жаңа сөздерді тауып оқу, мағынасын түсіндіру	4.2.6.1 мәтін бойынша жаңа сөздерге сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру
2.7 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, салыстырмалы талдау жасау	2.2.7.1 мәтіннің түрлері мен жанрын анықтау (мұғалімнің көмегімен)	3.2.7.1 мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, салыстырмалы талдау жасау (мұғалімнің көмегімен)	4.2.7.1 мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, салыстырмалы талдау жасау
2.8 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	2.2.8.1 түрлі дереккөздерден (суретті кітаптар) ақпараттарды мұғалімнің көмегімен табу	3.2.8.1 түрлі дереккөздерден (анықтамалықтар, суретті кітаптар) ақпараттарды мұғалімнің көмегімен табу, оқу	4.2.8.1 түрлі дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар) ақпараттарды өз бетімен табу, оқу
2.9 Мәтіннің мазмұны бойынша, үлгі бойынша,	2.2.9.1 мәтіннің мазмұнын үлгі бойынша		4.2.9.1 мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құру (

өз бетімен сұрақтарға жауап беру арқылы айту	сұрақтарға жауап беру арқылы айту	3.2.9.1 мәтінді мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы айту	мұғалімнің басшылығымен) және мазмұндау
----------------------------------------------	-----------------------------------	-------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------

3) жазылым:

4-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Жазу дағдыларын жетілдіру, бекіту	2.3.1.1 қарапайым сөздерді жазу дағдыларын жетілдіру.	3.3.1.1 екі-үш сөзден құралған сөйлемдерді жазу дағдыларын жетілдіру	4.3.1.1 үш-төрт сөзден құралған сөйлемдерді жазу дағдыларын жетілдіру
3.2 Мәтін бойынша, суреттер бойынша қазақ тіліне тән дыбыстарды әріптермен сәйкестендіру, қарапайым сұрақтарға жауап жазу	2.3.2.1 қазақ тіліне тән әріптермен қысқа сөздерді жазу	3.3.2.1 мұғалім көмегімен оқыған/тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу, жазу	4.3.2.1 суреттер, мәтін бойынша қазақ тіліне тән әріптерін дұрыс қолданып сұрақтарға жауап жазу
3.3 Мәтіннен қажетті сөздерді тауып көшіріп жазу, қателерін тауып түзету (мұғалімнің көмегімен)	2.3.3.1 мәтіннен қажетті сөздерді (мұғалімнің айтуы бойынша) тауып дұрыс көшіріп жазу	3.3.3.1 сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету	4.3.3.1 мәтіннің басы, ортасы, соңынан қателерін тауып көшіріп жазу
3.4 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр (хат) жай сөйлемдер құрап жазу	3.3.4.1 үлгі бойынша әртүрлі жанр (хат, құттықтау хат, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу	4.3.4.1 өз бетімен әртүрлі жанр (хат, құттықтау хат, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу
3.5 Пунктуациялық, каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.5.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу	3.3.5.1 әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап жазу	4.3.5.1 әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу, сөйлемдерде тыныс белгілерін орынды қойып жазу

4) тілдік нормалардың қолданысы:

5-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Қарапайым орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.1.1 сөйлемдерді тыныс белгілерін дұрыс қойып жазу	3.4.1.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді жазу 3.4.1.2 мұғалімнің көмегімен ә, і, ө, ү, ұ, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	4.4.1.1 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары) анықтау, қатесіз дұрыс жазу
		3.4.2.1 айтылуы мен жазылуында	

4.2 Сөзден буын және дыбыс үндестігін сақтау	2.4.2.1 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдану	айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша жазу; көптік, септік жалғауларының қарапайым формаларын қолдану	4.4.2.1 тәуелдік, көптік, септік, жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдану
4.3 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою	3.4.3.1 заттың атын, санын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану	4.4.3.1 заттың сынын, кимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану

42. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 302
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 302 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Математика" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0 - 4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділігін барынша дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық, коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осылайша күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде болады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас үлгісіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында мұғалім білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлылығын қалыптастыруға бағдарлаған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен

шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Математика" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. Математика – арнайы мектептегі тәжірибелік бағдарлы жалпы білім берудің негізгі пәндерінің бірі. Санау, ауызша және жазбаша есептеу, өлшеу, арифметикалық есептерді шығару, уақытта, кеңістікте бағдарлау, геометриялық пішіндерді тану білім алушыларға өмірлік-тәжірибелік міндеттерді табысты шешуге мүмкіндік береді.

14. Мектеп пәні ретіндегі математиканың міндеті арнайы мектептің басты мақсаты – мектеп бітірушілерді қоғамға табысты кіріктіруді жүзеге асыруға көмектесу.

15. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларда оларды әлеуметтік бейімдеуге және дербес еңбек әрекетіне дайындауға көмектесетін олар үшін қолжетімді математикалық білім, икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру.

16. Математиканы оқыту міндеттері:

1) білім алушыларда оларға тұрмыстық жағдаяттарда дербес болуға, шаруашылық-еңбектік әрекеттер мен қолжетімді кәсіпті меңгеруге мүмкіндік беретін математикалық білім, икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушылардың танымдық әрекеттерінің кемшіліктерін барынша өтеуге көмектесу, оларда жағымды эмоциялық-ерік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

3) білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту, оны арнайы математикалық терминдермен және айтылымдармен байыту, өзінің әрекеті туралы айтуға, есепті шығаруға, геометриялық құрылыстарды және басқа туралы толық сөздік есеп беруге үйрету;

4) білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік және көрнекілік-бейнелік ойлауын, ойлау әрекеттерін (талдау, салыстыру, жалпылау, жіктеу) дамыту;

5) сабаққа деген қызығушылықты, басқа білім алушылармен және ересек адамдармен өзара әрекеттене білуді дамыту.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

17. "Математика" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

18. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығының қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдемесі мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, білім алушылардың ойлау әрекетінің

баяулылығы, танымдық белсенділігінің төменділігі, ойлаудың жалпылау және абстракциялаушы атқарымдарының әлсіздігі, сөйлеу тілінің дамуының артта қалуы есепке алынады. Білім алушылармен жұмыста олардың еліктеу қабілеті, көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталуы тірек етіледі. Математикаға оқыту білім алушыларда қабылдау, есте сақтау, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық атқарымдардың дамуы үшін жағдай тудырады. Сонымен бірге, бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізуге, күш жетерлік қиындықтарды жеңуге, ұқыптылық пен дербестікті байқатуға мүмкіндік тудырылады.

19. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағытылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларынан, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, әлеуметтік дағдылармен, көзқарастармен, сенімдерге дейінгі күрделі өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

20. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқуы мен әлеуметтенуінің табыстылығын қамтамасыз ету үшін олардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық дамуындағы педагогикалық құралдармен міндетті түрде жойылуға немесе өтелуге тиісті ерекше мәселелері болады.

21. Әрекеттік тәсілдеме қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінде педагогтың басшылығымен оқу материалын ұғынуы үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) сенсомоторлық негізін дамытуға, білім алушылардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

22. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Арнайы мектептегі және ақыл-ой дамуы бұзылған білім алушылар сыныбындағы білім беру процесі 4 типологиялық топты қамтитын, педагогикалық жіктеу (В.В.Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асырылады. Педагог әрбір типологиялық топтың білім алушылары үшін оқу материалының қолжетімді күрделілігі мен көлемін есепке ала отырып, мазмұны білім алушылардың мүмкіндігіне сәйкес оқу материалын таңдайды. Сонымен бірге, оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестік деңгейі, оқытудың тәсілдемесі мен әдістері түрленіп тұрады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жіктелген тәсіл оқытудың жекелендірілуімен толықтырылады.

23. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың, әсіресе 3 және 4 типологиялық топ білім алушыларының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады. Арнайы педагог ақыл-ой кемістігі бар білім алушы дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процесті бағыттай алады. П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін біртіндеп қалыптастыру теориясы ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды математикаға оқыту процесінің арнайы педагогикалық басшылығына психологиялық негіз болады.

24. Білім алушыларды математикаға оқыту процесі арнайы тәсілдемелік қағидалардың негізінде ұйымдастырылғанда педагогикалық міндеттер де дұрыс шешіледі. Сонымен, жаңа материал ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға аз көлемде мөлшерленіп беріледі. Бұл математикалық дерексіз ұғымдарды түсінуге зерделік мүмкіндіктердің жетіспеушілігіне, сондай-ақ білім алушылардың зерделік қажуының жоғары болуына шартты болады. Жаңа материалдың аз мөлшері аяқталған түрде және өткен материалмен байланыста болуға міндетті. "Кішкентай қадамдар" тәсілі қандай да бір түсініктерді бүтіндей қалыптастыру процесінің уақытын созатындығына байланысты, білім алушыларда білім шашыраңқы және көріністік түрде қалыптаспауы үшін мұғалім білім алушыларға кішкентай мөлшерде оқытылатын материалды жалпылауға және математикалық түсініктер, қасиеттер, байланыстар туралы түсініктерді тұтас қалыптастыруға көмектесетін арнайы сабақтарды жүргізеді. Педагог бұл сабақтарда білім алушыларға талдауды, жіктеуді, салыстыруды және жинақтауды орындауға, қажетті тұжырымдамалар мен қорытындылар жасауға көмектесе отырып, білім алушылардың танымдық әрекетін басқарады. Бұндай сабақтардың үлкен түзете-дамыту мәні болады.

25. Математикалық дерексіз ұғымдарды қалыптастыруда, білім алушыларда оқылатын түсініктің мағынасын жақсы ұғынуы үшін қажетті нақты бейнелерді құруға көмектесетін көрнекі материалдарды тірек ету өте маңызды. Көрнекі материалдар білім алушылардың ойлау қабілетін тежемеуі үшін оларды біртіндеп дерексіздендіреді. Математикалық түсініктерді оқытудың бастапқы кезеңдерінде заттық көрнекілік пайдаланылады. Жұмыстың келесі кезеңінде иллюстрацияны тірек етеді. Соңғы кезеңде сызбалық көрнекіліктер (схема, сызба, кесте) мен цифрлар мен таңбалар пайдаланылатын математикалық жазбалар пайдаланылады.

26. Көрнекілік құралдарды көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге, осы құралдарды пайдалана отырып, білім алушыларды тәжірибелік әрекетке тартады. Заттық-тәжірибелік әрекет математикалық қатынастарды, арифметикалық амалдардың

мәнін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл жерде білім алушылардың сақталған көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілеті тірек етіледі.

27. Білім алушылардың тәжірибелік және ақыл-ой әрекетін сөйлеу тілдік қолдау. Арнайы педагог білім алушылардың сабақтағы тәжірибелік және ақыл-ой әрекетін басқара отырып, оларды өздерінің тәжірибелік және ақыл-ой әрекеттері туралы айтуға ынталандырады. Сөйлеу тілі мен әрекеттің (тәжірибелік және ақыл-ой) үйлесімділігінің жүзеге асуы әр түрлі болады:

1) тәжірибелік және ақыл-ой әрекеттерін, түсініктерді қалыптастырудың бірінші кезеңінде білім алушылар үшін осы үйлесімділіктің барынша қолжетімді түрі пайдаланылады: сөйлеу тілі тапсырманы үндемей орындағанға ілеседі. Мысалы, педагог жаңа материалды, тәжірибелік және ақыл-ой әрекеттердің жаңа тәсілдерін көрсете отырып түсіндіргенде, білім алушыларға бұл әрекетті педагогқа еліктеу бойынша орындауды, содан кейін нені істегені, оны қалай істегені туралы айтып беруді ұсынады. Білім алушылар алдымен мұғалімнің жетектеу сұрақтарына жауап береді. Содан кейін бұл сұрақтар азая бастайды, біраз уақыттан кейін білім алушылар орындалған жұмыс туралы өздігінен айтуға қабілетті болады;

2) оқытылатын материалмен жұмыс істеудің келесі кезеңінде білім алушылар үшін күрделірек болатын сөйлеу тілі мен әрекеттенудің үйлесімділігіне көшуге болады: өзінің әрекеттерін айтып отыру. Бұл жұмыстың күрделілігі білім алушылар екі әрекетті бір мезгілде орындауымен анықталады, мысалы, есептеуді (немесе сызуды) орындау мен оның қалай орындалатыны туралы айтып беру. Өзінің әрекетін айту – білім алушылар үшін күрделі жұмыс, олардың кейбіреулері үшін сөйлеу тілі мен әрекеттің үйлесімділігінің бұндай түрі қолжетімді болмайды. Олар үшін жоғарыда сипатталған бірінші нұсқаны пайдалану дұрыс болады;

3) кейіннен орындалатын жұмыс, тапсырманы қалай орындайтыны (есепті шығару, сызуды орындау) туралы білім алушының алдын-ала әңгімелеп беруі сөйлеу тілі мен әрекеттенуді үйлестірудің ең күрделі тәсілі болып табылады. Бұл тәсіл ойлаудың дамыған жоспарлау атқарымын, сөйлеу тілі дамуының жақсы деңгейін, қажетті математикалық терминологияны меңгеруін тірек етеді. Сөйлеу тілі мен әрекеттенуді үйлестірудің бұл тәсілін сыныптың білім алушыларының барлығы бірдей орындай бермейді. Педагог білім алушыларға осындай оқу тапсырмаларын ұсынғанда, олардың жеке мүмкіндіктерін есепке алады.

28. Білім алушылардың жаңа оқу материалын меңгеру процесін жеңілдету үшін " алға шығу" педагогикалық стратегияны қолданады. Бұл білім алушыларды күрделі математикалық тапсырманы қабылдауға және меңгеруге біртіндеп дайындау. Бұндай дайындық берілетін материалды білім алушыларға тікелей таныстырудан бұрын (бір ай , екі ай бұрын, бір тоқсан және одан да ерте) басталады. Білім алушыларды жаңаны қабылдауға және ұғынуға байқатпай кіріктіретін тапсырмалар мен жаттығулар дайындық жұмысының мазмұны болып табылады. Дайындық жаттығуларымен

қалыптастырылған дағдылар жаңа ұғымның құрамына кіреді. Математика курсының кейбір тақырыптарына қатысты "алға шығу" педагогикалық стратегия бағдарламаға ендірілген.

29. Зерделенген материалды үнемі қайталау мен бекітудің қажеттілігі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқыған білім мен дағдыларды тез ұмытып қалуларымен түсіндіріледі. Математиканың әр сабағында қайталауға уақыт бөлінеді. Педагог қайталау үшін қандай материалды ендіру керектігін өздігінен анықтайды. Бұл таңдау сынып білім алушыларының оқу материалын меңгеру ерекшеліктеріне қарай анықталады. Жаңа тақырыптың негізгі немесе құрамды бөлігі болып табылатын материал міндетті түрде қайталанады.

30. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жинақтау және абстракциялаушы атқарымдарының жетілмеуі ескеріле отырып, түсініктемені жаңа материалды жинақтау қасиеті немесе ұғымына нақты факілерден құрастыру, яғни индуктивтік тәсілмен ұсынылады. Бұл жағдайда білім алушыларды жаңа материалды тану процесіне белсенді қатысуға ынталандыру мүмкіндігі туады, бұл білімді саналы және берік меңгеруге көмектеседі. Педагог жетелеуші сұрақтармен білім алушыларды есептердегі қосылғыштар мен қосындыны салыстыруға, олардың қандай ерекшелікті байқағандары туралы ойлауына және айтуына көмектеседі.

31. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар қалыптастырылатын ұғымдардың оларды басқа, ұқсас, қарсы ұғымдардан ерекшелейтін маңызды белгілерін қиындықпен анықтайды және ұғымдарды ұқсатуға бейім. Сондықтан оқыту процесінде педагог салыстыру, қарсы қойып салыстыру тәсілдерін пайдалана отырып, жаңа материалды меңгеруде болатын дәлсіздіктердің алдын алады. Азайтуды қосумен қарама-қарсы амал ретінде, қосуды көбейтумен ұқсас амал ретінде салыстыру, санды бірнеше бірлікке арттыру түсінігін санды бірнеше бірлікке азайтумен қарама-қарсы түсінік ретінде, санды бірнеше есе арттырумен ұқсас түсінік ретінде салыстыру қарастырылады.

32. Математика сабақтары басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланыста тұр. Әсіресе математиканың қол еңбегі сабақтарымен байланысы маңызды. Қол еңбегі сабақтарында математикалық мазмұндағы оқу материалына қатысты "алға шығу" стратегиясы жүзеге асырылады. Білім алушылар бұйымдарды жасай отырып, олар жасалатын материалдардың сапасы мен санын, қасиеттерін бақылау тәжірибесін алады. Осылардың барлығы бақылау және қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастырудағы сезіну тәжірибесін пайдалануға негіз болып табылады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

33. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизация идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

34. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың математика бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормасы деңгейлік мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы бірыңғай тәсілдемені жүзеге асыруға бағытталған.

35. Осы бағдарламада берілген, күтілетін нәтижелердің негізінде сынып білім алушыларын математикаға оқыту процесін жобалау кезіндегі педагогпен орындалатын деңгейлік мақсатты тұжырымдау білім алушылардың жетістіктерін бағалауда баллдарды ғана емес, сонымен бірге критериалды сипаттамалық бағалауды да пайдалануға мүмкіндік береді.

36. Оқытудың деңгейлік мақсатты анықталған дағдыларды қалыптастырған тапсырмалар мен жаттығулар бағалау құралдары болып табылады.

37. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жүргізілетін педагогикалық процес арнайы педагогиканың "диагностика мен түзете-дамыту жұмысының бірлігі" қағидасына сәйкес құрылады, педагогтар бақылау-бағалау әрекетін жүйелі түрде жүзеге асырылады.

38. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақтағы), әлсін-әлсін (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

39. Ағымды бақылау сабақ барысында білім алушыларды бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарды, әрекеттердің ұжымдық түрін талдау арқылы жүреді. Сабақ барысындағы бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтың пайдаланатын оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бұндай бақылау білім алушыларға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

40. Әлсін-әлсін бақылау бағдарламалық тақырыпты, бөлімді өткеннен кейін жүргізіледі. Педагог белгілі бір тақырып аясындағы оқу материалын оқыту нәтижесі әр түрлі типологиялық топтардағы білім алушыларда бірдей болмайтынын түсінеді және соған дайын болады. 1-типологиялық топ білім алушылары (В.В.Воронкова бойынша) оқу материалын білімді қолдану деңгейінде меңгере алатындарын көрсетеді. 2-типологиялық топ білім алушылары тақырыптың негізгі мазмұнын түсінетіндерін байқатады. 3-типологиялық топ білім алушылары материалды тану деңгейінде меңгере алады, өзінің білімін өзектендіруде мұғалімнің көмегіне мұқтаж болады. 4-типологиялық топ білім алушылары аясында олардың жетістіктері жүзеге асырылатын жеке бағдарлама бойынша оқиды.

41. Қорытынды бақылау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагог оқу жылы бойы бақыланған сыныптың әр білім алушының даму және табыстылық динамикасы талқыланады және білім алушылардың жетістіктер картасында тіркеледі.

42. Бағалау шараларының көмегімен алынған ақпарат педагогқа дағдылар мен икемділіктерді меңгеру процесінде туындаған қиындықтарды дер кезінде байқауға және сайма-сай бағалауға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек көрсетудің мазмұны мен тәсілдерін дәйекті анықтау мүмкіндігіне ие болады.

43. Сипаттамалық бағалау даму мен оқудың бар деңгейін ғана емес, сонымен бірге білім алушымен жұмыстағы келесі қадамдарды да анықтайды. Сипаттамалық бағалау білім алушыларда өзін-өзі адекватты бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, білім алушылардың жетістіктерін бірімен-бірін салыстыруға болмайды. Білім алушының жетістігін тек өзінің бұрынғы жетістіктерімен ғана салыстыруға болады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға қатысты оқу үлгерімінің пайызы мен білім сапасын анықтауға болмайды.

44. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды қолдану педагогтардың бағалау әрекеттерінің әділ болуына мүмкіндік береді.

5-тарау. "Математика" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

45. "Математика" пәнінен оқу жүктемесінің бөлінуі:

- 1) 0-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 99 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 165 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

46. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастырылады.

47. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

48. Оқу пәнінің мазмұны:

12. Тұлғалық қасиеттерінің дамуы кең ауқымды дағдылармен үйлесімде білім алушыларға білім берудің негізгі құндылықтарын: "қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік", "кұрмет", "ынтымақтастық", "еңбек және шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" меңгертудің негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушылардың күнделікті әрекеті мен тәртібіне түрткі болатын тұрақты тұлғалық бағыттаушысы ретінде танылған.

13. "Айналадағы әлем" – адам, қоғам және табиғаттың өзара қарым-қатынасы және өзара келісілген білімдер жүйесін қалыптастыруға бағытталған, кіріктірілген пән. Пәнді оқыту нысаны – адам, табиғат, қоғам сонымен қатар, отбасы, мәдениет, денсаулық, өзара қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта.

14. Курстың басты бағыты – қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын таныстыру негізінде сөйлеу тілін дамыту. Тілдің коммуникативті қызметімен бірге реттеуші қызметі де дамиды. Балаларды қаратпа сөздерді түсінуге, қажетті нұсқауларды орындауға, өзінің әрекетін мұғалімнің талаптарына сай бағындыруды үйретеді. Коммуникативті құрал ретінде сөйлеу тіліне үйрету құрдастармен, ересектермен қарым-қатынас жасай алу дағдыларын қалыптастырумен анықталады. Тілдің лексикалық, синтаксистік, қиысынды ауыз екі сөйлеу жақтары дамиды.

15. "Айналадағы әлем" бағдарламасы оқытуда өзара қарым-қатынас пен өзара келісілген құндылықтары мен осы пәннің оқыту жүйесімен мектептен "шығу" нәтижесіне негізделген тәрбие және білім берудің бірлігі ұстанымын іске асыруды қамтамасыз етеді.

2-тарау. "Айналадағы әлем" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

16. "Айналадағы әлем" пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – білім алушылардың табиғат жайлы қарапайым ұғымдарды меңгеруі, баланың жақын ортасындағы заттар мен құбылыстар жайлы түсініктерін жинақтау және жүйелеу; қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстармен танысу арқылы ауыз екі сөйлеуді дамыту.

17. "Айналадағы әлем" пәнінің міндеттері:

- 1) жалпы және сөйлеу тілінің дамуындағы кемшіліктерді түзету және алдын алу;
- 2) танымдық әрекетті дамыту;

- 3) қоршаған әлем туралы көзқарастарын кеңейту және толықтыру;
- 4) басқа оқу пәндерін меңгеруге қажетті қарапайым түсініктер болу;
- 5) көру, салыстыру, жалпылау, нақтылау, қарапайым қорытындылар жасау, жеңіл себеп-салдарлық байланыстарды орната алу қабілеттерге үйрету;
- 6) оқушылардың сөздік қорын байыту;
- 7) әлеуметтік дағдыларды иелену;
- 8) өз халқының және басқа халықтардың мәдениетіне және дәстүрлеріне ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсету сезімінің болуы;
- 9) білім алушылардың мінез-құлық нормаларын және табиғи, әлеуметтік, технологиялық ортадағы қауіпсіздік ережелерін білуі;
- 10) білім алушыларда қоршаған ортаға, қоршаған ортаның табиғи және мәдени құндылықтарына оң көзқарасын қалыптастыру.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

18. "Айналадағы әлем" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

19. Білім алушыларды түзете-дамыту бағытындағы оқыту ұстанымы білім беру процесін даму кемшілігінің ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымы мен жүйелерін тірек ете отырып құруды білдіреді. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды түзете-дамыту бағытындағы оқыту қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдемесі мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, білім алушылардың сенсорлы ақпаратты қабылдау мен өңдеу қабілетінің баяулылығы, ойлау операциялары мен әрекеттерінің шектеулілігі, танымдық белсенділігінің төменділігі және танымдық атқарымдарының әлсіздігі, қоршаған орта туралы білім мен түсініктерінің шектеулілігі, сөйлеу қабілетінің кемшілігі, тәртіпті еркін реттеудің қалыптаспағандығы, қимыл-қозғалыс пен моторика кемшіліктері ескеріледі. Білім алушылармен жұмыста олардың оқи алу қабілеті, көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталуы тірекке алынады. Жетілмеген атқарымдардың дамуын ынталандыру бойынша әрекеттер ұйымдастырылады.

20. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағытылығының ұстанымы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе азайтуды білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларынан, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, әлеуметтік дағдылар, көзқарастар мен сенімдерге дейінгі күрделі өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

21. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Дәстүрлі мектептік оқыту баланың мектепке келген кезіндегі

меңгерген өмірлік түсініктері мен дамыған ауызекі сөйлеу тіліне негізделеді. Ауызекі сөйлеу тілі негізінде қарым-қатынастың дамуы жалғасады, анағұрлым ауызекі сөйлеу тілі негізінде білім алушының тәртібі реттеледі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық даму мәселелері орын алуда, олар педагогикалық құралдармен шешіледі немесе толықтырылады.

22. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме қағидасы психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Практикалық-тәжірибелік іс-әрекет жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушының өтемдік дамуының, оқу және еңбек әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше құралы болып табылады. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту процесінде педагогтің басшылығымен (жұппен, топпен жұмыс) сөйлеу тілдік қарым-қатынастар үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

23. Саралау және жекелеу тәсілдеме ұстанымы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау мен уәждеу түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекелеген оқыту тәсілі саралай оқытудың нақты көрінісі болады.

24. Арнайы педагогикалық басшылықтың ұстанымының қажеттілігі. Арнайы педагог, баланың жалпы даму заңдылықтарын, әр сынып білім алушыларының танымдық мүмкіндіктерін, арнайы педагогикалық көмектің тәсілдерін біле отырып, тек білім алушылардың оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастырып қана қоймай, бұл процесі басқара алады. Кейбір жағдайда білім алушының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем мүмкін болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады.

25. Білім алушылардың сабақта оқу әрекетінің дұрыс түрін таңдау барысында педагогикалық міндеттер сәтті шешіледі. Оқытылатын пәндер мен құбылыстарды бақылау (экскурсияларда), білім алушылардың пәндік-тәжірибиелік, ақыл-ой мен тілдік және ойын әрекеттері (дидактикалық, сюжетті-рөлдік, үстелдік және ереже бойынша ойындар) алдыңғы қатарда болады.

26. Білім алушылардың тәжірибелік әрекетін айқын ұйымдастырған жөн. Ұсынылған білім мазмұнына игерілген білім сапасы ғана емес, білім алушылардың ойлауы мен қабылдауының дамуы да тәуелді.

27. Өткен материалдарды үнемі қайталау және бекіту қажеттілігі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқыған білімі мен дағдыларын жылдам ұмытып қалатындықтарымен түсіндіріледі. Әр сабақта қайталау үшін уақыт бөлінеді.

28. Білім алушылардың бақылау және тәжірибелі әрекеттер процесіндегі жинаған білімі мен түсініктері сөйлеу тілінде (айтылымдарда, әңгімеде, сипаттамада) тұжырымдалады. Байланыстырылған сөйлеу тілін қалыптастыруға және мәдениетті қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінеді.

29. Сабақтың міндетті мазмұнына суреттеуге, бекітуге, оқушылардың қоршаған әлемнің құбылыстары мен нысандары туралы көзқарастарын нақтылауға мүмкіндік беретін пәндік-тәжірибелік және өнімді әрекеттер түрлері кіреді.

30. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі - АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "құрастыруға" көмектесе отырып, бірақ дәстүрлі қолданылатын құралдардың көмегімен құрылуы мүмкін емес, арнайы білім беру педагогі үшін қажетті құралдар арсеналын кеңейтеді.

31. Сабақтарда АКТ-ны келесі мақсаттарда қолдану ұсынылады:

1) көрнекілік пішіндегі қандай да бір заттық мазмұнның біреуінен басқасына еркін өтіп, сөйлеу тілінің көмегімен бір тәсілден басқасына көше отырып, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды моделдеу;

2) баланың өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт ішінде талдауға арналған визуалды қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; сапалы жекеледіріп оқыту мүмкіндіктерін арттыру.

32. АКТ-ны пайдалану оқыту процесін жекелендіруге; сабақ барысындағы жұмыстың мазмұнына қызығушылықты арттыруға; білім алушылардың танымдық әрекетін белсендіруге; шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

33. АКТ оқу процесінде білім алушылардың жұмысқа деген қабілеттілігін есепке ала отырып, мөлшерлеп пайдаланулады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

34. "Айналадағы әлем" пәнінің аясында түзете-дамыта оқыту нәтижесін бағалау мақсатқа негізделеді критериалды бағалауды қолдану арқылы іске асырылады.

35. Деңгейлік мақсатқа сәйкес әр тақырыпқа қорытынды-диагностикалық тапсырмалар әзірленеді. Қорытынды-диагностикалық тапсырмаларды орындау нәтижесі білім алушылардың жетістік картасында белгіленеді және білім алушыларға жеке тұлғалық тәсілді іске асырудың негізі болып табылады.

36. Қорытынды бақылау тоқсан, жыл соңында өткізіледі. Мұғалім міндетті түрде сыныптағы әр білім алушының оқу жылында байқаған сәттілік және даму динамикасын сараптайды.

37. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалау мұғалімнің жұмысын бағалау дұрыстығын қамтамасыз етеді.

5-тарау. "Айналадағы әлем" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

38. "Айналадағы әлем" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

39. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларға сай, мектепте оқуға қажетті құрал-жабдықтармен жабдыкталады.

40. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

41. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің мазмұны білім алушыларда әрі қарай білім алуға қажетті қоршаған орта жайлы қарапайым түсініктерді қалыптастыруға, көрнекі-бейнелі ойлауды дамытуға бағытталған. Өлі және тірі табиғат: ауа, су, топырақ, өсімдіктер мен жануарлардың өмірі туралы түсініктер беріледі. Білім алушылар табиғат құбылстары мен ондағы мезгілдік өзгерістерді бақылауға үйренеді.

42. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда жаңбыр, қар, жел, тұман, найзағай секілді табиғат құбылыстары туралы дұрыс түсініктері мен көзқарастары қалыптасады. Сабақ барысында олар тәжірибелік әрекеттер жасайды, мысалы: аппликация және табиғи материалдарды қолданып әртүрлі ұсақ-түйектер, өсімдіктерді өсіру және жануарларды күту тәсілдерін меңгереді.

43. "Айналадағы әлем" пәні болашақта жаратылыстану және география пәндерін меңгеруге даярлық курсы болып табылады, сондықтан, бағдарлама концентрлі ұстанымға негізделіп әзірленген төрт негізгі бөлімнен тұрады. Жыл сайын бөлімдердің мазмұны нақтыланады, тереңдетіледі және жалпыланады.

44. Арнайы мектепте "Айналадағы әлем" пәнінің басты мақсаты білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту болғандықтан, мұғалім білім алушылардың белсенді сөздік қорына жаңа сөздер тізбегін кіріктіруді ойластыру және балаларды заттар мен құбылыстар туралы өз бетінше әңгімелей алуға, сұрақтар қоюға, фразалық және ауызекі сөйлеуде жаңа сөздерді қолдануға үйретеді.

45. "Айналадағы әлем" бағдарламасының мазмұны тоқсанға бөлінбеген. Тақырыптарды оқыту тізбегі жергілікті табиғи жағдайларға байланысты мұғаліммен өзгеріп отырады. Төртінші тоқсандағы негізгі уақытты жыл бойы өтілген ақпараттарды бекітуге және әр білім алушының біліміндегі кемшіліктерін жоюға арнау ұсынылады.

46. "Айналадағы әлем" пәнін оқытудың негізгі шарты білім алушылардың өнімді әрекетінің негізінде оқу материалдарын меңгеруі болып табылады. Әр білім алушыға пәндік-тәжірибелік әрекет қажеттілік болады деп болжанады. Осы мақсатпен мұғалім тақырыптарды жоспарлау барысында тәжірибелік тапсырмаларды анықтайды, ал сабақта олардың мағынасын ашады, қажеттілігін нақтылайды.

47. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өмірлік маңызды қажеттілігі қоғамға бейімделу, әлеуметтену болып табылады. Білім алушыларды оқу материалдарын жеке өмірінде, тұрмыстық жағдайларда қолдана білуге үйретеді. "Айналадағы әлем" пәнінің барлық оқу тақырыптары оқу процесінің тәжірибеге бағыттылығын қамтамасыз етеді, білім алушылардың меңгерген білім, білік, дағдыларын қолдануға нақты жағдай туғызады. Мұғалім мәселелік-жағдаяттық тапсырмаларды құрастыруда білім алушыларға теориялық білімдердің қазіргі өмірдегі маңызын көрсетеді.

48. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға білім беруде олардың білімдер жүйесі және әлем туралы жалпы көзқарасын қалыптастыру мақсатында пәнаралық байланысты тірек ету өзекті. Ол үшін, "Айналадағы әлем" пәні бойынша технологиялық картаны құрастыруда мұғалім жалпы білім беретін "Математика", "Тәртіп мәдениеті" сияқты пәндермен сондай-ақ, түзету бағытындағы пәндермен пәнаралық байланысты іске асырады.

49. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұныны анықтауға негіз болатын оқыту мақсаттары жүйесінде көрсетілген күтілетін нәтижелер берілген.

50. Оқу пәнінің мазмұны:

1) "Айналадағы әлем" пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер күтілетін нәтиже ретінде: дағды немесе білік, білім немесе түсіністік секілді әр сынып бойынша оқу мақсатынан тұратын бөлімшелерге бөлінген. Әр бөлімде ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ, оқудың келесі кезеңдері туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Мен және қоғам	1.1 Мен және менің отбасым
		1.2 Мектеп. Сынып
2	Табиғат	2.1 Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер
		2.2 Тірі табиғат

			2.3 Өлі табиғат
3	Менің Отаным-Қазақстан		3.1 Кіші Отан
			3.2 Қазақстанның географиясы
			3.3 Қазақстан халқы
			3.4 Қазақстан мәдениеті
4	Сөйлеу дағдыларының қалыптасуы	4.1 Қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарымен танысу негізінде ауызша сөйлеу тілін дамыту	

2) оқу бағдарламасыда оқыту мақсаттарын қолдану тиімділігіне сай кодтау енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты анықтайды, екінші және үшінші сандар-бөлім мен бөлімше, төртінші сан оқыту мақсатының белгіленуін көрсетеді. Мысалы, кодта 1.2.1.4 "1" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" - оқыту мақсатының нөмірленуі.

51. Түзете-дамыту және білім беру жұмысы пәндік сипаттағы білімдер мен біліктерді қалыптастыруға ғана қатысты емес, оларды нақты тәжірибеде қолдануға, тілдік қызмет түрлерін және коммуникативті дағдыларды, сондай-ақ, өмірлік құзыреттіліктерді дамытуға да қатысты. Сынып білім алушыларының құрамына сәйкес мұғалімнің оқу материалының күрделілігін, тереңдігі және көлемін нақты оқу үрдісінде реттестіру құқығы бар.

52. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Мен және қоғам":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
				3.1.1.1 жақын туыстарын, аға, тәтелерін, аға, әпкелерін суреттерден көрсетіп, айту 3.1.1.2 отбаслық мұрағат негізінде отбасы мүшелеріне сөздік портрет құрастыру 3.1.1.3 отбасы мүшелері арасындағы міндеттердің бөлінуін түсіндіру	4.1.1.1 отбасының өмірдегі, қоғамдағы орны ж а й л ы түсініктердің болуы 4.1.1.2 "отбасы" туралы түсініктердің болуы, отбасы мүшелері арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру 4.1.1.3 мысалдар негізінде отбасының этикалық нормалары туралы
	0.1.1.1 өзінің аты жөнін, тегін айта алу				

<p>1.1 Мен және менің отбасым</p>	<p>0.1.1.2 "Отбасы" сөзін түсіндіре алу. Отбасының үлкендеріне сыйластықпен қарау, отбасының кіші мүшелеріне қамқорлық көрсете білу</p> <p>0.1.1.3 отбасындағы балалардың міндеттерін айту</p> <p>0.1.1.4 отбасылық мерекелерге қызығушылық таныту, отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл мерекесі. Отбасылық альбомды қарап, түсіндіру</p> <p>0.1.1.5 негізгі тұрмыстық заттарды анықтай алу, үйдің тазалығы – жиһаз, ыдыс-аяқ, тұрмыстық заттар</p> <p>0.1.1.6 ойыншықтарды және ойындарды білу; ойыншықтар мен мектеп жабдықтарын ажырату</p> <p>0.1.1.7 киім және аяқ киімді күту, тәжірибе жұмыстарын орындау</p>	<p>1.1.1.1 өзінің, ата-анасының, бауырлары мен қарындастарының аты -жөнін, тегін айта алу</p> <p>1.1.1.2 өзінің туған күнін білу</p> <p>1.1.1.3 өзінің отбасылық міндеттерін орындау</p>	<p>2.1.1.1 өзінің аты жөнін, тегін, әкесінің атын айта алу, әкесінің тегін білу</p> <p>2.1.1.2 туыстық байланыстарда, отбасының басқа мүшелеріне қатысты өз орнын анықтай білу</p> <p>2.1.1.3 киім және аяқ киімді, бөлме өсімдіктерін күту, тәжірибе жұмыстарын орындау</p> <p>2.1.1.4 құстарды тамақтандыруға тұқымдарды жинау</p>	<p>3.1.1.4 заттарды атау:</p> <p>1) ыдыс, шыны, стакан, кружка, тәрелке айырмашылықтарын білу; ыдыс-аяққа күтім жасау (жуу, сақтау)</p> <p>2) жиһаз: үстел, орындық, төсек, шкаф. жиһазды күту (құрғақ және су матамен сүрту, шаңдарын қағу, төсекті жинау)</p> <p>3) киім. Бас киім, қалпақ, шкаф, биялай, қолғап, нәски. Киімге күтім жасау (щеткамен тазалау, жуу, кептіру, бүктеп салу, сүрту, сақтау, желдету). Үйге және көшеге киетін киімдерді және ұл бала мен қыз балаға арналған киімдерді білу</p> <p>4) аяқ киім. Жаздық, күздік, қыстық, көктемдік аяқ киімдерді анықтау. Аяқ киімді күту (жуу, кептіру, щеткамен тазалау, аяқ киімге арналған кремді қолдану)</p> <p>3.1.1.5 бетке күтім жасау, бет бөліктерін ажырата білу: мандай, бет, көз, қабақ, қас, кірпік. Жаксы</p>	<p>түсініктердің болуы;</p> <p>4.1.1.4 отбасы мүшелерінің міндеттері жайлы түсініктердің болуы. Баланың отбасындағы өз міндеттерін орындауы.</p> <p>4.1.1.5 отбасындағы ересектерге сыйластықпен қарау;</p> <p>4.1.1.6 үйдегі бөлмелердің бағыттарын білу: ас бөлме, жатын бөлме</p> <p>4.1.1.7 ас бөлмесіндегі және жатын бөлмедегі жиһаздарды қолдану жайлы түсініктердің болуы;</p> <p>Жиһаздарды күту</p> <p>4.1.1.8 ас бөлмесіндегі ыдыс аяқтардың айырмасын және оларды сақтау, күте білу</p> <p>4.1.1.9 мезгілдік киімдер туралы түсіктің болуы: жаздық, қыстық киімдерді күту (тазалау, кептіру, сақтау)</p> <p>4.1.1.10 мезгілдік аяқ киімдер туралы түсіктің болуы. Резеңке, текстильді аяқ киімдер. Аяқ киімнің түрлерін күте білу</p> <p>4.1.1.11 қоршаған</p>
-----------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

				көз жанарын, естуді сақтау. Мұрын тазалығының маңыздылығы. Бет орамалды қалай қолдану. Ауыз. Ерін, тіс, тіл. Тістерге дұрыс күтім жасау	ортадағы заттар мен құбылыстарға сипаттама беру; салыстыру және жіктеу, қарапайым тәуелділікті орнату 4.1.1.12 жеке тазалық ережелерін сақтау
	0.1.2.1 мектеп және мектеп ғимаратында бағыттылықтың болуы-сыныптар, асхана, дәретхана, медициналық қызмет бөлмесі, балалар спорт алаңы, мектеп ауласына бағытталу 0.1.2.2 сыныптағы өзінің жұмыс орнын таба білу 0.1.2.3 оқу жабдықтарын – сөмке, кітап, дәптер, қалам,		2.1.2.1 сыныптастарының аты жөнін, тегін білу 2.1.2.2 адамдардың	3.1.2.1 білім алушының мінез-құлық ережесін сақтау 3.1.2.2 күн тәртібінің қажеттілігін және оны сақтаудың міндеттілігін түсіну, бір күннің тәртібін құру 3.1.2.3 сабақ кестесін сақтау, күнделік арнау 3.1.2.4 мектеппен қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтау және оны түсіндіре білу 3.1.2.5 мектептегі қызмет көрсетушілерді аты-жөнімен айту 3.1.2.6 мектептің орналасқан көшесін білу 3.1.2.7 көше аттары мен нөмірлеріне, үйлерге бағыттылық, мектеп және үйдің мекен жайын білу	4.1.2.1 мектептегі өзін-өзі бақылау мүшелерінің міндеттерін сақтау 4.1.2.2 өзінің сыныбына мінездеме бере алу

<p>1.2 Мектеп. Сынып</p>	<p>қарындаш атауын білу; әр заттың бағыттылығын және олармен жұмыс істеуді білу 0.1.2.4 білім алушының міндеттерін білу, мектептегі, сыныптағы, мектеп ауласындағы мінез-құлық ережелерін білу 0.1.2.5 білім алушының күн тәртібін білу 0.1.2.6 жануарларды бақылау үшін мектептегі, мектеп ауласындағы, саябақтағы, ормандағы экскурсияға қатысу</p>	<p>1.1.2.1 мектеп мекемесін: сыныптарды, дәліздерді, асхананы айыра білу 1.1.2.2 өзінің сыныбын таба алу, күн тәртібін орындау</p>	<p>өміріндегі мектептің маңыздылығын түсіндіру 2.1.2.3 мектеп ұжымында топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын қабылдау 2.1.2.4 білім алушының мінез-құлық ережесін сақтау</p>	<p>3.1.2.8 құрылымдар мен мекемелер туралы түсініктердің болуы: мектеп, мектеп ауласы, сыныптар мен бөлмелер, кітапхана, мектеп шеберханасы, Спорт алаңы, ойын алаңы, мектеп ауласына көшет отырғызу: ағаш, бұталар мен көгалдар 3.1.2.9 автобус, трамвай, траллейбус секілді қоғамдық көліктердің түрлерін ажырату 3.1.2.10 жол қозғалыс ережелерін сақтау: бағдаршамның жасыл түсіне өту, "өткел" бар жерлерден өту 3.1.2.11 мектепке және үйге барар жолдағы көліктердің ара қашықтықтарын а бағдарлану. Жол қозғалыс ережелерін сақтау: жер өткелдері арқылы және бағдаршамның жасыл түсіне өту</p>	<p>4.1.2.3 білім алушы және сынып ұжымының мүшесі ретінде өзіне мінездеме беру 4.1.2.4 заттарды негізгі қасиеттері бойынша ажырату 4.1.2.5 қоршаған ортаның заттарын салыстыру және жіктеу, қарапайым тәуелділікті орнату</p>
------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2) "Табиғат":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
------------	------------------

	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
2.1. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер	<p>0.2.1.1 жыл мезгілдерін атау. Табиғаттағы өзгерістерді бақылай алу; табиғи материалдарды жинауға қатысу; ұсақ-түйектерді жасу, табиғи материалдардан аппликация құрастыру</p> <p>0.2.1.2 жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді таңдай алу</p> <p>0.2.1.3 жыл мезгілдеріндегі балалар ойындарын ажырата білу</p> <p>0.2.1.4 күн сайын ауа райын бақылау. Табиғаттағы өзгерістерді, өсімдіктер мен жануарлардың өмірін жүйелі бақылау, осы бақылауды жүзеге асыру үшін табиғатқа серуендеу</p>	<p>1.2.1.1 Табиғаттағы өзгерістерді бақылай алу</p> <p>1.2.1.2 жыл мезгілдерін, жыл мезгілдерінің ауысуын анықтау</p> <p>1.2.1.3 жыл мезгілдерінің ауысуы бойынша киіну</p> <p>1.2.1.4 табиғатты бақылау, тиісті белгілерді күнтізбеге белгідеу</p>	<p>2.2.1.1 жыл мезгілінің ауысуна байланысты күн мен түннің ұзақтығын өлшеу; жыл мезгілінің ауысуына күннің әсері; жыл мезгілдерінің негізгі белгілері</p> <p>2.2.1.2 күн сайын ауа райын бақылау</p> <p>2.2.1.3 Табиғаттағы өзгерістерді, өсімдіктер мен жануарлардың өмірін жүйелі бақылау, осы бақылауды жүзеге асыру үшін табиғатқа серуендеу</p>	<p>3.2.1.1 ай аттарын білу. Жаз айының күз айына ауысуындағы табиғи өзгерістерді салыстыру, қыс айының күз айымен ауысуындағы өзгерістерді, көктем айы мен жаз айының, көктем айы мен қыс айларының ауысуындағы өзгерістерді бақылай алу</p> <p>3.2.1.2 жыл мезгілдердің ауысуына байланысты өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі өзгерістерді бақылау</p> <p>3.2.1.3 мектеп ауласында мезгілдік жұмыстарға қатысу және өсімдіктерді күту</p> <p>3.2.1.4 бақылау мен әңгімелесуден кейін табиғат құбылыстары</p>	<p>4.2.1.1 мезгілдерді және олардың тізбегін айыра алу; мезгіл айларын білу</p> <p>4.2.1.2 мезгілдік шарттарға байланысты адамдардың түрлі қызметтері туралы түсініктердің болуы</p> <p>4.2.1.3 "ерте", "кеш"</p> <p>ұғымдарының айырмасын білу</p> <p>4.2.1.4 әр мезгілдің құбылыстары туралы түсініктердің болуы. Мысалы: өзендердің қатуы, жаңбыр, қара суы, шық бүрікпе, қырау</p> <p>4.2.1.5 мектеп ауласында мезгілдік жұмыстарға қатысу</p> <p>4.2.1.6 сөздерді қолдану арқылы заттардың белгілері мен әрекеттеріне байланысты топталған табиғат құбылыстары мен заттары туралы мінездеме беру; заттар мен құбылыстарды өзара және басқа заттар мен құбылыстармен салыстыру.</p>

				мен заттары жайлы түсіктердің болуы	Ж е к е бақылаулар мен оқылған ақпараттар негізінде құрдастарның әңгімелерін толықтыру 4.2.1.7 күн сайын табиғатты бақылау. Мезгілдік табиғат және еңбек күнтізбесін арнау
	0.2.2.1 әр жыл мезіліне сай өсімдіктер мен жанураларды ажырату 0.2.2.2 күз мезгілінде өсімдіктер мен жанураларды ажырату 0.2.2.3 қыс мезгілінде өсімдіктер мен жанураларды ажырату 0.2.2.4 табиғат аясында көктемгі өзгерістерді			3.2.2.1 ағаштардың атауларын: қайың, емен,	4.2.2.1 жемістер, жидектер, көкөністерді ажыратып айту 4.2.2.2 жаңғақтарды сыртқы түріне және дәміне байланысты ажырата білу 4.2.2.3 сыртқы түріне байланысты саңырауқұлақта рды айыра білу; олардың атауын және бөліктерін ажырату 4.2.2.4 гүлді өсімдіктердің тұқымдарын білу, тұқымды жинау және сақтау 4.2.2.5 дала өсімдіктері: бидай, жүгері, сұлы, қара бидай туралы түсініктердің болуы 4.2.2.6 орман өсімдіктері: ағаш, қылқан жапырақты және жапырақты өсімдіктер

<p>2.2 Тірі табиғат</p>	<p>бақылау; көктемгі өсімдіктер мен жануралар. Көктемдегі адамдардың киімі. Балалардың көктемгі ойыны</p> <p>0.2.2.5 жаздағы табиғат құбылыстарының өзгеруін бақылау; жаздық сауықтыру рәсімдерін орындау; судағы ережелерді білу және оны сақтау</p> <p>0.2.2.6 әр жыл мезгілінде экскурсия жасау</p> <p>Жыл мезгіліндегі тірі табиғатты: жапырақтар мен ағаштардың түске енуін, сарғаюын бақылау. Жануарлардың мінез-құлқын бақылау.</p> <p>0.2.2.7 жабайы және үй жануарлары туралы түсініктердің болуы (жергілікті аймақта кең таралған); олардың сыртқы түрі, дене мүшелері, өмір сүру ортасы</p> <p>0.2.2.8 аквариумде өмір сүретін балықтарды бақылау</p> <p>0.2.2.9 көкеністер мен</p>	<p>1.2.2.1 ағаштарды, шөптерді, гүлдерді ажырату</p> <p>1.2.2.2 көкеністердің түсін, иsін, дәмін ажырату</p> <p>1.2.2.3 қоршаған ортаның заттарын атау, оларды негізгі қасиеттері бойынша сипаттау (түсі, дәмі, иsі)</p>	<p>2.2.2.1 бөлме қсiмдіктеріне күтім жасау</p> <p>2.2.2.2 көкеністерді қысқа даярлауға көмектесу</p> <p>2.2.2.3 бау-бақша өсімдіктерін күту</p> <p>2.2.2.4 гүлзардағы гүлдерді сыртқы түрі бойынша ажырату</p> <p>2.2.2.5 үй және жабайы жануарларды салыстыру</p> <p>2.2.2.6 бөлме қсiмдіктеріне күтім жасау;</p> <p>2.2.2.7 құстарды тамақтандыруға тұқымдар жинау</p> <p>2.2.2.8 қоршаған ортаның заттарын негізгі қасиеттері бойынша атау және сипаттау, қарапайым қорытындылар жасау арқылы екі затты салыстыру</p> <p>2.2.2.9 оқылған заттар мен олардың бөліктерінің Құрылымын анықтау</p> <p>2.2.2.10 оқылған заттарға жалпылама ұғымдар беру</p>	<p>үйенкі, терек ажырату</p> <p>3.2.2.2 ағаштардың құрылымын: тамыр, жапырақ, бұтақтарды, гүлінің құрылымын ажырату</p> <p>3.2.2.3 өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі шыбын-шіркейлердің рөлі туралы түсініктердің болуы</p> <p>3.2.2.4 жемістер мен көкеністерді қолданарда гигиеналық ережелерді орындау</p> <p>3.2.2.5 бөлме қсiмдіктеріне күтім жасау;</p> <p>3.2.2.6 мұғалімнің басшылығымен зерттелетін өсімдіктерге, жануарларға, табиғат құбылыстарына, табиғаттағы мезгілдік өзгерістерге кішігірім әңгіме құрастыру</p> <p>3.2.2.7 қоршаған ортаның заттарын негізгі қасиеттері бойынша атау және сипаттау, жалпы және ажырайтын белгісіне байланысты салыстыру және жүйелеу</p>	<p>жайлы түсініктердің болуы. Орман жидектері-бүлдірген, кара жидек.</p> <p>Жеуге жарамды және улы жидектер, пайдалы және қауіпті шөптер. Ормандағы мінез-құлқық ережелері.</p> <p>Сирек кездесетін өсімдіктер және оларды күзету.</p> <p>Қызыл кітап</p> <p>4.2.2.7 жабайы аңдардың түрлері: арқар, қоян, бұлан, сайғақ, қабан сияқты жануарларға түсініктердің болуы. Сыртқы түрі, әдеттері, өмір сүру ерекшеліктері, балалары. Жабайы аңдардың табиғи шарттарға бейімделуі</p> <p>4.2.2.8 үй жануарлары: шошқа, қоян, сиыр туралы түсініктердің болуы</p> <p>4.2.2.9 үй құстарын: үйрек, күрке тауық ажырата білу; қыстап қалатын және ұйып кететін, жыртқыш, сайрағыш</p> <p>4.2.2.10 жәндіктердің түлері туралы түсініктерінің</p>
-------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>жемістердің түсін, исін, дәмін, тағамға қолдану тәсілін білу</p> <p>0.2.2.10 бөлме өсімдіктерін ажырата білу және оларды күту</p> <p>0.2.2.11 құстарды тамақтандыруға тұқымдар жинау</p>				<p>болуы. Аралар, балдың пайдалы қасиеттері</p> <p>4.2.2.11 балықтың түрлері туралы түсініктердің болуы.</p> <p>Аквариумдағы балықтарға күтім жасау</p> <p>4.2.2.12 жануарлардың өміріндегі адамдардың рөлінің маңыздылығын білу</p> <p>4.2.2.13 тақырыптық экскурсиялар барысында тәжірибелік жұмыстарды атқару</p> <p>4.2.2.14 ормандағы ережелерді сақтау, қыста құстарды тамақтандыру</p>
<p>2.3 Өлі табиғат</p>	<p>0.2.3.1 тірі және өлі табиғат жайлы түсініктердің болуы</p> <p>0.2.3.2 күндіз, түн секілді уақыттық түсініктерді иелену, олардың белгілерін білу</p> <p>0.2.3.3 жылдың әр мезгілдерінде өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылау –күді, айды, аспанды, жерді, бұлттарды, желді бақылау, олардың суреттер мен</p>	<p>1.2.3.1 өлі табиғаттың күйін әр жыл мезгіліндегі байланысты ажырату</p> <p>1.2.3.2 өлі табиғат құбылыстарыны</p>	<p>2.2.3.1 судың құрылымы: мөлдір, иістің болмауы, температурасы туралы түсініктердің болуы</p> <p>2.2.3.2 жыл мезгілінің әр</p>	<p>3.2.3.1 адамның, өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі ауаның маңызын білу</p> <p>3.2.3.2 ауа температурасын өлшеу;</p>	<p>4.2.3.1 топырақтың құрамын зерттеу</p> <p>4.2.3.2 жердің сыртқы қабаты: жазызықтық, жыралар, белес, тау туралы түсініктердің болуы</p> <p>4.2.3.3 топырақтың құнарлы қабатының болатындығы жайлы түсініктің болуы</p> <p>4.2.3.4 топырақтың қарапайым қасиеттері жайлы түсініктердің</p>

әңгімелердегі бейнесі 0.2.3.4 табиғаттың дыбыстарын– жаңбырдың шуы , жапырақтардың сыбдыры, қардың сықыры, желдің дауысын саралау 0.2.3.5 табиғаттағы түстерді: қызыл, жасыл, көк, ақ, қоңыр ажырата білу (күз, қыс, көктем, жаздың негізгі түстерін)	ң өзгерістерін әр жыл мезгіліндегі байланысты бақылау 1.2.3.3 суды үнемдеу, отпен абай болу; ашық су бекеттерінде шомылғанда өзін дұрыс ұстау	кезеңінде суды бақылау 2.2.3.3 адамның, өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі судың маңызын білу	мекемелерді желдету; мекемелердегі ауаның тазалығын сақтау	болуы, оның өсімдік үшін маңызын білу 4.2.3.5 топырақтың өнімді қабатын қалыпына келтіру және оны күзету туралы түсініктің болуы 4.2.3.6 топырақты өңдеудің бастапқы дағдылары: қопсыту, суаруды білу
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3) "Менің Отаным-Қазақстан":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
3.1 Кіші Отан	0.3.1.1 өмір сүретін ауыл, қала, аудан туралы түсініктердің болуы 0.3.1.2 ауыл, қала, аудан көшелерінің атауын білу 0.3.1.3 туған ауыл, қала, ауданның атын білу 0.3.1.4 мектеппен үйдің атауын білу 0.3.1.5 ауыл, қала ауданның	1.3.1.1 туған ел, ауыл, қала, ауданның атын білу 1.3.1.2 Қазақстан Республикасында өмір сүретіні жайлы білу, оның ауыл, қала, немесе ауданы осы республикада екенін түсіну 1.3.1.3 Қазақстан Республикасының әнұраны	2.3.1.1 Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің атын білу; Қазақстан Республикасының астанасы-Астана қаласы; астананың негізгі көшелерінің, алаңдарының атауын білу 2.3.1.2 қала және ауылдың айырмасын білу 2.3.1.3 "Кіші Отан" сөзінің мағынасын түсіну 2.3.1.4 жол қозғалыс ережелерін	3.3.1.1 мемлекеттік рәміздер: әнұран, ту және елтаңбаны білу 3.3.1.2 біздің мемлекеттік рәміздерімізді тани алуы 3.3.1.3 мемлекеттік әнұран орындалғанда тік тұру 3.3.1.4 әр түрлі белгілері бойынша жақын аумақтағы елді мекендерді ажырату 3.3.1.5 қала және ауылдың арасындағы	4.3.1.1 әр түрлі лауазымдағы әкімшілік-территориялық белгілерді ажырату 4.3.1.2 ауыл, қала, аудан көшелерінің атауын білу 4.3.1.3 ауыл, қала аудадағы мекемелердің атауын білу 4.3.1.4 қоғамдық көліктегі ережелерін сақтау 4.3.1.5 ауыл, қала, ауданның негізгі көшелеріне, мектеп шеберханаларына, дүкендерге, бақшаларға, құс фермаларына, экскурсия жасау арқылы

	белгілі ғимараттары: әкімшілік, мәдениет үйі, аурухананы тану	орындалғанда оң қолын жүрегіне қойып тік тұру	сақтай отырып, жолдан өту 2.3.1.5 қоғамдық орындар мер қоғамдық көлікте мінез-құлық ережелерін сақтау	байланыс туралы түсініктің болуы 3.3.1.6 кіші Отан " сөзінің мағынасын түсіну	сөздік қорды, кеістіктегі бағытталуды, қоршаған орта жа йлы түсініктерді кеңейту 4.3.1.6 өз елді мекендеріндегі өнеркәсіптер м е н кәсіпорындарды ажырату және айта алу
3 . 2 Қазақстанның географиясы		1.3.2.1 Қазақстан Республикасын ың астанасын білу 1.3.2.2 Қазақстан Республикасын ың тұңғыш Президентінің атын білу 1.3.2.3 мемлекеттік рәміздер: ту және елтаңбаны суреттен көрсете алу	2.3.2.1 Қазақстан картасынан ел астанасын көрсете білу 2.3.2.2 мемлекеттік рәміздер: ту және елтаңба, әнұранды ажырату 2.3.2.3 суреттен мемлекеттің негізгі ғимараттары: Ақ Орданы, Бәйтеректі көрсете алу	3.3.2.1 әлем картасынан Қазақстанды көрсете білу 3.3.2.2 мемлекеттік рәміздер: ту және елтаңба, әнұранды көрсету және тану 3.3.2.3 Қазақстан Республикасын ың әнұраны орындалғанда оң қолын жүрегіне қойып тік тұру	4.3.2.1 Қазақстан картасынан өзі тұратын ауыл, аудан, қаланы көрсете білу 4.3.2.2 Қазақстан картасынан үлкен өзендер мен көлдерді көрсету 4.3.2.3 ерлік әрекеттер туралы түсініктерінің болуы 4.3.2.4 тарихи, өлке танушылық мұражайларды аралау
3.3 Қазақстан халқы		1.3.3.1 негізі ұлттық тағамдар : бауырсақ, бешбармақ туралы түсініктердің болуы 1.3.3.2 Қазақтың ұлттық киімдерін ажырату 1.3.3.3 қазақ және орыс әндерімен танысу және айыра білу 1.3.3.4 Қазақстанда	2.3.3.1 "ұлт" сөзінің мағынасын түсіну 2.3.3.2 өз ұлтын анықтай алу 2.3.3.3 өзіндік бақылау арқылы сыныптағы білім алушылардың ұлтын анықтау	3.3.3.1 ерлер мен әйелдердің ұлттық киімдерін ажырата білу 3.3.3.2 наурыз көже және оның жеті түрлі құрамы туралы білу 3.3.3.3 Қазақстан	4.3.3.1 өз ұлтының салт-дәстүрлерін әңгімелеу 4.3.3.2 Қазақстан "көп ұлтты мемлекет" сөзінің мағынасын түсіне білу 4.3.3.3 Қазақстанда өмір сүретін ұлттардың кейбіреулерін атау 4.3.3.4 Қазақстанда

		өмір сүретін халықтар туралы түсініктердің болуы	2.3.3.4 ұлттық ойындарды ойнау	халқының ұлттық мерекелерін білу	өмір сүретін ұлттардың салт-дәстүрлерін құрметтеу
3.4 Қазақстанның мәдениеті		1.3.4.1 туған қаласының тарихи ескерткіштерін аралау 1.3.4.2 ұлттық нақыштағы оюларды салу және даярлау 1.3.4.3 мұражайларға экскурсия жасау 1.3.4.4 қазақи ертегілерді білу	2.3.4.1 АКТ колдануда Қазақстанның тарихи орындарымен танысу 2.3.4.2 Қазақстандық жазушылардың балаларға арналған шығармаларын оқу 2.3.4.3 "ерлік" ұғымының мәнін білу және ерліктерін бағалау	3.3.4.1 тарихи, өлке танушылық, танымал адамдардың мұражайларын аралау 3.3.4.2 тарихи орындарды сақтау және ұқыпты қарым-қатынаспен қарау 3.3.4.3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері туралы білу 3.3.4.4 суреттерден Қазақстан Республикасының негізгі емес рәміздерін білу	4.3.4.1 тарихи және мәдени ескерткіштердіс ақтаудың маңыздылығын түсіну 4.3.4.2 Қазақстанның өнер және мәдениетіндегі үздік кайраткерлердің есімін білу 4.3.4.3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері туралы білу 4.3.4.4 Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін өзге елдерден ажырата білу

4) "Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру":

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
4.1. Қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарымен танысу негізінде ауызша сөйлеу тілін дамыту	0.4.1.1 қоршаған ортаның және табиғат заттары мен құбылыстарының атауын айту 0.4.1.2 тілдегі зат есімдер мен	1.4.1.1 қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарының атауын айту 1.4.1.2 тілдегі зат есімдер мен сын есімдерді, етістіктерді біріктіру 1.4.1.3 қойылған сұраққа жауап беру 1.4.1.4 таныс сөздерді дұрыс	2.4.1.1 қойылған сұраққа сұрақтағы сөздерді пайдалана отырып, анық жауап беру 2.4.1.2 жай жайылмалы сөйлемдерді құра білу 2.4.1.3 таныс сөздерді дұрыс	3.4.1.1 әңгімеге қатысу, қойылған сұраққа нақты жауап қайтау 3.4.1.2 таныс сөздерді дұрыс қолдана отырып, сұрақтар бойынша сөйлем құрау 3.4.1.3 үстеулерді қолдана білу 3.4.1.4 нақты объектілер арасында үстеулер мен	4.4.1.1 әңгімеге қатысу; қойылған сұраққа сыныптастарын толықтыра отырып жауап беру 4.4.1.2 жоспар бойынша сөйлеуге

сын есімдерді, етістіктерді біріктіру	колдана отырып, жай сөйлемдерді құрастыра білу 1.4.1.5 үстеулерді колдана білу	колдана отырып, сұрақтар бойынша сөйлем құрау	жалғаулар арқылы тілдегі ж а ң а меңгерілген сөздерді, кеңістік пен у а қ ы т қатынастарын колдану	байланысты, жай сөйлемдерді колдану 4.4.1.3 таныс сөздердің түрлерін дұрыс колдану
---------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------

53. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 304
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 304 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Культура поведения" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0 - 4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. "Тәртіп мәдениеті" оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды тәртіп мәдениеті дағдыларына үйретуге мақсатты арнайы оқытуға бағытталған. Білім алу кеңістігін ұйымдастыру үшін білім алушылардың даму ерекшеліктері ескеріле отырып, пәннің әдістемелік әлеуеті қолданылады.

4. "Тәртіп мәдениеті" пәні білім алушылардың этикалық нормалар туралы білімін жүйелі түрде қалыптастырады және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды

оқыту мен бастапқы әлеуметтендірудің түзете қалыптастыру атқарымын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

5. "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мазмұны жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өмірлік тәжірибесін байытуға бағытталған оқытудың коммуникативтік-әрекеттік үлгісіне бағдарланған.

6. "Тәртіп мәдениеті" пәнінің аясындағы "мәселелерді шешудің құзыреттілігінің" мәні оқушыларда әр түрлі аймақтағы және әрекеттену түрлеріндегі мәселелерді өздігінен шешу қабілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өзіндік тәжірибесі элементі болып табылатын әлеуметтік тәжірибені пайдалану негізінде дамыту болып табылады.

7. Пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнында мәселелік сұрақтар қарастырылған. Танымдық тапсырмалар білім алушылардың белсенділігін ынталандырады, оқу процесіне деген қызығушылықтарын тудырады. Танымдық тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану логикалық ойлауды, талдау мен салыстыруды, тұжырымдауды және қорытынды жасауды қалпытастырумен қамтамасыз етеді.

8. Білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігі пән бойынша білім және ұйымдастыру, жоспарлау, оқу-танымдық әрекеттің рефлексиясын іске асыру, оқу мен тәжірибе құралдарын, аудио-бейне жазбаларды пайдалана білу, жаңа білімді таба білу икемділігі арқылы жүзеге асырылады.

9. Коммуникативтік құзыреттілік сөйлеу тілін және сабақтағы практикалық тапсырмаларды орындау, экскурсия және шынайы жағдайлар кезіндегі топтағы өзара әрекеттену барысындағы әлеуметтік рөлдерді (бағынушы және басшы) орындауға байланысты алынған білімді пайдалана білуді қамтиды. "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мазмұны жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттену тәжірибесі мен өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға арналған оңтайлы материал болып табылады.

10. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытуда білім алушыларда білім жүйесі мен әлем туралы тұтас түсініктерді қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын пәнаралық байланыстарды негіз ету өзекті болып табылады.

11. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін негіз болатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

12. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез-келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлығын қалыптастыруға бағдарланған.

2-тарау. "Тәртіп мәдениеті" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. "Тәртіп мәдениеті" пәні – адамзат қоғамындағы өзара әрекеттестік және өзара сыйласымдылық туралы білім жүйесін қалыптастыратын кіріктірілген пән. Пәннің зерделеу нысандары – адам, қоғам, оның ішінде жанұя, мәдениет, денсаулық, қоршаған орта.

14. "Тәртіп мәдениеті" пәні бойынша оқу бағдарламасы білім беру құндылығы мен мектептен осы пәнді оқытудың мақсаттар жүйесімен "шығу" кезіндегі нәтижелердің өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбие мен оқытудың біртұтастық қағидасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

15. "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мақсаты – жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды әлеуметтік бейімдеуге көмектесетін тәртіп мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.

16. Тәртіп мәдениетіне оқыту міндеттері:

1) білім алушыларды қоғамдық орындардағы этикет ережелерімен және тәртіп нормаларымен таныстыру;

2) өзге адамға қатысты құрметтілік және әдептілік қатынасты қалыптастыру;

3) білім алушылардың өзін-өзі жағымды тұрақты бағалауын қалыптастыру;

4) әр түрлі өмірлік жағдайларда мәдениетті әрекеттенуге үйрету;

5) білім алушылардың коммуникативтік қабілеттілігін дамыту;

6) білім алушыларда өзін-өзі жетілдіруге, жан-жақты, үйлесімді дамуға деген талпынысын дамыту;

7) эстетикалық талғамды, қоршаған әлемнен әдемілікті көре білуді дамыту;

8) білім алушыларда әр түрлі әрекет түрлеріне жағымды қатынасты қалыптастыру;

9) алған білімді өмірде қолдануға көмектесу;

10) өз халқының және өзге халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүріне, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру;

11) білім алушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мәдениетті тәртіп және қауіпсіздік ережелерінің нормаларын қалыптастыру;

12) білім алушыларда қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылығына жағымды қатынасты қалыптастыру.

17. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

18. "Тәртіп мәдениеті" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

19. Білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығының қағидасы білім беру процесін даму кемшілігінің ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымы мен жүйелерін тірек ете отырып құруды білдіреді.

20. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете дамыту бағыттылығының қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдері мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, білім алушылардың ойлау әрекетінің баяулылығы, танымдық белсенділігінің төменділігі, танымдық атқарымдарының әлсіздігі, қоршаған орта туралы білім мен түсініктерінің шектеулілігі, сөйлеу тілінің дамуының артта қалуы, тәртіпті еркін реттеудің қалыптаспағандығы, қимыл-қозғалысымен қимыл үйлесімділігіндегі кемшіліктер есепке алынады.

21. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағыттылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларынан, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, әлеуметтік дағдылармен, көзқарастармен, сенімдерге дейінгі күрделі өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

22. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалардың оқуы мен әлеуметтенуінің табыстылығын қамтамасыз ету үшін олардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық дамуындағы педагогикалық құралдармен міндетті түрде жойылуға немесе өтелуге тиісті ерекше мәселелері болады.

23. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме қағидасы психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді.

24. Заттық-тәжірибелік әрекет жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыны дамытудың, оқу және еңбек әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту процесінде педагогтың басшылығымен (екі-екіден, топтасып) сөйлеу тілдік қарым-қатынастар үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады.

25. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

26. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға қатысты

сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесінде сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау мен уәждеу түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады.

27. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Арнайы педагог ақыл-ой даму бұзылыстары бар бала дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, балалардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процесті басқара алады.

28. Жұмыс әдіс-тәсілдерін құрамдастыру білім алушылардың танымдық әрекетінің түрін ауыстыруды білдіреді. Оқытудың жетекші тәсілдеріне үйрету, жаттығулар, үйрету жағдайлары (жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік ойындар), үлгілеуге арналған мысалдар, жазғыру, түсіндіру, әңгімелесу тәсілдері, әңгімелер, экскурсиялар жатады.

29. Балалардың оқу материалын тәжірибелік әрекет процесінде меңгеруі "Тәртіп мәдениеті" пәнін оқытудың маңызды талабы болып табылады. Мұғалім осы мақсатта оқыту процесін жобалау кезінде тәжірибелік тапсырмаларды анықтайды, ал сабақта олардың маңызын ашып, қажеттілігін атап көрсетеді.

30. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыға білім беру процесінде қолданудың уәжділігіне оқытудың әдетте қолданылатын құралдарының көмегімен құру мүмкін емес дамыту және түзету міндеттерін шешетін талаптарды "құруға" көмектесе отырып, педагогтың құралдар арсеналын кеңейтуі жатады. Сонымен бірге АКТ:

- 1) сабақта топтық және өздік жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді;
- 2) білім алушылардың практикалық икемділіктері мен дағдыларын жетілдіруге көмектеседі;
- 3) оқыту процесін жекешелендіреді;
- 4) сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- 5) білім алушылардың танымдық әрекетін белсендіреді;
- 6) білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

31. Ақыл-ой даму бұзылысы бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

32. Білім алушылардың жетістіктерін бағалауда баллдар ғана емес, сондай-ақ критериалды сипаттамалық бағалау да пайдаланылады. Педагог мақсатты

тұжырымдамаға сәйкес әр білім алушының сабақ барысындағы және сабақтан тыс жағдайдағы мәдениетті тәртіп дағдысының байқалуын бақылайды.

33. Білім алушылардың "Тәртіп мәдениеті" пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалауда келесі критерий тобы есепке алынады:

1) тәжірибе жүзінде меңгерілген әрекеттену тәсілдерін, тәртіп мәдениеті дағдыларын басшылыққа ала білу;

2) тәртіп мәдениетін, оған деген қажеттілікті сипаттайтын әрекеттерге қызығушылық таныту;

3) құрдастарының, айналасындағы адамдардың тәртібіндегі жағымсыз байқалымдарға адекватты қатынас;

4) тәртіп мәдениетінің сыртқы түрінің білім алушылардың ішкі қасиеттерімен өзара байланысы.

5-тарау. "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

34. "Тәртіп мәдениеті" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

2) 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

3) 2-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

4) 3-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

5) 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

35. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастырылады.

36. Оқу пәнінің мазмұны:

1) этикалық және эстетикалық нормалармен бекітілген мінез-құлық дағдылары тәртіп мәдениеті бойынша сабақтардың басты мазмұны болып табылады. Дағдылар жағдаяттық ойындарды ойнау, сахналық қойылымдарға, мерекелік ертеңгіліктерге, экскурсияларға, қоғамдық орындарға бару барысында қалыптасады;

2) "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мазмұны жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің баюына бағытталған оқытудың коммуникативтік-әрекеттік үлгісіне бағытталған;

3) "Тәртіп мәдениеті" бағдарламасының мазмұны тоқсандар бойынша реттелмейді. Мұғалім тақырыптарды оқытудың дәйектілігін білім алушылардың мінез-құлықтық және мәдени дағдыларының қалыптасу деңгейіне қарай түрлендіріледі.

37. "Тәртіп мәдениеті" оқу пәні сыныптар бойынша нәтижесі дағды немесе икемділік, білім немесе түсінік, қолдану түрінде күтілетін оқыту мақсаттарынан тұратын бөлімдер және бөлімшелер бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлім ішінде

дәйектілікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларға оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

38. Оқу материалы бағдарламада шоғырландыру қағидасы негізінде құрылымдалған, бұл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда дағдылардың қалыптасуындағы объективті қиындықтарды есепке алуға мүмкіндік береді. Әр оқу жылында білім алушылардың әр түрлі өмірлік жағдаяттардағы тәртібінің мәдени түрлерін қайталауға, бекітуге және дағдыландыруға мүмкіндік тудырады.

39. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдер мен бөлімшелерді қамтиды:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Сырт келбет мәдениеті	1.1 Тән тазалығы
		1.2 Киім және аяқ киім тазалығы
		1.3 Ас ішу мәдениеті
2	Тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті
		2.2 Қызмет мәдениеті
3	Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті	3.1 Үйдегі тәртіп мәдениеті
		3.2 Мектептегі тәртіп мәдениеті
		3.3 Табиғат аясындағы тәртіп мәдениеті
		3.4 Көшедегі тәртіп мәдениеті
		3.5 Қызмет көрсету мекемелеріндегі, қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті

40. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлы болу үшін кодтау тәсілі енгізілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші, үшінші сандар бөлім мен бөлімшені белгілейді, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.2.1 кодындағы "1" – сынып, "2.2" – бөлімше, "1" – оқыту мақсатының реттік нөмірі.

41. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Сырт келбет мәдениеті":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.1.1.1 тамақтың алдында,	1.1.1.1 бұрын меңгерген гигиеналық	2.1.1.1	3.1.1.1 тамақтың алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ойыннан кейін қолын сабынмен жуу	4.1.1.1 1, 2, 3-сыныптарда меңгерген гигиеналық талаптарды бекіту	

<p>1.1 Тән тазалығы</p>	<p>дәретханаға барғаннан кейін, ойыннан кейін қолын сабынмен жуу; 0.1.1.2 ұйқыдан тұрғаннан кейін, ұйықтар алдында жуыну, жуыну процесінің дәйектілігін сақтау 0.1.1.3 сүлгімен әбден құрғатып сүртінуге 0.1.1.4 тамақтан кейін аузын шаю 0.1.1.5 тісін таңертең және кешке тазарту</p>	<p>талаптарды бекіту 1.1.1.2 гигиеналық заттарды (тіс щеткасы, сабын салғышты, тарақты) күтіп ұстау 1.1.1.3 қол орамалды пайдалану, түшкіргенде және жөтелгенде барлық этикалық ережелерді орындау 1.1.1.4 тарақ пен айнаның көмегімен шашын тәртіпке келтіру</p>	<p>1-сыныпта меңгерген гигиеналық талаптарды бекіту 2.1.1.2 гигиеналық заттарды (тіс щеткасы, сабын салғышты, тарақты) өздігінен пайдалану 2.1.1.3 тарақ пен айнаның көмегімен шашын тәртіпке келтіру 2.1.1.4 ұйықтар алдында аяғын жуу, сүлгімен құрғатып сүрту</p>	<p>3.1.1.2 ұйқыдан тұрғаннан кейін, ұйықтар алдында жуыну процесінің дәйектілігін сақтау 3.1.1.3 сүлгімен әбден құрғатып сүртінуге 3.1.1.4 тамақтан кейін аузын шаю 3.1.1.5 тісін таңертең және кешке тазарту 3.1.1.6 тері күтімі үшін балаларға арналған жақпамайды пайдалану 3.1.1.7 сыныптасының және өзінің шашындағы ұқыпсыздықты байқау</p>	<p>4.1.1.2 тарақ пен айнаның көмегімен шашын тәртіпке келтіру 4.1.1.3 ұйықтар алдында аяғын жуу, сүлгімен құрғатып сүрту, балаларға арналған жақпамайды пайдалану, шашын жуғанда сусабынды пайдалану 4.1.1.4 қол мен аяқтың тырнақтарының күтімі 4.1.1.5 сыныптасының және өзінің аяғы мен қолының тазалығында, шашындағы ұқыпсыздықты байқау</p>
<p>1.2 Киім және аяқ киім тазалығы</p>	<p>0.1.2.1 жейдені, шалбарды, белдемшені, нәскиді, қолғапты, аяқ-киімді өзі шешіп, өзі кию 0.1.2.2 өзінің киімін шкафқа салу және ілу</p>	<p>1.1.2.1 киім және аяқ киім гигиена талаптарын бекіту 1.1.2.2 сыртқы киімді өзі кию, күртеше мен пәлтенің сырмасын, түймесін салу 1.1.2.3 сыныптасына киімнің сыртқы түрін бағалауға көмектесу 1.1.2.4 күні бойы өзінің киімін таза ұстау 1.1.2.5 киім щеткасын, аяқ</p>	<p>2.1.2.1 1-сыныпта меңгерген киім және аяқ киім гигиена талаптарын бекіту 2.1.2.2 күні бойы өзінің киімін таза ұстау 2.1.2.3 өздігінен үй киімін кию 2.1.2.4 өзінің киімін және аяқ киімін ұқыпты және күтіп кию 2.1.2.5 үйден, мектептен шығатын кезде өзінің сыртқы</p>	<p>3.1.2.1 2-сыныпта меңгерген киім және аяқ киім гигиена талаптарын бекіту 3.1.2.2 үйден, мектептен шығатын кезде өзінің сыртқы түрінің ұқыптылығын тексеру 3.1.2.3 мерекеге, қонаққа бару үшін киім таңдау 3.1.2.4 киімді мезгілдік ауа</p>	<p>4.1.2.1 1, 2, 3-сыныпта меңгерген киім және аяқ киім гигиена талаптарын бекіту 4.1.2.2 Қандай жағдайда болмасын өзінің киімі мен аяқ киімін ұқыпты және құнттап ұстау 4.1.2.3 су болған киім мен аяқ киімді кептіру 4.1.2.4 резенке етікті жуу 4.1.2.5 сыртқы түрінің өмірлік</p>

		киім шеткасын пайдалану	түрінің ұқыптылығын тексеру	райына сәйкес таңдай білу	жағдаятқа сәйкес еместігін байқау
1.3 Ас ішу мәдениеті	<p>0.1.3.1 тамақтану ережелерін орындау: дастарқан басында тұзу отыру, шынтағын үстелге салмау, тамақты асықпай, мұқият шайнау, нанды кішкентай кесектен үзіп жеу</p> <p>0.1.3.2 тамақтанғанда тамақ ішу құралдарын дұрыс пайдалану (үлкен, кішкентай қасық, майлық қағаз салғыш)</p> <p>0.1.3.3 тамақ ішкен кезде майлық қағазды пайдалану</p>	<p>1.1.3.1 бұрын меңгерген тамақ ішу ережелерін бекіту</p> <p>1.1.3.2 тамақтанғанда тамақ ішу құралдарын қолданысына сәйкес пайдалану</p> <p>1.1.3.3 тамақ ішкен кезде үстел басындағы тәртіпті сақтау</p> <p>1.1.3.4 тамақ (өнімдеріне құнттап қарау</p> <p>1.1.3.5. тамақ ішкен кезде сөйлемеуге тырысу</p>	<p>2.1.3.1 1-сыныпта меңгерген тамақ ішу ережелерін бекіту</p> <p>2.1.3.2 тамақ ішу құралдарын олардың қолданысына сәйкес пайдалану</p> <p>2.1.3.3 тамақ ішкен кезде қағаз және шүберек майлықты пайдалану</p> <p>2.1.3.4 тамақ өнімдеріне құнттап қарау</p> <p>2.1.3.5 ересектерге дастарқан жаюға және үстелден ыдыс жинауға көмектесу</p>	<p>3.1.3.1 2-сыныпта меңгерген тамақ ішу ережелерін бекіту</p> <p>3.1.3.2 өздігінен дастарқанды жаюға және үстелден ыдыс жинауға тырысу</p> <p>3.1.3.3 сыныптастарын ың және өзінің тәртіптерінің үстел басындағы тәртіп ережелеріне сәйкес келмейтінін байқау</p> <p>3.1.3.4 үстел басында және қонақта өзін дұрыс ұстауға тырысу</p>	<p>4.1.3.1 1, 2, 3-сыныптарда меңгерген тамақ ішу ережелерін бекіту</p> <p>4.1.3.2 нәрсу жемісінің сүйегін кішкентай қасықпен ақырындап алып, тәрелкеге салу</p> <p>4.1.3.3 тамақ ішіп болғаннан кейін қасықты, шанышқыны, пышақты дастарқанға емес тәрелкеге қою</p> <p>4.1.3.4 тамақтанғанда тамақ ішу құралдарын дұрыс пайдалану (үлкен, кішкентай қасық, шанышқы, пышақ майлық қағаз салғыш)</p> <p>4.1.3.5 өздігінен дастарқанды жаю және үстелден ыдыс жинау</p>

2) "Тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
					4.2.1.1 1, 2, 3 - сыныптарда меңгерген қарым-қатынас және сөйлеу тіл

<p>2 . 1 Қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті</p>	<p>0.2.1.1 кұрдастарымен, мұғаліммен кездескенде ілтипатпен амандасу, қоштасқанда басын сәл иіп, әдептілік таныту 0.2.1.2 жымиып, анық, көтеріңкі дауыспен амандасу 0.2.1.3 "Сәлеметсіз бе", "Сау болыңыз", "Рахмет", "Мархабат" сияқты сыпайыгершілік сөздерін пайдалану</p>	<p>1.2.1.1 бұрын меңгерген қарым-қатынас және сөйлеу тіл мәдениеті ережелерін бекіту 1.2.1.2 ұл баланың қыз баламен бірінші болып амандаса білуі 1.2.1.3 "Сәлеметсіз бе", "Сау болыңыз", "Рахмет", "Мархабат", "Кешіріңіз", "Кіруге рұқсат етіңіз", "Шығуға бола ма" сияқты сыпайыгершілік сөздерін пайдалану 1.2.1.4 өзгелердің амандасқанына ілтипатпен, жылы шыраймен жауап беру 1.2.1.5 жасы үлкендермен "сіз" деп сөйлесу</p>	<p>2.2.1.1 1-сыныпта меңгерген қарым-қатынас және сөйлеу тіл мәдениеті ережелерін бекіту 2.2.1.2 "Сәлеметсіз бе", "Сау болыңыз", "Рахмет", "Мархабат", "Кешіріңіз", "Кіруге рұқсат етіңіз", "Шығуға бола ма", "Қайырлы таң", "Қайырлы күн", "Қайырлы кеш", "Қайырлы түн" сияқты сыпайыгершілік сөздерін пайдалану 2.2.1.3 ересектердің күнделікті еңбектеріне, ата-анасының қамқорлығына құрмет көрсету 2.2.1.4 сыныптастарына достық қалып таныту, қайырымды істерге ұмтылу 2.2.1.5 сөйлесіп тұрған адамың көзіне тура қарап, жылы шыраймен сөйлесу</p>	<p>3.2.1.1 2-сыныпта меңгерген қарым-қатынас және сөйлеу тіл мәдениеті ережелерін бекіту 3.2.1.2 "Сәлеметсіз бе", "Сау болыңыз", "Рахмет", "Мархабат", "Кешіріңіз", "Кіруге рұқсат етіңіз", "Шығуға бола ма", "Қайырлы таң", "Қайырлы күн", "Қайырлы кеш", "Қайырлы түн", "Алғысымды білдіремін", "Мүмкін болса ..." сияқты сыпайыгершілік сөздерін пайдалану 3.2.1.3 сөйлескен адамның көзіне қарап, ілтипатпен, жылы шыраймен сөйлесу 3.2.1.4 мұғалімнің, ересектердің сөзін бөлмей тындау 3.2.1.5 өз тәртібінің талап етілетін нормаға сәйкес келмейтінін байқау 3.2.1.6 "әдептілік"</p>	<p>мәдениеті ережелерін орындау 4.2.1.2 "Сәлеметсіз бе", "Сау болыңыз", "Рахмет", "Мархабат", "Кешіріңіз", "Кіруге рұқсат етіңіз", "Шығуға бола ма", "Қайырлы таң", "Қайырлы күн", "Қайырлы кеш", "Қайырлы түн", "Алғысымды білдіремін", "Мүмкін болса ..." сияқты сыпайыгершілік сөздерін пайдалану 4.2.1.3 сыныптастарына, көршілеріне жақсы қатынас танытып, қайырымды іске ұмтылу 4.2.1.4 жолдасының сөзін бөлмей, тыңдай білу 4.2.1.5 өзінің тәртібін нақты жағдайда бағалау 4.2.1.6 жақсы мінез кейпі ережелерін орындау: кірген ересек адамға орындық немесе өз орнын беру 4.2.1.7 біреудің түсіріп алған затын сыпайылықпен көтеріп, сол адамға беру</p>
------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			2.2.1.6 мұғалімнің, ересектердің сөзін бөлмей тыңдау	сөзінің мағынасын түсіну 3.2.1.7 жолдасының сөзін бөлмей, тыңдай білу 3.2.1.8 өзінің тәртібін нақты жағдайда бағалау	4.2.1.8 кішкентай баланың мойынорағышын орауға, сырмасын салуға көмектесу 4.2.1.9 қонақта құрдастарымен және ересектермен таныса білу 4.2.1.10 ересектердің сөзін бөлмеуге және олардың сөзіне араласпауға тырысу
2.2 Қызмет мәдениеті	0.2.2.1 күнделікті белгілі бір уақытта тұру, белгілі бір уақытта бөлмесін желдету және жаттығу жасау 0.2.2.2 заттарды, ойыншықтарды, оқу құрал-жабдықтырын орнына қою, оларды ұқыптылықпен пайдалану 0.2.2.3 сыныпта, жатын бөлмеде, ойын бөлмесінде,	1.2.2.1 айналасындағылардың әдемі әрекеттерін байқау 1.2.2.2 құрдастарымен қатынаста қарым-қатынас мәдениеті ережелерін орындау: тыныш ойнау, сабақта өзгелерге бөгет жасамай, өзін дұрыс ұстау, жағымды қарым-қатнасқа ұмтылу, ойыншықтарым ең бөлісу, достарына	2.2.2.1 1-сыныпта меңгерген әрекеттік мәдениет ережелерін бекіту 2.2.2.2 қоғамдық еңбекке қатысу, мұғалімге, тәрбиешіге, ата-анасына көмектесу 2.2.2.5 жанұя мүшелерімен, сыныптастарым ең, достарымен келісе әрекеттенуге, бір-біріне көмектесуге келісу 2.2.2.4 өзінің уақытын дұрыс есептеу, серуеннен кейін кешікпеу,	3.2.2.1 2-сыныпта меңгерген әрекеттік мәдениет ережелерін бекіту 3.2.2.2 өзінің әрекеттерін талдау, олардың сыпайыгершілік ережелеріне сәйкес келе ме жоқ па соны түсіну 3.2.2.3 өзінің рухани қызығушылықта р әлемін түрлендіруге тырысу, жеке қызығушылықта р ын қалыптастыру 3.2.2.4 атакты спортшылардың спорттағы алғашқы қадамдары, көркем оқу, би, бөлме өсімдіктерін өсіру, көркем	4.2.2.1 1, 2, 3-сыныптарда меңгерген әрекеттік мәдениет ережелерін бекіту 4.2.2.2 кітаптарды, оқулықтарды ұқыпты ұстау (беттерін бүкпеу, кітапты кір қолмен ұстамау) қажеттілігін түсіну 4.2.2.3 бүгін істеуге болатынды

жуынатын бөлмеде және дәретханада, киінетін бөлмеде бағдарлау	көмектесу көмек көрсету 1.2.2.3 өзге балаларға жанашырлық сезімін білдіруге тырысу	теледидардың алдында ұзақ отырмау, ешқайда және ешқашанда кешікпеу 2.2.2.5 күн түзімін қатал орындауға тырысу	кәсіптер түрлері туралы мәліметтерді хабарлауға тырысады 3.2.2.5 өз алдына шағын міндеттерді қойып, оларды аяғына дейін жеткізу 3.2.2.6 сыныптағы, шеберханадағы жұмыс орнын, ойын бөлмесін, үйді таза және тәртіпте ұстау	ертеңге қалдырмауға тырысу 4.2.2.4 кез-келген тапсырманы, кез-келген жұмысты жақсы орындауға тырысу
---------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------

3) "Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Үйдегі тәртіп мәдениеті	0.3.1.1 жайға кірер алдында аяғын сұрту 0.3.1.2 үйдегі күн түзімін орындауға тырысу	1.3.1.1 бұрын меңгерген үйдегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 1.3.1.2 өзінің заттарын тәртіпте ұстау 1.3.1.3 өзінен үлкен жанұя мүшелерінің берген қолжетімді тапсырмаларын орындауға тырысу	2.3.1.1 1-сыныпта меңгерген үйдегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 2.3.1.2 өзінің төсегін жинау, таңғы жаттығуды, гигиена ережелерін ересектердің ескертуінсіз-ақ орындау 2.3.1.3 өзінің хал-жайы туралы айта алу, көмек сұрау	3.3.1.1 2-сыныпта меңгерген үйдегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 3.3.1.2 тұрмыстық электр құралдарымен жұмыста қауіпсіздік ережелерін сақтау 3.3.1.3 жанұя мүшелерімен, көршілерімен тілектестік қарым-қатынаста болу	4.3.1.1 1, 2, 3-сыныптарда меңгерген үйдегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 4.3.1.2 тұрмыстық электр құралдарымен жұмыста қауіпсіздік ережелерін сақтау 4.3.1.3 қауіпсіздік ережелерін сақтау (бейтаныс адамдарға есік ашпау) 4.3.1.4 қонақжайлылық ережелерін ұстану
					4.3.2.1 1, 2, 3-сыныптарда меңгерген

3.2. Мектептегі тәртіп мәдениеті	0.3.2.1 жайға кіргенде бас киімді шешу 0.3.2.2 мектепте таза, ұқыпты келу, киімін айнаның алдында жөнге келтіру 0.3.2.3 мектеп жайларында бағдарлау	1.3.2.1 сабақта білім алушының тәртіп ережелерін орындау 1.3.2.2 мектепте (мектеп-интернатта) күн түзімін орындау 1.3.1.3 мұғалімдердің, тәрбиешелердің аты-жөнін айтып сөйлесу	2.3.2.1 1-сыныпта меңгерген мектептегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 2.3.2.2 мектеп мүлкіне, құрал-жабдықта р ы н а ұқыптылықпен қарау 2.3.2.3 мектептегі ересектерге ж ә н е сыныптастарына сыпайыгершілік білдіру	3.3.2.1 2-сыныпта меңгерген мектептегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 3.3.2.2 кезекші міндетін атқару, ересектерге мектеп жайын жинастыруға көмектесу 3.2.2.3 мектептегі шараларға белсенді қатысу	мектептегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 4.3.2.2 мектептегі шараларды дайындауға шамасы келгенінше қатысу 4.3.2.3 қзығушылықтары бойынша үйірмелерге қатысу 4.3.2.4 кіші білім алушыларға көмек көрсету 4.3.2.5 мұғалімдердің ж ә н е тәрбиешілердің тапсырмаларын орындау 4.3.2.6 ересектермен дауласпау
3.3 Табиғат аясындағы тәртіп мәдениеті	0.3.3.1 өсімдіктерге (гүл, бұта, ағаш) ұқыптылықпен қарау 0.3.3.2 серуен кезінде мұғалімнен және тәрбиешіден алысқа кетпеу	1.3.3.1 табиғатта (орманда, өзеннің, көлдің жағасында) қ о қ ы с қалдырмау 1.3.3.2 табиғатта серуендеу тәртіп ережелерін орындау: ауа райына және жыл мезгіліне сәйкес киіну, ересектердің талаптарын	2.3.3.1 1-сыныпта меңгерген табиғаттағы тәртіп ережелерін бекіту 2.3.3.2 мектеп жанындағы үлескеде жұмыс істеген ересектерге шамасы келгенше көмектесу	3.3.3.1 2-сыныпта меңгерген табиғаттағы тәртіп ережелерін бекіту 3.3.3.2 мектеп жанындағы үлескеде қажетті жұмыстарды орындау 3.3.3.3 қыс кезінде құстарға қамқорлық көрсету 3.3.3.4 табиғатта (орманда, өзеннің, көлдің	4.3.3.1 1,2,3-сыныптарда меңгерген табиғаттағы тәртіп ережелерін бекіту 4.3.3.2 мектеп жанындағы үлескеде көктемгі және күзгі жұмыстарды орындау 4.3.3.3 табиғаттағы өсімдіктерге, құстарға, жануарларға қамқорлық көрсету 4.3.3.4 оқу мақсатына

		орындау, топтан қалып қоймау.	2.3.3.3 қыс кезінде құстарға қамқорлық көрсету	жағасында) тәртіптің қауіпсіздік ережелерін қолдану	арналған табиғи материалдарды жинау 4.3.3.5 табиғатта (орманда, өзеннің, көлдің жағасында) тәртіптің қауіпсіздік ережелерін қолдану
3.4 Көшедегі тәртіп мәдениеті	0.3.4.1 көшеде қоқсытпауға әдеттену 0.3.4.2 үйлердің қабырғасына және дуалдарға сурет салуға болмайтынын білу	1.3.4.1 қатты сөйлеуге, айғайлауға, күлуге, көшедегілердің назарын өзіне аударуға болмайтынын білу	2.3.4.1 бұрын меңгерген көшедегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 2.3.4.2 жаяужолдың оң жағымен жүруге тырысу 2.3.4.3 көшені ластамау талаптарын орындау	3.3.4.1 2-сыныпта меңгерген көшедегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 3.3.4.2 көшені бағдаршамның сигналдары немесе "зебра" бойынша өту ережелерін білу және орындау 3.3.4.3 көшеде таныс адамды кездістіргенде, онымен жолдан былай шығып сөйлесу	4.3.4.1 1, 2, 3 - сыныптарда меңгерген көшедегі тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 4.3.4.2 көшені ластамауды әдет қылу 4.3.4.3 егер бір топ бала келе жатса, онда жаяужолды толық жауып тастауға болмайды 4.3.4.4 көшедегі қауіпсіздік ережелерін орындау 4.3.4.5 көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспей
3.5 Қызмет көрсету мекемелеріндегі,	0.3.5.1 қоғамдық орындарға барғанда ерсектерді тындау 0.3.5.2 қоғамдық орындарда	1.3.5.1 емханадағы, шаштараздағы тәртіп ережесін ұстану, өз кезегін күту 1.3.5.2 дүкендегі , супермаркеттегі, сауда ,	2.3.5.1 1-сыныпта меңгерген қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 2.3.5.2 көлікке кіру және көліктен шығу ережелерін орындау	3.3.5.1 2-сыныпта меңгерген қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 3.3.5.2 үлкен адамға және кішкентай баласы бар жолаушыларға орын беру	4.3.5.1 1, 2, 3 - сыныптарда меңгерген қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті ережелерін бекіту 4.3.5.2 театрдағы, кинотеатрдағы, кітапханадағы тәртіп ережелерін білу және ұстану

қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті	қатты сөйлемеу, өзін-өзі ұстай білу	ойын-сауық орталықтарындағы тәртіп ережесін орындау	2.3.5.3 өзге жолаушылармен сыпайы қатынас ережелерін орындау 2.3.5.4 қоғамдық көлікте жолақысын дер кезінде және дұрыс төлеу	3.3.5.3 қоғамдық көлікте қатты сөйлеуге, ішінде жүгіруге, отырғышқа аяғымен шығуға, отырғышты былғауға және бүлдіруге болмайтынын түсіну	4.3.5.3 қонақта өзін қалай дұрыс ұстау керектігін біледі 4.3.5.4 көп адамдар жиыналған жерлердегі тәртіп ережелерін білу және орындау
---------------------------------------	-------------------------------------	-----------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

42. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 305
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 305 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Ручной труд" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0 - 3 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесі білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділігін барынша дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осылайша күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде болады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас үлгісіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында мұғалім білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде оқу пәннің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез-келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлығын қалыптастыруға бағдарланған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты

құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Қол еңбегі" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған қол еңбегі оқу және түзете тәрбиелеу жұмысының жалпы жүйесінің маңызды тізбегі болып табылады.

14. Қол еңбегі жалпы білім беру және арнайы міндеттері шешуге, білім алушыларды кәсіптік-еңбектік оқытуға дайындауға бағытталған.

15. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларда оларды әлеуметтік бейімдеуге және өз бетінше еңбек етуге дайындауға көмектесетін бастапқы технологиялық білімді, еңбектік икемділіктер мен дағдыны, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру тәсілдерін қалыптастыру.

16. "Қол еңбегі" оқу пәнінің міндеттері:

- 1) білім алушыларда жалпы еңбектік икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- 2) күнделікті қол еңбегі сабағында алған білімі мен икемділіктерін пайдалануға үйрету;
- 3) шығармашылық және құрастыру қабілетін, көркемдік және эстетикалық талғамын, қиялдау және кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту;
- 4) көру-қимыл үйлесімділігін, ұсақ қимылын дамыту;
- 5) арнайы терминологиялық сөздік қорын кеңейту және байыту.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

17. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

18. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығының қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдемесі мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, білім алушылардың ойлау әрекетінің баяулылығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, ойлаудың жалпылау және абстракциялаушы атқарымдарының әлсіздігі, сөйлеу тілінің дамуының артта қалуы есепке алынады. Білім алушылармен жұмыста олардың еліктеу қабілеті, көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталуы тірек етіледі. Қол еңбегіне оқыту білім алушыларда қабылдау, есте сақтау, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық атқарымдардың дамуы үшін жағдай тудырады. Сонымен бірге, бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізуге, күш жетерлік қиындықтарды жеңуге, ұқыптылық пен дербестікті байқатуға мүмкіндік тудырылады.

19. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағыттылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларынан, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, әлеуметтік дағдылармен, көзқарастармен, сенімдерге дейінгі күрделі өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

20. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалардың оқуы мен әлеуметтенуінің табыстылығын қамтамасыз ету үшін олардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық дамуындағы педагогикалық құралдармен міндетті түрде жойылуға немесе өтелуге тиісті ерекше мәселелері болады.

21. Әрекеттік тәсілдеме қағидасы. Ақыл-ой даму кемістігі жеңіл деңгейдегі білім алушыларды оқыту процесінде оқыту процесінде педагогтың басшылығымен оқу материалын ұғынуы үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

22. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы ақыл-ой даму кемістігі бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Арнайы мектептегі және ақыл-ой дамуы бұзылған білім алушылар сыныбындағы білім беру процесі 4 типологиялық топты қамтитын, педагогикалық жіктеу (В.В.Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асырылады. Педагог әрбір типологиялық топтың білім алушылары үшін оқу материалының қолжетімді күрделілігі мен көлемін есепке ала отырып, мазмұны білім алушылардың мүмкіндігіне сәйкес оқу материалын таңдайды. Сонымен бірге, оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестік деңгейі, оқытудың тәсілдемесі мен әдістері түрленіп тұрады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жіктелген тәсіл оқытудың жекелендірілуімен толықтырылады.

23. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Ақыл-ой даму кемістігі бар білім алушылардың, әсіресе 3 және 4 типологиялық топ білім алушыларының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады. Арнайы педагог ақыл-ой даму бұзылыстары бар бала дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, балалардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен

бірге, бұл процесті бағыттай алады. П.Я. Гальпериннің ақыл-ойлық әрекеттерді біртіндеп қалыптастыру теориясы ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушыларды математикаға оқыту процесін арнайы педагогикалық басшылығына психологиялық негіз болады.

24. Білім алушыларды қол еңбегіне оқыту процесі арнайы тәсілдемелік қағидалардың негізінде ұйымдастырылғанда педагогикалық міндеттер де дұрыс шешіледі. Жаңа материал ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушыларға аз көлемде мөлшерленіп беріледі. Жаңа материалдың аз мөлшері аяқталған түрде және өткен материалмен байланыста болуға міндетті. Педагог бұл сабақтарда білім алушыларға талдауды, жіктеуді, салыстыруды және жинақтауды орындауға, қажетті тұжырымдамалар мен қорытындылар жасауға көмектесе отырып, білім алушылардың танымдық әрекетін басқарады. Бұндай сабақтардың үлкен түзете-дамыту мәні болады.

25. Қол еңбегі сабақтарында білім алушылардың зерделенетін түсінікті жақсы ұғынуы үшін нақты бейнелерді құруға көмектесетін көрнекілік-дидактикалық материалды тірек ету маңызды. Сондықтан көрнекілік шынайылық барынша жақын болады.

26. Қол еңбегі сабақтарындағы заттық-тәжірибелік әрекет еңбектің нақты нысанына деген қызығушылықты қолдауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда білім алушылардың сақталған көрнекілік-әрекеттік ойлауы тірек етіледі.

27. Білім алушылардың тәжірибелік әрекеттеріне сөйлеу тілінің ілесуі зерделік үдерістерді басқаруға мүмкіндік береді. Мұғалім сабақ барысында білім алушылардың тәжірибелік әрекеттерін айтып отыруға ынталандыруға міндетті. Қол еңбегі сабақтары білім алушыларды заттарды талдаудың жинақталған тәсіліне үйретуге көмектеседі:

1) нысанды тұтастай қарау, оның қолданысын анықтау; жалпы сипаттама ("неге ұқсас");

2) негізгі бөліктерді (олардың санын, атауын, пішінін, материалын) ерекшелеу;

3) бөліктердің кеңістіктік орналасуын анықтау;

4) бөліктердегі негізгі бөлшектерді (олардың санын, атауын, пішінін, материалын) ерекшелеу.

28. Қол еңбегі сабақтарында "Қазақ тілі", "Оқу және тіл дамыту", "Айналадағы әлем", "Бейнелеу өнері", "Математика" сабақтарымен пәнаралық байланыс жүзеге асырылады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

29. Ақыл-ой даму кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

30. Ақыл-ой даму кемістігі бар білім алушылардың қол еңбегі бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормасы мақсатты тұжырымдауға

негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы бірыңғай тәсілдемені жүзеге асыруға бағытталған.

31. Осы бағдарламада берілген, күтілетін нәтижелердің негізінде сынып білім алушыларын математикаға оқыту процесін жобалау кезіндегі педагогпен орындалатын деңгейлік мақсатты тұжырымдау білім алушылардың жетістіктерін бағалауда баллдарды ғана емес, сонымен бірге критериалды сипаттамалық бағалауды да пайдалануға мүмкіндік береді.

32. Оқытудың деңгейлік мақсатты анықталған дағдыларды қалыптастырған тапсырмалар мен жаттығулар бағалау құралдары болып табылады.

33. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады. Ақыл-ой даму кемістігі бар білім алушылармен жүргізілетін педагогикалық процес арнайы педагогиканың "диагностика мен түзете-дамыту жұмысының бірлігі" қағидасына сәйкес құрылады, педагогтар бақылау-бағалау әрекетін жүйелі түрде жүзеге асыруға міндетті.

34. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақтағы), жиі (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

35. Ағымды бақылау сабақ барысында білім алушыларды бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарды, әрекеттердің ұжымдық түрін талдау арқылы жүреді. Сабақ барысындағы бақылау оқу процесін сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтың пайдаланатын оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бұндай бақылау білім алушыларға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

36. Жиі бақылау бағдарламалық тақырыпты, бөлімді өткеннен кейін жүргізіледі.

37. Қорытынды бақылау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагог оқу жылы бойы бақыланған сыныптың әр білім алушысының даму және табыстылық динамикасы міндетті түрде талқыланады және білім алушылардың жетістіктер картасында тіркеледі.

38. Бағалау шараларының көмегімен алынған ақпарат педагогқа дағдылар мен икемділіктерді меңгеру процесінде туындаған қиындықтарды дер кезінде байқауға және сайма-сай бағалауға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек көрсетудің мазмұны мен тәсілдерін дәйекті анықтау мүмкіндігіне ие болады.

39. Сипаттамалық бағалау даму мен оқудың бар деңгейін ғана емес, сонымен бірге білім алушымен жұмыстағы келесі қадамдарды да анықтайды. Сипаттамалық бағалау білім алушыларда өзін-өзі адекватты бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, білім алушылардың жетістіктерін бірімен-бірін салыстыруға болмайды. Білім алушының жетістігін тек өзінің бұрынғы жетістіктерімен ғана салыстыруға болады. Ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушыларға қатысты оқу үлгерімінің

пайызы мен білім сапасын анықтауға болмайды. Ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушылар екінші жылға қалдырылмайды.

40. Ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалау тәсілін қолдану педагогтардың бағалау әрекеттерінің әділ болуына мүмкіндік береді.

5-тарау. "Қол еңбегі" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

41. "Қол еңбегі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

42. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастырылуға міндетті.

43. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

44. Оқу пәнінің мазмұны:

1) бағдарламада еңбек түрлері бойынша қарастырылған бөлімдер: "Ермексазбен жұмыс"; "Табиғи материалмен жұмыс"; "Қағазбен және қатырмақағазбен жұмыс"; "Жіппен және тоқыма материалмен жұмыс"; "Құрастыру";

2) еңбекке оқыту процесінде танымдық әрекеттердің байқампаздық, қиялдау, сөйлеу тілі, кеңістіктік бағдарлаудағы кемшіліктерін, сондай-ақ дене дамуы, әсіресе қолдың ұсақ қимылының кемшіліктерін жеңу жүзеге асырылады;

3) сабақтағы барлық жұмыс мақсатты бағытталған түрде болып, еңбек тапсырмаларын орындау барысындағы білім алушылардың дербестігін дамытуға көмектесуге, оларды шаруашылық-тұрмыстық әрекеттерге және мектеп шеберханасының негізінде жүзеге асырылатын кәсіптік еңбекке дайындауға міндетті;

4) бағдарламада негізінен ұлттық сәндік-қолданбалы өнер бойынша материалдар пайдаланылады, бұл жұмыс барысында білім алушылар қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен танысады;

5) еңбек түрлері бойынша бұйымдар тізімі үлгі түрінде болады. Мектептің жағдайына және сыныптың құрамына қарай, әр мұғалім орындау үшін қолжетімді жұмыс түрлерін таңдайды. Бұл ұсынысты әсіресе табиғи материалмен сабақты ұйымдастырғанда есепке алу маңызды, себебі материалдардың түрлері мен сипаты

көптеген жағдайда жергілікті жер жағдайына, мектептің географиялық орналасу орнына тәуелді болғандықтан бағдарламада белгіленген тақырыптар біршама ерекшелене алады;

6) білім алушылардың кемшіліктерін жеңу оқытудың сәйкес мазмұнымен, ұйымдастырылуымен және арнайы тәсілдермен қамтамасыз етіледі;

7) қол еңбегіне оқыту процесі негізінен жаппай жүргізіледі. Сонымен бірге, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың типологиялық және тұлғалық ерекшеліктері, олардың еңбектегі дербестігіндегі айырмашылықтар сараланған тәсілдемені қолдануды талап етеді. Бастауыш сынып білім алушыларын еңбекке оқыту барысында әр баланың жетістігін бақылау, мүмкіндігін анықтау үшін жекеленген зерделеу тәсілдемесі қолданылады. Ақыл-ойы дамымаған білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктеріне байланысты олар оқытудың бастапқы кезеңінде мұғалімнің көмегін қажет етеді және көптеген еңбек тапсырмаларын өздігінен орындай алмайды. Алайда оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі мұғалімнің көмегі түрленіп тұруға және біртіндеп азая береді;

8) бағдарламада қол еңбегі бойынша сабақтарды ұйымдастырудың екі түрі (сабақ және экскурсия) анықталған. Табиғатқа экскурсия білім алушыларда қоршаған заттар мен құбылыстарды бақылау, сонымен бірге бұйымдарды жасау үшін материалдарды жинастыру арқылы табиғат туралы білімін кеңейту мақсатында жүргізіледі. Орманға (саябаққа) экскурсия үшін бір сабақ уақыты, мектептегі шеберханаға бару үшін 15-20 минут жеткілікті болады, содан кейін қорытындылау әңгіме ұйымдастырылады, әңгіме барысында білім алушыларды нені түсінгені және нені есте сақтағаны анықталады;

9) бастауыш сыныптарда сабақтардың құрылымдалған түрі пайдаланылады, бұнда өткенді қайталау, жаңа білім мен икемділікті қабылдау, бекіту белгілі бір тәртіпте үйлеседі;

10) қол еңбегі бойынша бағдарламадағы оқу материалы білім алушылардың дербестігін біртіндеп арттыруды қарастыратын белгілі бір жүйе бойынша орналастырылған;

11) дайындық сыныптағы бағдарламаның ерекшелігіне бұйымдарды орындағанда құралдардың пайдаланбайтындығы жатады, бұған білім алушылардың үйлестірілген ұсақ қимылдарды орындауға дайын еместігі себеп болады;

12) "Қағазбен және қатырмақағазбен" жұмыс бөлімінде білім алушылар бір немесе көп бөліктен тұратын, қағаз бен қатырмақағаздың әр түрлі сұрыптарынан жасалған жазық және көлемді бұйымдарды жасайды. Сонымен бірге білім алушы бірінші сыныптан бастап белгілі бір құралдар мен қондырғыларды пайдаланады. Бұйымдар негізінен үлгі бойынша орындалады. Сондықтан білім алушыларда бұйымды талдау, оған тән белгілерді ерекшелеу, салыстыру әрекетін орындау, қарапайым тұжырымдама жасау икемділіктерін тәрбиелеу өте маңызды. Қағаз бен қатырмақағаздан бұйымдарды орындау тәртібінің белгілі бір дәйектілігі болады, ол бұзылған жағдайда білім

алушылар бұйымды мүлдем орындамайды немесе уақытын өнімсіз шығындап, сапасыз орындайды. Осыған байланысты білім алушыларда амалдарды орындау жоспарын құру және оны тапсырманы жүзеге асырғанда, орындалған жұмыс туралы есеп бергенде ұстана білу икемділігін қалыптастырады. Жазық бұйымдық материалдардан жазық және көлемді заттарды жасауға үйреткенде, мұғалімнің білім алушылардың кеңістіктік талдау мен кеңістіктік бағдарлаудағы кемшіліктерін түзету мүмкіндігі болады. Білім алушылар жапсырмақұрақты құрастырғанда ырғақ пен симметрия заңымен танысады, геометриялық пішіндерді тануға жаттығады. Бұйым бөліктерін белгілі бір форматтағы парақта орналастыруда, балалар бағдарлауға және қандай да бір кеңістіктік жағдайларды (жоғары, төмен, бүйірінде, оң жақта) атауға үйренеді. Бүктеу, кесу, жапсыруды орындау үшін қарапайым құралдар (қайшы, үтік, қылқалам) қолданылады. Білім алушылар жұмыс тәсілдерін дұрыс меңгеруге тиісті, олар басқа материалдармен жұмыста да, сондай-ақ кәсіптік еңбек сабақтарында да қолданылады.

13) қайшы – екі қол қимылының жақсы үйлесімділігін, көру арқылы бақылауды талап ететін, бастауыш сынып білім алушылары үшін күрделі құрал. Білім алушыларды қайшымен әрекеттенуге үйрете отырып, мұғалім білім алушылар қайшыны дұрыс ұстау және тура және қисық сызық бойымен кесу тәсілдерін меңгергенде ғана, кесудің дәлдігі мен ұқыптылығына қол жеткізуге болатынын есте ұстауға міндетті. Сондықтан білім алушылар қайшыны қолына алып, бас және ортаңғы саусақтарын салып, шынашағын алақанға жапсыра ұстағанын қадағаланады. Егер кескен кезде білім алушы аты жоқ саусағы мен шынашағын тырбитып ұстаса, онда қайшы қағазды жыртады. Екі қол қимылының үйлесуінің күрделілігі осы тәсілді меңгеруде қиындықтар туғызып, ұзақ уақыт жаттықтыруды талап етеді. Сонымен бірге мұғалім қисық сызықты пішіндерді кесу қиындау екенін есте сақтағаны жөн. Балалар бастапқыда сәл ғана иілген пішіндерді кесіп үйренеді, осыдан кейін тікбұрышты пішіндердің бұрыштарын дөңгелектеуге, соңында көкөністер мен жемістердің бейнелерін (қисық сызықтар аса нақты емес) кесіп алуға үйренеді. Осы жаттығуларды табысты орындағаннан кейін ғана дөңгелектер мен сопақшаларды кесуге көшуге болады.

14) "Ермексазбен жұмыс" бөлімі табиғи затты, үлгіні немесе суретті үнемі талдауды, оларды орындалатын бұйымдармен үнемі салыстырып отыруды талап етеді. Сондықтан білім алушыларды нысанға тән белгілерді ерекшелеуге және осының негізінде алдағы жұмысты жоспарлауға үйретеді. Осы еңбек түрінің өзіндік ерекшелігі ол бейнелеу әрекетіне жататындығы, ал бұл тәрбиелеудің эстетикалық міндеттерін жүзеге асыруға, білім алушыларды қоршаған шынайы заттар мен құбылыстарды бейнелеуге үйретуге мүмкіндік тудырады. Пішін, пропорция, композициялық шешім, кеңістіктік өзара ара қатынасын белгілеу сияқты түсініктер білім алушыда нақты-заттық әрекет барысында қалыптасады. Сонымен бірге илеу жұмысы иілімді

материалды жұмысқа дайындауда, бұйымды жасауда белгілі бір дене күшін талап етеді. Бұл саусақтар мен қолдың бұлшық ет жүйесін нығайтуға, қимыл үйлесімділігін дамытуға мүмкіндік береді.

15) "Табиғи материалмен жұмыс" бөлімі ақыл-ой бұзылыстары жеңіл деңгейдегі білім алушыларда байқампаздық пен қиялдауды, жазық және көлемді бұйымдарды орындауда кеңістікте бағдарлау икемділігін дамытуға жағдай тудырады, туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, көркемдік талғамын дамытады, еңбекке қызығушылыққа дағдыландырады. Білім алушылар табиғи материалдарды қарастыра отырып, өсімдіктер туралы жаңа мәліметтерді тануға және алуға жаттығады. Олар жануарлар, табиғаттағы мезгілдік өзгерістер туралы өздерінің түсініктерін кеңейтеді. Бейнелеу өнері сабақтарымен байланыс түстерді ажырата білуде, кеңістіктік түсініктер мен ұғынымдарды нақтылауда, қарапайым көркемдік талғамды тәрбиелеуде байқалады.

16) "Жіппен және тоқыма материалмен жұмыс" бөлімі танымдық әрекетті түзету және ұсақ қимылды дамыту үшін жағдай жасайды, тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру мүмкіндігін береді. Бұл бөлім білім алушыларды жоғары сынаптарда тігін ісіне оқытуға арналған дайындық бөлімі болып табылады. Тоқыма материалмен жұмыстың бір қатар ерекшеліктері бар. Білім алушылар өзіндік қасиеттері мен өңдеу тәсілдері бар жіптермен және матамен танысады. Сабақтарда арнайы құралдар (ине, тігінші түйреуіші) қолданылады. Бұйымдарды жіптен және матадан орындау жұмысы білім алушылардан шыдамдылық пен ұқыптылықты талап етеді. Жұмыстың жақсы сапасына біртіндеп қол жеткізіледі, сондықтан мұғалім білім алушыларды қызықтыру, оларда өз күшіне деген сенімділікті тәрбиелеу үшін жұмыс жүйесін мұқият ойластырады:

бағдарламада бастапқыда жіпті үзу және кесу, оларды түйю және байлау, түйіндеу, жіпті қатырмақағазға немесе шарыққа орау, оларды түту және өру икемділіктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар қарастырылған. Бұл жаттығулар білім алушыларда саусақтардың икемділігі мен иілімдігін дамытуға, қолды басқаруы күрделі үйлестірілген қимылды талап ететін инемен жұмысқа дайындауға мүмкіндік береді. Инемен жұмыс білім алушыларда белгілі бір қиындықтарды туғызатынына қарамастан, білім алушыларды бастапқыда қағазда тесілген тесіктер бойынша тігуге үйретіп, содан кейін ғана матамен жұмысқа көшіреді;

білім алушылар қарапайым тігістерді (қайып, баулап, қиғаш) орындауға үйренеді. Бірақ осы тігістерді тігу белгілі бір қиындықтарды туғызады. Сондықтан мұғалім ине мен материалды ұстағандағы саусақтардың дұрыс жағдайын, жұмыс қалпын қадағалайды. Таныстыру жаттығуларының алатын орны үлкен. Білім алушыларды әр сабақта құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретеді. Әр білім алушыда инешанышқыш, құралдарды сақтауға арналған қорап, құрылғы, материалы болады;

жіп пен матадан бұйымдар жасау бойынша сабақтарда танымдық әрекетті, көз мөлшермен бақылауды, жазықтықта бағдарлауды дамыту үшін жағымды жағдай туады. Мысалы, инеге жіп сабақтау, суырылған жіп немесе белгіленген сызық бойынша мөлшері бірдей тігіс тігу білім алушылардан көзбен мөлшерлеудің дәлділігін және қимылдың нақты үйлесімділігін талап етеді;

матаны қимаулігі бойынша пішу, қарапайым суретті кестелеу, тігіс орындалатын жерді және тігіс бағытын көрсету ақыл-ой даму кемістігі жеңіл деңгейдегі білім алушыларға кеңістіктік бағдарлауды жетілдіруге көмектеседі. Қимаулігілерді сызу және қағазда, матада белгілеу математика сабақтарында алған білімді бекітеді. Қарапайым суреттерді құрастыру, кестелеу үшін жіп таңдау, жіптерден пішіндерді жасау бейнелеу өнері сабақтарында алған білімді кеңейтуге және бекітуге көмектеседі;

17) "Құрастыру" бөлімінде білім алушылар дайын пішіндерден (конструктордың әр түрлі бөліктерінен салу) құрылыстар құрастыруға үйренеді. Үлгі бойынша құрастыруда білім алушының міндеті мұғалім көрсеткен затты (үлгі) барынша дәл беру болып табылады. Әрекеттің бұл түрі дұрыс ұйымдастырылғанда өнімді бола алады. Ол заттарды мақсаты бағытта қарастыруды және оларды талдауды (негізгі бөліктері мен бөлшектерін ерекшелеу, салыстыру, айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табу) қалыптастыруға мүмкіндік береді.

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Ермексазбен жұмыс	1.1 Көлемді бұйымдар
		1.2 Композиция
		1.3 Жазық бұйымдар
2	Табиғи материалмен жұмыс	2.1 Жазық бұйымдар
		2.2 Көлемді бұйымдар
		2.3 Композиция
3	Қағазбен және қатырмақағазбен жұмыс	3.1 Жазық бұйымдар
		3.2 Көлемді бұйымдар
4	Жіппен және тоқыма материалмен жұмыс	4.1 Көлемді бұйымдар
		4.2 Жазық бұйымдар
5	Құрастыру	5.1 Бөліктердің кеңістікте орналасуы

45. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлы болу үшін кодтау тәсілі ендірілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші, үшінші сандар бөлімшені белгілейді, төртінші сан оқыту мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.2.4 кодындағы "1" – сынып, "2.2" – бөлімше, "4" – оқыту мақсатының нөмірі.

46. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалын оқытудың дәйектілігі мен мазмұнын анықтау үшін негіз болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түріндегі күтілетін нәтижелер тұжырымдалған, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылады.

47. Мақсатты тұжырымдау мұғалімге білім алушылардың таным процесін басқаруға, материалды меңгеруде қадамдық бақылауды жүзеге асыруға, оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Сынып білім алушыларының құрамына сәйкес мұғалім әр бөлімнің мақсатын жүзеге асыру кезеңділігіне, тақырып, бейнелеуге арналған материал таңдауға өзгеріс енгізу құқығына ие.

48. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Ермексазбен жұмыс":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары:			
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып
1.1 Көлемді бұйымдар	<p>0.1.1.1 көлемі әр түрлі қарапайым геометриялық денелерді илеп жасау (домалақ: үлкен, кішкентай, ең кішкентай), қауіпсіздік техникасы</p> <p>0.1.1.2 үлгі бойынша кішкентай шарларды, жаңғақтарды, көкөністерді жасау</p> <p>0.1.1.3 үлгі бойынша көлемі әр түрлі шарларды жасау және олардан құламайтын аю ойыншығын, аққаланы құрастыру</p> <p>0.1.1.4 алдын-ала дайындалған бағанашалардан саты және дуал құрастыру</p>	<p>1.1.1.1 бағанашалар жасау, олардан саты құрастыру</p> <p>1.1.1.2 тақтайшада цифрлардың бедерлі бейнелерін илеп жасау</p> <p>1.1.1.3 тақтайшада әріптердің бедерлі бейнелерін илеп жасау</p> <p>1.1.1.4 пирамидкаға арналған бөліктерді домалату және жалпайту</p> <p>1.1.1.5 үлгі бойынша адамның мүсінін стильге келтіріп жасау</p>	<p>2.1.1.1 геометриялық денелерді: текше, брус жасау</p> <p>2.1.1.2 мұғалімнің үлгісі бойынша көлемі әр түрлі текшелерді (үлкен, кішкентай) жасау</p> <p>2.1.1.3 мұғалімнің үлгісі бойынша биіктігі әр түрлі текшелерді (ұзын, қысқа) жасау</p> <p>2.1.1.4 үй бөліктерін илеп жасау, олардан нысан құрастыру</p> <p>2.1.1.5 цилиндр пішіндес, конус пішіндес заттарды илеп жасау</p> <p>2.1.1.6 илеп жасалған заттардан мұнара (биік, аласа) құрастыру</p>	<p>3.1.1.1 үлгі бойынша жабайы жануарлардың көлемді пішіндерін жасау</p> <p>3.1.1.2 үлгі бойынша үй жануарлардың көлемді пішіндерін жасау</p> <p>3.1.1.3 үлгі бойынша құстардың көлемді пішіндерін жасау</p>
1.2 Композиция	<p>0.1.2.1 алдын ала дайындалып қойған шарлардан "Жапырақтағы жұлдызкүрт" композициясын құрастыру</p> <p>0.1.2.2 алдын-ала дайындалып қойған бағанашалардан "Ұлу жанұясы" композициясын құрастыру</p>	<p>1.1.2.1 бағанашалардан және жолақтардан ұшақ, шырша жасау</p> <p>1.1.2.2 "Орман үстіндегі ұшақтар" композициясын құрастыру</p>	<p>2.1.2.1 жіңішке бағанашалардан нобай бойымен "Көктем" композициясын (үй, күн, жапырақты ағаштар, шөп) құрастыру</p>	<p>3.1.2.1 "Бауырсақ" ертегісіне композиция құрастыру</p> <p>3.1.2.2 "Жайлауда" композициясын құрастыру</p>

1.3 Жазық бұйымдар	0.1.3.1 жағу тәсілімен гүл, балық жасау	1.1.3.1 жағу тәсілімен көбелек, қазақ оюларын жасау	2.1.3.1 жағу тәсілімен көкөніс, жемістер жасау	3.1.3.1 ермексаздан әр түрлі түстегі кішкентай шарларды илеп жасау және оларды жануарлардың (көбелек, қолтырауын, керік) нобайы бойымен қою
--------------------	-----------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2) "Табиғи материалмен жұмыс":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып
2.1 Жазық бұйымдар	0.2.1.1 кептірілген жапырақтарды түсті қағаздан жасалған түптөсемге жапсыру (гербарий құрастыру) 0.2.1.2 емен, үйеңкі, қайың жапырақтарынан балық, көбелектің жапсырмақұрағын жасау	1.2.1.1 емен, үйеңкі, қайың жапырақтарынан шегірткенің, қоңыздың, кірпінің жапсырмақұрағын жасау 1.2.1.2 кептірілген жапырақтардан бүркіт, қой жапсырмақұрағын жасау	2.2.1.1 кептірілген жапырақтардан дөңгелекте өрнек құрастыру 2.2.1.2 ермексаз жағылған түптөсемге қарбыздың сүйгімен, жүгерінің дәнімен заттардың (кесе, ваза, стақан) нобайын салу	3.2.1.1 кептірілген жапырақтардан домбыра, гитара жапсырмақұрағын жасау 3.2.1.2 ермексаз жағылған түптөсемге шаған, үйеңкі тұқымдарымен гүлдердің нобайын салу
2.2 Көлемді бұйымдар	0.2.2.1 ермексаз бен үйеңкінің тұқымынан кірпі жасау (қадау тәсілімен) 0.2.2.2 ермексаз бен үйеңкінің тұқымынан көбелек жасау (жағу тәсілімен)	1.2.2.1 көлемді табиғи материалдардан (грек жаңғағының қабығы, талшын, қабаршақ, қарағай қабығы, жапырақ) кеме жасау 1.2.2.2 көлемді табиғи материалдардан (грек жаңғағының қабығы, бұр, ермексаз) кірпі жасау	2.2.2.1 емен жаңғағынан, үйеңкінің тұқымынан қоян, тиін пішіндерін жасау (үлгі бойынша) 2.2.2.2 шабдалы сүйегінен тасбақа, ермекші жасау (үлгі бойынша) 2.2.2.3 қарағай бүрінен, қауырсыннан балапандары бар үйрек пішінін жасау (үлгі бойынша)	3.2.2.1 грек жаңғағының қабығынан, емен жаңғағының қалпағынан аюдың пішінін жасау (үлгі бойынша) 3.2.2.2 көлемді табиғи материалдардан (жүгерінің басынан, грек жаңғағының қабығы, емен жаңғағының қалпағынан) жануарлардың пішіндерін (керік, үкі, шегіртке) жасау 3.2.2.3 табиғи және қолдағы бар материалдардан (гүл, шөп, салам) жануарлардың пішіндерін жасау
				3.2.3.1 табиғи және қолдағы бар

2.3 Композиция	0.2.3.1 шамалары әр түрлі кірпілерден "Шөптегі кірпілер" композициясын құрастыру	1.3.2.1 кептірілген жапырақтардан "Гүлшоқ" композициясын үлгі бойынша құрастыру және жабыстыру 1.3.2.2 көлемдері мен түстері кептірілген жапырақтардан "Түскиіз" жасау	2.2.3.1 кептірілген жапырақтардан "Жыл басы" ертегісіне композиция құрастыру	материалдардан "Көлдегі құстар" композициясын құрастыру (сурет бойынша) 3.2.3.2 табиғи және қолдағы бар материалдардан "Жаңа жыл мерекесі" композициясын құрастыру (сурет бойынша)
----------------	----------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3) "Қағазбен және қатырмақағазбен жұмыс":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары:			
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып
3.1 Жазық бұйымдар	0.3.1.1 тікбұрышты дайындамадан үшбұрыш алу, шаршыны бүктеу арқылы үшбұрыш алу 0.3.1.2 үлгі бойынша түсті қағаздан үй, автобус жапсырмақұрағын жасау 0.3.1.3 үлгі бойынша пішіндерді көлемі бойынша (үлкен, кішкентай) кезектестіре отырып, түсті қағаз жолағынан жапсырмақұрақ жасау 0.3.1.4 жолақта, шаршыда (дайын геометриялық пішіндерден) жапсырмақұрақ жасау	1.3.1.1 қағаз жолақтарын шаршы, тікбұрыш, үшбұрыштарға кесу 1.3.1.2 кесіп алынған бірдей геометриялық пішіндерден жолақта, шаршыда, дөңгелекте жапсырмақұрақ жасау 1.3.1.3 әр түрлі геометриялық пішіндерден жолақта (үлгі бойынша) жапсырмақұрақ жасау 1.3.1.4 кесіп алынған жалаушалардан гирлянда жасау	2.3.1.1 қағаздан өсімдік тұқымын сақтауға арналған дорба жасау 2.3.1.2 өсімдік тұқымын сақтауға арналған дорбада қазақтың "гүл" оюымен жапсырмақұрақ жасау 2.3.1.3 жұқа қатырмақағаздан кітап арасына салғыш жасау, бір жағына түсті қағаз жапсыру (қимаүлгі бойынша) 2.3.1.4 кітап арасына салғышқа жапсырмақұрақ жасау 2.3.1.5 үшбұрыш пішінді "тұмар" жасау, оны жіппен бекіту	3.3.1.1 қатырмақағаздың шетін түсті қағазбен жиектеу 3.3.1.2 жұқа қатырмақағаздан және қағаздан қазақтың құрылымы күрделі "Сынық мүйіз", "Түйе табан" оюларын жасау 3.3.1.3 қимаүлгі бойынша шаршыда қазақтың "Тарақ" оюын жасау 3.3.1.4 шаршыда өсімдік әліптес оюларының жапсырмақұрағын жасау (үлгі бойынша) 3.3.1.5 қатырмақағаздан жазық шырша ойыншықтарын (көкөністер, жемістер, жануарлардың пішіні) жасау, олардың бір жағына түсті қағаз жапсыру
	0.3.2.1 үлгі бойынша қағазды		2.3.2.1 үлгі бойынша қағазды бүктеу арқылы	3.3.2.1 қимаүлгі бойынша жаңажылдық карнавалға арналған бетперделер мен

3.2 Көлемді бұйымдар	бүктеу арқылы көлемді ойыншықтарды (стакан, қалпақ, қайық) жасау (оригами түрінде) 0.3.2.2 дайын қағаз жолақтарынан шынжыр жасау	1.3.2.1 шырша ойыншығы – шамды жасау 1.3.2.2 қағаз сақиналарынан көбелек, қоян жасау (үлгі бойынша)	көлемді ойыншықтарды (ұшақ, кеме) жасау (оригами түрінде) 2.3.2.2 қатты түсті қағаздан көлемді шырша ойыншықтарын (шам, саңырауқұлақ) жасау	жартылай бетперделер жасау 3.3.2.2 қолда бар материалдардан шырша ойыншықтарын жасау 3.3.2.3 жұқа қатырмақағаздан ашық қорап жасау (қимаүлгі бойынша, сызғыш)
----------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

4) "Жіппен және тоқыма материалмен жұмыс":

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары:			
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып
4.1 Көлемді бұйымдар	0.4.1.1 түсті жіптер коллекциясын құрастыру (қатырмақағазға орау және байлау тәсілімен)	1.4.1.1 түсті жіптерден шашақ жасау 1.4.1.2 жүн жіптерден домалақ шашақ жасау	2.4.1.1 жуан жіптерді (краше, ирис) орау, байлау, қайшымен тегістеу 2.4.1.2 жіп байламынан ұл баланың, қыз баланың стильденген пішіндерін жасау	3.4.1.1 жіптерді түстері бойынша тандау, 2-3 жіптен білезік өру 3.4.1.2 жіптерді түстері бойынша тандау, 4-8 жіптен камшы өру, оны бұтаққа бекіту
4.2 Жазық бұйымдар	0.4.2.1 бір жіптен бау шиыру 0.4.2.2 жуан, түсті жіптерден бау шиыру	1.4.2.1 "ине жоғары-төмен" тәсілімен тесіктер бойынша тігу 1.4.2.2 "ине жоғары-төмен" тәсілімен тесіктер бойынша геометриялық пішіндерді кестелеу 1.4.2.3 геометриялық пішіндерді бояу	2.4.2.1 торкөз қағаз жолағындағы тесіктер бойынша "баулық" тігісін орындау 2.4.2.2 қалың матада "баулық" тігісін орындау 2.4.2.3 матадан жасалған кітап арасына салғышты "баулық" тігісімен кестелеу (көктеу, шашақтармен безендіру)	3.4.2.1 фетр немесе драп матасынан қимаүлгі бойынша инешанышқышты дайындау 3.4.2.2 жұқа қатырмақағаз жолағында тесіктер бойынша қиғаш торлау тігісін орындау 3.4.2.3 дайын тесіктер бойынша көкөністер, жемістер нобайын кестелеу, содан кейін бояу

5) "Құрастыру":

6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары:			
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып
	0.5.1.1 еліктеу бойынша екі текшеден		2.5.1.1 легио текшелерінен	

5.1 Бөліктердің кеңістікте орналасуы	қарапайым құрылыстар салу 0.5.1.2 еліктеу бойынша 3-4 текшеден жиһаз заттарын құрастыру	1.5.1.1 текшелерден үй салу 1.5.1.2 текшелерден көпір салу	машина құрастыру 2.5.1.2 лего текшелерінен қақпасы бар тұрақ құрастыру	3.5.1.1 лего текшелерінен үй салу 3.5.1.2 лего текшелерінен мұнара салу
--------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------

49. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 306
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 306 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Общетрудовая подготовка" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 4 класса уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділіктерін өз мүмкіндіктеріне сәйкес дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі. Білім алушының белсенді танымдық қабілеті мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және мұғалімнің серіктес, кеңесші ретінде қолдауы кезінде тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осылайша күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде болады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін шынайы шығармашылық процесіндегі білім алушының қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында іске асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттары жүйесі түрінде күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлығын қалыптастыруға бағдарлаған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

13. "Жалпы еңбекке дайындық" пәні жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың мүдделері мен психофизикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып,

оларды болашақ кәсіпті таңдауға дайындау мақсатында арнайы мектептің оқу жоспарына енгізілген.

14. Жалпы еңбекке дайындық сабақтары болашақтағы кәсіби-еңбектік оқуға арналған дайындық, кәсіби диагностикалық және кәсіби беімдеу жұмыстары болып табылады.

15. Оқыту білім беру ұйымының мүмкіндіктеріне қарай бірнеше бағытта жүргізіледі . Білім алушылардың қызығушылықтары, икемділіктері мен қабілеттері зерттеледі, әр білім алушыны келесі кезеңде кәсіптік оқыту еңбектің қандай түрінде жүргізілетіні анықталады.

2-тарау. "Жалпы еңбекке дайындық" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

16. "Жалпы еңбекке дайындық" оқу пәнінің мақсаты – жалпы еңбектік икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру.

17. Пәнді оқыту міндеттері:

1) білім алушыларды тәртіптік талаптарды сақтауға, еңбек процесінде өзара әрекеттену үшін сөйлеу тілін пайдалануға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, бұйымның барынша сапалы болуына қол жеткізуге үйрету;

2) еңбек әрекетінің уәждемелік деңгейін арттыру және еңбекте қажетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

3) білім алушыларды еңбектің әр түрлеріне қатысты жұмыстармен таныстыру;

4) еңбек тәсілдеріне үйрету процесіндегі еңбектік қимыл дағдыларын қалыптастыру , үйретілетін технологиялық амалдарды орындауды меңгерту;

5) білім алушыларда ауызша және жазбаша нұсқауларды, көрнекіліктің әр түрлерін пайдалау арқылы мекемеде бағыт-бағдарды таба алу икемділігін дамыту;

6) кәсіби бағдарда өзін-өзі анықтауды қамтамасыз ету.

18. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды еңбекке үйрету процесінде келесі тәсілдер мен әдістер қолданылады:

1) білім алушылар мен ересектердің бірлескен әрекеттері;

2) мұғалімнің әрекетіне еліктеу бойынша әрекеттер;

3) үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша әрекеттер;

4) заттардың пішіні, шамасы және саны туралы түсініктерді бекітуге арналған салу және қою, сұлбалар, трафареттер бойымен жүргізу тәсілдері;

5) есту, жанасымдық және көру арқылы қабылдау негізіндегі заттармен әрекеттер;

6) педагогтің сөздік нұсқауы бойынша шынайы қоршаған ортадағы, ойындық жағдаяттағы, суреттердегі заттардың пішінін, шамасын, санын алдын ала қарастыру, өздігінен атау және көрсету;

7) натурал заттардың көлемдік және жазық бейнелермен ара қатынасын белгілеу;

8) заттармен ойнау, оларды өмірде барынша дәл пайдалану үшін олардың атқарымдық қолданысын, қасиеттері мен сапасын анықтау.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

19. "Жалпы еңбекке дайындық" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

20. Білім алушыларды түзете-дамыту бағытындағы оқыту қағидасы білім беру процесін даму кемшілігінің ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымы мен жүйелерін тірек ете отырып құруды білдіреді. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды түзете-дамыту бағытындағы оқыту қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдемесі мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, білім алушылардың сенсорлы ақпаратты қабылдау мен өңдеу қабілетінің баяулығы, ойлау операциялары мен әрекеттерінің шектеулілігі, танымдық белсенділігінің төменділігі және танымдық атқарымдарының әлсіздігі, қоршаған орта туралы білім мен түсініктерінің шектеулілігі, сөйлеу қабілетінің кемшілігі, тәртіпті еркін реттеудің қалыптаспағандығы, қимыл-қозғалыс пен моторика кемшіліктері ескеріледі. Білім алушылармен жұмыста олардың оқи алу қабілеті, көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталуы тірекке алынады. Жетілмеген атқарымдардың дамуын ынталандыру бойынша әрекеттер ұйымдастырылады.

21. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағытылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларынан, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, әлеуметтік дағдылар, көзқарастар мен сенімдерге дейінгі күрделі өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

22. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Дәстүрлі мектептік оқыту баланың мектепке келген кезіндегі меңгерген өмірлік түсініктері мен дамыған ауызекі сөйлеу тіліне негізделеді. Ауызекі сөйлеу тілі негізінде қарым-қатынастың дамуы жалғасады, анағұрлым ауызекі сөйлеу тілі негізінде білім алушының тәртібі реттеледі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық даму мәселелері орын алуында, олар педагогикалық тәсілдермен шешіледі немесе орны толтырылады.

23. Білім алуында ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме қағидасы психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Практикалық-тәжірибелік іс-әрекет жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушының өтемдік дамуының, оқу және еңбек әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше құралы болып табылады. Білім алуында ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту процесінде педагогтің басшылығымен (жұппен, топпен жұмыс) сөйлеу тілдік қарым-қатынастар үшін табиғи жағдай құратын

заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

24. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау мен уәждеу түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекелеген оқыту тәсілі саралай оқытудың нақты көрінісі болады.

25. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Арнайы педагог бала дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, балалардың оқу-танымдық әрекетін тек ұйымдастырып қана қоймай, бұл процесті бағыттай да алады. Кейбір жағдайда білім алушының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады.

26. Білім алушылардың тәжірибелік әрекеттерін нақты ұйымдастырылады. Ұсынылатын тапсырмалардың мазмұнына меңгерген білімнің сапасы ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың зейіні мен ойлау қабілетін дамыту да тәуелді.

27. Өткен материалдарды үнемі қайталау және бекіту қажеттілігі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқыған білімі мен дағдыларын жылдам ұмытып қалатындықтарымен түсіндіріледі. Әр сабақта қайталау үшін уақыт бөлінеді.

28. Білім алушылардың бақылау және тәжірибелі әрекеттер процесіндегі жинаған білімі мен түсініктері сөйлеу тілінде (айтылымдарда, әңгімеде, сипаттамада) тұжырымдалады. Байланыстырылған сөйлеу тілін қалыптастыруға және мәдениетті қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінеді.

29. Білім алушылардың қоршаған әлем нысандары мен құбылыстары туралы түсініктерін иллюстрациялауға, бекітуге, нақтылауға мүмкіндік беретін заттық-тәжірибелік және өнімді әрекеттердің сан алуан түрлері сабақтың міндетті мазмұны болып табылады.

30. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "кұрастыруға" көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогі үшін қажетті құралдар арсеналын кеңейтеді.

31. Сабақтарда АКТ-ны келесі мақсаттарда қолдану ұсынылады:

1) көрнекілік пішіндегі қандай да бір заттық мазмұнның біреуінен басқасына еркін өтіп, сөйлеу тілінің көмегімен бір тәсілден басқасына көше отырып, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды моделдеу;

2) баланың өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт ішінде талдауға арналған визуалды қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; сапалы жекеледіріп оқыту мүмкіндіктерін арттыру.

32. АКТ-ны пайдалану оқыту процесін жекелендіруге; сабақ барысындағы жұмыстың мазмұнына қызығушылықты арттыруға; білім алушылардың танымдық әрекетін белсендіруге; шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

33. АКТ оқу процесінде білім алушылардың жұмысқа деген қабілеттілігін есепке ала отырып, мөлшерлеп пайдаланылады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

34. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектепте оқу табиғатына сәйкес болуына шартты болады.

35. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жалпы еңбекке дайындық бойынша біліктер мен дағдыларды меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы бірыңғай тәсілдемені іске асыруға бағытталған.

36. Жалпы еңбекке дайындық бойынша біліктер мен дағдыларды қалыптастырған тапсырмалар мен жаттығулар бағалау құралдары болып табылады.

37. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана іске асырылады. Оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелері білім беру процесінде мұғаліммен тікелей сабақтарда бағаланады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жүргізілетін педагогикалық процесс арнайы педагогиканың "диагностика мен түзете-дамыту жұмысының бірлігі" қағидасына сәйкес құрылып, педагогтер бақылау бағалау әрекетін жүйелі түрде іске асыруға міндетті.

38. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақтағы), кезең-кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

39. Ағымды бақылау сабақ барысында білім алушылардың әрекетін байқау, тәжірибелік және жеке жұмыстарын, ұжымдық әрекет түрлерін талдау арқылы жүргізіледі. Сабақ барысындағы бақылау педагогтің оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін қолданатын оқыту мазмұны мен тәсілдерін түзету мақсатында

жүргізіледі. Бұл бақылау білім алушыларға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

40. Кезең-кезеңдік бақылау бағдарламалық тақырыпты, бөлімді өткеннен кейін жүргізіледі. Педагог белгілі бір тақырып аясындағы оқу материалын оқыту нәтижесі әр түрлі типологиялық топтардағы білім алушыларда бірдей болмайтынын түсінеді және соған дайын болады. 1-типологиялық топ білім алушылары (В.В.Воронкова бойынша) оқу материалын білімді қолдану деңгейінде меңгере алатындарын көрсетеді. 2-типологиялық топ білім алушылары тақырыптың негізгі мазмұнын түсінетіндерін байқатады. 3-типологиялық топ білім алушылары материалды тану деңгейінде меңгере алады, өзінің білімін өзектендіруде мұғалімнің көмегіне мұқтаж болады. 4-типологиялық топ білім алушылардың жеке бағдарлама бойынша оқытылып, соның аясында оқу жетістіктері бағаланады.

41. Қорытынды бақылау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагог оқу жылы бойы бақылауға алынған сыныптағы әр білім алушының даму және жетістік динамикасы міндетті түрде талдап, оны білім алушылардың жетістік карталарына тіркейді.

42. Бағалау шараларының көмегімен алынған ақпарат педагогке дағдылар мен икемділіктерді меңгеру процесінде туындаған қиындықтарды дер кезінде байқауға және дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек көрсетудің мазмұны мен тәсілдерін дәйекті анықтау мүмкіндік алады.

43. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалау тәсілін қолдану педагогтердің бағалау әрекеттерінің әділ болуына мүмкіндік береді.

5-тарау. "Жалпы еңбекке дайындық" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

44. "Жалпы еңбекке дайындық" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат.

45. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларға сай, қажетті мектептік құрал-жабдықтарымен жабдықталады.

46. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

47. 4-сыныптағы "Жалпы еңбекке дайындық" оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың психофизикалық мүмкіндігіне қарай еңбектің басқа түрлерімен ауыстыруға және толықтыруға болатын, күрделендіруге немесе қысқартуға болатын әрекеттің әртүрлі түрлері кіріктірілген.

48. Білім алушылар 4-сыныпта зертханалық жұмыстарда материалдардың (қағаз, мата, ағаш) қасиеттерін зерттейді, қарапайым еңбек біліктері мен материалмен жұмыс

істеу тәсілдерін меңгереді. Меңгерген тәсілдер қолданысы түсінікті және пайдалы бұйымды жасау кезінде пайдаланылады.

49. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтауға негіз болатын, оқыту мақсатының жүйесі түрінде көрсетілген, күтілетін нәтижелер тұжырымдалған.

50. Оқу пәнінің мазмұны:

1) 1-бөлім "Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту" - зерттеу және қиялдау қабілеттерін дамытуға арналған, олардың процесінде білім алушылар қоршаған әлемді, әртүрлі материалдары зерттейді, қазақ халқының және басқа да халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрін зерделейді;

2) 2-бөлім "Шығармашылық жұмыстарды құру және жасау" - тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағытталған, білім алушылар әртүрлі материалдармен тәжірибе жасайды, жұмыстың әртүрлі техникасын меңгереді, өзінің әрекетін жоспарлайды;

3) 3-бөлім "Презентация, талдау және бағалау" - білім алушылар өздерінің жұмысын және басқалардың жұмыстарын презентациялау, айту, бағалау аясындағы коммуникативтік және сөйлеу тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған.

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту	1.1 Қоршаған әлемді білу және түсіну
		1.2 Мәдениет пен салт-дәстүрді білу
2	Шығармашылық жұмыстарды құру және жасау	2.1 Қоршаған әлемді бейнелеу
		2.2 Жоспарлау
		2.3 Материалдар және шығармашылық жұмысты орындау техникасы
		2.4 Жасау технологиясы
		2.5 Қауіпсіздік техникасын сақтау
3	Презентация, талдау және бағалау	3.1 Презентация
		3.2 Жұмысты талқылау

51. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлы болу және мониторинг жүргізу үшін кодтау тәсілі енгізілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімшені белгілейді, төртінші сан оқыту мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 4.2.1.4 кодындағы "4" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" – оқыту мақсатының нөмірленуі.

52. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту":

2-кесте

Оқыту мақсаттары:	
Бөлімшелер	4-сынып

1.1. Қоршаған әлемді білу және түсіну	4.1.1.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін, бейнелері мен пішіндерін (сызық, түс, пішін, фактураны) білу
1.2. Мәдениетті және салт-дәстүрді білу	4.1.2.1 ұлттық және әлемдік өнер туындыларын сипаттау және оларды өз идеясын іске асыру үшін қолдану

2) "Шығармашылық жұмыстарды құру және жасау":

3-кесте

Оқыту мақсаттары:	
Бөлімшелер	4-сынып
2.1 Қоршаған әлемді бейнелеу	4.2.1.1 жұмысты көрнекі үлгі бойынша орындау 4.2.1.2 қоршаған әлемнің кейбір визуальды элементтерін пайдалану
2.2 Жоспарлау	4.2.2.1 жұмыс процесін жоспарлау 4.2.2.2 жұмысты орындаудың кезеңдері мен бірізділігін технологиялық карта бойынша жоспарлау 4.2.2.3 бұйымды дайындау бірізділігі туралы әңгімелеп беру (технологиялық картаны тірек етіп және онсыз)
2.3 Материалдар және шығармашылық жұмысты орындау	4.2.3.1 бұйымды, оның қолданысын, жұмыста пайдаланылатын құралдар мен материалдарды, бөліктерді біріктіру тәсілдерін атау 4.2.3.2 өзінің жұмыс орнын тәртіпке келтіру, жұмыс уақытында сол тәртіпті ұстану 4.2.3.3 жұмыста технологиялық картаны пайдалану
	Қағазбен және қатырмақағазбен жұмыс 4.2.4.1 киім үтіктейтін тақтаймен пайдалану, инеге жіп сабақтау және ұшын түю 4.2.4.2 ПВА желімін езу және оны жұмыста пайдалану 4.2.4.3. тескіштің көмегімен қағазды тесуді орындау 4.2.4.4 қағаз сұрыптарын ажырату жұмысты үлгі бойынша бірізділікпен орындау 4.2.4.5 белгі салу, мөлшерін салу және кимаүлгі бойымен жүргізу 4.2.4.6 өрнекті сұлба бойымен және суреттің ішіне салып, бірізділікпен орындау 4.2.4.7 геометриялық пішіндерден өрнек құрастыру 4.2.4.8 жолақтарды сақина етіп біріктіріп, шынжыр құрастыру 4.2.4.9 дайындамалардан сәндік пішіндерді немесе басқа композицияларды құрастыру 4.2.4.10 конустан, цилиндрден көлемді ойыншықтар жасау 4.2.4.11 бір-бірінің ішіне сала отырып, бұйым бөліктерін жинастыру 4.2.4.12 шиыршық бойымен, дөңгелектей қию, әр түрлі тәсілдермен ойып алу 4.2.4.13 көлемді бөліктерден композиция құрастыру;

4.2.4.14 түсті колорит құрастыру, қағаздан композиция құрастыру

4.2.4.15 бөліктерді негізге орналастыру

4.2.4.16 модульдерден композиция құрастыру

4.2.4.17 бұйымдарды сәндеу

Моншақтармен және шытыра моншақтармен жұмыс

4.2.4.18 материалды пішіні, түсі, шамасы бойынша

4.2.4.19 жұмыстың бірізділігін сақтай отырып, үлгі бойынша орындау

4.2.4.20 жіпке бірнеше моншақ тізу және инені кері бағытта өткізу

4.2.4.21 бұйымды ұсынылған сызба бойынша жасау

4.2.4.22 сымдағы шытыра моншақтан (өру) бұйым жасау

4.2.4.23 сызба бойынша шытыра моншақтан қарапайым бұйым жасау

4.2.4.24 сымдағы шыны моншақты өру

4.2.4.25 үлгі бойынша шытыра моншақтан күрделі бұйымдар жасау.

Қалдық материалдармен жұмыс

4.2.4.26 қайшымен белгі бойынша қию

4.2.4.27 бөліктерді желіммен, степлермен, жабысқақ қағазбен біріктіру

4.2.4.28 бұйымды жасау үшін киндер-тосынсый сауытын пайдаланғанда, оның түсін, шамасын, құрылымын; сауыттарды өзара біріктіру тәсілдерін; бөліктерді сауытқа ермексазбен жабыстыру ережелерін есепке алу

4.2.4.29 бөліктерді желім көмегімен біріктіру; бөліктерді сызба бойынша біріктіру тәртібін сақтау; бұйымды сәндік бөліктермен безендіру

4.2.4.30 қалдық материалдан жапсырмақұрақты құрастыру және орындау тәсілдерін пайдалану

4.2.4.31 бұйымның барлық бөліктерін жинастыру

Ағашпен жұмыс

4.2.4.32 құралды дұрыс ұстау және дененің пайдаланылатын құралға сәйкес қалыпын қабылдау

4.2.4.33 қарапайым құрылыстар салу, оларды ойында пайдалану

4.2.4.34 құрылыс жиынтығының элементтерін (текше, брус, кірпіш) ажырату

4.2.4.35 бұйымның шамасын үлгіден көшіру

4.2.4.36 бұйымды көркемдеп безендіру

4.2.4.37 тақтайды таңдау

4.2.4.38 белгі салу, бұрғылау, тазарту

4.2.4.39 тақтайды және жұмысқа арналған құралдарды таңдау

4.2.4.40 мұғалімнің көмегімен сызғыш немесе үлгі бойынша белгілеу

4.2.4.41 жонғыш, егеу, жіңішке арамен жұмыс істеу;

4.2.4.42 бұйым бөліктерін біріктіру

Табиғи материалдармен жұмыс

- 4.2.4.43 табиғи материалдардың түрлерін ажырату
- 4.2.4.44 жармалар мен тұқымдарды түрлеріне қарай сұрыптау
- 4.2.4.45 бұйымдағы табиғи материалды ажырату
- 4.2.4.46 үлгі бойынша қарапайым өрнектерді салу, жапсырма құрақты орындау

Сазбен жұмыс

- 4.2.4.47 әртүрлі құралдардың көмегімен бедерлеме, түр беруді орындау
- 4.2.4.48 саз бетіне қырнауышпен немесе тіс тазартқышпен тырнап, сурет салу
- 4.2.4.49 бояуды (акварель, гуашь) пайдалану
- 4.2.4.50 арнайы "түртпелердің" көмегімен шеңбер және нүктелер салу
- 4.2.4.51 қолда бар құралдардың (пішін, үлгі) көмегімен бұйым бөліктерін кесіп алу
- 4.2.4.52 үлгіні саз бетіне орналастыру, үлгі бойынша пішінді кесіп алу
- 4.2.4.53 бедерді тілімшені жабыстыру, фактураны, саусақтық оюды, тырнауды, сурет салуды пайдалана отырып сәндеу
- 4.2.4.54 бөліктерді бұйымда орналастыру; бөліктердің қажетті шамасын анықтау, бұйым бөліктерін бір-бірімен біріктіру
- 4.2.4.55 бұйымның кепкенін сыртқы түріне қарап анықтау
- 4.2.4.56 бұйымды үлгі бойынша безендіру
- 4.2.4.57 бұйым үлгісін табиғи нысанмен, нақ пішінмен салыстыру
- 4.2.4.58 иллюстрация бойынша бұйымды талдау
- 4.2.4.59 ойыншықтарды иллюстрация бойынша безендіру

Тоқыма материалдармен жұмыс

- 4.2.4.60 түзу тігісті орындау және "изонить" техникасы бойынша бұрышты толтыру
- 4.2.4.61 жіпті жабысқақ қағаз көмегімен бекіту
- 4.2.4.62 шытара моншақты және пайетканы тігу
- 4.2.4.63 жіптің ұшын түю
- 4.2.4.64 "ине алға" және "шетін ала" тігістерін орындау;
- 4.2.4.65 "ине алға" тігісін қолдана отырып, ойыншықтар жасау;
- 4.2.4.66 жіпті матада тігіспен бекіту
- 4.2.4.67 түймені керекті жеріне қадау
- 4.2.4.68 қайшымен матаны кесу
- 4.2.4.69 жапсырмақұрақ бөліктерін бұйымда орналастыру
- 4.2.4.70 қол жетекті тігін машинасының жоғары және төмен жіптерін салу
- 4.2.4.71 қол жетекті тігін машинасымен белгіленген сызық бойымен тігіс жүргізу
- 4.2.4.72 электр үтікпен жұмыс істеу

	4.2.4.73 бұйым бөліктерін көктеу және жөрмеу 4.2.4.74 қайып тігісті орындау 4.2.4.75 қол жетекті тігін машинасымен жұмыста қауіпсіздік ережелерін орындау 4.2.4.76 қол жетекті тігін машинасымен машина тігісін орындау 4.2.4.77 тігістің басы мен аяғын бекіту 4.2.4.78 бұйым бөліктерін көктеу 4.2.4.79 жапсырмақұрақ бөліктерін матаға орналастыру 4.2.4.80 шығармашылық жұмыстарын орындағанда қазақтың ұлттық мәдениеті элементтерін пайдалану
2.5. Қауіпсіздік техникасын сақтау	4.2.5.1 материалдар мен құралдарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып пайдалану

3) "Презентация, талдау және бағалау":

4-кесте

Оқыту мақсаттары:	
Бөлімшелер	4-сынып
3.1 Презентация	4.3.1.1 негізгі идея мен процесті түсіндіре отырып, өзінің жұмысын (бұйымын) (көрсету) тұсау кесерін жасау
3.2 Жұмысты талқылау	4.3.2.1 өзінің жұмысын үлгімен салыстыру 4.3.2.2 өзінің жұмысына түсінік беру, оны жақсарту бойынша ұсыныстар беру

54. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 307
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 307 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Изобразительное искусство" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта

білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алуудағы ерекше қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, өз мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдар жасау икемділігін барынша дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осылайша күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде болады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас үлгісіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында мұғалім білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың

негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлылығын қалыптастыруға бағдарланған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Бейнелеу өнері" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. Бейнелеу өнері сабақтарында ақыл-ойы кем білім алушылардың даму кемшіліктерін жеңуге арналған мүмкіндіктер туады. Сабақтың түзету бағыттылығы – оқу процесінің міндетті талабы.

14. Оқу пәнінің мақсаты – жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыда шынайы суреттің қарапайым негіздерін қалыптастыру.

15. Бейнелеу өнерін оқыту міндеттері:

1) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу дағдыларын, сәнді сурет салу және оларды оқу, еңбек процесінде және қоғамдық пайдалы істерде қолдану икемділіктерін қалыптастыру;

2) байқағыштықты, көру арқылы есте сақтауды, кеңістіктік түсініктерді және жалпылау қабілетін дамыту;

3) білім алушылардың сенсомоторлық дамуына (қимыл-қозғалыс аясындағы кемшіліктерді жеңу, қолдың ұсақ қимылын дамыту) көмектесу;

4) білім алушыларды бейнелеу өнері шығармаларымен таныстыру; оларға деген эмоциялық-эстетикалық қатынасты тәрбиелеу; бейнелеу өнеріне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дарыту;

5) жұмыс тәртібін ойластыру, жоспар бойынша жұмыс істей білуін дамыту;

6) жұмыстағы ұқыптылықты, табандылықты және дербестікті тәрбиелеу.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

16. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше

қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

17. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығының қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдемесі мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, білім алушылардың ойлау әрекетінің баяулылығы, танымдық белсенділігінің төменділігі, ойлаудың жалпылау және абстракциялаушы атқарымдарының әлсіздігі, сөйлеу тілінің дамуының артта қалуы есепке алынады. Білім алушылармен жұмыста олардың еліктеу қабілеті, көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталуы тірек етіледі.

18. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағыттылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларынан, өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

19. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалардың оқуы мен әлеуметтенуінің табыстылығын қамтамасыз ету үшін олардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық дамуындағы педагогикалық құралдармен міндетті түрде жойылуға немесе өтелуге тиісті ерекше мәселелері болады.

20. Әрекеттік тәсілдеме қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінде педагогтің басшылығымен оқу материалын ұғынуы үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

21. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме кемістігі бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Арнайы мектептегі және ақыл-ой дамуы бұзылған білім алушылар сыныбындағы білім беру процесі 4 типологиялық топты қамтитын, педагогикалық жіктеу (В.В.Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асырылады. Педагог әрбір типологиялық топтың білім алушылары үшін оқу материалының қолжетімді күрделілігі мен көлемін есепке ала отырып, мазмұны білім алушылардың мүмкіндігіне сәйкес оқу материалын таңдайды.

22. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың, әсіресе 3 және 4 типологиялық топ білім алушыларының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларының табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады.

23. Педагогикалық міндеттер бейнелеу өнеріне оқыту процесі арнайы тәсілдемелік әдістердің негізінде ұйымдастырылғанда табысты шешіледі. Бейнелеу өнеріне оқытудың басты тәжірибелік міндеті – сурет салудың қарапайым тәсілдері мен дағдыларын меңгерту. Мұғалім қарындашты қалай дұрыс ұстауды, сызықты қалай жүргізу керектігін көрсетеді. Білім алушылар әртүрлі материалдармен және құралдармен танысады, белгілі бір дәйектілікті сақтай отырып, сурет бойынша жұмыс істеуге үйренеді. Сурет салу сабақтарында білім алушы қарындашпен, қылқаламмен және бояумен жұмыс істеуге үйренеді.

24. Түзу, сынық, қисық сызықтарды салу білім алушылар үшін біршама қиындықтарды туғызады. Сондықтан торкөзді қағазды пайдалану тиімді болады. Торкөз бойынша сурет салу жұмысты біршама жеңілдетеді, сонымен бірге білім алушыларда өзінің күшіне деген сенім пайда болады.

25. Білім алушылардың үйлескен дәл қимылдарын жетілдіру үшін нүктелердің арасында сызық жүргізуге жаттықтыруға болады. Бұл нүктелерді біріктіргенде әртүрлі геометриялық пішіндер және қарапайым суреттер шығады. Білім алушыларға оқытудың бастапқы кезеңдерінде суретті орналастыру үлкен қиындық тудыратындықтан, бұл жұмысты жеңілдету үшін тірек нүктелерін пайдалану тиімді болады.

26. Білім алушының суретті орындауда белгілі бір бірізділікті сақтауының маңызы үлкен, ол алдағы жұмысты жоспарлай білумен байланысты болады. Алайда, ақыл-ойы дамымаған білім алушыларда жоспарлау қабілеті өте баяу қалыптасады. Осыған байланысты мұғалім суретті орындаудың барлық кезеңдері көрінуі үшін суретті орындау барысын әр сабақта көрсетеді және түсіндіреді. Келесі жұмыс тәсілдері тиімді болады:

- 1) нысанның құрылымын сипаттау және оның бөліктерінің қасиеттерін анықтау;
- 2) білім алушыларды тақырыптық суреттерге ендірілген нысандардың ерекшеліктерін атауға және сөзбен сипаттауға ынталандыру;
- 3) суретпен жұмыстың бірізділігін анықтау, белгіленген әрекеттерді алдын ала айту;
- 4) композициялық сипаттағы міндеттерді шешу, бейнелеу тәртібін ашып көрсететін сызба плакатты оқу;
- 5) суретті бейнелеу нысанымен және сурет бөліктерін өзара салыстыру;
- 6) білім алушыларды орындалған жұмыс туралы, суреттің мазмұны туралы айтуға, өзінің және сыныптастарының жұмыстарын талдауға ынталандыру.

27. Бейнелеу өнері туралы әңгімелер сабақтың құрамдас бөлігі болып табылады. Олар эстетикалық тәрбиелеуге, оларда бар түсініктер мен ұғымдарды нақтылауға, жаңа білім және мәліметтермен байытуға көмектеседі. 1-4 - сыныптардағы әңгіме көркемөнер шығармаларының репродукцияларын қараумен және олар туралы қысқаша

мәліметтердің берілуімен, сондай-ақ, балаларға арналған кітаптардағы иллюстрацияларды қараумен шектеледі. Бір әңгіме барысында әдетте, 1-2 сурет немесе кітаптағы 3-4 иллюстрация қаралады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

28. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

29. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың бейнелеу өнері бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормасы мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы бірыңғай тәсілдемені жүзеге асыруға бағытталған.

30. Ақыл-ой даму кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалау тәсілін қолдану педагогтердің бағалау әрекеттерінің әділ болуына мүмкіндік береді.

5-тарау. "Бейнелеу өнері" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

31. "Бейнелеу өнері" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

32. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастырған жөн.

33. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

34. "Бейнелеу өнері" оқу пәнінің мазмұны үш бөлімге бөлінген: сәндік сурет салу, тікелей заттың өзіне қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу. Даярлық сыныпта сурет салуға үйретуге (бейнелеу әрекетіне дейін) дайындық жұмысы жүргізіледі. Бұл кезеңде білім алушыларды әртүрлі бағытта сызық (түзу, қисық, толқынды) жүргізуге, үлгімен және трафаретпен жұмыс істеуге, түсті қарындаштармен штрихтауды орындауға үйрету маңызды.

35. Білім алушылар сәндік сурет салу сабағында сәндік-қолданбалы өнер үлгілерімен танысады. Сәндік сурет салуға дайындық жұмысы геометриялық

фигураларды пішіні, түсі және көлемі бойынша салыстыруға, ою құрылымын түсінуге көмектесуге бағытталған. Бастауыш сыныптарда тапсырманың бір бөлігі мұғалімнің тікелей әрекетінің ізімен орындалады.

36. Сәндік сурет салу бойынша сабақтар тікелей заттың өзіне қарап сурет салу сабақтарының алдында болады, себебі олар білім алушының техникалық және бейнелеу икемділіктерін қалыптастырады.

37. Бағдарламаның "Тікелей заттың өзіне қарап сурет салу" бөлімінде оқытудың негізгі міндеті суретте бүтіннің бөлікпен ара қатынасын, сондай-ақ, заттардың құрылысын бере отырып, сурет салуға үйрету болып табылады. Білім алушыларда үнемі өзінің суретін тікелей затпен және суреттің жеке бөліктерін өзара салыстыру қажеттілігін қалыптастыру маңызды болады. Бұл үшін білім алушыда орталық (осьтік) сызықты, сондай-ақ, қарапайым көмекші сызықтарды қолдана білуді дамытудың да маңызы үлкен болады.

38. "Тақырыптық сурет салу" бөліміндегі сабақтардың мазмұнына қоршаған орта құбылыстары мен ертегілердің жеке оқиғаларының иллюстрацияларын бейнелеу жатады. 1-3-сыныптарда тақырыптық сурет салудың міндетіне білім алушыларды пішіні мен түсі бойынша барынша қарапайым жеке заттарды бейнелей білуге үйрету жатады. 4-сыныпта білім алушыларға қойылатын қарапайым бейнелеу міндеттері: көру арқылы заттардың ара қатынасын дұрыс бере білу, суретте алыс заттардың кішірейтілуін есепке алу, бір заттарды басқалармен дұрыс қалқалау ережелерін меңгеру

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Бейнелеуге дейінгі әрекеттер	1.1 Сызықтар салу
		1.2 Үлгі мен трафаретті пайдаланып сурет салу
2	Сәндік сурет салу	2.1 Жолақтағы өрнек
		2.2 Шаршыдағы өрнек
		2.3 Үшбұрыштағы өрнек
		2.4 Дөңгелектегі өрнек
3	Тікелей заттың өзіне қарап сурет салу	3.1 Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің заттары
		3.2 Тұрмыстық заттар
4	Тақырыптық сурет салу	4.1 Табиғат
		4.2 Ертегі мен өмірлік жағдаяттар желісі

39. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлы болу үшін кодтау тәсілі ендірілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші, үшінші сандар – бөлім мен

бөлімшені белгілейді, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодындағы "1" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі.

40. Оқыту мақсаттарының жүйесі. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалын оқытудың дәйектілігі мен мазмұнын анықтау үшін негіз, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критериялары болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түріндегі күтілетін нәтижелер тұжырымдалған.

41. Мақсатты тұжырымдау мұғалімге білім алушылардың таным процесін басқаруға, материалды меңгеруді қадамдық бақылауды жүзеге асыруға, оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Сынып білім алушыларының құрамына сәйкес мұғалім әр бөлімнің мақсатын жүзеге асыру кезеңділігіне, тақырып, бейнелеуге арналған материал таңдауға өзгеріс енгізу құқығына ие.

1) "Бейнелеуге дейінгі әрекеттер":

0-сынып:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Сызықтар салу	0.1.1.1 түзу сызықтарды (тік, көлденен) торкөз бойынша жүргізу 0.1.1.2 көрсету бойынша, үлгі бойынша таныс заттардың (сағы, әткеншек) суретін торкөз бойынша салу 0.1.1.3 көрсету бойынша, үлгі бойынша шаршының, тікбұрыштың суреттерін торкөз бойынша салу 0.1.1.4 қисық сызықтарды (толқынды, доға тәрізді) жүргізу 0.1.1.5 нұсқау бойынша (орау, тарқату) бағдарлай отырып, үзік сызықтар бойымен "жіп шумағының" суретін салу 0.1.1.6 қисық сызықтарды (айналмалы тұйық) жүргізу 0.1.1.7 дөңгелектің суретін салу: табақша, күн (үлгі бойынша) 0.1.1.8 торкөз бойынша сопақшаның суретін салу 0.1.1.9 заттардың суреттерін аяқтау, оларды бояу (үлгі бойынша) 0.1.1.10 сопақшаның суретін салу: әуе шарлары, қияр
	0.1.2.1 үлгі (трафарет) бойымен жүргізу, суреттің сұлбасын және штрихтың бағытын (жоғарыдан төмен) сақтай отырып, шаршыны (үлкен, кішкентай) түсті қарындаштармен бояу 0.1.2.2 үлгі (трафарет) бойынша "Көкөністер" (кызанақ, қияр) суретін салу, бояу 0.1.2.3 үлгі (трафарет) бойынша "Жемістер" (алма, алмұрт) суретін салу, бояу 0.1.2.4 үлгі (трафарет) бойынша "Шырша" (биік, аласа) суретін салу, бояу

1.2 Үлгі мен трафаретті пайдаланып сурет салу	<p>0.1.2.5 үлгі (трафарет) бойынша "Күн" (шенбер, түзу сызык), "Шырша шарлары" суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.6 үлгі (трафарет) бойынша "Бағдаршам" (тікбұрыш, шеңберлер) суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.7 үлгі (трафарет) бойынша "Балықтар" (сопақша, қисық сызықтар) суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.8 үлгі (трафарет) бойынша "Түймедақ" (шенбер, сопақшалар) суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.9 үлгі (трафарет) бойынша "Түсті қарындаштар" (ұзын, қысқа, жуан, жіңішке) суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.10 үлгі (трафарет) бойынша "Үй" (шаршы, тікбұрыш) суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.11 үлгі (трафарет) бойынша "Баулар" (ұзын, қысқа) суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.12 үлгі (трафарет) бойынша "Мойынорағыш" (енді, енсіз) суретін салу, бояу</p> <p>0.1.2.13 үлгі (трафарет) бойынша "Үшкіл орамал" (кішкентай, үлкен) суретін салу, бояу</p>
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2) "Сәндік сурет салу":

3- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Жолақтағы өрнек	<p>1.2.1.1 геометриялық фигураларды жолақта орналастыру, бояу</p> <p>1.2.1.2 жолақта өсімдік әліптес бедерлердің элементтерін орналастыру, бояу</p> <p>1.2.1.3 жолақта қазақ ою-өрнегінің элементтерін орналастыру, сұлбадан шықпай бояу</p> <p>1.2.1.4 геометриялық фигураларды жолақта орналастыру, бояу</p> <p>1.2.1.5 жолақта өсімдік әліптес бедерлердің элементтерін орналастыру, бояу</p> <p>1.2.1.6 жолақта қазақтың ою</p>	<p>2.2.1.1 геометриялық өрнекті жолақта салу (бүгілме сызықта), бояу (қарындаш, гуашь)</p> <p>2.2.1.2 жолақта өсімдік әліптес өрнектерді салу (бүгілме сызықта); бояу (қарындаш, гуашь)</p> <p>2.2.1.3 жолақта "гүл" қазақ өрнегін салу (бүгу сызығын-да); бояу (қарын-даш, гуашь)</p> <p>2.2.1.4 геометриялық өрнекті (ирек сызықта) жолақта салу; бояу (қарындаш, гуашь)</p> <p>2.2.1.5 өсімдік әліптес өрнектерді жолақта салу (ирек сызықта); бояу (қарындаш, гуашь)</p>	<p>3.2.1.1 геометриялық өрнекті жолақта орындау</p> <p>3.2.1.2 жолақта өсімдік әліптес өрнекті орындау (қарындаш, гуашь)</p> <p>3.2.1.3 жолақта жануар өрнегін орындау (қарындаш, гуашь)</p> <p>3.2.1.4 жолақта "Балта" қазақ ою-өрнегін орындау (қарындаш, гуашь)</p> <p>3.2.1.5 жолақта өрнек құру (қарындаш, гуашь)</p>	<p>4.2.1.1 кілемге арналған геометриялық өрнекті жолақта орындау (қарындаш, гуашь)</p> <p>4.2.1.2 жолақта өсімдік әліптес өрнекті орындау, ағаш қасықты әшекейлеу (қарындаш, гуашь)</p> <p>4.2.1.3 жолақта қазақ ою-өрнегінің элементтерін орындау (қарындаш, гуашь)</p> <p>4.2.1.4 жұмысты жолақта орындау, карнавалдық көзілдіріктер (қарындаш, гуашь)</p>

	элементтерін орналастыру	2.2.1.6 жолақта "Бұлақ" қазақтың ою салу (ирек сызықта); бояу (қарындаш, гуашь)		
2.2 Шаршыдағы өрнек	1.2.2.1 геометриялық пішіндерді шаршыда орналастыру, бояу 1.2.2.2 өсімдік тектес ою элементтерін шаршыда орналастыру, бояу 1.2.2.3 қазақтың ою элементтерін шаршыда орналастыру, бояу 1.2.2.4 геометриялық пішіндерді шаршыда орналастыру, бояу 1.2.2.5 өсімдік әліптес ою элементтерін шаршыда орналастыру, бояу 1.2.2.6 қазақтың ою элементтерін шаршыда орналастыру, бояу	2.2.2.1 түстері үйлесімді геометриялық пішіндерді текшеде орналастырып салу; бояу (қарындаш, гуашь) 2.2.2.2 түстері үйлесімді өсімдік әліптес өрнектерді текшеде орналастырып салу; бояу (қарындаш, гуашь) 2.2.2.3 түстері үйлесімді қазақтың ою элементтерін текшеде біркелкі орналастыру; бояу (қарындаш, гуашь)	3.2.2.1 геометриялық өрнекті шаршыда орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.2.2 өсімдік әліптес өрнекті шаршыда орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.2.3 жануар әліптес өрнекті шаршыда орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.2.4 шаршыда "мүйіз" қазақ оюының элементтерін орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.2.5 шаршыда өрнек құру (суық және жылы реңктер) (қарындаш, гуашь)	4.2.2.1 өсімдік әліптес ою элементтерін шаршыда орындау 4.2.2.2 қазақтың ою элементтерін шаршыда орындау (қарындаш, гуашь) 4.2.2.3 өрнекті шаршыда өз бетінше орындау (қарындаш, гуашь)
2.3 Үшбұрыштағы өрнек	1.2.3.1 үшбұрышта геометриялық фигураларды орналастыру, бояу 1.2.3.2 үшбұрышта өсімдік әліптес өрнектерді элементтерін орналастыру, бояу 1.2.3.3 үшбұрышта қазақтың ою элементтерін орналастыру, бояу 1.2.3.4 үшбұрышта геометриялық пішіндерді орналастыру, бояу 1.2.3.5 үшбұрышта өсімдік әліптес өрнектердің	2.2.3.1 түстері үйлесімді геометриялық фигураларды үшбұрышта орналастырып салу; бояу (қарындаш, гуашь) 2.2.3.2 түстері үйлесімді өсімдік әліптес өрнек элементтерін үшбұрышта орналастырып салу; бояу (қарындаш, гуашь) 2.2.3.3 түстері үйлесімді "тұмар"	3.2.3.1 үшбұрышта геометриялық өрнекті орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.3.2 үшбұрышта өсімдік әліптес өрнекті орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.3.3 үшбұрышта жануар әліптес өрнегін (жәндіктер) орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.3.4 үшбұрышта қазақ оюының элементтерін	4.2.3.1 үшбұрышта өсімдік элементтерінен өрнек орындау (қарындаш, гуашь) 4.2.3.2 үшбұрышта қазақтың ою элементтерін орындау (қарындаш, гуашь) 4.2.3.3 үшбұрышта өрнекті өз бетінше

	элементтерін орналастыру, бояу 1.2.3.6 үшбұрышта қазақ оюының элементтерін орналастыру, бояу	қазақ оюының элементтерін үшбұрышта орналастыру; бояу (қарындаш, гуашь)	орындау (қарындаш , гуашь)	орындау (қарындаш , гуашь)
2.4 Дөңгелектегі өрнек	1.2.4.1 геометриялық фигураларды дөңгелекте орналастыру, бояу 1.2.4.2 өсімдік әліптес өрнектердің элементтерін дөңгелекте орналастыру, бояу 1.2.4.3 дөңгелекте қазақ оюының элементтерін орналастыру, бояу	2.2.4.1 геометриялық фигураларды дөңгелекте орналастырып салу; бояу (қарындаш, гуашь) 2.2.4.2 өсімдік әліптес өрнек элементтерін дөңгелекте орналастырып салу; бояу (қарындаш, гуашь) 2.2.4.3 түстері үйлесімді "тұмар" қазақ оюының элементтерін дөңгелекте орналастыру; бояу (қарындаш, гуашь)	3.2.4.1 дөңгелекте геометриялық өрнекті орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.4.2 дөңгелекте өсімдік әліптес өрнекті орындау (қарындаш, гуашь) 3.2.4.3 дөңгелекте жануар әліптес өрнегін (жәндіктер) орындау (қарындаш , гуашь) 3.2.4.4 дөңгелекте қазақ оюының элементтерін орындау (қарындаш , гуашь)	4.2.4.1 дөңгелекте қаршықты орындау (қарындаш, гуашь) 4.2.4.2 дөңгелекте өсімдік әліптес өрнекті орындау (қарындаш, гуашь) 4.2.4.3 дөңгелекте қазақ оюының " шексіздік" элементтерін орындау (қарындаш , гуашь) 4.2.4.4 дөңгелекте қазақ оюының " өрнекті" элементтерін орындау (қарындаш , гуашь) 4.2.4.5 дөңгелекте өрнекті өздігінен салу, табақты әшекейлеу (қарындаш, гуашь)

3) "Тікелей заттың өзіне қарап сурет салу":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің заттары	1.3.1.1 гүлшетеннің жапырағының суретін салу, оның өзіне тән пішінін беру 1.3.1.2 шиенің жапырағының суретін салу, оның өзіне тән пішінін беру 1.3.1.3 қарындашты біркелкі баса отырып, инелерін штрихты қысқа сызықтармен бейнелей,	2.3.1.1 алманың суретін салу және бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.1.2 қызанақтың суретін салу және бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.1.3 лимонның суретін салу және бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.1.4 қиярдың суретін салу және бояу (қарындаш, гуашь)	3.3.1.1 шырша бұтағының нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 3.3.1.2 балықтың нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 3.3.1.3 пішіні қарапайым жапырақтың нобайын салу, ашық жасыл мен қара жасыл түстерді ажырату, бояу (қарындаш, акварель) 3.3.1.4 бақ-бақ гүлінің нобайын	4.3.1.1 емен жапырағының нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 4.3.1.2 қызылтал бұтағының нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 4.3.1.3 гүлшетеннің бұтағының нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 4.3.1.4 шетен бұтағының нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь)

	шыршаның бұтағының суретін салу 1.3.1.4 қарындашты біркелкі баса отырып, инелерін штрихты қысқа сызықтармен бейнелей, қарағайдың бұтағының суретін салу	2.3.1.5 алмұрттың суретін салу және бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.1.6 сәбіздің суретін салу және бояу (қарындаш, гуашь)	салу, бояу (қарындаш, гуашь) 3.3.1.5 екі ағаштың нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель) 3.3.1.6 түстері мен пішіндері әр түрлі екі алманың нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель)	4.3.1.5 ақ көбелектің нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель) 4.3.1.6 әр түрлі көктем гүлінен жасалған гүлшоқтың нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель)
3.2 Тұрмыстық заттар	1.3.2.1 дөңгелек пішінді заттардың (үлкен доп, кішкентай доп) суретін салу 1.3.2.2 қол орамалдың суретін салу 1.3.2.3 мойынорағыштың суретін салу 1.3.2.4 дәптер, кітаптың суретін салу	2.3.2.1 дөңгелек пішінді заттардың (шырша ойыншықтары) суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.2.2 сопақша пішінді заттардың (ойыншық балық) суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.2.3 тікбұрышты пішінді заттардың (жалауша) суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.2.4 үшбұрышты пішінді заттардың (үшбұрышты жалауша) суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.3.2.5 күрделі пішінді заттардың (қырын қарап отырған қоян) суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь)	3.3.2.1 құрылыс материалынан салынған мұнараның нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель) 3.3.2.2 теннис ракеткасының ені мен ұзындығының арақатынасын дұрыс бере отырып, суретін салу, бояу (қарындаш, акварель) 3.3.2.3 балалар күрегінің ені мен ұзындығының арақатынасын дұрыс бере отырып, нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель) 3.3.2.4 ұйқышар сағаттың нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель) 3.3.2.5 дөңгелек пішінді (екі түсті доп) нобайын салу, бояу (қарындаш, акварель)	4.3.2.1 ойыншық автобустың нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 4.3.2.2 құрылыс материалынан салынған құрылыстардың нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 4.3.2.3 пирамидканың нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 4.3.2.4 жақ тәрізді араның нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 4.3.2.5 қазақтың музыкалық аспаптарының нобайын (симметрия) салу, бояу (қарындаш, акварель) 4.3.2.6 ойыншық қоянның нобайын (қырын қарап отырған, тұрған қалыпта) салу, бояу (қарындаш, акварель)

4) "Тақырыптық сурет салу":

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары:			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
		2.4.1.1 "Жапырақсыз ағаш"	3.4.1.1 "Біздің қаладағы күз" суретінің нобайын	

4.1 Табиғат	1.4.1.1 "Бақта" сюжетінің суретін салу 1.4.1.2 "Бақшада" сюжетінің суретін салу 1.4.1.3 "Күз" сюжетінің суретін (қайың, емен, шырша) салу 1.4.1.4 "Қысқы ормандағы шырша" сюжетінің суретін салу	суретінің нобайын салу, акварель бояуымен бояу 2.4.1.2 "Саңырауқұлақ теру" суретінің нобайын салу, акварель бояуымен бояу 2.4.1.3 "Аққалалар" суретінің нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.4.1.4 "Біздің қаладағы көктем" суретінің нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь)	салу, акварель бояуымен бояу 3.4.1.2 "Аквариумдағы балдырлар арасындағы балықтар" суретінің нобайын салу, бояу (қарындаш, балауыз бор, акварель бояуы) 3.4.1.3 "Қысқы ормандағы шыршалар" суретінің нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь)	4.4.1.1 "Күзгі ағаштар" суретінің нобайын салу, акварель бояуымен бояу 4.4.1.2 "Қысқы орман" суретінің нобайын салу, акварель бояуымен бояу 4.4.1.3 "Көктемгі гүлдер" суретінің нобайын салу, акварель бояуымен бояу
4.2 Ертегі мен өмірлік жағдаяттар желісі	1.4.2.1 "Ойыншығы бар шырша бұтағы" сурет салу 1.4.2.2 "Судағы кеме" сурет салу 1.4.2.3 "Ертегілік терезе" суретте оқыған ертегіден затты бере отырып сурет салу	2.4.2.1 "Үш аю" ертегісінен домалақ пішінді заттарды (шамасы мен түсі әр түрлі үш кесе) бейнелеу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.4.2.2 "Жаңа жылдық шырша" нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.4.2.3 "Наурыз" сюжеті бойынша нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 2.4.2.4 "Судағы кемелер" сюжеті бойынша нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь)	3.4.2.1 "Отшашу" сюжеті бойынша сурет нобайын салу, бояу (қарындаш, балауыз бор, акварель бояуы) 3.4.2.2 "Жаңа жылдық шырша" сюжеті бойынша сурет нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 3.4.2.3 "Үш аю" ертегісінің нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 3.4.2.4 "Наурыз" сюжеті бойынша нобайын салу, бояу (қарындаш, гуашь) 3.4.2.5 "Көшедегі көктем" сюжеті бойынша нобайын салу бояу (қарындаш, акварель бояуы)	4.4.2.1 "Аққалалар отбасы" сюжеті бойынша сурет нобайын салу, бояу (акварель бояуы) 4.4.2.2 "Қаздар-аққулар" ертегісінің нобайын салу, бояу (акварель бояуы) 4.4.2.3 "Ойыншықтар дүкенінде" суретінің нобайын салу, акварель бояуымен бояу

42. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Сноска. Приказ дополнен Приложением 308 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Музыка и пение" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0 - 4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Мазмұндық тұрғыдан алғанда оқу бағдарламасы өзінің оқыту және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретіндегі білім алушыны тәрбиелеудегі оқу пәнінің нақты қосатын үлесін ашып көрсетеді.

4. "Музыка және ән" пәні білім алушыларда музыкаға адам өмірінің бір бөлігі ретіндегі құндылық қатынасты тәрбиелеуге, негізгі музыкалық білімді және икемділікті, музыкалық әрекет түрлерін меңгеруге, өзін-өзі шығармашылықпен таныта білуді және музыкалық әрекет барысындағы коммуникацияны қалыптастыруға, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылыққа деген адамгершіліктік-эстетикалық қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған.

5. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды музыкалық тәрбиелеу оқу материалының дұрыс ұйымдастырылуын, жүйелі және мақсатты бағытта жүргізілуін талап етеді.

6. Музыкалық қабілет деген музыкалық әрекет үшін қажетті икемділіктер мен дағдыларды білдіреді. Бұл музыканы тыңдай білу, есту-сөйлеу тілдік үйлесімділік, интонацияның дәлділігі, музыканың сипатын сезіне білу және музыкалық тербеністерге деген дұрыс әсерін білдіру, ырғақ, қарқын, динамикалық реңктер, ладогармониялық ерекшеліктер, орындау дағдылары сияқты музыкалық айшықтау құралдарын ажырата білу.

7. Арнайы мектептегі музыка сабақтары эстетикалық әсер аясымен ғана шектелмейді, сондай-ақ ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушылардың танымдық әрекеттері мен эмоциялық-ерік аясындағы кемшіліктерді түзету міндетін орындайды.

8. Музыка мұғалімі білім алушыларды музыкалық тәрбиелеу міндеттерін табысты шешу үшін өзінің жұмысын логопедпен және мектептік психоневролог дәрігермен тығыз байланыста жүргізеді.

2-тарау. "Музыка және ән" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

9. Музыкалық тәрбиенің мақсаты білім алушылардың музыкалық мәдениетті меңгеруі, музыкалық қабілетін дамыту болып табылады.

10. Музыка және ән сабақтарында оқыту мақсатына сәйкес білім беру, түзету, дамыту және тәрбиелеу міндеттері орындалады.

11. Білім беру міндеттері:

1) білім алушылардың түсінігіне қолжетімді және айқын музыкалық шығармалар арқылы өмір туралы ұғынымдарын кеңейту;

2) ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың музыкалық тәжірибесін байыту;

3) музыкаға деген қызығушылығын дамыту; тақырыптамасы мен жанрлары бойынша алуан түрлі, мазмұны бойынша оларға жақын шығармалар арқылы музыкалық әсерін қорландыру;

4) музыкалық-эстетикалық сөздігін қалыптастыру;

5) музыкалық айшықтау құралдарында бағдарлауға үйрету.

12. Түзету міндеттері:

1) білім алушылардың танымдық әрекеттерін (ойлауды белсендіру, мақсатты бағытталған әрекетін және зейін тұрақтылығын қалыптастыру) түзету;

2) дыбыстық айтылудағы кемшіліктерді түзету;

3) тәртіптің ақылға қонымсыз түрлерін жеңу;

4) мимикалық және пантомимикалық қимылдарды дамыту;

5) музыканы тыңдағанда және өлең айтқанда өзінің сезімі мен эмоциясын білдіре білуді қалыптастыру.

13. Дамыту міндеттері:

1) музыкалық орындау дағдыларын қалыптастыру:

білім алушылардың ән салған кездегі тыныс алуын біртіндеп, қарапайым элементтерден бастап дамыту;

білім алушылардың ән салу аппаратын интонациялық дамыту;

ырғақ сезімін, жоғары дыбыстық естуді, музыкалық жадты дамыту;

2) білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін белсендіру.

14. Тәрбиелеу міндеттері:

1) жинақылық пен тәртіптілікке тәрбиелеу;

2) музыкалық талғам элементтерін қалыптастыру;

3) айналасындағылармен еркін қарым-қатынаста болуға дағдыландыру;

4) әр түрлі халықтардың музыкалық шығармашылығына деген қызығушылықты дамыту;

5) Қазақстандағы ұлттық мәдениеттер арасындағы бірлік және достық сезімді тәрбиелеу.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

15. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар қоғамда табысты әлеуметтену және дербес өмір сүру үшін қажетті білім мен практикалық икемділіктердің өздері үшін қолжетімді көлемін меңгеруге тиісті делінетін арнайы педагогика қағидаларын сақтау.

16. Әрекеттік ұстанымда білім алушы өзінің оқу әрекетінің мазмұнын және түрін сезінеді, оның жүйесін түсінеді және қабылдайды, оларды жетілдіруге қатысады, бұл оның білімін, оқу икемділігі мен дағдыларын белсенді қалыптастыруға көмектеседі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың әрекеттері "тану", "білу", "түсіну", "қабылдау", "салыстыру" сияқты санаттар бойынша топтастырылған.

17. Саралау және жекелеу ұстанымдары білім алушыларды олардың даму ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндік деңгейін есепке ала отырып оқытуды білдіреді. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін келесілерді оқи алудың негізгі көрсеткіштері санауға болады:

1) ойлау әрекетінің жалпыламалығы – оның материалдағы негізгіні ерекшелеуге, таладауға және синтездеуге бағыттылығы;

2) практикалық және сөйлеу тілдік-логикалық жақтарының ара қатынасымен анықталатын ойдаудың саналылығы;

3) ойлау әрекетінің иілімділігі;

4) ойлау әрекетінің тұрақтылығы;

5) ойлаудың дербестігі, оның көмекті қабылдай білуі.

18. Білім алушыларды музыка және ән сабағында жіктеу А.С. Соболев ұсынған, ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда бар музыкалық-әншілік икемдіктің сипатына сәйкес жүргізіледі.

19. Түзету тәсілдемесі ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға тән кемшіліктерді түзетуге және олардың зерделік және дене тұрғыда дамуы мен тұлғалық қалыптасуына әсер ететін арнайы педагогикалық тәсілдерді қолдануға негізделген оқу процесін білдіреді. Түзету жұмысы педагогикалық тәсілдерінің ерекшеліктеріне ақыл-ой кемістігі бар балалардың өтемдік үдерістерінің дамуын ынталандырады және оларда жаңа жағымды қасиеттердің пайда болуына мүмкіндік беретіні жатады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың кемшіліктерін түзету мектептің оқу-тәрбиелеу жұмысының барлық процесінде жүзеге асырылады.

20. Оқытудың коммуникативтік тәсілдемесі бұл ақпаратты беру және хабарлау, екі немесе одан да көп адамдардың сөйлеу тілдік өзара әрекеттесу үдерісінде біліммен, дағдыларымен және икемділіктермен алмасулары. Коммуникативтік тәсілдеме экскурсия және шынайы жағдай кезінде топтағы өзара әрекеттену, сабақта практикалық тапсырмалар барысында әлеуметтік рөлдерді орындаумен байланысты

алынған біліммен және сөйлеу тілмен пайдалана білуді білдіреді. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушының мектептегі алғашқы күндерінен оның жатырқаушылығын, құрдастарымен және ересек адамдармен қатынасқа бара білмеуін және қорқуын жеңу, оны қарым-қатынастың сөйлеу тілдік құралдарын, ишараттарды, мимикаларды пайдалана білуге үйрету өте маңызды болады. Білім алушының қоршаған адамдармен қатынасуы және коммуникацияның оның сөйлеу тілінің жағдайына тәуелді екенін сезінуі маңызды. Мұғалімнің міндеті білім алушының басқа балалармен, педагогтермен қатынас жасау қажеттілігі мен қалауы үшін жағдай тудыру. Коммуникативтік тәсілдемеге сәйкес оқыту процесіне шынайы коммуникация жағдайына барабар қатынас (жұптық және топтық жұмыс) жасай білу және жұмыс түзімін құруға көмектесетін тапсырмаларды ендіру.

21. Ойындық оқыту. Ойын түрлерін оқыту тәсілдемесі ретінде пайдалану білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыруға және белсендіруге көмектеседі. Оқытудың ойын технологиясының басты элементтері – ойынды бастар алдында оқытудың нақты мақсатының қойылуы; ойын әрекеті арқылы нақты педагогикалық нәтижеге қол жеткізілуі; оқыту әрекеті оның ережелеріне бағынуы; оқу материалдары ойын құралдары болып табылуы. Әрекеттің ұжымдық түрін ұйымдастыруға бағытталған ойындық әрекеттер білім алушыларды кіші топтың басқа мүшелерінің пікірін құрметтеуге, соңғы нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуға көмектеседі.

22. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі - АКТ) әдетте қолданылатын құралдардың көмегімен құрылуы мүмкін емес дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "құрастыруға" көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді. Арнайы мектептегі білім беру үдерісінде АКТ-ны қолдану:

- 1) сабақтағы топтық және дербес жұмысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді;
- 2) білім алушылардың практикалық икемділіктері мен дағдыларын жетілдіруге көмектеседі;
- 3) оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді;
- 4) сабаққа деген қызығушылықты арттырады;
- 5) білім алушылардың танымдық әрекеттерін белсендіреді;
- 6) білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытады.

23. Сабақтарда АКТ-ны қолдануда ұсынылатын мақсаттар:

- 1) балаларды олар үшін қиын әрекет түрлеріне ынталандыру;
- 2) көрнекілік пішіндегі қандай да бір заттық мазмұнның біреуінен басқасына еркін өтіп, сөйлеу тілінің көмегімен бір тәсілден басқасына көше отырып, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу;

3) балалардың дамыту және түзету міндеттерін меңгеру үшін қажетті бірлескен және жекеленген әрекеттерінің өнімді түрлерін үлгілеу;

4) баланың өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт түзімінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру;

5) топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету;

6) жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

24. Мультимедиа-жүйелер дидактикалық материалды оқуға деген қызығушылықты ынталандыруға және білімдегі кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беретіндей ыңғайлы және көрнекі етіп ұсынуға мүмкіндік тудырады.

25. Білім беру процесіне АКТ ендіру сабақты өткізудің тиімділігін арттыруға, мұғалімді ұсақ-түйек жұмыстан босатуға, материалды берудің тиімділігін арттыруға, тапсырмалар түрін жіктеуді жүзеге асыруға, сондай-ақ кері байланыс түрленін түрлендіруге мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану сабаққа дайындықты біршама жеңілдетеді, сабақтарды ерекше етіп, есте сақталатындай, динамикалық түрде беру үшін пайдалданылады.

26. Музыка және ән сабағына дайындық және оны өткізу барысында мұғалім бірқатар педагогикалық талаптарды орындайды. Олар:

1) музыкалық материалды оның тәрбиелік мәнін, эстетикалық құндылығын, білім алушылардың даму деңгейіне сәйкестігін есепке ала отырып таңдау;

2) музыкалық шығарманы орындаудың жоғары деңгейі (жазбадан тыңдау);

3) музыкалық шығарманың мазмұнын түсіндірген кезде, жанрлармен таныстырғанда және айшықтау құралдарын көрсеткенде балалармен сөздік қатынасты ойластыру;

4) музыканы тыңдағанда бейнелік көрнекілікті кеңінен қолдану (шығарманың мазмұнына сәйкес келетін суреттер топтамасын, бейнесюжеттерді);

5) музыкалық шығарманың ырғақтық суретін, қарқынын, динамикасын жақсы меңгеруге көмектесу үшін балалардың қимылдық белсенділігін ұйымдастыру.

27. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды музыкалық мәдениетке тәрбиелеу жұмысы ұлттық мәдениетке деген жағымды қатынасты қалыптастырумен бір мезгілде жүреді. Осыған байланысты музыка мен ән мұғалімі сабақ мазмұнына келесілерді қосуға міндетті:

1) өз республикасының өмірін бейнелейтін Қазақстан сазгерлерінің шығармашылық мұрасын зерделеу;

2) халық әндері мен аспаптарда орындалған халық күйлерін зерделеу;

3) қазақтың халық аспаптарының (домбыра, қобыз, сыбызғы) дыбысталуының тембрлік ерекшеліктерін зерделеу.

28. Білім алушылардың музыкалық қабілеттерін дамытудың белсенді тәсілі ретіндегі хормен ән салу білім алушыларды музыкалық тәрбиелеудің негізі болып

табылады. Осыған байланысты әндердің репертуарын таңдау, сондай-ақ білім алушыларды вокалды-хорлық оқытудың әдістемелік тәсілдері мен құралдарын пайдалану өте маңызды.

29. Сабақты білім алушылардың жағдайына қарай таңдалатын және оларды музыка және ән сабағына психологиялық дайындауға көмектесетін музыкалық әндетуден бастаған дұрыс. Мұғалім әнді таңдайды және білім алушылардың музыкалық және әншілік дайындығына, олардың зерделік даму деңгейіне тәуелді жұмыстың бірізділігін анықтайды. Өлеңді тұтастай айту қиындық тудыратын білім алушылармен жұмыста мұғалім өлеңнің жеке шумақтарын әндетумен шектелуіне болады.

30. Оқу материалы шектелген көлемде біріледі және біртіндеп күрделендіріледі. Ақыл-ой даму бұзылыстары бар балаларға әншілік диапазонның жеткілікті деңгейде дамымауы тән болады, бұл балалардың сөйлеу тілінің кеш дамуына байланысты болады. Сондықтан сынып жұмысы үшін таңдалған өлеңдер үндестік жағынан ыңғайлы болғаны жөн, бұл төменгі сыныптардағы до1-ре 2-ден жоғары болмайтын әуеннің жоғары дыбыстарын айтуға мүмкіндік беретін, үндестікке тасымалдау қажеттілігін шақыртады.

31. Білім алушылар оқу жылы бойы бағдарламада көрсетілген 8-10 өлең жаттауға және өздерінде тыныс алу, дыбыс құрау, дикция, құрылыс, ансамбль дағдыларын қалыптастыруға міндетті.

32. Бағдарлама музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен де, онсыз да өлең айтуды қарастырады. Әсіресе сүйемелдеусіз (акапелла) өлең айту музыкалық түйсіну қабілетін дамытуға, интонацияның тазалығына зейін аударуға көмектеседі.

33. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың зейіні тұрақсыз. Сондықтан музыкалық түйсікті, әншілік интонацияның тазалығын дамыту жұмысын орындағанда, әр кезде олардың түсініктерін, дауыс аппараттарын және эмоциялық көңіл күйін белсендіре отырып, балалардың зейінін біреуінен басқасына жиі аудару тиімді болады. Әншілік дағдыларды дамыту мақсаты білім алушылардың әншілік аппаратын техникалық жетілдіру ғана емес, сонымен бірге ең алдымен алынған дағдылар мен икемділіктерді өлеңді шығармашылықпен орындауы және оның білім алушыларға терең эстетикалық терең әсерін етуі үшін қолдану.

34. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың патологиялық ерекшеліктеріне байланысты олардың дұрыс тыныс алуын дамытудың маңызы өте үлкен. Сондықтан бағдарламада білім алушылардың әншілік тыныс алуын қарапайым элементтерден бастап, біртіндеп дамыту қарастырылған.

35. Ақыл-ой кемістігі бар төменгі сынып білім алушыларының ерекшеліктеріне, оларға мәтіннің мағынасын түсініп, меңгеруге бөгет жасайтын дыбыстаудағы кемшіліктер, сондай-ақ сөздік қорының кедейлігі тән болады. Бағдарламада сөздерді анық және түсінікті етіп айтуға үйрету бойынша жүйелі жұмыс (түсініксіз сөздерді және жеке айтылымдарды түсіндіру) қарастырылған. Бұндай жұмыс өлеңнің

мағынасын ұғынуға және оны мәнерлеп орындауға ғана көмектеспейді, сондай-ақ білім алушылардың ой-өрісін де кеңейтеді.

36. Білім алушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейтуге көмектесетін және олардың музыкалық талғамын тәрбиелейтін музыканы тыңдау әрбір сақбақтың бөлінбес бір бөлігіне айналады.

37. Музыканы тыңдауда мұғалімнің түсіндірмесінің маңызы зор. Ол білім алушыда қызығушылық, музыкалық әсер, музыканы тағы да бір тыңдауға, оны түсінуге және есте сақтауға деген ынта тудырады. Музыканы бейнелік сүйемелдеумен тыңдау ең тамаша орындаушыларды, әншілерді, әр түрлі оркестерлерді тыңдауға және көруге мүмкіндік береді. Мұның барлығы білім алушыларды жаңа әсерлермен, ұғымдармен, білімдермен байытады.

38. Музыканы тыңдау бүкіл сабақ бойы жүреді: білім алушылар музыканы өлеңмен жұмыс кезінде және жаңа шығармалармен таныстыру процесінде тыңдайды.

39. Музыканы тыңдау бойынша жұмыстың мазмұны мен оны ұйымдастыру көптеген жағдайда білім алушылардың жас шамасына тәуелді болады. Арнайы мектептің төменгі сынып білім алушыларының зейінінің тұрақсыздығына байланысты музыкалық шығарманың дыбысталуы 1,5-2 минуттан аспайды, себебі балалар тез шаршап, назарын басқа жаққа аудара бастайды.

40. Музыканы естуге арналған толыққанды сабақтар ол белгілі бір талап бойынша жабдықталғанда (музыкалық жақсы аспаптар (фортепиано, баян, аккордеон), музыкалық орталық, аудиокассетталар жиынтығы, музыкалық шығармалар жазылған дискілер, иллюстрациялық материалдар) ғана жүргізіле алады.

41. Арнайы мектептегі балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау саусақ бұлшықеттерін дамыту, ширығуды немесе енжарлықты басу, қол қимылының дәлділігін, ырғақтылығын және үйлесімділігін жетілдіру, тыныс алуды дамыту мақсатында ендіріледі. Сол себепті бағдарламада үйрену үшін көп уақытты талап етпейтін гамма мен оңай жаттығуларды меңгерту қарастырылады.

42. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау үшін оңай және балаларға жақсы таныс әуендер таңдалады. Әуендер дыбыстары бір-біріне жақын орналасуға тиісті, үлкен интервалдар ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда қиындықтар туғызады.

43. Музыка және ән сабақтарында көрнекілік материалдарды, сан алуан түрлі оқу құралдары мен техникалық құралдарды қолданудың танымдық үлкен мағынасы бар. Әрбір өлеңге, әрбір тыңдалатын шығармаға арнайы иллюстрациялық материал таңдалады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

44. "Музыка және ән" пәні аясында түзете-дамыта оқыту нәтижесін бағалау деңгейлік мақсатты тұжырымдамаға негізделген өлшемді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

45. Ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушыларды бағалау үшін бақылау-диагностикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері негіз болады. Бұнда ең алдымен білім алушы жұмысының сапалық көрсеткіштері есепке алынады. Сапалық көрсеткіштер диагностиканың түріне қарай әр түрлі нұсқада (алдын ала, ағымды, қайталау, аралық, қорытынды) бекітіледі.

46. Білім алушылардың білімі мен икемділігін алдын ала, ағымды, қайталап диагностикалауға арналған тапсырмаларды мұғалімнің өзі құрастырады.

5-тарау. "Музыка және ән" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

47. "Музыка және ән" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

48. Оқу пәнінің мазмұны:

1) пән мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер күтілетін нәтижелер (дағды немесе икемділік, білім немесе түсінік) түріндегі сыныптар бойынша оқу мақсаттары бар бөлімшелерге бөлінген. Әрбір бөлімшенің ішінде дәйектілікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары, мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларға оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді:

1-кесте

№	Бөлімдер
1	Ән салу
2	Музыка тыңдау
3	Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау
4	Сөйлеу тілдік дағдылар

2) оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлы болу үшін кодтау тәсілі ендірілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлімді белгілейді, үшінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 4.2.4 кодында: "4" – сынып, "2" – бөлім, "4" – оқыту мақсатының реттік нөмірі.

49. Түзете-дамыта және білім беру жұмысын жүзеге асыру мақсаты заттық сипаттағы білім мен икемділікті қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ оларды шынайы практикада қолдану, сөйлеу тілдік әрекет түрлері мен коммуникативтік дағдыларды, сондай-ақ өмірлік құзыреттілікті дамытуға да қатысты болады. Сынып білім

алушыларының құрамына сәйкес мұғалім әр бөлімнің мақсатын жүзеге асыру кезеңділігіне, тақырып, бейнелеуге арналған материал таңдауға өзгеріс енгізу құқығы бар.

50. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Ән салу":

2-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
<p>0.1.1 өлең айтқанда дұрыс қалыпты қабылдау – отыру немесе дене мен м о й ы н бұлшықеттерін ширықтырмай, иығын жазып тұру</p> <p>0.1.2 ересек адамдармен бірге өлең айту: өлең сөздерінің барлығын айтуға, асықпай әндетуге, өлең айтқанда дұрыс тыныс алуға, музыкалық фразаларды</p>	<p>1.1.1 әншілік ұстанымдарды түсіну</p> <p>1.1.2 өлеңді қарапайым әншілік тыныс алуды меңгеру негізінде әуенді дыбыстап орындау</p> <p>1.1.3 әуенді ре1 – си1 диапазонында дұрыс бере білу</p> <p>1.1.4 қарапайым динамикалық реңктегі жаттап алған өлеңдерді орындау</p> <p>1.1.5 әншілік дұрыс тыныс алу дағдыларын меңгеру: музыкалық фразаның алдында тыныс алу, ұзақ фразаларда тынысты ұстап тұру</p> <p>1.1.6. иығын көтермей, дыбыссыз , сыныппен бірге, жайлап тыныс алу</p> <p>1.1.7 әуенді өлеңдерді әуеннің интонациясын дәл бере отырып орындау</p> <p>1.1.8. есту арқылы қабылдау және ырғақ сезімін арнайы ырғақтық жаттығуларда пайдалану</p> <p>1.1.9 шапшаң сипаттағы</p>	<p>2.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді бұрынғы сыныптарда өткен материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту</p> <p>2.1.2 әуенді до1 – до2 диапазонында дұрыс бере білу</p> <p>2.1.3 таза интонациялау мен барлық диапазондағы дыбысталуды тегістеу дағдысын бекіту</p> <p>2.1.4 жаттаған өлеңдерді топ құрамында және жеке айтқан кезде таза интонациялау дағдысын бекіту, шығарманың</p>	<p>3.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді бұрынғы сыныптарда өткен материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту</p> <p>3.1.2 тіркестерінің арасында үзіліс болмайтын өлеңдерді орындағанда тыныс алуды жылдам және жайлы өзгерте білу</p> <p>3.1.3 динамикалық реңктері әр түрлі (дыбысталу күшейгенде және ақырындағанда) әуенді өлеңдерді орындағанда тыныс алуды бөле білу</p> <p>3.1.4 бір буында екі дыбысты айтқанда дауысты дыбысты д ұ р ы с қалыптастыру</p> <p>3.1.5 ән салудың сапасын есту арқылы бақылау</p> <p>3.1.6 музыкалық ырғақты сезіну, жақсы таныс өлеңнің фразасын немесе шумағын аспаптың сүйемелдеуімен дыбыссыз</p>	<p>4.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді бұрынғы сыныптарда өткен материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту</p> <p>4.1.2 аспаптардың сүйемелдеуінсіз жақсы таныс өлеңдерді орындау</p> <p>4.2.3 кантиленаны орындау</p> <p>4.2.4 дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағыты бойынша жіктеу: жоғары, төмен, орташа дыбыстар; әуеннің бір биіктіктегі көтеріліп келе жатқан, түсіп келе жатқан қозғалысы</p> <p>4.2.5 әуеннің бағытын қолмен көрсету (жоғарыдан төмен немесе төменнен жоғары)</p> <p>4.2.6 күшті бөлігін есту арқылы анықтау</p> <p>4.2.7 орындалатын шығарманың мәтінін жылдам қарқында анық айту</p> <p>4.2.8 динамикалық реңктердің мәнерлілігі туралы қарапайым түсініктер болу (</p>

<p>ерекшелеуге, ересек адамның дауысына құлақ салуға тырысады</p> <p>0.1.3 өзінің айтуының ширықпай, табиғи болуына, ән салу кезінде дыбыстың қалыптасуына жол бермеуге тырысады</p> <p>0.1.4 дыбыссыз, терең тыныс алуды дамыту үшін аздап әндету және демін бөле білу</p> <p>0.1.5 дирижерлік ишараттарды түсіну : көңіл бөліңдер, тыныс алу, өлеңнің басталуы, аяқталуы</p> <p>0.1.6 ширығусыз, жайлы, орташа қарқынмен, орташа дауыс қаттылығымен әндету</p> <p>0.1.7 біртіндеп кеңейте отырып, ми1 – ля1 диапазонында әндету</p>	<p>өлеңдерді жеңіл дауыспен, сазды өлеңдерді әуенді дауыспен айту</p> <p>1.1.10 қосылып ән салу</p> <p>1.1.11 басталуын есту, ән айтуды мұғаліммен бірге және онсыз дұрыс бастау, сыныптастарының өлеңіне құлақ салу</p> <p>1.1.12 өлеңнің әуенінің (көңілді, мұңды, жайлы) және мәтінінің негізінде оның мазмұнын түсіну</p> <p>1.1.13 аспаптардың сүйемелдеуімен және онсыз (педагогтың көмегімен) ән салу</p> <p>1.1.14 өлеңді бір мезгілде бастау және аяқтау: бір-бірінен қалмау, тату, үйлесімді әндету, бірінің айтқанын бірі тыңдау</p> <p>1.1.15 өлеңнің дайындығын, әннің бастамасын, қайырмасын, саябырсуын, аяқталуын ажырату</p> <p>1.1.16 өлең айтқанда дауысты дыбысты дұрыс қалыптастыру және сөздің соңы мен ортасындағы дауыссыз дыбыстарды анық айту</p> <p>1.1.17 өзінің салған әнінен эстетикалық рахат сезімін алу. Қарапайым динамикалық реңктегі жаттап алған өлеңдерін</p>	<p>ырғақтық суретін мұғалімнің және музыкалық аспаптардың сүйемелеуінсіз (а капелла) анық бере білу</p> <p>2.1.5 өлеңді бір мезгілде бастау және аяқтау: бірлескен үйлесімді ән салу</p> <p>2.1.6. дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру және дауыссыз дыбыстарды анық айту, дауысты дыбыстарды өлең мәтініндегі сөздердің мағыналық қатынасына қарай интонациялық ерекшелеу</p> <p>2.1.7 сүйемелдеусіз оңай, жақсы таныс өлеңдерді айту</p> <p>2.1.8 өлеңдегі және аспаптық шығармадағы сүйемелдеуді және әуенді ажырату</p> <p>2.1.9 үйренген өлеңдерді құрылысы мен ансамблін сақтай отырып, ырғақты және мәнерлі орындау</p>	<p>артикуляциялау тәсілімен бере білу</p> <p>3.1.7 өлеңді орындаудың мәнерлілігімен жұмысқа арналған сан алуан түрлі музыкалық құралдарды (қарқын, динамикалық реңктер) пайдалану</p> <p>3.1.8 интонациялаудың тазалығы мен книсонның тұрақтылығы бойынша жұмыс істеу</p> <p>3.1.9 үйренген өлеңдерді құрылысы мен ансамблін сақтай отырып, ырғақты және мәнерлі орындау</p> <p>3.1.10 өлеңдегі және аспапты шығармадағы әуенді ерекшелеу</p> <p>3.1.11 ән салғанда жоғарғы регистрдегі дөңгеленген дыбысталуды, төменгі регистрдегі жұмсақ дыбысталуды сақтау</p> <p>3.1.12 динамикалық реңктері әр түрлі әуенді өлеңді орындағанда тыныс алуды бөле білу</p> <p>3.1.13 бір буында екі дыбысты айтқанда дауысты дыбыстың дұрыс қалыптасуын сақтау</p> <p>3.1.14 жақсы таныс өлеңді аспаптың сүйемелдеуімен дыбыссыз артикуляциялау тәсілімен бере білу</p>	<p>форте – қатты, пиано – ақырын)</p> <p>4.2.9 жеке өзі орындауы үшін балаларға арналған заманауи өлеңдерді білу</p> <p>4.2.10 әуендік дауыстану ерекшеліктерін (бір сарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) білу</p> <p>4.2.11 балаларға арналған заманауи өлеңдердің музыкалық тілін, оның идеялық және көркемдік мазмұнын білу</p> <p>4.2.12 көркемдік орындау талаптарын орындай отырып, хормен өлең айту</p> <p>4.2.13 шапшаң сипаттағы өлеңдердің сөздерін анық және дәл айту</p> <p>4.2.14 жақсы үйренген өлеңдерін</p>
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	мәнерлеп, барынша әсерлі орындау		сүйемелдеусіз, өзі айту
--	----------------------------------	--	-------------------------

2) "Музыка тыңдау":

3-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
<p>0.2.1 музыканы байсалдылықпен тыңдау, музыкалық дыбысталуға құлақ салу, музыкалық шығармалардың сипатына әсері адекватты болу</p> <p>0.2.2 музыкалық әсерді жинастыру, шынайы қоршаған орта туралы түсініктерді байыту</p> <p>0.2.3 таныс әуенді фрагмент, айтылуы бойынша тану</p> <p>0.2.4 музыка сипатын (жайлы, көңілді, мұңды) ажырату</p> <p>0.2.5 музыканың динамикалық ерекшеліктерін (қатты, ақырын) ажырату</p> <p>0.2.6 соло және хормен ән салуды ажырату</p> <p>0.2.7 музыкалық аспаптардың: фортепиано (рояль, пианино), даңғара, скрипка дыбысталуын ажырату</p>	<p>1.2.1 әр түрлі сипаттағы музыкаға эмоциялық әсерін байқату</p> <p>1.2.2 өлеңді айтылуы бойынша тану және атау</p> <p>1.2.3 өлеңнің әр түрлі бөліктерін: бастамасын, қайырмасын, саябырсуын, аяқталуын ажырату; жіктеу</p> <p>1.2.4 түрі мен сипаты бойынша сан алуан түрлі музыкалық шығармаларды білу және анықтау: марш, би, өлең – көңілді, мұңды, байсалды</p> <p>1.2.5 музыкалық аспаптарды (баян, гитара, керней) және олардың дыбысталуын білу және ажырату</p> <p>1.2.6 музыкалық шығарманың ішкі мазмұнын сөзбен бере білу</p> <p>1.2.7 мазмұны мен сипаты (жайлы, көңілді, мұңды) бойынша сан алуан түрлі музыкалық шығармаларды анықтау</p>	<p>2.2.1 әр түрлі сипаттағы музыкаға эмоциялық әсерін байқату</p> <p>2.2.2 дыбыстарды биіктігі (жоғары-төмен) және ұзақтығы (ұзақ-қысқа) бойынша ажырату</p> <p>2.2.3 музыкалық шығармалардағы әуеннің жайлы және үзік-созық екендігі туралы түсініктің болуы</p> <p>2.2.4 әр түрлі музыкалық ұжымдар (ансамбль, оркестр) туралы түсінігі болу</p> <p>2.2.5 музыкалық аспаптардың (орган, арфа, сыбызғы) атауларын және олардың дыбысталуын білу</p> <p>2.2.6 ұрмалы-шулы аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту, металлофонда ойнауға үйрету</p> <p>2.2.7 жоғары және төмен, ұзақ және қысқа дыбыстарды білу</p> <p>2.2.8 музыкалық шығармалардың түрі мен мазмұнын анықтау</p>	<p>3.2.1 музыкалық шығарманың бөліктерін жіктей білу</p> <p>3.2.2 өлеңдегі және аспаптық шығармалардағы әуенді ажырату</p> <p>3.2.3 қазақтың музыкалық аспаптарын (домбыра, қобыз) білу</p> <p>3.2.4 музыкалық аспаптарды (саксофон, виолончель, балалайка) және олардың дыбысталуын білу</p> <p>3.2.5 музыкалық аспаптарды (домбыра-балалайка, қобыз-виолончель.) сыртқы түрі, дыбысталуы мен ойнау тәсілдері бойынша салыстыру</p> <p>3.2.6 музыкалық түрді (бір бөлікті, екі бөлікті, үш бөлікті, төрт бөлікті) білу</p>	<p>4.2.1 музыкадағы ертегілік желі, тән ерекшеліктері, идеялық және көркемдік мазмұны туралы түсініктің болуы</p> <p>4.2.2 бейнелерді құруға көмектесетін музыкалық құралдар туралы түсініктердің болуы</p> <p>4.2.3 марштарды (әскери, спорттық, мерекелік, әзілдік, азалы) ажырату</p> <p>4.2.4 билерді (вальс, полька, полонез, танго, хоровод) ажырату</p> <p>4.2.5 музыканы қолданысы (ойын-сауықтық, спорттық, дем алуға, босаңсуға арналған музыка) бойынша ажырату</p> <p>4.2.6 динамикалық реңктердің (форте – қатты, пиано – ақырын) мәнін білу</p> <p>4.2.7 халық аспаптары оркестрінің дыбысталуы және құрамы туралы түсініктің болуы</p> <p>4.2.8 халық музыкалық аспаптардың (домбыра, қобыз, жетіген, мандолина, баян, гусли, свирель, гармонь, трещотка, ағаш қасықтар, бас-балалайка)</p>

3) "Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау":

4-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
<p>0.3.1 кейбір музыкалық аспаптардың даңғара, бубен) дыбысталуын ажырату</p> <p>0.3.2 даңғараны пайдалану. Музыкалық шығармалардағы күшті және әлсіз бөліктерін беру үшін бубенді, даңғараны, сылдырмақты пайдалану</p> <p>0.3.3 ұсынылған ырғақтық суреттерді даңғарада, бубенде қайталау</p>	<p>1.3.1 қол басының әр түрлі бағыттағы қимылын жүзеге асыру</p> <p>1.3.2 музыка қарқынының өзгеруіне қарай бір мезгілде және кезекпен жұдырықты түю және саусақтарды ашу</p> <p>1.3.3 музыканың әрбір акцентіне қарай бірінші бармақты басқаларына карама-қарсы қою</p> <p>1.3.4 бір немесе екі қолдың саусақтарын түйістіру және алшақтату.</p> <p>Саусақтарды ерекшелу (1.3.5 саусақтарға арналған жаттығуларды балалар пианиносында орындау</p> <p>1.3.6 бір октаваның бес нотасы көлемінде орташа қарқында жоғарылаған және төмендеген гамманы жеке-жеке сол қолдың саусақтарымен және оң қолдың саусақтарымен орындау</p> <p>1.3.7 даңғарада екі таяқшамен бір мезгілде және әрқайсысын жеке</p>	<p>2.3.1 қол басын айналдыра қозғау (ширыққан және еркін)</p> <p>2.3.2 біртіндеп жылдамдатылған баяу қарқында бір мезгілде бір қолдың саусақтарын түю және екінші қолдың саусақтарын жазу</p> <p>2.3.3 бір қолдың саусақтарын бір мезгілде және кезектестіре отырып, басқа қолдың саусақтарына карама-қарсы қою</p> <p>2.3.4 бір октаваның бес нотасы көлемінде орташа қарқында жоғарылаған және төмендеген гамманы екі қолдың саусақтарымен балалар пианиносында және үрмелі гармоникада орындау</p> <p>2.3.5 қарапайым ырғақтық суреттерді бубенде</p>	<p>3.3.1 қолды бүгу және жазу, сілкілеу, бұру, саусақтарды жұдырыққа түю және оларды жазу. Даңғара таяқшаларымен қолға арналған жаттығуларды орындау</p> <p>3.3.2 гаммаларды балалардың пианиносында, аккордеонда, үрмелі гармоникада бір октава көлемінде жылдам қарқында орындау</p> <p>3.3.3 оңай әуендерді жаттау және айту</p> <p>3.3.4 даңғара мен бубенде әр түрлі ырғақтарды орындау</p> <p>3.3.5 үрмелі-шулы аспаптарда, металлофонда ойнау</p> <p>3.2.6 балалайкада, қасықпен (қолжетімді халық</p>	<p>4.3.1 қол басын айналдыра қозғау (саусақтар жұдырыққа түйілген). Бір бармақ басқаларына карама-қарсы қойылған. Қолдың және саусақтардың қимылын әр түрлі жайлылық пен қарқында (баяу, орташа, жылдам, біртіндеп өзгерте отырып, кенеттен өзгерте отырып) орындау</p> <p>4.3.2 қарапайым әуендерді балалар пианиносында және үрмелі гармоникада орындау</p> <p>4.3.3 музыкалық аспаптарда таныс өлеңнің негізгі ырғағын беру және әуеннің берілген ырғағына қарай таныс өлеңді анықтау</p>

мұғалімнің санауымен, әндетуімен және тақпақтарды айтуымен ұра отырып, қарапайым ырғақтық суреттерді бере білу 1.3.8 ұрмалы-шулы аспаптарда (маракаса, румба, бубен, үшбұрыш) ойнау 1.3.9 әндетудің ырғақтық суретін (шапалақтаумен, металлофонда, дауыспен) беру	және даңғарада екі таяқшамен бір мезгілде және кезектестіре отырып, әр түрлі вариацияда орындау	музыкалық аспаптарында) ойнау	4.3.4 фортепианода ойнау туралы бастапқы түсінік болу
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------	-------------------------------------------------------

4) "Сөйлеу тілдік дағдылар":

5-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.4.1 заттардың сөз атауларын дұрыс айту, зат есімді сын есімдермен және етістікпен үйлестіру	1.4.1 заттардың және шынайы құбылыстардың сөз атауларын дұрыс айту 1.4.2 зат есімдерді сын есімдермен және етістікпен үйлестіру 1.4.3 қойылған сұрақтарға жауап беру	2.4.1 қойылған сұрақтардың сөздерін пайдалана отырып, толық жауап беру 2.4.2 жалаң сөйлемдерді құрастыру 2.4.3 таныс сөздерді дұрыс қолдана отырып, сұрақтар бойынша сөйлем құрау	3.4.1 әңгімеге қатысу, қойылған сұраққа толық және дұрыс жауап беру 3.4.2 таныс сөздерді дұрыс қолдана отырып, жайылма сөйлемдерді құрастыру 3.4.3 көмекші сөздерді және кейбір үстеулерді пайдалану	4.4.1 әңгімеге қатысу, сұрақтарға сыныптастарының айтқандарын толықтыра отырып, жауап беру 4.4.2 жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, жоспар бойынша байланыстыра сөйлеу 4.4.3 таныс сөздердің түрлерін дұрыс пайдалану

51. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 309
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 309 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12)

классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Адаптивная физическая культура" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес олардың білім, білік, дағдыларының көлемін және әр оқу пәнінің мазмұнын анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділіктерін дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі. Білім алушының белсенді танымдық қабілеті мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және мұғалімнің серіктес, кеңесші ретінде қолдауы кезінде тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осылайша күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде болады.

8. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білімнің, идеяның, қызмет қабілеттерінің белсенді алмасуын қажет ететін шынайы шығармашылық процестегі білім алушылардың қатынас орнату моделіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы мұғалімді аймақтық сипаттағы материалдарды (нысандарды, кәсіпорындарды, ақпарат көздерін) пайдалануға негізделген оқу қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушының танымдық және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағыттайды.

10. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға психофизикалық дамуындағы ауытқуларды, өмір сүру үшін қажетті қозғалыс дағдыларына ие болу қиындықтарын жоюға бағытталған пәндер цикліне кіреді.

11. Бейімделген дене шынықтыру жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жұмыс жасаудың барлық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

12. Дене тәрбиесі кешенді түрде қарастырылады және іске асырылады, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек бағытындағы оқытумен тығыз байланыста болады.

13. Сабақтың барлық түрін физикалық жаттығулармен біріктіретін дене тәрбиесінің жүйесі білім алушының қоғамда өмір сүруі үшін әлеуметтенуіне, рухани қабілеттерінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

14. Бағдарлама жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың танымдық қызметін, жүйке-психикалық мәртебесін, физикалық дамуының, моторикасының, соматикалық қалыпының ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған.

15. Бағдарлама материалы білім алушылардың қарапайым қозғалыстарындағы әртүрлі ауытқуларға таңдамалы түрде әсер етуге, күрделі қимылдарды, әсіресе адамның еңбек қызметінде қажетті қимылдарды ұйымдастыру қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

2-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

16. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – білім алушылардың дене дамуы, соматикалық қалпы мен моторикасындағы ауытқуларды түзету, бала ағзасын шынықтыру және денсаулығын нығайту, дұрыс дамуға көмектесу, қозғалыс біліктері мен дағдыларын үйрету.

17. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің міндеттері:

- 1) физикалық дамудың ауытқуларын түзету және қалпына келтіру;
- 2) оқыту процесінде қозғалыс мүмкіндіктерін дамыту;
- 3) қозғалыс біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру;
- 4) білім алушылардың негізгі физикалық қабілеттерін дамыту, дене шынықтыру сабақтарына қатысты тұрақты қатынасын қалыптастыру;
- 5) денсаулықты нығайту, қалыпты физикалық дамуға жағдай жасау;
- 6) білім алушылардың физикалық даму процесінде қолдау құқықтарын білуді қамти отырып, денсаулықты насихаттау;
- 7) физикалық және ақыл-ой еңбегіне қабілеттерін арттыру;

- 8) білім алушылардың аллергияларға, суық тию ауруларына және созылмалы инфекцияларға жалпы қарсы тұруларына көмектесу үшін иммундық жүйені жақсарту;
- 9) келбетті мүсін қалыптастыру және оны түзету;
- 10) дұрыс тыныстау техникасына үйрету;
- 11) негізгі қозғалыс біліктері мен дағдыларын меңгеру;
- 12) моральдық-еріктік қасиеттерін тәрбиелеу;
- 13) дене шынықтыру жаттығуларын өз бетімен орындау қызығушылықты тәрбиелеу және оны білім алушылардың күн тәртібіне енгіздіру.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

18. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері ақыл-ойы кенжелеген білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогика ұстанымдарына негізделген.

19. Білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағытындағы ұстанымы білім беру процесін ағзаның сақтау функциялары мен жүйелерін пайдалануға негіздеп құрады, ол өз кезегінде даму кемшілігінің ерекше табиғатын (яғни табиғи үйлесімділігін) ескереді. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағытындағы ұстанымы оқу және білім беру қызметінің арнайы әдістері мен тәсілдерінің арқасында қамтамасыз етіледі. Бұл кезде мыналар ескеріледі: білім алушылардың сенсорлық ақпаратты қабылдауы мен өңдеуінің баяу жылдамдығы, ақыл-ой операциялары мен әрекеттерінің жетіспеушілігі, төмен танымдық белсенділік және танымдық қызығушылықтарының әлсіздігі, қоршаған орта туралы шектеулі білім мен түсінік; сөйлеу дамуындағы артта қалушылық, әрекетті жасанды реттеу қабілетінің қалыптаспағандығы, моторика және қимыл үйлесімінің кемшіліктері. Білім алушылармен жұмыс жасау барысында олардың оқу қабілеттеріне, көрнекі-әрекеттік ойлау жүйесінің сақталғандығына назар аударылады. Кемшіл функцияларды дамыту бойынша қызмет ұйымдастырылады. Білім алушыға психологиялық-педагогикалық қолдау білдіруді ұйымдастырудың топтық тәсілі қолданылады, осы процеске отбасы жұмылдырылады.

20. Оқытудың әлеуметтік-бейімділік бағыттылық ұстанымы тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын азайтуды немесе жоюды мақсат етеді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін өзін ұстау нормаларын, өмірлік дағдыларын (қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, күрделі әлеуметтік дағдыларға, көзқарастарға, сенімдерге дейін) меңгерулері бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

21. Білім алу құралы ретінде ойлауды, тілді және коммуникацияны дамыту ұстанымы. Дәстүрлі мектептік білім мектепке қабылданған кезде бала білетін тұрмыстық түсініктердің жүйесіне және дамыған сөйлеу дағдысына негізделеді.

Сөйлеу негізінде қатынас дами түседі, белгілі деңгейде сөйлеу негізінде білім алушы әрекеті реттеледі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сөйлеу, ойлау, қатынас дамуында қиындықтар болады, олар оқытудың және әлеуметтену процесінің сәттілігін қамтамасыз ету үшін педагогикалық құралдар арқылы түзетіледі немесе алмастырылады.

22. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме қағидасы психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді.

23. Саралай және жекелей тәсілдеме ұстанымы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау мен уәждеу түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекелеген оқыту тәсілі саралай оқытудың нақты көрінісі болады.

24. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың даму жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының психофизикалық мүмкіндігіне қарай сабаққа арнайы қолжетімді жаттығулар қолданады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

25. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің аясында оқытудың нәтижелерін бағалау мақсатты тұжырымдауға негізделген критериялды бағалауды қолдану арқылы іске асырылады.

26. Мақсатты тұжырымдауға сәйкес бағдарламаның әр тарауы үшін бақылау-диагностикалық тапсырмалар әзірленеді. Бақылау-диагностикалық тапсырмаларды орындаудың нәтижелері білім алушылардың жетістіктер картасында тіркеледі және білім алушыға қатысты жеке тәсілді іске асырудың негізі болады.

27. Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың соңында жүргізіледі. Педагог сыныптағы әр білім алушының қозғалыс дағдыларының даму динамикасын оқу жылы бойында бақылап, міндетті түрде талдап отырады.

5-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

28. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 99 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 99 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

4) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

5) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

29. Бағдарламалық материалдың мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: "Қозғалыс қызметі", "Қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту", "Денсаулық және салауатты өмір салты".

30. Бөлімдер бөлімшелерден тұрады, онда әр сынып бойынша оқытудың мақсаттары күтілетін нәтиже түрінде берілген. Әр бөлімшенің ішінде тізбекті түрде ұйымдастырылған оқыту мақсаттары мұғалімдерге өз жұмыстарын жоспарлап, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі сатылары туралы ақпарат жеткізуге мүмкіндік береді. Сынып білім алушыларының құрамына сәйкес мұғалім оқу процесінде физикалық жүктеменің көлемін және жаттығулар күрделілігін реттестіреді.

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Қозғалыс қызметі	1.1 Негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту 1.2 Жүктеменің түрлерін реттеу; қозғалыс қабілеттерін жақсарту үшін қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну 1.3 Жаттығуларды дұрыс әрі тиімді орындау, уақытты, салмақты, кеңістікті түсінетіндігін көрсету арқылы тізбектілікті сақтау
2	Қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту	2.1 Кеңістіктік-уақыттық бағдарды дамыту 2.2 Физикалық қызмет кезінде жеке және топтық тапсырмаларды орындау барысында әділ жарысу және ұжымдық жұмыс сезімдерін дамыту
3	Денсаулық және салауатты өмір салты	3.1. Денсаулық туралы білу және түсіну. Ағзадағы физикалық өзгерістерді бақылау білігін үйрету 3.2 Мектеп ішінде және мектептен тыс кезде физикалық қызметке араласу үшін мүмкіндіктерді анықтау және көрсету

31. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын пайдаланудың тиімділігі үшін кодтық белгі енгізілген. Онда бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, кодтық белгідегі 1.2.1.4 "1" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" – оқыту мақсатының реттік нөмірі.

32. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Қозғалыс қызметі":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1. Негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту	0.1.1.1 негізгі қозғалыс әрекеттері туралы түсінікке ие болу	1.1.1.1 негізгі қозғалыс дағдылары мен біліктерін орындау	2.1.1.1 әртүрлі физикалық жаттығуларды орындау барысында негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту	3.1.1.1 негізгі физикалық жаттығуларды орындау барысында негізгі қозғалыс дағдыларын жақсартуды жалғастыру	4.1.1.1 әртүрлі физикалық жаттығуларды орындау барысында негізгі қозғалыс дағдылары мен біліктерін түсіну және көрсету
	0.1.1.2 қол мен аяқ қозғалысы жақсы үйлесім тапқан жеңіл, еркін жүру мәнерін қалыптастыру, алдағы және арттағы білім алушылармен белгілі арақашықтықты және бағытты сақтау	1.1.1.2 қол мен аяқ қозғалысы жақсы үйлесім тапқан жеңіл, еркін жүру мәнерінің дағдысын бекіту, алдағы және арттағы білім алушылармен белгілі арақашықтықты және бағытты сақтау	2.1.1.2 қол мен аяқ қозғалысы жақсы үйлесім тапқан жеңіл, еркін жүре білу, алдағы және арттағы білім алушылармен белгілі арақашықтықты және бағытты сақтау	3.1.1.2 қол мен аяқ қозғалысы жақсы үйлесім тапқан жеңіл, еркін жүре білу, алдағы және арттағы білім алушылармен белгілі арақашықтықты және бағытты сақтау	4.1.1.2 қол мен аяқ қозғалысы жақсы үйлесім тапқан жеңіл, еркін жүре білу, алдағы және арттағы білім алушылармен белгілі арақашықтықты және бағытты сақтау
1.2 Жүктеменің түрлерін реттеу; қозғалыс қабілеттерін жақсарту үшін қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну	0.1.2.1 қарапайым физикалық жаттығуларды орындау кезінде пайда болатын қиындықтарды мұғалімнің көмегімен жою	1.1.2.1 қарапайым физикалық жаттығуларды орындау кезінде пайда болатын қиындықтарды көмекке жүгіну арқылы және өз бетімен жою	2.1.2.1 қарапайым және өзгертілген физикалық жаттығуларды орындау кезінде қиындықтарды жою білігін бекіту	3.1.2.1. қозғалыс белсенділігін оқытудың әртүрлі сатысында қиындықтарды жоюдың дағдылары мен біліктерін жетілдіру	4.1.2.1 орындалатын жаттығулардың қиындық деңгейлерін ажырата білу
	0.1.2.2 мұғалімнің көмегінің арқасында жалаушалармен, кіші және үлкен доптармен кей жаттығуларды орындау	1.1.2.2 гимнастикалық таяқтармен, жалаушалармен, кіші және үлкен доптармен еліктеу жаттығуларын орындау	3.1.2.2 гимнастикалық таяқтармен, жалаушалармен, кіші шеңберлермен, кіші және үлкен доптармен, секірмелермен жаттығулар кешенін орындау	3.1.2.2 гимнастикалық таяқтармен, жалаушалармен, кіші шеңберлермен, кіші және үлкен доптармен, секірмелермен жаттығулар кешенін нұсқау бойынша орындау	3.1.2.2 гимнастикалық таяқтармен, жалаушалармен, кіші шеңберлермен, кіші және үлкен доптармен, үрмелі доптармен жаттығулар кешенін өз бетімен орындау
		1.1.2.3 бұлшықеттерді босаңсыту	2.1.2.3 бұлшықеттерді	3.1.2.3 бұлшықеттерді босаңсыту	4.1.2.3 бұлшықеттерді

		жаттығуларын еліктеу бойынша орындау	босаңсыту жаттығуларын нұсқау бойынша орындау	жаттығуларын нұсқау бойынша және өз бетімен орындау	босаңсыту жаттығуларын өз бетімен орындау
1.3 Жаттығуларды дұрыс әрі тиімді орындау, уақытты, салмақты, кеңістікті түсінетіндігін көрсету арқылы тізбектілікті сақтау	0.1.3.1 қозғалыс қарқынын арттырып, баяулатып бір-бірінің артынан жүру	1.1.3.1 сапта бір-бірімен жүру, сапқа тұру, жүгіру мен жүруді кезектестіру	2.1.3.1 қозғалыс қарқынын арттырып, баяулатып бір-бірінің артынан жұп болып жүру	3.1.3.1 қол жаттығуларын орындау арқылы әртүрлі қарқынмен жүру	4.1.3.1 тез қарқынмен, тізе бүгіп жүру; жүрудің түрлерін үйлестіру
	0.1.3.2 еденге сызылған бағдарлар бойынша жүру	1.1.3.2 гимнастикалық орындыққа сызылған бағдарлар бойынша жүру	2.1.3.2 бұралаң жолмен жүру, жүруді сигнал бойынша бастау, жүру кезінде дұрыс тыныстау	3.1.3.2 көру арқылы бақылаумен және бақылаусыз жүру	3.1.3.2 бағдарларме, қатар қойылған екі гимнастикалық орындықтармен жүру
	0.1.3.3 санды жоғары көтеріп жүру	1.1.3.3 зал ішінде аяқпен, өкшемен, табанның ішкі және сыртты жағымен жүру	2.1.3.3 белгі бойынша жүруді бастау, жүру кезінде дұрыс тыныстау	3.1.3.3 заттардан аттап жүру	4.1.3.3 жартылай отырып, әртүрлі қол қалыптарымен жүру
	0.1.3.4 ені 20-25 см. тактайдың үстінде жалғыз және топпен жүгіру; қойылған ойыншықтар арасында сапта жүгіру	1.1.3.4 ені 20-25 см. тактайдың үстінде жүгіру; қойылған ойыншықтар арасында сапта жүгіру	2.1.3.4 жүгіруді белгі бойынша бастау, жүгіру барысында дұрыс тыныстау; санды жоғары көтеріп, бір орында жүгіру, 2 минутқа дейін баяу жүгіру	3.1.3.4 100 метрге дейін жүгіру мен жүруді кезектестіру; жоғары старт, эстафеталық жүгіру туралы түсінікке ие болу	4.1.3.4 төмен старт туралы түсінікке ие болу; 10 секундқа дейін бір орында тез жүгіруді орындау (3x10 м.); 30 м. қашықтықта аздаған кедергілермен жүгіру
	0.1.3.5 жоғарыдан секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын қалыптастыру	1.1.3.5 бір аяқпен бір орында; алға, жан-жаққа; 30-40 см. биіктіктен төменге секіру	2.1.3.5 қадамдап алысқа және биікке (шағын екпінмен, 3-4 м., тікелей екпінмен жоғарыға) дұрыс және нақты секіру	3.1.3.5 15 метрге дейін аяқтан аяққа ауысып секіруді, аяқты бүгіп ұзындыққа, қадамдау тәсілі бойынша екпінмен секіруді орындау	4.1.3.5 секірудің түрлерін орындау: 20 метрге дейін аяқтан аяққа секіру, қадамдау тәсілі бойынша биіктікке секіру (жерге жұмсақ түсуге назар аудару); екпінмен ұзындыққа секіру (секіру аймағы -

				60-70 см.), нәтижеге секіру (секіру техникасына назар аудару)
0.1.3.6 диаметрі 10 см допты жерге лақтыру және оны екі қолмен ұстап алуға тырысу; допты бастан асырып лақтыру ; оң және сол қолмен алысқа қапшықтарды, бүрлерді, тастарды лақтыру	1.1.3.6 кіші және үлкен доптарды еркін лақтыру; диаметрі 20 см. допты жерден 1,5-2 метр биіктікке орнатылған дөңгелекке лақтыру	2.1.3.6 ойында кіші және үлкен доптарды еркін лақтыру; волейбол добын лақтыру және ұтып алу; сырықты шеңберге лақтыру; оң және сол қолмен кіші допты жарға лақтыру	3.1.3.6 лақтыру жаттығуларын орындау: бір орында тұрып, көлденең және тік бағытқа (4-8 м. кері серпілу қашықтығын ескере отырып, баскетбол қалқаны) оң және сол қолмен кіші допты лақтыру	4.1.3.6 доптарды мақсатқа (қабырғаға, баскетбол қалқанына, нысанаға), алысқа лақтыруды орындау, дәліздің ені – 10 -15 м.
0.1.3.7 баяу, кейін жылдам қарқынмен төрт аяқтап еңбектеу	1.1.3.7 заттарды (орындық, бөрене, тақтай) пайдалана отырып және пайдаланбай өрлеу, қарғып түсу, еңбектеу жаттығуларын төрт аяқтап орындау	2.1.3.7 гимнастикалық заттарды пайдаланып және пайдаланбай өрлеу мен қарғып түсу жаттығуларын орындау	3.1.3.7 гимнастикалық қабырғаға, иілген гимнастикалық орындық бойынша (бұрышы 20-30 гр.) өрлеу жаттығуларын орындау	4.1.3.7 арқанға өрлеуді еркін тәсілмен орындау
0.1.3.8 гимнастикалық қабырғаның бірінен еденге жақын орналасқан екіншісіне ауысу	1.1.3.8 жоғары биіктікке ауыса отырып, бір гимнастикалық қабырғадан екінші қабырғаға өту	2.1.3.8 жоғары биіктікке ауыса отырып, бір гимнастикалық қабырғадан екінші қабырғаға өту	3.1.3.8 гимнастикалық шеңберлерден өту (бұрышы 20- 30 гр.)	4.1.3.8 бөренеден, козелден, аттан қарғып түсу

2) "Қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.2.1.1 сапта бір-бірлеп жүру, сапқа тұру, жүгіру мен жүруді кезектестіру	1.2.1.1 келесі жаттығуларды орындау: белгіленген орында сақа тұру, бағдар бойынша шеңберге тұру, қозғалыс шеңберін	2.2.1.1 берілген бағдар бойынша тұру орнын өзгерту арқылы сап түзеп тұру	3.2.1.1 бағдар бойынша шеңберден шаршыға ауысып тұру	4.2.1.1 мұғалімнің бұйрығы бойынша сапқа,	

2.1 Кеңістіктік-уақыттық бағдарды дамыту		үлкейту және кішірейту			тізбекке тұру және қайта тұру
	0.2.1.2 қолдың, дененің, аяқтың алғашқы қалпын нұсқауға сәйкес белгілеу	1.2.1.2 бағытын жедел өзгертпейтін, еденге сызылған бағдармен жүру	2.2.1.2 еденге сызылған бағдардан секіру, бағдар бойынша бағыттың өзгерісімен жүру	3.2.1.2 сызық бойында екі аяқпен итерілу арқылы бір орында тұрып ұзындыққа секіру	4.2.1.2 қатар қойылған екі гимнастикалық орындықтың үстімен жүру
	0.2.1.3 бұрылу кезінде көзбен бақылап және бақыламай бағдарларға бұрылуды орындау	1.2.1.3 бұрылу кезінде көзбен бақыламай бағдарларға бұрылуды орындау	2.2.1.3 бағдар бойынша бағыттың өзгерісімен жүру	3.2.1.3 бағдар бойынша бағыттың өзгерісімен тізбекте қозғалу	4.2.1.3 еденге сызылған бағдарлар бойынша жүгіру
2.2 Физикалық қызмет кезінде жеке және топтық тапсырмаларды орындау барысында әділ жарысу және ұжымдық жұмыс сезімдерін дамыту	0.2.2.1 ойындар кезінде бастапқыда мұғалімнің жетекшілігімен әрекет ету	1.2.2.1 ойындар кезінде бастапқыда мұғалімнің жетекшілігімен, кейін мақсатқа сай әрекет ету	2.2.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде ереже сақтау, мақсатқа сай қимылдау	3.2.2.1 жалпы ережелерге бағына отырып, топта ойнау	4.2.2.1 жалпы ережелерге бағына отырып, топта ойнау
	0.2.2.2 ойындар кезінде жолдастарына сыйластық көрсету	1.2.2.2 ойындар кезінде жолдастарына сыйластық көрсету	2.2.2.2 ойындар кезінде жолдастарына сыйластық көрсету	3.2.2.2 ойындар кезінде жолдастарына сыйластық көрсету	4.2.2.2 ойындар кезінде жолдастарына сыйластық көрсету
	0.2.2.3 ойындар кезінде жағымсыз және агрессивтік қатынас көрсетпеу	1.2.2.3 ойындар кезінде жағымсыз және агрессивтік қатынас көрсетпеу	2.2.2.3 жеңілген соң жағымсыз және агрессивтік қатынас көрсетпеу	3.2.2.3 жеңілген соң жағымсыз және агрессивтік қатынас көрсетпеу	4.2.2.3 жеңілген соң жағымсыз және агрессивтік қатынас көрсетпеу
			2.2.2.4 өзге сыныптардың білім алушыларының ойындарын бақылау	3.2.2.4 өзге сыныптардың білім алушыларының ойындарын бақылау	4.2.2.4 өзге сыныптардың білім алушыларының ойындарын бақылау

3)"Денсаулық және салауатты өмір салты":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.3.1.1 негізгі қозғалыс әрекеттері	1.3.1.1 негізгі қозғалыс дағдылары мен	2.3.1.1 әртүрлі физикалық жаттығуларды орындау барысында	3.3.1.1 негізгі физикалық жаттығуларды орындау барысында даму ерекшеліктерін	4.3.1.1 әртүрлі физикалық жаттығуларды орындау барысында	

3.1 Денсаулық туралы білу және түсіну. Ағзадағы физикалық өзгерістерді бақылау білігін үйрету	туралы түсінікке ие болу	біліктерін орындау	негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту	ескере отырып, негізгі қозғалыс дағдыларын жақсартуды жалғастыру	негізгі қозғалыс дағдылары мен біліктерін түсіну және көрсету
	0.3.1.2 жату, тұру, отыру жағдайларында (еліктеу бойынша) диафрагмалды, қабырғалық және араластыныстау жаттығуларын орындау	1.3.1.2 тыныстау жаттығуларының әрекеттерін үйлестіру және негізгі қалыптарды орындау	2.3.1.2 тыныстауды әртүрлі қозғалыстармен сәйкестендіру	3.3.1.2 төс қуысын қозғалту арқылы терең тыныстау	4.3.1.2 әртүрлі алғашқы қалыптарда (отыру, тұру, жату, аяқтың, қолдың әртүрлі қалпы, ауа шығарудың ауа жұтудан басымдығы арқылы) дұрыстыныстау дағдыларын меңгеру
3.2 Мектеп ішінде және мектептен тыс кезде физикалық қызметке араласу үшін мүмкіндіктерді анықтау және көрсету	0.3.2.1 "дене шынықтыру", "күн тәртібі" ұғымдары туралы қарапайым түсінікке ие болу	1.3.2.1 "дене шынықтыру", "күн тәртібі" ұғымдары туралы түсінікті кеңейту	2.3.2.1 күн тәртібіне физикалық жаттығуларды жоспарлау және оны сақтау	3.3.2.1 таңғы жаттығуларды жоспарлау және өткізу бойынша алғашқы дағдылар мен біліктерге ие болу	4.3.2.1 оқу және оқудан тыс қызметін есепке ала отырып, күн тәртібін жоспарлау және оны сақтау
	0.3.2.2 таза ауада серуендеудің маңызы туралы білу	1.3.2.2 таңғы жаттығудың, денешынықтыру минутының, денешынықтыру сабақтарының, шынығудың маңызы туралы білу	2.3.2.2 оқу жылында, бөлмедегі және таза ауадағы қозғалмалы ойындар кезінде денешынықтыру-сауықтыру шараларына қатысу	3.3.2.2 оқу жылында, бөлмедегі және таза ауадағы қозғалмалы ойындар кезінде денешынықтыру-сауықтыру шараларын жоспарлау және қатысу	4.3.2.2 оқу жылында, бөлмедегі және таза ауадағы қозғалмалы ойындар кезінде денешынықтыру-сауықтыру шараларын, таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу бойынша біліктер мен дағдыларға ие болу
	0.3.2.3 күн тәртібі туралы түсінікке ие болу	1.3.2.3 оқу және оқудан тыс қызметін есепке ала отырып, күн тәртібін жоспарлау және оны сақтау	2.3.2.3 оқу және оқудан тыс қызметін есепке ала отырып, күн тәртібін жоспарлау және оны сақтау	3.3.2.3 оқу және оқудан тыс қызметін есепке ала отырып, күн тәртібін жоспарлау және оны сақтау	4.3.2.3 оқу және оқудан тыс қызметін есепке ала отырып, күн тәртібін жоспарлау және оны сақтау

0.3.2.4 сәнді, спорттық киімді және аяқ киімді ажырату	1.3.2.4 сабақ өту жағдайына байланысты киім мен аяқ киімді таңдау	2.3.2.4 сабақ өту жағдайына байланысты киім мен аяқ киімді таңдау	3.3.2.4 сабақ өту жағдайына байланысты киім мен аяқ киімді таңдау	4.3.2.4 сабақ өту жағдайына байланысты киім мен аяқ киімді таңдау
0.3.2.5 сабақта физикалық жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіз әрекеттер туралы түсінікке ие болу	1.3.2.5 физикалық жаттығуларды орындау сабақтарында қауіпсіз әрекеттер мен жарақаттарды алдын-алу бойынша қарапайым дағдыларға ие болу	2.3.2.5 физикалық жаттығуларды орындау сабақтарында қауіпсіз әрекеттер мен жарақаттарды алдын-алу бойынша қарапайым дағдыларға ие болу	3.3.2.5 физикалық жаттығуларды орындау сабақтарында қауіпсіз әрекеттер мен жарақаттарды алдын-алу бойынша қарапайым дағдыларға ие болу	4.3.2.5 физикалық жаттығуларды орындау сабақтарында қауіпсіз әрекеттер мен жарақаттарды алдын-алу бойынша қарапайым дағдыларға ие болу

33. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 310
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 310 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Коррекция познавательной деятельности" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. "Танымдық әрекеттерін түзету" оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. "Танымдық әрекеттерін түзету" оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлай білуі үшін қажетті біліктерді өз мүмкіндіктеріне сәйкес меңгеруге бағыттайды.

4. "Танымдық әрекеттерін түзету" оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдермен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тұғырлар пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарланған коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылды, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі таңда білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғаға бағдарланған білім беруді осындай сипатта күшейту білім беру процесіне барлық қатысушылардың қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде болады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тұғырлары білім, ой-пікір, іс-әрекеттер тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды меңзейтін шынайы шығармашылық процесте білім алушылардың қарым-қатынас үлгісіне айналады.

9. "Танымдық әрекеттерін түзету" оқу бағдарламасы аймақтық материалды (нысандар, мекемелер, ақпарат көздерін) қолдануға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру білім алушының танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Пәнді оқыту мақсатына жету үшін іске асатын тәрбиелік мәні бар жобаларды ата-аналар, жергілікті қауымдастықтардың қатысуымен ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болатын күтілетін нәтиже оқытудың мақсаттық жүйесінде берілген. Оқу бағдарламасы мазмұны жағынан нақты оқу пәнінің білім алушының оқу субъектісі және тұлға аралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиесіне қосар үлесі ашылады.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік, дағдыларын кез-келген оқу процесінде, өмір жағдаяттарында пайдалану даярлығын қалыптастыруға бағытталған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен қатар "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "жариялық", "өмір бойы білім алу" сияқты жеке қасиеттердің дамуы білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті жағымды іс-әрекеттерге ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Танымдық әрекеттерін түзету" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. "Танымдық әрекеттерін түзету" пәнінің мақсаты – танымдық процестің құрылымын құрастыратын – танымдық икемдер, негізгі икемдер кешенін қалыптастыру.

14. Пәннің міндеттері:

1) перцепциялық іс-әрекеттерді орындауға қажетті икемдерді қалыптастыру арқылы қоршаған орта туралы білім алушыларда нақты толық келбеттер қалыптастыру;

2) қоршаған орта туралы әсерін жинақтап мнемикалық іс-әрекеттер орындауға арналған икемдерді қалыптастыру арқылы тәжірибені сақтау;

3) талдау ой іс-әрекетін орындау икемін қалыптастырып, ерекше белгілерін бөлу, салыстыру, топтастыру, жалпылау, сериялау нысандар арасындағы байланыс пен қарым-қатынас орнату арқылы ақпаратты түсіну және өңдеу процесін қалыптастыру, білім, білік және дағдыларды сәйкес жағдайларда қолдану және жалпылау процесін қалыптастыру;

4) түрлі ақпараттарды өңдеу және сақтау механизмдерін дамыту, және оны басқа адамдармен алмасу процестері, соған қажетті сөйлеу тілі икемін қалыптастыру;

5) сабаққа деген қызығушылығын, басқа білім алушылар мен үлкендермен қарым-қатынасын дамыту.

15. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың танымдық және эмоционалды-тұлғалық аймақтарының даму кемшіліктерін еңсеруге арналған арнайы педагогикалық тәсілдерді қолдануын меңзейтін түзету бағыттылығына ие. Түзету жұмыстары нәтижесінде білім алушыларда жаңа оқу және еңбек міндеттерін шешуде дербестік деңгейін анықтайтын жалпы оқу және еңбек икемдері қалыптасады. Түзету жұмыстарының процесі оқу процесімен қосылып соңғысының сапасын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

16. Түзету жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық жолдары жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудағы ерекше қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогика ұстанымдарына негізделген.

17. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыта бағытталу ұстанымы оқу әрекетінің арнайы әдіс тәсілдерімен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар: ойлау қабілетінің баяулығы, танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлаудың жалпылау және абстракциялық жұмысының әлсіздігі, сөйлеу тілі дамуындағы кешеуілдеу ескеріледі.

18. Білім алушылармен жұмыс өткізгенде олардың еліктеушілік қабілеттері, көрнекті-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталған мүмкіндіктері тірекке алынады. Танымдық қызметті түзету сабақтарында білім алушылардың қабылдау, есте сақтау, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық функцияларын дамытуға жағдай жасалады. Бастаған жұмысын аяқтау, қолына келетін қиындықтарды еңсеру, ұқыптылық және дербестік таныту қабілеттеріне көңіл бөлінеді.

19. Оқудың әлеуметтік-бейімдеуге бағытталу ұстанымы тұлғаның әлеуметке бейімделмеуін кеміту немесе еңсеруді меңзейді. Білім алушының әлеуметтік өмірге араласуына қажетті тәртіп нормаларын, қарапайым тазалық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап күрделі әлеуметтік дағдылармен, көзқарасы, ұстанымдарымен аяқталатын дағдыларды меңгеруге арналған арнайы жұмыс жүргізу көзделген.

20. Ойлау, сөйлеу тілі және коммуникацияны дамыту ұстанымы, білім алу құралы ретінде. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеу тілі, ойлау, қарым-қатынасқа түсуінің дамуында, мүмкіндігінше әр нақты жағдайда оқу мен сәтті әлеуметтенуін қамтамасыз ететін педагогикалық құралдармен орын толықтыруы қажеті мәселелер орын алады.

21. Іс-әрекет тұғыры ұстанымы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға білім беруде іс-әрекеттік тұғыры мұғалімнің басқаруымен кең қолданылып, оқу материалын түсінуге жағдай жасайды. Пәндік-тәжірибелік қызмет жоғары психикалық қызметтердің (қабылдау, сөйлеу, ойлау) сенсомоторлық негіздерін дамытуға, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жетіспеушілігін толықтырып, жалпы білім беру пәндері бойынша білім, білік және дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

22. Дифференциалды және жеке даралық тұғыр ұстанымы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың ұжымдық оқыту процесі жағдайында дифференциалды тұғыры оқу материалын меңгергенде орын алып меңгерген білім, білік және дағдыларының сапасына әсер ететін, олардың вариативті типтік ерекшеліктерінен туындайды.

23. Түзету міндеттері білім алушылармен арнайы педагогикалық ұстанымдар негізінде жұмыс ұйымдастырғанда сәтті шешімін табады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту мәселелері негізгі ойлау әрекеттерін орындай алмаумен байланысты. Сондықтан ойлау аумағын дамыту үшін танымдық білікті қалыптастыру үшін жүргізілетін түзету жұмыстары барлық басқа бағыттағы түзету жұмыстарының мазмұнында болады.

24. "Танымдық әрекеттерін түзету" бағдарламасы түзету жұмысының үлгілік мазмұнын айқындайды. Оқу қиындықтарының түрлі сипатына және сынып білім

алушыларының даму деңгейіне сәйкес бағдарламада жыл бойы (сынып бойынша) ұсынылған мазмұнында қатал шектеу жоқ.

25. Білім алушының психикалық даму деңгейін зерттеу нәтижесі негізінде әр білім алушыға қажетті түзету көмегінің мазмұнын мұғалім өзі анықтайды.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

26. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптар гуманизация ойымен, осы санаттағы білім алушыларды мектепте оқытудың шығу табиғатымен байланысты.

27. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінің негізін қалайтын арнайы педагогиканың - "диагностика және түзете-дамыту жұмысы" ұстанымына сәйкес, мұғалімдер үнемі жүйелі түрде бақылау бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

28. Ағымдағы бақылау білім алушылардың сабақ барысында, бақылау арқылы, практикалық және өздігімен орындаған жұмыстарын, топтық жұмыс түрін талдау арқылы жүзеге асады.

29. Қорытынды бақылау тоқсанның, оқу жылының соңында өткізіледі. Мұғалім міндетті түрде сыныптағы әр білім алушының жыл бойы оқу дағдысының динамикасын сараптап, оны сипаттай бағалауды қолдану арқылы арнайы құжаттарда көрсетеді.

30. Сипаттап бағалау білім алушының нақты даму және оқу деңгейін ғана емес, білім алушымен алдағы уақыттағы жұмыс қадамдарын анықтайды. Баллдық жүйемен бағалау түзету сабақтарында қолданылмайды.

5-тарау. "Танымдық әрекеттерін түзету" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

31. "Танымдық әрекеттерін түзету" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 3) 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 5) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

32. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін сыныптар санитарлық-тазалық нормаларға сәйкес тиісті мектеп жабдықтарымен жабдықталады.

33. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

34. Курсты жүзеге асыру үшін арнайы материалдық-техникалық жабдықталады, оның ішінде: жабдықталған сенсорлық бөлме, құрғақ (шарикты) және сулы бассейндер, түрлі-түсті, дыбыс шығаратын ойыншықтар және заттар, түрлі фактуралы, температурасы бар, нығыздалуы, сенсорлы панелдер, хош иіс шығаратын банкалар жиынтығы, дірілмассажеры.

35. Оқу пәнінің мазмұны:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Сенсорлы процестерді және кеңістікте бағдарлауды дамыту	1.1 Есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту
		1.2 Көру арқылы қабылдау қабілетін дамыту
		1.3 Кеңістікте бағдарлауды дамыту
2	Қимыл-қозғалыс аймағын дамыту	2.1 Ұсақ моториканы дамыту
		2.2 Кинестетикалық қабылдауын дамыту
		2.3 Сезімдік-қозғалыстық қабылдауын дамыту
3	Ақыл-ой аймағын дамыту	3.1 Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту

36. Оқу бағдарламасыда оқыту мақсаттарын қолдану тиімділігіне сәйкес кодтық белгі енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.4 түрінде берілген кодтық белгіде "1" – сынып, "1.2" – бөлімше, "4" – оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді.

37. Оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер мазмұн және әр бөлім бойынша түзету жұмыстарының кезеңділігін нақтылауға негіз болатын оқудың мақсаттық жүйесі ретінде берілген, сондай-ақ ол білім алушылардың жетістігін анықтайтын көрсеткіш болып табылады. Мұғалім сынып білім алушыларымен түзету жұмыстарына маңызды мақсаттар таңдауға құқылы.

38. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Сенсорлы процестерді және кеңістікте бағдарлауды дамыту":

2- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
0.1.1.1 сөйлеу, табиғи және музыкалық дыбыстарды ажырату 0.1.1.2 таныс адамдардың			2.1.1.1 3-5 шулы және музыкалық	3.1.1.1 сөзсіз дыбыстауды дауыстың шығуы бойынша ажырату	4.1.1.1 дыбыстық сәйкестігі бар

<p>1.1 Есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту</p>	<p>дауысын ажырату (ата-анасы, жақындары, достары) 0.1.1.3 дыбыс шығу орнын анықтау 0.1.1.4 дыбыс шығару бойынша айырмашылығы бар 2 ойыншықты дыбыстары бойынша ажырату 0.1.1.5 дыбыс еліктеушілікті ажырату және оны нысамен сәйкестендіру (дыбыспен, суретпен) 0.1.1.6 музыкалық ойыншықтардың дыбыс шығаруының басы мен соңына әсер ету 0.1.1.7 дыбыстың шығу орнын анықтау 0.1.1.8 қарапайым ритмдарды қайталау</p>	<p>1.1.1.1 2-3 шулы және музыкалық құралдың ішінен дыбыс шығаруы бойынша ажырату (дауылпаз, дудка, бубен) 1.1.1.2 әуен сипатын ажырату (көңілді, көңілсіз) қоршаған ортаның дыбыстарына еліктеу 1.1.1.3 дыбыс шығару есту арқылы ажырату ; 1.1.1.4 дыбыс шығаратын ойыншықтармен буындарды айтып, шапалақ ұрып , тақылдатып 1.1.1.5 таныс әуендер және әндерді тану</p>	<p>құралдың ішінен дыбыс шығаруы бойынша ажырату (шылдырмақ, дауылпаз, қоңырау, гармошка, қасықтар) 2.1.1.2 дыбыстар санын есту арқылы ажырату : біреу–көп; музыкалық ойыншықтарда ойнап шығару 2.1.1.3 жазылған дауысты, құстар дауысын және жануарларды есту арқылы ажырату (2-3 таңдағанда) 2.1.1.4 дыбысты сөзден бөлу 2.1.1.5 нақты әріптер санынан сөздер құрастыру (кескінді әліппе) 2.1.1.6 берілген дыбысқа сөздер табу</p>	<p>(қатты дауыстап-ақыры н) 3.1.1.2 сөзсіз дыбыстауды ұзақтығы арқылы ажырату (ұзақ-қысқа) 3.1.1.3 дыбыстау санын ажырату және қайталау 3.1.1.4 дыбыс сипатын өздігінен ажырату, дыбыстың сөздегі орнын анықтау 3.1.1.5 шуды сипаты бойынша ажырату 3.1.1.6 шуға эмоционалды әсер ету: қатты және жағымсыз шудан қолымен қорғану, жағымды шуға қуанышты ым-ишарамен, естуге ыждағаттықпен, сәйкес қимылдармен жауап беру</p>	<p>сөздер мен буындарды ажырату 4.1.1.2 фонематикалық қарама-қайшылықтар мен акустикалық-артикуляциялық белгілері ұқсас ажырату 4.1.1.3 дыбыстың сипатын бөліп атау дыбысты сөздің ішінде тану 4.1.1.4 сөздегі дыбыс қатарын анықтау 4.1.1.5 сөздегі дыбыс санын анықтау 4.1.1.6 кескінді әліппеден әріптер таңдап сөздер құрау 4.1.1.7 ер адам, әйел адам, бала дауыстарын ажырату 4.1.1.8 музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажырту</p>
	<p>0.1.2.1 адамның жүзіне ұзақ қарау 0.1.2.2 тұрақты жарық затқа ұзақ қарау 0.1.2.3 баланың қарсы алдына, оң жақ, сол жақтарында орналасқан тұрақты заттарға ұзақ қарау</p>	<p>1.1.2.1 бағдарлау тәсілдерін іздестіруді қолдану: жоспарлап бақылау 1.1.2.2 заттарды қарастыру: негізгі элементтері, нысанның бөлшектері 1.1.2.3 жақын орналасқан жылжыған затты</p>	<p>2.1.2.1 бағдарлаудың іздестіру тәсілдерін қолдану: жоспарлы түрде бақылау</p>	<p>3.1.2.1 заттары мақсатты түрде қарастыру (көріп зерттеу) 3.1.2.2 заттарды аппликацияда</p>	<p>4.1.2.1 үлгі бойынша заттық суретті 4 бөлшектен құрастыру</p>

<p>1.2 Көру арқылы қабылдау қабілетін дамыту</p>	<p>0.1.2.4 түсімен үлгісін сәйкестендіру 0.1.2.5 түстері бойынша 2 ерекше айырмашылығы бар заттарды таңдау (2 түрлі түс) 0.2.2.6 жазықты геометриялық пішіндерді ажырату (шаршы, шеңбер) 0.2.2.7 кең көлемді геометриялық пішіндерді еліктеу бойынша ажырату (шар, куб) 0.2.2.8 көлемді пішіндерден еліктеу арқылы құрастыру 0.2.2.9 үлгі бойынша формасы бойынша айырмашылығы бар таныс заттарды таңдау 0.2.2.10 көлемді геометриялық пішіндерді (шар, куб) қорабтың сәйкес ұяшығына салу (сынақ) 0.1.2.11 ауқымы бойынша түрлі 2 затты ажырату (үлкен, кіші) 0.1.2.12 матрешканы, пирамиданы әдісінің көлеміне сәйкес жинау көлемін сәйкестендіру әдісімен сынақ арқылы</p>	<p>көру арқылы бақылау (көлденең, тік, шеңбер бойынша, алға/ артқа) 1.1.2.4 негізгі түстерді ажырату (қызыл, жасыл, көк) 1.1.2.5 таныс заттарды қоршаған ортада табу 1.1.2.6 көлемді геометриялық пішіндерді ажырату (шар, куб, пирамида) 1.1.2.7 ауқымды ажырату (үлкен, кіші, ең үлкен) 1.1.2.8 ауқым өлшемдерін заттармен, жазық пішіндермен ойын немесе жаттығулар барысында ажырату 1.1.2.9 ауқымы бойынша 3 затты салыстыру (үлкен, кіші, ең кішкентай). 1.1.2.10 3 шеңберден тұратын пирамиданы оның көлемін сәйкестендіре отырып жинақтау 1.1.2.11 заттарды олардың бейнесімен сәйкестендіру 1.1.2.12 өтініш бойынша және өздігімен заттарды тану (ым-ишара,</p>	<p>2.1.2.2 алыста қозғалған затты көзқараспен бақылау 2.1.2.3 заттардың жұбын тауып негізгі түстерін үлгі, нұсқау бойынша бөлу (4) 2.1.2.4 түстер қатарының ретін қайталау 2.1.2.5 заттарды түсі, үлгі бойынша топтастыру 2.1.2.6 үлгі бойынша заттарды түрі бойынша топтастыру 2.1.2.7 заттарды көлемі бойынша салыстыру (ұзын-қысқа) 2.1.2.8 үлгі бойынша заттарды көлемі бойынша топтастыру 2.1.2.9 заттарды жеке бөшектері арқылы тану 2.1.2.10 негізгі элементтерін және заттардың бөлшектерін бөлу 2.1.2.11 заттарды бейнесімен сәйкестендіру 2.1.2.12 суреттің жетіспейтін бөлшектерін бейнелеу 2.1.2.13 бояу, сызу 2.1.2.14 әріптер мен сандарды бөлшектерден</p>	<p>және құрастыруда түстерін алмастыру 3.1.2.3 түстерді әрекетке белгі ретінде қолдану 3.1.2.4 түрлі-түсті және әртүрлі көлемдегі жазық геометриялық пішіндерді ажырату 3.1.2.5 матрешканы, пирамиданы өлшеу және қайта жасау әдісімен жинау 3.1.2.6 заттарды көлемі бойынша салыстыру (кең-тар) 3.1.2.7 кеңістік қатынастарды еліктеу, үлгі, нұсқау бойынша қайталау 3.1.2.8 үлгі бойынша заттық суреттерді 4 бөліктен құрастыру 3.1.2.9 сюжетті суреттерді құрастыру, таныс шығарма бойша сюжетті суреттер желісін құрастыру 3.1.2.10 ұсақ бөлшектерден тұратын бүтін құрылым құрастыру 3.1.2.11 заттарды келбетін бейнелеуден тару: кескінді, сызықты, нүктелі</p>	<p>4.1.2.2 әрекетті бастау белгісі ретінде түрін, түсін және көлемін белгілеу (бағдаршам) 4.1.2.3 заттың формасын геометриялық формамен сәйкестендіру 4.1.2.4 матрешканы, пирамиданы көру арқылы сәйкестендіру әдісін ескере отырып жинау 4.1.2.5 бояу, сызу, бастыру 4.1.2.6 негізгі түстердің реңктерін ажырату 4.1.2.7 шулы бейнелерді тану 4.1.2.8 толық емес, белгілері жетіспейтін бейнелерді, тану 4.1.2.9 сурет, фото бойынша адамның эмоционалдық жағдайын анықтау 4.1.2.10 суреттегі, фотодағы таныс және бейтаныс адамдарды салыстырып сипаттау 4.1.2.11 2 сюжетті суреттің айырмашылығын табу, көлем өлшемдерін атау</p>
--------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	матрешка, пирамида жинау 0.1.2.13 үлкен затты қолымен, кіші затты саусақтармен ұстау	көзқараспен затты көрсету) 1.1.2.13 нақты заттарды, олардың ауыстырушы ойыншықтарын тану	құрастыру (таяқшалар)		
1.3 Кеңістікте бағдарлауды дамыту	0.1.3.1 дене мүшелерін ажырату (бет, дене) 0.1.3.2 кеңістікте еліктеу арқылы берілген бағытта жылжу (алға, артқа) 0.1.3.3 мектепте мұғалімнің көмегімен және өздігімен бағдарлау 0.1.3.4 өз заттарын және сыныптастарының заттарын тану 0.1.3.5 кеңістік қатынастарын еліктеу арқылы көрсету	1.1.3.1 дене мүшелерінің кеңістікте орналасуында бағдарлау 1.1.3.2 өз денесіне қатысты заттардың кеңістікте орналасуында бағдарлау 1.1.3.3 үлгі бойынша жазық және көлемді заттарды көлденең және тік бағытта орналастыру 1.1.3.4 бейненің боялмаған жерін бояу оң және сол қолды ажырату 1.1.3.5 кеңістіктегі қатынастарды үлгі бойынша көрсету	2.1.3.1 дене мүшелерін ажырату (қас, тері, шаш, тырнақ) 2.1.3.2 заттарды және олардың бөлшектерін тік тұру бойынша қатысын ажырату (үстінде, астында, жоғары, төмен, алыс-жақын) 2.1.3.3 өз денесінен кеңістікте бағытты анықтау 2.1.3.4 берілген пішіндерді түрлі әдістермен көрсету (кесу, бейнелеу, құру)	3.1.3.1 дене мүшелерінің орналасуын талдау, қарсы тұрған адамның денесінде бағдарлау 3.1.3.2 өзінде және басқа адамда аталған дене мүшесін көрсету 3.1.3.3 нысандардың орналасуын ажырату осында-ана жақта", алыс-жақын, жақын-жақынырақ" 3.1.3.4 нысандар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты олардың кеңістікте орналасуы бойынша анықтау 3.1.3.5 қағаз бетінде бағдарлау	4.1.3.1 карама-қарсы отырған адамның денесінде бағдарлау: қарсыда тұрған адамның көрсетіп тұрған дене мүшелерін атау (сол қол) 4.1.3.2 суреттерге қарап кейіпкердің қай қолымен әрекеттенуін, қай жақта тұрғанын анықтау 4.1.3.3 сызба, нұсқаулар көмегімен кеңістіктегі қатынастарды көрсету 4.1.3.4 нысандардың өзара орналасуында жалғау қолдану 4.1.3.5 нысандардың өзара орналасуын сипаттау 4.1.3.6 нысандардың бір қатарда орналасуын талдау

2) "Қимыл-қозғалыс аймағын дамыту":

3- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып

<p>2.1 Ұсақ моториканы дамыту</p>	<p>0.2.1.1 жұдырығын жинап және ашу, саусақтарын жинап ашу 0.2.1.2 саусақтарымен столды ұру 0.2.1.3 еліктеу арқылы шапалақтау (қалпы, саны) 0.2.1.4. саусақтарынан түрлі фигуралар жасау 0.2.1.5 жіпке түйме, ірі моншақтар кигізу, үрме, бұршақ бөлу, жармаларды бөлу, түйме, жапсырма, ілмектерді қадау</p>	<p>1.2.1.1 бір қимылдан басқа қимылға еркін ауысы: заттардың кескіндемесін таяқшалардан құрастыру 1.2.1.2 ермексаздан илеу 1.2.1.3 трафареттерді сызу 1.2.1.4. бейнелердің кескіндемесін қолымен жүргізу, шектеулі кеңістікте көрсетілген нүктелерді қолымен жүргізу 1.2.1.5 түрлі музыкалық аспаптарда ойнауды көрсету (пианино, барабан, гитара, дауылпаз)</p>	<p>2.2.1.1 қалыпты бір жағдайдан басқаға еркін өту (алақан – жұдырық) 2.2.1.2 тұрмыста және сабақта нақты қимылдарды көрсету (байлау, ағыту) 2.2.1.3 үлгі бойынша тік, көлденең және қиғаш сызықтармен рамкада сызу 2.2.1.4 трафареттерді бастыру 2.2.1.5 шектелген кеңістікте бейнелерді кескіндеме, нүкте бойынша бастару 2.2.1.6 түрлі ұзындығы, түсі әртүрлі таяқшаларды бейнелеу</p>	<p>3.2.1.1 бейнелерді толық салу 3.2.1.2 түзу, қиғаш, сынық сызықтарды жазу жолы шеңберінде бейнелеу 3.2.1.3 қарқынды өрнек бейнелеу, толқынды сызық салу, қиғаш, түзу және үзілген сызықтардан түрлі конфигурациялар бейнелеу 3.2.1.4 кеңістікте шектеусіз берілген бағытта көлденең сызықтар сызу 3.2.1.5 шектеулі кеңістікте бағытты өзгертіп сызықтар сызу</p>	<p>4.2.1.1 басылған әріптерге ұқсас фигуралар бейнелеу: түзу, қиғаш таяқша, доғал, жартылай доғал, тік түзу және көлденең қосу таяқшалары 4.2.1.2 берілген үлгі бойынша нүкте арқылы сызықтар жүргізу 4.2.1.3 шектеулі кеңістікте түзу көлденең сызықтар жүргізу 4.2.1.4 түрлі бағытта еркін сызықтар өткізу</p>
<p>2.2 Кинестетикалық қабылдауын дамыту</p>	<p>0.2.2.1 адамның денесінің тиюіне дұрыс-эмоционалды қабылдау 0.2.2.2 материалды ұстағанда дұрыс қабылдау (ағаш, темір, су) 0.2.2.3 қозғалыс жылдамдығын ажырату (тез-баяу) 0.2.2.4 аңдардың қылықтарын салу</p>	<p>1.2.2.1 бағдарлаудың іздеу тәсілдерін қолдану: шымшылау, зерттеу 1.2.2.2 түрлі температурадағы материалдарды ұстағанды дұрыс қабылдау 1.2.2.3 нысандардан шығатын дірілді дұрыс қабылдау 1.2.2.4 денеге түсер басымдылықты дұрыс қабылдау 1.2.2.5 дененің орналасуын</p>	<p>2.2.2.1 бағдарлаудың іздеу тәсілдерін қолдану: шымшылау, зерттеу 2.2.2.2 фактурасы және сұйықтығы бойынша материалдарды дұрыс қабылдау 2.2.2.3 дене мүшелерінің орналасуын дұрыс қабылдау.</p>	<p>3.2.2.1 жануарларды қай талау (қаздың, қоянның, кенгурудың және басқалардың жүрісі), ертегі, мультфильм, көркем фильм кейіпкерлерін 3.2.2.2 жүріс-тұрыс пен қимыл-қозғалысты қайталау ("Айна" тәрізді ойындар)</p>	<p>4.2.2.1 ойдағы заттармен әрекеттер 4.2.2.2 бет және дененің түрлі ұсақ бөлшектерінің тұрақты және ауыспалы тұрыстарын ажырату (көздер, ауыз, саусақтар) 4.2.2.3 вербалды емес қатынасты</p>

	<p>0.2.2.5 түрлі музыкалық аспаптарда ойнау</p> <p>0.2.2.6 вербалды емес тілдесудің түрлі тәсілдерін меңгеру (ым-ишира, пантомимика)</p>	<p>дұрыс қабылдау (көлденең, тік)</p> <p>1.2.2.6 қарқынды ажырату (тез-баяу)</p> <p>1.2.2.7 тұруды және қимылды қайталау ("Айна" тәрізді ойындар).</p> <p>1.2.2.8 жануарлар қимылын, тұрысын және қылықтарын көрсету</p>	<p>2.2.2.4 түрлі заттарға дене тигенде дұрыс қабылдау</p> <p>2.2.2.5 табиғат құбылыстарын көрсету (жаңбыр, жел)</p> <p>2.2.2.6 қозғалыстағы командаларды қабылдап және орындау</p>	<p>3.2.2.3 суреттегі әрекеттерді шынайы әрекетпен сәйкестендіру</p> <p>3.2.2.4 бұлшық ет қысысынан босату элементтерін меңгеру, эмоционалды еркінсу</p>	<p>түрлі тәсілдермен көрсету (ым-ишара, пантомимика)</p> <p>4.2.2.4 меңгерген элементтерден бордюрлар салу</p>
<p>2.3. Сезімдік-қозғалыстық қабылдауын дамыту</p>	<p>0.2.3.1 денемен сезу-қозғалыстық сезімдерді түрлі әрекеттерде қолдану: балшық, қамыр илеу; саусақпен сурет салу; ірі мозайкамен ойнау; ұсақ заттарды сорттау</p> <p>0.2.3.2 затты сезіну немесе оның кескінін саусақпен бастыру</p> <p>0.2.3.3 2 заттан үлгі бойынша таңдағанда көлемді пішіндер және заттарды анықтау</p> <p>0.2.3.4 азық-түлікті дәмі бойынша ажырату (алма, нан, кәмпіт)</p> <p>0.2.3.5 денемен сезіну әуестігін сөйлеу тілі немесе ым-ишара</p>	<p>1.2.3.1. бағдарлаудың іздеу тәсілдерін қолдану:</p> <p>1.2.3.2 саусақпен сезіну арқылы үлгі бойынша көлемді затқа жұп табу</p> <p>1.2.3.3 сұйық және қатты тағамның түрлі температурасын ажырату (ыстық, суық)</p> <p>1.2.3.4 заттарды салмағы бойынша ажырату (ауыр-жеңіл).</p> <p>1.2.3.5 дифференциалды түрде демалу (мұрынмен демалу–ауызбен шығару).</p> <p>1.2.3.6 иістерді ажырату (жағымды және жағымсыз)</p> <p>1.2.3.7 азық-түлікті дәмі бойынша ажырату</p> <p>1.2.3.8 азық-түліктің</p>	<p>2.2.3.1 бағдарлаудың іздеу тәсілдерін қолдану: сипалау, тоқылдату, жинау</p> <p>2.2.3.2 түрлі сұйықтықтағы азық-түлікті қабылдау (сұйық, қатты, созылмалы, төкпелі)</p> <p>2.2.3.3 үлгі бойынша көлемді затты сипалап табу</p> <p>2.2.3.4 үлгі бойынша заттың түрі мен көлемін ажырату</p> <p>2.2.3.5 заттардың түрлі температурасын ажырату</p> <p>2.2.3.6 заттардың қасиеттерін ажырату (</p>	<p>3.2.3.1 түрлі заттардың салмағын ажырату (мақта, шеге)</p> <p>3.2.3.2 дифференциалды демалу (мұрынмен ауа алу–ауызбен шығару)</p> <p>3.2.3.3 түрлі иістерді ажырату (гүл, цитрус, шырша, ваниль, кофе)</p> <p>3.2.3.4 таныс және таныс емес заттарды сезу арқылы табу (көрген үлгісі бойынша)</p>	<p>4.2.3.1 материалдарды сипаты бойынша ажырату (температура, фактура, сұйықтығы, қаттылығы)</p> <p>4.2.3.2 иіс таңдауда талғамын сөйлеу тілі немесе пантомимикалық құралдар арқылы көрсету</p> <p>4.2.3.3 заттардың ерекше</p>

арқылы білдіру, иіске реакциясы	негізгі дәм сапасын ажырату (ащы, тәтті, қышқыл, тұзды)	жұмсақ, қатты, майда, тегіс емес)		қасиеттерін сөзбен айту
---------------------------------	---------------------------------------------------------	-----------------------------------	--	-------------------------

3) "Ақыл-ой аймағын дамыту":

4- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту	<p>0.3.1.1 суреттер қатарын қайталау (5)</p> <p>0.3.1.2 нысандарды көлемі бойынша салыстыру (заттарды өзара; екі баланың бойын, үлкен адаммен баланы)</p> <p>0.3.1.3 заттармен ойнау және жаттығу барысында көлем көрсеткіштерін ажырату</p> <p>0.3.1.4 илеу кезінде есте сақтау арқылы заттардың түрі</p>	<p>1.3.1.1 сөз ретін қайталау (5-7 сөз)</p> <p>1.3.1.2 үлгі бойынша түрлі-түсті таныс заттарды таңдау (3 түсті)</p> <p>1.3.1.3 қарама-қайшы қатынас орнату (тыныш-қатты, алыс-жақын)</p> <p>1.3.1.4 айқын белгілерімен ерекшеленетін заттар мен нысандарды теңестіру (2-3), (түсі, түрі, көлемі)</p> <p>1.3.1.5 берілген бір белгі бойынша</p>	<p>2.3.1.1 нысандар арасындағы себеп-салдарын ың байланысын анықтау (сюжетті суреттер, оқиғалар)</p> <p>2.3.1.2 тұтас-бөлшек қатынасын орнату</p> <p>2.3.1.3 айқын көрініс алған белгілері бойынша заттар мен нысандарды салыстыру (2-4) (түсі, түрі, көлемі, бөлшектер саны, ж е к е</p>	<p>3.3.1.1 берілген суреттер қатарын қайталау</p> <p>3.3.1.2 ойыншықтар мен суреттердің берілген орналасуын қайталау</p> <p>3.3.1.3 белгілер қатарын қайталау (әріптер, сандар)</p> <p>3.3.1.4 кезеңділік қатынасын орнату: басында – кейіннен, орындалған тапсырманы үлгімен салыстыру</p> <p>3.3.1.5 заттармен , көлемді пішіндермен, суреттермен ойын барысында және елестету арқылы көлем өлшемдерін ажырату</p> <p>3.3.1.6 бөлшектердің негізгі</p>	<p>4.3.1.1 белгілер қатарын қайталау (әріптер, сандар)</p> <p>4.3.1.2 берілген сөздер қатарын қайталау (10 көлемінде)</p> <p>4.3.1.3 тыңдалған сөйлеу тілі материалын қайталау және мазмұндау (сөйлемдер, қысқа мәтін, тақпақтар)</p> <p>4.3.1.4 орындалған тапсырманы бағалау: дұрыс, тез, жақсы, әдемі</p> <p>4.3.1.5 тапсырманы өздігімен орындауды бақылау</p> <p>4.3.1.6 өздігімен түстерді және олардың реңдерін топтастыру</p> <p>4.3.1.7 түсі бойынша қатарда заңдылық орнату</p> <p>4.3.1.8 негізгі белгісі ретінде түсі бойынша сериациялау</p>

мен көлемін қайталау 0.3.1.5 фотосуретте таныс адамдарды тану, ұқсас заттарды табу	заттарды топтастыру - түрі, көлемі немесе түсі 1.3.1.6 ойыншықтар мен суреттердің орналасуын қайталау	бөлшектерінің орналасуы) 2.3.1.4 берілген суреттер қатарын қайталау	элементтерін ажырату 3.3.1.7 2 заттық суреттің айырмашылығын табу 3.3.1.8 себеп-салдар байланысын анықтау (сурет, суреттер желісі, мультфильм, мәтін) 3.3.1.9 іс-әрекетті, қимылды қайталау 3.3.1.10 мазмұндау үшін жоспар құру	4.3.1.9 негізгі белгісі ретінде пішіні бойынша сериациялау 4.3.1.10 негізгі белгісі ретінде көлемі бойынша сериациялау 4.3.1.11 өздігімен серияға бөлу 4.3.1.12 заттарды ерекше сипаты бойынша топтастыру 4.3.1.13 нысандарды сипаттау арқылы тану 4.3.1.14 кеңістікте заттардың, сызықтардың орналасуында заңдылық орнату
------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

39. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 311
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 311 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Коррекционная ритмика" для обучающихся с легкой умственной отсталостью 0 - 4 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) обновленного содержания 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділігін барынша дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осылайша күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде болады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас үлгісіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздерін) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында мұғалім білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез-келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлылығын қалыптастыруға бағдарлаған.

12. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

13. "Түзету ырғағы" пәні білім алушылардағы психофизикалық даму бұзылыстарын, өмірлік маңызды білім, икемділік және дағдыларды меңгерудегі қиындықтарды түзетуге және деңгейлестіруге бағытталған түзету пәндерінің циклына кіреді.

14. Осы бағдарлама ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушылардың жас ерекшеліктерін және психофизикалық даму ерекшеліктерін, олардың білім және икемділік дағдыларын есепке ала отырып құрылған.

2-тарау. "Түзету ырғағы" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

15. Оқу пәнінің мақсаты – ақыл-ой даму бұзылыстары бар төменгі сынып білім алушыларының жалпы дамуына, дене тұрғысындағы, жалпы және сөйлеу тілдік қимыл-қозғалыстағы, эмоциялық-ерік аясындағы кемшіліктерді түзетуге; жеке тұлғалық жағымды қасиеттерді (достық, тәртіптік, ұжымдық), эстетикалық тұрғыда тәрбиелеуге көмектесу.

16. Түзету ырғағы сабақтарының негізгі міндеттері:

1) қимыл-қозғалыс аясын дамыту: жинақылық, мақсатты бағыттылық, қимылдың жайлылығы мен айқындығы;

2) ырғақ сабақтарына деген жағымды қатынасты қалыптастыру;

3) ырғақ сезімін қалыптастыру;

4) музыканың сүйемелдеуімен ырғақты, мәнерлі қозғалуын, қимылды музыканың қарқыны мен ырғағымен үйлестіруін дамыту;

5) икемділікті, тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлауды, қимыл-қозғалысты үйлестіруді қалыптастыру;

6) би қимылдарына үйрету;

7) қимылдың мәнерлілігімен, бейнені бере білумен жұмыс жүргізу;

8) музыкаға деген эмоциялық әсерді, оны биіктігі, күші, ұзақтығы, тембрі, түрі бойынша ажыратуға тәрбиелеу;

9) қимыл-қозғалыстық жадты дамыту;

10) достық, тәртіптік, ұжымдық қасиеттерді тәрбиелеу.

17. Бағдарламаның барлық бөлімдері пәннің ерекшелігін есепкере отырып, түзету міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

18. "Түзету ырғағы" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

19. Білім алушыларды оқытудың түзете дамыту бағыттылығының қағидасы білім беру процесін даму кемшілігінің ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымы мен жүйелерін тірек ете отырып құруды білдіреді. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығының қағидасы оқу және оқыту әрекетінің арнайы тәсілдемесі мен әдістерімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, білім алушылардың ойлау әрекетінің баяулығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, танымдық атқарымдарының әлсіздігі, қоршаған орта туралы білім мен түсініктерінің шектеулігі, сөйлеу тілінің дамуының артта қалуы, қимыл-қозғалысымен қимыл үйлесімділігіндегі кемшіліктер ескеріледі. Білім алушылармен жұмыста олардың еліктеу қабілеті, көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталуы тірек болады. Жетілмеген атқарымдардың дамуын ынталандыру бойынша әрекеттер ұйымдастырылады. Білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдауды, осы процеске жанұяны тартуды ұйымдастыруда командалық тәсілдеме қолданылады.

20. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағытылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларынан, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, әлеуметтік дағдылармен, көзқарастармен, сенімдерге дейінгі күрделі өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

21. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Әдеттегі мектептік оқыту баланың мектепке келген кезіндегі меңгерген өмірлік түсініктері мен сөздік сөйлеу тілінің дамуын тірек етеді. Сөздік сөйлеу тілі негізінде қарым-қатынас дамиды, сөздік сөйлеу тілі негізінде білім алушының тәртібі реттеледі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқуы мен

әлеуметтенуінің табыстылығын қамтамасыз ету үшін олардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық дамуындағы педагогикалық құралдармен міндетті түрде жойылуға немесе өтелуге тиісті ерекше мәселелері болады.

22. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме қағидасы психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Практикалық-тәжірибелік әрекет ақыл-ой даму бұзылысы жеңіл деңгейдегі білім алушыны дамытудың, оқу және еңбек әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту процесінде педагогтың басшылығымен (екі-екіден, топтасып) сөйлеу тілдік қарым-қатынастар үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

23. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау мен уәждеу түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекеленген тәсіл жіктеу тәсілінің нақтыламасы болып табылады.

24. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Арнайы педагог ақыл-ой даму бұзылыстары бар білім алушы дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процесті бағыттап алады. Кейбір жағдайда білім алушының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады.

25. Білім алушылардың сабақтағы әрекеттерінің түрлері дұрыс таңдалған жағдайда педагогикалық міндеттер де дұрыс шешіледі. Зерттелетін құбылыстар мен заттарды тікелей бақылау, білім алушылардың заттық-тәжірибелік әрекеті, ақыл-ой және сөйлеу тілдік әрекеттері, сондай-ақ ойын әрекеттері (дидактикалық, жағдаяттық-рөлдік, үстел үстілік ойындар, ереже бойынша ойындар) жетекші болады.

26. Білім алушылардың тәжірибелік әрекеттерін нақты ұйымдастырылады. Ұсынылатын тапсырмалардың мазмұнына меңгерген білімнің сапасы ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың зейіні мен ойлау қабілетін дамыту да тәуелді болады.

27. Заттармен және оларсыз, музыкалық сүйемелдеумен және онсыз орындалатын сан алуан түрлі жаттығулар ырғақтық икемділікті қалыптастыру құралдары болып табылады. Сабақтағы ырғақтық әрекеттердің барлық түрлері кеңістіктік түсініктерді, сенсорлық процестерді, жоғары психикалық атқарымдарды, сөздік және сөздік емес коммуникативтік икемділіктерді, дербестік пен өзін-өзі бақылауды, оқу әрекетінің құрылымын түзетуге және дамытуға көмектеседі.

28. Кеңістіктік түсініктерді түзетуге және дамытуға көмектесуге арналған жаттығулар:

- 1) әр түрлі бағытта қол мен аяқтың еркін қозғалысымен жүру және марштап жүру;
- 2) бір-бірден, жұптасып, аяқтың ұшымен шашырап, зал бойымен ырғақтық жеңіл қимылмен жүгіру;
- 3) "паравоз" құрап қозғалу;
- 4) қозғалыс кезінде мұғалімнің белгісі бойынша оңға, солға бұрылу;
- 5) заттардың арасымен жүру және жүгіру.

29. Қимыл-қозғалыстық жадты, көру зейінін, өзін-өзі бақылау мен қимылды үйлестіруге көмектесуге арналған жаттығулар:

- 1) тұрған, еденде отырған, орындықта отырған қалыптағы қолдың затпен (жалауша, шеңбер, таяқ, доп) және затсыз алға – артқа – жоғары қимылдары;
- 2) қозғалыс амплитудасын біртіндеп өсіре отырып қолды сермеу;
- 3) өзінің алдында және артында қолын шапалақтау;
- 4) қолды айналдыра қозғау және еркін тербелту;
- 5) аяқтың ұшына көтерілуімен бір мезгілде қолды көтеру және түсіру;
- 6) орындықтың арқалығын ұстана, тірексіз, затты ұстап тұрып, жүрелеп отыру;
- 7) аяқтың ұшын кезекпен алға және жанына қарай қою, аяқтың ұшымен тұру;
- 8) тізенің астынан алақан соғып, тізеден бүгілген сол аяқты және оң аяқты кезекпен көтеру, тізені қолмен, таяқпен, шеңбермен қоршап ұстау;
- 9) еденде отыру, аяқ бірге – оңға, солға бұрылу;
- 10) алға, артқа, жанына қарай еңкею (қолды аяқ ұшына тигізу);
- 11) заттарды өзіне қатысты алға, жанына қою, сол заттарды ұстап алу;
- 12) жатқан қалыпта аяқты түзулеп, кезекпен көтеру және түсіру;
- 13) мүсінді дұрыстауға арналған жаттығулар: қолмен еден тіреп, "тізерлеп жатқан" қалыптан қолды еденнен алмай, тізені бүгіп тұру;
- 14) кілем үстінде заттардың арасымен еркін еңбектеу.

30. Есту жадын, есту зейінін, ырғақтық түсініктер мен ырғақтық-қимылдық дағдыларды дамытуға көмектесуге арналған жаттығулар:

1) музыкалық аспаптардың (домбыра, рояль, металлофон, бубен) дыбысталуын қабылдау;

2) музыкалық шығарманың басталуымен аяқталуын қабылдау: музыканың басталуында бір жерде тұрып жүру, аяқталуында тоқтау және шапалақтау;

3) музыканың орташа және жылдам қарқынын қозғалыспен беру;

4) күшті және әлсіз бөліктерін беру үшін, ырғақтық суреттемені шығару үшін бубенді, даңғараны, маракасты пайдалану арқылы акцент жасау;

5) динамикалық реңктерді қабылдау және бере білу;

6) би элементтерін орындау: жай жүру, аяқтың ұшымен жүгіру, шапқылап жүру (ақырын, жылдам), аяқты тыпырлату, иықтан айналу, қазақ халқының би элементтері: өкшеден жай қадам және бірінші қалыптан жанына қарай қадам басу, қол қалпы;

7) биді және өлең-биді орындау.

31. Өзін-өзі бақылауын дамытуға, сөйлеу тілдік мәдениетті және басқа да әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға көмектесуге арналған жаттығулар:

1) қуаныштың, көңілсіздіктің мимикалық қалпын бере білу;

2) сезімді мимика бойынша бөлу;

3) ширығуға қарама-қарсы босаңсу;

4) нұсқау бойынша босаңсу (ширығуға кереғарлықсыз);

5) дикциялық жаттығулар;

6) артикуляциялық мүшелерді атау және табу;

7) төменгі көк еттік тыныс алу кезіндегі ауызбен біркелкі дем шығаруды жетілдіру: бөліп шығару, тежей дем алу, жүрісті және ауа ағынының бағытын кезектестіріп дем шығару;

8) жұмсақ және қатты "шабуылдар" қолданылатын дауыстық жаттығулар;

9) ұсақ қимылға берілген жаттығулар: жұдырық түю, жұдырық жазу, санау арқылы көлденең сызықтарды белгі бойынша сызу, саусақтарды үлкен бармақпен санау және музыка бойынша кезектестіре ырғақты жақындату;

10) ырғақтар мен құрылыстарды, сызықтық құрылымдарды, суреттемелерді, ырғақты сызбаларды үлгілеу.

32. Ырғақ сабақтарын санитарлық-гигиеналық нормаларды ескере отырып, кең залда өткізіледі.

33. Залға ұйымдасқан түрде кіреді. Білім алушылар сапқа тұрып, мұғалімді білім алушылар басын сәл иіп, қыз балалар сәл тізесін бүгіп қарсы алады.

34. Түзету ырғақ сабақтары әсіресе "Бейімделген дене шынықтыру" пәнімен байланысты.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

35. "Түзету ырғағы" пәні аясында түзете-дамыта оқыту нәтижесін бағалау деңгейлік мақсатты тұжырымдамаға негізделген өлшемді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

36. Әрбір тақырыпқа арналған бақылау-диагностикалық тапсырмалар деңгейлік мақсатты тұжырымдамаға сәйкес әзірленеді. Бақылау-диагностикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері білім алушылардың жетістіктер картасында тіркеледі және білім алушыларға қатысты жекеленген тәсілдемені жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

37. Білім алушылардың жетістіктерін балдық бағалау оқуда және психофизикалық жетілмеуі мен танымдық әрекеттің кемшіліктерін жеңуде пайдаланылмайды.

38. Жетістіктерді бағалау сипаттама түрінде болады.

5-тарау. "Түзету ырғағы" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

39. "Түзету ырғағы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
4.2 "Речевая ритмика"	0.4.2.1 ритмично сжимать - разжимать кулаки, сближать, соединять и скрещивать пальцы рук, различая правую и левую руки,- в реальности и по изображению	1.4.2.1 самостоятельно воспроизводить 1-2 упражнения из пальчиковой гимнастики в речевом сопровождении, называя пальцы руки по наименованиям	2.4.2.1 продолжительно и плавно выдыхать (до 7 сек), плавно произнося на выдохе гласные а-э-о-у-ы-и, владеть приемом нижнедиафрагмального дыхания	3.4.2.1 сохранять правильную артикуляцию и фонацию всех поставленных звуков при выполнении в с е х логоритмических упражнений	4.4.2.1 узнавать, а затем моделировать по образцу громкий и тихий, высокий и низкий голос, медленную и быструю речь, правильно распределяя дыхание
				3.4.2.2 называть и находить органы артикуляции с контролем в зеркало и с закрытыми глазами	4.4.2.2 ритмично выполнять артикуляционный тренинг круговой мышцы губ, язычной, подъязычной мускулатуры: " Качели", " Часики", " Лошадки", " Маляры",- на фоне наклонов, махов, поворотов

46. Долгосрочное планирование определяется учителем самостоятельно через распределение целей обучения по четвертям в соответствии со сквозными темами с учетом особенностей и возможностей обучающихся данной категории. При этом используются сквозные темы представленные в общеобразовательных учебных программ.

Приложение 313
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 313 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для

обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Письмо, чтение и развитие речи" для обучающихся с умеренной умственной отсталостью 1-4 классов уровня начального образования (с казахским языком обучения) по обновленному содержанию 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділігін барынша дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістері қолданылады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім

алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас үлгісіне айналдырады.

9. Пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында мұғалім білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаның мазмұны ұсыным түрінде болады, педагог сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі мен оның білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаның мазмұны мен оқыту барысына қажет өзгерістерді енгізе алады.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны жекеленген білім беру мақсатына тәуелді және әр білім алушының сынып пен мектептегі ұжымдық әрекеттерге қатысу мүмкіндігін есепке алады.

12. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту мүмкіндік қорының аздығы байқалатын заттық білімді қалыптастыру аясына ғана қатысты емес, сонымен бірге осы санаттағы білім алушылар үшін маңызды өмірлік дағдыларды қалыптастыру да кіретіні кең мағынада түсіндіріліледі.

2-тарау. "Жазу, оқу және тіл дамыту" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. "Жазу, оқу және тіл дамыту" оқу пәнінің мақсаты орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға тұрмыста бейімделуге, қолжетімді шаруашылық-еңбектік әрекеттерді меңгеруге, шынайы өмірлік жағдаяттарда бағдарлауға көмектесетін қолжетімді қарым-қатынас құралдарын (сөйлеу тілдік және сөйлеу тілдік емес), оқу мен жазудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

14. Оқу курсының негізгі міндеттері:

1) айтылған сөйлеу тілін түсіну дағдыларын дамыту және жетілдіру;

2) коммуникациялық дағдыларды қалыптастыру;

3) білім алушылардың өзіндік сөйлеу тілін дамыту және жетілдіру;

4) оқу мен жазуға үйрету процесімен байланысты жағымды эмоцияны қалыптастыру, сөйлеу тілдік белсенділікті ынталандыру;

5) өмірлік жағдаяттарда оқу мен жазудың меңгерген икемділіктері мен дағдыларын пайдалануға үйрету.

15. "Жазу, оқу және тіл дамыту" оқу пәні оқытудың түзету және практикалық бағыттылығына ие болатын орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған

Үлгілік оқу жоспарының жалпы білім беру пәндерінің қатарына кіреді. Оқу мен жазу зерделік әрекеттің күрделі түрлері болып табылады, сондықтан олардың элементтерін орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың кейбіреулері ғана меңгере алады. Оқытудың бастауыш деңгейіндегі бағдарламалық мазмұны ең алдымен, білім алушылардың сөйлеу тілдік, сондай-ақ сөйлеу тілдік емес коммуникативтік икемділіктерін дамыту құралдары ретінде қарастырылады.

16. "Жазу, оқу және тіл дамыту" оқу пәні ауызекі сөйлеу тілін дамыту, графомоторлық дағдылар мен жазуды, оқу элементтерін қалыптастыру бөлімдері кіретін кіріктіру курсы болып табылады. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке ала отырып, сабаққа әрбір тараудан алынған оқу материалы ендіріледі.

17. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерінің айтарлықтай айырмашылықтары ескеріле отырып, білім алушылардың бір бөлігі 4-сыныптың соңында жеке сөздерді және қысқа сөйлемдерді жазба әріптермен, кейде баспа әріптермен жазудың қарапайым дағдыларын меңгереді деп күтіледі. Басқа білім алушылар сөздер мен сөйлемдерді мәтіннен көшіріп жазуға үйренеді. Оқу және жазу дағдыларын меңгеруге дайындықтары қалыптаспайтын білім алушылар сабақтарда өздері үшін қолжетімді жаттығуларды орындауға қатысатын болады.

18. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың құрамының біркелкі болмауының салдарынан, бағдарлама материалын оқытуда туындайтын қиындықтарға байланысты пән мазмұны біртіндеп күрделенетін болады.

19. Оқыту барысында материалды өту қарқыны білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай баяулауы немесе артады. Білім алушылармен күрделілігі мен көлемі қолжетімді деңгейдегі оқу материалымен жұмыс істеу тиімді болады.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

20. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде қабылданған "қалыптандыру" педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылуын, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

21. Әрекеттердің мазмұны мұғалімге осындай білім алушылар үшін жалғыз мүмкіндік болып табылатын оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін бағдар ғана болып табылатын оқу бағдарламаларында ашып көрсетіледі. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттілігі мен мүмкіндігін көрсететін болмашы белгілерді байқау талап етіледі.

22. "Қалыпқа келтіру" тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған.

23. Білім алушының өзіндік бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, дербес қарқында даму құқығын тану қағидасы. Бұл қағиданы сақтау білім алушыны оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндігі мен ілгерілемелі дамуын үнемі зерделеуді білдіреді. Дамудағы және дағдыларды меңгерудегі кез-келген, тіпті ең аз деген ілгері басуды оқытудағы жағымды нәтиже деп қабылдау.

24. Педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім берудегі және жеке тұлғалық жетістікерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдау қағидасы.

25. Білім алушыларда практикалық әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру қағидасы:

1) білім мен дағдыларды жаңа жағдайға аудару қиындығына байланысты, икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру оларды пайдалануға болатын жағдайларға барынша жақын жағдайларда жүзеге асырылады;

2) білім алушылармен сабақ өтетін жайлар әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылады. Заттық орта білім алушылардың қажеттіліктерінің өзгеруіне сәйкес дүркін-дүркін өзгеріп отырады;

3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытудың жайлы ортасы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып құрылады (демалыс, қимыл белсенділігі мен санитарлық-гигиеналық шараларға арналған жабдықталған кеңістіктер).

26. Білім алушылардың мектептегі күнделікті әрекеттерінің біріктірілген сипаттағы қағидасы. Мектептегі бастапқы оқытудың 3-4 жылында пәнсіз оқыту идеясымен жүзеге асырылатын оқу жоспарының бірнеше пәндік салаларының мазмұнын біріктіруді білдіреді. Барлық сабақтар ең алдымен, оқу бағдарламасының мазмұны арқылы білім алушыларды жалпы дамытуға (коммуникативтік, қимыл-қозғалыстық, сөйлеу тілдік, сенсорлық сияқты) бағытталуға міндетті. Пәндік оқытуға көшу білім алушылардың жеке дамуындағы ілгерілеуіне қарай жүзеге асырылады.

27. Пәнсіз оқыту ортақ тақырыптық жоспарлау арқылы жүзеге асырылады. Ортақ тақырыптар ретінде "Айналадағы әлем" біріктірілген курсының тақырыптамасын пайдалануға болады. Таңдалған тақырып негізінде 1-2 апта бойы білім алушылардың сан алуан әрекеттері ұйымдастырылады. Оқытудың бұл кезеңінде таңдалған тақырып таным мақсаты ғана емес, сондай-ақ мектепте білім алушылардың күнделікті әрекеттерін ұйымдастырушы құрал болып табылады.

28. Ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны әлеуметтендіру құралы ретінде дамыту қағидасы. Ақыл-ой даму бұзылысы орташа деңгейдегі білім алушылардың нақты

жағдайдағы мүмкіндігіне қарай педагогикалық құралдармен өтелетін сөйлеу тілінің дамуында (оның болмауына дейін), ойлау қабілетінде, қарым-қатынастық дамуында өзіндік мәселелері бар. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады. Білім алушылардың әрекетін педагогтың сөзбен қолдауы мөлшерлі және білім алушылардың түсінуі үшін қолжетімді болады.

29. Оқу-тәрбиелеу процесін әлеуметтендіру бағыттылығы қағидасы. Білім алушылардың ерекшеліктеріне барынша ыңғайланған және олардың дені сау құрдастарымен өзара әрекеттенулерін шектейтін оқу және тәрбиелеу ортасы шарасыз жеңілдетілуіне байланысты баланы күрделі әлеуметтік ортаға ендіру арнайы жұмысты талап етеді:

1) білім алушылардың олар үшін қолжетімді көлемдегі әлеуметтік қатынастар мен өмірлік тәжірибесін кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде кеңейту. Оқу уақытының бір бөлігі мектептен тыс жерде (қоғамдық көлікте жүру, дүкендерге, дәріханаларға, поштаға, емханаға, мұражайға, театрға, кафе сияқты қоғамдық орындарға бару) ұйымдастырылады;

2) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз енуі үшін оған шыдамды және мейірімді болатын қоршаған орта қалыптастыру. Осы мақсатта мектептің білім алушының жанұясымен және қоғаммен арасындағы жоспарлы жұмысы қажет болады.

30. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесі мазмұны жағынан да, сол сияқты ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелмейді. Ұжымдық оқыту жағдайындағы танымдық қызығушылықтың төмендігі; жаппай жұмыс кезінде пайдаланылатын ынталандырмаларға деген реакциясының әлсіздігі; бір оқу пәнінің мазмұнына берілген қырық бес минут бойы білім алушылардың белсенділігін қолдаудың қиындығы әдеттегі академиялық тұрғыда құрылған сабақтың тиімділігінің төмен болуына әкеліп соқтырады.

31. Білім алушылар сабақты әрекет түрін білім алушының өзіне қажет болған жағдайда өзгерте алатын, жекеленген жұмысты орындайтындай (басқа білім алушылардың жұмыстарынан басқаша) және педагогтан жеке көмек ала алатындай етіп ұйымдастырылуын қажет етеді. Сынып бөлмесінде еркін қозғала алатындай мүмкіндік беріледі.

32. Арнайы қағидаларға сәйкес құрылған педагогикалық шаралар білім алушылардың өзіндік белсенділігін, олардың ынтасы мен дербестігін дамытуға бағытталады.

33. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды жазу мен оқуға үйретуде тәжірибелік және көрнекілік тәсілдер жетекші орын алады. Сөздік тәсілдердің рөлі біршама төмен болады. Олар оқытудың көрнекі тәсілдері мен білім алушылардың өздерінің әрекеттерін толықтырады. Мұғалім нақты жаттығулар түрін, оларды сынып

бөлмесінде өткізу орнын (жұмыс үстелінде, тақтада, жинақтық тақтада, ойын бұрышында, кілем үстінде сияқты) және тәсілдерін мұқият ойластырады. Бір сыныптың білім алушыларының танымдық қабілеттері бойынша бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары болады, сол себепті білім алушыларды оқыту барынша жеке түрде жүргізіледі.

34. Сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмысты білім алушының сөйлеу тілдік даму деңгейін анықтаудан бастау ұсынылады. Алынған мәліметтер білім алушының сөздер мен нұсқауларды түсіну ерекшеліктері, сөйлеу тілдік еліктеу мүмкіндігі, дыбысты айту жағдайы, өздігінен айтуы сияқты даму картасында тіркеледі. Осы ақпараттың негізінде жекеленген оқу жұмысы жоспарланады.

35. Сөйлеу тілін дамыту бойынша сабақтар білім алушының көру және есту арқылы қабылдауын қалыптастырудан басталады. Білім алушыларды педагогтың сөйлегенін тыңдауға, сөйлеген адамның бетіне көз тоқтатуға, сөйлесіп тұрған адамның бетіне қарауға үйретеді. Білім алушымен эмоциямен, ойын түрінде сөйлеседі. "Сөйлеу тілсіз" білім алушылармен жұмыста ересек адамның сөзіне еліктеу қажеттілігін тудыру маңызды болып табылады. Сөйлеу тілдік еліктеу реакциялары кез-келген дыбыстық кешенде байқалады. Педагог білім алушыны дыбыс тіркесін, буынды, сөзді әлденеше рет қайталауға (өздігінен айту) ықыластындыру үшін жағдай тудырады.

36. Білім алушылардың сөйлеу тілін белсендіру заттармен ойындағы тәжірибелік әрекет, көрнекілік жағдаят барысында жүзеге асырылады. Сөйлеу тілі мен қоршаған әлемді тану біртұтастықты құрайды. Білім алушының сөйлеу тілі оны қоршаған заттармен және олармен жүргізілетін әрекеттермен мәнмәтінде дамиды.

37. Білім алушылардың сөздік қорын қоршаған орта заттарының сөздік атауларымен, заттардың белгілерінің сөздік атауларымен байыту сөйлеу тілін бастапқы кезеңде дамытудың маңызды міндеті болып табылады. Сабақта білім алушыларды ойыншықтарды, таныс заттарды, әрекеттерді, белгілерді атауға, өзінің қалауын олар үшін қолжетімді дыбыстық немесе белгілік (ишарат, пиктограмма) түрде білдіруге ынталандырады.

38. Енжар және белсенді сөздік қоры келесі дәйектілікпен қалыптастырылады:

- 1) затты немесе заттық суретті көрсету;
- 2) педагогтың затты атауы;
- 3) заттың қолданысымен (педагог затты бірнеше атайтын ойын немесе тәжірибелік әрекет барысында) таныстыру;
- 4) педагогтың нұсқауы бойынша затты басқа заттардың ішінен іздеу (бастапқыда екі заттың ішінен таңдау, біртіндеп олардың санын арттыру);
- 5) ұқсас, бірақ түсі, шамасы жағынан айырмашылығы бар заттарды табу;
- 6) заттардың атауын ойында, тәжірибелік әрекеттерде, өлеңде, әңгімеде пайдалану;
- 7) затты заттық немесе жағдаяттық суреттен іздеу, оны көрсету;
- 8) бала затты өзі үшін қолжетімді түрде атау.

39. Сөздік қорды естістіктермен кеңейткенде пайдаланылатын жұмыс тәсілдері:

- 1) әрекеттерді орындау;
- 2) орындалған әрекетті атау;
- 3) оқылатын естістікпен сөйлем құрау ("Шолпан жүгірді");
- 4) әрекеттің орындалуын және атауын әр түрлі ойын жағдаяттарында атау;
- 5) сөздік әрекеттерді ойынға, тұрмыстық жағдаяттарға, әңгімелерге, өлеңдерге қосу;
- 6) бұл әрекетті жағдаяттық суреттерде істеген заттарды іздеу, оларды көрсету;
- 7) әрекеттерді өздігінен атау.

40. Сөздік қорды сын есімдермен кеңейткенде пайдаланылатын жұмыс тәсілдері:

- 1) үлкен және кішкентай заттарды көрсету;
- 2) сын есімді атау ("үлкен");
- 3) осы сын есіммен сөйлем құрау ("Бұл доп үлкен");
- 4) сын есімді ойын барысында, тәжірибелік әрекетте атау;

5) педагогтың өтініші бойынша берілген белгісі бар затты екі және одан да көп заттардың ішінен іздеу;

6) берілген белгісі бар затты заттық, жағдаяттық суреттерден іздеу, оны көрсету;

7) бала сын есімді өзі үшін қолжетімді түрде атау.

41. Оқытуды сақталған талдауыштарын тірек ете отырып, көрнекілік пен тәжірибелік әрекеттер негізінде жүзеге асыруды ұсынады. Сөздік нұсқаулар оңай, қолжетімді, бірізділікпен әр түрлі дауыс қаттылығында бірнеше рет қайталанатын болады.

42. Сабақтарда педагогқа тілдің грамматикалық түрлері мен категорияларын түсіну мен тәжірибе жүзінде меңгеруді дамыту жұмысын жүргізуді ұсынады. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысын меңгеру сөздік қорды кеңейтумен және сөйлеу тілінің бірлігі ретіндегі сөйлеммен тәжірибе жүзінде таныстырумен бір мезгілде жүреді. Білім алушыларды сөйлеу тілінде көмекші сөздерді дұрыс пайдалануға үйретеді. Мұғалімнің міндеті сабақта білім алушылардың педагогпен және айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға қажеттілігі мен ынтасын тудыратындай жағдай тудыру. Мұғалім сыныпта жағымды эмоциялық көңіл күй тудыруға тырысады.

43. Осы санаттағы білім алушылардың графомоторлық дағдылар деңгейі жазуға тікелей үйрету үшін жеткіліксіз болып табылады. Бұл білім алушылар қалам, қарындашты дұрыс ұстауға, өзінің қимылын жол көлемінде шектеуге, түзу сызық сызуға қабілетсіз болады. Осыған байланысты графомоторлық дағдылардың қалыптасу деңгейінің динамикасын қадағалау, сондай-ақ осы дағдыларды дамытуға арналған арнайы жаттығуларды пайдалану өте маңызды болады.

44. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда графомоторлық және жазу дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс келесілерді пайдалану арқылы жүргізіледі:

1) қолдың ұсақ қимылдарын дамытуға арналған арнайы жаттығулар (саусақтық гимнастика). Бұнда әр түрлі көмекші құралдарды (бүрлі шар, грек жаңғағы сияқты),

жармамен жұмысты (манка жармасында жазу, қарақұмықты сұрыптау сияқты) пайдалануға болады;

2) трафарет, нобай бойымен, нүктелерді қосу арқылы көлемі бір шама ірі болып келетін әр түрлі геометриялық пішіндерді салу жаттығулары. Берілген жаттығулар ұсақ қимылды ғана емес, сонымен бірге кеңістікте бағдарлауды дамытуға да бағытталған;

3) жол көлемінде түзу, көлбеу, қисық сызықтардан жиектемелерді салу. Білім алушыны дәптер жолын "көруге" үйрету – графомоторлық дағдыларды қалыптастырудың маңызды кезеңі. Әр түрлі жиектемелердің суретін салу жақсы шешім болып табылады;

4) пішіні әріптерге ұқсас заттардың суретін салу;

5) әріптердің элементтерін жазу;

6) баспа мәтіннен дәптерге басу;

7) компьютерде басу.

45. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқуға үйрету кезінде білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен сөйлеу тілінің даму деңгейін есепке ала отырып, әр түрлі тәсілдер пайдаланылады. Білім алушылардың бір бөлігі сөздерді толық оқу тәсілін (жаппай оқу) меңгеруге қабілетті, ал кейбіреуі ежіктеп оқу тәсілін меңгереді, сонымен бірге оқу дағдысын меңгере алмайтын білім алушылар да кездеседі.

46. "Жазу, оқу және тіл дамыту" оқу пәні аясындағы сабақтар жаңа материалдарды меңгерген икемділіктермен мәнмәтінде біртіндеп қоса отырып, оқу материалын көптеген рет қайталау қажеттілігін есепке ала отырып жоспарланады және жүргізіледі.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

47. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизация идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

48. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

49. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құрау жұмысы оның қажеттілігі мен мүмкіндігін бастапқы педагогикалық бақылау арқылы жүзеге асырылады. Критериалды бағалау білім алушыларды дамыту мен оқытудың негізгі желісінің онтогенезіне сәйкес анықталады.

50. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

51. Педагогтар бақылау-бағалау әрекетін ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жүргізілетін барлық педагогикалық процестің құрылуына негіз болатын арнайы

педагогиканың "диагностика мен түзете-дамыту жұмысының бірлігі" қағидасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырады.

52. Бақылау, білім алушы әрекетінің өнімдерін, ауызша берген жауаптарын оқыту мен тәрбиелеудің жекеленген міндеттерімен салыстыра отырып, бағалау әрекеті болып табылады.

53. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау шараларының бірізділігі:

1) білім алушылардың даму, білім және дағдыларының даму деңгейлерін алдын ала бағалау. Оқытудың жеке бағдарламасын құруға арналған негіз ретіндегі білім алушының даму бейінін құру;

2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымды бағалау. Ол оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзетіп отыру мақсатында білім алушылардың сабақ барысындағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады;

3) бірінші жартыжылдық аяқталғанда аралық бағалау жүзеге асырылады. Икемділіктер мен дағдыларды оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес қалыптастырудың жетістігі туралы бағалау пайымдамасы жеке бағдарламада тіркеледі;

4) жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылының аяқталуына қарай жүзеге асырылады.

54. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін білім алушының оқилатын пән бойынша жетістігінің сапалық көрсеткіші болып табылатын сипаттамалық бағалау пайдаланылады.

5-тарау. "Жазу, оқу және тіл дамыту" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

55. "Жазу, оқу және тіл дамыту" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат;

2) 2-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

3) 3-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

4) 4-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

56. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастырылуға міндетті.

57. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

58. "Жазу, оқу және тіл дамыту" пәнінің мазмұны үш бөлімнен құралады:

1) ауызекі сөйлеу тілін дамыту;

2) графомоторлық дағдылар мен жазуды дамыту;

3) оқу элементтері.

59. "Жазу, оқу және тіл дамыту" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру:

1) бағдарлама мазмұны бөлімдерге шартты түрде бөлінеді. Сөйлеу тілін дамыту, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру жұмыстары өзара тығыз байланыста жүргізіледі;

2) білім алушылардың бағдарламаның әр түрлі бөлімдері бойынша оқу материалдарын меңгеру жетістіктері әр түрлі болады. Бір дағдылар басқаларына қарағанда жылдам қалыптасады. Бағдарламалық мазмұнды әрбір білім алушы үшін таңдауда ең алдымен меңгерудің жеке ерекшелігін басшылыққа алынады;

3) мұғалімге бағдарламаның әр түрлі бөлімдерінің материалдарын оқыту бірізділігін, оны жеңілдету немесе күрделендіруді, дағдыны қалыптастыру үшін қажетті уақытты өздігінен анықтау құқығы беріледі. Бір сыныптың білім алушылары әр түрлі сыныптың бағдарламалық материалдарымен жұмыс жасай алады.

60. "Жазу, оқу және тіл дамыту" оқу пәнінің мазмұны:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер (дағдылар)
1	Ауызекі сөйлеу тілін дамыту	1.1 Нақты заттар мен әрекеттерді тану және атау
		1.2 Педагогтың нұсқауы бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау
		1.3 Дыбысталуы таныс өлеңнің әуеніне жақын дыбыстық тізбекті, сөздерді әндету
		1.4 Өзінің өтініші мен қалауын білдіру
		1.5 Қарым-қатынаста ишараттарды пайдалану тәжірибесін кеңейту
		1.6 Әңгімеге қатысу
		1.7 Орындалған әрекет туралы есеп
		1.8 Фотосуретте, суреттерде бейнеленген таныс заттарды тану және атау
		1.9 Жағдаяттық суреттерде бейнеленген әрекеттерді ұқсату және атау
		1.10 Жағдаяттық суреттерді сипаттау
		1.11 Мұғалімнің айтқан ертегісін, әңгімесін тыңдау
		1.12 Мұғалімнің айтқанынан тақпақтарды, өлеңдерді, мини-диалогтарды жаттау

		1.13 Оқыған ертегілер, әңгіме мен тақпақтардың сюжеті иен лексикасы пайдаланылатын драматизациялық ойындар
		1.14 Ертегілердің желісі бойынша әңгімелеу
2	Графомоторлық дағдылар мен жазуды дамыту	2.1 Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту (саусақтық гимнастика).
		2.2 Таяқшаларды немесе қағаз жолақтарын түсі және шамасы бойынша таңдау және топтастыру
		2.3 Таяқшалардан, материалдардан әріптер құрастыру
		2.4 Кең жол көлемінде сурет салу
		2.5 Нобай, трафарет көмегімен әріптер бойымен жүргізу
		2.6 Әріптерді, сөздерді нобай бойымен, нүктелер бойынша жүргізу;
		2.7 Әріптердің графикалық бейнелерін тану
		2.8 Әріптердің элементтерін жазу
		2.9 Әріптерді, буындарды, сөздерді жазу
		2.10 Кесінді әліпбиден сөз құрау
		2.11 Баспа, қолжазба мәтіндерден көшіріп жазу
		2.12 Компьютерде басу
3	Оқу элементтері	3.1 Қоршаған шынайылық дыбыстарын ажырату
		3.2 Дыбысқа еліктеуді ажырату
		3.3 Дауысты дыбыстарды әндету
		3.4 Сөз қатарынан сөзді ерекшелеу
		3.5 Сөзді буындап айту
		3.6 Сөйлемді құрау және айту
		3.7 Сөздегі дыбысты ерекшелеу
		3.8 Буындардың бейнесін тану және оқу
		3.9 Бүтін бейнелерді тану және сөздерді оқу
		3.10 Сөздерді, сөйлемдерді оқу

61. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан – бөлімді, үшінші сан – бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік

нөмерін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.4 кодында "1" - сынып, "1.2" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік нөмері.

62. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалын оқытудың дәйектілігі мен мазмұнын анықтау үшін негіз болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған. Мақсаттар жүйесі мұғалімге білім алушылардың таным процесін басқаруға, материалды меңгеруде қадамдық бақылауды жүзеге асыруға, оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді.

63. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Ауызекі сөйлеу тілін дамыту":

2-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Нақты заттар мен әрекеттерді тану және атау	1.1.1.1 қоршаған шындық заттарын тану және атау (сөйлеу тілдік даму деңгейіне сәйкес) тану және атау (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес)	2.1.1.1 қоршаған шындық заттарын тану және атау (сөйлеу тілдік даму деңгейіне сәйкес) тану және атау (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес)	3.1.1.1 қоршаған шындық заттарын тану және атау (сөйлеу тілдік даму деңгейіне сәйкес) тану және атау (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес)	4.1.1.1 қоршаған шындық заттарын тану және атау (сөйлеу тілдік даму деңгейіне сәйкес) тану және атау (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес)
1.2 Педагогтың нұсқауы бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау	1.1.2.1 педагогқа еліктеу бойынша (қосарлы әрекеттерді пайдалана отырып) 1 әрекеттен тұратын қарапайым тапсырманы орындау	2.1.2.1 педагогтың ишаратты пайдаланып көрсетуі бойынша 1-2 әрекеттен тұратын қарапайым тапсырманы орындау	3.1.2.1 сөздік нұсқау бойынша 1-2 әрекеттен тұратын қарапайым тапсырманы орындау	4.1.2.1 есте сақтау бойынша, сөздік нұсқау бойынша бірізді 2-4 әрекеттен тұратын қарапайым тапсырманы орындау
1.3 Дыбысталуы таныс өлеңнің әуеніне жақын дыбыстық тізбекті, сөздерді әндету	1.1.3.1 дыбысталуы таныс өлеңінің әуеніне жақын дыбыстық тізбекті, сөздерді әндету	2.1.3.1 дыбысталуы таныс өлеңінің әуеніне жақын дыбыстық тізбекті, сөздерді әндету	3.1.3.1 дыбысталуы таныс өлеңінің әуеніне жақын дыбыстық тізбекті, сөздерді әндету	4.1.3.1 дыбысталуы таныс өлеңінің әуеніне жақын дыбыстық тізбекті, сөздерді әндету
1.4 Өзінің өтініші мен қалауын білдіру	1.1.4.1 өзінің өтініші мен қалауын кез-келген қолжетімді тәсілмен (ишараттарды пайдаланумен, заттарды, және әрекеттерді, сөздерді және сөз тіркестерін көрсету) білдіру	2.1.4.1 өзінің өтініші мен қалауын кез-келген қолжетімді тәсілмен (ишараттарды пайдаланумен, заттарды, және әрекеттерді, сөздерді және сөз тіркестерін көрсету) білдіру	3.1.4.1 өзінің өтініші мен қалауын кез-келген қолжетімді тәсілмен (ишараттарды пайдаланумен, заттарды, және әрекеттерді, сөздерді және сөз тіркестерін көрсету) білдіру	4.1.4.1 өзінің өтініші мен қалауын кез-келген қолжетімді тәсілмен (ишараттарды пайдаланумен, заттарды, және әрекеттерді, сөздерді және сөз тіркестерін көрсету) білдіру
1.5	1.1.5.1 физиологиялық қажеттіліктерін	2.1.5.1 "Рахмет", "Мархабат",	3.1.5.1 тұрмыстық міндеттерін бірге	4.1.5.1 оқу міндеттерін бірге шешкен кезде

Қарым-қатынаста ишараттарды пайдалану тәжірибесін кеңейту	қанағаттандырумен байланысты өтініштері мен қалауын білдіру үшін ишаратты пайдалану	Кешіріңіз" этикалық айтылымдар сапасындағы ишараттарды пайдалану	шешкен кезде құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста ишараттарды пайдалану	құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста ишараттарды пайдалану
1.6 Әңгімеге қатысу	1.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып (ишаратты, сөзді, сөз тіркесін пайдалану), әңгімеге қатысу	2.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып (ишаратты, сөзді, сөз тіркесін пайдалану), әңгімеге қатысу, педагогқа еліктей отырып, қақпа сөздерді құру	3.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып (ишаратты, сөзді, сөз тіркесін пайдалану), әңгімеге қатысу, үлгі бойынша қақпа сөздерді құру	4.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып (ишаратты, сөзді, сөз тіркесін пайдалану), әңгімеге қатысу, өздігінен қақпа сөздерді құру
1.7 Орындалған әрекет туралы есеп	1.1.7.1 ишаратты пайдалану және заттарды көрсету арқылы орындалған әрекет туралы есеп беру	2.1.7.1 жеке сөздерді пайдалану арқылы орындалған әрекет туралы есеп беру	3.1.7.1 педагогтың сұрақтары бойынша 2-3 әрекеттен тұратын тапсырманың орындалғаны туралы есеп беру	4.1.7.1 бірнеше әрекеттен тұратын тапсырманың орындалғаны туралы өздігінен есеп беру
1.8 Фотосуретте, суреттерде бейнеленген таныс заттарды тану және атау	1.1.8.1 көрсету ишараты мен сөзді (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес) пайдалана отырып, фотосуретте, суреттерде бейнеленген таныс заттарды тану және атау	2.1.8.1 көрсету ишараты мен сөзді (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес) пайдалана отырып, фотосуретте, суреттерде бейнеленген таныс заттарды тану және атау	3.1.8.1 көрсету ишараты мен сөзді (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес) пайдалана отырып, фотосуретте, суреттерде бейнеленген таныс заттарды тану және атау	4.1.8.1 көрсету ишараты мен сөзді (ортақ жоспарлау тақырыбына сәйкес) пайдалана отырып, фотосуретте, суреттерде бейнеленген таныс заттарды тану және атау
1.9 Жағдаяттық суреттерде бейнеленген әрекеттерді ұқсату және атау	1.1.9.1 әрекетті педагогқа еліктеу бойынша және жағдаяттық суретке сәйкес ұқсату	2.1.9.1 әрекетті жағдаяттық суретке сәйкес ұқсату, орындалған әрекетке сәйкес суретті табу	3.1.9.1 әрекетті жағдаяттық суретке сәйкес ұқсату, орындалған әрекетке сәйкес суретті табу	4.1.9.1 әрекетті жағдаяттық суретке сәйкес ұқсату, орындалған әрекетке сәйкес суретті табу, орындалған әрекеттер туралы сөздік есеп беру
1.10 Жағдаяттық суреттерді сипаттау	1.1.10.1 жағдаяттық суреттердің жұбын тану және құрастыру	2.1.10.1 жағдаяттық суретте бейнеленген заттарды және оқиғаларды тану және атау	3.1.10.1 педагогтың сұрақтары бойынша жағдаяттық суреттер (2-3) топтамасын құрастыру	4.1.10 жағдаяттық суреттер (2-3) топтамасын құрастыру, бейнеленген оқиғалар туралы айтып беру
		2.1.11.1	3.1.11.1	

1.11 Мұғалімнің айтқан ертегісін, әңгімесін тыңдау	1.1.11.1 драматизация мен иллюстрацияларды пайдалана отырып, ортақ жоспарлауға сәйкес қысқа өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау	ортақ жоспарлауға сәйкес қысқа өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау, драматизацияны тірек ете отырып, тыңдағанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	ортақ жоспарлауға сәйкес қысқа өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау, иллюстрацияны тірек ете отырып, тыңдағанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	4.1.11.1 ортақ жоспарлауға сәйкес қысқа өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау, тыңдағанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру
1.12 Мұғалімнің айтқанынан тақпақтарды, өлеңдерді, мини-диалогтарды жаттау	1.1.12.1 драматизация мен қимылды, иллюстрацияларды пайдалана отырып, педагогтың артынан қайталай отырып, 1-2 жол көлеміндегі өлеңдер мен тақпақтарды айту	2.1.12.1 драматизация мен қимылды, иллюстрацияларды пайдалана отырып, педагогтың артынан қайталай отырып, 1-2 жол көлеміндегі өлеңдер мен тақпақтарды айту	3.1.12.1 драматизация мен қимылды, иллюстрацияларды пайдалана отырып, есте сақтау бойынша 4 жол көлеміндегі өлеңдер мен тақпақтарды айту	4.1.12.1 драматизация мен қимылды, иллюстрацияларды пайдалана отырып, есте сақтау бойынша 4 жолдан артық көлеміндегі өлеңдер мен тақпақтарды айту
1.13 Оқыған ертегілер, әңгіме мен тақпақтардың сюжеті мен лексикасы пайдаланылатын драматизациялық ойындар	1.1.13.1 таныс ертегілердің драматизациялық ойындарына қатысу, рөлге сәйкес әрекеттерді орындау және сөйлеу тілдік және сөйлеу тілдік емес құралдарды пайдалану	2.1.13.1 таныс ертегілердің драматизациялық ойындарына қатысу, рөлге сәйкес әрекеттерді орындау және сөйлеу тілдік және сөйлеу тілдік емес құралдарды пайдалану	3.1.13.1 таныс ертегілердің драматизациялық ойындарына қатысу, рөлге сәйкес әрекеттерді орындау және сөйлеу тілдік және сөйлеу тілдік емес құралдарды пайдалану	4.1.13.1 таныс ертегілердің драматизациялық ойындарына қатысу, рөлге сәйкес әрекеттерді орындау және сөйлеу тілдік және сөйлеу тілдік емес құралдарды пайдалану
1.14 Ертегілердің желісі бойынша әңгімелеу	1.1.14.1 иллюстрация топтамасын тірек ете отырып, мұғаліммен бірге таныс ертегіні айту	2.1.14.1 иллюстрацияны тірек ете отырып, мұғалімнің сұрақтары бойынша таныс ертегіні айту	3.1.14.1 драматизацияны тірек ете отырып, ертегінің мазмұнын айту	4.1.14.1 ертегігіге берілген иллюстрация топтамасын тірек ете отырып, ертегінің мазмұнын айту

2) "Графомоторлық дағдылар мен жазуды дамыту":

3-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Қолдың ұсақ бұлшықеттерін	1.2.1.1 педагогқа еліктеу бойынша саусақтарды бұғу және жазу, саусақтарды әртүрлі қалыпта	2.2.1.1 педагогқа еліктеу бойынша саусақтарды бұғу және жазу, саусақтарды әртүрлі қалыпта	3.2.1.1 педагогқа еліктеу бойынша саусақтарды белгілі бір ырғақта, қарқында, өлеңдер мен музыканың сүйемелдеуімен	4.2.1.1 педагогқа еліктеу бойынша саусақтарды белгілі бір ырғақта, қарқында, өлеңдер мен музыканың сүйемелдеуімен

дамыту (саусақтық гимнастика)	қимылдатуды орындау	қимылдатуды орындау	бүгу және жазу, саусақтарды әр түрлі қалыпта қимылдатуды орындау	бүгу және жазу, саусақтарды әр түрлі қалыпта қимылдатуды орындау
2.2 Таяқшаларды немесе қағаз жолақтарын түсі және шамасы бойынша таңдау және топтастыру	1.2.2.1 таяқшаларды немесе қағаз жолақтарын түсі (сары, қызыл, көк, жасыл) және шамасы (қысқа-ұзын) бойынша таңдау және топтастыру (1-5 таяқша)	2.2.2.1 таяқшаларды немесе қағаз жолақтарын түсі (сары, қызыл, көк, жасыл) және шамасы (қысқа-ұзын) бойынша таңдау және топтастыру (1-5 таяқша)	3.2.2.1 таяқшаларды немесе қағаз жолақтарын түсі (сары, қызыл, көк, жасыл, ақ, қара) және шамасы (қысқа, орташа, ұзын) бойынша таңдау және топтастыру (1-5 таяқша)	4.2.2.1 таяқшаларды немесе қағаз жолақтарын түсі (сары, қызыл, көк, жасыл) және шамасы (қысқа, орташа, ұзын) бойынша таңдау және топтастыру (1-5 таяқша)
2.3 Таяқшалардан, материалдардан әріптер құрастыру	1.2.3.1 педагогқа еліктеу бойынша әріптер элементтерін таяқшадан, қамырдан, ермексаздан, сымнан құрастыру	2.2.3.1 үлгі бойынша, есте сақтау бойынша әріптер элементтерін таяқшадан, қамырдан, ермексаздан, сымнан құрастыру	3.2.3.1 үлгі бойынша әріптердің графикалық бейнесін таяқшадан, қамырдан, ермексаздан, сымнан құрастыру	4.2.3.1 үлгі бойынша әріптердің графикалық бейнесін таяқшадан, қамырдан, ермексаздан, сымнан құрастыру
2.4 Кең жол көлемінде сурет салу	1.2.4.1 кең жолда (10 см) әр түрлі пішіндер мен олардың элементтерінен құралған жиектемелердің суретін солдан оңға қарай салу	2.2.4.1 жолда (5 см) әр түрлі пішіндер мен олардың элементтерінен құралған жиектемелердің суретін солдан оңға қарай салу	3.2.4.1 жолда (2 см) әр түрлі пішіндер мен олардың элементтерінен құралған жиектемелердің суретін солдан оңға қарай салу	4.2.4.1 жолда (1 см) әр түрлі пішіндер мен олардың элементтерінен құралған жиектемелердің суретін солдан оңға қарай салу
2.5 Нобай, трафарет көмегімен әріптер бойымен жүргізу	1.2.5.1 нобайды, әріптердің трафаретін ұстап қарау, жұбын табу (дәл сондай) 1.2.5.1 педагогтың көрсетуі бойынша бүдір әріптер бойымен жүргізу	2.2.5.1 педагогтың көмегімен таныс әріптердің нобайы, трафареті бойымен жүргізу 2.2.5.2 жүргізгеннен кейін әріпті атау	3.2.5.1 таныс әріптердің нобайы, трафареті бойымен жүргізу 3.2.5.2 әріпті жүргізгенге дейін атау	4.2.5.1 таныс әріптердің нобайы, трафареті бойымен жүргізу 4.2.5.2 әріпті жүргізгенге дейін атау 4.2.5.3 әріптердің шыққан бейнесін түсті қарындашпен штрихтау
2.6 Әріптерді, сөздерді нобай бойымен, нүктелер бойынша жүргізу	1.2.6.1 көрсету бойынша таныс әріптердің графикалық бейнесін дайын қарындашпен салынған нобай	2.2.6.1 көрсету бойынша таныс әріптердің графикалық бейнесін дайын қарындашпен салынған нобай	3.2.6.1 таныс емес әріптердің графикалық бейнесін дайын қарындашпен салынған нобай	4.2.6.1 әріптердің және кішкентай сөздердің графикалық бейнесін дайын қарындашпен салынған нобай

	бойымен, нүкте бойынша жүргізу	бойымен, нүкте бойынша жүргізу	бойымен, нүкте бойынша жүргізу	бойымен, нүкте бойынша жүргізу
2.7 Әріптердің графикалық бейнелерін тану	1.2.7.1 берілген әріпті үлгі бойынша 2-3 әріптің ішінен таңдау	2.2.7.1 берілген әріпті атауы бойынша 2-3 әріптің ішінен таңдау	3.2.7.1 әріпті үлгі бойынша шимайланған бейнеден табу 3.2.6.2 бірінің үстіне бірі салынған әріптерді тану	4.2.7.1 әріптерді жазу
2.8 Әріптердің элементтерін жазу	1.2.8.1 әріптердің элементтерін әр түрлі жазықтық (айна, шыны, манка, құм, қар) бетіне саусақпен, қарындашпен, қылқаламмен, таяқшамен жазу	2.2.8.1 әріптердің элементтерін әр түрлі жазықтыққа, А4 форматындағы қағаз бетіне бояумен, фломастермен, қарындашпен, қаламмен жазу	3.2.8.1 әріптердің элементтерін А4 форматындағы бөлінген қағаз бетіне қарындашпен жазу	4.2.8.1 әріптердің элементтерін қарындашпен дәптерге жазу 4.2.8.2 дәптердегі жұмыс тәртібін түсіну (солдан оңға қарай жазу, жұмыс жолы, қызыл жол)
2.9 Әріптерді, буындарды, сөздерді жазу	1.2.9.1 әріптерді педагогқа еліктеу бойынша жазу (жазу немесе баспа)	2.2.9.1 әріптерді үлгі бойынша жазу (жазу немесе баспа) 2.2.9.2 буындарды, сөздерді көрсету бойынша жазу	3.2.9.1 әріптерді атауы бойынша жазу (жазу немесе баспа) 3.2.9.2 буындарды, сөздерді үлгі бойынша жазу	4.2.9.1 әріптерді, буындарды, сөздерді өз қалауы бойынша жазу (жазу немесе баспа) 4.2.9.2 Өзінің есімін, тегін, жақындары мен сыныптастарының есімдерін жазу 4.2.9.3 заттық суреттердің атауын жазу
2.10 Кесінді әліпбиден сөз құрау	1.2.10.1 көрсету бойынша кесінді әліпбиден бір буынды сөз құрастыру	2.2.10.1 үлгі бойынша кесінді әліпбиден 2-3 буынды сөз құрастыру	3.2.10.1 үлгі бойынша кесінді әліпбиден құрамы 3 буыннан артық сөз құрастыру	4.2.10.1 кесінді әліпбиден өздігінен сөз құрастыру
2.11 Баспа, қолжазба мәтіндерден көшіріп жазу	1.2.11.1 сөздердің баспа, қолжазба үлгілерінен таныс заттар мен ойыншықтардың атауларын көшіріп жазу	2.2.11.1 сөздердің баспа, қолжазба үлгілерінен заттық суреттердің атауларын көшіріп жазу	3.2.11.1 сөздердің баспа, қолжазба үлгілерінен сөз тіркесін (жағдаяттық суретке қатысты) көшіріп жазу	4.2.11.1 сөздердің баспа, қолжазба үлгілерінен жағдаяттық суретке қатысты шағын мәтінді көшіріп жазу
		2.2.12.1	3.2.12.1 компьютерде өз есімін,	4.2.12.1 компьютерде өз есімін,

2.12 Компьютерде басу	1.2.12.1 компьютерде өз есімін басу	компьютерде өз есімін, жақындарының есімдерін, таныс заттардың атауларын басу	жақындарының есімдерін, таныс заттар мен әрекеттердің атауларын басу	жақындарының есімдерін, таныс заттардың, әрекеттер мен белгілердің атауларын басу
-----------------------	-------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------

3) "Оқу элементтері":

4-кесте

Бөлімшелер (дағдылар)	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Қоршаған шынайылық дыбыстарын ажырату	1.3.1.1 ойын және заттық әрекет барысында сөйлеу тілдік емес дыбыстарды ажырату 1.3.1.2 дыбыстың оның шығу көзімен ара қатынасын белгілеу	2.3.1.1 дыбыстарды дыбысталу күші (қатты, ақырын) бойынша ажырату	3.3.1.2 қоршаған шынайылық дыбыстарын ұқсату (мысалы, сағаттың тырсылы)	4.3.1.1 сөйлеу тілдік және сөйлеу тілдік емес дыбыстарды ажырату
3.2 Дыбысқа еліктеуді ажырату	1.3.2.1 мұғалімге еліктеу бойынша жануарлардың, құстардың дыбыстарын тану және соларға ұқсатып дыбыстау	2.3.2.1 заттық суреттерді тірек ете отырып, жануарлардың, құстардың дыбыстарына ұқсатып дыбыстау	3.3.2.1 сөздік нұсқау бойынша жануарлардың, құстардың дыбыстарына ұқсатып дыбыстау	4.3.2.1 фотосуреттегі немесе суреттегі жануардың бейнесінің олардың жазылған дыбыстарымен ара қатынасын белгілеу
3.3 Дауысты дыбыстарды әндету	1.3.3.1 еліктеу бойынша айнадан ерін қалпын бақылай отырып, дауысты дыбыстарды (а, о, у) әндете айту	2.3.3.1 еліктеу бойынша айнадан ерін қалпын бақылай отырып, дауысты дыбыстарды (ы, э, и) әндете айту	3.3.3.1 дауысты дыбыстарды үлгі бойынша олардың әріптерімен ара қатынасын белгілеу	4.3.3.1 көрсетілген әріптерге сәйкес дауысты дыбыстарды әндете айту
3.4 Сөз қатарынан сөзді ерекшелеу	1.3.4.1 берілген сөзді есту арқылы басқа сөздердің арасынан табу (алақан шапалақтау, белгілеме карточкалар)	2.3.4.1 сөзді мұғалімнің тапсырмасы бойынша ату (заттық, жағдаяттық суреттерді тірек ету, әрекетті бақылау)	3.3.4.1 "сөз" терминінің мағынасын түсіну	4.3.4.1 сөзді шартты белгімен – қағаз жолағымен белгілеу
3.5 Сөзді буындап айту	1.3.5.1 сөздерді еліктеу бойынша ырғақтық қимылдардың (шапалақтау, қадам басу сияқты) сүйемелдеуімен буынға бөліп айту	2.3.5.1 сөздерді үлгі бойынша ырғақтық қимылдардың (шапалақтау, қадам басу сияқты) сүйемелдеуімен буынға бөліп айту	3.3.5.2 "сөз бөлігі" түсініктің мағынасын ұғыну	4.3.5.1 сөзді сөздік нұсқау бойынша бөліктерге бөлу

3.6 Сөйлемді құрау және айту	1.3.6.1 сөйлемді мұғалімнің артынан д ұ р ы с интонациямен қайталау	2.3.6.1 мұғалім сұрақтарының көмегімен бақыланған әрекеттер бойынша сөйлемдер құрастыру	3.3.6.1 мұғалім сұрақтарының көмегімен жағдаяттық суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру 3.3.6.1 "сөйлем" терминінің мағынасын түсіну	4.3.6.1 мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өзінің тәжірибесін тірек ете отырып, жағдаяттық суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру 4.3.6.2 сөйлемді шартты белгімен – ұзын жолақпен белгілеу 4.3.6.3 ұзын және қысқа жолақты шартты белгілерді пайдалануды үлгілей отырып, сөйлемдегі сөз санын анықтау. Сөздер санын сөзбен жолақтардың өзара сәйкестігін табу (санамай-ақ) тәсілімен анықтау
3.7 Сөздегі дыбысты ерекшелеу	1.3.7.1 мұғалімнің созып айтқан сөздің бірінші дыбысын ерекшелеу және атау	2.3.7.1 өзі созып айтқан сөздің бірінші дыбысын ерекшелеу және атау	3.3.7.1 2-3 суреттің ішінен атауы берілген дыбыстан басталатын заттық суретті таңдау	4.3.7.1 берілген дыбыстан басталатын сөзді өздігінен атау
3.8 Буындардың бейнесін тану және оқу	1.3.8.1 күрделілігі әр түрлі буындарды мұғалімнің көмегімен тану және оқу	2.3.8.1 буынды үлгі бойынша 2-3 буынның ішінен тану және атау	3.3.8.1 күрделілігі әр түрлі буындық кестелерді оқу	4.3.8.1 буындарды өздігінен құру және оқу
3.9 Бүтін бейнелерді тану және сөздерді оқу	1.3.9.1 қысқа сөздердің тұтас бейнесін еске түсіру (жаппай оқу) 1.3.9.2 сөз бейнесінің оны белгілейтін затпен ара қатынасын белгілеу	2.3.9.1 таныс буындардан сөз құрау және оны оқу	3.3.9.1 буынды сөзге дейін толықтыру	4.3.9.1 таныс және жаңа сөздерді ыңғайлы тәсілмен оқу 4.3.9.2 оқылған сөздің заттық суретпен ара қатынасын белгілеу
		2.3.10.1		4.3.10.1 оқыған сөздерден сөйлем құрау 4.3.10.2

3.10 Сөздерді, сөйлемдерді оқу	1.3.10.1 екі-үш сөзден құралатын сөйлемді мұғаліммен бірге, хормен оқу	екі-үш сөзден құралатын сөйлемді мұғалімнің оқуының ізімен оқу, оқылғанның жағдаяттық суретпен ара қатынасын белгілеу	3.3.10.1 сөйлемге жетіспейтін сөздерді бұрын оқыған сөз қатарынан қосу (суретті тірек еті) және сөйлемді оқу	2-3 сөйлемнен құралатын шағын мәтіндерді оқу. Оларды суреттермен салыстыру. 4.3.10.3 суретті тірек ете отырып, оқыған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
--------------------------------	------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 315 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Счет" для обучающихся с умеренной умственной отсталостью 1-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділігін барынша дамытуға бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру

процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы жағдайында білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолданады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас үлгісіне айналдырады.

9. Белгілі бір пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға дік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламада мұғалім білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаның мазмұны ұсыным түрінде болады, педагог сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі мен оның білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаның мазмұны мен оқыту барысына қажет өзгерістерді енгізе алады.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны жекеленген білім беру мақсаттарына бағынады және әрбір білім алушының сыныптағы және мектептегі ұжымдық әрекеттерге қатысу мүмкіндігін есепке алады.

12. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту деген сөз кең көлемде қабылданады және ол мүмкіндіктің біршама қоры байқалатын пәндік білімді қалыптастыру аймағына ғана емес, сондай-ақ осы санаттағы білім алушылар үшін маңыздырақ болатын өмірлік дағдыларды қалыптастыруға да қатысты болады.

13. Қарапайым математикалық түсініктер, санау-есептеу дағдылары дерексіз сипатта болады, сондықтан оларды меңгеру білім алушыдан күрделі ақыл-ойлық әрекеттер жүйесін орындауды талап етеді. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың зерделік аясының терең деңгейде дамымауы, бұзылған сөйлеу

тілдік-ойлау атқарымының жеке байқалымдарының вариативтілігі "Санау" пәнін оқу кезінде айтарлықтай қиындықтарды тудырады. Бір сыныптың білім алушыларын оқытудағы жетістіктің меңгерілген математикалық түсініктер мен дағдылардың көлемі мен қарқыны бойынша айтарлықтай айырмашылықтары болады, сондықтан білім алушылардың барлығы бірдей бір мезгілде бір тақырып аясында оқытыла алмайды.

14. 1–4-ші сыныптардағы санға дейінгі түсініктер мен бірінші ондық сандары "Санау" пәнінің негізгі мазмұны болып табылады. Сыныптағы әр білім алушы үшін оқыту мақсатын таңдаған кезде мұғалім олардың мүмкіндіктері мен шынайы жетістіктерін басшылыққа алуға міндетті.

2-тарау. "Санау" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

15. "Санау" оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларда оларға тұрмыста барынша жақсы бейімделуге, қолжетімді шаруашылық-еңбектік дағдыларды меңгеруге көмектесетін қарапайым математикалық түсініктерді, икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру.

16. Негізгі міндеттері:

1) әрбір білім алушыда сандық, кеңістіктік, мезгілдік қолжетімді түсініктерді және санау-есептеу дағдыларын қалыптастыру;

2) алған икемділіктері мен дағдыларды өмірлік жағдаяттарда пайдалануға үйрету;

3) заттық-практикалық әрекетті, қимыл-қозғалыстық икемділікті, жағымды эмоциялық-ерік қасиеттерді, танымдық белсенділікті қалыптастыруға көмектесу;

4) еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, еңбекке қабілеттілікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу, көзбен шамалау қабілетін дамыту;

5) сабаққа деген қызығушылықты, басқа балалармен және ересек адамдармен өзара әрекеттене білуді дамыту.

17. Оқытылуы практикалық бағыттағы "Санау" пәні орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың Үлгілік оқу жоспарындағы қолданбалы бағыттағы жалпы білім беру пәндерінің қатарына кіреді. Бағдарлама мазмұны білім алушыларды дамыту құралы ретінде қарастырылады.

18 Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда таным әрекетінің терең дамымауы байқалады, бұл олардың санау-есептеу әрекетін меңгерулерінде үлкен қиындықтарды тудырады, сондықтан білім алушыларды оқыту дайындық кезеңінен басталады.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

19. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде

қабылданған "қалыптандыру" педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылуын, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

20. Әрекеттердің мазмұны мұғалімге оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін бағдар болып табылатын оқу бағдарламаларында ашып көрсетіледі. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттілігі мен мүмкіндігін көрсететін болмашы белгілерді ескеретіндей байқау жүргізіледі.

21. "Қалыптандыру" тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған.

22. Білім алушының өзіндік бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, дербес қарқында даму құқығын тану қағидасы. Бұл қағиданы сақтау білім алушыны оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндігі мен ілгерілемелі дамуын үнемі зерделеуді білдіреді. Дамудағы және дағдыларды меңгерудегі кез-келген, тіпті ең аз деген ілгері басуды оқытудағы жағымды нәтиже деп қабылдау.

23. Педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім берудегі және жеке тұлғалық жетістікерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдау қағидасы.

24. Білім алушыларда практикалық әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру қағидасы:

1) білім мен дағдыларды жаңа жағдайға аудару қиындығына байланысты, икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру оларды пайдалануға болатын жағдайларға барынша жақын жағдайларда жүзеге асырылады;

2) білім алушылармен сабақ өтетін жайлар әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылады. Заттық орта білім алушылардың қажеттіліктерінің өзгеруіне сәйкес дүркін-дүркін өзгеріп отырады;

3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытудың жайлы ортасы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып құрылады (демалыс, қимыл белсенділігі мен санитарлық-гигиеналық шараларға арналған жабдықталған кеңістіктер сияқты).

25. Білім алушылардың мектептегі күнделікті әрекеттерінің біріктірілген сипаттағы қағидасы. Мектептегі бастапқы оқытудың 3-4 жылында пәнсіз оқыту идеясымен жүзеге асырылатын оқу жоспарының бірнеше пәндік салаларының мазмұнын біріктіруді білдіреді. Барлық сабақтар ең алдымен, оқу бағдарламасының мазмұны арқылы білім алушыларды жалпы дамытуға (коммуникативтік, қимыл-қозғалыстық, сөйлеу тілдік,

сенсорлық) бағытталуға міндетті. Пәндік оқытуға көшу білім алушылардың жеке дамуындағы ілгерілеуіне қарай жүзеге асырылады.

26. Пәнсіз оқыту ортақ тақырыптық жоспарлау арқылы жүзеге асырылады. Ортақ тақырыптар ретінде "Айналадағы әлем" біріктірілген курсының тақырыптамасын пайдалануға болады. Таңдалған тақырып негізінде 1-2 апта бойы білім алушылардың сан алуан әрекеттері ұйымдастырылады. Оқытудың бұл кезеңінде таңдалған тақырып таным мақсаты ғана емес, сондай-ақ мектепте білім алушылардың күнделікті әрекеттерін ұйымдастырушы құрал болып табылады.

27. Ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны әлеуметтендіру құралы ретінде дамыту қағидасы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың нақты жағдайдағы мүмкіндігіне қарай педагогикалық құралдармен өтелетін сөйлеу тілінің дамуында (оның болмауына дейін), ойлау қабілетінде, қарым-қатынастық дамуында өзіндік мәселелері бар. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады. Білім алушылардың әрекетін педагогтың сөзбен қолдауы мөлшерлі және білім алушылардың түсінуі үшін қолжетімді болады.

28. Оқу-тәрбиелеу процесін әлеуметтендіру бағыттылығы қағидасы. Білім алушылардың ерекшеліктеріне барынша ыңғайланған және олардың дені сау құрдастарымен өзара әрекеттенулерін шектейтін оқу және тәрбиелеу ортасы амалсыз жеңілдетілуіне байланысты білім алушыны күрделі әлеуметтік ортаға ендіру арнайы жұмысты талап етеді:

1) білім алушылардың олар үшін қолжетімді көлемдегі әлеуметтік қатынастар мен өмірлік тәжірибесін кезеңмен және жоспарлы түрде кеңейту. Оқу уақытының бір бөлігі мектептен тыс жерде (қоғамдық көлікте жүру, дүкендерге, дәріханаларға, поштаға, емханаға, мұражайға, театрға, кафе сияқты қоғамдық орындарға бару) ұйымдастырылады;

2) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз енуі үшін оған шыдамды және мейірімді болатын қоршаған орта қалыптастыру. Осы мақсатта мектептің білім алушының жанұясымен және қоғаммен арасындағы жоспарлы жұмысы қажет болады.

29. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесі мазмұны жағынан да, сол сияқты ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелінбейді. Ұжымдық оқыту жағдайындағы танымдық қызығушылықтың төменділігі; жаппай жұмыс кезінде пайдаланылатын ынталандырмаларға деген реакциясының әлсіздігі; бір оқу пәнінің мазмұнына берілген қырық бес минут бойы білім алушылардың белсенділігін қолдаудың қиындығы әдеттегі академиялық тұрғыда құрылған сабақтың тиімділігінің төмен болуына әкеліп соқтырады.

30. Білім алушылар сабақтың әрекет түрін білім алушының өзіне қажет болған жағдайда өзгерте алатын, жекеленген жұмысты орындайтындай (басқа білім

алушылардың жұмыстарынан басқаша) және педагогтан жеке көмек ала алатындай етіп ұйымдастырылуын қалайды. Сынып бөлмесінде еркін қозағала алатындай мүмкіндік беріледі.

31. Арнайы қағидаларға сәйкес құрылған педагогикалық шаралар білім алушылардың өзіндік белсенділігін, олардың ынтасы мен дербестігін дамытуға бағытталады.

32. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабақтағы дербестігінің дамуы мен белсенділігі байқалатын әрекеттердің негізгі түрлері:

1) тірі және өлі табиғат пен әлеуметтік өмірдің құбылыстарын бақылау;

2) заттық-практикалық әрекет;

3) ойын әрекеті және ойын әрекетшілдігі;

4) білім алушылардың шаруашылық-еңбектік әрекеті;

5) әлеуметтік-тұрмыстық әрекет;

6) балалар мен жақын ортасындағы ересектермен арасындағы коммуникация (микросоциум);

7) оқу әрекеті (білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес).

33. Оқу-тәрбиелеу процесі заттық әрекетте ақыл-ой даму бұзылысы орташа деңгейдегі білім алушыларды оқытудың барлық кезеңі бойына құрылуға міндетті.

34. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды санауға үйретуде практикалық және көрнекілік тәсілдер жетекші орын алады. Сөздік тәсілдердің рөлі олардан төмен болады. Олар оқытудың көрнекілік тәсілдерін және білім алушылардың өзіндік әрекетшілдіктерін толықтырады. Мұғалім нақты жаттығулар түрін, оларды сынып бөлмесінде жүргізу тәсілдері мен орнын (жұмыс үстелінде, тақтада, ойын бұрышында, кілем үстінде сияқты) мұқият ойластырады. Бір сыныптың білім алушыларының танымдық мүмкіндіктері жағынан бір-бірінен біршама айырмашылықтары болады, сондықтан білім алушыларды оқыту барынша жеке жүргізіледі.

35. Дидактикалық ойындар кеңінен пайдаланылады. Ойындарды өткізгенде белгілі бір қарқынды ұстану қажет, ойын жаттығуларын білім алушылардың сұрақтарымен шамадан артық созуға болмайды. Білім алушыларды сыныптастарының жауаптары мен әрекеттерін бақылай білуге үйретеді.

36. Сабақтар көрнекі құралдардың сәйкес жүйесімен және жаппай және жекеленген жұмыстарға арналған үлестірмелі заттық материалдармен қамтамасыз етіледі.

37. Сынып бөлмесіндегі сабақтар мектептегі басқа жайларда, сондай-ақ одан тыс жерлерде (дүкен, пошта, алаң, саябақ, спорттық алаң, табиғат бұрышы, кітапхана) өткізілетін саяхаттармен, бақылаулармен кезектестіріліп өткізіледі.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

38. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизация идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

39. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

40. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құрау жұмысы оның қажеттілігі мен мүмкіндігін бастапқы педагогикалық бақылау арқылы жүзеге асырылады. Критериалды бағалау білім алушыларды дамыту мен оқытудың негізгі желісінің онтогенезіне сәйкес анықталады.

41. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

42. Педагогтар бақылау-бағалау әрекетін ақыл-ойы дамымаған білім алушылармен жүргізілетін барлық педагогикалық процестің құрылуына негіз болатын арнайы педагогиканың "диагностика мен түзете дамыту жұмысының бірлігі" қағидасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырады.

43. Бақылау білім алушы әрекетінің өнімдерін, ауызша берген жауаптарын оқыту мен тәрбиелеудің жекеленген міндеттерімен салыстыра отырып бағалау әрекеті болып табылады.

44. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау шараларының бірізділігі:

1) білім алушылардың даму, білім және дағдыларының даму деңгейлерін алдын ала бағалау. Оқытудың жеке бағдарламасын құруға арналған негіз ретіндегі білім алушының даму бейінін құру;

2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымдағы бағалау. Ол оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзетіп отыру мақсатында білім алушылардың сабақ барысындағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады;

3) бірінші жартыжылдық аяқталғанда аралық бағалау жүзеге асырылады. Икемділіктер мен дағдыларды оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес қалыптастырудың жетістігі туралы бағалау пайымдамасы жеке бағдарламада тіркеледі;

4) жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылының аяқталуына қарай жүзеге асырылады.

45. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін білім алушы жетістігінің сапалық көрсеткіші болып табылатын сипаттамалық бағалау пайдаланылады. Сипаттамалық бағалау білім алушының жеке білім беру процесінде жүзеге асырылған аймақтағы дамуы мен оқуына қатысты өзіндік педагогикалық есеп болып табылады. Оқытудың дайындық кезеңінде бұл – оқу жылының басы мен

аяғындағы білім алушының даму бейінінде сипатталатын білім алушының әлеуметтік және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысының, дене тұрғысынан, танымдық, сөйлеу тілдік дамуы, сондай-ақ әрекет түрлерінің қалыптасуы. Білім алушыларды пәндік оқытуға көшірген кезде бұл олардың әрбір оқу пәні мен өмірік дағдыларының жетістіктерінің сипаттамасы болады.

46. "Санау" пәні бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалуда педагог бағдарламаның әрбір бөлімі мен бөлімшесі бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарлауға міндетті. Педагог соларға сәйкес әр білім алушының мүмкіндігіне (мысалы , білім алушы сөйлеу тілін меңгермеген) сәйкес келетін бақылау-диагностикалық материалды таңдайды.

47. Жетістіктерді тақырыптар бойынша сипаттағанда міндетті түрде білім алушылардың санау-есептеудің қарапайым әрекеттерін меңгерудегі дербестік деңгейі (өздігінен, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, педагогпен бірлескен әрекеттің көмегімен) көрсетіледі. Оқу процесін қадағалау, оның нәтижелерін тіркеп есепке алып отыру мұғалімге орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды "Санау" пәніне оқытудағы жекешеленген тәсілдеме міндеттерін табысты шешуге көмектеседі.

5-тарау. "Санау" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

48. "Санау" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 99 сағат;
- 2) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 3) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102сағат;
- 4) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102сағат.

49. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастырылуға міндетті.

50. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

51. Оқу пәнінің мазмұны:

1) "Санау" оқу пәнінің негізін бүтін сандар арифметикасы мен шамалар құрайды. Бағдарламадағы оқу материалдары концентрлік қағидаға негізделіп берілген. Әрбір концентрдің материалы аяқталған және жүйеленген, алдыңғы және кейінгі концентрлермен логикалық байланыста болып келеді. Күрделілік пен көлем біртіндеп ұлғайтылады;

2) "Санау" оқу пәнінің материалдары сандарға дейінгі түсініктер, нумерация, арифметикалық амалдар, шама, көрнекі геометрия элементтері, арифметикалық есептер , мезгілдегі және кеңістіктегі түсініктер сияқты бөлімдерін қамтиды. "Нумерация", "

Арифметикалық амалдар: қосу мен азайту" бөлімдері бойынша білім алушылардан 5 саны көлеміндегі, 10 саны көлеміндегі заттық және дерексіз санау дағдыларының қалыптастырылуы, цифрлармен және сан қатарымен, көптік пен сандарды салыстырудың қарапайым тәсілдерімен, заттық-тәжірибелік әрекеттегі сан құрамымен, 10 саны көлемінде қосу және азайтумен танысу күтіледі. Білім алушылар бір-бірлеп санау, қайталап санау, үстемелеп санау тәсілдеріне сәйкес практикалық әрекеттермен таныстырылады;

3) қимыл-қозғалыстық, көру кеңістіктік үйлесімділік мүмкіндіктері біршама сақталған білім алушыларды цифрды, есептерді жазуға үйретуге болады. Ақыл-ой дамымауына қимыл-қозғалыс аймағындағы бұзылыстар ілескен жағдайда білім алушыларды цифрлар қассасын пайдалана отырып, сандарды, сан қатарын, есептерді салуға үйрету жеткілікті болады;

4) "Арифметикалық есептер" бөлімінде білім алушыларды арифметикалық есептердің төрт түрін (қосындыны, айырманы табу, санды бірнеше бірлікке арттыру және кеміту) шығаруға үйрету қарастырылады;

5) "Мезгілдік түсініктер", "Кеңістіктік түсініктер" бөлімдеріне білім алушылардың кез-келген әрекетін (оқу, тұрмыстық, өмірлік) ұйымдастыру үшін, олардың әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауы үшін қажетті мәліметтер кірген. Көрсетілген түсініктердің осы санаттағы білім алушыларда ұзақ және өзгеше қалыптасатыны ескеріледі;

6) геометриялық түсініктер шағын бөліктермен ендіріледі. Бастапқыда білім алушылар геометриялық денелер мен пішіндердің үлгілерімен, яғни жұмыстағы пішіндер эталонымен таныстырылады. Пішіндер эталоны меңгерілгеннен кейін, таныс заттардың пішіндерін анықтауға көшуге болады. Геометриялық пішіндердің үлгілерін қарапайым жапсырмақұрақ, өрнектерді құрау үшін, бүтіннің бөлігін оқыған кезде санау нысаны ретінде пайдалану пайдалы болады. Қарастырылған бөлімде білім алушыларды сызықтар мен және бұрыштармен таныстырады. Сызғыштың көмегімен геометриялық пішіндерді, сызықтарды, бұрыштарды салуға арналған жаттығулар ұсынылады.

52. Оқу материалының оқу жылдарына (сыныптарға) бөлінуі үлгі ретінде берілген. Мұғалім білім алушылардың ерекшеліктерін есепке ала отырып оқу материалын меңгеруді бір сыныптан басқа сыныпқа көшіре алады. Әрбір ақыл-ой кемістігі бар білім алушының дамуға және жеке қарқыны мен белгілі бір көлемдегі оқу материалын меңгеруге деген құқығын жүзеге асыра отырып, мұғалім өзінің сыныбындағы әрбір білім алушының оқу тақырыбының, бөлімнің материалын оқуы үшін қажетті сағат санын өзі анықтайды. Білім алушының бағдарламалық материалды меңгеруі келесі тақырыпты оқуға көшу үшін негіз болып табылады.

53. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдер мен бөлімшелерді қамтиды:

1-кесте

№	Бөлім	Бөлімше

1.	Санға дейінгі түсініктер	1.1 Шамалық түсініктер: үлкен-кіші
		1.2 Шамалық түсініктер: ұзын-қысқа
		1.3 Шамалық түсініктер: кең-тар
		1.4 Шамалық түсініктер: биік-аласа
		1.5 Шамалық түсініктер: жуан-жіңішке
		1.6 Шамалық түсініктер: терең-таяз
		1.7 Заттың ауырлығы туралы түсініктер
		1.8 Сандық түсініктер
		1.9 Қарапайым кеңістіктік түсініктер
		1.10 Мезгіл туралы қарапайым түсініктер
		1.11 Заттардың пішіні туралы қарапайым түсініктер
2	Нумерация	
3	Арифметикалық амалдар: қосу және азайту	
4	Арифметикалық есептер	
5	Шамалар	
6	Көрнекі геометрия элементтері	
7	Кеңістіктік түсініктер	
8	Мезгілдік түсініктер	

54. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлімді, үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.3.4 кодында "1" - сыныпты, "1.3"-бөлімшені, "4" - оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Бөлімше қарастырылмаған жағдайда кодтық белгілеу үш цифрдан құралады. Мысалы, 3.2.4 кодында "3" - сыныбын, "2" - бөлімін, "4" - оқыту мақсатының реттік номерін көрсетеді.

55. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалын оқытудың дәйектілігі мен мазмұнын анықтау үшін негіз болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған. Мақсаттар жүйесі мұғалімге білім алушылардың таным процесін басқаруға, материалды меңгеруді қадамдық бақылауды жүзеге асыруға, оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді.

56. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Санға дейінгі түсініктер":

2-кесте

Бөлімшелер	1-сынып
Оқыту мақсаттары	
1.1 Шамалық түсініктер: үлкен-кіші	<p>1.1.1.1 салыстырылатын екі заттан үлкен-кіші затты тану және көрсету</p> <p>1.1.1.2 жазық заттарды шамасына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу (көлемді заттарды салыстырғанда қою) тәсілдерін пайдалану</p> <p>1.1.1.3 2-3 затты шамасы (үлкен-кіші) бойынша салыстырған кезде олардың әрқайсысының қасиеттерін атау</p> <p>1.1.1.4 заттарды шама белгілері (үлкен-кіші) бойынша топтарға бөлу (жіктеу)</p> <p>1.1.1.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың көлемін есепке алу</p> <p>1.1.1.6 заттарды (3-5) көлемі бойынша реттеу</p>
1.2 Шамалық түсініктер: ұзын-қысқа	<p>1.1.2.1 салыстырылатын екі заттан ұзын (қысқа) затты тану және көрсету</p> <p>1.1.2.2 заттарды ұзындығына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін пайдалану</p> <p>1.1.2.3 2-3 затты ұзындығы (ұзын, қысқа) бойынша салыстырған кезде олардың әрқайсысының қасиеттерін атау</p> <p>1.1.2.4 заттарды ұзындық белгілері (ұзын, қысқа) бойынша топтарға бөлу (жіктеу)</p> <p>1.1.2.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың ұзындығын есепке алу</p> <p>1.1.2.6 заттарды (3-5) ұзындығы бойынша реттеу</p>
1.3 Шамалық түсініктер: кең-тар	<p>1.1.3.1 салыстырылатын екі заттан кең (тар) затты тану және көрсету</p> <p>1.1.3.2 заттарды кеңдігіне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін пайдалану</p> <p>1.1.3.3 2-3 затты кеңдігі (кең-тар, кеңдеу-тарлау) бойынша салыстырған кезде олардың әрқайсысының қасиеттерін атау</p> <p>1.1.3.4 заттарды ендік белгілері (кең-тар, енді-енсіз) бойынша топтарға бөлу (жіктеу);</p> <p>1.1.3.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың енін (кең-тар) есепке алу</p> <p>1.1.3.6 заттарды (3-5) ені бойынша реттеу</p>
	<p>1.1.4.1 салыстырылатын екі заттан биік (аласа) затты тану және көрсету</p> <p>1.1.4.2 заттарды биіктігіне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен қатар қою тәсілін пайдалану</p>

1.4 Шамалық түсініктер: биік-аласа	<p>1.1.4.3 2-3 затты биіктігі (биік-аласа, биіктеу-аласалау) бойынша салыстырған кезде олардың әрқайсысының қасиеттерін атау</p> <p>1.1.4.4 заттарды биіктік белгілері (биік-аласа) бойынша топтарға бөлу (жіктеу)</p> <p>1.1.4.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың биіктігін есепке алу</p> <p>1.1.4.6 заттарды (3-5) биіктігі бойынша реттеу</p>
1.5 Шамалық түсініктер: жуан-жіңішке	<p>1.1.5.1 салыстырылатын екі заттан жуан (жіңішке) затты тану және көрсету</p> <p>1.1.5.2 заттарды жуандығына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу, қатар қою тәсілдерін пайдалану</p> <p>1.1.5.3 2-3 затты жуандығы (жуан-жіңішке, жуандау-жіңішкелеу) бойынша салыстырған кезде олардың әрқайсысының қасиеттерін атау</p> <p>1.1.5.4 заттарды жуандық белгілері (жуан-жіңішке) бойынша топтарға бөлу (жіктеу)</p> <p>1.1.5.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың жуандығын есепке алу</p> <p>1.1.5.6 заттарды (3-5) жуандығы бойынша реттеу</p>
1.6 Шамалық түсініктер: терең-таяз	<p>1.1.6.1 салыстырылатын екі нысаннан терең (таяз) затты тану және көрсету</p> <p>1.1.6.2 2-3 затты немесе нысанды тереңдігі (терең-таяз, шұңғыл-жайпақ, тереңдеу-таяздау) бойынша салыстырған кезде олардың әрқайсысының қасиеттерін атау</p> <p>1.1.6.3 заттарды тереңдік белгілері (терең-таяз, шұңғыл-жайпақ) бойынша топтарға бөлу (жіктеу)</p> <p>1.1.6.4 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде нысандардың және заттардың тереңдігін, шұңғылдығын есепке алу</p>
1.7 Заттың ауырлығы туралы түсініктер	<p>1.1.7.1 мұғалімнің көмегімен, өздігінен заттың ауыр немесе жеңіл екендігін "қолмен" анықтау және оны көрсету</p> <p>1.1.7.2 2-3 затты ауырлығы (ауыр-жеңіл, ауырлау-жеңілдеу) бойынша салыстырған кезде олардың әрқайсысының қасиеттерін атау</p> <p>1.1.7.3 заттарды ауырлық белгілері (ауыр-жеңіл) бойынша топтарға бөлу (жіктеу)</p>
1.8 Сандық түсініктер	<p>1.1.8.1 көптікті, сұйық және сусымалы заттарды (су, құм, жарма) салыстырған жағдайда санын (көп-аз, біреу-біреу де жоқ, соншама) білу</p> <p>1.1.8.2 заттардың екі тобын салыстырғанда саны бойынша жұптап салыстыру тәсілін (мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша, өздігінен) пайдалану</p> <p>1.1.8.3 сұйық және сусымалы заттардың санын мұғалімге еліктеу бойынша, үлгі бойынша, өздігінен арттыру және азайту</p>

	<p>1.1.8.4 салыстырылатын 2-3 көптік, сұйық және сусымалы заттардың әрқайсысының санын (көп-аз, біреу-біреу де жоқ, соншама) атау</p> <p>1.1.8.5 заттардың екі тобын саны бойынша теңестіргенде жетіспеген затты қосу және артық затты алу тәсілдерін пайдалану</p>
1.9 Қарапайым кеңістіктік түсініктер	<p>1.1.9.1 мұғалімге еліктеу бойынша өз дене мүшелерінде бағдарлау: жоғарыда – бас, мойын, кеуде; төменде – аяқ, алдында – бет, кеуде, қарын; артында – желке, арқа; оң және сол қол, аяқ, көз, құлақ, бет</p> <p>1.1.9.2 мұғалімнің көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты (алыс, жақын, жанында, анда, мұнда) орналастыру</p>
1.10 Мезгіл туралы қарапайым түсініктер	1.1.10.1 өз өміріндегі айтулы жағдайлардың "кеше", "бүгін", "ертең" түсініктерімен ара қатынасын белгілеу
1.11 Заттардың пішіні туралы қарапайым түсініктер	<p>1.1.11.1.1 үлгі бойынша, атауы бойынша заттардың, ойыншықтардың арасынан шар мен кубты табу</p> <p>1.1.11.1.2 үлгі бойынша, атауы бойынша геометриялық үлгілердің арасынан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерін табу</p> <p>1.1.11.1.3 мұғалімнің көмегімен, өздігінен дөңгелек, шаршы, үшбұрыштардың қимаүлгілерінің бойымен жүргізу</p> <p>1.1.11.4 шыққан пішінді мұғалімнің көмегімен, өздігінен штрихтау</p>

2) "Нумерация":

3-кесте

2 сынып	3-сынып	4-сынып
Оқыту мақсаттары		
<p>2.2.1 заттар санының саусақтар санымен, 1-5 аралығындағы сандар мен цифрлармен арақатынасын анықтау</p> <p>2.2.2 сан есімдерді (реттік және есептік) 1-ден, сондай-ақ кез келген саннан бастап, 5 саны көлемінде тура және кері тәртіпте атау</p> <p>2.2.3 санауды пайдалана отырып, топтағы (5 көлемінде), суреттегі, сандық пішіндегі заттар санын анықтау "Қанша?" сұрағына жауап беру</p> <p>2.2.4 цифрлар қассасынан 1-5 сандарын үлгі бойынша, атауы бойынша табу</p> <p>2.2.5 бірінші бестіктің әрбір санының сан қатарындағы орнын білу (табу)</p>	<p>3.2.1 заттар санының саусақтар санымен, 1-5 аралығындағы сандар мен цифрлармен арақатынасын анықтау</p> <p>3.2.2 сан есімдерді (реттік және есептік) 1-ден, сондай-ақ кез келген саннан бастап, 5 саны көлемінде тура және кері тәртіпте атау</p> <p>3.2.3 санауды пайдалана отырып, топтағы (5 көлемінде), суреттегі, сандық пішіндегі заттар санын анықтау "Қанша?" сұрағына жауап беру</p> <p>3.2.4 цифрлар қассасынан 1-5 сандарын үлгі бойынша, атауы бойынша табу</p> <p>3.2.5 бірінші бестіктің әрбір санының сан қатарындағы орнын білу (табу)</p>	<p>4.2.1 заттар санының саусақтар санымен, 0, 1-9 аралығындағы сандар мен цифрлармен арақатынасын анықтау, сондай-ақ 10 санын жазу</p> <p>4.2.2 сан есімдерді (реттік және есептік) 1-ден, сондай-ақ кез келген саннан бастап, 10 саны көлемінде тура және кері тәртіпте атау</p> <p>4.2.3 санауды пайдалана отырып, топтағы (10 көлемінде), суреттегі, сандық пішіндегі заттар санын анықтау. "Қанша?" сұрағына жауап беру</p> <p>4.2.4 цифрлар қассасынан 0,1-9 цифрларын және 10 санын үлгі бойынша, атауы бойынша табу</p>

2.2.6 бірінші бестіктің сандарын 1-5 цифрларымен жазу	3.2.6 бірінші бестіктің сандарын 1-5 цифрларымен жазу	4.2.5 бірінші ондықтың әрбір санының сан қатарындағы орнын білу
2.2.7. заттар тобының жұптық арақатынасын белгілеу, санау тәсілдерімен (үлкен, кіші топтарды көрсету) салыстыру	3.2.7. заттар тобының жұптық арақатынасын белгілеу, санау тәсілдерімен (үлкен, кіші топтарды көрсету) салыстыру	4.2.6 0,1-9 цифрлары мен 10 санын жазу
2.2.8 жіктеудің әр түрлі нұсқаларын пайдалана отырып, көптік заттарды (2-5) екі топқа бөлу	3.2.8 жіктеудің әр түрлі нұсқаларын пайдалана отырып, көптік заттарды (2-5) екі топқа бөлу	4.2.7 заттар тобының жұптық арақатынасын белгілеу, санау тәсілдерімен салыстыру
2.2.9 тұрмыстық, өмірлік жағдаяттарда заттардың екі тобын салыстырғанда олардың арақатынасын белгілеу, санау тәсілдерін пайдалану	3.2.9 тұрмыстық, өмірлік жағдаяттарда заттардың екі тобын салыстырғанда олардың арақатынасын белгілеу, санау тәсілдерін пайдалану	4.2.8 жіктеудің әр түрлі нұсқаларын пайдалана отырып, көптік заттарды (2-10) екі топқа бөлу

3) "Арифметикалық амалдар: қосу және азайту":

4-кесте

2-сынып	3-сынып	4-сынып
Оқыту мақсаттары		
2.3.1 берілген жиынға заттарды қосу (сусымалы, сұйық заттар) олардың санын арттыратынын, ал берілген жиыннан біраз заттарды (сусымалы, сұйық заттар) алып тастау, олардың санын азайтатынын білу	3.3.1 берілген жиынға заттарды қосу (сусымалы, сұйық заттар) олардың санын арттыратынын, ал берілген жиыннан біраз заттарды (сусымалы, сұйық заттар) алып тастау, олардың санын азайтатынын білу 3.3.2 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен "+" (плюс), "-" (минус), "=" (тең) белгілерін пайдалана отырып, 5 саны көлемінде қосу мен азайтуға есеп құрастыру 3.3.3 саны көлеміндегі қосынды мен айырманы табу кезінде санау, қайтадан санау және бір-бірлеп азайтып, үстемелеп санау тәсілдері мен калькуляторды пайдалану	4.3.1 берілген жиынға заттарды қосу (сусымалы, сұйық заттар) олардың санын арттыратынын, ал берілген жиыннан біраз заттарды (сусымалы, сұйық заттар) алып тастау, олардың санын азайтатынын білу 4.3.2 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен "+" (плюс), "-" (минус), "=" (тең) белгілерін пайдалана отырып, 10 саны көлемінде қосу мен азайтуға есеп құрастыру 4.3.3 10 саны көлеміндегі қосынды мен айырманы табу кезінде пайдаланылатын тәсілдер: - санау; -бір-бірлеп азайтып, үстемелеп санау; -калькуляторды пайдалану

4) "Арифметикалық есептер":

5-кесте

2-сынып	3-сынып	4-сынып
Оқыту мақсаттары		
2.4.1 қосынды мен айырманы табуға берілген, ашық нәтижелі драматизациялық есептер мен	3.4.1 қосынды мен айырманы табуға берілген, ашық нәтижелі драматизацияланған есептер мен	4.4.1 қосынды мен айырманы табуға берілген, ашық нәтижелі драматизацияланған есептер мен иллюстрациялық есептерді шығару, соңында қосуға немесе азайтуға арналған атауы жоқ есептерді құрастыру

иллюстрациялық есептерді шығару, соңында қосуға немесе азайтуға арналған атауы жоқ есептерді құрастыру	иллюстрациялық есептерді шығару, соңында қосуға немесе азайтуға арналған атауы жоқ есептерді құрастыру	4.4.2 қосынды мен айырманы табуға берілген, жабық нәтижелі драматизациялық есептер мен иллюстрациялық есептерді шығару, соңында қосуға немесе азайтуға арналған сандарының атауы жазылған есептерді құрастыру
--------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

5) "Шамалар":

6-кесте

2-сынып	3-сынып	4-сынып
Оқыту мақсаттары		
<p>2.5.1 ойындар мен жаттығуларда 1, 2, 5 теңгеліктерді үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша тану</p> <p>2.5.2 салыстырылатын екі теңгеліктің (1, 2, 5 теңге) қайсысының құнының үлкен, кіші екенін анықтау</p> <p>2.5.3 5 теңгелікті құны төмен теңгелермен майдалау</p> <p>2.5.4 құны 1 теңгелік, 2 теңгелік ақшаларды құны 5 теңгелік ақшамен айырбастау</p>	<p>3.5.1 ойындар мен жаттығуларда 1, 2, 5 теңгеліктерді үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша тану</p> <p>3.5.2 салыстырылатын екі теңгеліктің (1, 2, 5 теңге) қайсысының құнының үлкен, кіші екенін анықтау</p> <p>3.5.3 5 теңгелікті құны төмен теңгелермен майдалау</p> <p>3.5.4 құны 1 теңгелік, 2 теңгелік ақшаларды құны 5 теңгелік ақшамен айырбастау</p>	<p>4.5.1 ойындар мен жаттығуларда 1, 2, 5, 10 теңгеліктерді үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша тану</p> <p>4.5.2 салыстырылатын екі теңгеліктің (1, 2, 5, 10 теңге) қайсысының құнының үлкен, кіші екенін анықтау</p> <p>4.5.3 5, 10 теңгеліктерді әр түрлі нұсқалармен майдалау</p> <p>4.5.4 құны 1 теңгелік бес ақшаны құны 5 теңгелік бір ақшаға айырбастау, құны 5 теңгелік екі ақшаны құны 10 теңгелік бір ақшамен айырбастау және айырбастаудың басқа нұсқалары</p>

6) "Көрнекі геометрия элементтері":

7-кесте

2-сынып	3-сынып	4-сынып
Оқыту мақсаттары		
<p>2.6.1 дөңгелек, сопақша, шаршы, үшбұрыштарды үлгі бойынша, атауы бойынша тану</p> <p>2.6.2 шар мен дөңгелекті, текше пен шаршыны ажырату</p> <p>2.6.3 шар, текшені, дөңгелек, сопақша, шаршы, үшбұрышты сипау арқылы ("Тамаша дорба" ойыны), үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша табу</p> <p>2.6.4 геометриялық пішіндер үлгісінен еліктеу бойынша, үлгі</p>	<p>3.6.1 дөңгелек, сопақша, шаршы, үшбұрыштарды үлгі бойынша, атауы бойынша тану</p> <p>3.6.2 шар мен дөңгелекті, текше пен шаршыны ажырату</p> <p>3.6.3 шар, текшені, дөңгелек, сопақша, шаршы, үшбұрышты сипау арқылы ("Тамаша дорба" ойыны), үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша табу</p> <p>3.6.4 геометриялық пішіндер үлгісінен еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша қарапайым жапсырма құрақтар мен өрнектерді құрастыру</p> <p>3.6.5 бөліктерден еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау</p>	<p>4.6.1 дөңгелек, сопақша, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыштарды үлгі бойынша, атауы бойынша тану және атау</p> <p>4.6.2 дөңгелек пен сопақшаны ажырату</p> <p>4.6.3 шар, текшені, дөңгелек, сопақша, шаршы, үшбұрышты сипау арқылы ("Тамаша дорба" ойыны), үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша табу</p> <p>4.6.4 таныс заттардың арасынан дөңгелек, сопақша, шаршы, үшбұрышты пішіндерді табу</p> <p>4.6.5 геометриялық пішіндердің үлгілерін пішіні, түсі, көлемі бойынша топтастыруды орындау</p>

бойынша, сөздік нұсқау бойынша қарапайым жапсырма құрақтар мен өрнектерді құрастыру	бойынша дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша, үшбұрышты құрастыру	4.6.6 дөңгелек, сопақша, шаршы, үшбұрыштардың қима үлгілерінің бойымен жүргізу, шыққан пішінді штрихтау
-------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------

7) "Кеңістіктік түсініктер":

8-кесте

2-сынып	3-сынып	4-сынып
Оқыту мақсаттары		
<p>2.7.1 өзіне қатысты жақын ортада бағдарлау: алдында, артында, қарсысында, оң жақта, сол жақта</p> <p>2.7.2 затты еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша көрсетілген орынға (алдына, артына, қарсы) орналастыру</p> <p>2.7.3 қимылды еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша берілген бағытта (алға-артқа, жанына, жоғары-төмен , солға-оңға) орындау</p>	<p>3.7.1 өзіне қатысты жақын ортада бағдарлау: алдында, артында, қарсысында, оң жақта, сол жақта</p> <p>3.7.2 затты еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша көрсетілген орынға (алдына, артына, қарсы) орналастыру</p> <p>3.7.3 қимылды еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша берілген бағытта (алға-артқа, жанына, жоғары-төмен , солға-оңға) орындау</p>	<p>4.7.1 затты еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша бір-біріне қатысты белгілі бір кеңістіктікте (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) орналастыру</p> <p>4.7.2 жақын ортадағы заттар мен нысандарды сөздік нұсқау бойынша (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) табу</p> <p>4.7.3 заттарды және олардың бейнелерін еліктеу бойынша, үлгі бойынша көлденеңнен қатарластырып қою</p> <p>4.7.4 педагогтың өтініші бойынша қатарда тұрған қандай да бір заттан бірінші, соңғы, шеткі затты көрсету</p>

8) "Мезгілдік түсініктер":

9-кесте

2-сынып	3-сынып	4-сынып
Оқу мақсаттары		
<p>2.8.1 жасы үлкен және кіші адамдарды ажырату</p> <p>2.8.2 жеке күн тәртібінің мезгіл бөліктерімен (таңертең, күндіз, кеш, түн) ара қатынасын анықтау</p> <p>2.8.3 түзімдік сәттердің бірізділігінде бағдарлау</p>	<p>3.8.1 жасы үлкен және кіші адамдарды ажырату</p> <p>3.8.2 жеке күн тәртібінің мезгіл бөліктерімен (таңертең, күндіз, кеш, түн) ара қатынасын анықтау</p> <p>3.8.3 түзімдік сәттердің бірізділігінде бағдарлау</p> <p>3.8.4 демалыс күндерін атау</p>	<p>4.8.1 жылдам және баяу қозғалған нысандарды тану және көрсету</p> <p>4.8.2 еліктеу бойынша денесімен жылдам және баяу қимылдарды орындау</p> <p>4.8.3 заттардың қозғалысының әр түрлі жылдамдығын көрсету бойынша, сөздік нұсқау бойынша үлгілеу</p> <p>4.8.4 аптадағы күн санын атау</p> <p>4.8.5 апта күндерін ретімен атау</p>

57. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Сноска. Приказ дополнен Приложением 316 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Мир вокруг" для обучающихся с умеренной умственной отсталостью 1-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы әр пән бойынша білім алушылардың танымдық ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдының мазмұны мен көлемін анықтайтын нормативтік-оқу құжаты болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы әр пәннің оқу процесін әдістемелік әлеуетін қолдануға бағыттайды, ол білім алушылардың пән бойынша білім алып және дағдыларды меңгеруге, оқу әрекеттерін меңгеруде білім алушылардың дербестігін дамытуға, әлеуметтік мәдени ортада бағдарлау икемін қалыптастыруға септігін тигізеді.

4. Оқу бағдарламасында заманауи мектептегі білім беру процесін ұйымдастыруға арналған инновациялық педагогикалық жолдарын сипаттайтын оқу-нормативті құжаттың дәстүрлі түрі үйлесім тапқан. Пән бойынша оқу бағдарламасының жаңа құрылымын құруда білім алуға итермелейтін тәсілдер негізгі бағыттаушы болып табылады.

5. Білім берудің классикалық негізі ретінде құндылық-бағдарлы, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, коммуникативті тәсілдері оқу мақсаттары жүйесінің басымдылығын және білім беру процесінің нәтижесін нығайту үшін қолданған және ол жаңа оқу бағдарламасының құрылымында көрініс тапқан.

6. Білім беру процесінің заманауи деңгейінде негізгі талаптардың бірі білім алушылардың білім алуындағы белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыру. Білім алушылардың белсенді танымдық әрекеті мұғалімнің қолдауымен және серіктес, кеңесші ретінде шығармашылық бірлесу жағдайында нығая түседі.

7. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының ынтымақтастығының алғышарттарына жағдай жасайтындықтан, тұлғалық-бағдарлы білім берудің осы сипатының нығаюы оқытудың түрлі интерактивті әдістерін қолданғанда, қарым-қатынас барысында басымдыққа жол бермей қолдануға болады.

8. Білім беру процесін ұйымдастыруға арналған барлық инновациялық тәсілдерді оқытуды білім, ой, әрекет түрлерімен белсенді алмасуын болжайтын, шынайы шығармашылық процесте білім алушылардың қарым-қатынас үлгісіне айналдыруда.

9. Пән бойынша оқу бағдарламасы аймақтық материалды (нысандар, мекемелер, ақпарат көздерін) қолдануға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру білім алушының танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Пәнді оқыту мақсатына жету үшін іске асатын тәрбиелік мәні бар жобалар ата-аналардың, жергілікті қауымдастықтардың қатысуымен ұйымдастыруға болады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болатын күтілетін нәтиже оқытудың мақсаттық жүйесінде берілген. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін бағдарламаның мазмұны ұсыныс беру сипатына ие, педагог бағдарлама мазмұнына кез келген өзгеріс енгізуге және сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндіктері мен ерекше білімдік қажеттіліктеріне сәйкес оқытудың қарқынын өзгертуге құқығы бар.

11. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсатына тәуелді және білім алушылардың қалыптасқан білім, білік, дағдыларын өмірде кездесетін түрлі жағдайларда пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

12. Орташа ақыл-ой кемістігі бар мектеп білім алушыларын оқыту бұл сөздің кең мағынасында түсініліп, оларда байқалатын мүмкіндіктердің аз қорына қатысты пәндік білімді қалыптастыруға ғана емес, осы санаттағы білім алушылар үшін анағұрлым маңызды өмірлік дағдыларды қалыптастыруға да бағытталады.

13. "Айналадағы әлем" пәні орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушының психофизикалық даму кемістігін, өмірге қажетті білімді, дағдыны қалыптастырудағы қиындығын деңгейлестіруге бағытталған пәндер циклына кіреді.

14. "Айналадағы әлем" пәні білім алушының қоршаған орта туралы түсінігін жүйелі түрде қалыптасуына және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-қалыптастырушы қызметін жүзеге асыруға және алғашқы әлеуметтендіруіне мүмкіндік береді.

2-тарау. "Айналадағы әлем" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

15. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың табиғат жайлы қарапайым ұғымдарды меңгеруі, білім алушының жақын ортасындағы заттар мен құбылыстар жайлы түсініктерін жинақтау және жүйелеу.

16. "Айналадағы әлем" пәнінің міндеттері:

- 1) білім алушылардың қоршаған ортада бағдар ұстануына қажетті дағдыны қалыптастыру;
- 2) әлеуметтік дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту;
- 3) заттарды қызметтік функцияларына сәйкес пайдалануды үйрену;
- 4) айналадағылармен сөйлесу сияқты коммуникациялар көмегімен тіл табысуды үйрену;
- 5) білім алушыларға табиғатты зерделеуге мүмкіндік беру;
- 6) танымдық қызметін жетілдіру;
- 7) қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту, байыту.
- 8) көру, салыстыру, жалпылау, нақтылау, қарапайым қорытындылар жасау, жеңіл себеп-салдарлық байланыстарды орната алу секілді қабілеттерге үйрету;
- 9) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
- 10) әлеуметтік дағдысын қалыптастыру;
- 11) білім алушылардың мінез-құлық нормаларын және табиғи, әлеуметтік, технологиялық ортадағы қауіпсіздік ережелерін білуі.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

17. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдерінің негізінде бүкіл әлемде айқын ақыл-ой кемістігі бар тұлғалар өмірін ұйымдастырудың негізгі идеясы ретінде қабылданған "қалыпқа келтіру" педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушылар барлық түзету педогогикалық іс-шаралар жүйесін жобалауда негіз және жалғыз бастапқы нүкте болып табылады. Жоспарланатын педагогикалық іс-шаралар білім алушылармен өткізілетін жұмыспен қатар, оларды ортаға бейімдеуге, өздігімен әрекет жасауға ынталандыратын орта қалыптастыруға арналады.

18. Оқу әрекетінің мазмұны жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін бағдар болып табылатын оқу бағдарламаларында ашылады. Жеке оқу бағдарламасын әзірлеу үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттілігі мен мүмкіндігінен хабар беретін әрбір белгілерді байқап отырған жөн.

19. "Қалыпқа келтіру" тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектепте оқыту процесінің қағидалары қалыптастырылады.

20. Өзінің бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, білім алушылардың жеке қарқында даму құқығын мойындау ұстанымы. Бұл ұстанымды сақтау оқытудың жеке бағдарламасына тән мазмұнды анықтау мақсатында білім алушының мүмкіндіктері мен ілгері дамуын үнемі зерттеуді бағамдайды. Дамудағы және дағдыларды меңгерудегі кез келген, тіпті ең аз ілгерілеуді мойындау оқытудағы оң нәтиже ретінде қарастырылады.

21. Педагогтардың өздігінен мазмұнын, формасын, дидактикалық тәсілді, әр білім алушының жеке мүмкіндігіне қарай таңдау қағидасы оқыту және жеке жетістіктеріне жүргізілген мониторинг нәтижесі.

22. Білім алушыларда тәжірибелік әрекет пен әлеуметтік дағдыны қалыптастыруға қажетті мектеп ортасын құру қағидасы:

1) білім мен дағдыны қалыптастыру мүмкіндігі нақты қажетті жағдайда қолданылатын білім мен дағдыға сәйкес болады. Бұл білім мен дағдыны жаңа жағдайға көшірудің қиындығымен тікелей байланысты;

2) білім алушылармен сабақ өткізілетін ғимарат әртүрлі өмірдегі жағдайларға барынша сәйкестендіріледі; Заттық жағдай білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай өзгертіліп тұрады;

3) жайлы әлеуметтік-тұрмыстық және заттық жетілдіруші орта орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың физиологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленеді (демалуға арналған, белсенді қозғалуға арналған кеңістік, санитарлы-гигиеналық шаралар).

23. Білім алушылардың күнделікті әрекеттерінің кіріктендіріліген сипаттағы қағидасы. Білім алушылардың 3-4 жас аралығында оқу жоспарының бірнеше пәндерінің жиынтығы негізінде оқытуды қарастырады. Барлық оқу пәндері оқу жоспарының негізінде бірінші кезекте білім алушылардың жалпы дамуын қамтамасыз етуге бағытталады (коммуникативтілік, қозғалыс, сөйлеу, сенсорлы). Білім алушылардың жеке дамуына сәйкес пәндік оқуға көшіріледі.

24. Пәнсіз оқыту ортақ тақырыптық жоспардың негізінде жүзеге асырылады. Ортақ тақырып ретінде "Айналадағы әлем" кіріктірілген курсындағы негізгі тақырыптар пайдаланылады. Таңдап алынған тақырыптың негізінде 1-2 апта білім алушылардың түрлі жұмыстары ұйымдастырылады. Оқудың бұл кезеңі білім алушылардың танымын арттырудан гөрі білім алушылардың күнделікті мектептегі жұмыстарын ұйымдастыруды көздейді.

25. Әлеуметтендіру құралы ретінде ойлауды, тілді және коммуникацияны дамыту ұстанымы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеуді (оның мүлде жоқ болу жағдайларына дейін), ойлауды, қарым-қатынасты дамытуда ерекше мәселелер орын алады, бұлардың орнын нақты жағдаяттарда бар мүмкіндігінше педагогикалық құралдар толтыра алады. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстардың реті нақтыланады. Педагог тарапынан білім алушылардың әрекетін сөйлеу тілі арқылы сүйемелдеу мөлшерленген және мектеп білім алушысына түсінуге қолжетімді болады деп есептеледі.

26. Оқу-тәрбиелеу процесін әлеуметтендіру қағидасы. Оқу процесінің қарапайымдылығы және білім алушының өз қатарынан оқшауландырылуы білім алушыны күрделі әлеуметтік ортаға бейімдеуге арналған жұмыстарды жүргізуге міндеттейді:

1) білім алушыны кезең кезеңімен жоспарлы түрде өмірлік тәжірибесін ұлғайтуға, әлеуметтік қарым-қатынасты оларға түсінікті нысанда жүргізуге дағдыландыру.

Оқудың бір бөлігі мектептен тыс жерде өтеді (қоғамдық көлікпен жүру, дүкенге, дәріханаға, почтаға, емханаға, музейге, театрға, кафеге сияқты қоғамдық орындарға бару);

2) білім алушыны қиындықсыз әлеуметке бейімдеу үшін толерантты және қайырымды мектеп ортасын қалыптастыру. Осы мақсатта білім алушының жанұясымен және қоғамдастықпен жоспарлы жұмыс жүргізу маңызды.

27. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесі мазмұны бойынша және ұйымдастыру формасында қатаң талаптарға сүйене алмайды. Ұжымдық оқыту барысындағы төмен танымдық құлық, ынталандыруға әлсіз жауап, қырық бес минут бойы бір пәннің мазмұнында білім алушының белсенділігін ұстай алмау дәстүрлі академиялық құрылған сабақтың төмен нәтижелілігіне алып келеді.

28. Білім алушылар өздеріне қажет жағдайда оқу сабағын өзгертуге, жеке жұмыстарды қалаған уақытында өткізуге, мұғалімнен жеке кеңес алатын мүмкіндікке ие болатындай жағдайда оқу процесінің ұйымдастырылуына мұқтаж. Оқу бөлмесінде еркін жүріп тұратындай жағдай жасалады.

29. Арнайы қағидалардың негізінде құрылған педагогикалық іс-шаралар білім алушылардың өздерінің белсенділігін, жеке бастамашылдығын, өздігімен жұмыс істеуін қалыптастыруға бағытталады.

30. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабақта белсенділігін арттыратын және өздігімен жұмыс істеуді дамытатын негізгі әрекет түрлері:

- 1) әлеуметтік өмірдің құбылыстарын, тірі және өлі табиғатты бақылау;
- 2) заттық тәжірибелік іс-әрекет;
- 3) ойын барысындағы іс-әрекет;
- 4) білім алушылардың шаруашылық еңбектегі іс-әрекеттері;
- 5) әлеуметтік тұрмыстық іс-әрекет;
- 6) жақын ортадағы балалармен және ересектермен коммуникация (миросоциум);
- 7) оқу әрекеті (білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай).

31. Оқу-тәрбиелік процесс орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінің барлық кезеңіндегі заттық әрекеттер негізінде құрылады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

32. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу деңгейін бағалау процесінің талаптары гуманизм идеясына, осы санаттағы білім алушыларды мектепте оқытудың табиғи қажеттілігіне негізделеді.

33. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау мектеп білім алушысын оқытудың жеке бағдарламасында тұжырымдалған міндеттерден басталады.

34. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыарлық жеке оқу жоспарын жасау олардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін білудің алғышарты. Бағалау белгілері білім алушылардың дамуының негізгі онтогенезіне сәйкес айқындалады.

35. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың еңбегі ішкі бағалау тәсілімен ғана жүзеге асырылады. Жеке оқу жоспарының нәтижесі оқу процесінің барысында мұғалім жүзеге асырады

36. Арнайы педагогиканың орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған барлық педогогикалық процесс құрылатын "диагностика және түзете-дамыту жұмыстарының бірлігі" қағидасы негізінде педогогтар жүйелі бақылап бағалауды жүзеге асырады.

37. Бағалау қызметіне қадағалау, білім алушы еңбегінің өнімін зерделеу, ауызша берілген жауапты жеке тапсырма мен тәрбиеге сәйкестігін тексеру жатқызылады.

38. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың еңбегін бағалау келесі бірізділікпен жүреді:

1) білім алушының білімін, дағдысын, жетілу деңгейін алдын ала бағалау жеке оқу жоспарын әзірлеуге негіз болады;

2) білім алушылардың дамуы мен жетістіктерін ағымдық бағалау оқытудың мазмұны мен тәсілдерін жетілдіріп отыру мақсатында білім алушылардың сабақ үстіндегі жұмысын күнделікті бақылаудан тұрады;

3) аралық бағалау бірінші жартыжылдықтан кейін жүргізіледі. Жеке оқыту бағдарламасына сәйкес іскерліктер мен дағдылардың қалыптасу нәтижелерін бағалау жеке бағдарламада тіркеледі;

4) бағалаудың қортындысы жыл соңында шығарылады.

39. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау білім алушылар жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болатын сипаттамалық түрде болады. Сипаттамалы бағалау жеке білім беру процестері жүзеге асырылған салаларда білім алушыны дамыту мен оқытуға қатысты өзгеше педагогикалық есепті көрсетеді. Оқытудың пропедевтикалық кезеңінде бұл әлеуметтік даму және өзіне-өзі қызмет көрсету, физикалық, танымдық, тілдік және оқу жылының басы мен соңында білім алушы дамуының кескінінде сипатталатын әрекет түрлерінің қалыптасуы. Білім алушы пәндік сабақтарға ауысқанда бұл әр оқу пәні мен өмірлік дағдылардың аумағындағы бағалау болады.

5-тарау. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

40. "Айналадағы әлем" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат;
- 2) 2-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 3) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 4) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

41. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін сыныптар санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тиісті мектеп жабдықтарымен жабдыкталады.

42. Түрлі формадағы (жеке, жұп немесе топтық) және әртүрлі жұмыстарды (ойын және белсенді оқыту әдістерін қолдануды) ұйымдастыру үшін қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады.

43. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер ішінде күтілетін нәтиже түрінде сыныптар бойынша оқу мақсаттары: дағды немесе икем, білім немесе түсінік берілген бөлімшелерге бөлінген. Әр бөлімнің ішінде кезеңімен ұйымдастырылған оқу мақсаттары, мұғалімнің жұмысын жоспарлап және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оларды оқудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

44. Оқу пәнінің мазмұны:

1-кесте

№	Бөлім	Бөлімше
1	Мен және қоғам	1.1 Мен және отбасым, менің достарым
		1.2 Менің үйім
		1.3 Мектеп
2	Табиғат	2.1 Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер
		2.2 Өсімдіктер
		2.3 Жануарлар
3	Менің Отаным - Қазақстан	3.1 Менің қалам, ауылым
		3.2 Көлік. Жолда жүру ережесі

45. Оқу бағдарламасында ыңғайлылық үшін код енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатын білдіреді. Мысалы, "1.2.1.4" кодында "1" - сыныпты, "2.1" - бөлімшені, "4" - оқыту мақсатын білдіреді.

46. Оқу бағдарламасында әр бөлімнің оқу материалы мазмұнын және бірізділігін анықтауға негіз болатын оқыту мақсаттарының жүйесі құралған.

47. Оқыту мақсатының жүйесі мұғалімге білім алушылар танымының процесін басқаруға, материалды меңгеруін қадамдық бақылауға, оқу процесін дараландыруға мүмкіндік береді.

48. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Мен және қоғам":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып

<p>1.1 Мен және отбасым, менің достарым</p>	<p>1.1.1.1 өзінің атын, тегін айтуға тырысады 1.1.1.2 отбасы мүшелерін суреттен тану 1.1.1.3 отбасы мүшелері туралы әңгімелесу 1.1.1.4 достарының атын атау, оларды аттары бойынша ажырату 1.1.1.5 жеке заттарын тану</p>	<p>2.1.1.1 өзінің аты жөнін білу, отбасы мүшелерінің аты жөнін білу, өзінің туған күнін білу 2.1.1.2 отбасы мүшелерін дерексіз суреттен тану және атау: анасы, әкесі, әжесі, атасы, аға-інілері мен әпке-сіңлілері 2.1.1.3 отбасы мүшелерін атымен атай білу, фотоальбомнан барлық отбасы мүшелерін көрсету</p>	<p>3.1.1.1 өзінің аты жөнін айта білу 3.1.1.2 өзінің туған күнін білу, айту 3.1.1.3 барлық отбасы мүшелерінің атын білу 3.1.1.4 отбасындағы білім алушылардың міндетін білу 3.1.1.5 тұрғылықты мекен жайды толық білу және атау 3.1.1.6 отбасы мүшелерінің үйдегі міндеттерін білу 3.1.1.7 сыныптастарының аты жөнін ең жақын достарының тегін білу 3.1.1.8 отбасы мүшелеріне мейірімді сөздерді айта білу</p>	<p>4.1.1.1 өзінің аты жөнін, әкесінің атын білу 4.1.1.2 суреттен жақын туыстарын тану апасын, ағасын, ағайынды, апайларымен бауырларын 4.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасында туыстық жақындықты білу 4.1.1.4 отбасында өзінің міндеттерін орындау 4.1.1.5 отбасы мүшелерінің жасы үлкендеріне құрмет көрсету</p>
<p>1.2 Менің үйім</p>	<p>1.1.2.1 суреттен өзінің туған қаласын ауылын, көшесін тану 1.1.2.2 тұрғын үй бөлмелерін мақсатты пайдаланылуына сәйкес білу: асхана, ас үй, ванна, дәретхана 1.1.2.3 өзінің ойыншықтарын атауға ұмтылу 1.1.2.4 күшіне қарай үйдің жұмысын атқаруға ұмтылу</p>	<p>2.1.2.1 тұрғылықты мекен жайын: қаланың (ауылдың), ата анасының тұрғылықты мекенін, үйдің нөмірін, пәтерді білу 2.1.2.2 қоршаған ортада бағдарлау, жақын көшелердің атын білу (саяхат) 2.1.2.3 отбасында қолынан келетін тапсырмаларды орындау; 2.1.2.4 үйде өзін қалай ұстау керектігін білу, үйдің ауласының, пәтердің тазалығын сақтау 2.1.2.5 өтініш, тілегін айта білу, балалармен және ересектермен амандаса білу</p>	<p>3.1.2.1 ата-анасына, үлкендерге өтінішін, тілегін, тапсырысын айта білу, үлкендермен қатарларымен қарапайым тіл табыса білу, олардың сөзін бөлмеу 3.1.2.2 бөлменің атын, асхана және ас үй, жатын бөлме жиһазын (үстел, орындық, диван, төсек, шкаф) білу 3.1.2.3 үйді, пәтерді, жинастыруға көмектесу</p>	<p>4.1.2.1 тұрғылықты мекен-жайын, үйге баратын жолды білу 4.1.2.2 отбасында өзін ұстауды білу 4.1.2.3 үлкендердің еңбегін бағалау, отбасында қолынан келетін шаруаларды орындау 4.1.2.4 өзінің үйдегі міндеттерін орындау</p>

1.3 Мектеп	<p>1.1.3.1 мектеп ауласында, ғимаратында, сыныпта бағдарлау</p> <p>1.1.3.2 әртүрлі мектеп ғимаратын, мектеп ғимаратын, сынып, коридоры, асхана, дәретхана, дәрігер кабинеті логопед, директор кабинеттерін (мектептегі саяхат) атай және ажырата білу</p> <p>1.1.3.3 мектеп білім алушыларының мектепте болу ережесімен таныстыру</p> <p>1.1.3.4 оқу құралдарымен таныстыру: кітап, дәптер, қарандаш, қалам</p> <p>1.1.3.5 ойыншықтарды атау : доп, машина, куыршақ, жұмсақ ойыншық конструкторы, пирамида</p>	<p>2.1.3.1 мектеп ғимаратында бағдарлау: сынып, дәліз, асхана</p> <p>2.1.3.2 сынып бөлмесіндегі заттарды атау: қабырға, төбе, еден, терезе, есік, тақта, парта, үстел</p> <p>2.1.3.3 партада дұрыс отыра білу</p> <p>2.1.3.4 кезекші білім алушының, сабақ және үзіліс уақытындағы міндеттерін білу</p> <p>2.1.3.5 білім алушының өзін өзі қалай ұстау керек екендігін білу</p> <p>2.1.3.6 мұғалім мен тәрбиешінің тапсымасын орындай білу</p> <p>2.1.3.7 мектеп жабдықтарын, оларды не үшін пайдаланылатындығын білу, оларды қолдана, пайдалана алу</p> <p>2.1.3.8 оқу заттары мен ойыншықтарды салыстыру, ажырата алу</p>	<p>3.1.3.1 мектептің ішкі және сыртқы құрылымдарымен танысу үшін саяхат өткізу</p> <p>3.1.3.2. спорт залдың, акт залының, кітапхананың, шеберхананың, гараждың, аулау құрылыстарының не үшін пайдаланылатындығын білу</p> <p>3.1.3.3 мектеп бөлмелерінің сынып, жатын бөлме, дәрігер кабинетінің, логопед, психолог қайда екендігін білу</p> <p>3.1.3.4 осы бөлмелерде болу ережесін сақтау</p> <p>3.1.3.5 мектепте күн тәртібін сақтау (мектеп-интернат)</p>	<p>4.1.3.1 сыныптастарының аты-жөнін айта білу</p> <p>4.1.3.2 мектептің адам өміріндегі маңызын білу</p> <p>4.1.3.3 мектеп қоғамдастығында ұжымдық, топтық, жеке қарым қатынастың нормаларын білу</p> <p>4.1.3.4 білім алушының өзін өзі дұрыс ұстау ережелерін орындауы</p> <p>4.1.3.5 мұғаліммен тәрбиешіге атымен әкесінің атын қосып айтуды үйрену</p>
------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2) "Табиғат":

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	1- сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып
<p>1.2.1.1 жыл мезгілі туралы түсінікті қалыптастыру жаз, күз, қыс, көктем</p> <p>1.2.1.2 ауа райын білу (жылы, салқын,</p>	<p>2.2.1.1 жыл мезгілі туралы түсінікті нақтылау, кеңейту жаз, күз, қыс, көктем</p> <p>2.2.1.2 ауа райы (жылы, ыстық, салқын, аяз, күн, жел, қар)</p> <p>2.2.1.3 ауа райын қадағалап кешегі білу</p>	<p>3.2.1.1 табиғаттың жыл мезгіліне қарай өзгеруіне бейімделу</p>	<p>4.2.1.1 жыл мезгілдерінің белгілерін білу, жыл мезгілдеріне өсімдіктермен, жануарлардың тәуелділігін және олардың тіршіліктеріндегі өзгерістерді білу</p>	

<p>2.1 Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер</p>	<p>боран, жаңбыр, қар суық) 1.2.1.3 ай аттарын қайталау (жыл бойы ай аттарымен танысу) 1.2.1.4 апта күндерін қайталау (жыл бойы апта күндерінің аттарын қайталау) 1.2.1.5 табиғат өзгерістерін бақылау: жапырақтардың сарғайуы, түсуі, көктің шығуы, қысқы ағаштарды, ағаштармен бұталардың көктеуі, гүл деуі 1.2.1.6 жыл мезгіліне сәйкес киіну 1.2.1.7 жыл мерзіміне сәйкес таза ауада ойнау</p>	<p>күнмен бүгінгі күнді салыстыру 2.2.1.4 күзгі айларды атауды үйрену 2.2.1.5 табиғаттың күз айларында өзгеруін қадағалау (күннің салқындауы, жауынды күндер): / саяхат/ 2.2.1.6 күз айларында өсімдіктің, жануарлардың өзгеріске ұшырауын қадағалау: жапырақтың түсуі (жапырақты түсінен айыру, формасынан, үлкен), құстардың ұшуы (жай сөйлемді құрастыру) 2.2.1.7 табиғаттың әр жыл мерзімінде өзгеруін қадағалау 2.2.1.8 табиғаттың көктем айларында өзгеруін қадағалау (күннің жылуы, қардың еруі, құстардың қайтуы бүршік жару)</p>	<p>, (ашық, бұлтты, салқын, суық, қар, боран) 3.2.1.2 күн сайын ауа райын бақылау 3.2.1.3 табиғаттың өзгеруін қадағалау: өсімдіктер мен жануарлар әлемінде 3.2.1.4 күзгі суық, жаңбырлы күн, салқын жел, жапырақтардың түсуі, гүлдің, шөптің солуы құстардың қайтуы 3.2.1.5 қыста – суық , аяз, қар, мұз, тайғанақ 3.2.1.6 көктемде – күн жылынады, қардың еруі, құстардың ұшып келуі, бүршік жаруы , гүлдеу</p>	<p>4.2.1.2 табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді бақылау 4.2.1.3 табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді жылдың әр мезгілінде бақылау 4.2.1.4 жазда табиғаттағы маусымдық өзгерістерді: ыстық, құрғақ күндер, жылы жаңбыр, шөптердің гүлдеуі. Жазғы өнімді жинау 4.2.1.5 жылдың әр мезгілінде балалардың ойынын ойнай білу 4.2.1.6 бау бақшадағы жаз және күз мезгілдеріндегі еңбектің түрлерін білу 4.2.1.7 жылдың әр мезгілінде балалардың ойынын білу және ойнау</p>
		<p>2.2.2.1 бөлме гүлдерін тану, атау. 2.2.2.2 бөлме гүлдерін суғара білу 2.2.2.3 алма мен алмұртты формасынан, көлемінен түсінен, дәмінен, иісінен ажырата білу. Осы белгілері арылы салыстыру</p>	<p>3.2.2.1 көкөністерді білу: сәбіз, пияз, қырыққабат. Олардың түсін, иісін, көлемін салыстыру. Көкөністің пайдасы туралы білу 3.2.2.2 жемістерді білу: лимон, апельсин. Олардың түсін, иісін, көлемін салыстыру.</p>	<p>4.2.2.1 жергілікті жерде көп таралған көкөністің түрлерін білу көкөністер мен жемістерді сыртқы пішінінен айыру 4.2.2.2 іс- тәжірибе жұмыстарын атқару 4.2.2.3 бұтаны ағашпен саластыру 4.2.2.4 жергілікті жерде ең көп таралған ағаш туралы білу 4.2.2.5 ағаштардың бөліктері туралы айтуға ұмтылу 4.2.2.6 үй өсімдіктерін атауға, ажыратуға ұмтылу</p>

2.2 Өсімдіктер	<p>1.2.2.1 таныс көкөністерді атау (сәбіз, қияр, картоп, қызанақ)</p> <p>1.2.2.2 таныс жемістерді атау (алма, алмұрт)</p> <p>1.2.2.3 таныс көкөністер мен жемістерді формасынан, көлемінен түсінен, дәмінен, иісінен ажырата білу</p>	<p>2.2.2.4 салыстыру: шикі және қайнатылған жеміс</p> <p>2.2.2.5 жемістер мен көкөністерді салыстыру</p> <p>2.2.2.6 көкөністер мен жидектерді көрнекі үлгі арқылы саралау, жалпылауыш сөздерді пайдалану</p> <p>2.2.2.7 құлпынай, қара өрікті дәмінен, пішінінен, бояуынан ажырата білу. Жидектерді осы белгілері бойынша салыстыру</p> <p>2.2.2.8 жидектерді асқа пайдалану, жидектердің пайдасы туралы мәлімет беру. Жидектерден жасалған тосап</p>	<p>Олардың пайдасы туралы білу</p> <p>3.2.2.3 жидектерді тану: өрік, кара өрік, шырғанақ, шие. Жидектердің жергілікті түрлерімен таныстыру.</p> <p>Олардың түсін, иісін, көлемін салыстыру.</p> <p>Жидектің пайдасы туралы білу</p> <p>3.2.2.4 жергілікті ағаштармен танысу: қайың, үйеңкі (саяхат)</p> <p>3.2.2.5 сыныптағы үй өсімдіктерін тану</p> <p>3.2.2.6 үй өсімдіктерін күту тәртібін білу</p> <p>3.2.2.7 үй өсімдіктерін күту (құмыраны жуу, шаңды сүрту)</p>	<p>4.2.2.7 тәжірибелік жұмыстар: үй өсімдіктерін күту (суғару, жапырақтағы шаңды сүрту). ағаштарды, бұталарды, гүлдерді атау</p> <p>4.2.2.8 ағаштардың бөлшектерін ажырата білу: тамыры, діні, ұшар басы</p> <p>4.2.2.9 үй өсімдіктерін ажырата және айта білу: ірі жапырақты фикус, бегония</p> <p>4.2.2.10 тәжірибелік жұмыстар: үй өсімдіктерін күту (суғару, жапырақтағы шаңды сүрту).</p> <p>4.2.2.11 үй өсімдіктерін дұрыс күте білу (суғару, жапырақтағы шаңды сүрту, сыныпта дұрыстап кою)</p> <p>4.2.2.12 ағашты, бұтаны, гүлді дұрыс ажырата, салыстыра білу</p>
1.2.3.1 үй жануарларын тану,		<p>2.2.3.1 үй жануарларын атай білу. Түрін, шылбырын, қорегін, үй жануарларының пайдасы туралы айта білу</p> <p>2.2.3.2 адамдардың үй жануарларына қалай қарайтындығын білу. Суреттен ит пен мысықты тану. Ит пен мысықтың негізгі мүшелерін айыру</p>	<p>3.2.3.1 үй жануарларын тану, атау: сиыр, шошқа. Негізгі дене мүшелерін ажырата білу. Адамдарға тигізер пайдасын білу</p> <p>3.2.3.2 жабайы жануарларды атау (2-3): қоян, түлкі.</p>	<p>4.2.3.1 үй жануарлары туралы білімін кеңейту, нақтылау: үй жануарларының төлдерінің атын атауға ұмтылу. Үй жануарларын күтуге жәрдемдесуге талпыну (демалыс кезінде)</p> <p>4.2.3.2 тірі бұрыш жануарларын білу. " Қоян": негізгі дене мүшелерін, азығын, қозғалысын</p> <p>4.2.3.3</p>

2.3 Жануарлар	<p>атау (ит, мысық, сиыр, жылқы)</p> <p>1.2.3.2 жабайы хайуанаттарды тану, атау (қасқыр, аю, қоян)</p> <p>1.2.3.3 үй құстарын тану, атау (тауық, қаз, үйрек)</p> <p>1.2.3.4 жабайы құстарды тану, атау (сауысқан, қарға)</p> <p>1.2.3.5 түрлі жәндіктерді тану, атау, ажырата білу: коңыз, көбелек</p>	<p>2.2.3.3 үй жануарларын қалай күту керектігін білу</p> <p>2.2.3.4 жабайы жануарларды білу (2-3): қасқыр, түлкі.</p> <p>Жабайы аңдардың өмір салты туралы сыртқы көрінісі туралы, азығы туралы мәліметтер беру</p> <p>2.2.3.5 жергілікті үй құстары туралы білетінін ұлғайту, нақтылау.</p> <p>Құстардың сырт келбеті және адамдарға пайдасы туралы айтуға ұмтылу</p> <p>2.2.3.6 көгершін сияқты жергілікті құстар туралы білімін ұлғайту, нақтылау.</p> <p>2.2.3.7 сұхбаттарға қатысу, қарапайым сөйлемдерді құрастыру</p>	<p>Шылбыр, азық, өмір сүретін жері, қандай пайдасы бар</p> <p>3.2.3.3 сауысқанмен қарғамен және де басқа жергілікті құстармен танысу.</p> <p>Сыртқы тұрқы туралы, қайда өмір сүреді, немен қоректенеді, адамға пайдасы туралы айту</p> <p>3.2.3.4 үй құстарын тану, атау: тауық, қаз, үйрек. Сыртқы тұрқы, қорегі туралы айту</p> <p>3.2.3.5 түрлі жәндіктерді тану, атау, ажырата білу коңыз, көбелек. Түріне қарап ажырата білу, құстар мен жәндіктерді салыстыру</p>	<p>қасқыр, қоян жабайы жануарлары туралы түсінігі болу.</p> <p>Сыртқы пішінімен, тіршілік салтымен танысу</p> <p>4.2.3.4 жергілікті құстар туралы түсінігінің болуы: көгершін, торғай, ақ тұмсық қарға, қараторғай</p> <p>4.2.3.5 жыл құстары және қыстайтын құстар туралы білу. Құстарды жақын жерден қадағалау</p> <p>4.2.3.6 жәндіктерді білуге ынталану: құмырсқа, шыбын, қанқыз, шегіртке. Оларды атау және сыртқы пішінінен тану.</p> <p>4.2.3.7 жануарлар, құстар, жәндіктерді ажырату және жалпылау</p>
---------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3) "Менің Отаным - Қазақстан":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	1- сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып
3.1 Менің қалам, ауылым		<p>2.3.1.1 білім алушылар тұратын қаланың, ауылдың атын білу</p> <p>2.3.1.2 туған қаласының, ауылының басты алаңын және көшелерінің атын білу</p> <p>2.3.1.3 қалаға, ауылға саяхат жасау . Білім алушыларға мейрам уақытындағы көшелердің, ғимараттардың</p>	<p>3.3.1.1 республиканың, қаланың, ауылдың атын білу</p> <p>3.3.1.2 бала тұратын мекендегі негізгі көрнекті жерлерді білу (өзен, көл, тау)</p> <p>3.3.1.3 мейрамдарды атау және ажырата білу: Наурыз, Жаңа жыл, 8 наурыз</p> <p>3.3.1.4 мектептен үйге дейінгі жолды білу</p> <p>3.3.1.5 өзінің үйінің мекен жайын атау</p>	<p>4.3.1.1 қала мен ауылдың айырмашылығын білу</p> <p>4.3.1.2 өзінің қаласындағы, ауылындағы негізгі ғимараттардың пайдалану мақсатын білу. Дүкен, мәдениет үйі, емхана, мектеп</p> <p>4.3.1.3 Қазақстан Республикасында тұратынын білу. Олардың қаласы,</p>

		безендірілуін көрсету. Білім алушылардың назарын көше безендірілуіне аудару	3.3.1.6 Республика әнұраны орындалғанда оң қолды жүрек тұсына қойып тік тұру	ауылы Қазақстанда орналасқанын түсіну 4.3.1.4 Қазақстан Республикасының астанасын білу
3.2 Көлік. Жолда жүру ережесі			3.3.2.1 қаладағы, ауылдағы негізгі көліктерді білу 3.3.2.2 үйден мектепке дейінгі көліктерді автобус, троллейбус сияқтыларды білу 3.3.2.3 қоғамдық көлікте өзін-өзі дұрыс ұстай білу 3.3.2.4 көшеден бағдаршамның белгісімен, жолақ жолмен және жер асты өткелмен өту тәртібін білу. Көшені үлкендердің артынан өту	4.3.2.1 жолда жүру ережесі, көшеден өту ережесі, бағдаршам белгісі туралы білімін бекіту 4.3.2.2 балалардың өзін-өзі қоғамдық орында (көшеде, көлікте, мұражайда) ұстау тәртібін білу 4.3.2.3 көшеде өзін-өзі ұстау; жүргіншілерге арналған жолмен жүру, жолдан өтуді білу

49. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.

Приложение 317
к приказу Министра
образования и науки
Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года № 115

Сноска. Приказ дополнен Приложением 317 в соответствии с приказом Министра образования и науки РК от 27.07.2017 № 352 (вводится в действие с 01.09.2017 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 1, 2, 6, 8, 9, 10, (11, 12) классов, с 01.09.2018 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 3 класса, с 01.09.2019 для обучающихся с особыми образовательными потребностями 4 класса и для обучающихся 10 класса).

Типовая учебная программа по учебному предмету "Культура поведения" для обучающихся с умеренной умственной отсталостью 1-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию Глава 1. Общие положения

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой

кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы әр пән бойынша білім алушылардың танымдық ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдының мазмұны мен көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. "Тәртіп мәдениеті" пәні – адамзат қоғамындағы өзара әрекеттестік және өзара шарттастық туралы білім жүйесін қалыптастыратын кіріктірілген пән. Пәннің зерделеу нысандары – адам, қоғам, оның ішінде жанұя, мәдениет, денсаулық, қоршаған орта.

4. "Тәртіп мәдениеті" пәні зерде даму бұзылыстары бар балаларда болатын психофизикалық даму бұзылыстарын, өмірлік қажетті білім, икемділік пен дағдыларды меңгерудегі қиындықтарды түзетуге немесе деңгейлестіруге бағытталған пәндердің цикліне кіреді.

5. "Тәртіп мәдениеті" пәні білім алушылардың қоғамдағы тәртіптің қарапайым ережелері туралы білімін жүйелі түрде қалыптастырады және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту мен бастапқы әлеуметтендірудің түзете қалыптастыру атқарымын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

6. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін негізгі бағдар болатын және мектеп білім алушыларын оқытудың жеке бағдарламасын жасау кезінде мұғалім басшылыққа алатын болжамды оқытудың мақсаттар жүйесі тұжырымдалған.

7. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатқа ие, педагог бағдарлама мазмұнына кез келген өзгеріс енгізуге және сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндіктері мен ерекше білімдік қажеттіліктеріне сәйкес оқытудың қарқынын өзгертуге құқығы бар.

8. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны жекеше оқыту мақсатына бағынады және әрбір білім алушының сыныптағы және мектептегі ұжымдық әрекетке қатысу мүмкіндігін ескереді.

9. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға білім беру кең мағынада түсіндіріліп, қарым-қатынас барысындағы мүмкіндіктердің шектелуінен байқалатын пәндік білімдердің қалыптасу саласына қатысты ғана емес, бұл санаттағы білім алушыларға маңызды өмірлік дағдылардың қалыптасуына да қатысты.

2-тарау. "Тәртіп мәдениеті" пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

10. "Тәртіп мәдениеті" пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды мәдени, әлеуметтік және қоғаммен белгіленген өмір салтына тарту; жақын әлеуметтік-мәдени ортамен таныстыруға мүмкіндік беру.

11. "Тәртіп мәдениеті" оқу пәнінің міндеттері:

1) білім алушыларға қажетті тазалық дағдыларын меңгерту;

2) туындаған жайтта бағдарлану, белгілі бір жағдайларда өзін адекватты ұстауға үйрету;

- 3) мәдени қатынастарға үйрету;
- 4) қолжетімді әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру;
- 5) әр түрлі әрекет түрлерінде құрдастарымен және ересектермен жағымды қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- 6) білім алушыларда адамгершілік сана мен адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу;
- 7) еңбекке деген жағымды көзқарасын қалыптастыру;
- 8) қарым-қатынасқа және диалог құруға үйрету.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

12. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен оқу процесін ұйымдастыру тәсілдерінің негізінде айқын ақыл-ой кемістігі бар тұлғалардың өмірін ұйымдастыру идеясының негізі ретінде бүкіл әлемде мойындалған педагогикалық "қалыпқа келтіру" қағидасы жатыр.

13. Әрекет мазмұны оқу бағдарламаларында ашылады, бұл жеке оқыту бағдарламаларын құруда бағдар ретінде қызмет етеді. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін көрсететін сәл сигналдарды белгілеп отырады.

14. "Қалыпқа келтіру" тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесін арнайы мектеп жағдайында ұйымдастыру қағидасы тұжырымдалған.

15. Өзіндік ерекшеліктерді сақтай отырып, білім алушының жеке қарқында даму құқығын мойындау. Бұл ұстанымды сақтау білім алушының білім алуының жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатымен ілгері дамуын және мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған.

16. Мұғаліммен білім алушылардың тұлғалық мүмкіндіктерін, жеке және білім беру мониторингінің нәтижелерінің жетістіктері бойынша білім берудің мазмұнын, әдістерін, түрлерін, дидактикалық құралдарын өзіндік таңдау қағидасы.

17. Білім алушыларда әлеуметтік және тәжірибелік қызмет дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мектеп ортасын құру қағидалары:

1) біліктер мен дағдыларды қалыптастыру олар пайдаланылатын жағдайларға барынша жақын жағдаяттарда жүзеге асырылады. Бұл білім мен дағдыларды жаңа жағдайларға аудару қиындығымен байланысты;

2) сабақтарды ұйымдастыру бөлмелері әр түрлі өмірлік жағдаяттарды сипаттайтын кеңістіктер түрінде жабдықталады. Білім алушылардың қажеттіліктеріне сай заттық орта ауысып отырады;

3) мектептегі жайлы әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытушылық орта орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың физиологиялық және жас ерекшеліктеріне байланысты (демалуға, қозғалыс белсенділігіне, санитарлық-гигиеналық рәсімдерге қажетті жабдықталған кеңістік) құрылады.

18. Білім алушылардың мектептегі күнделікті кіріктірілген әрекетінің қағидасы. Мектепте алғашқы 3-4 жас аралығында пәндік емес білім алудың жүзеге асырылуына байланысты, оқу жоспары бойынша бірнеше пән мазмұнының кіріктірілуі орын алады. Барлық оқу-тапсырмалары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, ең алдымен білім алушының жалпы дамуына үлес қосуға (коммуникативті, қозғаушы, сөздік, сенсорлық) бағытталады. Білім алушылардың ілгерілеуі мен тұлғалық дамуына байланысты пәндік оқуға көшу жүзеге асырылады.

19. Пәндік емес оқыту кіріктірілген тақырыптық жоспар бойынша жүзеге асады. Ортақ тақырыптар ретінде "Қоршаған әлем" кіріктірілген курсының тақырыптамалары пайдаланылады. Оқытудың бұл кезеңінде тандалған тақырып білім алушылардың мектептегі күнделікті әрекеттерін ұйымдастырудың құралы болып табылады.

20. Әлеуметтендіру құралы ретінде ойлауды, тілді және коммуникацияны дамыту қағидасы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеуді (оның мүлде жоқ болу жағдайларына дейін), ойлауды, қарым-қатынасты дамытуда ерекше проблемалар орын алады. Анықталған проблемалар педагогикалық құралдармен алмастырылады. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстардың реті нақтыланады.

21. Оқу-тәрбие процесін әлеуметтендіру қағидасы келесілерге бағытталаған:

1) білім алушыларға өмірлік тәжірибесін және әлеуметтік қатынастарын жеткілікті деңгейде кезең бойынша және жоспарлы түрде кеңейту. Оқу уақытының белгілі бір бөлігі мектеп қабырғасынан тыс (қоғамдық көліктермен жүру, дүкендерге, дәріханаларға, ауруханаларға, мұражайларға, театрларға, кафеларға және басқа да қоғамдық пайдалану орындарына бару арқылы) ұйымдастырылады;

2) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз кіруіне ыңғайлы төзімді және ықпалдасқан орта қалыптастыру. Осы мақсатта білім алушының отбасымен және қоршаған ортамен жүйелі жұмыс жасау қажет болады.

22. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға білім беру процесі мазмұны бойынша және ұйымдастыру түрлері бойынша да қатаң тәртіппен құрыла алмайды.

23. Білім алушылар өзіне қажет жағдайларда, жеке жұмыс жасағанда (басқа білім алушылардың жұмыстарынан ерекше) және мұғалімнен жеке көмек алуда, іс-әрекеттерін өзгертіп отыратын сабақ түрін қалайды. Білім алушыларға сынып бөлмесінде еркін қозғалатындай мүмкіндіктер жасалады.

24. Арнайы ұстанымдар негізінде құрылған педагогикалық іс-шаралар, оқушылардың өзіндік белсенділіктері мен бастамаларын, дербестігін дамытуға бағытталады.

25. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабақ барысында белсенділігі анықталып, дербестігін дамытатын негізгі әрекет түрлері:

1) тірі және өлі табиғатты және әлеуметтік өмірдің құбылыстарын бақылау;

- 2) заттық-тәжірибелік әрекет;
- 3) ойын қызметтері мен ойын әрекеті;
- 4) білім алушылардың шаруашылық-еңбек әрекеті;
- 5) әлеуметтік-тұрмыстық әрекет;

6) жақын ортадағы білім алушылармен және ересектермен қарым-қатынас орнату (микросоциум);

7) оқу әрекеті (білім алушылардың мүмкіндіктеріне байланысты).

26. Білім алушыларды тәртіп мәдениетіне тәрбиелеуде мұғалім білім алушылардың танымдық және пәндік әрекетінің ауысуын сипаттайтын тиімді әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрінің жиынтығын таңдай алады. Оқытудың алдыңғы қатарлы әдістеріне: үйрету, жаттығулар, жағдаяттар (іскерлік ойындар және белсенді оқыту әдістері), үлгі боларлық мысалдар, мадақтау, түсіндіру, әңгімелер, сұхбаттар, экскурсиялар жатады.

27. "Тәртіп мәдениеті" пәнін оқудың маңызды шарты - орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың шынайы өмірлік жағдаяттарға негізделген дағдыларды меңгеруі. Оқу процесін жоспарлауда мұғалім сәйкес жағдайларды ойластырып, кеңес бере алады.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

28. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптар гуманизация идеясымен, осы санаттағы білім алушыларды мектепте оқытудың шығу табиғатымен байланысты.

29. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін негіз білім алушының білім алуындағы жеке бағдарламасында қойылған міндеттер болып табылады.

30. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алуының жеке бағдарламасының құрылуы педагогикалық бағалаудың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінің негізінде айқындалады. Бағалау критерийлері білім алушының дамуы мен білім алу онтогенезіне сәйкестілігімен анықталады.

31. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Білім берудің жеке бағдарламаларының жүзеге асуының нәтижесі білім беру процесінде сабақ барысында мұғаліммен тікелей бағаланады.

32. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жұмыс барысында барлық педагогикалық процесс басшылыққа алатын, арнайы педагогиканың "диагностика және түзету-дамыту жұмысының бірлігі" қағидасына негізделі отырып, мұғалім бағалау және бақылау қызметін жүйелі түрде атқарады.

33. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау рәсімдері келесі бірізділікпен жүреді:

1) білім алушылардың білім және дағдыларын, даму деңгейін алдын ала бағалау. Оқытудың жеке бағдарламасын құруға негіз болатын білім алушының жеке кескінін құру;

2) білім алушылардың дамуы мен жетістіктерін ағымдық бағалау оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзетіп отыру мақсатында білім алушылардың сабақ үстіндегі жұмысын күнделікті бақылаудан тұрады;

3) аралық бағалау алғашқы жарты жылдықтың аяқталуымен жүзеге асады. Оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру тиімділігін бағалау пікірлері жеке бағдарламада белгіленеді;

4) нәтижелерді қорытынды бағалау оқу жылының аяқталуы бойынша анықталады.

34. "Тәртіп мәдениеті" пәні аясында білім алушылардың жетістіктерін бағалау әрекеті әр білім алушыда оқу және оқудан тыс жағдаяттарда тәртіп мәдениеті дағдыларының пайда болуымен анықталады. Бақылау нәтижелері білім алушыларда жеке тұлғалық тұғырды іске асырудың негізі болып табылады.

35. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалауда, олардың жетістіктерін айқындайтын сапалы көрсеткіш ретінде сипаттамалық бағалау қолданылады. Сипаттамалық бағалау білім алушыны дамыту мен оқытуда жеке білім беру процестері жүзеге асырылған салаларға қатысты өзіндік педагогикалық есепті көрсетеді.

36. Оқыту нәтижесін бағалау критерийлері:

1) тәртіп мәдениетінің меңгерілген дағдыларын, әрекеттену тәсілдерін практикада басшылыққа ала білу;

2) тәртіп мәдениеті мен оларға деген қажеттіліктерді сипаттайтын әрекеттерге қызығушылық таныту;

3) құрдастарының, айналасындағылардың тәртібіндегі жағымсыз байқалымдарға адекватты қатынас;

4) тәртіп мәдениетінің сыртқы түрінің білім алушының ішкі қасиеттерімен өзара байланысы.

5-тарау. "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

37. "Тәртіп мәдениеті" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

2) 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

3) 3-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

4) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

38. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін сыныптар санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тиісті мектеп жабдықтарымен жасақталады.

39. Оқу пәнінің мазмұны:

1) тәртіп мәдениеті бойынша оқу мазмұнында негізгісі рухани-адамгершілік және эстетикалық нормаларға негізделген мінез-құлық ережелері болып табылады. Дағдылар іскерлік ойындар, сахналанған қойылымдарға қатысудан, мерекелік ертеңгіліктер, экскурсиялар, қоғамдық орындарға бару арқылы қалыптасады;

2) "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мазмұны орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өмірлік тәжірибесін байытуға бағытталған оқытудың коммуникативті-іс-әрекеттік үлгісіне негізделеді;

3) "Тәртіп мәдениеті" пәнінің мазмұны тоқсанға бөлінбейді. Оқыту тақырыптары білім алушылардың тәртіп және мәдени дағдыларының қалыптасу деңгейіне байланысты мұғаліммен анықталады.

40. "Тәртіп мәдениеті" пәні күтілетін нәтиже ретінде: дағды немесе білік, білім немесе түсінік сияқты әр сынып бойынша оқу мақсатынан тұратын бөлімдерге және бөлімшелерге бөлінген. Оқу мақсаттары, әр бөлімде ұйымдастырылған, ол мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ, оқудың келесі кезеңдері туралы ақпараттандыруға көмектеседі.

41. Оқу материалдары шоғырландыру қағидасының негізінде құрылған. Ол орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың нақты қиындықтарын ескеруге мүмкіндік береді. Оқытудың әр жылында білім алушыларда мәдени тәртіп нормаларын әр түрлі өмірлік жағдаяттарда қайталап, бекітуге және автоматты түрге жеткізетін мүмкіндік туады.

42. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдер мен бөлімшелерді қамтиды:

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Сырт келбет мәдениеті	1.1 Тән тазалығы
		1.2 Киім және аяқ киім тазалығы
		1.3 Ас ішу мәдениеті
2	Тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті
		2.2 Қызмет мәдениеті
3	Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті	3.1 Үйдегі тәртіп мәдениеті
		3.2 Мектептегі тәртіп мәдениеті
		3.3 Табиғат аясындағы тәртіп мәдениеті
		3.4 Көшедегі тәртіп мәдениеті
		3.5 Қызмет көрсету мекемелеріндегі, қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті

43. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын пайдалануда ыңғайлы болу үшін кодтау енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты анықтайды, екінші және үшінші сандар -

бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.2.1 кодындағы "1" – сынып, "2.2" – бөлімше, "1" – оқыту мақсатының реттік нөмірі.

44. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Сырт келбет мәдениеті":

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
